3) Сандық платформа. Бағдарламаға тіркелген біліктілікті көтерушілерге SKILLFOLIO сандық платформасына кіру мүмкіндігі беріледі. Мұнда алдымен, Soft skills деңгейін анықтауға байланысты тестілеуден өтеді. Бұл тест арқылы эмоциялық интеллект дағдыларының даму деңгейін ғана емес, оны ары қарай дамыту траекториясын да анықтауға болады. Платформа 250-ден астам практика мен бейнесабақтар, шеберлік-дәрістер мен вебинарлар, ұсынылған фильмдер мен кітаптар, платформада жұмыс істеу бойынша бейне нұсқаулықтар, сандық Профильді шешуге арналған канвас, балалармен және ата-аналармен жеке консультациялар өткізуге арналған сценарийлерді қамтиды.

4) Жеке кеңестер. Тестілеуден өткеннен кейін SKILLFOLIO әдіскерінен нәтижелер бойынша жеке кеңес алу жоспарланған. Ол сандық Профильді талдауға көмектеседі, сұрақтарға жауап береді, кіру сауалнамасын толтыруды сұрайды және Soft skills-ті дамыту бойынша мақсаттарды белгілеуге көмектеседі.

5) Практикалық жұмыс. Оқудың екінші аптасынан бастап барлық қатысушылар бағдарлама әдіскерімен жұмыс істейтін шағын топтарға бөлінеді. Оқу кезінде қатысушылар SKILLFOLIO тьюторы ретінде тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады. Платформада екі жеткіншектің эмоционалды интеллектісін дамыту жұмыстарын жүргізеді.

6) Жобаны дайындау және қорғау. Оқытудың 4-ші аптасы шағын топ құрамында жобалық тапсырманы дайындауға арналған. Тыңдаушылар әріптестерімен бірлесе отырып, платформада игерген білімдерін, тәжірибесін, іскерліктері мен дағдыларын қорытады. Өзінің платформада жұмыс жасау кезінде меңгерген құралдарды, технологияны және SKILLFOLIO платформасын қалай қолдануға болатындығы туралы тәжірибе алмасады. Бұл, сонымен қатар, нетворкинг пен әріптестермен тәжірибе алмасудың тамаша мүмкіндігі.

7) Оқуды бітіргені және білімі туралы құжаттар. Оқуды аяқтағаннан кейін SKILLFOLIO түлектерінің жабық сараптамалық қауымдастығына және MGPU біліктілігін арттыру сертификаты беріледі. Бұл сертификатталған маман меңгерген технология мен алған білімдерін кәсіби қызметіңізде қолдана алады.

Аталмыш біліктілікті көтеру бағдарламасынан өткен оқытушылар 2020-2021 оқы жылының 1 жартыжылдығын университетіміздің 1 курс студенттерінің эмоциялық интеллектісін дамыту жұмыстарын кірісіп кетті. Педагогика және психология, Физика және математика Жоғары мектептерінің мамандықтарының білім бағдарламаларына «Эмоционалды интеллект» пәні енгізілді. SKILLFOLIO платформасының жанында қазақ тіліндегі SKILLFOLIO Kazmkpu платформасы іске қосылды. Орыс тіліндегі білім ресурстары қазақ тіліне аударылып, қазақ тобында оқитын студенттеріміз платформада Soft skills дағдыларын дамыту мүмкіндігін алды.

Эмоциялық интеллектіні дамыту үшін жарты жылдық уақыт жеткіліксіз. Біздің студенттеріміз әлі де SKILLFOLIO платформасында жұмыстарын жалғастыруда.

Дегенмен, төменде студенттеріміздің Эмоционалды интеллект пәнінен, SKILLFOLIO платформасында жұмсақ дағдыларын дамыту бойынша алған әсерлері мен кері байланыстарын ұсынуды жөн көрдік.

Амирова Ұлжан, Физика-информатика мамандығы: «...Эмоция – энергияның көрінісі. Сондықтан барынша эмоциялық ойлауды дамыту керек. Дәл осы сөздері біздің бірінші тапсырмамызда «Эмоционалды интеллект сабағы не үшін керек?» сұрағына жазған болатынымын. Сол кезде оны жай ғана эмоция көрсететін сабақ деп қабылдағанмын. Бірақ тапсырмаларды орындай келе, жай-жай түсіне бастадым, түрлі жағдайларды қалай қабылдайтынымызды, қандай әрекеттерге баратынымызды көру үшін жасалған сабақ екенін түсіндім. Біз сабақ кезінде түрлі мәселелерді талқыладық, кейбір сол тапсырмалардан кейін көзқарастарым өзгергенде болатын. Әр аптаға жеке тоқталып, өз пікірімді білдіргім келеді.

Бірінші апта, «Эмоционалдар күнделігі» тапсырмасы болатын. Ол тапсырманы шыны керек дұрыс орындаған жоқпын себебі, сол аптада сабақтың бәрін қосып беріп үлгере алмай көңіл-күйім болмай қалай болса солай орындай салып едім. Бірақ бұл кестені қазір қолданып жүрмін, өз эмоциямды біліп жүру үшін.

Екінші апта, бұл «5 неге?» тапсырмасы болатын. Сол кезде өз мәселелерімді шығаратын керемет мүмкіндік болды. Сол кемшіліктерімді түсініп, кейінгі уақытта оны түзетуге мүмкіндік алдым. Осы уақытқа дейін барлығын орындай алдым деп ойламаймын, бірақ жартысын орындадым.

Үшінші апта, «Не ұтам (не пайда)?» тапсырмасы болатын. Болашақта өз кәсібіңді қалай көрсететінің кішкентай болсын, жоспары деуге келеді. Қай жерде ұтатыныңды, қай жері ұтымсыз екендігін, жетістіктеріңді жоспарлайтын кішкентай ғана болашақ жоспар...»

Биғазы Арай, Дефектология мамандығы: «...Яғни, өзгеріске кім тез бейімделсе, сол мықты. IQ, EQ, AQ болсын, адам ішкі менін жоғалтып алмауы керек. Жоғарыдағының бәрін көтеруге, қалыптастыруға болады. Ішкі менді жоғалтсаңыз, өмір мәнін жоғалтады. Осы айтылған ойлар ішкі тыныштықты меңзейді. Қорыта айтқанда, Эмоционалды интеллект сабағы өзіме баратын жолды айқындап бекітті. Өзіме сенім орнап өзімді тануда бір қадам жақындай түстім. Сабақтар өте қызықты және түсінікті бола білді. Алда өз білімімді осы пән бойынша жетілдіремін деген ойдамын».

Есім Аружан, Дефектология мамандығы: « Бұл пән әрбір студентке ғана емес өмірде әр адамға қажет деп ойлаймын. Себебі әр түрлі қызық тапсырмалар орындау, қарапайым болса да адам бұрын соңды өзіне қойып көрмеген сұрақтарға жауап береді және сабырлыққа, эмоцияны басқара алуға үйретеді деп ойлаймын. Тіпті кей тапсырмалар өміріңізді жақсы жаққа өзгертуге, жақындарыңызды қадірлеуге, сыйлауға, күніңізді дұрыс жоспарлап уақытты дұрыс үнемдеуге, пайдалы өткізуге көмектеседі. Менің ойымша эмоцияналды интеллектті пән ретінде мектептерге енгізу қажет деп ойлаймын».

Ильяс Ұлжан, Дефектология мамандығы: « Бұл пән негізінен психологияны, өз-өзінді дамытуға арналған деп ойлаймын. Бұл пәннің тапсырмалары бір қарағанда оңай көрінеді. Дегенмен, шын мәнінде оңай болғанымен, ойлануды талап етеді».

Қанибай Жібек, Физика-информатика мамандығы: «...Бұл сабақ өз кезегінде біздердей жас жеткіншектерге тәрбие беріп, және бізден кейінгі ұрпаққа біздің алған тәрбиемізді дұрыс бағытта қалдыруымызға септігін тигізетініне еш күмәнім жоқ және болмайды да. Сонымен қатар мен және менің группаластарым болашақ мұғалімдер болғандықтан бұл сабақ бізге ауадай қажет деп білемін. Болашақта балалармен жұмыста өз пайдасын тигізетініне еш күмәнім жоқ. Әрине педагогтарға оқушымен жұмыс жасау аса біліктілікті, жоғары деңгейдегі психологияны және эмоцияналды түрде өзін жақсы ұстай білуді талап етеді.»

Мұхтар Мереке, Психология мамандығы: «...Пән адамның мінезін тәрбиелеуге, өзін табуға бағытталған болып көрінді. Практикалық тапсырмаларды асыға күтетін едім, себебі әртүрлі қызыты тапсырмалар беріледі. Тапсырмаларды орындау мені ойландыратын, себебі мен бұрын ойланбаған, істеп көрмеген, қарапайым, бірақ ойланатын тапсырмалар берілетін. Өз қабілеттеріне деген сенім оятады, неге десеңіз тапсырмалардың кейбіреуін орындау

барысында мини болашаққа деген жоспар құрасың, сол жоспарларды үлкен үмітпен, өзіме деген сенімділікпен құраған болатынмын».

Студенттермен, оқытушылармен SKILLFOLIO платформасында онлайн жұмыс жасау барысында біз олардың өз өмір тіршілігін мүмкіндігінше тиімді етіп жоспарлауға дағдыланып, сонымен бірге белгісіздік жағдайында университет тарапынан енгізілген бағдарламаның нәтижесінде өзіндік хал-ахуалын, эмоциялық күйлерін реттеу мүмкіндігіне ие болды, отбасыға, достарына және өздеріне қамқорлық жасауға қажет тәжірибеге ие болды деп үміттенеміз.

Сонымен бірге студенттер мен оқытушылардың стрестік жағдайларға төтеп беру, эмоциялық күйін реттеу дағдыларын жаттықтырып, қалыптастыра алды, белгісіздік жағдайында сәйкес әрекет амалдарын қолдануға үйреніп, кез-келген жағдайдың ұтымды шешімін тауып, әркез ресурстық жағдайда болуға машықтана алды деп ойлаймыз.

Әрине, университет қауымдастығы дәстүрлі күндізгі оқуға қайта көшуді күтеді. Бірақ білім беру процесі мен білім беру менеджментінің цифрлық трансформациясы қазірдің өзінде орын алып, әлі де жалғасады деген ойдамыз. Оқытушылар мен студенттер онлайн-өзара әрекеттесу тәжірибесіне ие болуы, интерактивті түрде оқыту мен оқуды үйренуі, білім беруді цифрландырудың артықшылықтары мен тәуекелдерін сезінуге ықпал етті. Сондықтан университеттік білім берудің жаңа үлгілерін, ең алдымен күндізгі аудиториялық және онлайн оқытуды интеграциялау негізінде білім беру дұрыс шешім болуы мүмкін деп болжаймыз.

Көріп отырғанымыздай «эмоционалды интеллектіні дамыту жөніндегі инновациялық бағдарламаны енгізу және жүзеге асыру шараларының негізгі міндеттері діттеген мақсатына жетіп, университетке өзін-өзі ұйымдастыратын табысты жүйе болу мүмкіндігін арттырды деп үміттенеміз.

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БЕЙСЕНОВА Ж.Ж.

пс.ғ.к., қауым.проф.м.а.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

ӘСЕТОВА Ә.Ғ.

5В010300-Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются психологические проблемы обучения одаренных детей в условиях пандемии. Современное состояние обучения одаренных детей и перспективы его развития в нашей стране во время пандемии психологические основы социально педагогической поддержки одарённых детей, возможности образовательного учреждения в создании условий для развития и самореализации одаренного ребенка.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: одаренность, одаренные дети, психолого - педагогическая поддержка одаренных детей, развитие одаренных детей, обучение одаренных детей.

ABSTRACT. The paper deals with the urgent problem of work with gifted children. The authors consider the pedagogical nature of the phenomenon of total gifted children of school age, state-of-the training of gifted children and prospects of its development in our country, the conceptual foundations of the socio-pedagogical support of gifted children, the possibilities of the educational institutions in the creation of conditions for development and self-realization of a gifted child.

KEY WORDS: giftedness, gifted children, psychological and pedagogical support for gifted children, the development of gifted children, teaching gifted children.

Қазіргі кездегі ел өміріндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер орта және жоғары мектепті демократияландыру мен гуманизациялау, білім беру жүйесінде жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын көтеру, оларды еңбек пен қоғамдық өмірге даярлау

мәселесінің көкейтестілігін көрсетіп отыр.

Қазір республикамызда білім саласында елімізде болып жатқан пандемиялық жағдай жүріп жатқандықтан, соңғы кездерге дейінгі дағдарыстан шығудың баламалы, жаңа, тиімді жолдары көрсетілуде.

Сондай жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдың бірі – пандемия жағдайында білім берудің жаңа - қашықтықтан білім беру жүйесінің жасалуы, соның ішінде ең өзекті мәселелердің бірі - дарынды балаларды оқыту, әрбір шәкірттің жеке дара ерекше қабілеттерін ілгері дамыту, дарындылығы анықталған оқушыны қабілетіне сай шығармашылықпен ойлай алатын азамат етіп қалыптастыруға жағдайлар жасау, пандемия жағдайында дарынды балалармен жұмыс жасау аясында психологтар ұжымын топтастыру. Осы мәселелер біздің зерттеу жұмысымызды өзектендіре түседі.

Қазіргі білім беру жүйесінің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу-тәрбие процесін жаңашаландыру талаптарын қояды. Мектеп оқушыларының дарындылығын анықтау мен дамытуға байланысты пандемия жағдайында қандай психологиялық жұмыстар мен іс – шаралар, зерттеулер жүргізуге болады. Осыған орай білім беру жүйесінде дарынды балалармен жұмыс жасаудың психологиялық мәселелері туындайды.

Біздің елімізде ғана емес, білім беру саласындағы әлемдік саясаттың басым бағыттарының бірі - дарынды балалар мен жастарға еліміздің баға жетпес ұлттық игілігі және негізгі интеллектуалды, шығармашылық әлеуеті ретінде қарап, оларды жан-жақты қолдау және дамытуға ерекше мән беріліп отыр.

Әлемнің дамыған елдеріндегі дарынды оқушыларды оқытуды ұйымдастырудың көлемі мен принциптері түрліше болғанымен, барлығына айқын бір ғана нәрсе: қазіргі пандемия жағдайында дарынды балаларға, олардың ата - аналарына моральдық және материалдық жағынан қолдаудың арнайы шараларын талап етеді. Дарыны жоғары балаларды оқытуда олардың өз қабілеттерін, өзіндік қызығушылығы мен қоғам мүддесіне сәйкес толық іске асыра алатындай жағдай жасалуы қажет. Интеллектуалдық өндіріс экономикалық дамудың шешуші факторларының бірі.

Халықтың интеллектуалды әлеуетінің маңыздылығын аумақтық, демографиялық және басқа да фактілермен салыстырғанда елемеушілік, жеке интеллектіні дамытуға деген немқұрайлылықтың нәтижесі – қоғамға орны толмас материалдық, саяси, моральдық шығын әкеледі.

Осындай жағдайда маңызды басымдылық - интеллект болып, ал адамзат өркениетінің маңызды қуаты ретінде оның интеллектуалды қабілеттері есептеледі.

Демек, қазірдің өзінде кез келген қоғамда дарынды балаларға ұлттық игілік ретінде қарап, олардың ерекше әлеуметтік құқығы ескерілуі керек. Мамандардың айтуынша, дарынды ересек адамдардың саны дарынды балалар саны есебінен бірнеше есе аз. Дарынды балалар арнайы педагогикалық және әлеуметтік бағдарламаның басты назарында болуы қажет, өйткені өмір сүру жағдайын жақсарту және ұлттық гүлденуіне деген үлкен үміт дарынды оқушыларға байланысты. Олардың қабілеттерін дамытуды неғұрлым ерте бастаса, дамыту тиімділігі соншалықты көп болатыны белгілі.

«Дарындылық» деген сөз психологияда күнделікті өмірге қарағанда біршама тар мағынада қолданылады. Ал ғылымда дарындылық қабілеті - адамның нышандарынан, білім, ептілік және дағдылары бойынша өлшенеді.

Тұлғаның психологиялық ерекшелігі ретінде адамның қабілеттер сапасы, көлемі бойынша, олардың үйлесімділігінің өзіндік ерекшелігі, даму дәрежесі бойынша бөлінеді. Дарындылық мәселесі арнайы психологиялық зерттеудің пәні ретінде - XIX ғасырда Ф.Гальтон ұсынған адамдағы өзгешеліктердің эксперименттік және статистикалық зерттеулерінің негізінен болып табылады. Әрбір адамның негізінде жеке даралық сипат болады: конституциялы ерекшеліктері, мидың нейродинамикалық қасиеті, ми жартышарлардың функционалды асимметриялық өзгешеліктері және т.б. [1].

Дарын мәселесіне терең талдау жасаған Б.М.Тешюев болды. Оның концепциясы бойынша нышан - дарын дамуының қандайда бір алғы шартын құратын адамның

анатомиялық-физиологиялық және функционалдық ерекшеліктері[2].

Бір адамның бойында бірнеше әртүрлі дарынның болуы мүмкін, бірақ олардың бірі басқаларға қарағанда мәндірек болады. Екінші жағынан бірнеше әртүрлі адамдарда бір ғана дарындылық байқалуы мүмкін, бірақ даму деңгейлері бойынша өзара өзгешеленеді.

Дарынды анықтаудың біршама сенімді, дұрыс жолы - бұл іс-әрекет барысындағы оның нәтижелік динамикасын көрсету. Кез-келген іс-әрекеттің орындалу нәтижесі өз алдына қандайда бір жеке қабілетті анықтаумен емес, әрбір адамдағы өзіне тән қабілеттердің үйлесімділігімен анықталады.

Қабілеттің қалыптасуының психологиялық жағдайларына талдау жасау негізіне жататын талаптарды қарастыру - кеңес психологиясының классигі көрнекі ғалым Б.М.Тепловтың айтқан ілімдеріне тоқталуды қажет етеді. Оның айтуы бойынша дарындылықтың жалпы теориясы «...нақты фактілер мен жеке заңдылықтарды зерттеу бойынша үлкен жұмыстардың нәтижесінде жасалуы қажет»[3].

«Дарындылық - бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға қатысы бар жеке даралық психологиялық ерекшелік және өзінде бар дағды, ептілік және білімдерге сәйкестенбестен-ақ бұл білім мен дағдыларды жеңіл әрі тез меңгерумен түсіндіруге болады», - деп жазады. Дарындылық бұл дамудың нәтижесі, ал нышан - қабілет дамуының негізінде туа пайда болған анатомиялық-физиологиялық ерекшелік. Дарынды шын мәнінде зерттеуші оны туа және жүре пайда болған деген түсініктермен жұмыс жасайды және ол үшін де, потенциалды мүмкіндіктері жоғары бар адам үшін де, соңғысы (жүре пайда болған) жасырын болуы мүмкін[3].

Б.М.Тешюевтың ғылыми творчествосын қарастырған В.Д. Небылицин қабілеттерде және дарындылықта ең алдымен жеке даралық айырмашылықтарға көңіл бөлу керек деді.

Егер қабілетті тұлғаның және индивидтің құрылымдарының бірі ретінде қарастырса, мұндай жағдайда ең болмағанда зерттеудің үш деңгейі қажет болады: психофизиологиялық, психологиялық және әлеуметтік-психологиялық деңгейлер[4].

Б.Г.Ананьев еңбектерінде дарындылық - тұлғаның мінезімен, темпераментімен, өмірлік бағыттылығымен және жеке даралық психикалық дамуымен байланысты тұлғаның жалпы құрылымының қандай да бір бөлігі ретінде қарастырылады[5].

Н.С.Лейтес дарынды балаларды зерттей келе, олар еңбекке тартымдылығымен өзгешеленетін және «еңбектен қанағаттануды» сезінетін нағыз кішкентай еңбекқорлар болып табылады, - деп көрсетеді. Бұл тұжырым маңызды ереже жасауға итермелейді. Еңбекке бейімділік - дарындылықтың көрінуі ретінде болады [6].

Дарындылық теориясының негізі кешегі кеңес психологтарының, еңбектерінде көрініс тапқан. Л.Выготский, Б.Ананьев, В.Крутецкий, Н.Лейтес, В.Тегловтардың психологиялық тұжырымдары дарындылыққа интегралдық жеке тәрбие ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттілігінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қойған жоқ. Сондықтан біз баланың дарындылық деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарылығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз.

«Дарындылық» ұғымы «сый» («дар») деген сөзден шыққан, дамудың қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда төмендегіше анықтама берілген: «Дарындылық - белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі». «Дарындылық» ұғымы «қабілеттілік» ұғымына өте жақын[7].

Дарындылық пен қабілеттілік ұғымдары өткен ғасырдың 40-50 жылдарында психолог Б.Тепловтың еңбектерінде толығырақ зерттелді. Оның дәлелдеуінше, белгілі бір күрделі іс-әрекетті жүзеге асыруда қабілеттіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады. Белгілі бір іс-әрекеттің ұтымды орындалуына тікелей әсер етуші қабілеттіліктің ерекше сапалық жиынтығын дарындылық дейді ғалым[8].

Ертедегі Қытайда дарынды балаларды «Шэнь тон», яғни киелі бала деп атаған. Расында дарынды балаларды киелі бала деп атауға болады. Бірақ осы дарынды балаларды дер кезінде байқап, оларға дұрыс жол сілтеу қажет.

Жалпы педагогика-психология ғылымында «дарындылық» мәселесіне қазіргі таңда көп көңіл бөлінуде. Дарынды бала-ол өзі жаңа болжамдар мен идеяларды, теорияларды, схема, зерттеулер жасай білетін қабілеті бар болуы шарт. Басқа сөзбен айтқанда, дарындылық-ол жоғары потенциялы бар, шығармашыл тұлға; өзінің алдына ғылыми-техникалық мәселелерді қойып және оны өздігінен шеше білетін -адам[9].

И.С.Лейтес қабілетті балалардың үш категориясын көрсетті. Олар:

1. Ақыл –ой деңгейінің жоғарлығы ерте кезден байқалатын балалар.
2. Мектептің жекеленген пәндеріне және әр түрлі іс-әрекетіне қабілетті балалар,
3. Қабілеттері айқындалмаған потенциалды балалар[10].

Дарындылықты анықтауда сан түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады. Оқушы бойындағы дарындылықты анықтау үшін психологиялық диагностикалар, (әдістемелер тесттер, сауалнамалар, эксперимент зерттеуі) т.б. қажет.

Дарындылық диагностикасы балалардың қабілеттілігін бағалауға негіз бола отырып, оларды саралауға мүмкіндік беретін қызметті атқарады. Сондықтан балалар дарындылығының диагностикасында әдістерді таңдау мен қолдануда педагогикалық жағынан аса мұқият болған жөн. Диагностика үрдісін жүзеге асырушы педагогтар мен психологтарға ғылыми принциптерді жетекшілікке алып, балалар дарындылығын бағалау құралдарын өте мұқият таңдау қажет. Біздің бала қабілеттілігін диагностикалау жұмысымыз оның ішкі қабілеттілігін бағалауға арналған.

Д.Ж.Рензули бойынша дарындылық деген дегеніміз – үш байланыстың үйлесімділігі: жоғары интеллектілік, креативтілік және нәтижеге жетудегі ынталылық.. Осы үш қасиеттің біреуі болмаса, адам дарын ретінде қалыптаспайды. Интеллектілік жетіспеуінен адам жақсы нәтижеге жете алмайды. Нәтижеге жетем деген ынтасы болмаса нәтиже де болмайды. Ал креативті қасиеті нашар болса, ондай адам тек орындаушылық қасиетпен шектеледі. Адам сүйіспеншілік, жанымен қалап істеген ісін үнемі дамытып отырады. Бала өз қалаумен бастаған ісін жетілдірсе, дамыта ұйымдастырса, ол – шығармашылық, яғни дарынды баламен жұмыс істеуде алдымен нәтижеге жету ынтасын қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету өте маңызды[11].

Дарындылықты анықтау үшін әртүрлі деректерді, бақылау, бағалау нәтижелерін, тест, тренинг әдістерін қолдануға болады. Дарынды балаларды анықтау үшін пән мұғалімдері балаларды сабақ үстінде, әр түрлі істермен айналысу барысында бақылау, ата-анасымен әңгімелесу, жолдастарымен әңгімелесу арқылы, тест, тренинг қорытындысына қарай анықтайды.

Әр пән мұғалімдері әрбір оқушыға арналған педагогикалық-психологиялық карта жүргізіп, осы картаны толтыру барысында диагностикалық жұмыстар жүргізіп, әрбір оқушының зейінін, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, интеллектуалдығы, шығармашылық жұмысқа бейімділігі бағаланады. Осы зерттеу жұмыстары қабілетті және дарынды оқушыларды іріктеп топтастыруға ықпалын тигізеді. Мысалы, шығармашылық жұмыс бейімділігін анықтау үшін Кочетовтың тестін қолдануға болады. Тест көмегімен оқушының әлеуметтік жағдайынан бастап шығармашылық бейімділігін де анықтауға болады.

Дарынды балалармен жұмыс жүйесіндегі негізгі тұлға – мұғалім. Мұғалім баланың ата-анасымен бірге оның дарынын алғаш байқаушы, дамытушы. Балаға білімін тереңдетуде, өз бетімен білімін көтеруге ақыл кеңестерін береді, көмектеседі, көп жағдайда оқушының болашақ кәсіптік тағдыры мұғалімге байланысты деуге болады.

Қорыта келе, қазіргі пандемия жағдайында дарынды балаларды анықтауға, қолдауға, психологиялық сүйемелдеуге көп мән беріліп отырғанына қарамастан мұғалімдерді дарынды балалармен жұмыс істеуге дайындау мәселелері қарастырылмаған. Мектептерде мұғалімдердің бұл мәселеде тәжірибелері аз, тіпті жоқ деуге болады. Ғылыми әдістемелік әдебиеттер өте аз. Сондықтан әр мұғалімнің дарындылықты анықтау, дамыту, зерттеуде

психологиялық, педагогикалық тұрғыда келудің, психологиялық әсер ете білу міндеттерін орындауды қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Методическое руководство по организации комплексного обследования детей при конкурсном отборе в спец. школы для одаренных детей. Алматы., 2000.
2. Редикульцева А.В. Одаренные дети - кто они? / А. В. Редикульцева// Одар. ребенок. - 2011. - № 1. - С. 74-83. - Библиогр.: с. 83.
3. Лазарева, С.С. Практическое занятие для педагогов "Профилактика профессионального выгорания" ; Модель выявления детей с признаками одаренности в общеобразовательном учреждении ; Занятие с элементами тренинга для родителей "Как общаться с детьми?" / С. С. Лазарева// Науч.-метод. журн. зам. директора шк. по воспитат. работе. - 2012. - № 6. - С. 77-94.
4. Концептуальные подходы к работе с одаренными детьми / В. К. Омарова // Одар. ребенок. - 2010. - № 6. - С. 22-28. - Библиогр.: с. 28.
5. Комплексная программа выявления творческих и интеллектуальных способностей детей / О. Ю. Апарина // Доп. образование и воспитание. - 2012. - № 7. - С. 11-20. - Библиогр.: с. 18.
6. Одаренные дети : сегодняшние тенденции и завтрашние вызовы/ В. С. Юркевич // Психол. наука и образование. - 2011. - № 4. - С. 99-107. - Библиогр.: с. 107.
7. Исследовательская деятельность учащихся как одно из условий развития личности одаренных учащихся / И. И. Седых // Одар. ребенок. - 2011. - № 4. - С. 129-131; № 5. - С. 111-113.
8. Как мы работаем с одаренными детьми / Н. Третьякова // Учитель. - 2011. - № 5. - С. 19-22.
9. Работа с одаренными детьми - ключевое направление «Нашей новой школы» / С. Е. Дворянцев // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. - 2011. - № 5. - С. 38-45. - Библиогр.: с. 45.
10. Специфика психологической поддержки развития личности одаренного ребенка / Т. Н. Щербакова // Одар. ребенок. - 2011. - № 6. - С. 54-60.
11. Сатынская А.К. О проблеме разработки учебных программ для одаренных детей / А. К. Сатынская // Одар. ребенок. - 2010. - № 6. - С. 29-33. - Библиогр.: с. 33.

ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ К ОБУЧЕНИЮ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

КАСЫМОВА Г.М.

*кандидат психологических наук, доцент кафедры
теоретической и практической психологии*

Казахского национального женского педагогического университета

ИСМАИЛОВА Г.

НУРДИНОВА А.

*студентки специальности 5В010300-Педагогика и психология,
Казахского национального женского педагогического университета*

ТҮЙІН. Мақалада пандемия жағдайында оқуға деген ынтаның қалыптасуын зерттеуге талдау берілген. Мотивация-виртуалды сыныптың тиімді жұмысына оқушының қатысуының ең күшті факторларының бірі. Бұл әсіресе covid-19 пандемиясының үлкен болуына байланысты өзекті болып отыр.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: Мотивация, пандемия, фактор, оқушы, оқыту, COVID-19.

ABSTRACT. The article presents an analysis of the study of the formation of motivation to learn in the context of a pandemic. Motivation is one of the most powerful factors for involving students in the effective work of the virtual classroom. This is especially true due to the fact that in the context

of the COVID-19 pandemic, most of the time the online student spends in the independent development of the material.

KEYWORDS: Motivation, pandemic, factor, student, learning, COVID-19.

Актуальность темы формирования учебной мотивации школьников обусловлена задачами повышения успешности обучения учащихся общеобразовательных школ. Проблемы мотивации обучения характерны для работы, как в начальной школы, так и в основной, особенно в условиях пандемии COVID-19, которая привела к значительному сбою в функционировании систем образования. Как показывают данные, приведенные в мировом масштабе, сбой затронул почти 1,6 миллиарда учащихся в более чем 190 странах и на всех континентах. Закрытие школ и других образовательных учреждений коснулось 94% мирового контингента учащихся, причем в странах с низким уровнем дохода и с уровнем дохода ниже среднего этот показатель составляет 99% [1].

К середине апреля 2020 года пандемия затронула 94% учащихся, то есть 1,58 миллиарда детей и молодых людей (от дошкольников до студентов высших учебных заведений) в 200 странах мира. Педагогами и психологами всё чаще отмечается значительный рост числа детей, имеющих слабую мотивацию к учебной деятельности. Недостаточное ориентирование при обучении на личностные особенности ученика (единые учебные планы, единообразие заданий, ориентация обучения на высокий уровень усвоения изучаемых предметов) выражается прежде всего в слабой мотивации к учению [2].

В этой связи цель нашего исследования заключалась в анализе особенностей формирования мотивации школьников к учебной деятельности в условиях пандемии.

В исследованиях учебной мотивации школьников Л.И. Божович и ее сотрудников, отмечается иерархия мотивов, в которой доминирующими могут быть либо внутренние мотивы, связанные с содержанием этой деятельности и ее выполнением, либо широкие социальные мотивы, связанные с потребностью ребенка занять определенную позицию в системе общественных отношений. При этом с возрастом происходит развитие взаимодействующих потребностей и мотивов, изменение ведущих доминирующих потребностей и их иерархизации [3]. Соответственно при анализе мотивации учебной деятельности необходимо не только определить доминирующий мотив, но и учесть всю структуру мотивационной сферы человека. Рассматривая эту сферу применительно к учению, А.К. Маркова подчеркивает иерархичность ее строения. Так, в нее входят: потребность в учении, смысл учения, мотив учения, цель, эмоции, отношение и интерес [4].

Учебная мотивация – это процесс, который запускает, направляет и поддерживает усилия, направленные на выполнение учебной деятельности. Это сложная, комплексная система, образуемая мотивами, целями, реакциями на неудачу, настойчивостью и установками ученика. Учебная мотивация школьника может быть разной, в зависимости от его возраста или даже настроения. Чаще всего родители никак не объясняют ребенку свои требования по добросовестному выполнению домашних заданий – надо и все тут. Но ребенок может искренне не понимать, а зачем же действительно ему это надо. Как же привить ребенку желание учиться? К сожалению, одной универсальной методики нет, ведь у каждого ребенка есть свои особенности, которые обязательно должны быть учтены. Кроме того, на учебную мотивацию влияют и возрастные особенности школьника. Конечно же, первоклашка и ученик 8-9 класса относятся к учебе по-разному.

Один с основных условий эффективного дистанционного обучения преподавания считается мотивация учащегося [4].

Значительную долю времени учащихся занимает самостоятельным изучением учебного материала. Для этого необходимы концентрация внимания, настойчивость, желание учиться. В дистанционном обучении многие виды традиционной мотивации работают не так эффективно, как в традиционной школе. Если в традиционной мотивации ребенка к учебе мы относили: хорошие оценки, поощрение педагогов, опередить или догнать сверстников, то в дистанционном обучении есть свои особенности. Они могут быть представлены прежде всего

в постановке цели мотивации, а именно создании условий организации обучения, которые способствуют повышению уровня учебной мотивации у школьников. Данную цель можно реализовать в рамках следующих задач: формировать учебно – познавательные мотивы; способствовать удержанию внутренней позиции ученика; продолжать формировать коммуникативные навыки сотрудничества в общении со сверстниками, необходимые для успешного протекания процесса обучения; повышать уверенность в себе и развивать самостоятельность; формировать самосознание и адекватную самооценку; обеспечивать атмосферу эмоционального принятия, снижающей чувства беспокойства и тревоги в ситуациях обучения и общения; развивать рефлексию, возвращение чувства ответственности за результаты деятельности, воспитание воли [2].

В условиях пандемии для формирования адекватной мотивации у школьников необходимо соблюдать определенные принципы построения работы. Это такие принципы, как: принцип позитивности - создание поддерживающей, доброжелательной атмосферы помощи, сотрудничества; принцип целостности развития - усиливает значение всех прошлых этапов жизни в позитивном ключе, организует целостность самосознания и личности ребенка, помогает строить позитивное будущее; принцип индивидуального подхода - максимальный учет психологического своеобразия и индивидуального опыта каждого ребенка; принцип развития и саморазвития личности - активизация творческих возможностей, способности к самопознанию и самоусовершенствованию, саморегуляции.

Во многом может помочь выбор оптимальных форм организации учебно-воспитательной работы: групповые занятия (оффлайн), индивидуальные занятия (онлайн), самостоятельная работа (в сессионных залах), просветительская работа с родителями в форме лекций, семинаров - практикумов и круглых столов, консультирования [2].

Занятия можно проводить с применением интерактивных методов (дискуссии, психотренинг, «мозговая атака», методы «Фишбоун», гостевые лекции, решение ситуационных задач и др.), информационных технологий: Синхронно: 1. Zoom 2. Microsoft Teams. 3. Google Meet. Асинхронно: 1. youtube. 2. www.canva.com.

Мотивационный компонент может быть представлен в занятиях в виде: игрового преподнесения заданий; создания положительного образа школьника; подкрепление положительного отношения к школе; закрепления образцов ролевого поведения; формирования чувства уверенности в роли ученика.

Итак, **факторы повышения учебной мотивации, связанные с эмоциями играют основополагающую роль в формировании успешной учебной мотивации, которые следует учитывать:**

1. Право не понимать и ошибаться.

-сталкиваться с непониманием, ошибаться, задавать вопросы, получать обратную связь, корректировать понимание – это значит учиться.

-ученикам важно понимать, что, когда тяжело, непонятно, много ошибок, это нормально. Для того чтобы с этим справиться, есть учитель и одноклассники.

2. Чувство, что ты не справишься.

- мотивация к работе появляется тогда, когда ученик понимает, что справится с заданием.

- для вовлечения ученика продумываем систему поддержки, возможно, это будут краткие инструкции, подсказки, самопроверки, чат для вопросов, объяснения при помощи видео или аудиосвязи и так далее.

3. Понимание смысла работы, которую выполняешь.

- если ученик выполняет работу, потому что так надо учителю, он будет искать способ ее не сделать или сделать так, чтобы на это меньше затратить времени.

- донести до учащихся смысл выполняемой работы и при составлении заданий учитывайте их мнение.

4. Наличие выбора. Выбор – свобода.

- когда ученик делает свой выбор, то он берет и ответственность за него, главное, чтобы ученик понимал, что у него есть выбор.

5. Подача учебного материала.

- для вовлечения нужен интерактив или сторителлинг (это информация, поданная через историю, притчу, басню или анекдот) [2].

- формирование мотивации учения в школьном возрасте без преувеличения можно назвать одной из центральных проблем современной школы, делом общественной важности. Ее актуальность обусловлена обновлением содержания обучения, постановкой задач формирования у школьников приемов самостоятельного приобретения знаний и познавательных интересов, формирования у них активной жизненной позиции.

Итак, процесс повышения учебной мотивации у школьников будет эффективнее, если педагоги и психологи в своей работе будут использовать разнообразные формы, приёмы и методы и будут учитывать следующие факторы, влияющие на формирование учебной мотивации: ситуация успеха, сказкотерапия, эмоциональная атмосфера, разнообразные приёмы работы, дифференцированный подход и др.

Таким образом, мотивация оказывает самое большое влияние на продуктивность учебного процесса и определяет успешность учебной деятельности. Отсутствие мотивов учения неизбежно приводит к снижению успеваемости, деградации личности, а в конечном счёте к совершению подростками правонарушений. Мотивация является особо важным и специфичным компонентом учебной деятельности, так как через мотивацию педагогические цели быстрее превращаются в психологические цели обучаемых. Мотивация формирует определённое отношение учащихся к учебному предмету и осознаётся его ценностная значимость для личностного развития. Формирование положительной мотивации может значительно улучшить качественные показатели развития познавательных процессов.

Литература:

1.Образование в эпоху COVID-19 https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/policy_brief_-_education_during_covid-19_and_beyond_russian.pdf . [Электронный ресурс]. (Дата обращения: 31.01.2021)

2.Как повысить учебную мотивацию и вовлеченность в дистанционный образовательный процесс <https://razvitum.ru/articles/40/2180>. [Электронный ресурс]. (Дата обращения: 31.01.2021)

3. Божович Л.И. Проблемы развития мотивационной сферы ребенка // Изучение мотивации поведения детей и подростков / Под ред. Л.И.Божович, Л.В.Благонадежиной. – М., 1972. С. 7- 44.

4. Маркова А.К. и др. Формирование мотивации учения: Книга для учителя. – М.: Просвещение,1990. – 96 с.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ӨЗІНДІК ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КОСШЫГУЛОВА А.С.

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің
3 курс РНД докторанты*

АННОТАЦИЯ. Современное высшее образование представляет в первую очередь связанных с профессиональным развитием и саморазвитием личности. Современный студент ориентирован на движение по самостоятельно выстроенной траектории профессионального становления через конструирование и самоорганизацию учебной деятельности.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: студент, образовательный процесс, самостоятельная работа студентов, учебная деятельность, навыки самоорганизации.

ABSTRACT. Modern higher education is primarily associated with professional development and personal self-development. The modern student is focused on movement along an independently built trajectory of professional development through the design and self-organization of educational activities.

KEYWORDS: student, educational process, independent work of students, educational activity, self-organization skills.

Қазіргі кезде қоғамда әлеуметтік, экономикалық, саяси бағыттардың түбегейлі өзгеруі және құндылықтардың қайта бағалануы байқалады. Соның салдарынан жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби даярлық деңгейіне, білім беру мақсаттарына, мазмұнына қойылатын талаптардың өзгеруі, оқытудың жаңа жүйесіне көшу студенттердің кәсіби-оқу іс-әрекетін (КОӘ) өзіндік ұйымдастыру мәселесін алдыңғы қатарға шығарды.

Қазіргі заманғы ЖОО-ның білім беру үрдісі студент позициясының өзгеруін өзектендіреді (ол оқу объектісінен кәсіби-оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісіне айналады), сонымен қатар студенттердің өзін-өзі басқаратын шығармашылық кәсіби-оқу іс-әрекетін жандандыруға бағытталған. Мұны мамандарды даярлау үрдісін дәстүрлі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейінде жүзеге асыру өте қиын, сондықтан оқытудың, тәрбиелеудің, бақылаудың белсенді түрлері мен әдістері сұранысқа ие. Оларды жүзеге асыру үшін студенттер КОӘ өзіндік ұйымдастырудың құзыреттерін игерулері қажет.

Әлеуметтік-педагогикалық деңгейде зерттеудің өзектілігі қоғамның білікті, бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, шығармашылық, мобильді, үнемі кәсіби өсуге дайын, өздігінен білім алуға, өзін-өзі жетілдіруге, өз іс-әрекеттерін ұйымдастырудың жаңа, тиімді формаларын іздеу және оларды жүзеге асыру қабілетіне ие мамандарды даярлауға қоғамның әлеуметтік тапсырысымен анықталады. Өзін-өзі ұйымдастырудың құзыреттілігін қалыптастыру болашақ маманға оқытудың шарттары мен міндеттерін сәтті талдауға, оқу үрдісін, сондай-ақ өзінің кәсіби-оқу және болашақ кәсіби іс-әрекетінің нәтижелерін ұтымды жоспарлауға, ұйымдастыруға, барабар бағалауға, уақтылы түзетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ғылыми-теориялық деңгейде зерттеудің өзектілігі теория мен практикада «кәсіби-оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру» және «кәсіби-оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастырудың құзыреттері» ұғымдарын анықтауға бірыңғай тәсілдің жоқтығымен, сондай-ақ жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби-оқу іс-әрекетінің өзіндік ұйымдастыру құзыретінің мәні мен сипаттамалары жеткілікті түрде нақты анықталмауымен байланысты.

Ғылыми-әдістемелік деңгейде зерттеудің өзектілігі жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби-оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастыру құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайларды анықтау қажеттілігімен байланысты.

Студенттердің КОӘ өзіндік ұйымдастыру мәселесінің өзектілігі екі аспектімен анықталады, олардың біреуі тұрақты, екіншісі - жағдаяттық. Өзіндік ұйымдастыру мәселесінің үнемі өзекті болуы өзін-өзі ұйымдастыру кәсіби-оқу үрдісін ұйымдастыру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатындығымен байланысты, бұл өз кезегінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Өзін-өзі ұйымдастыру мәселесі өзектілігінің жағдаяттық аспектісі күрделі өзгерістер кезеңін бастан кешіп жатқан білім беру жүйесінің жағдайымен анықталады. Білім беруді модернизациялау тұжырымдамасы кәсіби білім берудің негізгі міндеттерін белгіледі: «...еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, өз мамандығын еркін меңгерген және аралас қызмет салаларында бағдарланған тиісті деңгейдегі және бейіндегі білікті қызметкерді даярлау; әлемдік стандарттар деңгейінде мамандық бойынша тиімді жұмыс атқаруға, сонымен қатар ауқымды әлеуметтік және кәсіби контекстінде жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті; кәсіби тұрғыда үнемі жетілуге, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа дайын; тиісті білім алуда тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру».

Еңбек нарығында үнемі өсіп келе жатқан және күшейіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында белсенді, шығармашыл, білімімен және жоғары біліктілігімен қатар, өз қызметін ұйымдастырудың жаңа, тиімді формаларын іздеуге және оны жүзеге асыруға қабілетті түлектер әлдеқайда көп мүмкіндіктерге ие.

Бүгінгі таңда кәсіби-оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастырудың құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы артып келеді. Психологиялық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулердің талдамасы өзін-өзі ұйымдастыруды кәсіби-оқу іс-әрекеті құрылымында маңызды орын алады және оның өзін-өзі басқару жүйесінің негізгі буындарының бірі болып табылады деп сендіреді (В.И. Андреев, С.И. Архангельский, Ю.К. Бабанский, К.М. Варшавский, Т.А. Губайдуллина, Н.В. Кузьмина, В.П. Надымский, Н.М. Пейсахов, Г.С. Сухобская, Н.К. Тутышкин және т.б.). Өзін-өзі ұйымдастырудың құзыреттілігін қалыптастыру болашақ маманға оқытудың шарттары мен міндеттерін сәтті талдауға, ұтымды жоспарлауға және ұйымдастыруға, барабар бағалауға, оқу үрдісі мен кәсіби-оқу іс-әрекетінің нәтижелерін уақтылы түзетуге және жетілдіруге, басқаша айтқанда оны басқаруға мүмкіндік береді. Студенттердің бойында аталған құзыреттіліктердің қалыптасуынан олардың оқудағы белсенділігі, дайындық сапасы, сонымен қатар олардың кәсіби-оқу іс-әрекетінің тиімді және нәтижелі болуы байланысты (А.В. Быков, А.Д. Ишков, Г. Домбровецка, Н.С. Копейна, Н.Ф. Круглова, Т.И. Шульга және т.б.).

Өзіндік жұмыстың сәтті болуы үшін оны ұйымдастыру дағдыларын, сонымен қатар өз іс-әрекетін өздігінен ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін игеру қажет. Оқу материалы бойынша жұмыстың едәуір бөлігін студенттердің өздеріне беру студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру құзыреттілігін, оларды диагностикалаудың психологиялық-педагогикалық құралдарын меңгеру дағдыларын дамытуды көздейтін оқыту әдістемесіне жаңа талаптар қояды.

ЖОО студенттерінің кәсіби-оқу іс-әрекетін өзіндік ұйымдастырудың құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін талдаудың мүмкін жолдарын ұсыну үшін «кәсіби-оқу іс-әрекеті», «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымдарының мәнін нақтылау, сонымен қатар жоғары мектеп оқушыларының кәсіби-оқу іс-әрекетіндегі өзін-өзі ұйымдастырудың орны мен маңыздылығын анықтау қажет. Кәсіби-оқу іс-әрекеті – студенттердің негізгі іс-әрекет түрлерінің бірі. Бұл ретте ЖОО-дағы оқу үрдісі, жалпы білім беретін орта мектепте қалыптасқан оқыту өлшемдеріне қарағанда, студенттерден оқу арқылы өзін-өзі басқару білімдерінің, құзыреттерінің, дағдылары мен тәжірибесінің анағұрлым жоғары деңгейін талап етеді. Осыған байланысты жоғары оқу орындары студенттерінің өздігінен басқарылатын кәсіби-оқу іс-әрекетін белсендендіру және оңтайландыру мәселелері зерттеушілер тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді.

Көптеген ғалымдар, соның ішінде С.И. Архангельский, Ю.К. Бабанский, Д. Н. Богоявленский, В. А. Вединяпина, А. А. Вербицкий, П. Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, В.А. Кан-Калик, Ю.Л. Конаржевский, Н. В. Кузьмина, В.Я. Ляудис, А. К. Маркова, Н.А. Менчинская, Я.Найн, Г.П. Неминуций, А.В. Непомнящий, П.И. Пидкасистый, П.Симонов, С.Д. Смирнов, Н.Ф. Талызина, Н.Н. Тулькибаева, А.В. Усова, Д.Б. Эльконин, Н.М. Яковлева және т.б. өздерінің ғылыми зерттеулерін ЖОО студенттерінің кәсіби-оқу іс-әрекетіне және оны жандандырудың тиімді жолдарын іздестіруге арнады.

Жоғарыда айтылғандарға қорытындылай отырып, біз студенттің *кәсіби-оқу іс-әрекетінің* келесі анықтамасын ұстанамыз – бұл болашақ кәсіби іс-әрекеттің құралдары болып табылатын білімдерді, құзыреттіліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған ерекше іс-әрекет түрі. Бұл студенттің кәсіби маңызды оқу міндеттерін шешуге және оған қажетті білімдерді, құзыреттіліктерді және әрекет ету тәсілдерін игеруге бағытталған саналы, мақсат қою, өзін-өзі басқару процесі. «Өзін-өзі басқару» терминін қолдану кәсіби-оқу іс-әрекет үрдісінде әрекеттерді нақты ретке келтіру қажеттілігін және субъектінің оның мақсаттары мен қимыл-қозғалыс жолдары туралы жақсы түсінігін көрсетеді. Педагогтар мен психологтар іштей басқарылатын және ұйымдастырылған процесс сырттан ұйымдастырылған және басқарылатын процестен әлдеқайда тиімді деген пікірге келді. Қазіргі жағдайда жоғары

оку орындары студенттерінің кәсіби-оқу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыру құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі оны теориялық және практикалық деңгейде шешу жолдарын одан әрі іздеуді талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Лукьянова М.И. Психолого педагогическая компетентность учителя. М., 2004.
2. Бодалев А.А. Личность и общение: Избранные труды. - М., 1983
3. Адольф В.А. Теоретические основы формирования профессиональной компетентности учителя. Автореф. дисс. д. п. н. М.: МГПУ, 1998.- 39 с.
4. Азарова Л А. Формирование управленческой культуры педагога в процессе научно-методической работы. Автореф. дисс. к. п. н — Калининград: 2003.- 20с.
5. Вострикова Т.П. Коммуникативная компетентность социального педагога: показатели и технология диагностики // Проблемы подготовки и профессионального становления. Самара, 2001. С. 37-51.
6. Гребенкина Л. К. Основы социальной педагогики / Л. К. Гребенкина // Классный руководитель. 1998. N 6. С. 2-26.
7. Карапетова М.Н. Формирование педагогической компетентности преподавателя образовательного учреждения К.П.Н. М., 2000.

ОСОБЕННОСТИ ПСИХИЧЕСКОЙ САМОРЕГУЛЯЦИИ У ЖЕНЩИН В СИТУАЦИЯХ САМОИЗОЛЯЦИИ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ COVID-19

ЛОВЯГИНА А.Е.

Кандидат психологических наук, доцент, и.о. зав. каф. общей психологии Санкт-Петербургского государственного университета, Санкт-Петербург. Россия.

АННОТАЦИЯ. В статье представлены результаты исследования психической саморегуляции женщин 25-45 лет в ситуациях самоизоляции в связи с пандемией COVID-19. Освещены результаты сравнительного анализа трудностей самоуправления при разных ограничениях. Выявлены статистически достоверные взаимосвязи между трудностями психической саморегуляции и уровнем сформированности некоторых характеристик осознанного стиля саморегуляции.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психическая саморегуляция, стиль саморегуляции, ситуации самоизоляции, пандемия COVID-19.

ABSTRACT. The article presents the results of a study of the mental self-regulation of women 25-45 years old in situations of self-isolation in connection with the COVID-19 pandemics. The results of a comparative analysis of the difficulties of self-government under different restrictions are highlighted. Statistically significant relationships between the difficulties of mental self-regulation and the level of formation of some characteristics of the conscious style of self-regulation were revealed.

KEYWORDS: mental self-regulation, self-regulation style, situations of self-isolation, COVID-19 pandemic.

В психологии всегда уделялось особое внимание проблемам исследования и оптимизации психической саморегуляции человека. Способность регулировать свое проявление и развитие относится к числу базовых сущностных характеристик психики [1]. Поэтому, углубление научных представлений о психической саморегуляции позволяет более объективно охарактеризовать формирование и актуализацию психических процессов, психических свойств и психических состояний. Чрезвычайно важным направлением в психологии саморегуляции человека является разработка приемов совершенствования самоуправления в трудных ситуациях [2]. Эффективная саморегуляция позволяет человеку не

только успешно выполнять профессиональную деятельность, но и поддерживать оптимальное состояние, не допускать конфликтов в общении, адаптироваться к неординарным условиям, преодолевать трудности и др.

Во время пандемии COVID-19 люди оказались вынуждены долгое время находиться в ситуациях самоизоляции. У многих людей изменились привычный образ жизни, профессиональные обязанности, досуг, общение с родственниками и др. В связи с тем, что самоизоляцию сильно усугубляли неопределенность, неизвестность и нарастание негативной информации, у значительной части населения отмечался рост тревожности из-за возможных проблем со здоровьем и финансовым обеспечением, усиление страха за свою жизнь и за жизнь близких родственников, возникали растерянность и стресс, появлялись психосоматические расстройства и т.п. [3,4,5]. Особая тяжесть легла на плечи женщин, так как помимо трудностей, связанных с работой, именно им пришлось справляться с проблемами домашнего хозяйства, а также организовывать учебу и досуг детей [6].

Целью настоящего исследования являлось изучение трудностей и приемов психической саморегуляции женщин 25-45 лет в условиях самоизоляции во время пандемии COVID-19.

Методы и организация исследования. В исследовании приняли участие 84 женщины 25-45 лет, жительницы Санкт-Петербурга, находящиеся в браке и имеющие детей (1-3). Все респондентки имели высшее образование, большинство (54 чел.) работали по специальностям менеджер, бухгалтер, маркетолог, юрист и др., 30 чел. не работали, являлись домохозяйками. В процессе обследования использовались опросник «Стиль саморегуляции поведения» В.И. Моросановой и анкета «Саморегуляция в условиях ограничений», разработанная автором настоящего исследования.

Результаты и их обсуждение. По оценкам респондентов им было труднее всего управлять собой из-за необходимости соблюдать режим самоизоляции: никуда не ходить, кроме ближайших магазинов и аптек, носить маски и пр., а также из-за ограничений в общении с родственниками и в проведении досуга в связи с закрытием ресторанов, кинотеатров, музеев и мест активного отдыха (Таблица 1.) Опрос показал, что в данной выборке очень мало женщин столкнулись с увольнением с работы кого-либо из членов семьи, большинства эта проблема не коснулась. Аналогично, те женщины, которые работали, не выделили ситуацию собственной потери работы как трудную потому, что в данной выборке подавляющему большинству респондентов удалось сохранить место работы и адаптироваться к дистанционной форме. Наименее трудными в плане управления собой для женщин оказались проблемные ситуации со своим здоровьем и здоровьем близких родственников (Таблица 1). При анализе ответов выяснилось, что из тех женщин, у которых возникли проблемы со здоровьем (своим или близких людей, примерно 25 % испытывали серьезные трудности в управлении собой (им было трудно отключиться от переживаний, избавиться от страха, собраться и др.). Однако у почти половины респонденток (44 чел.) проблем со здоровьем не возникло, очевидно в связи с соблюдением режима самоизоляции и других мер профилактики. В целом, только 7, 14 % респонденток оценили ситуации самоизоляции в связи с коронавирусной инфекцией как одни из самых трудных в жизни, 40,47 % считают эти ситуации такими же трудными, как и многие жизненные ситуации, а 52, 39 % не воспринимают данные ситуации, как трудные для себя лично.

Таблица 1. Оценка степени трудности управления собой в ситуациях самоизоляции (n=84)

Ситуации	Оценка трудности M ± m
1) Необходимость соблюдать режим самоизоляции: никуда не ходить, кроме ближайших магазинов и аптек, носить маски и пр.	2,75 ± 0,21

2) Ограничения в общении с родственниками и друзьями	2,27 ± 0,19
3) Дистанционная работа (учеба)	2,37 ± 0,22
4) Невозможность решать бытовые проблемы, как раньше (покупать необходимые товары, и пр.)	1,98 ± 0,19
5) Необходимость больше времени уделять детям (в связи с закрытием детских учреждений или их переходом на дистанционную форму)	1,45 ± 0,28
6) Возникшие проблемы со своим здоровьем	1,17 ± 0,25
7) Возникшие проблемы со здоровьем близких	0,85 ± 0,24
8) Ухудшение финансового обеспечения	1,45 ± 0,28
9) Ограничения в проведении досуга в связи с закрытием ресторанов, кинотеатров, музеев и т.п.	2,81 ± 0,20
10) Невозможность посещать места активного отдыха: бассейны, тренажерные залы и пр.	2,25 ± 0,22
11) Увольнение вас с работы	0,35 ± 0,17
12) Увольнение с работы членов вашей семьи	0,55 ± 0,22

По оценкам респонденток наиболее трудно в условиях самоизоляции им было ставить цели и понять, как реализовать уже поставленные цели в резко изменившихся условиях (Таблица 2.). Наименьшие трудности женщины испытывали, когда надо было учитывать свой опыт, анализировать и действовать рационально. Полученные данные показывают, что при отсутствии проблем с саморегуляцией памяти и мышления, респонденткам все же было сложно выдвигать новые цели и определять условия достижения цели в изменившихся из-за пандемии COVID-19 жизненных ситуациях.

Таблица 2. Трудности саморегуляции в условиях ограничений из-за коронавирусной инфекции (n=84)

Трудности саморегуляции	Оценка степени трудности M ± m
1. Было трудно ставить цели, что-либо планировать	3,51 ± 0,19
2. Было трудно понять, как реализовать уже поставленные цели	3,43 ± 0,18
3. Не мог составить план действий для достижения поставленной цели: определить, что делать в первую очередь, что потом	2,48 ± 0,20
4. Не мог правильно оценить свои действия	2,22 ± 0,18
5. Не знал, что сделать чтобы вести себя более адекватно	2,25 ± 0,19
6. Затруднялся действовать гибко, изменять намеченный план действий, если это требовалось.	2,15 ± 0,19
7. Принимая решения, плохо учитывал свой опыт	1,82 ± 0,15
8. Затруднялся проанализировать ситуацию, не мог понять в чём проблема.	2,12 ± 0,18
9. С трудом соображал, как лучше поступить в данной ситуации, что надо делать и т.п.	2,20 ± 0,19
10. Затруднялся сдерживать раздражение, злость, гнев	2,32 ± 0,16
11. Затруднялся справиться с волнением, страхом.	2,52 ± 0,17
12. Было трудно действовать более рационально, логично	2,05 ± 0,16
13. Было трудно действовать более творчески, креативно	2,35 ± 0,17

14. Не мог решиться и начать действовать	2,42± 0,18
15. Не мог проявить настойчивость и довести дело до конца	2,23± 0,17

Выявлены статистически достоверные взаимосвязи между сформированностью характеристик стиля саморегуляции и трудностями саморегуляции в условиях самоизоляции (Таблица 3.). В наибольшей степени трудности управления собой оказались взаимосвязаны с моделированием, гибкостью и общим уровнем осознанной саморегуляции. Женщины у которых лучше развито умение определять значимые условия достижения цели (моделирование), действовать гибко и более осознанно испытывали значительно меньше трудностей, регулируя свое поведение и состояние в ситуациях самоизоляции. Интересно, что повышение гибкости позитивно сказывалось на регулировании и эмоций, и когнитивных процессов. А улучшение моделирования позволяло испытывать меньше трудностей в управлении многими сферами психики, кроме регулирования эмоций.

Такие характеристики стиля осознанной саморегуляции как оценивание и самостоятельность оказались не связаны с трудностями управления собой в условиях самоограничений. Также обнаружено, что затруднения в проявлении решительности и креативности в условиях ограничений не зависят от характеристик стиля осознанной саморегуляции.

Таблица 3. Взаимосвязи трудностей саморегуляции в условиях ограничений с характеристиками стиля саморегуляции (корреляционный анализ, критерий Пирсона)

Трудности саморегуляции	Характеристики стиля саморегуляции				
	Планир.	Моделир.	Программир	Гибкость	ОУС
1. Было трудно ставить цели, что-либо планировать	Не значимы	$r = - 0,221$ $p \leq 0,05$	Не значимы	Не значимы	Не значимы
2. Было трудно понять, как реализовать уже поставленные цели	Не значимы	$r = - 0,245$ $p \leq 0,05$	Не значимы	Не значимы	Не значимы
3. Не мог составить план действий для дост. поставл. цели.	Не значимы	$r = - 0,245$ $p \leq 0,05$	Не значимы	Не значимы	$r = - 0,231$ $p \leq 0,05$
4. Не мог правильно оценить свои действия	Не значимы	$r = - 0,469$ $p \leq 0,001$	$r = - 0,271$ $p \leq 0,05$	$r = - 0,286$ $p \leq 0,05$	$r = - 0,438$ $p \leq 0,001$
5. Не знал, что сделать чтобы вести себя более адекватно	$r = - 0,281$ $p \leq 0,05$	$r = - 0,312$ $p \leq 0,01$	$r = - 0,256$ $p \leq 0,05$	Не значимы	$r = - 0,342$ $p \leq 0,01$
6. Затруднялся изменять намеченный план действий.	Не значимы	$r = - 0,337$ $p \leq 0,01$	Не значимы	$r = - 0,384$ $p \leq 0,001$	$r = - 0,269$ $p \leq 0,05$
7. Принимая решения, плохо учитывал свой опыт	$r = - 0,263$ $p \leq 0,05$	$r = - 0,306$ $p \leq 0,01$	Не значимы	$r = - 0,242$ $p \leq 0,05$	$r = - 0,324$ $p \leq 0,01$
8. Затруднялся проанализировать ситуацию, не мог понять в чём проблема.	Не значимы	$r = - 0,327$ $p \leq 0,01$	Не значимы	$r = - 0,276$ $p \leq 0,05$	$r = - 0,347$ $p \leq 0,01$

9.С трудом соображал, как лучше поступить в данной ситуации, что надо делать и т.п.	Не значимы	$r = - 0,244$ $p \leq 0,05$	Не значимы	$r = - 0,219$ $\leq 0,05$	$p r = - 0,313$ $p \leq 0,01$
10.Затруднялся сдержать раздражение, злость, гнев	Не значимы	Не значимы	Не значимы	$r = - 0,298$ $p \leq 0,01$	Не значимы
11.Затруднялся справиться с волнением, страхом.	Не значимы	Не значимы	Не значимы	$r = - 0,241$ $\leq 0,05$	p Не значимы
12.Было трудно действовать рационально, логично	Не значимы	$r = - 0,352$ $p \leq 0,01$	Не значимы	$r = - 0,267$ $\leq 0,05$	$p r = - 0,316$ $p \leq 0,01$
15.Не мог проявить настойчивость и довести дело до конца	Не значимы	$r = - 0,228$ $p \leq 0,05$	Не значимы	Не значимы	$r = - 0,324$ $p \leq 0,01$

Заключение. Результаты обследования показали, что только небольшое количество женщин оценили ситуации самоизоляции в связи с пандемией COVID-19 как трудные для самоуправления. Вероятно, это объясняется тем, что в данной выборке все респондентки имели достаточный уровень доходов (работали сами или работал супруг), могли использовать необходимые медицинские услуги для своей семьи, адекватно ориентировались в информационном пространстве (восприятие новостей, понимание вводимых ограничений для профилактики распространения инфекции) т.к. имели высшее образование. Для работающих женщин немаловажную роль сыграло и то, что у многих профессиональная деятельность до пандемии была связана с использованием компьютерных технологий, поэтому для них не составило особого труда перейти на дистанционную форму работы и сохранить доход. В связи с вышесказанным вполне логичным представляется тот факт, что наиболее трудными для женщин оказались не проблемы здоровья или сохранения заработка, а невозможность комфортно провести свободное время, пообщаться, посетить интересные мероприятия и таким образом, отключиться от профессиональных и домашних проблем. Несмотря на общую позитивную картину, необходимо отметить, что при анализе индивидуальных ответов было установлено, что для некоторых женщин наибольшую трудность вызывали необходимость постоянно контролировать учебный процесс детей и все время находиться в кругу родственников.

Наименьшие трудности в управлении собой во время самоизоляции испытывали те респондентки, у которых были лучше сформированы умение определять, значимые для достижения цели факторы ситуации (моделирование), гибкость и общий уровень осознанности регуляторных процессов. Поэтому, для улучшения адаптации к ситуациям самоизоляции целесообразно повышать уровень развития этих характеристик стиля саморегуляции с помощью специальных психологических тренингов и психотехнических игр.

Литература:

- 1.Леонтьев Д.А. Саморегуляция, ресурсы и личностный потенциал // Сибирский психологический журнал. – 2016. – № 62. – С. 18–37. DOI: 10.17223/17267080/62/3
- 2.Моросанова В.И. Психология саморегуляции в XXI веке / отв. ред. В.И. В.И. Моросанова. – СПб, М.: Нестор-История, 2011. – 468 с.
3. Скотникова И.Г., Егорова П.И., Огаркова Ю.Л., Жиганов Л.С. Психологические особенности переживания неопределенности при эпидемии COVID-19 // Институт психологии Российской академии наук. Социальная и экономическая психология. – 2020. – Том 5. № 2(18) – С. 245-268. DOI: 10.38098/ipran.sep.2020.18.2.008

4. Сорокин М.Ю., Касьянов Е.Д., Рукавишников Г.В., Макаревич О.В., Незнанов Н.Г., Лутова Н.Б., Мазо Г.Э. Психологические реакции населения как фактор адаптации к пандемии COVID-19 // Обозрение психиатрии и медицинской психологии им. В.М. Бехтерева. – 2020. – № 2. – с. 87-94. DOI : 10.31363/2313-7053-2020-2-87-94

5. Huang Y, Zhao N. Generalized anxiety disorder, depressive symptoms and sleep quality during COVID-19 outbreak in China: a web-based cross-sectional survey. // Psychiatry Res. – 2020. – 288:112954. Doi:10.1016/j.psychres.2020.112954

6. Thibaut F., van Wijngaarden-Cremers P. J. M. Women's Mental Health in the Time of Covid-19 Pandemic // Frontiers in Global Women's Health. – 2020. – V. 1. – P. 1-17. DOI:10.3389/fgwh.2020.588372

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ АХУАЛЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

УРАЗБАЕВА Н.Н.

1 курс Докторант (PhD)

ВАСЬКО Т.П.

Доктор (PhD)

САНГИЛБАЕВ О.С.

п.ф.д., профессор

Алматы қ., ТҰРАН Университеті

ТҮЙІН. Мақалада COVID-19 пандемиясы кезіндегі қоғам дамуының негізгі факторларының бірі – әлеуметтік саулық феномен қарастырылды. Сонымен қатар әлеуметтік саулықтың ғылым негізіндегі фундаменталды фактісі – тұрақты әлеуметтік топтар арасындағы саулық мәселелері талданып, оның құрамдас бөлігі - педагогтардың COVID-19 пандемиясы кезіндегі эмоционалды сарқылу синдромына ұшырау себептер анықталып, алдын алу жолдары ұсынылды.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: Әлеуметтік саулық, педагог мамандар, психологиялық стресс, эмоционалды сарқылу синдромы.

ABSTRACT. The article considers one of the key factors in the development of society during the COVID-19 pandemic - the phenomenon of social health. In addition, the fundamental fact of social health on the basis of science - the problems of health among stable social groups, its component - the causes of emotional exhaustion of teachers during the pandemic COVID-19 were identified and suggested ways to prevent it.

KEYWORDS: Social health, pedagogical specialists, psychological stress, emotional exhaustion syndrome.

Бүгінде әлемді жаулаған COVID-19 пандемиясының қарқынды түрде таралуы қоғамның әлеуметтік экономикалық, білім беру, денсаулық сақтау салаларына, сонымен қатар саяси үдерістерге өз әсерін тигізуде. Бірінші кезекте адам денсаулығына тікелей қауіп төндіруіне қарамастан, адамның психикалық саулығы аясында қоғамда қатерлі мәселелер туғызуы мүмкін. Қоғамның психикалық саулығы және әл ауқаты аталған дағдарыстан айтарлықтай зардап шегіп отыр.

Сондықтан да қазіргі таңда халық арасында психологиялық стресс қалыпты жағдайға айналууда. Сайып келгенде, қоғамның дамуы әрбір адамның психикалық жай күйімен тығыз байланысты. Аталған мәселелердің алдын алудың бірден бір шешімі қоғамның белсенді мүшесі - адамның әлеуметтік саулығын кеңінен зерттеу болып табылады.

Адамның әлеуметтік саулығы – қазіргі таңдағы психологиялық саулықтың өзекті және перспективті мәселелерінің бірі.

Г.С.Никифоров атап көрсеткендей, әлеуметтік саулықты сақтау ерекшеліктерінің негізгі мәселесі - адамның өз әлеуметтік функцияларын толық орындауы. Адамның әлеуметтік саулығын оның әлеуметтік ортамен қарым-қатынасының үйлесімділік дәрежесі деп қарастырамыз, бұл жеке тұлғаның әлеуметтік жетілу деңгейінің динамикалық тепе-теңдігін және әлеуметтік маңызды талаптарын көрсетеді. Бұл анықтаманың маңызды тармақтары - адамның әлеуметтік саулығын бағалаудың ажырамас критерийлері ретінде қарастыратын қатынастардың үйлесімділігі және жеке тұлғаның әлеуметтік жетілуі [1].

Адамның әлеуметтік саулығы оның қоғам дамуына үлес қосуына және оның әлеуметтік белсенділігіне байланысты, сонымен қатар индивидтің тұлғааралық сандық және сапалық байланыстарының және қоғам өміріне қатынасуы деңгейімен анықталады.

Жеке адамның, топтың, қауымдастықтың дамуына тән, олардың әлеуметтік-биологиялық көрсеткіштерінің бірлігі сипаттамасында және қоғамның даму деңгейі мен сапасы аясында қабылданады, ол өмірді қанағаттандыру көрсеткіштерінің жиынтығында, соматикалық және психикалық денсаулық және әлеуметтік белсенділігімен анықталады. Әлеуметтік саулық - бұл тұлғаның және қоғамның жағымды дамуына ықпал ететін адамның жеке әрекеттерімен қоғамның күтулерімен үйлесімділігі [2].

Саулыққа байланысты әлеуметтік қатынастың көрінісі теріс (негативті) анықтамамен белгіленеді. Қоғамның саулық жағдайы әлеуметтік девиация деңгейімен анықталады. Қоғам субъектілерінің девианттық әрекеттері – кодификацияланған және кодификацияланбаған әлеуметтік нормаларды бұзатын әрекеттер. Осылайша девианттық әрекеттегі адамдардың саны неғұрлым көп болса, солғұрлым қоғамның саулық деңгейі төмен болады.

Жалпы айтқанда, «әлеуметтік саулық» көбіне кейіптік (образдық) түсінікпен жеткізіледі.

Әлеуметтік саулық келесі мәселелермен қарастырылады:

- Кейбір аурулардың таралуына қарай әлеуметтік маңызды экономикалық шығындарға соқтыруы (яғни өмір сүру жағдайына қауіп туғызу және қауіп алдындағы қорқынышқа әкелу).

- Ауру туғызатын қоғамдық құрылғылардың әсері, сондай ақ адам организмінде сол ауру ағымының сипатына, адамның аурудан айығуына немесе өлімге әкелуіне әсері.

- Адамдардың белгілігі бір тобын немесе жалпы адам популяциясын интеграцияланған (әлеуметтік) статистикалық көрсеткіштер негізінде биологиялық жағдайын бағалау.

Әлеуметтік саулықтың ғылым негізіндегі фундаменталды фактісі – ол қоғамдағы тұрақты әлеуметтік топтар арасындағы саулық деңгейінің біршама айырмашылықтары. Негізгі топтарға: әлеуметтік класстар, демографиялық топтар (жыныстық және жас аралық), аумақтық қауымдастықтар, әлеуметтік ұйымдар және отбасы.

Тұрақты әлеуметтік топтар өкілдерінің ұқсастықтары (сәйкесінше басқа топ өкілдерінен айырмашылықтары) өмір жағдайларына және субмәдени ерекшеліктеріне (денсаулық құндылығы; медициналық көмекке қатысты ұстанымдар, денсаулық аясындағы әрекетті реттейтін топтық нормалар) байланысты жүзеге асады.

Сондықтанда, адамның конституционалды-биологиялық немесе жеке мінез ерекшеліктеріне қарағанда оның қандай тұрақты әлеуметтік топқа жататынына қарай индивидуалды саулық деңгейін дәлірек анықтауға болады. Әлеуметтік тұрақты қоғамда құрылымдық мінездемелерді әлеуметтік саулықтың маңызды детерминанты ретінде қарастыру қажет.

Қоғамның әлеуметтік саулығын сипаттайтын негізгі әлеуметтік топтың құрамдас бөлігі педагог мамандар болып табылады. Ал қазіргі COVID-19 пандемиясы таралу кезіндегі білім беру жүйесіндегі ең өткір және өзекті мәселе оқытушылар қауымының қауіпсіздігін және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету шаралары болып табылады. Сонымен қатар педагог мамандарының еңбек тиімділігін сақтап қалып, әрі қарай арттыру маңызды мәселе. Оқытушы мамандығы физикалық және психикалық тұрғыда саулық ресурстарын жоғары деңгейде шығындайтын кәсіптердің бірі.

Жоғарыда көрсетілген мәселелер эмоционалды сарқылу синдромының басталуына тікелей катализатор бола алады. Бұл созылмалы шаршау қаупін, кәсіби деформация, невротикалық бұзылулар және әртүрлі психосоматикалық мәселелерді тудырады.

Эмоционалды сарқылу синдромы – жеке тұлғаның кәсіби деформациясының өзекті мәселесі [3, б. 80].

Көп жағдайда аталған психоэмоционалды феномен жұмыс барысында кездесетін тұрақты стресстің салдары.

Стресс, эмоционалдық стресс, жағымсыз жағдайлар мен эмоциялар жинақталуға бейім, бұл денсаулыққа біртіндеп кері әсер етеді: қан қысымы көтеріледі, ұйқысыздық, нервоздық, тәбеттің болмауы, ашуланшақтық, өнімділіктің төмендеуі және т.с.с. ескеру керек.

Педагогтар жүргізетін жұмыстар әрдайым әр түрлі стресстік факторларға ұшырағанын атап өткен жөн: оқушылармен және олардың ата-аналарымен, әріптестерімен үздіксіз резонансты эмоционалды қарым-қатынас, бұл көбінесе жоғары эмоционалдық стресстен, олардың біліктілігі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруға қажеттіліктен көрінеді.

Педагогтар қойылатын оқу жоспарлары мен талаптарының өзгеруі, пропорционалды емес төмен жалақы және т.б.

Осыған байланысты әрдайым педагогикалық іс-әрекеттің сарқылу синдромын дамыту қаупі бар, бұл жұмыс тәжірибесінің артуымен алдын-алу шаралары уақытында қабылданбаған жағдайда ғана күшейе түседі. Осылайша, жоғарыда келтірілген ережелер зерттелетін тақырыптың өзектілігін анықтайды, өйткені оқытушылар құрамы өздерінің кәсіби қызметінде үнемі стресстік еңбек жағдайларының ықпалында болады [5, б. 44].

Пандемия жағдайында білім беру ұйымдары өз жұмысын қашықтықтан жүзеге асыра бастағандықтан, педагогтардың эмоционалдық сарқылуы проблемасы бүгінгі күнге дейін күрделене түсті, бірақ бұл олардың жұмыс міндеттерін төмендетпеді: оларға шұғыл түрде ағымдағы жағдайларға бейімделу, көптеген мәселелерді шешу жолдарын табу (қашықтықтан оқытуды қалайша тиімді жүргізу керек, кредиттерді, емтихандарды, курстық жұмыстарды, дипломдарды, тестілерді және басқаларын қалай алуға болады, студенттер мен оқушыларға барлық ақпараттар мен тапсырмаларды қалай анық және оңай жеткізуге болады және т.б.).

Сондықтан, қазіргі уақытта педагогтар стресстің әсеріне өте тез ұшырайды, нәтижесінде сарқылу синдромы басталады.

Эмоционалдық сарқылу проблемасы (кез-келген кәсіптің қызметкерлері үшін, сондай ақ, мұғалімдер) философия, психология, әлеуметтану, педагогика, әлеуметтік ғылымдар және басқа ғылымдардың назарында болды.

Осы мәселеге қатысты бірқатар орыс және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты: В.В. Бойко, П.А. Сорокин, Б.Пельман және Э.Хартман, А.Пайнс, В.И.Ковальчук және басқалары. Дәл осы термин «күйіп кету (сарқылу) синдромы» салыстырмалы түрде жақында пайда болды: елу жыл бұрын (1974 жылы) американдық психиатр Х.Дж. Фрейденберг, Г.Нортонмен бірге, сарқылу синдромы ұғымына түсінік берді және оны келесідей анықтады: бұл эмоционалды және психикалық сарқылу, апатия, орындалған жұмыстан тез шаршау, жұмыстан кету және толықтай жетіспеу белгілері пайда болған кезде жеке тұлғаның физикалық, психо-эмоционалды және когнитивті энергиясын жоғалтуының белгісі бар процесс [4, б. 71].

Бұл анықтама осы күнге дейін өзекті болып табылады. Осыдан, сарқылу синдромының пайда болуы келесі ерекшеліктерге ие деген қорытынды жасауға болады:

1) бұл ұзақ уақыттық процесс, ол бір сәтте пайда болмайды (мұнда және қазір), бірақ біртіндеп қабаттасып жинақталады;

2) адам энергияны, өмірге, жұмысқа деген қызығушылықты жоғалтады;

3) адам бей-жай, инертті болып, ақыл мен сезімталдығы күңгірттенеді, эмоциялар бұлыңғыр, орташа сипатта болады;

4) жұмыс енді қанағат әкелмейді, тек соңғы күшін жұмсап жатқандай әсерде жұмыс жасайды және т.б.

Бұл жағдайда сарқылу синдромының белгілерін болдырмауға және жоюға бағытталған алдын-алу шараларын өткізу тиімді болады.

Эмоционалды сарқылудың алдын алу шарасы ретінде мұғалімдер келесі ережелерді ұстануы керек:

- жұмыстан бір мезгіл демалу мүмкіндігі, эмоционалдық стресс пен шаршауды басуға уақыт болатындай етіп «тайм-аут» қабылдау;
- өзін-өзі реттеу дағдылары мен дағдыларын жетілдіру (жағымсыз эмоцияларды тежеуге тырысу, басқалармен жағымды байланыс орнату, өмірлік позитивті ұстанымдарды жүру және т.б.);

- үнемі кәсіби өсуге ұмтылу, білім деңгейін көтеру, ой-өрісін кеңейту, әріптестерімен кәсіби ақпарат алмасу және т.с.с.

- жұмыстағы әріптестерімен, қарамағындағылармен және бастықтармен, сондай-ақ отбасымен, жолдастарымен, туыстарымен достық, қолайлы байланысты сақтау, бұл психо-эмоционалды тұрақтылықты жоғарылатады және сарқылу синдромының ықтималдығын төмендетеді.

Осылайша, жағымды эмоциялар, сенімді тірек және отбасындағы қолдау қазірдің өзінде кәсіби стресс пен жұмыстағы қиындықтармен күресуде сәттіліктің үлкен бөлігі болып табылады. Бұл, әсіресе, педагогтардың психо-эмоционалды көңіл-күйін күшейте алатын коронавирустық пандемияға қатысты бүгінгі қиын жағдайға байланысты. Мұнда отбасы, әріптестер мен достардың жалпы қоғамның қолдауы маңызды рөл атқара алады.

Егер педагогтар сарқылу синдромының алдын алу және түзету бойынша ұсыныстарды ұстанған жағдайда ғана, олар бұл мәселені жеңе алады.

Сонымен, зерттеуді қорытындылай келе мынаны атап өтуіміз керек:

- бүгінде көптеген кәсіптің көптеген мамандары эмоционалдық сарқылу синдромына ұшырайды, ал педагогикалық қызметкерлер де олардан тыс қалмайды, Өйткені олар үлкен психо-эмоционалдық стрессті бастан өткереді және көбінесе стресстік жұмыс жағдайында қызметін атқарады.

Еліміздің болашағы өсіп келе жатқан ұрпағымызды білім мен ғылым аясында жетелеп, ата анасынан кейінгі орында тәрбие беріп жатқан педагог мамандарымыздың қоғам тарапынан әлеуметтік саулығын нығайтуға бағытталған шараларды қолдап, ұтымды ұйымдастырсақ, қиын белесті ауызбіршілігімізбен жеңеміз деп сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Психология здоровья. Учебник для вузов/ под ред. Г.С.Никифорова. – СПб.: Питер, 2006.
2. Актуальные проблемы исследования социального здоровья» Часть 1/ под ред. Р.А.Зобова, А.А. Козлова. – СПб, Химиздат, 2004 – с.37
3. Кондратьева О.Г., Садовников А.С. Влияние механизмов психологической защиты на уровень сформированности синдрома эмоционального выгорания у педагогов // АНИ: педагогика и психология. – 2017. – №1 (18). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-mehanizmov-psihologicheskoy-zaschity-na-uroven-sformirovannosti-sindroma-emotsionalnogo-vygoraniya-u-pedagogov>
4. Кузнецова Е.В., Петровская В.Г., Рязанцева С.А. Психология стресса и эмоционального выгорания: учеб. пособие для студ. факультета психологии. // Е.В. Кузнецова, В.Г. Петровская, С.А. Рязанцева. – Куйбышев, 2012. – 96 с.

ПОЗИТИВТІ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ СИПАТТАЛУ КОНЦЕПЦИЯСЫ

ТҰРСЫНБЕК А.Ә.

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия Ұлттық Университетінің

I курс магистранты

АННОТАЦИЯ. Концепция психологического капитала – это относительно новый подход в психологии, который позволяет оценить общий ресурсный статус человека и его

влияние на продуктивность жизни. Поэтому изучение психологического капитала сегодня является актуальной проблемой. Личные ресурсы используются для достижения конкретной цели или решения проблемы. Уверенность в себе, стремление к достижению целей, умение противостоять трудностям и т.д. характеризуется наличием психологического капитала. В статье рассматриваются причины введения в науку понятия психологического капитала. Кроме того, автор анализирует компоненты психологического капитала, их свойства и основные особенности, а также концепцию в зарубежных работах.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психологический капитал, устойчивость, эффективность, надежда, оптимизм, позитивная психология, личный ресурс *ABSTRACT.* The concept of psychological capital is a relatively new approach in psychology that allows one to assess the overall resource status of a person and its impact on life productivity. Therefore, the study of psychological capital is an urgent problem today. Personal resources are used to achieve a specific goal or to solve a problem. Self-confidence, striving to achieve goals, ability to withstand difficulties, etc. characterized by the presence of psychological capital. The article discusses the reasons for introducing the concept of psychological capital into science. In addition, the author analyzes the components of psychological capital, their properties and main features, as well as the concept in foreign works.

KEYWORDS: psychological capital, sustainability, efficiency, hope, optimism, positive psychology, personal resource

Адамның бойында өзіне деген сенімділік, болашаққа жоспарланған мақсаттарын жүзеге асыру, туындаған қиындықтарды шешу ұмтылысы, жетістікке жетуге деген ерік жігер көрсеткіштері бірдей деп айта алмаймыз. Аталған көрсеткіштер қазіргі уақытта позитивті психология саласында жаңадан қолданысқа еніп келе жатқан терминдердің бірі «психологиялық капитал» ұғымымен түсіндіріледі. Сол себепті психологиялық капиталдың өзін жекелей және оның адам өмірінің белсенділік нәтижесіне әсер етуші тұлғалық қасиеттерін қоса зерттеу барынша өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жалпы психологиялық капитал ұғымының пайда болуына әсер еткен негізгі фактор – бұл позитивті психология саласында жүргізілген зерттеу жұмыстары деп айтсақ болады. Осы саланың көрнекті өкілдерінің бірі Ф. Лутанс психологиялық капиталды зерттеуге аса мән берген болатын. Өзінің «Позитивті ұйымдастырушылық мінез-құлық» немесе «Тиімділікті өлшеуге, дамытуға және тиімді пайдалануға болатын адам ресурстарының күшті және психологиялық мүмкіндіктерін зерттеу және қолдану» тақырыбына бағытталған басылымдардың көбеюі нәтижесінде «психологиялық капитал» ұғымын енгізді. Соның нәтижесінде ұйымдардағы жұмыс өнімділігіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды рөл атқаратын ресурстар жиынтығын анықтады. Психологиялық капитал тұжырымдамасы (PsyCap) бастапқыда ұйымдарға арналған болатын. Ф. Лутанс өз әріптестерімен ұйым қызметкерлеріне жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ұйымдардың өсуі білім беруді дамытуға емес, психологиялық бағытқа бағытталуы керек деп ұсынды. Ол адами ресурстар бәсекелестік артықшылық ретінде қызмет ете алады, өйткені олар физикалық, құрылымдық және қаржылық ресурстарға қарағанда бәсекелестер үшін қайталанбас болып табылады деп тұжырымдады. [1]

И.В. Моросанова өзінің «Адамның өзін-өзі реттеуі және психологиялық капиталды зерттеудің ресурсты тәсілі» еңбегінде психологиялық капитал - бұл жеке тұлғаның дамуындағы жағымды психологиялық күй деп анықтама береді. Оны толығырақ осылай сипаттауымызға болады: (1) қиын тапсырмаларды орындау кезінде өзіне деген сенімділік; (2) қазіргі және болашақта сәттілікке деген оң көзқарас; (3) мақсатқа жетудегі табандылық және қажет болған жағдайда мақсатты өзгертпей, оған жету жолдарын өзгерту; және (4) қиындықтарға тап болған кезде өзін-өзі қолдау және болашақта жетістікке жету үшін біраз уақытқа шегіне алу мүмкіндігіне ие бола алу. [2]

Ф. Лутанс өз еңбектерінде психологиялық капиталды құрайтын оң психологиялық ресурстарға сәйкес келетін төрт критерийді «Ішкі ҚАҺАРМАН» (Внутренний ГЕРОЙ) деп атайды. Оларға жекелей тоқталып өтетін болсақ: үміт, тиімділік, тұрақтылық және оптимизм.

Үміт - бұл физиологиялық және психологиялық әл-ауқатпен байланысты жеке қасиеттер. Р. Снайердің айтуы бойынша, «Үміт - қалаған мақсаттарға жетуге болатындығын және сол жолдарды пайдалануға түрткі болатынына деген сенімділікті көрсетеді». Демек, біз үміт - бұл сізді ерік-жігерге және мақсатқа жету жолдарын жоспарлауға итермелейтін, жағымды эмоцияларға әкелетін таным процесі, яғни қалаған мақсаттарға жетуді күту деп айта аламыз. [3]

Тиімділік - адамдардың нақты бір жағдайда белгілі бір мақсатқа жету қабілетіне деген сенімі. А. Бандураның айтуынша, өзіндік тиімділік - «перспективалық жағдайларды басқару үшін талап ететін іс-қимылдарды ұйымдастыру мен жүзеге асыру мүмкіндігіне сену». Өзіндік тиімділіктің екі негізгі көрсеткіші бар:

- Күтілетін нәтиже (не істеу керектігін білу)
- Күтілетін өнімділік (біздің не істеу керек екендігімізді тексеру)

А. Бандураның еңбектеріне талдау жүргізе отырып, біз өзіндік тиімділік деңгейіне келесі процесстердің әсер ететіндігін анықтадық:

- Когнитивті (ойлар шындықты қалыптастырады)
- Мотивациялық (біздің сенімімізге негізделген күтілетін нәтижелер біздің мотивациямызды қалыптастырады)
- Аффективті (өзін-өзі жеңу тиімділігі қабылданбайтын мінез-құлықты реттейді)
- Таңдау (біз өзімізді тек жеңе аламыз деп ойлаған жағдайларда табамыз). [4]

Төзімділік - жағымсыз оқиғаларды жеңгеннен кейін қиындықтардан арылып, күшейе түсу; позитивті психологияда қиыншылықты немесе стрессті жеңудің оң тәсілі ретінде анықталады. Ұйымдастырушылық тұрғыдан ол стресстен, жанжалдан, сәтсіздіктен, өзгеруден немесе жауапкершіліктің жоғарылауынан шығу мүмкіндігі ретінде анықталады.

Жалпы **оптимизм** қазіргі және болашақтағы сәттілікке деген оң көзқарас болып есептеледі. Алайда М. Селигманның «Атрибуция теориясында» анықталған психологиялық капиталдың құрамдас бөлігі оптимизм жұмысшының не істей алатындығын не істемейтінін қарастыратын нақты құрылым ретінде қарастырылады, сондықтан оптимизм тиімділік пен үмітті күшейтеді. [5]

Осы төрт компоненттің әрқайсысы негізінде әр түрлі нәтижелерді белгілі бір дәлдікпен болжауға болады. Осылайша, адамның оптимизм деңгейі нақты нәтижелермен немесе мінез-құлықпен статистикалық байланыста болуы мүмкін.

Алайда, осы төрт компонентті психологиялық капитал шеңберінде қарастырған кезде оларды жеке әсерлерінің жиынтығынан әлдеқайда көп мүмкіндікті болжауға болады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе психологиялық капиталды – нақты бір жағдайды шешу барысында тұлға бойындағы мақсатқа жетуге деген ұмтылысы, оған жету жолдарын талдауы, кедергілерге деген төзімділігі және атқарылатын жұмыстың тиімділігін саралауға мүмкіндік беретін ресурстар жиынтығы деп айта аламыз.

Сонымен қатар психологиялық капитал компоненттерінің жекелей өз көрсеткіштерін болуына қарамастан, олардың барлығын қоса алғандағы көрсеткіші әлдеқайда жоғары болатындығын түсіндік. Яғни белгілі бір компоненттің дамуы, басқаларға тек оң әсері тигізеді деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Luthans, F., & Youssef-Morgan, SM (2017). Психологический капитал: позитивный подход, основанный на фактах. Ежегодный обзор организационной психологии и организационного поведения, 4, 339-366.

2. Моросанова В.И. Осознанная саморегуляция человека как психологический ресурс достижения учебных и профессиональных целей / Теоретическая и экспериментальная психология. 2014. №4. с.16-38

3. Снайдер К. Р., Харрис К., Андерсон Дж. Р., Холлеран С. А., Ирвинг Л. М.(1991). Воля и пути: развитие и проверка индивидуальной меры надежды. Журнал личности и социальной психологии, 60 (4) , 570-585.

4. Бандура, А. (1997). Самоэффективность: осуществление контроля. Нью-Йорк: WH Freeman. Coutu, DL (2002). Как работает устойчивость. Harvard Business Review, 1-8 мая.

5. Селигман М.: Как научиться оптимизму

ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ӨМІРЛІК ҚАЙРАТТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛІНУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

ХАМИТ Ж.Р.

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия Ұлттық Университетінің

I курс магистранты

АННОТАЦИЯ. В настоящее время изучение процесса жизнестойкости личности входит в число актуальных проблем психологии. Особенно резко обострилась проблема жизнестойкости личности в условиях нынешней пандемии. Жизнестойкость личности рассматривается как основной ресурс превращения жизненных событий в новые возможности, опыт, несмотря на внешнее давление. В статье проводится теоретический анализ понятия жизнестойкости. Автор статьи также рассматривает основные компоненты жизненного процесса личности, его свойства и основные признаки, а также взаимосвязь теорий и аналогичных понятий и явлений в зарубежной и отечественной психологии.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА. Жизнестойкость личности, личность, контроль, принятие риска, вовлеченность, личностный ресурс, личностные компоненты, принятие решений

ABSTRACT. Currently, the study of the process of personal resilience is one of the most pressing problems of psychology. The problem of individual resilience has become particularly acute in the context of the current pandemic. The resilience of the individual is considered as the main resource for turning life events into new opportunities, into experience, despite external pressure. The article provides a theoretical analysis of the concept of resilience. The author also examines the main components of the resilience of the individual, its properties and main features, as well as the relationship of theories and similar concepts and phenomena in foreign and domestic psychology.

KEYWORDS. Hardiness, personality, control, commitment, challenge, personal resource, personal components, decision making

Соңғы уақытта өмірлік жағдайлардағы тұлға мінез-құлқы мәселесі өте өзекті, бұл қазіргі уақыттағы тұлғаның өмір ритмінің жылдамдауымен түсіндіріледі. Тұлғаға жаңа талаптар қоятын жаңа қоғам пайда болды. Оның өмірі үшін, оның жетістігі үшін жауапкершілік тұлғаның тікелей өзіне жүктеледі. Сондай-ақ, қазіргі кезде тұлғаның қалыптасып және дамып келе жатқан заманауи ортасында әртүрлі стресстік жағдайға әкеліп соқтыратын түрлі өмірлік жағдайлар кездеседі. Және сондай уақытта тұлғаның қауіпсіздік сезімі әлсіреп, стресс жағдайы өршіп, өмірге деген позитивті көзқарасы әлсіреуі әбден мүмкін. Осындай жағдайда, тұлғаның сыртқы қысымға, стресстік өмір жағдайларына қарамастан, өмірлік оқиғаларды өзіне тәжірибе ретінде алып, жаңа мүмкіндіктерге айналдыра алуы- тұлғаның бойындағы өмірлік қайраттану процесі өте маңызды рөл атқарады.

Өмірлік қайраттану процесі ежелгі философиялық және психологиялық ілімдерде қаралып басталған болатын. Онда адамның өмірлік қиындықтарға қарсы тұру мәселесі өте маңызды болды. Сол ежелгі уақыттан бастап стоик философтары (Зенон, Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий) әлемге деген көзқарас, осы әлемдегі адамның мүмкіндіктері мен шектеулері

мәселелерін қарастырып, сондай-ақ, игі істер мен әдеттерді қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті; туындаған өмірлік оқиғалар мен мәселелерге эмоциямен емес, ақылмен жауап беру қажеттілігін атап өткен болатын. Сондай-ақ, стоик ғалымдардың ілімінде адам өміріндегі әлеуметтік компоненттің маңызды рөлі, өз өміріне жауапкершілік ала алу мен өмірлік ситуацияларды шеше алу мәселелері де жіті қаралған.[1.10]. Стоицизмнің танымал өкілдерінің өзі ұрпақтардың сипаттамасында өмірлік қайраттанған адамдар ретінде қалғанын атап өту маңызды және қызықты. Солардың бірі Эпиктетус (б.з. д. 50 ж. – б.з.д. 125 ж.) замандастарын әзілімен және өзінің сабырлығымен таң қалдырған, философияның практикалық жағына назар аударып, кейін философия оның өміріне айналғанын айтады, сондай-ақ, ол өзін ізгі өмірдің мұғалімі деп санаған екен. Ал, Марк Аврелий (б. з. д. 121 ж. – б. з. д. 180 ж.), Рим императоры, "Рефлексия" этикалық трактатының авторы, көбінесе өте қолайсыз жағдайларда өз өмірін құра алғанымен ерекшеленеді, соған байланысты Аврелий "Өз-өзіне ой салу" кітабын жарыққа шығарды [2.796].

Ең алғаш рет өмірлік қайраттану ұғымына ХХ ғасырдың 80 жылдары назар аударылған болатын, сол кезде ағылшын тілінен аударғанда «төзімділік», «тұрақтылық», «қайраттылық» деген мағынаны беретін «hardiness» ұғымы қалыптасты. Бұл ұғым авторлары Сьюзан Кобейса мен Сальваторе Мадди. Ал, оны «жизнестойкость» ұғымы ретінде енгізген Д.А. Леонтьев болды[3.63]. Ал біз өзіміздің зерттеулерімізде бұл ұғымды-«өмірлік қайраттану» деп қолданамыз. "Өмірлік қайраттану" түсінігі авторлардың көзқарасы бойынша, адамның өзінің нақты мүмкіндіктерін мойындауын және өзінің осалдығын қабылдауын жеңілдетті[4.213]. Бұл сапа стресстік әсерлерді өңдеуге және теріс әсерлерді жаңа мүмкіндіктерге айналдыруға көмектесетін өзіндік база болды.

Гордон Олпорт пен Генри Мюррейдің шәкірті С. Мадди өмірлік қайраттану феноменін жеке тұлғаға тұтас көзқарас тұрғысынан қарастырды. Осы тұрғыда өзінің жүргізген лонгитюдті зерттеуіне шолу жасап өтсек болады. Зерттеу барысында белгілі бір компания қызметкерлеріне қолайсыз тұрақты стресстік жағдай жасалынады. Нәтижесінде, қызметкерлер жұмыстан шықпай, сонымен бірге олардың кәсіби қызметін жақсартуға әкеліп соқтырғанын байқауға болады. Яғни, бұл қызметкерлерде стресстік жағдайларды олардың мүмкіндіктерінің көрінісі жағдайына айналдыруға ықпал ететін көзқарастар мен дағдылардың құрылымын анықтауға әкелді[1.13].

С. Мадди бойынша өмірлік қайраттану («hardiness») 3 негізгі компоненттен тұрады:

Өмірлік қайраттану компоненттері (С. Мадди)

"Белсенділік"

Өмірлік қайраттанудың бұл компоненті тұлғаның өз-өзіне, айналасындағы әлемге деген қатынасындағы негізгі тұлғалық компонент. Ол тұлғаның стресс факторлары мен өзгерістеріне назар аудармай, өмірлік мәселелерді шешуге толықтай кірісу үшін тұлғаның өзін мағыналы және құнды сезінуге мүмкіндік береді. Ал, ол тұлғаның өзін-өзі тануға, көшбасшылыққа, салауатты ойлау мен мінез-құлыққа итермелейді.

"Бақылау"

Бұл өмірлік белсенділіктің көрінісі үшін ерекше көзқарас. Жоғары дамыған бақылауға ие адам белсенді өмірлік позициямен сипатталады, өз бетінше, өз жолын ешкімге тәуелсіз таңдамайтын және нәтижеге тек өзі ғана әсер ете алатын процесс

"Тәуекелді қабылдау"

Тұлғаның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, сондай-ақ, қоғамға ашық болуы. Оның мәні тұлғаның өмірінде кездесетін өмірлік оқиғалар мен проблемаларды қабылдауында жатыр.

Кесте 1. Өмірлік қайраттану компоненттері

Осылайша С.Мадди өмірлік қайраттанудың негізгі компоненттерінің маңыздылығын атай отырып, олардың өзара айырмашылығы туралы да, сонымен бірге оларды бір-бірімен өзара үйлестіру қажеттілігі туралы да атап өтті [5.410].

Өмірлік қайраттануды психологиялық құбылыс ретінде талдай отырып, оның әртүрлі аспектілері мен көріністеріне, осы құбылыстың психологиялық компоненттеріне назар аудару қызығушылық тудырады. Жалпы, бұл феноменге көптеген ғалымдар өздерінің қызығушылықтарын білдірген болатын. Солардың бірі, Д.А. Леонтьев болды. Тұлғаның өмірлік қайраттану құбылысына деген көзқарастарға сүйене отырып, Д.А. Леонтьев өмірлік қайраттануды тұлғаның өзін-өзі жеңуінің өлшемімен сипатталатын қасиет ретінде анықтайды. Өмірлік қайраттану түсінігіне ұқсас, жақын ұғымдарды да қарастырған болатын. Солардың бірі "өмірлік шығармашылық" термині, яғни тұлғаның әлемді, оның өмірлік қатынастарын кеңейтуін білдіреді. Оның пікірінше, өмірлік қайраттанудың негізгі компоненттері-бұл тұлғаның жағдайды жеңуге дайын екендігі және жаңа нәрсеге ашықтығы. Сондай-ақ, өмірлік қайраттану процесі ағымдағы травматикалық жағдай болып саналатын ситуацияларды бағалауға әсер етеді, сондай-ақ тұлғаның алдағы уақыттағы іс- әрекеттеріне ынталануына тікелей әсер етеді деп айқындап көрсеткен болатын[4.11].

Сондай-ақ, өмірлік қайраттану феноменін зерттеуде отандық психологтар С.А. Богомаз, Г. В. Ванаква, Д. А. Леонтьев, Е. Ю. Мандрикова, Т. В. Наливайко, Е. И. Рассказова, Р. И. Сцетишин, Е. В. Шварева секілді ғалымдар да өз үлестерін қосқан. Аталған психологтардың зерттеулерінде- өмірлік қайраттану субъектінің интегративті қабілеті ретінде оның әртүрлі аспектілері ұсынылған: мәні, компоненттері, көріну критерийлері, шешім қабылдау және өмір қиындықтарын жеңу қабілетімен байланыстары және т.б [10.462].

Тағы да өмірлік қайраттануды зерттеген ғалымдардың бірі Л.А. Александрова бұл феноменді басқашалай тұжырымдады. Оның тұжырымдамасы бойынша, өмірлік қайраттану бұл- жеке тұлғаның сәтті бейімделуіне ықпал ететін ерекше интегралды қабілет. Л.А. Александрова оның негізгі компоненттері екі блоктан тұратынын көрсетті:

- жалпы қабілеттер блогы: ол негізгі тұлғалық орнатылымдарды, интеллектті, өзін-өзі тануды, мағына және жауапкершілікті қамтиды;

- арнайы қабілеттер блогы: адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын, сондай-ақ әртүрлі қиын жағдайларды жеңу дағдыларын қамтиды деп есептеді [6.82].

Сондай-ақ, Л.А. Александрованың зерттеулері тұлғалық қайраттанудың жоғары деңгейі жеке тұлғаның сәтті бейімделуіне ықпал ететінін, сонымен қатар бейімделу кезеңінде үрей мен қысымның пайда болуына жол бермейтінін көрсетті. Сондай-ақ, Л.А. Александрованың тұжырымдамасы бойынша, өмірлік қайраттану- депрессиямен, бейімделмеген копинг механизмдерді қолданумен теріс байланысты екендігі белгілі болды [6.84].

Шетелдік гуманистік философиялық және психологиялық тұжырымдамаларда, біздің ойымызша, В. Франкл мен Э. Фроммның экзистенциалды философия саласындағы жұмыстары қызығушылық тудырады, өйткені олар екінші дүниежүзілік соғыс трагедиясының көрінісіне әкелген тарихтағы ең дағдарыс кезеңінде қарастырылған тұлғаның қарсыласуы мен өмір сүруінің өмірлік стратегияларын зерттеумен тікелей байланысты.

Австриялық психиатр және әлеуметтанушы В. Франкл 1942 жылдан 1945 жылға дейін нацистік концлагерьлерде қамауда болғаннан кейін жазған «Человек в поисках смысла» атты еңбегінде өзінің ойлап тапқан әдісі «логотерапия» туралы атап өтеді. Тұтқындардың қиын өмір сүру тәжірибесі В. Франклдың енгізген проактивтілік деп аталатын тұжырымдаманы талдауға негіз болды. Гуманистік психология тұрғысынан проактивтілік дегеніміз-оның сыртқы ынталандыруларға реакциясын таңдау мүмкіндігі; адамның психикасы туралы идеясы. Проактивті тұлға өзінің терең құндылықтары мен мақсаттарын, сыртқы жағдайларға қарамастан, өзінің өмірлік принциптеріне сәйкес әрекет етеді, сондай-ақ, ол таңдау еркіндігіндегі құндылықтарына сәйкес импульсивті реакцияны басқара алады. Осылайша, В. Франкл түсінігіндегі проактивтілік- құру, жаңа тәжірибе алу және өмірдің өзіндік мағынасын табу секілді экзистенциалды қажеттіліктерді жүзеге асыратын процесс екендігін атап өте аламыз [7].

Болашақта бұл тұжырымдаманы дамытудың теориялық негізі экзистенциалды психологияның тағы да негізгі тұжырымдамаларын атап өте аламыз. Осы бағытта жұмыс істейтін психологтардың пікірінше, барлық біздің өміріміздегі оқиғалар шешім қабылдаудың нәтижесі болып табылады. Кез – келген шешім- таңдау болып саналады. Не болашақты таңдау – белгісіздік, не өткен шақтағы -нақтылық. Бұл жағдайда болашақты таңдау үрейдің пайда болуына әкеп соқтырады. Неғұрлым көп өзгерістер күтілсе, соғұрлым үрей де жоғары болады. Сондықтан, оны болдырмау үшін тұлға әдеттегідей, үйреншікті түрде әрекет етеді, яғни өткенді таңдайды. Алайда, өткенді тым жиі таңдау- тоқырауға әкеледі, осылайша өмірдің мағынасыздығын арттырады. Ал, туындаған үрей мен қорқынышқа қарамастан, болашақты таңдау- тұлғаның өміріне жаңа тәжірибе мен мүмкіндіктер әкеледі және оны одан әрі тұлғалық дамуына ынталандырады.

Өмірлік қайраттану туралы ұқсас ұғымдар мен құбылыстардың байланысын анықтау мәселесіне келетін болсақ, қазіргі уақытта отандық және шетелдік психологияда осы құбылыстың маңызды ерекшеліктерін көрсететін көптеген зерттеулер бар деп айта аламыз. Сондай зерттеулердің бірі- Д. Бэнк пен Л. Кэннон ғалымдарының зерттеуі. Ғалымдар өз зерттеулерінде "hardiness" яғни, өмірлік қайраттанудың стресстер мен психосоматикалық патология арасындағы байланысқа әсерін қарастырған болатын. Олардың тұжырымдамалары бойынша, "hardiness" қасиеті тән тұлғалар стрессті әлдеқайда аз сезінетіндігін, сондай-ақ, туындайтын ұсақ стрессогенді сәтсіздіктерді қабылдай бермейтіндігі туралы нәтиже шығарғанын байқай аламыз. Демек, ғалымдардың бұл зерттеуінен біз, өмірлік қайраттану деңгейі жоғары тұлға- стресске деген бейімділігі төмен болатынын көре аламыз. Өз кезегінде С. Ханг өмірлік қайраттану деңгейі жоғары адамдардың дені сау болып, өмірлеріндегі өзгерістерді оң, позитивті тұрғыда қабылдау ықтималдығы жоғары екенін анықтады. И. Солкова мен П. Томанектің зерттеулерінде де бұл ұғымға назар аударылғанын байқауға болады. Олардың зерттеулері бойынша, тұлғаның өмірлік қайраттану процесі- тікелей тұлғаның жалпы өзіндік тиімділігін арттыратын күресу ресурстарына оң әсер ететінін атап өтті. Өмірлік қайраттануы жоғары тұлғаларда - дамыған копинг стратегиялары мен жоғары когнитивті бағалау тән болады деп өз зерттеулерінде көрсетті [4.212 б].

Сондай-ақ, өмірлік қайраттану процесі тұлға бойындағы әртүрлі тұлғалық факторлармен де тығыз байланысты екендігін атап өтуге болады. Солардың бірі, жоғарыда айтып кеткендей С. Мадди тұлғаның өмірлік қайраттануы мен басқа да бөлек психологиялық тұлғалық факторлар арасындағы корреляцияны анықтау барасындағы зерттеулерінде ересек тұлғаның өмірлік қайраттану деңгейінің кейбір темперамент сипаттамалары (ақпаратты өңдеу жылдамдығы; эмоционалды тұрақтылық; тепе-теңдік, экстраверсия), сондай-ақ стресстің физиологиялық реакцияларының көрінісі арасындағы байланысқа назар аударатынын байқаймыз [8.152].

Ішкі тепе-теңдікті сақтай отырып және жеке тұлғаның өмірлік қайраттануында көрінетін қызметтің сәттілігін төмендетпей, стресстік жағдайға төтеп беру қабілеті мен дайындығы экстраверттелген типтегі қасиеттермен оң байланысты екендігі- дәрігерлердің өмірлік қайраттануын зерттеуде көрсетілген [9].

Осылайша, жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, өмірлік қайраттануды- тұлғаның оптималды өнімділігін, сондай-ақ, ішкі тепе-теңдікті сақтай отырып, стресске, қолайсыз өмірлік жағдайларға сәтті төзуге мүмкіндік беретін интегративті тұлғалық қасиет деп айтуға әбден болады.

Өмірлік қайраттанудың негізгі компоненттері- тұлғаның белгілі бір туындаған жағдайды жеңуге дайын екендігіне сенімі және жаңа нәрсеге ашықтығын білдіреді. Өмірлік қайраттану үш компонентті қамтиды, атап айтқанда: адамның іс-әрекеттен қуаныш алуына жауап беретін «белсенділік»; адамға белсенді өмірлік ұстанымды сақтауға және өмір жолын өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін «бақылау» және негізделген тәуекелге итермелейтін және алынған тәжірибені пайдалануға көмектесетін «тәуекелді қабылдау».

Сондай-ақ, өмірлік қайраттанудың жалпы өзін-өзі тиімділікпен, психологиялық саулықпен, сәтті бейімделумен және өмірлік шығармашылықпен, проблемаларды белсенді

шешуге бағытталған басқару стратегиясымен оң байланысты екендігін қорытындылап айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Жизнестойкость личности: МПГУ, Прометей; М., 2012- 10б
2. Великие мыслители Запада/ пер. с англ. В.Федорина.- М: КРОМ- ПРЕСС, 1998.-800б.- Серия «Академия».- 796б.
3. Леонтьев Д.А., Рассказова Е.И . 2006. Тест жизнестойкости .М ., Смысл,2006.-63б.
4. Наливайко Т.В. К вопросу осмысления концепции жизнестойкостиС. Мадди [Текст] / Т.В. Наливайко // Вестник интегративной психологии:журнал для психологов. – Ярославль, 2006. – № 4. – С. 211–216.
5. Кузикова С.Б. Психологические основы становления субъекта саморазвития в юношеском возрасте. Монография / С. Б. Кузикова; Печаль.гос. пед. ун-т им. А. С. Макаренко. - Сумы: МАКДЕН, 2012. - 410 б.
6. Александрова Л.А. К концепции жизнестойкости в психологии //Сибирская психология сегодня: Сб. научн. трудов. Вып. 2 / П от ред. Н.Н.Горбатовой, А.В. Серый, М.С. Яницкий. Кузбассвуиздат, 2014. - С. 82-90б.
7. Франкл В. Человек в поисках смысла = Man’s Search for Meaning. — М. : Прогресс, 1990. — (Электронный ресурс. Режим доступа: <http://lib.ru/DPEOPLE/frankl.txt>; дата обращения: 03.03.2019).
8. Логинова М.В. Жизнестойкость как внутренний ключевой ресурс личности // Вестник Моек, ун-та МВД России. № 6. – М., 2009. – 19–22б.
9. Стецишин Р. И. Жизнестойкость как акмеологический ресурс личности врача. // Психологические проблемы смысла жизни и акме: Материалы XIII симпозиума / под ред. Г. А. Вайзер, Н. В. Волковой (Кисельниковой). – М.: ПИ РАО, 2008. – 63–65б.
10. Ванакова Г. В. Психологическая поддержка развития жизнестойкости студентов : дис. ... д-ра. психол. наук. — Биробиджан, 2014. — 462 б. — (Электронное издание. Режим доступа: <http://www.dslib.net/psychologia-razvitja/psihologicheskaja-podderzhka-razvitija-zhiznestojkosti-studentov.html>; дата обращения: 01.03.2019).

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

УАКАСОВА М.Б.

*Психология магистрі, аға оқытушы
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

КУЛЫМБАЕВА А.К.

*Психология магистрі, аға оқытушы
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

ОРДАГУЛОВА Д.И.

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается важность арт-терапии в условиях пандемии в поддержании психологического здоровья детей и предлагаются техники развития арт-терапии. Показаны теоретические анализы психологических особенностей детей и арт-терапии, предложены методики арт-терапии по сохранению психологического здоровья детей.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: арт-терапия, техника, эмоции, агрессия, коммуникация, общение.

ANNOTATION. The article discusses the importance of art therapy in a pandemic in maintaining the psychological health of children and suggests techniques for the development of art therapy. Theoretical analyses of the psychological characteristics of children and art therapy are shown, and methods of art therapy for preserving the psychological health of children are proposed.

KEYWORD: art therapy, technique, emotions, aggression, communication, communication.

Manifestation of other abilities of the person is connected with its administrative activity, managerial functions and first of all with features of the personality and individual features, that is with structure of the personality. In the structure of the personality of the head, the socio-psychological qualities are particularly distinguished: a pronounced tendency to leadership, sociability, independence and self-activity, self-confidence and self-reliance, responsibility, flexibility and plasticity both in communication and in decision-making, enterprise, a tendency to reasonable risk, emotional balance, stress resistance, creativity.

The identification and formation of these socio-psychological qualities to a large extent can contribute to the socio-psychological training, the concept of which we offer.

Of course, these qualities are formed, first of all, in the direct activity of the Manager, as well as in the purposeful learning and assimilation of special managerial skills and knowledge. So, the basis of modern effective management is the personality of the head, its psychological components in combination with managerial knowledge and skills, as well as with the performance of managerial functions due to the organizational specifics of the enterprise.

The practical implementation of the above provisions is the developed program of socio-psychological training for managers, which includes several modules that allow the leader of the group to rebuild the basic concept of the program of communicative training in accordance with the objectives of each specific organization and group.

The main purpose of the training is the development of managerial skills of the Manager in accordance with his personal, psychological characteristics. The main content of training — management decision-making in situations of business interaction. As E. V. Sidorenko notes, "work of heads of modern business is, mainly, communication [on 60-90%], direct and indirect, and communication which includes both business discussions, and non-business conversations..."[6, p. 57]. At the same time, Sidorenko emphasizes that the boundaries between business, social role and non-business interpersonal communication are blurred. In this regard, the objectives of the training include the task of improving the communicative competence of the head. We consider the formation of a positive [congruent] attitude to oneself and acceptance of oneself, one's activity to be a particularly important task of the training, which implies a certain knowledge, including about oneself.

The presented program includes traditional training procedures: role-playing games, discussions, the technique of "brainstorming" used in the framework of group problem solving methods, psychogymnastics. It is possible to introduce personal tests into the training program [to assess the structure of the personality, the propensity to perform certain individual group and team roles].

THE FIRST DAY

Goal. Familiarity with the basic concepts associated with communicative competence.

The main thing that needs to be achieved by the end of the first day is bringing the group into a state of efficiency, creating an emotionally positive environment, an atmosphere of trust between the group members.

Therefore, the training begins with the traditional presentation of the group members, as well as with familiarity with the basic concepts of communication: the criteria for effective conversation and its main stages. On the example of a group discussion participants are shown the main mistakes of communication and interaction; they are trained to analyze the positive and negative behaviors of themselves and others in the group. On the basis of this, the sequence of application of the phases of the partner conversation is further developed, which is facilitated by role-playing games for entering into contact with another person [other people] in various business situations. Such group analysis of success and failure of establishing contact with participants allows parsing to stop the attention on the uniqueness and at the same time typical situations, as well as on the manifestation of the individual characteristics of partners in dialogue in the social-role interaction [e.g., superior-subordinate relationship, the interaction of colleagues, situations of formal and informal interaction, etc.].

The day ends with the assessment by the participants of the training of their satisfaction with the content of the work and the expression of feelings. Usually at the end of the day the impulsive behavior of the participants is transferred to the objectified level—the level of motivation of training. During the day, psychogymnastic exercises are conducted, the purpose of which is to create a favorable atmosphere in the group. If necessary, in the second half of the day, it is possible to test personal methods [e.g., Cattell, R., T. Leary and others].

DAY TWO

Goal. The introduction of the indicative of the fundamentals techniques of behavior in a business partnership conversation.

The games and exercises of this day are aimed at developing attitudes of orientation to the personality and motivation of the interlocutor, acquaintance with the techniques of active listening and their development. To do this, a role-playing game based on a significant management situation is conducted. During the discussion, it is necessary to dwell on the mistakes made in interaction with other people, to show possible solutions to problems. At the same time, active listening techniques and their capabilities are discussed with the group.

Next comes the development of active listening techniques using "dry" and "semi-dry" exercises [written, in pairs or triples] aimed at decision-making. For example, the development of three necessary for a successful Manager of professional qualities.

The next stage of the second day is a role-playing game with elements of discussion and brainstorming. The group is divided into two subgroups, each of which develops its own ways of making management decisions. The sub-group emit their representatives, argue the decision. The General group discussion of the game is aimed at comparing the quality of the decisions taken and, most importantly, the ways of their adoption.

In connection with the peculiarities of the activity leader is a role-playing game "One against all". The strongest member of the group is chosen, who convinces the team of the legitimacy of making an unpopular decision for the team. While the "leader" ponders the arguments, the group is instructed to oppose and resist the proposed solution. When discussing this game, the most attention is paid to establishing contact with the audience, convincing arguments and the possibility of various options for resolving the conflict situation. In addition to the ability to argue their decisions, this game examines the variability of the choice of a decision, as well as features of self-presentation of the head. After this, quite intense, the game you need to spend psihosomaticheskoy non-verbal exercise in stress relief.

In the process of discussing the results of the day, the group members should pay attention to identifying their own professional and personal difficulties.

DAY THREE

Goal. Development of special managerial skills.

During the day, role-playing games are held, in which administrative, leadership and managerial skills are manifested.

Quite indicative of the game, coming from the opposite, for example, "How to create an organization that it was subject to self-destruction?". The group is divided into three subgroups, and each of them presents its options for inefficient development of the organization. At the same time, business and emotional leaders are singled out

in each subgroup, goals are developed, and problems are planned. Allocation of several subgroups allows to show possibilities of variability of decision-making.

Another game of the day is aimed at "holistic action." Such a game can be based on a real task, represent an abstract or even a paradoxical situation, the main thing is that it was laid emergency and conflict content. In this game, the participants are also divided into subgroups. The main goal of the game is to practice the skills of strategic planning, thinking and transfer of orders [delegation of authority], negotiations, monitoring the implementation of tasks and interaction of the structures of the organization. The result of this game should be the optimal solution to the problem or awareness of the possible options for finding this solution.

The analysis and discussion of the games of this day takes place in the form of discussions and gives the group members the opportunity to realize the level of development of their own managerial skills and leadership qualities. At the end of the day, if the test was conducted, it is possible to familiarize participants with its results. Before the end of the work and summing up the day, it is desirable to conduct an exercise aimed at emotional memory and self-esteem.

DAY FOUR

Goal. Consolidation of the acquired knowledge [techniques of active listening during a business conversation], managerial skills, as well as the development of techniques for regulating emotional stress and argumentation techniques. Both last groups of techniques can be worked out after acquaintance with them and their discussion in role-playing game. At the same time, the techniques of active listening are also fixed. In this sense, indicative role-playing games can be games "with an ulterior motive." At the same time, it is desirable that it was a series of games — at least three-in which different situations of business and interpersonal interaction are played. Special attention of the group members is drawn to the fact that the main character of the game must understand the hidden motive of the partner or partners, relieve emotional tension and find the optimal management solution that suits both sides in a pre-conflict or conflict situation. When discussing and analyzing games, attention is drawn to the use of the acquired skills.

On the same day, the argumentation techniques are practiced taking into account the personal characteristics of the participants. Exercises on self-presentation and impression management are conducted, which are built with a focus on the target person and the audience as a whole.

At the end of the day, a role-playing game is held, the main task of which is to model the structure of the organization with the distribution of job functions.

The end of the training is the procedure of feedback from the group to each participant about his personal and professional qualities. In addition, each participant speaks about his impressions of the training in General and what new he learned about himself as a person and a professional.

As a result of training sessions, each participant gets an adequate idea of himself; improves basic management skills, shows his leadership qualities, flexibility and creativity in making management decisions. The proposed concept of training is aimed at the development and formation of psychological parameters that contribute to effective management. In this training, in addition to role-playing games, it is possible to use business games, although it is more appropriate to use them at the next stage of training to consolidate and develop basic psychological management skills. In addition, the result of the training is the creation of a team of partners and like-minded people, which contributes to positive business relationships in the organization.

Literature:

1. *Ананьев Б. Г.* Человек как предмет познания. СПб., 2015.
2. *Завьялова Е. К., Посохова С. Т.* Психология предпринимательства. СПб.: Сова, 2004.
3. *Капустина А. Н.* К вопросу об исследовании личностных особенностей руководителя // Материалы межд. конференции по проблемам управления. М., 2005.
4. *Кричевский Р. Л.* Если Вы руководитель... М.: Дело, 2016.
5. *Маслоу А.* Мотивация и личность. СПб.: Питер, 2017.
6. *Сидоренко Е. В.* Тренинг коммуникативной компетентности в деловом взаимодействии. СПб.: Речь, 2012.
7. *Тарасов В. К.* Персонал-технология: отбор и подбор менеджеров. СПб., 2011.

8. Чикер В. А. Психологическая диагностика организаций и персонала. СПб.: Речь, 2013.
9. Якокка Л. Карьера менеджеров. М.: Аспект-Пресс, 2010.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ФОНЕТИКАЛЫҚ–ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ТІЛ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ТҮЗЕТУДЕ ҚОЛДАНУ

АЗАНБЕКОВА Г.Т.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Льяс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

ИСАБАЕВА З.М.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Льяс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье описаны дидактические игры, используемые в коррекции и развитии речи детей дошкольного и школьного возраста с фонетико-фонематическими нарушениями речи. Учитывая, что использование дидактических игр в коррекции речи детей с нарушениями речи занимает особое место в жизни ребенка, предложены ряд дидактических игр, оптимально влияющих на развитие речи ребенка.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: фонетико-фонематические нарушения речи, дидактические игры, фонематический слух.

ABSTRACT. The article describes didactic games used in the correction and development of speech of preschool and school-age children with phonetic and phonemic speech disorders. Given that the use of didactic games in speech correction of children with speech disorders occupies a special place in the child's life, a number of didactic games that optimally affect the development of the child's speech are proposed.

KEYWORDS: phonetic and phonemic speech disorders, didactic games, phonemic hearing.

Бүгінгі таңда сөйлеу тілінде ақаулықтары бар балалар, солардың ішінде фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тіл кемістігі өте жиі кездеседі. Олармен арнайы мамандар, логопедтер жұмыс жасайды. Баланың сөйлеу тілінде ақаулық байқалса, түзету жұмысын бірден бастау қажет. Қазіргі күні барлық білім беру мекемелерінде логопедтер жұмыс жасайды. Логопедтер әртүрлі сөйлеу тілінің ақаулығы бар баламен жұмыста арнайы тәсілдерді қолданады. Балаларды оқыту және тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі балалар мен мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тілін дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет – ойын. Өйткені, ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, адамдардың еңбегімен танысады. Фонетикалық-фонематикалық тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін дамытуда дидактикалық ойындардың рөлі зор. Фонетикалық-фонематикалық тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін дидактикалық ойындар арқылы түзету мәселелері логопедтің алдындағы міндеттердің бірі[1].

Фонетикалық-фонематикалық тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін түзетуде дидактикалық ойын түрлерін пайдалану баланың өмірінде ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Балалар ойын арқылы тез табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады [2].

Логопед сабағында балалар берілген материалды тез қабылдап, өзінің күшіне сенімді, айналасындағылармен тез тіл табыса алу үшін, арнайы білім беру мекемесінде

ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісінде зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті, елестету, сөздік қорын дамытатын және жаттықтыратын жұмыстарға көп көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамиды, сабаққа деген қызығушылықтары артады. Ойын барысында балалар логопедпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым-қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал-жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Балалар ойыны заттық-қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді[3].

Фонематикалық есту қабілетін түзетуге арналған дидактикалық ойындар. Берілген фонемалық есту қабілетін түзетуге арналған дидактикалық ойындар төмендегідей негізгі міндеттерді шешуге бағытталған: -сөйлеу тілінің түрлі қызметтерінде сөздік қорды белсендіру, сөздік қорды қалыптастыру, сөздің мағынасымен жұмыс; сөйлеу тілінің түрлі формаларын қалыптастыру: ауызша, жазбаша, балалардың ойын байланыстырып, сөйлеу тілін дамыту, ең алдымен сөйлеу, сонымен қатар сипаттау тері баяндау. Ұсынылған ойындардың басып көпшілігі балаларды оқытудың алғашқы жылына арналған, себебі осы кезеңде сөздік материалды игерудің ойындық мүддесін туғызуға мол мүмкіндік бар.

Ойындарды өткізу кезінде төмендегідей жалпы талаптар мен нұсқауларды есепке алу қажет:

- ойындарды таңдау кезінде белгілі жас деңгейіндегі фонематикалық естуі бұзылған балалардың сөйлеу тілін түзету бойынша бағдарламалар талаптарын басшылыққа алып, соның ішінде сөйлеу тілін түзету бойынша сабақ тақырыбы мен мазмұнын есепке алу қажет;

- ойынды өткізу кезінде сөйлеу тілінің формаларын (ауызша, жазбаша,) анықтау сөйлеу тілін дамыту бағдарламаларының талаптарымен анықталады;

- қарым-қатынас жасау тілін дамыту мақсатында барлық ойындарды өткізу кезінде көрсетілген сөздік материал, құрылымы балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейіне байланысты фразалар құрамына ену қажет. Балалармен қарым-қатынас жағдайына байланысты берілген сөздік материалды тапсырма, сұрақ, хабарлама түрінде қолдану қажет:

- ойынды өткізу үрдісінде әсіресе сөйлеу тілін игерудегі қиындықтары бар балаларға қатысты топтық сабақ жеке сабақпен бірлесу қажет;

- мектепке дейінгі немесе отбасында немесе жеке сабақтарда ойынды өткізу үрдісінде баланың сөйлеу тілінің деңгейіне және оның жеке ерекшеліктеріне бағдарлану қажет;

- ұсынылған ойын тақырыбы, құралы, сөздік материал мысал ретінде берілген. Ересектер өз қалаулары бойынша балалардың сөйлеу тілінің және ақыл-ой деңгейіне байланысты сөздік материал көлемін азайтып және ұлғайтуына, тақырыбын, құралын өзгерте алады. Әрбір ойынға қатысты ойын мазмұнына қажетті сөздік материалға нұсқау берілген.

- ойынды ұйымдастыруға арналған сөздер мен фразалар балалар еңбегін бағалауға қатысты сөздер (ойнаймыз, дұрыс, ия, жоқ, жарайсың және т.б.) әр ойын сипаттамасына қайталанбалы қолданылмайды. Оларды ересектер өз қалауларына сәйкес қолданады. Берілген ойындарды логопедтер сөйлеу тілін дамыту сабақтарында логопед бағдарламаның түрлі бөлімдер бойынша сабақтарда, ата-аналар үй жағдайында қолдана алады.

Фонетикалық-фонематикалық тіл кемістігі бар балалардың сөйлеу тілін түзетуде қолданылатын дидактикалық ойындар:

«Мен білемін» ойыны

Мақсаты: фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілін түзету, сөздік қорын бекіту, байқығыштық пен зейінді дамыту.

Ойын барысы: педагог допты қолдана отырып, келесі мәтінді айтады, бұл кезде допты еденге ырғақпен соғу.

– Мен ұлдардың бес атын білемін:

Арман – бір

Әсет – екі

Қуаныш – үш

Асқар – төрт

Дидар – бес

Әрі қарай келесі ойыншыға доп беріледі. Ол келесі бес затты атайды. Бұл кез-келген заттар болуы мүмкін (ойыншықтар, гүлдер, ағаштар, аңдар).

«Күн мен түн» ойыны

Мақсаты: фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілін түзету, қажет ұғымды іздеуде зейінді ұмтылдыра білу.

Ойын барысы: педагог сөз айтады, балалар оған мағынасы қарама-қармсы сөз айтады: «Күн-түн, тәтті – ащы және т.б.»

«Шеңбер» ойыны

Ойын барысы: Балалар екі шеңберге тұрады – сыртқы (үлкен) және ішкі (3-4 адамнан). Үлкен шеңбердегі балалар тұрады, ал ішкі шеңбердегілер көшбасшымен бірге жүріп, былай дейді: «Біз шеңбер бойымен жүреміз, өзімізбен бірге аламыз – тәтті...». Үлкен шеңбердегі балалар тезарада қандай да бір тәтті затты ойлау қажет, мысалы: қант. Қай бала бірінші атаса, ішкі шеңберге кіреді. Ойын жалғасады («жұмсақ», «сұйық», «ащы», «қатты» және т.б.). Үлкен шеңберде қалып қойған соңғы бала кез-келген тапсырма орындайды (жаза ретінде).

«Шынжыр» ойыны

Ойын барысы: Бірнеше дауыссыз әріптерді таңдап, оларды қағазға жазыңыз. Осы екі әріпті өзіне қосатын сөз ойлап табу керек. Әріптерді орындарымен ауыстыруға, балаларға басқа дауыссыз дыбыстарды қосуға болады. Мысалы: «С» және «Л» (сақал, сал, салмақ, сәлем, лас, асыл).

«Мен қандай әріппен доспын» ойыны

Ойын барысы: Бұл ойын әріптерді есте сақтап, сөйлеу тілін дамытуға ғана емес, сонымен бірге танымдық сипатқа да ие. Әрбір ойыншыда жануардың суреті болу керек (әр түрлі болуы мүмкін). Мысалы: анасында – сиыр, әкесінде – түйе, баласында – кірпі. Анасы айтады: «Менің сиырым «м» әрпімен дос, өйткені онда мүйізі бар». Әкесі: «Менің түйем «ө» әрпімен дос, өйткені онда өркеш бар». Бала: «Менің кірпім «и» әрпімен дос, өйткені онда инелері бар».

«Отбасы ойыны»

Мақсаты: фонетика-фонематикалық сөйлеу тілін түзету, әрі сөздік қорын молайту балалардың оқуын жетілдіру, сұрақтарға жауап беруге үйрету.

Жабдықтар: терезелері бар қатты қағаздан жасалған үйшік, әрбір терезе алдында кесте (табличка), отбасы мүшелерінің суреттерін қоюға болатындай жасалған.

Ойын барысы: терезелері бар қатты қағаздан жасалған үйшік тақтаға жапсырылады. Әр бір терезе алдына отбасы мүшелері атаулары жазылған кестелер (табличкалар) бекітілген логопед балаларға отбасы мүшелері бейнеленген суреттер көрсетеді және сұрайды: Бұл кім? Суретте ата, әже, әке, шеше, қыз, ұл бейнеленген. Балалар отбасы мүшелерін өз орындарында орналастырып болғанша ойын жалғаса береді.

«Дүкен» ойыны

Мақсаты: фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілін түзету және көлемді оқу қабілетін жетілдіру, балалардың сөздік қорын молайту, сұрақтарды түсіну және оларға жауап беру қабілетін дамыту. Құралы: үш сөре, суреттегі немесе қарапайым ойыншықтар, (ыдыс-аяқ немесе киім-кешек суреттері болуы мүмкін) ойыншық атаулары жазылған табличка.

Ойын барысы: үстел үстінде ойыншықтар салынған сөрелер тұрады. Олар болмаған жағдайда қағазға салынған суретті тақтаға жабыстырып қоюға болады. Сөрелер жанында үстел үстінде ойыншықтар аттары жазылған кестелер (табличкалар) жатады. Логопед сөрелерді көрсетіп айтады: Біз ойнаймыз, мен сатушы боламын, Айбек сен қандай ойыншық сатып алғын келеді? балалар сөрелерге жақындап келіп сатып алғысы келетін ойыншық атаулары жазылған кестелердің (табличкалардың) бірін алады. Сөйлеу тілі мүмкіндігінің деңгейіне байланысты кейбірі тек ойыншық аттарын аттаса, ал кейбір балалар «мен...осындай ойыншық сатып аламын» деп айтады. Бала кестені (табличканы) логопедке береді. Сатушы

сөреден ойыншықты алып, баладан өзінің не сатып алғанын айтуды өтінеді. Барлық ойыншықтар сатып алынғанша ойын жалғаса береді.

«Бау-бақша» ойыны

Мақсаты: фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілін түзету көлемді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, қоршаған орта туралы түсінікті кеңейту, зейінін дамыту.

Жабдықтар: бау-бақша бейнеленген үлкен карта (әрбір картада бос жолақ бейнеленген, оның астында көкеністің атауы жазылған), картоп, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, қияр, қызанақ бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Логопедтің үстелінің үстінде бау-бақша бейнеленген үлкен сурет жатады. Конвертте көкеністер суреттері бар. Логопед айтады: «Бұл бақша. Мұнда орамжапырақ, қызылша т.б. өседі». Содан соң логопед конверттен мысалы, қиярдың суретін алып, сурайды: «Бұл не? Қияр қайда өседі». Балалардың бірі шығып, үлкен суреттен қияр деп жазылған бос жолақты тауып, қиярдың суретін сонда салады. Ойын барлық көкеністер бақша қатарына орналасып болғанша жалғаса береді.

«Дауыста, атыңды айтам» ойыны

Жабдықтар: орамал

Ойын барысы: ойнаушылар қол ұстасып, шеңбер бойымен дөңгелене тұрады. Шеңбердің сыртына шығарып бір ойыншының көзін байлайды да қолына таяқ ұстатып, шеңбердің ішіне кіргізеді. Көзі байлаулы ойыншы шеңбердің ортасына келген соң, қолындағы таяғын өзіне қарсы тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынады да «дауыста, атыңды айтам» дейді. Таяқтың екінші басынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін дауысын өзгертіп үн қатады. (Шеңбер бойында тұрған ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады, тек ортадағы көзі байланған ойыншының таяғы бір ойыншыға тиген кезде ғана бір орында тоқтап тұрады). Көзін байлаған ойыншы таяғының кімге тигенін дәл тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, келесі ойыншыға ұсынады, оны да таба алмаса, үшіншіге ұсынады. Осылайша ол үш ойыншының атын атайды. Олардың атын анықтай алмаса, көзі шешіліп, сол ортада тұрған бойында көпшіліктің ұйғарымымен өнер көрсетеді. Болған соң көзі қайта байланады да ойын жалғаса береді.

Мақсаты:

- дауыс күшінің анық шығуы;
- сөздердің дұрыс шығуын қалыптастыру;
- сөздер барысында демнің дұрыс шығуы;
- байланыстырып сөйлеуінің дамуы;
- сөз байлығын дамыту;
- ойлаудың, зейіннің және байқаушылықтың дамуы.

Сөздердің дұрыс шығуын қалыптастырады: сөздердің дұрыс, әрі анық шығаруға байланысты логопед баяу әрі ақырын бір демде сөз айтады. Ал балалар айтылған сөзі дауыстап, қатты ұзақ демде қайталауы керек.

Дифференциалдық кезеңде: логопед бір баланың көзін орамалмен байлайды да, басқа ойыншылардың біреуіне келіп «Дауыста, атыңды айтам» дейді. Ал ойыншы өз атының бірінші немесе екінші буынын айтуы керек (мысалы: «да», Айдана, Дана, Айдар болуы мүмкін...). Егер, ойыншының атын дұрыс тапса, олар орнын ауыстырады.

«Бір үйде нешеуіміз?» ойыны

Ойын барысы: фонетикалық-фонематикалық тіл кемістігін түзету, сонымен қатар балаларды әр саусақтарын жұма отырып, санамаққа дайындау.

Бір үйде нешеуіміз?

Кел санайық екеуіміз:

Бас бармағым-әкем,

Балаң үйрек-апам,

Шылдыр шүмек-мен,

Титтей бөбек-сен.

Бір үйде нешеуіміз?

Бір үйде бесеуміз.

Мақсаты:

- қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
- дауыс күшінің анық шығуы;
- сөздік қорын молайту;
- сөздердің дұрыс шығуын қалыптастыру;
- ауыз екі тілін түсіну;
- сөздер барысында демнің дұрыс шығуы;
- сөздердің байланысының дамуы;
- ойдың дамуы.

Қолдың ұсақ моторикасын дамыту: логопедпен санамақ барысында оқушылар сөйлей отырып, саусақтарымен бір-бірден санайды.

«Жануарлар қалай дыбыстайды?» ойыны

Ойын барысы: Балалар өздерінің арасында жануарлардың рөлін бөліп алады. Логопед бір жануардың атын айтқанда бала жануар рөлінде ойнауы керек. Мысалы:

Жылқы - кісінейді, шұрқырайды;

Сиыр - мөңіреді, өкіреді, азынайды;

Қой - маңырайды;

Ешкі - мекіренеді;

Түйе - боздайды;

Ит - үреді, ырылдайды, арсылдайды, уілдейді, қыңсылайды;

Мысық - мияулайды;

Тышқан - шикылдайды;

Әтеш - шақырады;

Бұлбұл - сайрайды;

Қарға - қарқылдайды;

Шыбын - ызындайды;

Шегіртке - тызылдайды.

Жылан - ысылдайды, суылдайды;

Бақа - бақылдайды;

Аю - ақырады;

Қасқыр - ұлиды;

Құндыз - сыңсиды;

Арыстан - гүрілдейді, ақырады;

Жолбарыс - күркілдейді, бұрқанады.

Мақсаты:

- Сөздік қорын молайту;
- есту қабілетінің дамуы;
- дауыс күшінің анық шығуы;
- сөздердің дұрыс шығуын қалыптастыру;
- ауыз екі тілін түсіну;
- бір демде 3-4 сөзді айтуға үйрету;
- сөздер барысында демнің дұрыс шығуы;
- фразалық сөздерді құру;
- сөз байланысының дамуы;
- ойлаудың дамуы.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтар беріледі. Логопед балаларға дыбыстауында «ш» дыбысы кездесетін жануарларды бір бөлек, ал «с» дыбысы шығатын жануарларды бір бөлек жинастыруын сұрайды. Мысалы: «ш» тышқан шикылдайды, «с» құндыз сыңсиды т.с.с. Сөздердің әріптік талдануы: логопед кез-келген жануардың атын айтады немесе суретін көрсетеді. Ал балалар болса сол суреттегі жануардың атының неше әріптен тұрған санын санап, сол санды атайды немесе көрсетеді.

Жоғарыда аталған ойындар негізінен мектепке дейінгі және мектеп жасындағы фонетикалық-фонематикалық тіл кемістігі бар балаларға арналады. Ойындар балалардың сөйлеу тілін, байланыстырып сөйлеуін, фонематикалық есту қабілетін дамытып қана қоймай, сөздердің дұрыс шығуын қалыптастырады (сөздердің дұрыс әрі анық шығаруға байланысты, логопед баяу, әрі ақырын бір демде сөзді айтады, ал балалар айтылған сөзді дауыстап, қатты ұзақ демде қайталауы керек). Сонымен қатар бұл ойындар логопедтің сабақтарында, сабақтан тыс уақытта қолдануға болады.

Әдебиеттер:

1. Подкохо, Ю. А. Дидактическая игра как средство эффективной коррекции речевых нарушений детей в начальной школе / Ю. А. Подкохо. — Текст : непосредственный, электронный // Образование и воспитание. - 2017. - №3 (13). — С. 33-36. — URL: <https://moluch.ru/th/4/archive/61/2395/>

2.«Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын». Р.Б. Нуртазина, Астана 2006ж

3. Богатырева А. В. Использование дидактических игр при подготовке к обучению грамоте детей дошкольного возраста // Вопросы дошкольной педагогики. — 2016. — №2. — С. 55-58. — URL

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ

АЗИМОВА А.С.

*№101 мектеп-гимназия психологы
Алматы қаласы*

АННОТАЦИЯ. Проблемы семейной психологии-одно из оснвных понятий детского воспитания. Известно что в воспитаний ребенка семья имеет немаловажное значение. В статье рассматривается сотрудничество школы и семьи в воспитании детей.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА:семья, школа, воспитание, личность

ABSTRACT. This article is considered about the children`s education and their responsibility.

KEYWORDS: family, school, upbringing, personality.

Отбасы психологиясы- салыстырмалы түрде ғылым мен тәжірибеде жас аймақ. Отбасы институтының тарихи уақыты- 19ғ оның негізін салған социологтар мен антропологтар болды(1998).Негізінен даму кезеңдерін топтық,жұптық,патриархалды,моногамды деп құрастырды. Отбасы нақты өмірлік құндылықтарды,түсініктерді,қоғаммен өзара қатынаста бағыттар бірлігін білдіретін адамдар бірлестігі немесе мәдени бірлестік болып табылады.

Батыс елдерінде 20 ғасырдың 50-жылдарынан бастап отбасы жүйесінің ықпала кең көлемде қарастырылып,таныла бастады(К.Бернард, Р.Хилл, М.Андольфи, Р.Корралс).

Балалар азаматтықтың алғашқы үлгісін отбасынан алады. Қоғамның моральдық нормаларын балалар әуелгі кезде ата-аналарының талап қоюы түрінде,бүкіл отбасы өмірінің қыры-сырымен біте қайнасқан жағдайда,тіпті,соны өзі әлі түйсіне қоймас еді,мінез-құлқын дәл осылай болуы керек-ау дейтін ұғым бойынша ғана таниды. Бала бойындағы әдеттер мен өмірлік талғамдар негізінен тек отбасында ғана қалыптасады. Баланың отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы,абыройлылығы, мақсат-мұраты қаншалықты болса,оның ертең кім болып өсетіндігі соған соншалықты байланысты. Иә,азаматтықтың алғашқы тағылымы сол отбасы өмірінің өзінен басталады.

Отбасы- адамның эмоциясы,уайымы,көзқарсы,қатынасымен байланысты емес,ол феномен. Отбасы феноменінің бір жолы-оның құрылымы, тарихи уақыт талабына сай өзгеруі және бір отбасының өмірлік циклінің логикалық түсіндіруі.

Отбасы психотерапиясында нобельдік сыйлықтың иегері Вирджиния Сатир отбасы деген түсінікке бірнеше кілтті сөздерді ұсынған: отбасы қуаты, отбасы қызметі, отбасы шекарасы. Оның тұжырымдамасы бойынша отбасы әсері төмендегідей:

1. Отбасы-біз одан өсіп шықтық, ол күнделікті мінез-құлқымыз бен ұстанымымыздан көрінеді.

2. Отбасы-жүйе, ол тепе-теңдікке негізделген, отбасы мүшелеріне берілген, тыйым салынған рөлдер(жеке қажеттіліктерге байланысты отбасы мүшелерінде қақтығыс туындайды).

3. Отбасы өзіндік бағалау , мінез-құлықта қорғану пайда болады.

4. Отбасы- күш, жеке белсенді өмір сүруге жетелейді.

5. Отбасы-процесс, жекебасты жетілдіруге мүмкіндік береді.

6. Отбасы-өзгеру, ол бірнеше кезеңнен тұрады.

Отбасы-неке негізінде немесе қан жағынан туыстас шағын топ, олар өзара көмек көрсету, жауапкершілік алу және тұрмыстық жалпылықта байланысады(Э.Г.Эйдемиллер, В.В.Юстицкий)

Р.Хиллдің көзқарасынша, отбасы жүйесі келесідей белгілерден тұрады:

1. Отбасы мүшелеріне бір-біріне тәуелді өмір сүреді, егер біреуінің мінез-құлқы өзгерсе, онда ол барлығына да бірдей әсер ететін болады.

2. Отбасы – біршама тығыз, шектеле орналасқан бірлік.

3. Отбасы сыртқы факторға байланысты міндеттерді атқаратын және ішкі қажеттілікті қанағаттана өтейтін бірлік болып табылады.

Сондықтан отбасы жүйесі фундаментальды түсінікте гомеостаз дегенді береді. Гомеостаз деп жүйедегі тұрақтылық бұзылған кезде оны қалпына келтіріп, әр кезде тұрақтылық пен тепе-теңдікті ұстап тұруды айтады.

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Ақын сөзімен айтқанда: «Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі», - десек артық емес. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Отбасында ата-ана өзінің баласын қандай адам етіп тәрбиелеуді өздері алдын ала белгілейді. Отбасы тәрбиесінде қолданылатын әдістер де өзгеше екені бәлгізә. Онда баланың аз да болса өзіндік өміртәжірибесі, әдет, дағдылары, құмарлығы мен қызығушылығы қалыптасады. Көптеген ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде қоғамдық мекемелердегі тәрбие қаншалықты ғылыми негізді болса да, баланың дамып-қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалының аса пәрменді болатынын көрсеткен.

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Ақын сөзімен айтқанда: «Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі», - десек артық емес. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан, отбасы өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге (ауыстыруға) болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-

ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Қазақ « ұяда не көрсең-ұшқанда соны ілерсің», « әке көрген оқ жонар- шеше көрген тон пішер» деп бекер айтпаса керек. Осы сөздерден бала тәрбиесі отбасынан қалыптасатынын айқын аңғаруға болады. Олай болса, қазіргі таңда бала мен ата-ананың арасындағы қарым-қатынас өзекті мәселелердің біріне айналууда. Бала бауыр етің, көз қуанышың болғанымен, оның тәрбиесі өте күрделі. Ата-ана бала тәрбиелеуде түрлі қиындықтарға тап болып жатады. Алайда, ондай сәттерде ұстамды болып, баланы түсінуге тырысып, әрекет жасай білсе, тәлім-тәрбие нәтижелі болмақ.

Ата-аналар көп жағдайда балалары талаптарын екі етпей орындаса деп ойлайды. Сол үшін балаға күш көрсетіп, қорқытатындары да кездеседі. Мұндай жағдай баланы түрлі психикалық дағдарысқа ұшыратуы мүмкін. Адамның бала кезде алған соққысы өмір бойы естен кетпейді.

Мектеп жасындағы бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамаңыз. Сабақ оқып отырған баланың төбесінен төніп, әрбір кемшілігі үшін жерден алып жерге салу оның сабаққа деген ынтасын жойып, өтірік айтуға итермелейді. Балаңыз жақсы адам болсын десеңіз ашуға салмай өзіңізді салмақты ұстаңыз. Дауыс көтерудің орнына талап қойудың тиімді жақтарын үйреніңіз. Мұндай баланың жеткен жетістіктерін мақтай отырып, оған берілген тапсырманы дұрыс орындауды талап етіңіз.

Оның жақсы орындайтынына сенетініңізді, тапсырманы белгілі бір уақытта тексеретініңізді айтыңыз. Сонда балаңыз сіздің көңіліңізден шығуға тырысады. Тек мақтау керек екен деп, орынсыз мақтамаңыз. Ол баланы өзімшілдікке жетелеп, өзін өзгеден артық санайтын етіп, даму қабілеттерін тежейді. Баламен қарым-қатынаста бір сөзді болыңыз. Егер бір нәрсенің болмайтынын айтсаңыз, оныңыздан ешқашан ауытқымаңыз. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар баланың жылағанын жүректеріне жақын қабылдап, өз талаптарын бірден босаңсытады. Зерек бала мұндайды байқаған соң, түрлі жолдармен (жылаумен, ашумен) өз дегенін жасататын болады. Алайда талап қоюда табандылық танытыңыз, бала жер тепкілеп жылағаннан ештеңе шығара алмайтынын көз жеткізіп, әрекетінің нәтижесіз екенін ұғып, қырсықтықты өзі-ақ тоқтатады.

Жапондарда «бала өмірі- таза ақ парак. Оған қандай қолтаңба қалдырам десе де ата-анасының өз еркі» деген мақал бар. Баланың қандай болатыны ата-анасының қолында деуге болады. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, қазіргі таңда жұмыстан шаршап келген ата-аналардың көбі бала тәрбиесіне 15-20 минуттарын арнайды екен. Санаулы минуттардың көбі күнделікті тексеріп, кемшіліктеріне ұрсып, сынаумен өтетіні белгілі болған. Балалармен сырласып жақын әңгімелесетіндер аз кездескен. Ата-ана балалармен әңгімелесу арқылы оның нені білетіндігін, неден қателесетіндерін біліп дер кезінде көмек қолын соза алады. Баланың өмірге деген құштарлығын дамыту, күш-жігер беру ата-ананың мейірімі мен ыстық ықыласына байланысты. Ғалымдардың айтуынша, ата-ана баласы жетіге келгенше күніне 15 рет құшақтап сүйіп, шынайы сезімдерін білдіріп отырулары қажет. Ананың шынайы мейірімін көрген баланың өмірге деген құштарлығы оянып ерік-жігері молая түседі. Мұндайда қазақтың «балаңды беске дейін патшандай күт, он үшке дейін құлындай жұмса, он үштен кейін құрбындай сырлас» деген мақалы еске түседі. Бұл өмір тәжірибесінен алынған тәсіл. Кейбір ата-аналар баланы тәрбиелеу – оны еркелету деп қателеседі. Оған ненің дұрыс ненің қате екенін жақсы көре отырып түсіндіріп, үйрету керек.

Бала тәрбиелеудің тиімді 8 ережесі:

1. Егер сіз ескерту жасағыңыз келсе, ең алдымен балаңыздың жақсы жақтарын шынайы мадақтаудан бастап барып айтыңыз.

2. Өзіңізге өшпенділік тудырмай сын айтқыңыз келсе, қателегін тура емес жанама түрде жеткізіңіз.

3. Балаңыздың қателігін бірден басып айтпастан, өз қателіктеріңізді де еске түсіре айтыңыз.

4. Бұйырып айтқанды ешкім ұнатпайды. Сондықтан тікелей бұйрық беруден гөрі, сұрақ қойып, кеңес беру арқылы орындатқаныңыз жөн.

5. Балаға өз беделін сақтап қалуға мүмкіндік беріңіз.

6. Үлкен жетістіктерді көздеуге шабыт беру үшін оның кішкентай жетістіктерін бағалап, шынайы түрде мадақтаңыз.

7. Адамдар туралы жақсы пікір айтуға дағдыланыңыз, сонда олар да соған лайық болуға тырысады.

8. Мақтай отырып, сіз байқаған қателіктерін өзі оңай түзетуге болатын әсер қалыптастырыңыз.

Адам өмірі құнды десек, балаға өмір сыйлайтын да, оны өмірге құштар ететін де және кез келген қиындықты жеңуге үйрететін де ардақты ата-ана. Балаға олардың жылы мейірімі мен қолдаулары ауадай қажет. Сол себепті балаларыңыздан мейіріміңіз бен жан жылулықтарыңызды аямаңыздар. Оларды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етіп қана қоймай, жан дүниесін де жұтаңдықтан қорғай біліңіздер. Ата-әжелеріміз кезінде өз бала-шағасы түгілі, ауыл тентегінің өзіне «адам болып кетер» деп үлкен сенім білдіре білген. Сенім білдіру, үміт арту, қолдау, жақсылыққа үйрету кез келген өмір қиындығын жеңуге көмектесуге. Олай болса, бала тәрбиесіне немқұрайлық танытпай, ұрпағымызға сенім арта отырып, үлкен шыдамдылықпен жақсы тәлім-тәрбие бере білейік. Отбасында баланы халықтық педагогика негізінде баулу үшін тәрбие мазмұнын қайта құру, демократияландыру, ізгілендіру, ғылым жетістіктерін пайдалану, ата-анаға педагогикалық, психологиялық білім беру, мамандары сапалы даярлауды, қайта даярлауды іске асыру қажет. Қазақ бала бақшаларындағы тәрбие тұжырымдамасында «Қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүріне, тұрмыс салтына, әдет-ғұрпына, жөн-жоралғысына, әдебиетіне, өнеріне лайықтап қайта құру», қайта құрылған білім-тәрбие негізінде балаларды ана тілінде сөйлетуге үйретіп, ойлау, қабылдау, сезу процестерін дамыту керектігі атап көрсетілген.

Жас ұрпақты осы тұрғыда тәрбиелеуде отбасы маңызды орын алады. Отбасы-адамзат бесігін тербеткен ұя болса, «Баланың бас ұстазы – ата-ана» балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі қыры мен сырын, тылсым дүние жұмбақтарын танып, тағлым-талғамға, әдептілікке баулиды. Себебі отбасы- таным бесігі, отбасы-үлгі-өнеге бастауы. Ата-ана күнделікті өмір тіршілігінде еңбегі, адамдық бейнелері, жақсы мінез-құлық, дұрыс қарым-қатынасы арқылы балаға үлгі, «Әкеден ақыл, анадан мейір» алады. Отбасына «Әке-асқар тау, ана-бауырындағы бұлақ, бала-жағасындағы құрақ» болып есептеледі, ата-анаға баладан жақын ешкім жоқ. Сондықтан да баласының әдепті, арлы азамат болып қалыптасуын армандайды. «Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді, атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді», «Әдепті балаларлы бала, әдепсіз бала-сорлы бала», - деп, қиналады, күйзеледі, күйінеді, сол жолда еңбек етеді.

Сонымен, отбасындағы тәрбие мен қоғамдық тәрбие өзара тығыз бірлікте, халықтық педагогикадан бастау алып ғалымда дәлелденген нәтижелерге сүйене отырып, тәрбие құралдары мен әдістері дұрыс таңдалып жүргізілсе, ізгілікті тәрбиенің негізі қаланбақ.

Әдебиеттер:

1. «Жалпы психологияға кіріспе». Оқу құралы С.М:Жақыпов. Алматы Қазақ университеті. 2007-230 бет.
2. «Әлеуметтік педагогика». Оқу құралы-Алматы: «Білім» баспасы, 2007-200 бет.
3. «Жас ерекшелік психологиясы» Оқу құралы-Алматы Қазақ университеті, 2012.
4. «Отбасындағы дағдарыс психологиясы». Ф.Бизақова, Ш.Мамашбаева. Кәсіптік білім.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІНЕ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДЫҢ ӘСЕРІ

АЙМАШ Б.С., ТОЛЕУБАЕВА Ғ.Т.

Алмалыбақ ауылындағы орта мектеп-гимназия КММ психологтары

БАҒЫБАЕВА М.И.

Психология магистрі, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В статье изучено влияние самооценки учащихся на успеваемость учащихся. В исследовании приняли участие учащиеся 3 класса. В качестве экспертных оценок по основным шкалам были получены оценки от классных руководителей. У слабоуспевающих учащихся снижается интерес к школе, низкая оценка, непонимание урока снижает самооценку, неуверенность в себе. Выяснилось, что некоторые ученики чувствуют себя некомфортно на уроке.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Самооценка, мотивация, успеваемость, интеллект, тревожность.

ABSTRACT. The article examines the impact of self-assessment on students ' academic performance. Students of the 3rd grade took part in the study. As an expert assessment on the main scales, grades were obtained from classroom teachers. At the same time, students with low academic performance have a reduced interest in school, low grades, and lack of understanding of the lesson reduces their self-esteem and self-confidence. It turned out that some students feel uncomfortable in the classroom.

KEYWORDS: Self-esteem, motivation, academic performance, intelligence, anxiety.

Й.Шванцара зерттеулерінде, оқушылармен зерттеу жұмысын жүргізу ересектермен салыстырғанды анағұрлым күрделі іс деп көрсетеді [1].

Зерттелушілермен әңгімелесу кезінде маман адекватты позицияны ұстануы керек. Ол оңай емес әрине, ондай позицияға жету үшін төмендегі принциптерді ұстанған тиіс:

1. зерттелушімен тез тіл таба білу үшін психолог жылы, түсінісушілікке толы қарым-қатынас орнатуы керек;
2. психолог зерттелушіні қандай болса, сол қалпында қабылдауы керек;
3. өз қатынасы арқылы маман балаға жылы ахуалын сезінуге мүмкіндік беруі керек, бұл жағдайда бала өзінің сезімдерін нақты, еркін білдіре алады;
4. психолог бала ойларын ұқыптылықпен, кәсіби тұрғыда қарауы керек: психолог сынамайды, даттамайды, ақтамайды, бірақ бәрін түсінеді.

Шынайы қабылдауға, нақтылық пен ашықтық жағдайын қалыптастыруға негізделген мұндай қарым-қатынастарда зерттелуші толығымен «ашылып», өз мүмкіндіктерін көрсете алуа толық мүмкін [2].

Жетекші іс-әрекеті оқу болғандықтан, оқушының психологиялық күйі оқу әрекетімен байланысты болады. Сабағын қаншалықты дәрежеде меңгерсе, сол дәрежеде сабаққа қызығушылығы артады. Мұғалім оқушының қабілетіне қарай бағалауы, тұлғалық қабілетінің дамуына өз әсерін тигізеді. Егер, мұғалім оқушыны қаншалықты мотивация беріп отырса, кіші мектеп оқушыларында соншалықты оқуға деген ынтасы артады. Оқушы өзін қалыпты болып, өзіне деген сенімділігі артады.

Зерттеу Алмалыбақ ауылындағы орта мектеп-гимназия КММ жүргізілді. Зерттеуде оқушылардың оқушылардың оқу үлгеріміне өзіндік бағалаудың әсері зерттелінді.

Зерттеуге 3 сынып оқушылары қатысты. Негізгі шкалалар бойынша эксперимттік баға ретінде сынып жетекшілерінен бағалары алынды.

Үшінші сыныптар арасынан (30 оқушы) 10 оқушы төмен оқитын, олар бақылау тобы болды, 10 оқушы жақсы оқитын және 10 оқушы өте жақсы оқитын оқушылар болып, олар эксперименталды топ етіп, бөліп алдық.

Оқушыларға бірінші, өзіндік бағалауларын анықтау үшін Дембо-Рубинштейн әдістемесі ұсынылды. Балаларға негізгі 3 шкала: «Денсаулық», «Үлгерім», «Тәртіп», және қосымша 2 шкала: «Достарының саны», «Мектепті ұнату» шкалалары ұсынылды. 3 сынып оқушыларында дифференциацияланған бағалау түсінігі дұрыс қалыптаспағандықтан, шкалаларды төмендегі формада ұсындық. Балалар өздерін қайсы аймақта орналасатынын көрсетуі керек. Әр деңгейді (төмен, орташа, жоғары) деп дифференциацияладық. Егер, бала өзін шкала бойынша жақсы бағаласа өзін «жақсы» сөзінің тұсына, егер «өте жақсы» ретінде бағаласа жақсы сөзінің жоғары жағына, ал орташадан жоғары, жақсыға жақынырақ бағаласа «жақсы» сөзінің астына белгілеу сұралды. Төмендегі суретта «төмен оқитын» оқушыларының өзіндік бағалауының ерекшеліктері берілген.



Сурет 1 - Төмен оқитын оқушылары бойынша Дембо-Рубинштейн әдістемесінің көрсеткіштері

Төмен оқитын балалардың 5-уі өз денсаулықтарын нашар деп бағалады, «көп ауыратындықтарын, содан сабақтан жиі қалатындарын» айтты. Үшеуі қалыпты, біреуі жақсы деп бағалады. Үлгерім шкаласы бойынша төмен оқитын зерттелушілер 6-уі өздерін 3 пен 4-ке оқимын деп бағалады. 4-уінің өзіндік бағалауы 3-ке сай келеді. Төмен оқитын зерттелушілер өздерінің тәртіптерін 4-уі орташа, 4-уі жақсы деп бағалады. Сыналушы балалардың 6-уі достары аз деп көрсетті, сыныптастарының арасынан дос ретінде ешкімді атап айта алмады, достары мектептен тыс уақытта бірге ойнайтын, көрші тұратын балалардың арасынан болды, 1-уінің мүлдем досы жоқ болып шықты. 5 зерттелуші достар көп деген жауап берді. Достары ретінде сыныптағы беделді оқушылар аталды. Үлгерімі төмен зерттелушілердің 9-ы мектепті ұнатпайтындықтарын, сабаққа барғысы келмейтіндерін, сыныптастарының мазатайтындықтарын, олармен ойнағысы келмейтіндіктерін айтты, тек 1 оқушының ғана мектепті ұнатуы орташа. Төмен оқитын балаларға берілген эксперттік бағалау бойынша олардың оқу үлгерімі төмен, денсаулықтары қалыпты, тәртіптері қанағаттанарлық дәрежеде. Яғни, нашар оқитын балалардың өзіндік бағалаулары адекватты емес екендігі, не жоғары не төмен болатындығы анықталды.

Енді өте жақсы оқитындар мен жақсы оқитындардың өзіндік бағалауларын қарастырып көрелік (Сурет 2).



Сурет 2 - Өте жақсы оқитындардың Дембо-Рубинштейн әдістемесі бойынша көрсеткіштері

Өте жақсы оқитындар өздерінің денсаулықтарын қалыпты және жақсы деп бағалайды. 3-еуінің денсаулығы өзіндік бағалаулары бойынша қалыпты, 7-уінің өте жақсы. Үлгерімдері бойынша 1-і 4-ке, 7-і 5-ке өте жақсы оқимыз деп көрсетті, тәртіп шкалалары бойынша екі зерттелушінің өздерінің тәртібін қанағаттанарлық, 8-і жақсы деп бағалайды. Үлгілілердің 3-уі санаулы ғана достары барын, 5-уінің достары жеткілікті, ал 5-уі достарым көп деген жауап берді. Зерттелушілердің мектепке деген қатынасы орташа 1 балада, мектепті ұнату 8 оқушыға тән. Оқушылардың өзіндік бағалаулары қалыпты және адекватты жоғары дәрежеде. Олар мектепте өздерін ыңғайлы сезінеді, топ мүшелерімен адекватты қарым-қатынастынас орната алады. Мектепте оқығанды, оқу процестерін ұнатады.

Енді жақсы оқитын оқушылардың Дембо-Рубинштейн әдістемесі бойынша өзіндік бағалауларын қарастырып көрейік. Зерттелушілер Дембо-Рубинштейн әдістемесі бойынша көрсеткен нәтижелері келесі суретте көрсетілген.



Сурет 3 - Жақсы оқитындардың Дембо-Рубинштейн әдістемесі бойынша көрсеткіштері

Респонденттердің 6-ы денсаулықтарын қалыпты, 4-жақсы деп бағалайды. Оқу үлгерімдерін 5-і жақсы деп, 2-і 3 деп, 3-уі өте жақсы ретінде бағалайды. Тәртіптерін бесеуі қанағаттанарлық, 5-і жақсы деп бағалайды. Достарының саны бойынша 4-і көп, 4-і орташа, ал 2-і аз деп көрсетті. Мектепті ұнатуы 5-і ұнататынын, 5-і орташа екенін айтты.

Әдістеме нәтижесі бойынша өте Үлгілілер мектепке деген қатынасы маңызды болды. Эксперименталды топ мектепті ұнатпайтындықты, бақылау тобында оқитындарда мектепке деген жағымды қатынаста екендерін байқадық.

Кесте 1 - Оқушылардың мектепке қатынастарын өзіндік бағалауы

<i>Оқушылар</i>	<i>Жоғары</i>	<i>Орташа</i>	<i>Төмен</i>
Төмен оқитын оқушылар	-	2	8
Өте жақсы оқитын оқушылар	9	1	-
Жақсы оқитын оқушылар	5	5	-

Эксперименталды топ мектепте табыссыз болғандықтан, жақын достары болмағандықтан, мектепке барғысы келмейді.

Біздің пікірімізше, мектепте нашар оқитын балалар жағымсыз күйлерді бастан кешіреді деп санаймыз. Себебі, мектептің өзіндік ережелері, тәртіптері бар, баланың ақыл-ой қабілеттерімен қоса тұлғалығына әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне де үлкен жүктеме салады. Онымен қоса құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас орната алмаған зерттелушілердің жағымсыз эмоциялық күйлерді бастан өткерулері әбден мүмкін. Мұны теориялық талдау барысында да байқадық. Үлгерімі нашар балаларды зерттеген ғалымдар олардың негативті күйлерді жиі бастан кешіретінін анықтаған. Жалпы мектеп қабырғасына ену, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, жаңа топта өз орнын табу балаға үлкен талаптар қояды. Сондықтан да, нашар оқитын балалар әрқашанда негативті сезімдерді бастан кешіреді. Біздің пікірімізше, төмен оқитын балалардың мектептегі мазасыздану күйлері жоғары болады деп санаймыз.

Мазасыздық – тұлғаның сәтсіздігінің, негізінде оның дезадаптациясының субъективті жағының көрінісі. Мазасыздық эмоциялық жайсыздықты шығарып, сезіну ретінде қарастырылады деп түсінік берсек болады. Уақытының көбін мектеп қабырғасында өткізетін оқушылар үшін әрқашан мазасыз күйде жүру психикалық денсаулығына аса қауіпті екені анық [3].

Кіші мектеп жасындағы оқитын балалардың әлеуметтену жағдайының процес негізінен мектеп қабырғасында болып жатқандықтан, бұл процестің табыстылығын көп жағдайда балалардың мектепке деген ынтасы арқылы да анықтауға болады.

Дембо-Рубинштейн әдістемесі арқылы біз төмен оқитын балалардың мектепке деген қатынасы нашар, негативті екендігін байқадық. Сол себепті оқу үлгерімі төмен болады.

Әдебиеттер:

1. Цетлин В.С. Неуспеваемость школьников и ее предупреждение. - М., 1977.
2. Истратова О.Н. Эксакусто Т.В. Справочник психолога средней школы. Фенкис. 2005.
3. Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1983.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РЕАДАПТАЦИИ И РЕСОЦИАЛИЗАЦИИ ДЕЛИНКВЕНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В УСЛОВИЯХ СОЦИАЛЬНОЙ ИЗОЛЯЦИИ

АКАЖАНОВА А.Т.

*Доктор психологических наук, профессор кафедры общей и прикладной психологии
Казахского национального педагогического университета им. Абая*

ТҮЙІН: Мақалада жабық мекеме тәрбиеленушілердің делинквентті мінез-құлқын бибейімдеу және биәлеуметтендірудегі психологиялық ерекшеліктері ашылған. Колониядағы тәрбиеленушілермен жүргізілетін ғылыми-ізденіс топтың құрастырған бағдарламасы және әлеуметтік оқшауланған жағдайдағы психокоррекциялық жұмыс түрлері мен жүргізу тәсілдері ұсынылған.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: Кәмелетке толмағандар, әлеуметтік оқшаулану, бибейімдеу, биәлеуметтендіру, тәрбиеленушілер, психо-түзету жұмыс, ғылыми-ізденіс топ.

ABSTRACT: The article reveals the psychological features of the re-adaptation and re-socialization of delinquent behavior of pupils of closed institutions. The program developed by the members of the research group for working with the inmates of the colony is proposed, as well as the types and forms of correctional classes with minors in conditions of social isolation are presented.

KEYWORDS: Minors, social isolation, readaptation, resocialization, pupils, psychological and correctional work, research group.

В настоящее время во всех цивилизованных странах, включая Республику Казахстан, наметилась тенденция превентивной практики, направленной на предупреждение делинквентных форм отклоняющегося поведения несовершеннолетних. Чтобы предупредить различные формы отклоняющегося поведения, общество стремится оказать человеку, находящемуся в кризисной ситуации, необходимую социально - психологическую помощь и поддержку. При этом психолого-социальная работа с несовершеннолетними в местах лишения свободы, направленная на предупреждение совершения ими новых преступлений, является важным направлением превентивной (профилактической) работы [1, 190].

Ресоциализации и реадaptации лиц, освобожденных из мест лишения свободы – это сложный и многогранный процесс. Лица, длительное время находящиеся в местах лишения свободы, не готовы к преодолению трудностей и проблем, ожидающих их на свободе и, зачастую, они идут по пути наименьшего сопротивления, т.е. по криминальной дорожке. Чаще всего в категорию таких лиц попадают несовершеннолетние, не имеющие родителей, воспитанники детских домов, наркоманы, алкоголики и лица, освободившиеся из мест заключения. Необходимость психологической подготовки или, так называемое психологическое сопровождение вызвано тем, что человек, попадая в новые условия после долгих лет лишения свободы, сталкивается с трудностями личного порядка: социального, психологического и физиологического. Нахождение в местах лишения свободы не может не отразиться на психике человека и его поведении. Поэтому знание особенностей психологии воспитанников является необходимой предпосылкой развития взаимоотношений с ними для достижения целей реадaptации и ресоциализации.

Ряд авторов понятия «реадaptация, ресоциализация, реабилитация» отождествляют по смыслу и значению, ставя их в один ряд [2, 3].

При проведении социально-психологической работы в колонии выявлено, что эти понятия хотя и неразделимы, но в смысловом плане имеют определенные различия.

Реабилитация – это комплекс психолого-социальных мер, направленных на компенсацию социальных отклонений у воспитанников по восстановлению статуса гражданина перед лицом социума по возвращению их на свободу. Однако, все осужденные, находящиеся в местах

лишения свободы, рано или поздно возвращаются в наше общество, и от того, какими они вернутся, зависит наше благополучие и будущее.

Ресоциализация – это мероприятия, осуществляемые в ходе коррекционных работ. Они делятся на два основных этапа: пенитенциарный и постпенитенциарный. Степень ресоциализации каждого несовершеннолетнего зависит не только от программной запланированной работы с воспитанниками, но и от их индивидуально-психологических установок, мировоззрений, характера, и какой-то конкретной ситуации.

На наш взгляд, эти процессы идут поэтапно в следующей последовательности: вначале реадaptация, затем ресоциализация. Реабилитация – это заключительный этап реадaptации и ресоциализации.

Казахстанский ученый М.С. Нарикбаев, приводя примеры из судебной практики, отмечает, «что наиболее устойчивая и значительная часть насильственных преступлений, совершаемых подростками – это убийства, телесные повреждения, изнасилования, разбой, насильственные грабежи, хулиганство» и др.» [4, 165-166]. Помимо этого имеет место весьма опасная, так называемая латентная часть насильственной преступности: издевательства, избияния сверстников, физическое запугивание слабых, психический и физический террор целых групп подростков и т.д. Такие противоправные действия хотя и образуют состав преступления, однако уголовная ответственность за них наступает сравнительно редко.

В соответствии со статьей 27 Конституции РК несовершеннолетние находятся под защитой, являясь одним из основополагающих ценностей, признаваемых и защищаемых государством. Президентом **К. Токаевым от 2 апреля 2019 года подписан Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам, связанным с деятельностью организаций, осуществляющих функции по защите прав ребенка»**. Здесь среди прочего, предусматривается: законодательная основа создания и функционирования центров поддержки детей, находящихся в трудной жизненной ситуации, а также включение данных центров в перечень организаций, осуществляющих функции по защите прав ребенка [5].

С 2006 года (в Казгосженпу), а с 2013 года по сегодняшний день (в КазНПУ им. Абая) функционирует научно-исследовательская группа в состав которого входят преподаватели, PhD докторанты, магистранты, дипломники. Согласно Меморандуму, заключенному с Департаментом ДУИС мы проводим психолого-коррекционную работу в колонии ЛА-155/6.

Исходя из опыта практической деятельности зарубежных пенитенциаристов членами научно-исследовательской группы разработана «Программа психолого-педагогической реадaptации и ресоциализации воспитанников к жизни на свободе». В течение года сотрудники колонии готовят воспитанников к УДО и мы, т.е. члены группы подключаемся к данной деятельности. Это предполагает переход от административных карательных мер к всесторонней социально-правовой, психолого-педагогической помощи с учетом этнического менталитета исследуемых. При этом научно-исследовательская группа придерживается принципов, разработанных учеными специалистами, задействованных в данной сфере.

Таблица 1. «Программа психолого-педагогической реадaptации и ресоциализации воспитанников к жизни на свободе».

І - Этап работы	Подготовительный этап (8 часов)
Цель работы	1.Создание психолого-педагогических условий для успешной реадaptации и ресоциализации воспитанников к жизни в условиях свободы
	- Определить круг задач, соответствующие цели - Выбрать методологическое направление, в рамках которого будет проводиться психолого-педагогическая коррекционная работа.

Ход работы	<ul style="list-style-type: none"> - Совместно с администрацией и психологами учреждения определить частоту необходимых встреч и длительность каждого занятия. - Сбор психолого-педагогического анамнеза: беседа, психодиагностика и т.д. - Установление психологического диагноза с учетом половозрастных особенностей и психических свойств исследуемых воспитанников. - Планирование психокоррекционных мероприятий по реадaptации и ресoциализации к жизни в новых условиях.
Содержание работы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Приветствие. 2. Знакомство. 3. Разминка. 4. Диагностическая работа (входная анкета). 5. Обратная связь. <p><i>Примечание:</i> после каждого упражнения проводится беседа с элементами рефлексии. На этом этапе проводится входная психодиагностическая работа для определения психических свойств и психического состояния воспитанников.</p>
II - Этап работы	Основной этап (54 часа)
Цель работы	Содействие в формировании способностей к адекватному пониманию себя; восстановление утраченных жизненных ценностей и положительных взаимоотношений с макро и микросредой.
Ход работы	<ul style="list-style-type: none"> - Развитие адаптивных способностей, снижение тревожности, агрессивности, повышение самооценки, развитие позитивных навыков и привычек, улучшение сферы межличностных отношений, изменение ценностной ориентации и мировоззрений. - Психологическое просвещение: <ul style="list-style-type: none"> самопознание самоанализ саморегуляция самоконтроль саморазвитие самоактуализация.
Содержание работы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Приветствие 2. Разминка. 3. Проведение беседы, интервью с использованием различных упражнений и методик. 4. Диагностическая работа (методы и методики). 5. Коррекционно-развивающая работа (ролевая, имитационная и др. виды игр, мини-сочинения, притчи, истории, разные направления психотерапии). 6. Консультационная работа (индивидуальное и групповое консультирование, беседы-исповеди, диалог наедине, письма родным и близким и др.). 7. Обратная связь. <p><i>Примечание:</i> после каждого упражнения проводится беседа с элементами рефлексии.</p>

III - Этап работы	Завершающий этап (10 часов)
Цель работы	Создание психологических условий для дальнейшего совершенствования и интеграции конструктивных личностных качеств и ориентаций
Ход работы	Психологическое сопровождение для выявления: – изменения личностных особенностей и свойств – индивидуально-типологических особенностей личности – навыков межличностного взаимодействия – морально-нравственной готовности к свободе – мотивационной сферы личности – осознания вины и самоактуализация
Содержание работы	1. Приветствие. 2. Разминка. 3. Проведение беседы, интервью с использованием различных упражнений и методик. 4. Диагностическая работа (методы и методики). 5. Коррекционно-развивающая работа (ролевая, имитационная и др. виды игр, мини-сочинения, разные направления психотерапии). 6. Консультационная работа (индивидуальное и групповое консультирование, беседы-исповеди, письма близким и родным и др.) 7. Оказание конкретной помощи воспитанникам, обратившимся с просьбой для решения личностных проблем. 8. Обратная связь. На этом этапе проводится выходная психодиагностическая работа для сравнения контрольной и экспериментальной групп.

Длительная социальная изоляция влечет за собой глубокую личностную деформацию:

а) разрыв связи с близкими родственниками и утрату с близкими (бабушкой, сестрами, другими, пусть даже весьма далекими по родству людьми);

б) отсутствие проявления инициативы и самостоятельности в условиях колонии;

в) утрату желаний учиться, трудиться и претворять в жизнь мечты и желания личностного характера и т.д. Все это может впоследствии глубоко отразиться, как на самой личности, так и среде, в которой ему придется в дальнейшем жить и заниматься какой-либо деятельностью. Поэтому, организуя психолого-педагогическое сопровождение таких категории лиц, необходимо ознакомиться со спецификой подобных пенитенциарных учреждений и в тесном сотрудничестве с их работниками добиваться выполнения поставленных задач [6, 127-129].

Практика работы в колониях показала, что для успешного проведения исследований необходимо снять у осужденного о психологический барьер, т.е. убедить в том, что психолого-педагогическая работа проводится в научных целях и позволит каждому лучше узнать самого себя. О достигнутых успехах в познании самого себя и произошедших личностных изменениях (за период коррекционных работ) они говорят в процессе бесед, обратной связи, а также отражают свои впечатления в сочинениях. Каждое занятие требует тщательной подготовки и разнообразного подхода с учетом цели и поставленных задач исследования. Ниже в таблице представлены виды и формы психокоррекционных занятий, с постановкой различных целей.

Таблица 2 . «Виды психокоррекционных занятий и формы их проведения»

Виды психокоррекционных занятий	Цель занятия	Форма проведения
Групповой тренинг	Групповая сплоченность, снятие барьеров в общении, раскрытие способности свободного общения	Упражнения-разминки, подвижные игры, истории, ситуации, притчи и т.д.
Игровая терапия	Развитие личности, формирование общечеловеческих ценностей, коррекция делинквентного поведения	Ролевые и деловые игры, игры разминки, тренинговые упражнения
Сказкотерапия	Активизация внутренних ресурсов, раскрытие творческого потенциала и гармонизация личности	Сочинение и повествование своей сказки, обсуждение и написание сказки и т.д.
Арт-терапия	Снятие психоэмоционального напряжения, освобождение от различных отрицательных стереотипов, выявление неосознаваемых деструктивных форм поведения	Рисуночные методики (тесты, коллективный рисунок и т.д.) и их обсуждение
Психологическое консультирование	Психологическое консультирование, способствующее выявлению внутренних состояний и укреплению внутреннего позитивного настроя, созданию конструктивной жизненной перспективы, встреча со своим «Я».	Индивидуальная и групповая консультация, работа в малых группах
Холотропное дыхание	Сеансы холотропного дыхания облегчают проявление специфических содержаний агрессии, эмоциональной и физической боли, сексуальности и чувственности, борьбы за биологическое рождение, эстетических взлетов и океанической атмосферы пребывания в утробе.	Групповая и индивидуальная работа, психотерапия

Необходимо отметить, что гуманизация уголовной политики, связанная с ослаблением ее

репрессивных свойств неотделима от позитивных направлений в области постепененциарных мер, направленных на реализацию задач по реадaptации, ресоциализации и реабилитации несовершеннолетних к жизни на свободе. На наш взгляд, одна из важных постепененциарных задач – это создание Центров по реабилитации несовершеннолетних при ДУИС Республики Казахстан.

На сегодня, психологическое сопровождение воспитанников пенитенциарных учреждений, направленное на *реадaptацию, ресоциализацию и реабилитацию* требует своего дальнейшего совершенствования. На наш взгляд, это возможно при сотрудничестве с теми зарубежными государствами, где особое внимание уделяется проблемам психолого-педагогической коррекции делинквентного поведения несовершеннолетних [7, 56-58]. Также необходимо обратить особое внимание деятельности Ювенальной юстиции в РК, занимающаяся проблемами преступности среди несовершеннолетних, призванной максимально защитить молодое поколение от посягательств на его права и законные интересы. Основой ювенальной юстиции являются ювенальные суды, которые должны заниматься не только карательными мерами, но прежде всего, профилактической работой и реабилитацией подростков. Эффективность ювенальной юстиции будет тем выше, если делать акцент не на принуждение к выполнению юридической обязанности, а на важности исправить ситуацию усилиями самого несовершеннолетнего, через пробуждение его самосознания и эмоциональному переживанию за содеянное.

Литература:

1. Акажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2011. – 304 с.
2. Дмитриев Ю.А., Казак Б.Б. Пенитенциарная психология. – Ростов н/Д: Феникс, 2007. – 681 с.
3. Ушатиков А.И., Казак Б.Б. Основы пенитенциарной психологии / Под ред.С.Н. Пономарева. – Рязань: Узорочье, 2002. - 554 с.
4. Нарикбаев М.С. Правовая охрана детства в Республике Казахстан. – Алматы: Дәуір, 2000. – 336 с.
5. <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2019-04/tokaev-podpisal-zakon-po-voprosam-zaschity-prav-rebenka>
6. Сацюк Е.Г. Реабилитация подростков с девиантным поведением в условиях специального учреждения закрытого типа // Феноменология и профилактика девиантного поведения: матер.конф. – Краснодар: КрУ МВД России, 2008. – С.127-129.
7. Акажанова А.Т. Авторская методика и модифицированные психологические модели исправления несовершеннолетних воспитанников пенитенциарных учреждений. – Алматы.: ТОО «Лантар Трейд», 2019. – 144 с.

ҚАЗІРГІ ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКАЖАНОВА А.Т.

*Психология ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті*

НУРДАВЛЕТОВА З.Н.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің магистранты

АННОТАЦИЯ: В статье рассматривается психолого-педагогическая проблема современных пенитенциарных учреждений, приводятся примеры из работ зарубежных исследований по созданию благоприятных условий для воспитания и исправления осужденных. Отмечаются трудности в деятельности работников закрытых учреждений,

описывается психическое состояние тех, кто находится в изоляции. Особое внимание уделяется значимости Ювенальной юстиции для несовершеннолетних воспитанников пенитенциарных учреждений.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: пенитенциарная психология, пенитенциарная педагогика, зарубежные, психическое состояние, фрустрация, воспитание, несовершеннолетние, преступник, ювенальная система.

ABSTRACT: The article deals with the psychological and pedagogical problem of modern penitentiary institutions, provides examples from foreign studies on the creation of favorable conditions for the education and correction of convicts. Difficulties in the activities of employees of closed institutions are noted, and the mental state of those who are in isolation is described. Special attention is paid to the importance of juvenile justice for juvenile inmates of penitentiary institutions.

KEY WORDS: penitentiary psychology, penitentiary pedagogy, foreign, mental state, frustration, upbringing, minors, criminal, juvenile system.

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында жазаны орындаудың жаңа тәсілдерінің қажеттігіне басты назар аударылған. Негізгі басымдық жазаны орындауды ізгілендіруге, сотталғандарды әлеуметтік оңалтуға, тұлғаның әлеуметтік деформацияға ұшырауын болдырмауға, бостандықтағы өмірге дайындауға, сотталғандарды қамауда ұстаудың адамдардың ар-намысын қорламайтын шарттарын қамтамасыз етуге, сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамсыздандыруға кепілдікті күшейтуге берілуі керек [1].

Жазалау саясатындағы заң мен әділеттілік идеясына байланысты түрме мекемелерін оңтайлы және ізгілікті ұйымдастыруға шақыру Ч.Беккарианың «Қылмыс пен жаза туралы» (1764), француз революциясының қайраткерлері және ұлы ағартушылар (Монтескье, Вольтер, Робеспьер, Марат және т.б) еңбектерінде көрініс тапты. Вольтер «Әділеттілік пен ізгілік үшін сый» 1977 еңбегінде: «Түрме сарайдай болуы қажет емес. Сондай ақ қасапхана болуы да қажет емес... Түрмеге тұтқындалудың өзі жаза болып табылады; тиісінше ол жасаған қылмысына сәйкес келуі қажет... Түрмеге тұтқындалу мерзімі қысқа болғанына қарамастан ол азапты өтеді», – делінген (Вольтер. Избранные произведения уголовного право и процессу. –М., 1956. – С. 266-267). [2, 3]

Шетелдік және отандық пенитенциарлы мекемелер сипаттамалары бойынша пенитенциарлы психология заң психологияның бір саласы. Латын сөзінен аударғанда – «роепитенциарий» – «өкінетін» және «түзетілген» деген мағынаны білдіреді. Пенитенциарлы психология келесі фактілерді қарастырады:

- сотталған адамның психикасының механизм мен заңдылықтарының көрінуін зерттеу;
- түскен ортадағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстарын бақылау;
- түзету мекемелеріндегі қызметкерлер қолданатын әсер ететін тәсілдерінің нәтижелілігін қарастыру.

Түзету психологияның негізгі міндетті – құқықты бұзған адамдарға психологиялық түзету жұмыстарының тәсілдерін жетілдіру және сотталған адамдарға арналған түзету шаралары мен практикалық ұсыныстарды өндіру, тұлғаның бұзылған әлеуметтік сапаларын қайта қалпына келтіру. оросПенитенциарлы психологияның мәселелерін ең бірінші рет М.Н. Гернет өз кітабында қарастырған «В тюрьме. Очерки тюремной психологии», түрмедегі адамдардың мінез-құлқының және психикасының өзгеру динамикасын зерттеген [3, 88].

Пенитенциарлы қызметкерлерде кәсіби ерекшелігіне қарай келесі психологиялық қиындықтар кездеседі:

1. Сотталушылардың кері әсері, яғни сотталушылар мен қызметкерлер арасындағы психологиялық кедергілер байқалады.
2. Эмоционалды қажудың жоғарлығы.
3. Бейімделе алмауға байланысты стресстік жағдайлар.
4. «Тұйықталудың» жоғарғы деңгейі.
5. Қарым-қатынас депривациясы.

6. Жұмыс түріне байланысты психологиялық өзгерістер ережелерді сақтамаумен, эмоционалдық күйінумен, кәсіби бұзылу түрінде көрінеді.

Сотталған адамдарда жиі кездесетін психикалық күй – фрустрация күйі. Қандай да бір қиындықтар пайда болған кезде адам қойылған мақсатқа жетпей қалса психикалық шиеленіс пайда болады. Фрустрация кезінде мінез-құлықтың негізгі реакциялары: агрессивті мінез-құлықтың көрінуі, қоршаған адамдарға агрессиясын көрсету, түрме қызметкерлеріне, өз-өзіне деген агрессия (аутоагрессия, суицид), депрессия, мазасыздық, апатия, пассивтілік, немқұрайлық. Жаңадан сотталғандарға терең уайым тән. Мәселен, бірінші 2-3 ай олар бейімделу бастапқы кезеңінен өтеді, өйткені бұрынғы қалыптасқан өмірлік стереотиптерді адам жоғалта бастайды және бұрынғы күнделікті қажеттіліктерінің қанағаттануы шектелінеді, жаңа микроорта дұшпан ретінде қабылданады, негативті эмоционалды күйлер пайда бола бастайды (стресс, аффект және т.б.). Келесі кезеңінде сотталған адам кірген микроортаның құндылықтары мен нормаларын қабылдайды, әлеуметтік-рөлдік мінез-құлқының аймағы кеңейеді. Осы кезең тұлғалық тұрақтанумен ерекшеленеді. Ақырғы кезең – босату уақытының келуі. Сотталғандарда қорқыныш сезімі пайда болады, өйткені жаңа өмірдің жоспарын қайтадан құру қажет болады.

Маслач К. М. мен Шабанов В.Б. пікірінше, жабық мекеменің негізгі міндеттері: қылмыстық топтардағы құқықтық нормалар мен салт-дәстүрлерді колонияда жайылуына жол бермеу, сотталғандардың арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыру, адами беделділікті жоятын әрекеттерді болдырмау т.б [4, 45].

Әрбір іс-әрекет қандай да бір қажеттілігімен ерекшеленеді: қызығушылық, ұстанымдар, тілектер, құштарлық және т.б. Саналы түрде қандай да бір әрекетті ұйымдастыру үшін ең біріншіден мақсат қойылады.

Адам саналы түрде өз алдына мақсатты қойған кезде әрекеттің мотивін құрайды. Не үшін қылмыстың мотивін білу қажет? Біріншіден, қылмыстық әрекетінің қоғамға қаншама қауіпті екенін анықтау үшін. Екіншіден, қылмыскер тұлғасының қоғамға қауіпті дәрежесін анықтау. Үшіншіден, жазалаудың мерзімі мен түрін анықтау мақсатымен.

Жер бетінде адам көбейген сайын қылмыс жасау артып келеді. Оны өркениет пен мәдениет те тоқтата алар емес. Ал жаңа қоғам құрып жатқан еліміздегі жағдай жоғарыда сөз еткен бірқатар мемлекеттер мен салыстырғанда көші ілгері екендігін жасыруға болмас. Алайда қылмыс жасау қазаққа да жат болмай тұрғанын, бұрынғыға қарағанда қазақ та қатыгезденіп бара жатқанын ашық айтқанымыз орынды болар. Қылмысты қасақана жасайтындар мен бірге, абайсызда жасайтындар да баршылық. Бірақ жаза ортақ. Әр адам қолымен жасаған қылмысты мойнымен көтеруі тиіс. Енді солар жатқан түзеу мекемелерінің жағдайы қалай деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, бәрі керемет деп айта алмаймыз. Қарағанды, Жамбыл, Қостанай облыстарындағы түзеу орындарында қылмыстық жағдай көп болған. Маңғыстау облысында түрмеден қашу секілді жағдайлар біз түгiлi халықаралық ұйымдардың да назарын аударғаны анық. Осы секiлдi қиындықтарға қарамастан түрмедегi тiршiлiктi түзеуге жыл сайын көңiл бөлініп келеді. Алайда мәселенің барлығы басқада. Ең алдымен әр отбасы ұл-қызының болашағына алаңдауы тиіс. Шаңырақтағы дұрыс тәрбие мен бағыт-бағдар ғана әр баланың келешекте нағыз азамат болып өсуіне септігін тигізеді [5, 1-5]

Түрмеге түспеудің бір амалы – ата-ана берген тәлім-тәрбиеге байланысты. Қысқасы, түрменің жақсысы болмайды. Түрме адамды жақсылыққа тәрбиелемесі анық. Сондықтан темір торға түспеу үшін де әр адам дұрыс жүріп-тұруды, адалдықтан аттамауды бала кезден үйренгені жөн. Қапаста болмаған кісі бақытты адамдардың қатарында болары анық.

Сотталып шыққандарды әлеуметтік бейімдеу мен олардың құқықтарын қорғауға қатысты жобаны жүзеге асыруға Норвегия Корольдығы қолдау жасапты. Бұл да кездейсоқтық емес. Өйткені Норвегия – сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу реформасынан өн бойы озық шыққан Еуропа елінің бірі. Мәселен, Норвегия үкіметі сотталғандарды қоғамға кіріктіру саясатының арқасында түрмеге қайта тоғытылатындар санын еселеп азайтқан. Ол үшін билік ең алдымен түзеу мекемелерінен босайтындардың тұрғылықты орнын, жұмысын, емін қарастырып, әлеуметтік қызметтерін жолға қойған.

Бостандығынан айырылған азамат түрмедегі шектеулерге қарамастан, бостандыққа бейім өмір сүруі керек», – дейді Норвегияның Қазақстандағы елшісі Даг Малмер Халворсен. Жоба шеңберінде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан сауықтыру қызметтері мен азаматтық қоғам мүмкіндіктерін одан әрі ұлғайту жоспарланады. Бұдан бөлек базалық зерттеулер жүзеге асып, соның арқасында ең алдымен сотталғандарға кімнің қаншалықты ауқымда жәрдем көрсетіп жатқандығы анықталады. Соның қорытындысы бойынша сотталғандарға әлеуметтік бейімдеу көмектері теңдей жағдайда көрсетілмейтіні анықталып отыр. Оның үстіне зерттеулер сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне қатысты қарапайым шарттардың өзі орындалмай отырғанын көрсеткен.

Шетелдік және отандық пенитенциарлы мекемелердегі тәжірибелер сотталған жеткіншектерге арнайы психологиялық дайындықты қажет ететіндігін айтты. Психологиялық дайындық сотталушыларда бастапқы және соңғы түзету мен қайта тәрбиелеуді көрсетеді. Бұл дайындық олардың психикасының сезімдерінің, қылықтарының, мінез-құлық жаңа жағдайларға үйренуін жақсартады. Пенитенциарлы ұйымдарды түбегейлі өзгерту жасөспірім қылмыскерлерге деген қарым-қатынастың сапалы болуына Қазақстанның қылмыстық орындау жүйесіне талап жоғары. «Қазақстандағы ювеналды юстиция» проектісі ҚР жағымды өзгерістердің болуына көмектесті.

Жабық мекемелердегі өткізіліп жатқан гуманизациялау реформасы басқа да заманауи элементтерінің дамуымен байланысты. Абақты мекемелерін зерттеуші ағылшын ғалымы, Халықаралық пенитенциарлық орталықтың директоры Эндрю Койлдың айтуынша, «Түрме – бүкіл қоғамның небір негізгі мәселелерінің бейнесі» [6, 33-34].

Қазіргі заманауи талаптардың бірі – кәмелетке толмағандардың қылмыстық ісін арнайы Ювеналдық әділетті жүйе арқылы шешу.

Еліміздің нарықтық қатынасқа түсу жағдайында көптеген жағымсыз, келеңсіз оқиғалар орын алып отыр. Осындай мәселердің бірі – жасөспірім арасындағы қылмыстық әрекеттердің жылдан-жылға өршіп көбеюі. Жас ұрпағымыздың қылмыстық әрекеттерге баруы және олардың болашақтағы өмірі барша азаматтық қоғамды елендетеді. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыстық мәселені шешу жолдарының бірі ювеналды юстиция болып табылады, оның мақсаты: «жас ұрпақты олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қол сұғудан барынша қорғауды көздейтін, кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған спецификалық жүйені құру мен жетілдіру...».

Өркениетті елдерде сот ісін жүргізу нысанында жолдан сүрінген балаға «қол үшін беру» жүзден астам жылдар бойы белгілі. Шетелдерде кәмелетке толмағандар үшін ювеналды соттар қызмет етеді. «Ювеналды әділет» түсінігі барлық дүниежүзінде оның бас буыны - кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сотпен байланысты әділет, яғни сот әділдігі деген түсінікті белгілейді.

Ювеналды юстицияның тиімділігі жасөспірімнің тұлғалық өзгеруі мен мотивациясын өзінің қалауымен сана-сезімін ояту арқылы жасаған қылмысына қарым-қатынасты заңды түрде орындатуға көмектесу [7].

Алайда барлық мемлекеттерге қолдануға ыңғайлы, жазаны бас бостандығынан айыру түрінде өтеуді ұйымдастыру мен осы салаға қажетті ұсыныстар әзірлеу қажеттілігі өзектілігін жоймайды.

Қылмыстық-атқару саясатын тиімді жүзеге асыруға байланысты мәселелерді шешу, адам құқықтарының, еркіндігінің және заңды мүдделерінің қорғалу деңгейіне, сондай-ақ елдегі жалпы криминогендік ахауалға тікелей әсер ететіндіктен, қоғам және мемлекет үшін өте маңызды.

Біздің пікірміз бойынша, криминалдық субмәдениеттің қоғамға әсерін азайтуға әсер ететін, пенитенциарлық деңгей қылмыстық жазаны орындау қалай ұйымдастырылғанына, олардың шарттары мен қаншалықты тиімді жүргізілгендігіне және т.б. тікелей тәуелді. Қылмыстық жазаның оңтайлы жүйесін, мемлекеттік өкілетті органның қызметін және жазасын өтеуші тұлғаларды бейімдеу мен әлеуметтік оңалту жүйесін дұрыс ұйымдастырудың өзектілігі осымен түсіндіріледі.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық- атқару кодексі» 2014 шілдедегі №234-V ҚРЗ (действующий с изменениями и дополнениями, проверено 09.08.2020).
2. Анарбек Н., Есеева М. Пенитенциарлық педагогика (оқу құралы) Алматы «Қазақ университеті» 2017 ж 133 бет.
3. Акажанова А.Т. Заң психологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 366 б.
4. Акажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2011. – 304 с.
5. Жақсылық Алхамин/ Заң газеті. – 2009. 1-5 беттер.
6. Эндрю Койл. Управление тюрьмами в период изменений. – Лондон, 2002. –112 с.
7. Концепция развития системы ювенальной юстиции в РК на 2009-2011 годы // Материалы официального сайта министерства юстиции РК от 19 августа 2008 года.

САБАҚТАҒЫ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

АКИБАЕВА Н.Н.

*«Абай атындағы орта мектебі» КММ-нің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
педагог-зерттеуші, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі*

МЕИРБАЕВА А.А.

*директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
өзін-өзі тану пәні мұғалімі
ШҚО, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы*

АННОТАЦИЯ. Эффективная организация уроков - главное требование современного инновационного образования. В статье предложены эффективные способы организации групповой работы на уроках. Проанализирована модель исследования урока из личного опыта, показаны ее эффективные результаты.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: урок, групповая работа, группа, состав группы, роль, слушание, результат.

ABSTRACT: Effective organization of lessons is the main requirement of modern innovative education. The article offers effective ways to organize group work in the classroom. The model of the study of the lesson from personal experience is analyzed, its effective results are shown.

KEY WORDS: lesson, group work, group, group composition, role, listening, result.

Бүгінгі күні дамыған елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының білім деңгейімен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі заман талабына сәйкес дамуы тиіс. Бұл талап «білім беру» емес, «білім алу» тұрғысынан орындалуы мүмкін. Осы талапты орындауда мұғалім оқушыларға сауатты, білімге құштар, бірлескен оқу ортасын құрушы тұлға болып табылады. Әсіресе біздер – мұғалімдердің, мүмкіндігінше, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегіміз ашық болу керек. Сондай жаңашыл идеяларды ұсынушылардың бірі - Кэмбридж бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарламада топтық жұмыстың рөлі ерекше орын алады.

Сабақта топтық жұмыс жасау оқушылардың ортақ мақсатпен жұмыс жасауы. Топ үшін мақсат пен міндет қажет. Топтық жұмыс арқылы оқушылар оқу үдерісіне толық қатысып, өзіндік пікірлерін, білімдерін, ойларын ортаға салып, ортақ мақсатқа жету жолында сұрақ-жауаптар, эксперименттер жүргізеді. Сабақта топтық жұмысты ұйымдастырудың өзіндік жолдары бар:

1. *Топтың құрамын құрау.* Әр сабақта топтың құрамын өзгерту арқылы, әр оқушы сыныптың барлық оқушыларымен жұмыс жасауын ұйымдастыру керек.

2. *Рөлдерді толық анықтап, орындау.* Топтағы әр оқушы өзінің берілген рөлін дұрыс түсініп, қызметін дұрыс атқару керек. Сол кезде әр оқушыда жауапкершілік пайда болып, өз жұмысын тиімді ұйымдастыра біледі. Бірақ әр сабақта рөлдерді ауыстырып отыру қажет.

3. *Тыңдау.* Топтағы ережені басшылыққа алып, әр оқушы басқаның пікірін бағалап, тыңдауды қадағалау керек.

4. *Топтық жұмыстағы шудың рөлі.* Бұл кезеңде топтық жұмыстағы шу мен әдеттегі шудың айырмашылығын анықтай білу керек. Тек жұмыс барысындағы шу болуы керек.

5. *Қосымша тапсырма.* Бұл кезде сабақ барысында тапсырманы ерте орындап болатын топтар немесе топтағы оқушылар үшін қосымша тапсырма дайын болу керек.

6. *Жол табу.* Топпен жұмыс жасағысы келмейтін оқушылар үшін арнайы жоба, рөл дайындап қою керек.

7. *Көмек беру.* Мұғалім топтарды аралап, қажетті көмекті ұсыну қажет.

8. *Мәселені анықтау.* Топтарды аралап тыңдау арқылы, нақты қандай мәселе талқыланып жатқанын білу керек.

9. *Топтық жұмыстың мәнін түсіну.* Топтық жұмыстың әр оқушы түпкі мәнін қабылдау қажет. Себебі, топтық жұмысты оқушы ойын сабақ ретінде қабылдауға жол бермеу керек.

10. *Топтық жұмыстың нәтижесі.* Топтық жұмысты жариялауда оқушы жеке пікір емес, топтық пікірді жеткізу керек.

Қорыта келе топтық жұмыстың 10 ережесі арқылы оқушының білімге қызығушылығы артады, өзіндік пікірі қалыптасып, топтық үдерісте үлесін қосуға талпынады, сабақтың барлық аспектілеріне қатысады. Топтық жұмыстың оқушының жауапкершілігін, белсенділігін арттыруда рөлі ерекше. Сабақты тиімді ұйымдастырудың бір жолы болып табылады.

«Бірігіп атқарған берекелі жұмыста нәтиже болады»-дегендей, әрбір игі істерді ұстаздарымыз өз іс тәжірибелерінде қолданса бар сабақтары нәтижелі болар еді. Солай боларына сенімділігімді әріптестерімізбен бірге өткізген сабағымнан байқадық.

Мектеп тәжірибесіне қажет кадам- *Сабақты зерттеу.*

Бұл сабақты зерттеудің өзгешелігі – мұғалім зерттеу барысында сабақ кезінде өзінің жинақтаған білімін басқа әріптестерімен кеңінен бөліседі. Сабақты зерттеу топтары мұғалімдермен бірігіп жаңа тәсілдерді оқыту жолы мен оқу бағдарламасы аспектісін моделдейді. Мектепте сабақты зерттеу тобына үш адам кірді: орыс тілі пәнінің мұғалімі (еңбек өтілі 20 жыл), қазақ тілі пәнінің мұғалімі (еңбек өтілі 6 жыл), ағылшын тілі пәнінің мұғалімі (еңбек өтілі 8 жыл). Осы әріптестеріміздің барлығы да жаңағы зерттеуді жүргізетін 5 «Б» сыныбына сабақ береді. «Зерттелетін оқушы» ретінде үш оқушыны осы сыныптан алдық.

Зерттеу тақырыбын сол сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерімен ақылдаса отырып анықтадық. Сол сыныптағы шешімін таба алмай тұған мәселе неде? Осы сұрақ төңірегінде әр мұғалім өз пікірін білдірді. Осыдан барып, “Топтық жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бағалаудың әр түрін пайдаланудағы оқушының іс-әрекетін бақылау” туралы зерттеу тақырыбы туындады.

Зерттеу тобы бірлесіп қазақ тілі сабағын, менің сабағымды өткізуді жоспарладық.

Топ мүшелері сабақ кезінде зерттелетін оқушыларды бақылау керектігін, сабақ барысында туындауы мүмкін деген мәселелерді де бірлесе анықтады. Сабақты менен кейін осы сыныпқа тарих және математика пәні мұғалімдері берді. Оқудың сапасын жақсарту үшін бұл тәсіл өте қажет еді. Топ мүшелері өте тиянақты түрде, нақты, белсенді жұмыс атқарды. Зерттелетін үш оқушыны ескере отырып сабақтарын да оңтайлы жоспарлады. Сабаққа қатысудағы зерттеу барысында сабақтың берілу сапасы рет-ретімен талданды. Содан кейінде үш зерттеуші мұғалім үш оқушы туралы жан-жақты зерттеген, байқаған кезде не әсер алғандары туралы толығымен кері байланыс берді. Мұғалімдер үш оқушыны бөліп жазып, арнайы бақылау парағын дайындады. Бірінші сабақта үш оқушыны бақылаған кездегі пікірлері мен келесі сабақтар кезіндегі сол оқушылардың іс әрекетіне қарай пікірлері өзгергендерін де жасырмай ортаға салды. Мұғалімдердің үш сабағы да қысқа мерзімді

жоспарларында көрсетілгендей оқытудың жеті модулімен ықпалдастырылған түрде, жаңа әдіс-тәсілмен, топтық жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бағалаудың әр түрін пайдаланған түрде өткізілді. Алған әсерлерін, осындай зерттеулерді жиі өткізу керек екені туралы ұсыныстарын да шынайы түрде білдірді. Бұл сабақты зерттеу сабағы мұғалімдерге қатты ұнады.

Сабақ берудің бұл түрі зерттеуші мұғалімдерге де, сабақ берген мұғалімдерге де, оқушыларға да қызықты болды. Зерттеу сабағында таңдап алған оқушылардан, өздерінің зерттеуде болғанын білдірмей, интервью, кері байланыс та алынды. Оқушылар сабақ үрдісінде берілген тапсырмаларды орындауда қызығушылықтарын танытқанын, тапсырманы орындауда сыныптастары бірін бірі әділ түрде бағалағанын әсерлеп жеткізген еді.

Зерттелуші әртүрлі деңгейдегі оқушылардың сабақ үрдісіндегі іс-әрекетін бақылаудың қорытындысын талдау барысында топ мүшелері төмендегідей өзгерістердің болғандығын айтты: Топ мүшелерімен бірлесіп нәтижеге жете білді. Сол сияқты, *бақылаушы мұғалімнің зерттеуі бойынша* оқушы екі сабақта да топтағы жұмыс барысында және жекелей тапсырмаларды орындауда өз жауапкершілігін сезінді. Сұрақ –жауап кезінде де зер сала тыңдай отырып, жылдам және дұрыс жауап берді. Топ бойынша жұмыс жасай біледі. Топтың бірін бірі бағалауында да өзі бірінші болып басқа топ оқушыларын әділ түрде бағалады. Бірақ кей кездерде берілген тапсырмалар оның деңгейіне өте жеңіл боп кетті ме, әлде ұнамады ма зерігіп отырып қалатын кезі де болды. Тіпті, қасындағы отырған оқушымен жиі әңгімелесуге де жол беріп, көңілі басқаға ауып кетіп отырды. Оқушылардың әрбір өзгерісін зерттеуші мұғалімдер нақты, дұрыс бақылай білді. Және өз жұмыстарына толықтай талдау жасап, кер байланыс берді.

Сабақ кезінде зерттеудегі қай оқушы болса да мақсатқа жетулеріне мүмкіндік берілді. Сабақ біткен соң осы үш оқушыдан да интервью, яғни, «оқушы дауысы» әдісі қолданылды. Зерттелген оқушылардан кері байланыс берулері сұралды. Оқушылар өздерінің мүмкіндіктеріне қарай берілген тапсырмаларды шама-шарқыларына орындап шыққандарын еш бүкпесіз айтып өтті. Сабақтардың өткізілу барысына қызығушылықтарын танытты. Осындай сабақтар бола берсе екен деген ұсыныстарын да шынайы білдірді.

Назира сынды оқушы: *«Маған сабақ қатты ұнады. Қызықты да болды. Берілген тапсырмаларды орындау мені өте қызықтырды. Топтың жеңіп шығуын қаладым»*. Бұл оқушы сабақта өзінің бірнеше жұлдызша алғанын мақтанышпен айтты (бейнежазбасы бар).

Сабақ соңында стикерлерге сабақ барысы туралы пікірлер жазылып отырды. Сабақтың әлсіз және жағымды жақтары талданды. Осы сабақты зерттеу тобының жұмыстарының нәтижесін талдай келе, рефлексивті есепте орыс тілі пәні мұғалімі: *«Осындай сабақтарды топ мүшелерімен бірге дайындау, оқушылардың әрекеттеріне қарай бағыттау сабақтың мақсатын жүйелі түрде жоспарлауға, мұғалімнің әдісін, білімін жетілдіруде мүмкіндіктер беретіндерін»* айтқан еді.

Осындай сабақтардың жиі болуы, әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы мектебіміздегі оқу үдерісіндегі білім сапасын арттыруда өте қажет екендігіне толығымен көзіміз әбден жетті.

Сабақты зерттеуде- сабақты зерттеу арқылы білім беру үдерісінде оқу және оқыту сапасының арттыруды; үрдіске қатысушы мұғалімдердің кәсіби деңгейі жоғарылады; оқытудың тәжірибесін жақсарту барысында өзгертулер және қосымшалар енгізуді үйренді.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. “Назарбаев зияткерлік мектебі”ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2015

2. Үлестірме материалдар (ресурс парақтары) «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. “Назарбаев зияткерлік мектебі”ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2015

3. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 52 б.

4. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШИЕЛЕНІС ЖАҒДАЙЛАРЫН ШЕШУ КҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АЛЬПЕНОВА Ж.М.

*«Алмалыбақ ауылындағы орта
мектеп-гимназия» КММ оқу завучы*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается формирование компетентности старшеклассников в решении конфликтных ситуаций.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: конфликт, подросток, отношение, поведение, стресс, личность.

ABSTRACT: The article considers the formation of high school students' competence to resolve conflict situations.

KEYWORDS: conflict, teenager, attitude, behavior, stress, personality.

Шиеленіс мәселесі қоғамда мүлдем болмайды деу, үлкен қателік болар еді. Әр кезеңде мемлекеттер арасында, топтар арасында, отбасында жиі орын алып келе жатыр. Оның шешу жолдарын қарастыруда көптеген ғалымдар зерттеу жүргізіп, түрлі теориялар жарық көруде. Қоғамның даму шиеленістердің жаңа түрлерінің шығуына түрткі болуда.

Қазіргі балалардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты, балалар арасында шиеленістің түрлері де белең алып, оларды шешу жолында мамандар түрлі әдістер қолдануда.

Шиеленіс мәселесі өздігінен пайда болмайды, ол үнемі адамдардың өзара тығыз іс-әрекетінен туындайды. Мамандар үшін зерттеу нысаны жекелеген адамдар және әр түрлі топтағы адамдар болып келеді.

Шиеленіс жоғары сынып оқушыларының жас шамасы, психологияда жасөспірімдік кезеңге сай келеді. Бұл кезеңнің өзіндік психологиялық ерекшеліктері мен қиындықтары кездесетіні ақиқат.

Жасөспірімдік шақ – балалық шағынан жастық шаққа дейінгі өмірдің кезеңі. Жастық шектелуі 13-16-18 жас аралығын қамтиды.

Жасөспірім шақтағы даму жағдайын алсақ, балалық шақтан көп айырмашылығы жоқ болып келеді. Жасөспірімнің ортадағы алатын өз орны сол қалыпта қалады. Барлық жасөспірімдер мектепте білім алып, ата-анасының немесе мемлекеттің қадағалауында жүреді. Өзгерістер көбіне ішкі дүниесінде болады. Отбасы, мектеп, құрдас-достары басқа жағынан көрініс табады. Жасөспірімдер өздерін үлкендермен салыстырып отырады, олардан еш айырмашылығымыз жоқ деп есептейді. Олар, ересектермен қарым-қатынастағы теңдікке ұмтылып, өздерінің «ересек» позициясында ұстайды [1].

Жоғары жасөспірім жаста ойы, екпін тағы да өзгеріске түседі. Осылайша, бала 13-15 жаста ер жетіп, өзіне, ортасына деген жауапкершілігі артады. Құрбы-құрдастарымен жасалған қарым-қатынас стилі бұзылып, достық байланыс эмоциональды тұрғыда, интеллектуалды негізде орнайды.

Жоғары сыныпта көбіне мектеп пен оқуға деген көзқарас өзгеріске түседі. Егер, балалық шақта, кіші сыныптарда жасөспірім, тек оқу ісіне көңіл бөлсе, онда оның көңілі тек өз құрбыларымен жасалған жағымды қарым-қатынасқа ауады. Жоғары сыныпташкі мүдде негізіне нақ осы қарым-қатынастар жатады.

Дегенмен, қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлгенмен, оқуға да көңіл бөледі. Өсе келе жасөспірім өзін ортада ересек көрсететін оқу түрлеріне, жаттығуларға көбірек көңіл бөледі. Мұндай дайындық оқудың себептерінің негізі болуы мүмкін. Ол өздігімен жаттығатын,

дайындалатын, оқу түрлеріне де жақындай түсері анық. Мұғалім оған тек көмектесіп қол ұшын беріп, ғана, жол көрсеткені үшін балаға жағымды әсер берері анық.

Жоғары сыныпта белгілі бір мансаптарға ие болуы оқуға, ізденуге деген негізгі ынтаның бірі. Жасөспірімге бағаның мәні зор болып келеді, өйткені жоғары баға оның қызығуын, мүмкіндіктерін арттырады. Бұл кезде көптеген ізденетін жасөспірімдер өзінің кәсіби жағына дамытуға көп көңіл бөледі, өз орнын табуға тырысып жүреді. Сондықтан, оқуға деген ынтасы артып, пәнге деген қызығушылық жоғары болады, оқу орындарына түсуге керек екендігін анық түсінеді.

Оқу, сонымен қатар еңбек және қоғамдық ортада қызметтерін іске асыруда өзі ғана атқаратын ролін жақсы түсіне отыратын болады, жасөспірімдер қарым-қатынастарын кеңейтуінің негізінде, бір-бірімен араласа бастайды.

Жоғары сыныпта шақта қызығушылық жақсы дамиды. Дегенмен, олар әлі тұрақсыз. Оларға жаңалыққа ұмтылу тән. Жаңалық алу бір жағынан баланың білім құмарлығын артады, екінші жағынан бір істен бір іске тез арада ауысына ықпал етеді. Жоғарғы сыныптардың кейбір оқушыларының қызығушылығы дамып, жоғары сыныпта кәсіпке айналады, ал кейбіреуі әлі қалыптаспайды. Көбінесе бұған ата-аналар кінәлі болады, өйткені олар баланың қызығушылық дамытуға тырыспайды: бала жіберген қателіктерді келеке етіп, олардың қолынан еш нәрсе келмейтіндігін бетіне басып отырады [2].

Ашушандық және тез қозғыштық, эмоционалдық тұрақсыздық жасөспірімдердің мінезіндегі ерекшеліктер. Әсіресе, бұл жасөспірімдер кезеңінің басында. Жасөспірім шақтың жоғары шегінде эмоциялары, кішілерге қарағанда басым болып келеді. Олар өз сымбаттарына көп көңіл бөледі. Өзінің сымбатына көп көңіл бөлу - бұл жастағы баланың психосексуалдық дамуының бір шегі болып келеді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, бала мінез-құлқының қиындығы 6 –8 сыныптарда, әсіресе ұл балаларда жиі байқалады. Бірақ соңғы жылдары мінез-құлқы қиын оқушылардың арасында «жиілеу» тенденциясы байқалады, олардың қатарын енді кіші сынып оқушылары толықтырып отыр [28].

Шиеленістер түріне қарама-қайшылықтар дау-дамайдың пәніне қатысты емес, мінез-құлқтың жағымсыз формаларын қолданатын (сөгіс, балағаттау, жаман сөздер т.б.) немесе басқа адамның тұлғасына, қызығушылықтарына құрметпен қарамайтын оппоненттің мінез-құлқына қатысты болып келеді.

Мұндай жағдайда шиеленістің шынайы пәні бар ма екендігін анықтау қажет.

Егер, шиеленістің пәні бар болса, онда мінез-құлқтың ең жақсы тәсілі –конструктивті жағдай қалыптасқанға дейін шиеленісті шешуді кейінге қалдыра тұру. Ал егер бұл мүмкін болмаса, онда:

- дөрекі әсер етуге қарсы тұру әдістерін қолдану;
- манипулятивті әсер етуге қарсы тұру әдістерін қолдану.

Егер, дау-дамайдың пәні жоқ болса, онда мінез-құлқтың ең жақсы тәсілі – шиеленіс мүлдем қатыспау. Ал, егер бұл мүмкін болмаса, онда:

- жеке эмоциялық қорғаныс тәсілдерін қолдану;
- жағдайды өзара әрекеттесу жүйесінде қарастыру [3].

Зерттеулерге сүйенсек топтан бөлектенудің үш негізгі себебін көрсетуге болады:

- 1) отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауы, отбасындағы ұрыс-керістің жиі болуы, әлеуметтік жағдайларының нашарлығы;
- 2) мектептегі сабақ, оқушының мектеп өміріне қызықпауы, ылғида шектеу, сынау, салыстыру;
- 3) оқушының уақытын дұрыс ұйымдасытруын қадағаламау [4].

Жасөспірімдер арасында ересектермен күрделі және қиын қарым-қатынастар көрінеді. Сонымен қатар, қаталдық пен агрессивтілік пайда болып, қылмыстық әрекеттер көбейді. Қылымыстық жағдайлар бой алағанда міндетті түрде шиеленістер өрши түседі.

Мінез-құлқында қиындық бар балаларен жұмыс жасаудың сан алуан жолдары бар. Ең алдымен оқушылармен дұрыс тіл табысып, сөйлесе білу керек.

Қазіргі кезде оқушылардың мінез-құлқындағы қиындықтар әртүрлі қылмыстық әрекеттер мен жағымсыз істер көбейіп отыр. Осы жағдайлардың алдын алып, түзету үшін әрбір педагог, ата-ана, психолог бірлесе жұмыс жасай отырып, әрбір жасөспірімнің дербес ерекшеліктері мен мінез-құлқын ескеріп, анықтап, соған сәйкес жұмыстар жүргізу керек.

Жоғары сынып оқушыларының алдында жаңа өмірлік мақсаттар пайда болып, оның шешілу барысында психикалық әлеуметтік даму іске асады. Ең алдымен – алдындағы өмірлік жолды таңдау мақсаты. Осыған байланысты жоғары сынып оқушысының әлеуметтік айналамен қарым-қатынас та өзгереді. Үлкендермен қарым-қатынас өзгереді. Үлкендермен араласу қызығушылығы артады. Ата-анамен болашақ кәсібі, алға қойған мақсаттары талқыланады. Дегенмен, үлкендермен ашық ой бөлісу тек шешімі қиын жағдайларда ғана болып, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасырын болып қала береді. Ол бала кезіндегідей өзінің ішкі дүниесімен басқа достарымен бөліседі. Бұндай қарым-қатынас жасөспірімнің нақты өмір сүріп жатқан, алға қойған перспектива емес, бір-біріне берілген өте құпия ақпарат. Қарым-қатынас өзара түсіністікті, ішкі жақындықты, жасырмаушылықты талап етеді.

Қоғам дамуы, адамдар арасында өзара қарым-қатынастың орын алуы тоқтамайынша шиеленіс мәселесі де өзкті мәселелердің бірі болмақ. Өзі-өзіне көңілі толмау, өзін тану, өзін нақтылау, өзін жүзеге асыруға тырысу адамда тұлға ішілік қақтығыстарды тудырады. Шиеленістердің бұл түрі ауыр да күрделі дағдарысты бастарынан өткеріп жатқан жасөспірімдерде анық байқалады. Жасөспірімдер ішкі күйзелістер мен қоса түрлі шиеленістерінің туындауына әкелетін жағдайлар мен мәселелерде қарастырылады.

Жасөспірімдер шиеленістерінің негізгі типтері мен себептерін төмендегідей жіктеуге болады:

- Тұлға ішілік шиеленістер – ол өз өміріне, достарына, сабақ үлгеріміне, құрбыларымен қарым-қатынасының сипаттарына көңілі толмағанда, өзіне және жақындарына сенімділік төмен болғанда және күйзеліс жағдайында белең алады.

- Тұлғаралық шиеленістер – дүниетанымы, көзқарастары, мінез қырлары әр түрлі адамдар арасында орын алатын шиеленіс түрлері.

- Тұлға және топ арасындағы шиеленістер – жасөспірім топ мүшелерінен ерекшеленетін позицияны ұстанатын болса туындайды. Мысалы, сынып сабақтан қашып, біреуі қалып қоятын болса оның адамгершілік позициясы тұрақты болғанымен, топпен жанжалдасады, өйткені ол көпшіліктің көзқарасына қарсы келген болып саналады.

Топ аралық шиеленістер – әр түрлі топтардың ұстанымдарындағы қарама-қайшылықтардан туындайтын қақтығыстарды айтады [5].

Жоғары сынып оқушыларының танымдық саласында да өзгерістер орын алады. Ойлау қабілетінің дамуы күмәнсіз деңгейге жетеді. Жоғары сынып оқушыларының индукция және дедукцияға деген қабілеті артады. Бұл жаста жастар болжамғасүйене алады.

Бітіруші сыныпта балалар кәсіптік жағына көп көңіл аударады. Бұл кезде олардың бұрынғы кез-келген кәсіп иесі ретінде елестері жойылады. Жоғары сынып оқушысы түрлі кәсіптерге бағыттанады. Ол оңай емес, өйткені бұның негізінде өзінің емес, басқа бөтен, немесе ата-аналардың тәжірибесі жатады. Бұдан басқа өзінің мүмкіндіктерін денсаулығын, оқуын, отбасының материалдық жағдайын және ең маңызды өзінің қабілеті мен бейімділігін дұрыс бағалау керек. Ата-анасымен шиеленіске келуі болашақ өмірін жоспарлауда кей оқушыларда белең алады.

Кәсіптік өзін-өзі тану жаңа оқу пәндеріне қызығушылықтың дамуын арттырады. Кейбір кезде ата-аналар нақты бір пәндер мен қызмет түрлеріне көңіл бөледі. Мысалы: ата-аналар балаларына кез-келген қызмет барысында ағылшын тілі қажет болатыны жайлы сендіреді.

Енді арнайы мектептегі тәрбие мәселесіне тоқталсақ. Революциядан кейін арнайы мектептер ашыла бастады. Қазіргі кезде Қазақстанда жүзге жуық арнайы мектептер бар. Бұл мектептерде орыс және қазақ тілдерінде білім беріледі. Республикамыздағы арнайы мектептер балаларға білім беруде және тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Арнайы мектептің педагогикалық ұжымы білім беруде және тәрбие дәрежесін көтеруге өз үлестерін қосты.

Арнайы мектеп, жалпы мектептің тәрбиелік міндеттері бірдей. Арнайы мектептің тәрбиелік проблемаларына оқушының жеке ерекшеліктері, кемістіктері күрделеніп, әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік жағынан жанұя, кемістіктің құрамы, жас ерекшеліктері, тәрбиешілердің арнайы білімдерінің жоқтығы жатады.

Сондықтан тәрбие процесі мұғалім мен тәрбиешінің жұмысына байланысты. Сондықтан біз, яғни келешек ұрпақтың мақсаты- мүмкіндігі шектеулі бала- болашақта қандай адам болатыны педагог пен тәрбиешінің жұмысына байланысты.

Ол үшін оқушыларға дәйекті білім беру мен мамандарды еңбек білімін, іскерліктерін және дағдыларын жариялау ғана емес, қалыпты адамға сай, адамгершіліктік сапаларын тәрбиелеу керек, яғни, еңбек сүйгіштік ұжымда жұмыс істей алу, кіші, үлкендерді сыйлау, жауапкершілік, адамгершілік. Есту кемістігі бар балаларды тәрбиелеудің мектептегі басты

мақсаты- тәрбиелеу және білім беру болып табылады. Тәрбие беру табысты болу үшін анамальды балалардың есту және сөйлеу дамуын ескеру қажет. Осы балаларды тәрбиелеу балалардың даму ерекшеліктері дене дамуына, тәрбие әдістеріне байланысты. Есту кемістігі бар балалардың мінез-құлқы ерекше болады, балалар болған жағдайды ескермейді. Мұндай балалар сөздерін, ойларын толық жеткізе алмайды. Есту қабілеті зақымданған балаларға білім беруде және тәрбиелеуде, сонымен қатар түзету жұмыстарын жүргізуде, танымдық процестері дамиды. Есту қабілеті зақымданған қалыпты балалар бірдей заңдылықпен дамиды. Осыған байланысты есту қабілеттері зақымданған оқушыларға арналған арнайы мектеп жұмыстарының қағидалары мен тапсырмалары жалпы мектептердегідей. Бірақ арнайы мектепте оқитын естімейтін және нашар еститін оқушылардың даму психикасының кейбір жақтары өзіндік формада қалыптасады. Сол себептен есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектеп мұғалімдері оқу-тәрбие жұмысын балалардың жас және тұлғалық, есту зақымдықтарын ескере отырып құру қажет. Арнайы мектеп жалпы және арнайы тапсырмаларды шешу үшін есту мүшесі зақымданған балалардың тәрбиесін жалпы мектеп бағдарламасына сүйене отырып қолданады. Мектептің жалпы және басты мақсаты естімейтін және нашар еститін балаларды өз бетімен өмір сүруге және жұмыс істеуге бағытталған. Тұлғаны қалыптастыруда және арнайы мектеп баласының ақауын түзетуде келесідегідей жағымды жағдайларда қалыптастыру керек:

1. Күн тәртібін орындау.
2. Жекелеген қатынас
3. Әр түрлі үйірмелерге қатысуы.
4. Жүйелі қадағалау.

Ұжым тұлғаның мінезіне толығымен әсерін тигізеді. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша « Ең бастысы- адам ұжымда қалыптасады. Сол себептен бала ұжымын тәрбиелеу басты міндет болып табылады.» Есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектеп ұжымын ұйымдастыру үшін әрбір баланы жете танып, зерттеп, жекеше жұмыстар жүргізу керек. Тәрбие процесін жүргізу үстінде тұлғаның жағымды жақтарын айқындау қажет және де есту мүшелері зақымданған балалардың қалыпты қызметке сүйене отырып, түзету жұмыстарын жүргізу керек.

Мектеп ұжымының іс-әрекеті баланың арасындағы қарым-қатынасты ұлғайтады. Есту кемістігі бар балалардың қарым-қатынасын сабақта және сабақтан тыс уақыттарда да ұйымдастырады. Есту кемістігі бар оқушылардың басты факторы- іс-әрекет болып табылады.

Есту қабілеті зақымданған оқушыларға арналған мектептердегі тәрбиелеудің басты бағыты- еңбек болып табылады.

Еңбек жайында бастапқы түсініктерін қалыптастырады.

1.Еңбек ету үшін оқи білу, жаза білу, санай білу, көп нәрсені үйрену қажеттігі жөніндегі мысалдармен танысады.

2. Үй шаруасындағы жұмысқа шамасы келгенше қолғабыс тигізіп отырады.

Есту кемістігі бар балаларға арналған мектептерде мұғалімдер сабақта көптеген көрнекіліктерді пайдаланады, сол арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Естуі зақымданған балаларды және де басқа да ауытқуы бар балаларды мемлекет өз қарамағына алғанымен, олар мұндай балалардың білім алу дәрежесін көтеру қажеттілігін көрсетті. Арнайы мектепте жүргізетін тәрбие жұмыстары балалардың жеке ерекшеліктерін танып білуден басталады. Естімейтін және нашар еститін балалардың конденсаторлық мүмкіндіктеріне байланысты. Арнайы мектеп педагогикалық ұжымдар, балалардан қоғамға деген қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Естімейтін және нашар еститін балаларды еңбекке тәрбиелеу басты мақсат болып табылады. Бастауыш сыныптарынан бастап, балалар өздерінше қызмет етеді: дене шынықтыру, төсектерін жинайды, сыныпта кезекшілік атқарады. Кейіннен өзіне қызмет ету қиындатылады: еден жуады, асханада кезекшілік атқарады, ыдыс жуады, мектеп ауласын тазартады.

Жоғарғы сыныптың балалары өзіне қызмет көрсетуді үйреніп қана қоймай, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына өздерінің тәжірибелерін үйретуге тырысады.

Адам қоғамда өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сәйкес өз ойлары мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы әртүрлі байланысты сезінеді.

Қарым-қатынас психологиясы мынандай құбылыстарды зерттейді; адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі, еліктеу, сендіру және нандыру, ұйымшылдық немесе жанжалдық, біріккен іс-әрекет және тұлғааралық қатынастар. Осы психологиялық құбылыстың әр түрлілігінде, олардың пайда болуының негізгі қайнар көзі болып адамдар арасындағы қарым-қатынас аймағы болып табылады.

Егер қарым-қатынас болмаса, біздің рухани, материалды даму деңгейіміздің қандай дәрежеге көтерілгенін білмес едік. Біздің әрқайсымыз өзіміздің негізгі қырларымызды жеке қарым-қатынас тәжірибелеріміз арқылы жанұядағы, мектептегі, жұмыстағы, көшедегі тікелей қатынастар арқылы игереміз. Бұл микроорта. Микроортадағы қарым-қатынас арқылы әрқайсымыз әлеуметтік әлемді кеңінен танимыз және қарым-қатынасқа түсеміз, яғни макроорта әсерін сезінеміз.

Макроорта – бұл өз ғылымы, мәдениеті, идеологиясы, заңы, қоғамдық өлшемдері бар қоғам.

Микро және макроортаның кездесетін жері, олардың өзара әрекеттесетін шек – бұл кіші топ, онда біздің әрқайсымыздың өміріміз өтеді.

Қарым-қатынас тарихи алғашқы форма болып табылады оның негізінде өркениет дамуының кейінгі кезеңдерінде қарым-қатынастың басқа түрлері пайда болды. Мысалы; жазбаша қарым-қатынас жазбашалықтың құралуынан кейін ғана пайда бола бастады. Біздің әрқайсымыз адамдар арасында өмір сүріп және жұмыс істегендіктен кез-келген жағдайда өз тілектерімізге тәуелсіз түрде адамдармен қарым-қатынасқа түсеміз.

Егер біз өз өмірімізді бақыласақ онда мынаны байқаймыз:

- басқа адамдармен өзара әрекеттесіп оларды қабылдаймыз және бағалаймыз.
- Жиі түрлі естігендерімізді қызығушылықпен қабылдаймыз.
- Таныстарымызбен немесе кездейсоқ адамдармен өмірлік тәжірибелерімізбен алмасамыз.

- Басқа адамдардың әсерін сезініп оларға еліктеп өз мінез-құлқымызды өзгертеміз.

- Шешім қабылдағанда көп жағдайда қасындағы адамдардың пікірін есепке аламыз.

Қарым-қатынас стратегиясы

Қарым-қатынас стратегиясы үшке бөлінеді.

1-ші ашық-жабық қарым-қатынас. Ашық қарым-қатынаста әр адам өзінің көзқарасын жеткізе білуі және басқалардың позициясын тыңдауға әрдайым дайындық. Ал жабық қарым-қатынас ақпаратқа деген өзінің көзқарасын қатынасын жеткізе алмауы, қарым-қатынасқа түсуге талпынбауы.

2-ші Монологты стратегия.

3-ші Рольдік тұлғаарлық стратегия (мұғалім-оқушы, үлкен-кіші).

Қарым-қатынастың түрлері:

1. Маскілі қарым-қатынастар; бір күннің ішінде бірнеше маска кию. Формалды қарым-қатынас, яғни мұнда маскілерді пайдаланып сұхбаттасушылардың тұлғалық ерекшелігін түсініп ескеруге талпынамыз (сыпайлық, қаталдық, тұйықтық). Шынайы сұхбаттасушыға деген сезімдерін, эмоцияларын қарым-қатынас барысында көрсетпейді.

2. Формалды рөлдік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының тұлғасы мен әлеуметтік рөлі маңызды болып табылады.

3. Іскерлік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының іске деген тұлғалық ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл-күйі ескеріледі. Сонымен бірге оның іске деген қызығушылығы мәндік маңызды орын алады.

4. Достардың рухани және тұлғалық қарым-қатынасы – мұнда кез келген тақырыпқа әңгіме қозғауға болады, тек сөз арқылы ғана емес жест, мимика арқылы бірін-бірі жақсы түсінеді.

5. Маникулятивтік қарым-қатынас сұхбаттасушыдан белгілі бір пайда табуға бағытталған. Ол үшін сұхбаттасушының тұлғалық ерекшелігіне байланысты түрлі әдістер пайдаланады.

6. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас.

Коммуникациялық жүйе – бұл алынатын және берілетін ақпаратты түсінуді қамтамасыз ету мақсатында адамдар арасындағы хабар алмасу.

Коммуникацияның негізгі функциялары мыналар:

1. Информативті – адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

2. Интерактивті – адамдар арасындағы өзара әрекеттесу түрлерін пайдалана отырып сұхбаттасушының көңіл күйіне, сеніміне мінез-құлқына әсер ету.

3. Перцептивті – қарым-қатынасқа түсуші серіктестердің бірін-бірі қабылдауы және өзара түсінушілікті қалыптастыру.

4. Экспрессивті – эмоционалды бастан кешірулер сипатын өзгерту.

Хабар беру мына бағыттармен жүзеге асады:

-жоғарыдан төменге – жұмысшыларға бұйрық беру.

-төменнен жоғарыға – басшылармен пікір алмасу және т.б.

Коммуникация процесі жүзеге асу үшін мынадай 4 элемент керек.

1. хабар беруші

2. мәлімет

3. арнайы ақпарат беру құралы

4. ақпарат алушы

Коммуникация процесі 5 кезеңнен тұрады.

1. ақпарат алмасудың басталуы, мұнда хабар жіберушінің қандай реакция алатынын ашық білу керек.

2. Ойдың символға мәліметке айналуы

Естімейтін және нашар еститін рухани байлықтарды әртүрлі қабылдайды. Осының салдарынан психикалық даму ерекшеліктері байқалады. Қоғамдағы қарым-қатынасты игеру балалардың жанұядағы қарым-қатынасына, жанұядағы мәдениетіне, педагогикалық жұмыс жүйесіне байланысты. Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептен тәрбие жұмысында әдістерді таңдап алу оқушылардың жас және психологиялық, дене, дербес ерекшеліктеріне, өмір тәжірибесіне, кемістіктің күрделілігіне, құрамына тәуелді. Сондықтан естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектепте жүргізілетін тәрбие жұмысында әр баланың жеке даму ерекшелігін еске алған жөн. Естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектептердің тәрбие принциптері.

Тәрбие принциптері- тәрбиеші басшылыққа алуы тиіс тәрбие процесінің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін бастапқы ережелер.

Тәрбие принциптері бірнеше түрге бөлінеді:

1. Тәрбиенің идеялылығы, мақсаттылығы. Тәрбиенің алдына қоғам болашағына берік сенімі бар азаматтарды қалыптастыру міндеті қойылады.

2. Тәрбиенің өмірмен, еңбекпен қоғам құрылысының практикасымен байланыс принципі. Бұл принциптің мәні- қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани қатынастарын өмір шындығының моралі және әсемділікке көзқарасын тәрбие ісінде қолдау болып табылады. Осы принципті жүзеге асыру оқушыларды өмірге, еңбекке, мамандықты таңдауға, толық дайындауының шынайы алғышартын жасайды.

3. Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу.

4. Тәрбиеленушінің тұлғасына қойылатын талаптармен көрсетілетін құрметтің бірлігі.

5. Тәрбиелік ықпалдардың жүйелілігі, беріктігі, үздіксіздігі.

6. Тәрбиенің оқушының жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкестігі.

Осы естімейтін және нашар еститін балаларға арналған тәрбиенің мазмұны ерекше. Бұл тәрбиенің басты мақсаты- элеуметтік сарыны кемтар балалардың кемістіктерін жою, оларды әр тарапты дамыған қоғамның толық мүшесі етіп дайындау.

Әдебиеттер:

1. «Сурдопедагогика» под.ред. А.И.Дьечкова.
2. «Специальная дошкольная педагогика» Н.И.Белова. Москва Просвещение 1985 г.
3. «История сурдопедагогики» А.Г. Басова, С.Ф. Егоров Москва Просвещение 1989 г.
4. «Обучение и воспитание глухих детей» под.ред. С.А.Зыкова Москва 1963 г.
5. «Слепоглухонемые дети» А.И.Мещеряков Москва Педагогика 1974 год.
6. «Воспитательная работа» под.ред. С.Б.Хмырова Москва 1962 год.
7. «Музыкальное воспитание глухих дошкольников» Г. Яшунская Москва 1977.
8. «Дошкольное воспитание глухонемых» Н.А.Рау Москва 1947 год
9. «Перестройка воспитательной работы в школе интернат для глухих детей» Б.Г.Левинсон Москва 1962
10. «Методы учебно-воспитательной работы с глухими и слабослышащими детьми» Ленинград 1986
11. «Некоторые вопросы обучения и воспитания учащихся специальных школ» Алматы Мектеп 1981
12. «Воспитание младших школьников с нарушением слуха» Санкт-Петербург 1996 год М.И.Никитина, Г.Н.Ленин,З.А.Пономарева

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘБДІҒАНИ И.Д.

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
5В010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы
мен әдістемесі мамандығының 4-курс студенті*

ТЕКЕСБАЕВА А. М.

п.ғ.к., доцент

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ: В статье говорится о психолого-педагогических основах применения дистанционного обучения в начальной школе. Дистанционное обучение - систематическое целенаправленное обучение, которое осуществляется на некотором расстоянии от места расположения учителя. Для дистанционного обучения характерны все присущие учебному процессу компоненты системы обучения: цели и задачи урока, содержание, формы и методы обучения, система контроля и оценки результатов. Учет возрастных особенностей учащихся позволит эффективно организовать дистанционное обучение в начальной школе.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: дистанционное обучение, начальная школа, учет возрастных особенностей, методы и формы обучения.

ABSTRACT: The article deals with the psychological and pedagogical foundations of the use of distance learning in primary schools. Distance learning is systematic, purposeful learning that takes place at a certain distance from the teacher's location. Distance learning is characterized by all the components of the learning system inherent in the learning process: the goals and objectives of the lesson, the content, forms and methods of teaching, the system of monitoring and evaluating results. Taking into account the age characteristics of students will effectively organize distance learning in primary schools.

KEYWORDS: distance learning, primary school, taking into account age characteristics, methods and forms of education.

Цифрлық технологиялар ғасырында қашықтықтан оқыту мәселесі өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда онлайн білім беру қарқынды даму үстінде. Қашықтықтан оқыту мұғалім мен оқушының ара қашықтықта өзара әрекеттесу тәсілі болып табылады. Оқушылар мұғаліммен бейне байланыс арқылы қатынасқа түседі, белгілі бір тапсырмаларды арнайы сайтта онлайн форматта орындайды немесе жұмысты электронды пошта арқылы жібереді. Қашықтықтан оқыту - бұл интернет арқылы оқу процесін ұйымдастырудың формасы, онда мұғалім мен оқушылар бір жерде емес, әртүрлі орындарда болады.

Қашықтықтан оқыту білім беру жүйесіндегі жаңа құбылыс деп айтуға болмайды. Біраз жылдар бойы сырттай оқу кең таралып келді. Қашықтықтан оқытудың бір құралы ретінде теледидар бізді көптен бері оқытып келеді. Бірақ 21 ғасырдың басында, ақпараттық технологиялар ғасырында, интернеттің пайда болуымен қашықтықтан оқыту сапалы жаңа деңгейге шықты.

Қашықтықтан білім беру нысандарына келетін болсақ, олар саналуан. Қашықтан оқуды қол жетімді ететін көптеген технологиялар да бар. Қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың ең көп таралған форматтарына бейнеконференциялар, аудиоконференциялар, нақты уақыттағы онлайн вебинарлар және вебинарлар жазбалары, интерактивті платформадағы сабақтар, электрондық пошта арқылы хат-хабар, т.б. интернет-ресурстар.

Зерттеулер көрсеткендей, қашықтықтан оқыту үшін И.Я Лернер жасаған бес жалпы дидактикалық оқыту әдісі қолданылады, атап айтқанда: ақпараттық-рецептивті, репродуктивті, проблемалық презентация, эвристикалық және зерттеу. Олар мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуінің педагогикалық актілерінің барлық жиынтығын қамтиды.

Қашықтықтан оқыту үшін келесі әдістер ұсынылуы мүмкін: демонстрация, интелбелсенді, иллюстрация, түсіндіру, әңгіме, әңгімесу, жаттығу, есептерді шешу, оқу материалын жаттау, жазбаша жұмыстар, қайталау.

Білім беру процесінде қашықтықтан оқытудың мынадай құралдары пайдаланылады: кітаптар мен оқулықтар (қағаз және электрондық нысанда), желілік оқу материалдары, әдеттегі және мультимедиялық нұсқалардағы компьютерлік оқыту жүйелері, аудио оқу-ақпараттық материалдар, бейне оқу-ақпараттық материалдар, зертханалық қашықтықтан практикумдар, тренажерлер, электрондық кітапханалар, сараптамалық оқыту жүйелері негізінде дидактикалық материалдар.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі пайдаланылатын материалдардың сапасына, мазмұнына, мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, сондай-ақ, оқу процесінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруге байланысты болады.

Бүгінгі таңда психология мен педагогика ғылымдары бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін, психологиялық мүмкіндіктерін зерттеуде едәуір табыстарға ие болады.

Жас ерекшеліктер дамумен тығыз байланысты. Даму үрдісін дұрыс басқару үшін педагогтар ежелден бері адам өмірін кезеңдерге бөлуге талпынған. Кезеңдерге бөлу жас ерекшеліктің бөлінуіне негізделеді. И.П.Подласый, Я.А.Коменский, Эльконин, В.А.Крутецкий, Ш.А.Амонашвили, т.б. ғалымдар жас ерекшеліктер, оның мәні жайында көптеген құнды пікірлер айтқан. И.П. Подласый жас ерекшеліктерге: “Жас ерекшеліктер деп өмірдің белгілі бір кезеңіне тән анатомо-физиологиялық және психикалық қасиеттерді айтамыз”- деген анықтама береді [1, 100 б.].

Белгілі ғалым Ш.Амонашвили бастауыш сынып оқушыларының психологиялық, - педагогикалық ерекшеліктерін: “дүниені диалектика заңдылығына сай түсінудің

генетикалықалғашқы пайым жасауға талпынуы”, - деп түсіндіреді [2].

Міне, осыдан келіп, білімнің алғашқы сатысы – бастауыш мектеп оқушылардың алғашқы дүниетанымдық түсінігі мен көзқарасын қалыптастыруда қолайлы мерзім екенін көруге болады. Сондай-ақ, қашықтықтан оқыту формасын қолданғанда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор екенін білеміз.

В.В.Давыдов: “... бала мен жасөспірім жас аралығында құпия әлемнен сатылып шығып, ата- ана ықпалынан арылып, жора-жолдастарымен араласып қарым-қатынас жасау, оқу және ойын іс- әрекеттерімен айналысу, оның басты дамуының белгілі құралы”, - [3] деп тұжырымдайды.

Оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру керектігі жөнінде Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, А.Дистерверг, И.Г.Песталоцци, И.П.Подласый, И.Ф.Лихачев, Ф.Харламов, М.Жұмабаев, Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев, С.А.Қалиев, еңбектерінде айтылған. Жас ерекшеліктерді ескеру - негізгі педагогикалық принциптердің бірі. Я.А.Коменский оқу-тәрбие процесінде жас ерекшеліктерді қатал ескеруді алғаш талап еткен ғалым. Ол өзінің оқыту мен тәрбие дамудың жас ерекшелік кезеңдеріне сай келетін табиғатқа сәйкестілік принципін дәлелдеп, ұсынды. Табиғаттағы әр нәрсе өз уақытында болатыны тәрізді тәрбиеде де барлығы мерзімінде, жүйелі түрде өз ретімен жүруі керек. Тек сонда ғана адамға адамгершілік қасиеттерін табиғи түрде сіңіруге, ақиқатты жас шамасына лайықты толық меңгеруге талпынуға болады. Я.А.Коменский: “Меңгеруге жататындардың барлығын әрбір жаста қабылдауға жеңіл болу үшін жас сатыларына сай сұрыптау керек” – деп ой-тұжырым жасайды /45/. Я.А.Коменский балаға оқу материалын негізгі жағдайлар , нақты жүйе түрінде айтып бергенді маңызды деп есептеді. Ол: фактілерден қорытындыларға, мысалдардан ережелерге, деректіден дерексізге, жеңілден ауырға, жекеден жалпыға өту принципін ұсынды [4]. Ал Ушинский болса: “Тек жүйе ... біздің білімдеріміздің үстінен толық билік береді”- деп жазады.

Оқу-тәрбие барысында жас ерекшеліктерді ескеру – негізгі педагогикалық принциптердің бірі болып табылатыны бәрімізге мәлім.

Жас ерекшеліктер әрбір пәнде, оқу материалдарын жүйелі орналасуын көздейді. Сонымен қоса, оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен формаларын таңдауды ескертеді.

Оқу-тәрбие барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығы туралы қазақ ғалымдарымыздың да айтқан құнды пікірлері баршылық. Бұл орайда Ж. Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Қ.Жарықбаевтың еңбектерін атапайтуымызға болады.

Яғни , оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерудің маңызы туралы жоғарыда аталып кеткен ғалымдардың еңбектерінің мазмұнынан айқын көрінеді.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектепте қашықтықтан оқыту жүйесін қолданудың бірқатар жетістіктері бар. Олар:

- оқу жылдамдығының әртүрлілігі - яғни оқу жылдамдығын оқушының өзі оның жеке жағдайлары мен қажеттіліктеріне қарай белгілейді;
- оқу процесінің еркіндігі пен икемділігі - оқушы сабақтың уақытын, орнын және ұзақтығын өз бетінше жоспарлай алады;
- оқудың қолжетімділігі - білім алушы мен білім беру мекемесінің географиялық және уақытша жағдайынан тәуелсіздігі білім беру қажеттілігінде өзін шектемеуге мүмкіндік береді;
- оқудың ұтқырлығы – мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру оқу процесінің табысты болуының негізгі талаптары мен негіздерінің бірі болып табылады;

- технологиялылық - білім беру процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалану;

- әлеуметтік тең құқықтылық - оқушының тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, материалдық қамтамасыз етілуіне қарамастан білім алудың тең мүмкіндіктерінің болуы;

- бағдарламаларды әзірлеу - жақсы әзірленген оқыту бағдарламалары мен курстарының болуы;

- шығармашылық - оқушының шығармашылық өзін-өзі көрсетуі үшін қолайлы жағдайлардың жасалуы.

Бұл жетістіктерге мұғалім бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескерген жағдайда қол жеткізе алады.

Әдебиеттер:

1. Подласый И.П. “Педагогика Новый курс” книга М., 2002 г. с.576, 72-76 с.
2. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети! –М, 2013. – 60 с. (27 с.)
3. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении педагогики. – М., Просвещение, 2005. – 194 с. 9 с.
4. Коменский Я.А. Великая дидактика Изб. Пед-ка М., 1955.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ МЕН МАҢЫЗЫ

ӘЛПБЕК А.З.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

ҚОЙШИЕВ Қ.Е.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

ИБРАХИМОВА Н.М.

*«Педагогика және психология» мамандығының 4-курс студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.*

АННОТАЦИЯ. В данной статье рассматривается психолого-педагогический характер и значение оценки знаний учащихся в условиях обновленного образования. Здесь также анализируются сущность и содержание, особенности оценки учебных достижений.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: оценка, академическая успеваемость, контроль.

ABSTRACT. This article examines the pedagogical and psychological nature and importance of assessing students knowledge in the context of updated education. It also analyzes the essence and content, features of the assessment of educational achievements.

KEYWORDS: assessment, academic performance, control.

Қазіргі кезде әлемнің барлық елдерінде оқытудың сапасын бағалауға айрықша көңіл бөлініп отыр. Бағалау технологиясы білім беру жүйесіндегі басым бағыт – білім берудің тұжырымдамасы мен стратегиясына негізделеді. Еліміз 2016 жылы 12 жылдық білім беруге көшкен кезде бағалау жүйесі өзгереді ме? «Бала жетістігін бағалаудың тағы қандай баламалы жүйесін ұсына аламыз?» деген сұрақтар бүгінгі күні педагогикалық қауымдастықты толғандыратыны анық.

Қазақстанда соңғы жылдары оқушылар жетістіктерін бағалау жүйесін әлемдегі білім дамытудың қазіргі заманғы ағымдарына сәйкестендіру мақсатында нығайту қажеттілігі пайда болды. Білім беру қызметкерлері, оқушылар және ата-аналардың «5» балдық бағалау жүйесінің ынталандырушы және болжамдаушы қызметінің жеткіліксіз екендігін танып білу – осыған негіздеме болып табылады. Қолданылатын «5» балдық (шындығында 4 балдық) шкалада және оның критериалдық негізінде тұлғалардың жеке қасиеттерін айқындауды есепке алудың мүмкүндігі жоқ. «3» (қанағаттанарлық) бағасының пәндік нормасы және критерийлері анық емес, бұл мектеп тәжірбиесінде педагогтің ұстанымына байланысты «жоғарылату» және «төмендету» бағаларына алып келеді. Сонымен қатар, мектептерде «қанағаттанарлықсыз»

бағаны тұлғаны басу, оқушылардың үрей мазасыз жағдайларын тудыру құралы ретінде қолдану кездеседі. Осы факторлардың барлығы білім берудегі жеке-бағдар әдісінің қағидаларын жүзеге асыру, гуманитарландыру бағытталған білім беру үрдісі бағалау аспектінің реформалау жолдарын анықтады [1].

ҚР баға берудің жаңа жүйесін енгізудің мақсаты – орта мектепте оқыту сапасын жоғарылату, мектеп бітірушілер алатын білімді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру болып табылады.

Оқушылар оқу қызметі нәтижелерін бағалау педагогикалық процестің маңызды кезеңі ретінде қарастырылады: ол оқыту нәтижелерінің жоспарланатын жетістіктеріне жету сатысын бекітуге шақырады, яғни оқушылардың білімін, танымын, дағдыларын қалыптастыру, жеке қасиеттері мен өзіндік қабілеттері мен қоса оларды дамыту деңгейін анықтау, сондай-ақ әрбір оқушының дербес білім траекториясын таңдауын негіздеу.

Балдық бағалау жүйесін енгізудің **басты міндеттері** мынадай болып табылады:

1. Жеке қасиеттері мен ақыл-ой дамуының деңгейін есепке алып, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда қазіргі заманғы әдістерді жүзеге асыру.

2. Түрлі деңгейдегі оқытуға қолданылатын бағалау шкаласын енгізу негізінде оқушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және дербес білім беру траекториясын жүзеге асыру үшін жағдайлар туғызу.

3. Әлеуметтік қорғау факторлары ретінде оқушылардың жетістіктерін бағалауда әділдік және объективтік жүзеге асыруды қалыптастыру жағдайларын қамтамасыз ету [2].

Оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін әзірлеу барысында мәселелерді шешу үшін келесі негізгі тәсілдер қолданылды:

Жеке-бағдар тәсілі – оқу жетістіктерін бағалаудың түрлі деңгейдегі теңестірме шкаласын пайдалану арқылы әрбір оқушының әлеуметтік мүмкіндіктерін дамыту және есептеу кіреді;

Қызметтік тәсілі – оқушының өзіндік өнімді қызметін ұйымдастыру жағдайында тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттерін анағұрлым толық айқындауға бағытталған;

Денсаулық сақтау тәсілі – жалпы оқу үрдісінде бағалау жағдайында қолайлы психологиялық климат құру жолымен балалар және жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық денсаулықтарын сақтау және нығайту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

Аталған тәсілдерді жүзеге асыратын педагогикалық жағдайларға мынадай аспектілер кіреді: оқу жетістіктерін бағалау үшін объективтік және жеке-маңызды критерийлерді пайдалану; оқу үрдісінде аталған көрсеткіштерге сәйкес түрлі деңгейдегі және типтегі тапсырмаларды қолдану; жұмыс қарқыны және оқу қызметінің түрлерін шынайы таңдауды қамтамасыз ету. Бағалау барысында жоғарыда аталған жағдайлардың орындалуы бала құқығын теңгереді, танымдық белсенділігінің деңгейін арттырады, эмоцияналдық байсалдылық және өз мүмкіндіктерін сенімділікті сақтауына ықпал етеді.

12 жылдық мектептегі бағалау жүйесінің жобасында келесі қағидалар жүзеге асырылған:

- Баға – критериалдық болып табылады, яғни бірінші кезекте критерий бойынша оқушының оқу жетістіктері деңгейлі белгіленеді, содан кейін сол негізде нақты баллдар немесе бағалар қойылады;

- Оқу нәтижелерінің пән бойынша білім стандартына және білім бағдарламасына сәйкестігі айқындалады;

- Орта білім сатысындағы мектеп бітірушілердің жете білушіліктерін қалыптастыру деңгейі белгіленеді.

12 жылдық мектепте баға берудегі білім нәтижелері білім, дағды және жете білушілік түрінде берілген. Бағалаудың екі әдісі пайдаланылады: **сыртқы және ішкі баға**.

Сыртқы баға – білім жүйесіндегі мемлекеттік бақылау білім департаменті басқармасының органы арқылы жүзеге асырылады. **Сыртқы бағаның мақсаты** – оқушылардың шынайы қол жеткізген нәтижелері мен жалпыға міндетті білім беру мемлекеттік стандартында бекітілген оқытудың жоспарланған нәтижелері аралығындағы сәйкестік белгілеу.

Сыртқы бағалау, білімін, ептілігін, дағдыларды игеру деңгейін өлшеу үшін білім саласында Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органымен әзірленіп, мазмұны, процедурасы және тексеру әдісі стандартталған тапсырмалар жүйесі пайдаланылады.

Оқыту сапасының ішкі бағалауы білім беру ұйымдарын тікелей жүргізіледі.

Мақсаты – оқушылар шынайы жетістіктерінің оқу пәні, бағдарламасы бойынша оқытудағы күтілетін нәтижелерге сәйкестігін белгілеу.

Ішкі бағалау – білім, ептілік, дағдыларды меңгеру деңгейін өлшеу үшін стандартталмаған тапсырмалар арқылы өткізіледі. Аталмыш бағалау білім жетістіктері нәтижелерінің деңгейіне жүйелі түрде бақылауды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, жинақтаушы және қалыптастырушыға бөлінеді. Қалыптастырушы бағалау – нақты оқушыға бағытталған. Ол оқушылардың білім нақты элементін игерудегі кемшіліктерін айқындап, оны толық нәтижелілікпен толтыруға бағытталған. Қалыптастырушы бағалау жеке тақырыптарды игеру барысында оқу тоқсанының ағымында іске асырылады.

Жинақтаушы бағалау – оқушының оқу тоқсаны және оқу жылындағы білімін нақты игеру қорытындылары бойынша жетістіктерінің деңгейін белгілеуге бағытталған.

Оқу жетістіктерін бағалау негізіне оқитындардың базалық сипаттамалары қойылған: оқытудың сапасы – (көрсеткіштері – жоспарланған білім, ептілік және дағдыларды игеру, игерудің белгілі деңгейін жету); танымдық дербестік; оқушының құзыреттілігін құрайтын қызмет әдістерін қалыптастыру сатысы.

Оқыту үрдісінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. Өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды.

Бақылаудың рейтингтік-тестік жүйесін қолдану ерекшелігі – оқу материалдары логикалық тұрғыдан аяқталған бөлік, немесе тарау болып саналатын модульдерге (блоктарға) біріктіріледі. Модульдердің саны оқу пәндерінің мазмұнының көлеміне байланысты белгіленеді. Модульдердің құрылымы оқу материалдарының белгілі бір бөліктерінен (порция) тұрады. Әрбір модуль нақтылы міндеттерден және өзбетінше тереңдетіп оқу тақырыптары мен тапсырмаларынан құрылады.

Рейтинг-тестік бақылау түрлеріне:

- а) күнделікті немесе ағымдық (текущий);
- ә) аралық (рубежный);
- б) қорытынды (итоговый) бақылау жатады.

Күнделікті немесе ағымдағы бақылау – әрбір модульдер бойынша жүргізіледі. Ол курстың белгілі бір тараулары немесе бөліктері, болмаса курделі тақырыптары аяқталған кезеңде ұйымдастырылады.

Аралық бақылау әрбір модульдер аяқталған кезеңде жүргізіледі. Осы аралықта коллоквиум, реферат қорғау, өздігінен жұмыстарын қолдануға болады. Дегенмен де, тестік жұмыстарын қолдану артықшылығы басым болады. Себебі – тест бағалау нәтижесін нақты көрсетеді:

- уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік туғызады;
- бақылау бір мезгілде барлық оқушыларды қамтуға қол жеткізеді;
- тест жұмысын атқару барысында барлық оқушылар бірдей тең жағдайда болады.

Қорытынды бақылау: сынақ, емтихан.

- Сынақ жұмыстары бақылаудың дәстүрлі тәсілдері арқылы жүргізіледі.
- Емтихан тестік форма негізінде жүргізіледі.

Тестік тапсырманың түрлері бақылау нысанасы мен тапсырманың сипатына сай анықталады. Ол бірнеше нұсқада жасалуы қажет.

Қорытынды бақылауға күнделікті және аралық бақылау қорытындысын жинақтап орта есеппен – 41% жоғары балл жинағанда ғана жіберіледі.

Формативті бағалау әдістерінің басты ерекшелігі – оқушылардың түсіну қабілетін бағалауда, сондай-ақ оқушылардың аналитикалық құралдар мен мысалдарды қолдануында танымдық прогресін анықтау.

Өзін-өзі бағалау. Оқушылардың бірін-бірі бағалауы. Өзін-өзі бағалау – бұл өзінің мықты және әлсіз жақтары, мүмкіншіліктер мен мәселелері жайлы ақпараттарды талдап жинауға бағытталған процесс.

Оқушылардың өзін-өзі бағалауы. Оқушылар үшін оның жетістіктерін бағалау ақпараты төмендегідей элементтерден тұрады:

- Алға қойған мақсаты.
- Берілген және қалыптасқан межелер (критерий).
- Қазіргі қол жеткізген жетістіктер деңгейінің сипаттамасы.
- Алдына қойған мақсаттары мен жеткен жетістіктерінің айырмашылығын түсіне білу.

Бірін-бірі бағалаудың артықшылығы:

- Бірін-бірі бағалау интерактивті сипатта болады.
- Оқушы немесе оқушылар тобы басқа оқушы немесе топтың жұмысына баға бере отырып, өздеріне пайда келтіреді. Жұмысты алдын-ала белгіленген межелермен бағалайды. Басқалардың жұмысын бағалағанда өз жұмысындағы қателерді көріп, қажет болса түзеуге мүмкіндік алады.

- Бірін-бірі бағалау әлеуметтік және коммуникативті қабілеттерді жақсартуға көмектеседі.

- Оқу үрдісінде бірін-бірі бағалаумен белсене айналысса, оқушылар баға мен бағалаудың маңызы жайлы тереңірек ұғынады [3].

Бағалауды сапалы жаңарту бағдарламаларының ретінде соңғы кездерде портфолио технологиясы ұсынылып жүр. Бұл технология оқушы әрекетінің нәтижесін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Дегенмен, портфолио бағалауда туындап отырған мәселелерді түбегейлі шешеді деуге болмайды.

Сонымен, бағалау дегеніміз – оқыту үрдісінде оқушының оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Себебі, бағалаудың негізгі сипаты – бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістер.. Оқу құралы. – Алматы, 2009.

2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – А., 2004.

3 Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ КОГНИТИВТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ӘЛІПБЕК А.З.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

ҚОЙШИЕВ Қ.Е.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

ЖАРҚЫНБЕКОВА А.С.

« Педагогика және психология» мамандығының 4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

АННОТАЦИЯ. Эта статья предусматривает формирование когнитивной активности подростков посредством организации их самостоятельной работы. Здесь также определяются цели и задачи, условия, принципы организации самостоятельной работы.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: подросток, когнитивная сфера, самоконтроль.

ABSTRACT. This article provides for the formation of cognitive activity of adolescents through the organization of their independent work. It also defines the goals and objectives, conditions, principles of organizing independent work.

KEYWORDS: teenager, cognitive sphere, self-control

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес, білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық қабілетінің, когнитивтік біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» - деп көрсетілген [1].

Педагогикалық әдебиеттерде өзіндік оқу жұмысы когнитивтік белсенділікті қалыптастырудың формасы және мұғалімнің әдістемелік жетекшілігімен, бірақ оның тікелей қатысуынсыз орындалатын жасөспірімдердің жоспарланған жұмысы ретінде қаралады.

Оқыту жұмысын тек сабақ арқылы ұйымдастыру мүмкін емес. Сыныптық-сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі – жасөспірімдердің дара ерекшеліктерін дамытуға жеткілікті мүмкіндіктердің болмауы – оқытуды ұйымдастырудың басқа жолдарын іздестіруге себеп болды. Сондықтан жасөспірімдердің сыныптық-сабақтағы когнитивтік белсенділігін дамыту, толықтыру және жасөспірімдердің өзіндік шығармашылық белсенділіктерін, қабілеттерін арттыру мақсатында оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына семинар, экскурсия, факультативтік, қосымша, конференция сабақтары, үйдегі оқу жұмысы, тәжірибелік-зертханалық және пәндік үйірме жұмыстары, олимпиада, сынақ және емтихан, өзіндік жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Жасөспірімдердің оқу жұмысын сәтті ұйымдастыруда оның өзіндік жұмыстарының маңызы ерекше. Бүгінгі таңда жасөспірімдердің үзіліссіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай мектеп мұғалімдеріне олардың ойлау қабілеттерін одан әрі арттыру, когнитивтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын тәрбиелеу талап етілуде. Ол үшін өзіндік жұмыс жасөспірімдердің тек үй жұмысын орындау барысында ғана емес, оқыту үрдісінің өн бойында өз орнын табуы тиіс. А.Байтұрсынов: оқушының өзіндік жұмысының маңызын бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керектігін атап айтқан болатын. Жалпы білімге деген құштарлық – кез келген

сыныптағы балаға тән қасиет. Күн сайын жаңа бір нәрсені білуге ұмтылу – бала үшін зор қуаныш, үлкен мерей.

Ал, В.Г.Лембергтің пікірінше, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мына шарттарға байланысты:

- жұмыстың мақсатын айқын түсінуі;
- жұмыстың жемісті аяқталуына оның алдағы нәтижесіне қызығуы;
- жұмысты өз еркімен, қалауымен орындауы.

Оқушының когнитивтік белсенділігін қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі – оқушының өзіндік жұмысы мен өздігінен білім алу әрекеті. Өзіндік жұмыс іскерліктер мен дағдылар, ой еңбегінің мәдениетімен байланысты. Білімді игеру барысында оқушы кездесетін қиыншылықтарды жеңуде табандылық, есте сақтау, кітаппен жұмыс, байқау және жазба жұмысын жүргізе білу, ой әрекеттерінің бірқатар тиімді тәсілдерін игеру, өзін бақылай білуі керек [2].

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар:

- мұғалімнің нақты тапсырмалар, нұсқаулар беруі;
- жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі;
- мұғалімнің басқаруымен оқушының дербестігінің мөлшері;
- олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен орындауы, оған әсер ететін мотивтер.

Өзіндік жұмысты мұғалімнің дұрыс басқара білуі және оқушының дербестік әрекетінің деңгейінің артып отыруы – осы жұмысты ұйымдастырудың негізгі белгілері болып табылады. Жасөспірімдердің дербестігінің даму деңгейіне қарай өз бетінше істейтін жұмыстарды репродуктивтік және шығармашылық деп арнайы екі топқа бөлуге болады.

Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өзіндік ойлану біліктері мен ізденімпаздығы.
2. Оқуға деген қабілетінің артуы.
3. Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру.
4. Басқа жасөспірімдердің түсіндірмелеріне сын көзбен қарау.
5. Өз ойының дербестігі.

Репродуктивтік жұмыстар – оқушының дайын үлгіге қарап жасайтын жұмыстары (көшіріп жазу, жаттығулар, мұғалімнің сұрақтарына жауап беру, оқулықтағы мәтінмен жұмыс істеу, сабақ үстінде орындаған тапсырмаға ұқсас тапсырманы үйде орындау т.б.) жатады.

Жасөспірімдердің өзіндік жұмыстарының жоғарғы формасына олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады. Шығармашылық жұмыстар – оқушының өздігінен баяндама, реферат, модельдеу, көрнекі құралдар жасауы және т.б. Өзіндік жұмыс когнитивтік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруда, болашақта білімді өз бетінше жинай алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады, ойлауды жандандырады және оқып-үйренуде жасөспірімдердің жалпы белсенділігін арттырады. Жасөспірімдердің әртүрлі өзіндік жұмыстары негізінде сабақтың нәтижесін және таным қабілеттерінің белсенділігін арттыруға болады.

Жасөспірімдердің когнитивтік белсенділігі – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде, тәжірбиеде пайдалана білуге, үйренуге оқушының орындайтын саналы әрекеті. Оқыту үрдісінде оқушының белсенділігі екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, мұғалімге зейін қойып қарауы, мимикасы т.б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін. Оқушының ішкі белсенділігі – оның белсенді түрдегі ойлау әрекеті. Оқушының өзіндік жұмысы оқу материалдарын нығайта түсу, жаңа материалды игеру мақсатын көздейді.

Соңғы он жылдықта өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың теориялық, әдіснамалық мәселелері көптеген ғалымдардың еңбектеріне арқау болып, әртүрлі бағыттарда қарастырылады:

- оқуды белсендіру құралы ретінде (Б.П.Есипов, П.И.Пидкасистый);
- жасөспірімдердің когнитивтік белсенділігін қалыптастыруға бағытталған теориялық тұжырымдамалар (И.Я.Лернер, М.И.Махмутов);

- дербестік – өзіндік ұстаным, рухани практикалық білім ретінде;
- дербестік жеке тұлғаның қасиеті мен сапасы ретінде (К.А.Абульханова, К.К.Платонов).

Ғылыми педагогикалық зерттеулерде «Өзіндік жұмыс» ұғымына бірнеше анықтамалар берілген:

- оқыту үрдісінде енгізілген жасөспірімдердің өзіндік жұмысы мұғалімнің тікелей қатысуынсыз орындалатын жұмыс; бұл жағдайда оқушылар саналы түрде тапсырманың мақсатына қол жеткізуге өздерінің күштерін пайдалану және когнитивтік белсенділіктерінің нәтижелері арқылы іске асады(Б.П.Есипов);

- жасөспірімдердің тапсырмаларды еш көмексіз, мұғалімнің бақылауынсыз орындауы;

- өзіндік оқу іс-әрекеті дегеніміз – бұл дидактикалық ұғым, ғылыми практикалық міндеттерді өз бетімен қою, оның шешімін табудың өзіндік тәсілдерін болжау және анықтау, жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі бағалауы негізінде педагогикалық үрдіске қатынасушылардың өзара іс-әрекетінде қалыптасқан жеке тұлғаның интегративті білімі (А.Х.Аренова) [3].

Өзіндік жұмысқа бейімдеу – оқушыны өзін-өзі дамытатын белсенді тұлға ретінде өзін тануға, өзіндік дамуға, өзін бақылап бағалауға қабілетті, мұғаліммен тең диалогтық қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға ретінде қалыптастырушы фактор.

Оқушыларды өзіндік жұмысқа бейімдеу тиімді болу үшін мынадай шарттар керек:

- өзіндік жұмыстың мәні мен қызметтері нақтыланып ашылуы;

- өзіндік жұмысқа бейімдеуге арналған арнайы дидактикалық жүйенің жасалынуы;

- тиімді қызмет ететін және дамытуға қабілетті арнайы жүйе анықталып, тәжірибелік сынақтан өтілуі.

Өзіндік жұмыстың түпкі мақсаты – оқушының оқу-когнитивтік тапсырмаларды өз бетінше орындауы арқылы өзінің оқу үрдісін жетілдіруі.

Өзіндік жұмыс блогына мына компоненттер жатады:

- өзіндік әрекет;

- өзіндік басқару;

- өзіндік бағалау [4].

Өзіндік бағалау толыққанды үрдіс ретінде белгілі бір мақсатта оқушының өзіндік басқаруы және өзіндік әрекеті аясында іске асады. Өзіндік әрекетті ұйымдастыруға арқау боларлық когнитивтік тапсырмаларды дидактикалық құрал ретінде қарастырылады. Оны 1-сызбадан көруге болады.

1-сызба. Өзіндік бақылау әрекетінің мазмұндық жүйесі



Осы айтылғандарды қорытындылай келіп, аталған әрбір қимылдың өзіндік мазмұны – оқушыда бұрыннан бар білім мен дағдылар негізінде қойылған мақсатқа сәйкес жүзеге асырылатын нақты қимылдар жиынтықтарынан тұратындығын атап өткен жөн. Өзіндік әрекет арқылы жүзеге асырылатын когнитивтік белсенділіктің түпкі мақсаты – тұлғаны қалыптастыру. Өзіндік жұмысқа бейімделу өзіндік когнитивтік белсенділікті қажетсінуді тудырады. Оның белгілеріне: білімді қажетсіну, білімді ғана емес оны игеру жолын тереңірек меңгеруге құштарлық, оқу материалына сын көзбен қарау, бір мәселе бойынша өз көзқарасының болуы, өз бетінше ойлау, өзінің тіршілік әрекеті және ары қарай білімін көтеру үшін жаңа білім алуға ұмтылуы жатады.

Өзіндік жұмысқа бейімдеу негізінен оқушы тұлғасы арқылы жүзеге асырылып, оған бейімделу мұғалімнің қатысуымен жүретін үрдіс. Өзіндік жұмысқа бейімдеу жүйесі толығымен субъектінің өзіндік байланысты өзгерістерді байқауына мүмкіндік береді. Өзіндік жұмыс және оның құрамдас бөлігінің біріне жататын өзіндік басқару, тұтас бір дидактикалық жүйені құрайды. Осы тұрғыдан, өзіндік басқару мен өзіндік бақылау ұғымдарын ішкі үрдістері жағынан қарастыру оқушының оқу-когнитивтік белсенділігінің көкейкесті күйін талдауға, оның дамуын болжауға мүмкіндік береді. Енді осы мәселені теориялық түрде негіздейік. Бұл тұрғыдан бірінші ретте оқушының өзінің оқу-когнитивтік белсенділігін ұғынуы, оны реттеу және жетілдіруімен көрінетін өзіндік бақылау негізделеді және оған өз тұлғасының дамуы жағдайында өзіндік жұмысқа бейімделуге алғашқы сатысына баса назар аудару қажет. Өзіндік бақылауға бейімдеудің алғашқы кезеңдерінде өзіндік басқару әрекеті жеткілікті болмайды. Өзіндік бақылауға бейімдеу мақсатын жүзеге асыратын өзіндік басқару жасөспірімдердің теориялық білімді терең игеруге, оның көмегімен өз білімін тұрақты түрде толықтырып және жаңартып отыруды қажетсінуді әдетке айналдыруды және ойлау әрекетін дамытып, өзіндік бақылауға бейімдеудің тиімді әдіс-тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді. Оқушыны өзіндік бақылауға бейімдеудің педагогикалық тұжырымдамасының басты мақсаты – баланың өзіндік еркінің дамуына педагогтың кәсіби көмегі қажет.

Өзіндік оқу жұмыстары төмендегі принциптерге негізделеді:

- жекелендіру – жасөспірімдердің оқу пәні мазмұнын жеке тәртіпте меңгеруге мүмкіндік береді;
- өзектендіру – оқушылар оқуының нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін ақпараттың дер кезінде болуы мен пайдалылығы;
- әдістемелік қамтамасыз етілуі – білім алушылардың оқу үрдісін ұйымдастыру үшін ақпараттық-дидактикалық нұсқаулықтарды қолдануы;
- рефлексивтік – білім алушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижелерін өзіндік бағалаулары және қажет жағдайда оған түзетулер енгізуі.

Жалпы қорыта айтқанда, өзіндік жұмыстың мақсаты – жасөспірімдердің когнитивтік міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы
2. Педагогика: Педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждер студенттеріне арналған оқулық / Ред.басқ. П.И.Пидкасистый. – Алматы: Қазақ университеті, 2006
3. Әбілқасымова А. Қазіргі заман сабақ. –Алматы, 2010
4. Әбілқасымова А., Омарова Р. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2010ж.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

ӘЛІПБЕК А.З.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

ҚОЙШИЕВ Қ.Е.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

НҮРӘДІЛ А.Ғ.

*«Педагогика және психология» мамандығының 4-курс студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.*

АННОТАЦИЯ. В данной статье речь пойдет о возможностях инклюзивного обучения в общеобразовательных школах. Также пытались раскрыть сущность понятий «инклюзив», «инклюзивное образование».

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: инклюзивная образования, инклюзивные обучение

ABSTRACT. This article will focus on the possibilities of inclusive education in secondary schools. They also tried to reveal the essence of the concepts of «inclusive» and «inclusive education».

KEYWORDS: inclusive education, inclusive learning

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл-ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру.

Инклюзив – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзивті білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп (интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру боп табылады. Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылғы «Кемтар балаларға әлеуметтік-медициналық-педагогикалық-психологиялық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 заңы бойынша ПМПК, ТДТ, ППТК, ППТК сыныптары үйден оқыту, үйден әлеуметтік көмек көрсету, көмекші бағдарлама, арнайы (ПДТ) бағдарлама бойынша 5 түрлі куәлік беру ережелерін және мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау, қамқорлау, диагнозын анықтау, емдеу, оңалту, тәрбиелеу, оқыту, қатарға қосу мәселелері бойынша жаңадан шыққан заң, қаулы, ереже тәртіптерінде қаралған. Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі [1].

Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы қалыпты балалар сыныбында – тобында оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі) қарапайым топтарда өткізіледі. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі. Толық дамуында ауытқулары бар балалар балабақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді. Кемтар балалардың ата-аналары көмекші не арнайы мектептерге, арнайы интернаттарға немесе балабақшаға баласын бергісі келмесе жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ның ұсыныс бойынша жеңілдетілген бағдарлама бойынша оқытуға толық құқылы.

Сабақтар «кәсіптік бағдарлаушы» жаттығулар мен ойындар сияқты жеке-жеке, я болмаса, өткізілуі ұнамды арнайы кәсіптік өзін-өзі анықтауға арналып жетілдірілген тренингтерден тұрады.

Моральді қолдау және қауіпсіздік атмосферадағы топта, жеткіншектер ешқандай қысымсыз, бір деңгейде өз пікірлерін ашық та еркін түрде айта алатындай күйде, болашақтағы таңдаған мамандығы туралы жағдайларды еш кедергісіз талдауға мүмкіндік ала алады; өз ойларын аргументті түрде білдіруге, қысылмай айта алуға үйренеді; әртүрлі кәсіптік рөлдерді моделдейді және т.б.

Тренинг оқушылар өз карьерасын мәнді-мағыналы жоспарлауға көмектесе отырып, олардың ойға алған мамандық таңдаудағы ниеттерін және мақсаттарын коррекциялауда таптырмайтын құралы да болып есептеледі. Оқушының топтағы орындалатын жаттығулар мен ойындардан алған тәжірибесі, карьер таңдауда әлеуметтік-психологиялық белсенділігінің маңызды эмоционалдық компоненті болып келеді.

Тренингтік кездесулерді ұйымдастырарда тренер, жаттығулар мен рөлдік ойындарды таңдауда аса маңызды рөл атқаратын ақпараттарға көңіл бөлгені қажет, яғни әр қатысушының жеке басының ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың мамандық таңдаудағы психологиялық дайындықтарының деңгейін біліп алып, нақты топ оқушыларының мамандық таңдауындағы жиі жіберетін қателерін талқыға салынуы керек.

Топта қауіпсіздік атмосферасын орнату мақсатында, тренер топтағы қарым-қатынас ережелерін енгізеді және оны тренинг барысында сақталуын қадағалайды.

Сондықтан да психологтар қауымы бірыңғай ұлттық тестке дайындық кезеңінде оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен практикасын өңдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау дағдысын оқыту, өзіне сенімділігін арттыру мақсатында практикалық сабақтар өткізуді жоспарлады.

Мақсаты: Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңге оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін; өзін-өзі реттеуін; өзін-өзі бақылау дағдысын оқытуын; сенімділігін арттыруын жүзеге асыру.

Міндеттері:

1. Стреске қарсы тұруын арттыру
2. Сенімді мінез-құлық дағдысын арттыру
3. Эмоциялық ерік сферасын дамыту
4. Эмпатия сезімін дамыту, өзіне көңіл бөлу және айналадағыларға сенім білдіру.
5. Ішкі резервтерді тірек етіп, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.
6. Іс-әрекетін талдағанда өз жауапкершілігін сезінуге көмектесу
7. Конструктивті өзара әрекет дағдысына оқыту.

Көзіңіз шаршаса не істейсіз?

Емтиханға дайындалу кезінде көзге ауырлық түседі. Егер көзің шаршаса, онда ағзаң шаршайды. Мұндайда емтихан тапсырмасын орындауға күшің жетпейді. Сондықтан да көзіңнің демалуына жағдай жасау қажет.

Кез-келген екі жаттығуды орында:

- кезегімен жоғары-төмен (25 сек), оңға-олға (15 сек) қара;
- көз қарашығыңмен аты-жөніңді жаз;
- ұзақтығы бір затқа 20 секунд, сосын алдындағы қағазға 20 секунд көзіңді тік;
- сағат тілі бойынша оған кері етіп, көз қарашығыңмен және квадрат, үшбұрышты сал.

Күн тәртібі

Бұл күнді үш бөлікке бөл:

- емтиханға дайындық күніне 8 сағат
- спортпен айналысуға, таза ауада серуендеуге, би алаңына баруға 8 сағ;
- 8 сағаттан кем ұйықтама және қажет болса, түсте демалып ал.

Тамақтану

Тамақтану 3-4 реттен және витаминге толы болу керек. Тамақтанғанда грек жаңғағын, сүт өнімдерін, балықты, етті, көкөністі, жеміс-жидекті, шоколадты қолдану керек. Тағы да бір кеңес: емтихан алдында тамақтанбау керек.

Сабакқа арналған орын

Жұмыс кеңістігін дұрыс ұйымдастыр. Үстел үстіне сары және күлгін түстен суреттер мен заттар қой, өйткені ол интеллектуалдық белсенділікті арттырады. Жыл бойына, аптасына бір күнімізді өздеріңіз үшін бөлген болатынбыз енді осы өткізілген тренингтер ҰБТ тапсыратын түлектерге сенім мен күш жігер береді деген ойдамын.

Тренинг тақырыбы: «Әрбір тұлға-бір жұлдыз»

1. Мақсаты: Танымдық қабілеттерін дамыту;
2. Урей сезімінен арылып, өзіне сенімділігін арттыру

Тренинг міндеттері:

Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, тыңдай білуге өз көзқарасын білдіре алуға, өзге адамдарды түсіндіруге ырымшылдыққа келуге қалыптастыру.

Қатысушылар шеңбер құрап отырады.

Амандасу жаттығуы. «Бумба – юмба тайпасы»

Нұсқау: Біз сіздермен «бумба – юмба » тайпасына қамауға алындық. Енді біз олардың айтқаны бойынша жүруіміз керек.

1. Сәлемдесу

1. шапалақ – мұрнымыздың ұштарымен үйкелеміз.

2. шапалақ – арқамызбен үйкелеміз.

2. Дос болу

1. шапалақ – бір- бірінің қолына шапалақ ұру

2. шапалақ – бөкселерімен ұрылады.

3. **Қоштасу** 1. шапалақ – оң жақ беттерімен үйкеледі.

2. шапалақ – сол жақ беттерімен үйкеледі

3. шапалақ – қолдарын көтеріп айналады.

Сұрақтар:

1. «Қатысушылардан қандай ерекшелігім бар?»

2. «Қатысушылармен қандай ұқсастығым бар?»

«Атом және молекула» жаттығуы.

Әр қатысушы- жеке атомдар .Жүргізушінің айтуы бойынша атомдар қозғалысқа түседі, бір-бірімен жеңіл қақтығысқа түседі . Жүргізуші қанша атомның қосындысынан молекула құралатынын айтады , сол кезде сол санға сай бірігіп тұра қалу керек. Молекула құрамына кірмей қалғандар ойыннан шығады .

Зейінді дамытуға арналған «33» ойын-жаттығуы

Мақсаты: зейіннің ауспалығын дамыту.

Нұсқау: Қатысушылар санақ бойынша санайды. Әр 3 саны бөлінетін санға келгенде санақ орнына қол шапалақтайды. Ойын жаңылысқанға дейін жалғасады, шатасқан уақытта санақ басынан басталады.

«Сырласу» қызықты оқиғалармен бөлісу



Әдістеме мазмұны: Тұлғаның жан –жақты өсуіне ,өзіндік сананы қалыптастыру.

Тренинг тақырыбы: «Топтық динамиканы орнату»

Мақсаты:

өзін-өзі тануға ұмтылыс, өзінің ішкі әлеміне үңілуге және оны бағдарлауды қалыптастыруға жағдай жасау.

Қатысушылардың сезімі мен эмоциясы туралы білімін кеңейту, өз сезімі мен эмоцияналдық реакциясын білдіруде басқара білуге үйрету.

Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, тыңдай білуге өз көзқарасын білдіре алуға, өзге адамдарды түсіндіруге ырымшылдыққа келуге қалыптастыру.

Жұмыс уақыты: 30 мин.

Нұсқау: Қазір топтың әр мүшесі кезекпен ортаға шығып, топқа қарап бірін-бірі қайталамай топпен кез-келген тәсілмен сәлемдеседі. Ал біз әрбір сәлемдесуді қайталаймыз».

«Туған күн» ойыны

«Сөйлеуші заттар» жаттығу

Қорытынды: Бұл тренингте білім алушылар өздерінің инстинктеріне бағынышты. Білім алушылардың ұйымшылдығы байқалды. Бұл тренинг білім алушылар бірін-бірі тыңдап, бірге жұмыс істеуді үйретеді.

Қазіргі сәтте ойларыңыз шашыраңқы, мақсаттарыңыз күңгірт, белгісіз болса, ұстанымды дұрыс қоя білу арқылы Сіз күрт өзгере отырып, тамаша жетістіктерге жетуге болатындығын сезіндіңіздер.



“Құпияны табу” жаттығуы

Мақсаты: Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру.

Жүргізуші. Бір ғалым дәл өзіне ұқсас адамды жасапты. Бірақ ол өте қатігез екен. Өзінен қандай айырмасы бар екенін дәлелдеу үшін шарқ ұрыпты. Сізде осындай жағдай болса, не істер едіңіз? Ол адамда қайталанбайтын, сізде ғана бар қандай қасиетке иесіз? Сізде басты қандай құпия бар? Барлық қатысушылар өз құпиясымен бөліседі.

“Мен дегеніміз деген не?” талқылау

Жүргізуші алдымен кіші, сосын үлкен топта осы сұрақ бойынша талқылама жасауды ұсынады.

Жүргізуші. “Мен” – бұл сезімдерің, ойларың, тәнің, әрекетің, тілегің, армандарың, жаның, мінезің т.б. деп қорытындылайды.

7. “Мен ... ” және “Мен қандаймын” жаттығуы

Мақсаты: “Мен тұжырымдамасына” саналы түрде көңіл бөлу.

Жүргізуші. Сіздер жұмыс дәптерлеріңізге “Мен ...” сөзін зат есіммен толыққан 10 қатар сөз тіркесі етесіз. Сосын “Мен қандаймын?” деген сұраққа сын есімді қолданып 10 рет жауап бересіз. Барлығын жазып отырасыз. Алдамен кіші, сосын үлкен топта талқылама жасалады.

8. “Үй, адам, жер сілкінісі” жаттығуы

Мақсаты: Сергіту арқылы еркін әрекет етуге үйрену

Жүргізуші “Үй” дегенде екі адам бірігіп, шатыр құрады. **“Адам”** дегенде екі адам бірігіп, ортасына адам кіреді. **“Жер сілкінісі”** дегенде бейтарап болып жүреді. Қалып қалған адам жүргізуші болады.

9. “Құпия досым” жаттығуы

“Құпия досына” хат жазу және кімнен хат келгенін табу. Осы күнге дейін біз сіздермен көптеген семинар-тренингтер мен ойын-жаттығуларды бірге өткіздік. Әрбір жүргізілген жұмысымыз сіздерге өз нәтижесін береді деген сенімдемін.



Ең соңында айтарым: *«Бүкіл әлемді өзгертемін дегенше, өз ішкі дүниеніңді өзгерткеніңіз дұрыс». Түлектер өздерінің он бір жыл білім алған алтын ұяларымен қоштасса, ұстаздар өздерінің сүйікті шәкірттерін өмірге қанаттандырады. Барша жас түлектерді алда үлкен сын күтіп тұр. Барлықтарыңа Ұлттық Бірыңғай тестілеуден абыроймен өтіп, Қазақстанымыздың білікті маманы атануларыңа тілектеспін.*

Сізге жарқын болашақ, жақсы өмір тілей отырып, қамшының сабындай осы бір қысқа өмірдің әр минутын мәнді де қызықты өткізулеріңізге тілектеспін.

Әдебиеттер:

1. Абрамова Галина Сёргеевна. Практическая психология: Учебник. М.: Академический проект, 2000. -512с
2. Большой толковый психологический словарь: В 2т.: Пер. С англ. -М. Вече;
3. Выготский Лев Семенович. Педагогическая психология. /Под ред В. В Давыдова.-М.: Педагогика, 1991
4. Кон И.С. Психология ранней юности. - М., 1982.
5. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество: Учебник.- М.: Академия, 2000.- 452 с.
6. Обухова Л.Ф. Возрастная психология. – М.: Россия, 2001, 414 с.
7. Ремшмидт Х. Подростковый и юношеский возраст: Проблемы становления личности (Пер. с нем.). - М., 1994.
8. Н.С.Пряжниковтің «Профессиональные и личностные самоопределение» М.:ИПП, 1996

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ҚҰРБЫЛАРЫ МЕН ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДА ЫНТЫМАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

БАЗАРҒАЛИЕВА Н.Ә.

Алматы қаласы Жетісу ауданы №102 ЖББМ КММ

Педагог-психолог

МУРАТОВА Л.И.

КММ “Жасөспірімдерді уақытша ұстау орны”

БАЛТАБАЕВА Г.А.

№43 ЖББМ Педагог-психолог

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается проблема установления дружеских отношений между подростками и взрослыми. Авторы проводят глубокий анализ источников по различным аспектам подросткового возраста, анализируют факторы, способствующие негативным проявлениям в поведении молодежи. Отмечается, что в последние годы поведение подростков приобретает массовый характер, что ставит этот вопрос перед социальными педагогами, психологами, врачами, сотрудниками правоохранительных органов.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: девиант, психолог, социологист, роль, личность

ABSTRACT. The article deals with the problem of establishing friendly relations between adolescents and adults. The authors conduct an in-depth analysis of sources on various aspects of adolescence, analyze the factors that contribute to negative manifestations in the behavior of young people. It is noted that in recent years, the behavior of adolescents has become widespread, which raises this question for social educators, psychologists, doctors, and law enforcement officers.

KEYWORDS: deviant, psychologist, sociologist, role, personality

Жеткіншектік кезең – тұлғаның негізі құрылымды компоненттерін қалыптастырудағы негізгі кезең болып табылады. Жеткіншектік кезең мектеп тәжірибесінде «өтпелі кезең» деген атаумен бәрімізге белгілі. Бұл кезеңде жеткіншек балалар мен мұғалімдердің, ата-аналармен өз балаларының қарым-қатынасында түрлі дау-дамайлар туындап, тәрбие жұмысына кері әсерін тигізеді. Өйткені, бұл кезеңде жеткіншек бойында балалық пен ересектік қатар жүреді де, әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктеріне сай сипат алады. Сондықтан да тұлғаның өсіп жетілуінде қарым-қатынастың орны ерекше. Жеткіншек кезеңнен бастап адамның болашақ тағдырын бағыттайтын оның басқа адамдарға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Есейген сайын оны өзгертуге мүмкіндіктер болып тұрғанына қарамастан, уақыт өткен сайын сол мүмкіндіктерді пайдалану қиынға соғады. Өйткені, жас адамға өзгелермен қарым-қатынас орнату, оларға деген көз қарасын қалыптастыруды жоқтан бастауына тура келеді. Ол өзінің мінез – құлқы мен өзге адамдардың мінез құлқын басқаратын заңдылықтарды білмейді. Оның өзіндік танымы оған керекті ақпаратты толық түрде бере алмайды, жеткіншек өзгелердің жүріс-тұрысында, іс-әрекетінде ненің қажетті, ненің басым екенін, неге көңіл аударып, нені самарқау қабылдауға болатынын біле алмайды. Ол әлі де болса психологиялық түрлерін білмейді, өзіне психологиялық шабуыл жасалып отырғанын да тани алмайды. Сондықтан да ол ересектер оңай айналып өтетін түрлі арандатушылыққа тез ұрынады. Л.И. Божович кіші мектеп кезеңіндегі топтасудың негізгі балалар әрекетінің біріккені болып табылса, ал жеткіншектерді, керісінше, қызығатын пәндері, қызығушылықтары, ең маңыздысы болып

құрдастарымен кең түрдегі қарым-қатынас мүмкіндігі мен анықталады. Бұл кезеңдегі жеткіншектер үшін құрдастарымен жай ғана бірге болу емес, сонымен қатар, олар үшін, ең бастысы-олардың арасында қанағаттанарлықтай орынды иеленуі. Сонымен бірге, бұл кезеңде олардың айтқандары басқа адамдардың бәрінің сөзінен гөрі басым, маңызды болып көрінеді. Балалар жеткіншек кезеңінің басында құрдастарымен қарым-қатынасқа түрлі тәжірибе негізінде келеді: кейбір балаларда – ол өмірінің аз бөлігін алса, кейбіреуінде тек мектептегі қарым-қатынасқа түсумен ғана шектеледі. Уақыт өте келе, жеткіншек жасындағылардың құрдастарымен қарым-қатынасы олар үшін өте маңызды орынды иеленеді. Жеткіншектің әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуында, оның құрдастарымен жақын достарының қатынасы ерекше мәнге ие. Құрдастарымен арасындағы қарым-қатынаста- достық өзара сенім, қайырымдылық, бірін-бірі сыйлау, көмек көрсету, бір-бірінің кемшілігін айтып, оны жоюға жәрдемдесу, іс-әрекетті бірігіп орындау, т.б. қарым-қатынастар орын алады. Осындай әрекеттер барысында өзара пікір алысады. Онда, алдымен әдеби және ғылыми тақырыптар, түрлі адамгершілік қасиеттер жайында айтылып, содан жолдастық, достық, ұнату, махаббат ұғымдары жайлы көзқарастары қалыптасады. Жеткіншектердің осындай түрлі іс-әрекеттеріндегі қарым-қатынасы жаңа психологиялық және тұлғалық сапалардың қалыптасуына негіз болады. Сондықтан да, А.В.Мудрик, жеткіншектің құрдастарымен қарым-қатынастағы қажеттілікті ата-аналары ауыстыра алмайды, және уақыт өте келе ауқымы кеңейе түседі деп көрсетеді. Және жеткіншектің мінез-құлық ерекшеліктерінің қалыптасуына ұжымдық топтың әсері зор деп санайды. Сондықтан да, ол ұжымның төмендегідей ерекшеліктерін көрсетті:

Біріншіден, топтағы құрдастарымен қарым-қатынасы түрлі информациялардың маңызды каналы, олар арқылы белгілі бір себептерге байланысты ересектер хабардар етпейтін көп нәрселерді біледі.

Екіншіден, механикалық қатынастың өзгеше түрі. Топтық ойындар және тағы басқа біріккен іс-әрекетті қажетті дағдыларды өңдейтін және де сол уақытты өзінің құқығын ысырып қойып, ұжымдық әрекеттерге бағына алу ептілігі.

Үшіншіден, эмоционалдық байланыстың ерекше түрі. Топтағы жолдастық, ынтымақтастық, тұрақтылық пен нақтылықтың қалыптасуына өзара көмек көрсетіп, қолдау береді.

Жеткіншектің мінез-құлқы оның жағдайы маргиналдығымен (аралық) анықталады. К.Левин және басқа әлеуметтік – психологиялық бағыттардың өкілдері жеткіншектік маргиналдығын (подоростковую маргинальность)әлеуметтік статустың ерекшеліктерімен байланыстырады. Балалар әлемінен ересектер әлеміне өткенде, жеткіншек толығымен не балаларға, не ересектерге жатпайды. Бір жағынан, «жеткіншектің мінез-құлқының» дәрежесі бұл кезеңнен өткенше бірқалыпта болмайды. Жеткіншек кезеңге аяқ басарда балалар мен мінез-құлқы жағынан да толығымен не ересекке, не балаға ұқсамайды: олар бір-бірімен кикілжіңге тап болып отырады, шамданғыш, ұшқалақ, қай уақытта болмасын, белсенділік танытады, өзгенің ықпалына тез түсіп қалады, бұл кезеңде романтикалық сезімге тез берілетіні соншалықты: аз уақыт ішінде ұнатып та, жек көріп те кете алады. Осының нәтижесінде мінез-құлқында түрлі өзгерістер пайда бола бастайды. Осындай өзгерістердің жағымды жағына қарай өзгеруіне себепші болатын ойындар мен жаттығуларды өз тәжірибемнен ұсынамын.

«Құстар тобы» ойыны

Психолог: «Қазір сендер кішкентай құсқа айналасыздар. Сіз әуен арқылы ұша бастадыңыз. Бір-бірлеріңізге соқтығысып қалмаңыздар. Абайлаңыздар. Менің нұсқауым бойынша, сіздер шағын ғана топ құрасыздар, құстардың тобының санын мен өзім айтамын».

Бірнеше уақыт өткен соң жүргізуші мәселен «бес» санын айтады. Қатысушылар бес адамнан құралған топ құрайды. Кім құстар тобына лезде кіре алмаса, сол ойыннан шығады. Содан соң, психолог құстардың топ құруы үшін басқа санды айтады. Ойын нәтижесінде топ екі топшаға бөлінеді: ойын алаңында қалғандар және ойыннан шыққандар.

Талқылау: неге бәрі кіре алмады? Ойынның сыртында қалғандар несімен ерекшеленеді?

«Достық» жаттығуы

Ал, енді бізді шығармашылық тапсырма күтіп тұр. «Достық» тақырыбында коллаж жасаймыз. Бізде журналдар, ватман, желім, пламастер, қайшы маркер, қарындаштар және т.б.

Осы материалдарды қолдана отырып, бірігіп ишығармашылық жұмыс орындайсыздар. Қазылар алқасы жинаған балл санын есептеп, қорытындысында барлық қатысушыларды марапаттайды.

«Жағымды сөздер» жаттығуы

Әр қатысушы картон қағазына алақанын қойып, айнала қоршап сызып салады және ортасына өз есімдерін жазады. Содан соң суретті оң жақтағы көршісіне береді ал өзі сол жақтағы көршісінің суретін алады. Қағазға салынған суреттегі қол саусағының біріне көршісінің тартымды, жағымды бір қасиетін жазады (мысалы, сен мейірімдісің, сен көңілдісің, сен ақылдысың және т.б.) сурет шемңберді айналып шығады барлық саусақ жағымды сөздерге толады. Егер саусақ жетпесе қатысушының есімі жазылған алақанның айналасына жазады. Жаттығудың соңында алақан салынған сурет иесіне қайтып келеді. Иесі барлық жазылғандарды оқып шығады, өзіне естелікке қалдырады, Біздің алақандарымыз күннің шуағына айналды.

Талқылау:

-Барлық қатысушылардың жазған сөздерін оқығанда, қандай сезімде болдыңыз? Ерекше ұнаған жазылғандар болдыма?

«Мені түсін» ойыны

Әр топшадан 3 қатысушы шақырылады. Әрқайсысы нақты бір рөл алады: бірі – ештеңе көрмейді яғни соқыр, екіншісі – ештеңе естімейді, яғни керең, үшіншісі- сөйлей алмайды, яғни – мылқау. Тапсырма: кездесу жайында келісіп алуы керек: қайда (кездесу орыны), қашан(күні және уақыты), не үшін (мысалы, киноға бару, туған күн, қыдыру, коньки тебу және т.б.) Тапсырманы орындау уақыты- 3 минут.

Әдебиеттер:

1. Артемов В.А. Психология общения – СПб «Лань», 1999г
2. Обозов Н.Н. Психология делового общения- СПб.: «МАПН», 1995 г
3. Шерьязданова Х.Т., Ермекбаев Л.К., Алибаева Р.Н., Амирбекова М.А. Қарым-қатынас психологиясы – Алматы 2012.

ФЕНОМЕН ЖИЗНЕСТОЙКОСТИ В ПСИХОЛОГИИ

БАЙЗДРАХМАНОВА А.К.

*Кандидат психологических наук, старший преподаватель
Казахского национального женского педагогического университета*

ТҮЙІН: Мақалада тіршіліктегі тұрақтылық феномені психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады. Басты назар адам өз мінез құлқын өзі басқару шеңберіндегі тұлғаның тіршіліктегі тұрақтылығын арттыруға жасалған.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: тұрақтылық, стресс, күрес, тұлға

ABSTRACT. The article deals with the phenomenon of resilience as a psychological phenomenon. The emphasis is placed on improving the resilience of the individual within the framework of coping behavior.

KEYWORDS: resilience, stress, coping, personality

В настоящее время в связи с карантином наша жизнь полна экстремальных условий, которые способствуют развитию стресса. Как известно, понятие жизнестойкости было введено Сьюзен Кобейса и Сальваторе Мадди и разрабатывалось на пересечении экзистенциальной психологии, психологии стресса и психологии совладающего поведения (Д.А.Леонтьев, 2006). Исходя из междисциплинарного подхода к явлению жизнестойкости человека, Д.А. Леонтьев считает, что данное свойство личности характеризует меру способности личности выдерживать стрессовую ситуацию, сохраняя внутреннюю сбалансированность и не снижая успешности деятельности. Такой подход к определению жизнестойкости указывает на ее связь со способами поведения человека в определенных, стрессогенных ситуациях.[1]

Каждый человек сталкивается с ситуациями, субъективно переживаемыми им как трудные, нарушающие привычный ход жизни. В отечественной психологии проблема жизненных ситуаций, трудных и экстремальных жизненных ситуаций разрабатывается многими авторами, (Н.В. Гришина, 2001, К. Муздыбаев, 1998, Т.Л. Крюкова, 2004, И.П. Шкуратова, 2007). Проводя исследования, С. Мадди и С. Кобейса выявили, что жизнестойкость – это некая личностная характеристика.

Она является общей мерой психического здоровья человека и отражает три жизненные установки: вовлеченность, уверенность в возможности контроля над ее событиями, а также готовность к риску. Рассматривая эти компоненты чуть подробнее, можно сказать, что человек, у которого развит компонент вовлеченности, способен получать больше удовольствия от собственной деятельности, так как, выполняя ее, он осознает свою значимость. На данный момент актуальность совладающего поведения проявляется в возможности прогнозирования поведения человека в экстремальных ситуациях, то есть, его способности выживать.[2]

Совладающее поведение связано с индивидуальными свойствами личности, является одним из процессов управления ресурсами – их мобилизации и оптимального использования.

Таким образом, чем выше уровень выраженности жизнестойкости, тем выше выражены такие стратегии совладания, как стратегия конфронтации, поиска социальной поддержки и планирования решения.

Контроль же, дает уверенность, что борьба может повлиять на исход происходящего.

А компонент принятия риска способствует уверенности человека в том, что все, что с ним происходит, дает ему новый толчок для развития и приобретения опыта.

Таким образом, высокий уровень жизнестойкости помогает оценить события как менее травмирующие и способствует более успешному совладанию со стрессом.

Надо отметить, что в зарубежной и отечественной психологии есть множество взглядов на данный феномен.

Обобщая основные подходы к термину жизнеустойчивости, в отечественной психологии он трактуется как:

- конкретный ресурс;
- интегральное психологическое свойство, которое развивается на основе установок активного взаимодействия с окружающим миром и разными ситуациями;
- интегральная способность к социально-психологической адаптации на основании динамики смысловой саморегуляции.

С точки зрения же зарубежных авторов, феномен жизнестойкости связан с разными структурами психики человека на таких уровнях как:

- функционирования психофизиологических процессов;
- работы психологических процессов;
- проявления личностных образований.

Несомненно, для повышения жизнестойкости необходимо определенное поведение, которое будет способствовать готовности решать жизненные сложности. Такое поведение получило название «совладающее». Именно оно помогает приспособиться к изменяющимся обстоятельствам и справляться с эмоциональным стрессом.[3]

Существует несколько типов совладающего поведения:

- разрешение проблем;
- поиск социальной поддержки;
- избегание.

Жизнестойкие убеждения, с одной стороны, влияют на оценку ситуации — благодаря готовности человека активно действовать и его уверенности в возможности на нее влиять, ситуация воспринимается им как менее травматичная. С другой стороны, жизнестойкость способствует активному преодолению трудностей. Она стимулирует заботу о собственном здоровье и благополучии (например, побуждает ежедневно делать зарядку, соблюдать диету и т. п.), за счет чего напряжение и стресс, испытываемые человеком, не перерастают в хронические и не приводят к психосоматическим заболеваниям.

Жизнестойкость связана с устойчивым переживанием человеком своих действий и происходящих вокруг событий как интересных и радостных (вовлеченность), как результатов личного выбора и инициативы (контроль) и как важного стимула к усвоению нового (принятие риска).

Тренинг жизнестойкости основан на предположении, что жизнестойкость не является врожденным качеством, а формируется в течение жизни. Это система убеждений, которая может быть развита. Можно выделить две основных цели, преследуемых такой тренировкой:

Достижение более глубокого понимания стрессовых обстоятельств, путей совладания с ними; нахождение путей активного разрешения проблем.

Постоянное использование обратной связи, за счет чего углубляется самовосприятие вовлеченности, контроля и принятия риска.[1]

Согласно Сальваторе Мадди, тренинг жизнестойкости включает три основных техники:

1.Реконструкция ситуаций. При использовании этой техники акцент делается на воображении и разрешении проблемы. Определяются ситуации, воспринимаемые как стрессовые, а стрессовые обстоятельства рассматриваются в расширенной перспективе. Совершая реконструкцию ситуаций, человек узнает о формируемых им самим неосознанных допущениях, которые определяют, насколько обстоятельства воспринимаются как стрессовые и какие шаги могут облегчить ситуацию. Реконструируя ситуацию, человек пытается представить себе лучшие и худшие варианты развития ситуации.

2.Фокусировка. Применяется в случае невозможности прямой трансформации стрессовых обстоятельств. Техника представляет собой поиск плохо осознаваемых эмоциональных реакций (в особенности препятствующих принятию решения). Целью является эмоциональный инсайт, способствующий переформулированию стрессовых ситуаций в терминах возможностей, которые открываются перед человеком.

3.Компенсаторное самосовершенствование. Если трансформировать ситуацию невозможно, делается акцент на другой проблеме, которая как-то связана с данной. Ее

решение побудит человека уделять внимание тому, что поддается изменению (невозможно контролировать все)/[2]

Впоследствии Мадди совместил практики здорового образа жизни и собственно тренинг жизнестойкости. Результатом явилась программа повышения жизнестойкости

Механизмы, благодаря которым жизнестойкость способствует саморегуляции — это изменение оценки ситуации (как более или менее стрессорной), выбор копинг-стратегий (стратегий совладания), а также жизнестойкие практики. Жизнестойкость связана со здоровым образом жизни, который, в свою очередь, препятствует болезням и психологическому неблагополучию в ситуации стресса.

На разных этапах деятельности механизмы влияния жизнестойкости могут быть различными. На этапе планирования и выбора цели жизнестойкость способствует снижению тревоги, тем самым высвобождая ресурсы для более полного восприятия и оценки ситуации. На этапе конкретизации целей жизнестойкость связана с готовностью действовать. Жизнестойкость связана с осмысленностью деятельности, сопротивляемостью человека к потере смысла в деятельности и поиском нового смысла.

Литература

1. Крюкова Т.Л. Психология совладающего поведения. – Кострома: Студия оперативной полиграфии «Аквантитул», 2004. – 344с

2. Муздыбаев К. Стратегия совладания с жизненными трудностями // Журнал социологии и социальной антропологии. 1998, том 1, вып. 2. С.

3. Шкуратова. И. П., Анненкова Е. А.. Личностные ресурсы как фактор совладания с кризисными ситуациями // Психология кризиса и кризисных состояний.

К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ ЖИЗНЕСТОЙКОСТИ У ВОСПИТАННИКОВ ДЕТСКОГО ДОМА

БАЙЗДРАХМАНОВА А.К.

*Кандидат психологических наук, старший преподаватель
Казахского национального женского педагогического университета*

РАХМАТУЛЛАЕВА М.С., СУЛЕЙМЕНОВА М.Т.

*студентки 3 курса, специальности «Психология»
Казахского национального женского педагогического университета*

ТҮЙІН: Мақалада балалар үйінің тәрбиеленушілерінің айыру және өміршеңдік шеңберіндегі ерекшеліктері қарастырылады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: балалар үйі, тәрбиеленуші, өмірге төзімділік, депривация

ABSTRACT. The article deals with the characteristics of children in the orphanage in terms of deprivation and resilience.

KEYWORDS: orphanage, pupil, resilience, deprivation

В республике Казахстан сокращается сеть детских домов, из года в год значительно уменьшается количество воспитанников в них. По официальным данным, в казахстанских детских домах и интернатах сейчас находится чуть больше 8 тысяч детей. Это напрямую связано с долгосрочной государственной политикой, основанной на международной практике. В соответствии с рекомендациями Комитета ООН по правам ребенка по недопущению роста количества детских домов и размещению в них детей в качестве крайней и временной меры, в Казахстане осуществлен ряд мер по профилактике социального сиротства и деинституционализации детских домов.

На сегодняшний день, исследование психологов показывает, что дети из детских домов отличаются от детей, растущих в семьях, по физическому и психическому развитию. [1]

Формирование личности ребенка - сироты происходит в состоянии социальной и психической депривации, которая негативно воздействует на развитие эмоционально-личностной сферы, на развитие общения, самооценки ребенка, как следствие, у детей деформируются многие базовые установки личности, связанные с полноценной социализацией. Как правило, в детских домах воспитывается неоднородный контингент детей: часто в одной группе находятся дети и нормально развивающиеся, и с различными степенями задержки психического и речевого развития.

Говоря о психологических особенностях детей воспитывающихся в условиях детского дома, следует сказать, что в основном, это дети – сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей.

Известно, что детдомовские дети отличаются от детей, воспитанных в семье, по следующим показателям:

- хуже адаптируются в обществе;
- склонны к девиантному поведению;
- нередко у них наблюдается задержка психического развития;
- они испытывают трудности в формировании гендерной идентичности;
- у них отсутствуют необходимые социальные и коммуникативные навыки;
- возникают проблемы в мотивационной сфере – не знают, чего хотят, не умеют выбирать оптимальные пути, средства для удовлетворения своих потребностей;
- у бывших детдомовцев редко удачно складываются семейные отношения.

В зависимости от того, чего именно лишен ребёнок, выделяют разные виды депривации (утрата или ограничение возможностей удовлетворять жизненно важные потребности) – материнскую, сенсорную, социальную, эмоциональную и другие.

Наиболее сложной формой депривации детей (по мнению Л.Ярроу) является материнская депривация - отсутствие связи ребёнка именно с биологической матерью. Воспитание детей вне семьи ведет к депривации психического и личностного развития, которое проявляется в деформации базового доверия детей к миру.

Депривационные факторы образуют сложную иерархическую структуру, где один и тот же ребенок страдает несколькими формами депривации. Детям – сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, свойственны процессы общего отставания в психическом развитии, которые охватывают интеллектуальную, волевою, эмоциональную сферу жизнедеятельности..[2]

У них наблюдается снижение познавательной активности, ограниченность кругозора, ситуативность умственных действий, которая определяется либо предметным окружением, либо прямыми указаниями взрослого, неразвитое воображение, отсутствие целеустремленности. Дети не умеют фантазировать, мечтать, их желания ограничены сиюминутными потребностями. При этом отмечается целый набор негативных черт характера: замкнутость, зависть, недоверие к людям и миру, болезненное честолюбие, упрямство, эгоизм, агрессивность.

У детей – сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, проявляется деформация личности, искажения в формировании самосознания, спровоцированные нереализованной потребностью в любви, привязанности и признании. Именно это приводит к возникновению серьезных проблем в сфере эмоционального развития.

Выпускники детских домов представляют собой группу риска по сформированности аттитудов жизнестойкости. Причиной этого является множество негативных и психотравмирующих факторов, которые воздействуют на них в сензитивный период развития жизнестойкости. К ним можно отнести разлуку со значимыми взрослыми, опыт жестокого обращения, бедность эмоциональных контактов, психосоциальную депривацию.

Выпускник сталкивается со свободой, которую он так давно ждал. Однако, к сожалению, у большинства подростков, выросших в стенах госучреждений, не сформирована активная жизненная позиция к окружающему миру. Вступая в самостоятельную жизнь, они

сталкиваются с проблемами устройства на работу, получения жилья, обустройства своего быта, взаимодействия с широким социумом, в составлении и соблюдении бюджета, в отстаивании своих юридических прав и многими другими. В большинстве случаев они не готовы к этим сложностям и нуждаются в поддержке.

Для большинства выпускников интернатных учреждений характерны эмоционально-личностные и когнитивные особенности, которые значительно осложняют их самостоятельную жизнь. У них отсутствует опыт социальных контактов с людьми на работе, в сфере обслуживания, здравоохранения, наблюдается нарушение привязанности, несформированность потребности и способности учиться, иждивенчество, непонимание материальной стороны жизни, снижена потребность в общении. Отсутствует личный опыт нормальной жизни в семье, тесных эмоциональных отношений. Недостаточно развитая индивидуальность проявляется в низком уровне сознания, сниженной собственной активности..[1]

По мнению Л.М. Шипицыной, главной задачей социальной адаптации выпускников детского дома является преодоление психологических трудностей, которые заключаются в привычке жить в замкнутом, закрытом обществе, неумении интегрироваться в открытое, создавать новые контакты с людьми, с которыми им предстоит общаться [2].

Безусловно, результаты исследования жизнестойкости у выпускников детских домов отражают проблемы воспитания в интернатных учреждениях, т.к. ведущую роль в развитии компонентов жизнестойкости играют отношения ребенка со значимыми взрослыми в детстве и отчасти в подростковом возрасте. Для ребенка важно в этот период проявление к нему любви, одобрения и принятия, поддержка его инициативы, его стремлений справляться с различными задачами. Именно этих условий, необходимых для формирования жизнестойкости, лишены воспитанники детских домов.

Если говорить о практической значимости исследования жизнестойкости, то диагностика этой личностной составляющей может использоваться при построении постинтернатного сопровождения выпускников детских домов. Жизнестойкость является особым резервом для социально-психологической адаптации к самостоятельной жизни. Выявление низкой жизнестойкости является сигналом о необходимости проведения коррекционной работы с целью профилактики дезадаптивных форм поведения. В этом случае можно опираться на исследования С. Мадди и С. Кобейса, согласно которым жизнестойкость не является врожденным качеством, а формируется и развивается в течение жизни.

Литература:

1. Байер Е.А., Петрова Е.В., Чепкова О.Н. Программа развития детского дома г. Азова. - Азовпечать, 2009. -С. 49-51.
2. Солонченко, С. С. Жизнестойкость воспитанников детского дома с разным уровнем адаптивности / С. С. Солонченко, Н. С. Борзилова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 1 (135). — С. 414-416.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БАҚТЫБЕКҚЫЗЫ Б.

Педагог-психолог

Алматы қалалық мүмкіндігі шектеулі

Балалардың қоғамға бейімдеу орталығы, КППК № 2

АННОТАЦИЯ. В статье широко объясняется развитие и социальная специфика познавательных процессов у детей с задержкой психического развития. Специфика

общения, психологического поведения детей, нуждающихся в специальных знаниях, показывает актуальность статьи.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Ребенок с задержкой психологического развития, познавательная деятельность, социально-психологический фактор, эмоционально-волевая незрелость.

ABSTRACT.The article broadly explains the development and social specificity of cognitive processes in children with mental retardation. The specifics of communication, psychological behavior of children in need of special knowledge, shows the relevance of the article.

KEYWORDS: A child with delayed psychological development, children-requiring special knowledge, cognitive activity, socio-psychological factor, emotional-volitional immaturity.

Заманауи педагогиканың негізгі идеясы қалыпты балалармен салыстырғанда, даму деңгейі төмен балаларға көбірек тәрбие беру қажет деген тұжырымнан тұрады. Арнайы оқытуды қажеттілігі бар балалар және мұндай балаларға білім беру мен тәрбиелеу кезінде психикалық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Интеллектуалдық дамуындағы ауытқулар – орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы нәтижесінде пайда болған бүкіл психиканың, жалпы тұлғаның сапалық өзгеруі. Бұл ақыл-ойдың бұзылуымен қатар эмоциялардың, еріктің, мінез-құлықтың, физикалық дамудың ауытқушылықтары.

Мұндай балаларға танымдық қызығушылықтың жетілмеуі тән, олардың танымдық қажеттілігі қалыпты дамып келе жатқан құрбыларымен салыстырғанда аз байқалады немесе бастауыш мектеп жасы кезеңінде ойын іс- әрекеті басым болғандықтан, мүлдем болмайды. Нәтижесінде мұндай балалар қоршаған орта туралы толымсыз, тіпті бұрмаланған түсініктерге ие болады.

Л.С. Выготский [2, 3], М.С. Певзнер [1], атап өткендей, интеллектуалдық дамуында ауытқулары бар балалар жадының әлсіздігі ақпараттар алу мен сақтау қиындықтарынан емес, оларды жаңғырту қиындықтарынан көрінеді. Жаңғырту – маңызды ерік белсенділігі пен мақсаттылықты талап ететін, өте күрделі процесс.

ПДТ балалардың сөйлеу қабілеті дамуының ерекшеліктерін қарастыру ерекше назар аударуды қажет етеді. Олардың көпшілігіне дыбыстарды айту ақаулары, фонематикалық қабылдау кемшілігі тән. Арнайы топтарда тәрбиеленетін балалар арасында дизартрия түріндегі сөйлеу қабілетінің бұзылулары бар балалар көп кездеседі.

Интеллектуалдық ауытқулары бар балаларда бірінші және екінші сигналдық жүйелері арасындағы әрекеттестіктің бұзылуы физиологиялық негізі болып табылатын, сөйлеу қызметінің дамуындағы кемшіліктер байқалады. Кемтар балаларда сөйлеудің барлық: фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жақтары зардап шегеді. Сөзді қабылдау және түсіну қиындықтары да байқалады. Соның нәтижесінде жазудағы түрлі бұзылулар, оқу техникасын меңгеру қиындықтары, сонымен қатар, сөйлеу қарым-қатынасы қажеттілігінің төмендеуі сезіледі [4].

ПДТ кезінде сөйлеудің бұзылуы жүйелі сипатқа ие болады және ақаулар құрылымына жатады. Импрессивті сөйлеу деңгейінде «Асан Үсеннен үлкен», «Аққайың алқаптың шетінде өседі» сияқты күрделі, көп сатылы нұсқаулар, логикалық - грамматикалық сөйлем құрылысын түсіну кезіндегі қиындықтар байқалады. Балалар жасырын мағынасы бар әңгімелерді түсінбейді, мәтіндерді мәнерлеу процесі, яғни, олардың мазмұнын қабылдау мен ұғыну процесі күрделенген. Қарастырылып отырған топтағы балалардың сөздік қоры шектеулі. Олардың сөздерінде сын есімдер, үстеулер сирек кездеседі, етістік сөздер тым аз. Сөйлем құрау процестерінде қиыншылықтар бар, балалардың жаңа сөздер жасау кезеңі қалыптан кеш, 7 - 8 жасқа дейін созылады.

Сөздің грамматикалық құрылымында бірқатар ерекшеліктер бар. Балалар грамматикалық санаттар қатарын сөйлеуде мүлдем қолданбайды, егер сөздің грамматикалық формаларын қолданудағы қателер санын грамматикалық құрылымда қолданылуымен салыстырсақ, екінші түрдегі қателердің басым екендігі анық көрінеді.

Балаға суретте бейнеленген жағдайдың немесе оқылған әңгіменің мағыналық мазмұны түсінікті болғанымен және педагогтың сұрақтарына дұрыс жауап бере алғанымен, ойды сөзбен толық жеткізу қиын.

Ішкі сөйлеу механизмдерінің жетілмеуі сөйлемдердің грамматикалық жасалу қиындығын ғана тудырмайды. Негізгі проблемалар байланысты сөздің қалыптасуына да қатысты болады. Балалар кішкентай мәтіннің мазмұнын айтып, суреттің сюжеттік желісі бойынша әңгіме құрастырып, көрнекілік жағдаятты сипаттап бере алмайды, олар үшін шығармашылық баяндау қиынға соғады.

Ғалымдардың ПДТ балалардың қалыпты дамып келе жатқан құрдастарынан анық артта қалуын олардың ойлау процестерін талдау кезінде белгілейді. Артта қалушылық барлық негізгі ойлау: талдау, жалпылау, абстракция, өзгерту операцияларының қалыптасу деңгейінің жеткіліксіз болуымен сипатталады. ПДТ балалардың танымдық іс-әрекетінің даму ерекшелігі көптеген ғалымдардың зерттеулерінде аталып көрсетіледі. Сонымен, С.Г.Шевченко [5] ПДТ балалардың сөйлеу қабілетінің даму ерекшеліктерін зерттей келе, мұндай балалардағы сөйлеу тілінің ақаулары танымдық іс-әрекеттің жеткіліксіз қалыптасуы аясында анық байқалатынын белгілейді. ПДТ балалардың тұлғалық ерекшеліктері едәуір аз дәрежеде зерттелген. Л.В.Кузнецованың, Н.Л.Белопольскаяның жұмыстарында мотивациялық - еріктік сфераның ерекшеліктері ашылады [6].

Н.Л.Белопольская балалардың жастық ерекшеліктері мен жеке тұлғалық өзгешеліктерін атап көрсетеді. Психологтар мұндай балалар үшін ерік процестерінің әлсіздігі, эмоциялық тұрақсыздық, ырықсыздық не болмаса босандық пен енжарлық тән екенін білдіреді (Л.В. Кузнецова).

Көптеген ПДТ балалардың ойын іс - әрекеті үшін ойын тәртібіне сай бірлескен ойынды ұйымдастыру (ересек адамның көмектеспей) қабілетінің болмауы тән. У.В. Ульяненко [7], баланың интеллектуалдық даму деңгейімен салыстырылатын, оқуға деген жалпы қабілетті қалыптастыру деңгейлерін бөліп қарастырған. Аталған зерттеу деректері ПДТ балалардың эмоциялық-ерік сферасы ерекшеліктеріне байланысты болатын, осы топтар ішіндегі дербес өзгешеліктерді көруге мүмкіндік береді.

ПДТ балаларда шектес тыс белсенділік, ырықсыздық, сондай-ақ мазасыздық пен агрессия белгілерінің көрінуі белгіленген (М.С. Певзнер[8]).

ПДТ балаларда сана сезім қалыптасуының өзгерген динамикасы олардың ересек адамдармен және құрдастарымен өзіндік қарым-қатынас орнатуда көрінеді. Қарым-қатынастар іс-әрекеті және мінез-құлқының эмоциялық құбылмалылығымен, тұрақсыздығымен, балалық жасау белгілерінің көрінуімен ерекшеленеді (Исаев Д.Н. [9]).

ПДТ феномені биологиялық және әлеуметтік - психологиялық факторлардың әсерімен қалыптасатын, жекелеген психикалық және психомоторлық функциялар немесе жалпы психиканың жетілмей қалуы тән, психикалық дамудың ерекше түрін ретінде ғылыми тұрғыда аз зерттелген.

ПДТ себептерінің әлеуметтік және биологиялық өзара байланыстылығы зерттеудің базистік негізі ретінде қарастырылады.

Жүйелік тәсіл проблеманың көптеген аспектілерін әлі де жеке бөлімдерге бөліп қарастыратын, медициналық және психологиялық зерттеулердің бытыраңқы болуын қандай да бір дәрежеде ескеруге ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жастағы ПДТ балалардың жалпы дамуында, әсіресе, кішкентай моториканың артта қалуы анықталады. Ең бастысы, қимыл техникасы мен қозғалыс сапалары (жылдамдық, ептілік, күш, дәлдік, координация) зардап шегеді, психомоториканың кемшілігі анықталады. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының, бейнелеу іс-әрекеті, мүсіндеу, аппликация, құрастыру кезіндегі техникалық дағдыларының қалыптасуы әлсіз. Көптеген балалар қарындашты, қылқаламды дұрыс ұстай алмайды, бастыру күшін реттей алмайды, қайшымен жұмыс істеуде қиналады. ПДТ балаларда қимыл-қозғалыстың тұрпайы бұзылуы жоқ, бірақ физикалық және моторлық даму деңгейі, қалыпты дамып келе жатқан құрбыларымен салыстырғанда төмен, графимоторлық дағдылардың қалыптасуы күрделенген.

Мұндай балалар үшін зейіннің шашыраңқы болуы, оны барынша ұзақ уақыт шоғырландыруға қабілетсіз болуы тән, іс - әрекет ауысқан кезде бірден зейінін аударады.

Бұл балалар зейінінің сөздік қоздырғыштарға тым көтеріңкі алаңдауымен сипатталады. Іс-әрекетінің мақсаттылығы жеткіліксіз сипатта болады, көбінесе ырықсыз әрекет етеді, жиі алаңдап, жылдам шаршап, әлсірейді. Енжарлық танытуы да бақыланады – бала мұндай жағдайда бір тапсырмадан екіншісіне ауысуы қиын болады. Сонымен қатар, оларда іс-әрекеті мен мінез-құлқын ырықты реттеу қабілетінің жетік қалыптаспауы, оның оқу түріндегі тапсырмаларды орындауын қиындата түседі. Сенсорлық дамуы да сапалық өзгешелігімен ерекшеленеді. ПДТ балаларда физиологиялық көруі мен естуі сақталған, алайда, қабылдау процесі бірқатар қиындаған – оның қарқыны төмендеген, көлемі азайған, қабылдау (көру, есту, жанасу - қимыл) дәлдігі жеткіліксіз.

ПДТ балалардың эмоция - ерік сферасының жетілмеуі олардың мінез- құлқының қалыптасу өзгешелігіне және тұлғалық ерекшеліктеріне себепші болады. Коммуникация (байланыс) сферасы да зардап шегеді. Балалар коммуникативті іс - әрекет деңгейі бойынша қалыпты дамушы балалардан артта қалады. Осылайша, И.Ф.Марковскаяның [1], зерттеулері ПДТ жоғарғы мектеп жасына дейінгі балалар ересек адаммен жағдайдан тыс - тұлғалық қарым-қатынас жасауға дайын еместігін көрсетті. Олар өздерінің қалыпты дамып келе жатқан құрдастарына қарағанда, тек жағдаят - іскерлік қарым - қатынас деңгейіне ғана жетеді. Педагогикалық және психологиялық түзету жүйесін құру кезінде осы деректер ескерілуі қажет.

Эмоциялық - еріктік жетілмеу танымдық іс-әрекеттің, сөйлеу қабілетінің аздаған бұзылуларымен, белсенді зейіннің қатты әлсіреуі мен жалығуымен үйлесуі мүмкін. Соның салдарынан балада іс-әрекеттік бақылау мен реттеу әлсіреген. Адамгершілік-этика сферасын қалыптастыруда да проблемалар байқалады. Әлеуметтік эмоция сферасы зардап шегеді, балалар құрдастарымен «эмоциялық жылы» қатынастарға дайын емес, жақын ересек адамдармен эмоциялық байланыстары бұзылуы ықтимал, балалар мінез - құлықтың адамгершілік-этика нормаларына әлсіз бағдарланады [9, 8].

Психикалық дамудағы тежелісі кезінде баланың әлеуметтік дамуы, оның тұлғалық қалыптасуы – сана сезімнің, өзін - өзі бағалауының, «Мен» жүйесінің қалыптасуы төмен болады.

Мұндай жоғарғы мектеп жасына дейінгі бала ынтасыз, эмоциялары айқын емес, ол өзінің эмоциялық жағдайын білдіре алмайды, басқа адамдар жағдайын түсіне алмайды. Бала меңгерген нормалар мен ережелер негізінде өзінің мінез - құлқын реттей алмайды, мінез - құлықты ерікті реттеуге дайын емес.

Эмоциялық - еріктік жетілмеуі жалтақтығынан, тым сенгіштігінен, бейқамдығынан, ойнау қызығушылығының басымдығынан көрінеді. Іс-әрекет мотивациясы, негізінен, қанағаттану талпынысынан көрінеді. Тұлғааралық компоненттері дамымаған бала, педагогтың нұсқауларына бағынуы қажет оқу жағдаяттарында нәтиже бермейді, ол ойнау кезінде белсенділік танытады. Мұндай балаларға «моторикасының балалығы» - беймазальық, албырттық, қимыл-қозғалысының үйлеспешілігі тән.

Кеңестік психологияда қарым-қатынас феноменіне қатысты бірнеше амалдар қалыптасқан. Олардың ұқсастығы, барлығының қарым-қатынас пен іс- әрекет бірлігі туралы принциптік ұстанымды қарастыруында. Баланың психикалық дамуы, оның тұлғалық қалыптасуы әлеуметтену процесі ретінде қарастырылады. Жеке тұлға адамның өмірі мен іс-әрекеті процесінде, оның қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау тәжірибесі барысында біртұтас жасам ретінде қалыптасады. Бұл процесс бала ағзасының дамуымен, сондай-ақ қоршаған ортаның әсерімен тығыз байланысты болатын, белгілі психикалық даму заңдары бойынша жүреді (Л.С. Выготский, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, М.И. Лисина, В.Н. Мясищев, Д.Б. Эльконин және басқалар.[2, 3, 10, 11, 12])

Балалардың ересек адамдар мен құрдастары арасындағы қарым- қатынастың баланың жалпы дамуына әсер ету мәселелері Л.С.Выготский, Г.М.Дульнев, В.Г.Петрова және басқадай көптеген танымал дефектология ғылымдары өкілдерінің назарында болған. Балалардың

қоршаған ортамен қарым-қатынасын олардың кемшіліктерін түзету факторы ретінде қарастырған, Л.С.Выготский [2, 3] жалпы заңдылықтан ауытқыған баланың әлеуметтенуін зерттеудің түбегейлі тәсілін ұсынған. Ол бала қарым-қатынасының қалыптасуы мен дамуына, оның қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына, әлеуметтік күрделі байланыстар орнатуына кедергілердің пайда болуына алғашқы бұзылулар негіз болады деп есептеген. Осының барлығы өз кезегінде, қалыпты даму барысында баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасында пайда болатын және түрленетін, негізгі психикалық процестердің қалыптасуына кері әсер етеді.

Сонымен, мақаламызды қорытындылай кететін болсақ, психологиялық дамуы тежелген балалардың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасы, танымдық процестерінің қалыпты дамып келе жатқан құрбыларымен салыстырғанда кеш дамуымен ерекшеленеті түсіндірілді.

Әдебиеттер:

1. Борякова Н.Ю. Клиническая и психолого-педагогическая характеристика детей с ЗПР. – С.21.
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М., 1968. – 456с.
3. Божович Л.И., Этапы формирования личности в онтогенезе, в кн. Психология развития. – СПб.: Питер, 2001. – С.78.
4. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе / Под. Ред. Воронковой В.В. – М., Школа-Пресс., 1994. - С.19-25.
5. Шевченко С.Г. Ознакомление с окружающим миром учащихся с ЗПР. - М., 1990. – С.100.
6. Белопольская Н.Л., Психологическая диагностика личности детей сЗПР.М., 1999. – С. 21.
7. Ульяновская У.В. Шестилетние дети с ЗПР. - М., 1990. – С.22-23.
8. Власова Т. А., Повзнер М.С. Дети с отклонениями в развитии. - М., 1973. – 236б.
9. Власова Т.А., Повзнер М.С. Учителю о детях с отклонениями в развитии. – М., Просвещение, 1967. – С.58.
10. Выготский Л.С. Вопросы воспитания слепых, глухонемых, и умственно отсталых детей: Сборник статей и материалов. / Под.ред. Л. С. Выготского.- М.,1924. – С.33.
11. Выготский Л. С. Основы дефектологии. - СПб., М., Краснодар, 2003. – С.58.
12. Леонтьева А.Н., Проблемы развития психики. -М.: АПН РСФСР, 1973.- С. 50-52.

ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ БАЛАЛАРДАҒЫ МАЗАСЫЗДЫҚТЫ ТҮЗЕТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

БАПАЕВА М.К.

Психология ғылымдарының кандидаты., профессор м.а.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

БАЕКЕЕВА Ф.

Педагогика және психология мамандығының 4-курс студенті

АННОТАЦИЯ. В статье раскрываются психологические основы возникновения тревожности у детей и рассматривается влияние сказкотерапии как средства коррекции. Проведен анализ работ зарубежных, российских исследователей, изучавших проблему тревожности. Также в психокоррекционных работах показаны функции, которые выполняют сказки.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: тревожность, ситуативная тревожность, личностная тревожность, сказкотерапия, психокоррекционная работа.

ABSTRACT. The article reveals the psychological basis of the occurrence of anxiety in children and examines the influence of fairy-tale therapy as a means of correction. The article analyzes the

works of foreign and Russian researchers who have studied the problem of anxiety. Also in psychological studies demonstrate the functions of a fairy tale.

KEYWORD: anxiety, situational anxiety, personal anxiety, fairy tale therapy, psychocorrectional work.

Мазасыз балалардың саны қазір айтарлықтай өсті. Мұндай балалар мазасыздықтың жоғарлауымен, эмоционалды тұрақсыздықпен, өзіне сенімсіздікпен ерекшеленеді. Қазіргі әлемде балаға әр түрлі проблемалармен бетпе бет келуге тура келеді, бұл бала өмірінің белсенді ырғағы және әрдайым бос емес ата-аналар, мектептегі білім беру бағдарламаларының күрделенуі, жоғары талаптар, баланың әлеуметтік мәртебесінің, әлеуметтік ортасының өзгеруі және тағы басқалар ықпал етеді. Балалар мектепке бара бастағанда олардың орындауға тиісті міндеттері болады, олар өздеріне үміт артады, жауапкершілікті сезінеді. Нәтижесінде, басқалардың үміттерін қанағаттандырмауға деген қорқыныш сезімі күшейеді.

Т. Рибоның айтуынша, баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелілігіне байланысты дамиды деп тұжырымдайды. Мектеп жасына дейінгі кезең – қиялдың тез дамитын уақыты [8]. Сондықтан қиялдың дамуын төрт ерекше кезеңдерге бөлуге болады (2 жастан 6-7 жасқа дейінгі аралықта):

1. Бірінші кезең баланың қабылдауының ерекшелігіне байланысты (бір заттан басқа бір затты көре бастауы);
2. Екінші кезең – қиялдың ойыншықтарды жандандыру құдіретінің байқалуы;
3. Үшінші кезең – ойындағы рөлдерге байланысты өзгеруі;
4. Төртінші кезең – бала қиялында өзіндік көркемдік шығармашылықтың басталуы (бейнелерді қайта құруы, жасауы).

О.М. Дьяченко мен А.И. Кирилованың тәжірибелік зерттеулерінде бала дамуында қиялдың екі түрі (сезімдік және танымдық) жүзеге асады. Танымдық қиялдың басты міндеті – ақиқат өмірдің белгілі бір түрде бейнеленуі. Сезімдік қиял, белгілі бір жағдайға байланысты қайшылық болғанда, баланың өзіндік «Мені» қалыптасқанда және оның құрастырудағы бір механизм болады. Е.Е. Кравцованың зерттеуінде қиялдың даму қызметінде үш түрлі компонентті бөліп көрсетті:

1. Көрнекілікке сүйену;
2. Өткен тәжірибесін қолдану;
3. Ерекше ішкі позицияны қолдану.

Осы үш компоненттің қолдануында халық ертегісінің айрықша орнын анықтап, зерттеуге мән берілді [5, 6, 15].

Мектеп жасына дейінгі кезеңде қиял – қоғамдық тәжірибені меңгерудегі алғышарттары болып келеді, өйткені балалар қоршаған ортаны, адамгершілікті, эстетикалық идеяларды өзіндік көзқараспен қабылдайды. Баланың қиялы ересектерге қарағанда әлсіз. Л.С.

Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, «Бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар, қаншама таңғажайып болып көрінгенмен де, баланың өмірден көрген-білгенінен негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге үлкендерге күтпеген таңқаларлықтай болып естіледі».С.Л. Рубинштейннің айтуынша «Қиял – бұл образдық форманы іске асыру, өзгеріске енгізу» деп түсіндіреді. Л.С. Выготский мен А.Н. Леонтьев қиялдың ерекшелігіне қарай оған арнайы психикалық процесс деп қарауға мән береді [4].Атақты психолог Л.С. Выготский баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады деген қорытындыға келеді.Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады. Сонымен қиялдың дамуы төмендегідей үш компоненттен тұрады:

Бірінші дәрежеде қиял қоршаған болмыспен байланысты, дайын нәтижені ойластыруға мүмкіндік береді.

Екінші дәрежеде баланың өткен тәжірибесімен байланысты, бірақ сонда да заттық байланыстың рөлі бар.

Үшінші дәрежеде қиялдың дамуы балаға ақиқаттан қиялдың қозғалысының жоғарғы формасы – ой – пікірден оның іске асуына байланысты.

Сонымен, қорыта айтқанда, біздің тәжірибемізге негіз болған 5-6 жастағы балалардың құрастырған ертегілері мен қызықты әңгімелері ұйымдасқан түрде мағыналы, жүйелі, өз бетінше еркін жүргізілген жұмыс, қиялдың дұрыс дамуына апаратын көп жолдың бірі болды деп есептейміз. 6 жасар бала өз қиялында алуан түрлі жағдайлар құра алады және баланың өзі сонда әртүрлі жағынан көрінеді. Ойын барысында қалыптаса отырып, қиял басқа да іс-әрекет түрінде өте алады. Тілі және қиялы жақсы дамыған бала қызықты сюжетті тез арада жанынан ойлап шығара алады. Қиялдың үздіксіз жұмысы – баланың айналадағы әлемді танып-білуінің және игеруінің маңыздылығы, бұл жеке тәжірибе аумағынан шығудың әдісі [4, 41 б.].

В.С. Мухина теориясы бойынша өзінің бастамалары жағынан баланың қиялы сәбилік шақтың соңында пайда бола бастайтын сананың белгілер функциясымен байланысты. Белгілер функциясын дамытудың бір желісі заттарды басқа баламалармен және олардың бейнелеулерімен алмастырудан тілдік, математикалық және басқа белгілерді пайдалануға, ойлаудың логикалық формаларын меңгеруге әкеледі. Екінші желі нақтылы бұйымдарды, оқиғаларды қиял арқылы толықтыру мен алмастыру мүмкіндігінің пайда болуы мен кеңеюіне, жинақталған түсініктердің материалынан жаңа бейнелер құруға жетелейді.

Баланың қиялдауы ойын үстінде қалыптасады. Алғашқы кезде қиял заттарды қабылдаудан және ойын іс-әрекеттерін орындауынан ажыратылмайтындай. Ойын үстінде қалыптасқан қиял мектепке дейінгі бала іс-әрекеттерінің түрлеріне де ауысады. Бала сурет салғанда, ертегілер мен тақпақтарды ойлап шығарғанда қиял неғұрлым айқын байқалады [10, 96 б.].

Сондай-ақ мектепке дейінгі шақта зейіннің, естің, қиялдың дамуында ұқсастықтар бар. Егер сәбилік шақта өзінде қабылдау мен ойлау іс-әрекеттері ретінде анықтауға болатын бағдарлау іс-әрекеттерінің ерекше формалары ретінде бөлінсе, мектепке дейінгі кезеңде мұндай іс-әрекеттер үздіксіз күрделілене және жетіле түседі, ал зейін, ес, қиял ұзақ уақыт жеке сипат ала алмайды. Бала бірдеңеге назар аударарлықтай, көргені мен естігенін жадында сақтарлықтай, бұрын қабылдағанының аумағынан шығарлықтай арнайы іс-әрекеттерді игере білмейді. Мұндай іс-әрекеттер тек мектепке дейінгі кезеңде қалыптаса бастайды.

В.С. Мухина бойынша мектепке дейінгі бала әрекетінің жаңа түрлерін, үлкендердің оған қойған жаңа талаптарын игерудің ықпалымен баланың алдында бір нәрсеге зейінін шоғырландыру және оған зейін қою, материалды есте ұстау және оны жаңғырту, ойынның, суреттің т.б ой желісін құру сияқты жаңа ерекше міндеттер пайда болғанда ғана бетбұрыс жасалады. Осы міндеттерді шеше білу үшін бала үлкендерден үйренген тәсілдердің қандай да біреуін пайдаланады. Міне, сонда ғана зейіннің, естің, қиялдың арнайы іс-әрекеттері

калыптаса бастайды [10, 91 б.]. Мектепке дейінгі кезеңде баланың зейіні төңіректегі заттарға және осылар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысты ынтамен сипатталынады. Бала бір нәрсеге ынтасы өшпей тұрған кезде ғана зейінін шоғырлайды. Жаңа бір нәрсе пайда болысымен-ақ баланың зейіні лезде соған ауады. Сондықтан балалардың ұзақ уақыт бір іспен шұғылдануы сирек болады. Д.Б. Эльконин пікірінше, мектепке дейінгі кезеңде балалар іс-әрекетінің күрделенуіне жалпы ақыл-ой дамуының ілгеруіне байланысты зейін күшті шоғырланып, тұрақтылыққа ие болады. Мысалы, мектепке дейінгі кезеңдегі кішкентайлар бір ойынды 30-50 минут ойнайтын болса, 5-6 жасқа жеткенде ойынның ұзақтығы 1,5 сағатқа дейін созылады. Мұны ойында адамдардың күрделірек іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының бейнеленуімен және ойынға үнемі енгізілетін жаңа ахуалдардың қолдау табуымен түсіндіруге болады. Балалар суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрақтылығы арта түседі. Мысалы, мектепке дейінгі шақтың соңында суретті көру ұзақтығы екі есе артады, мектепке дейінгі кішкентайға қарағанда алты жасар бала суретті жақсырақ түсінеді, оның өзіне қызықты жақтары мен егжей-тегжейлерін бөліп алады [16]. Бірақ мектепке дейінгі кезеңде зейіннің негізгі өзгеруі баланың алғаш рет өз зейінін меңгере білуінде, оны саналы түрде белгілі заттарға құбылыстарға бағыттай білуінде және кейбір тәсілдерді пайдалана отырып, соларға зейін қоя білуінде. Мектепке дейінгі шақ ішінде өз зейінін ұйымдастыру үшін сөзді пайдалану күрт өседі. Мұны, атап айтқанда, мектепке дейінгі ересектер үлкеннің нұсқауы бойынша тапсырманы орындағанда мектепке дейінгі кішкентайларға қарағанда нұсқауды 10-12 рет жиі қайталады. Сонымен, баланың мінез-құлқын реттеуде сөздің маңызының жалпы өсуіне байланысты мектепке дейінгі шақта ықтиярлық зейін қалыптасады. В.С. Мухина мектепке дейінгі шақта балалар ықтиярлы зейінді меңгере бастаса да, бүкіл мектепке дейінгі балалық шақта ықтиярсыз зейін басым болып қала береді. Балаларға өздері үшін бір текті әрі тартымы шамалы іс-әрекетке зейін қою қиынға түседі, сонымен бірге ойын процесінде немесе әсерлі сезімге бөлерліктей тапсырмаларды шешерде олар едәуір ұзақ уақыт бойы ықыласты болып жүреді. Мектеп жасына дейінгі бала зейінінің ерекшелігі мектепке дейін оқыту ықтиярлы зейінге үнемі күш салуды талап ететін тапсырмалар бойынша құрылуы мүмкін емес себептердің бірі болып саналады. Сабақтарда пайдаланылатын ойын элементтері, іс-әрекеттің нәтижелі түрлері, іс-әрекет формаларын жиі өзгерту балалардың зейінін айтарлықтай жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді [10, 77 б.]. Сенсорлық даму, бала заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оларды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп (үлкен, кіші, аз, көп) анықтай алады. Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Егер 6 жасар бала ойынмен айналысқан болса, ол аландамай 2, тіпті 3 сағат ойнай береді. Алайда, бұлай зейінді шоғырландыру – баланың айналысқан нәрсесіне қызығушылығынан туындайды. Балаға зейінін тәрбиелеуде көмектесу қажет. Үлкендер сөз нұсқаулары арқылы баланың зейінін ұйымдастыра алады. Оларға біркелкі жалықтыратын және тартымдылығы аз іс-әрекетпен айналысу өте қиын. Зейіннің бұл ерекшелігі сабақтарда ойын элементтерін енгізуге және іс-әрекет түрлерін жеткілікті ауыстырып отыруға негізгі себеп болып табылады [10, 89 б.]. К.Д. Ушинский «Балаға оқуды қызықты ете білу керек және сонымен қатар, оларды қызықтыра қоймайтын тапсырмаларды да бұлжытпай орындауды талап ету керек, бұл жұмысты орындағанда бір жағын басым етіп жібермей, екі жағын теңестіру арқылы еріксіз зейінді тудырып отырумен қатар, балада белсенді зейін шамалы болғанына қарамастан оны жаттықтырып отыру керек», - деп көрсетеді. Оқушылардың зейінін дұрыс қалыптастыруға мұғалімнің жеке басының үлгі-өнегесінің маңызы да зор [5, 15]. В.С. Мухина бойынша мектепке дейінгі шақ есте сақтау мен еске түсіру қабілеттілігінің пәрменді дамуымен сипатталады. Адамдар, оқиғалар есте сақталатын кезең мектепке дейінгі шақта анықталмаған мерзімге ығысады. Шындығында, бізге сәбилік шақтағы оқиғалардан бірдеңені еске түсіру қиын немесе мүлде дерлік мүмкін болмаса, мектепке дейінгі балалық шақ көптеген әсерлі сәттерді есте қалдырады. Бұл әсіресе мектепке дейінгі ересектерге тән. Мектеп жасына дейінгі баланың есі негізінен ықтиярсыз сипатта болады. Бұл бала көбіне өзінің алдына бір нәрсені есінде қалдыру үшін саналы мақсаттарды қоймайтындығын көрсетеді. Есте сақтау мен

еске түсіру баланың еркі мен санасына байланысты өтеді. Бұл екеуі де іс-әрекет арқылы жүзеге асады әрі іс-әрекеттің сипатына байланысты болады. Бала іс-әрекетте неге зейін қойса, оған не әсер етсе, не қызық болса, соны ғана есінде сақтайды.

Заттарды, картиналарды, сөздерді ықтиярсыз есте сақтаудың сапасы, баланың осыларға қаншалықты әсерлі іс-әрекет істеуіне іс-әрекет процесінде оларды егжей-тегжейлі қабылдау, ойластыру, топтастыру қандай дәрежеде өтетіндігіне байланысты. Мысалы, суреттерді жай ғана қарап шыққанда оларды баланың есінде сақтау анағұрлым нашар болады, ал осы суреттерді, өз орындарына, мысалы, бақшаға, ас үйге, балалар бөлмесіне, қораға дәл келетін жеке заттарды қою ұсынылғанда бала оларды есінде жақсы сақтайды. Ықтиярсыз есте сақтау баланың орындайтын қабылдау және іс-әрекеттерінің жанама қосымша нәтижесі болып табылады [10, 91 б.]. Мектепке дейінгі жастағылардың ықтиярсыз есте сақтауы мен ықтиярсыз еске түсіруі – ес жұмысының бірден-бір түрі. Бала бірдеңені есте сақтау немесе еске түсіру жөнінде алдына әлі мақсат қояды, ал бұл үшін арнаулы тәсілдерді қолдануды білмейді. Мысалы, үш жастағы балаларға суреттер тобының біреуін сұрағанда балалардың басым көпшілігі өзін мүлде бірдей ұстады. Суретке көз жүгіртіп өткеннен кейін бала оны шетке ығыстырып қойып, үлкен адамнан басқа суретті көрсетуді сұрады. Кейбір балалар бейнеленген заттар жөнінде әңгімелеп беруге тырысты, суретке байланысты өткен тәжірибенің жағдайларын еске түсірді («Көзілдірікті көзге киеді. Мынау- көбелек, құрт деп аталады». «Қарбыз. Мен, анам және әкем- үшеуіміз үлкен қарбыз сатып алғанбыз, алқоры одан әлдеқайда кіші», тағы осындайлар). Әйтсе де есте сақтауға бағытталған балалардың ешбір іс-әрекеттері байқалмады [13,14]. В.С. Мухинаның пікірінше есте сақтау мен еске түсірудің ықтиярлы формалары мектепке дейінгі естияр шақта қалыптаса бастайды және мектепке дейінгі ересектерде жетіледі. Ықтиярлы есте сақтау мен еске түсіруді меңгерудің неғұрлым қолайлы шарттары ойын үстінде жасалады, бала өзіне алған рольді жақсы орындап шығу есте сақтау шарты болған кезде жасалады. Мысалы, сатып алушының ролін алған бала дүкеннен белгілі заттарды сатып алу жөніндегі тапсырманы орындаушы ретіндегі баланың есте сақтайтын сөздерінің саны үлкен адамның тікелей талабы бойынша есінде сақтауға тиісті сөздерден көп болып шығады. Естің ықтиярлы формаларын меңгеру бірнеше кезеңнен тұрады. Олардың біріншісінде әлі қажетті тәсілдерді меңгере алмай тұрып бала есте сақтау мен еске түсіру міндетінің өзін бөле бастайды. Мұнда еске түсіру міндеті бұрын бөлінеді, өйткені бала алдымен дәл еске түсіруді, елестетуді қажет ететін ахуалдарға кездеседі. Бұған дейін ол нені қабылдап, жасағанын көрсететін іс-әрекетті білуі керек. Есте сақтау міндеті еске түсіру тәжірибесінің нәтижесінде пайда болады [10, 79 б.]. В.С. Мухинаның айтуынша, есте сақтау мен еске түсірудің жолдарын бала өз ойынан шығара алмайды. Ондай жолдарды белгілі түрде баланың есіне үлкендер салады. Мысалы, үлкен адам балаға тапсырма бергенде оған осы арада дәл оны қайталап беруді талап етеді. Үлкен адам баладан бір нәрсе сұрағанда, оның еске түсіруіне бағыт береді: «Сосын не болады?», «Жылқыға ұқсас сен тағы қандай жануарларды көрдің?» Тағы сол сияқты. Бала біртіндеп қайталай білуге, түсіне білуге, материалды есте сақтау мақсатында байланыстыра білуге, еске түсіргенде байланыстарды пайдалана білуге үйренеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың кейбіреулерінде эйдетикалық ес деп аталатын көру есінің ерекше түрі байқалады. өзінің айқындығы мен дәлдігі жағынан эйдетикалық естің бейнелеріне жуықтайды: бұрын қабылданған бір нәрсені есіне түсірген бала соны көз алдына қайтадан көріп тұрғандай болады. Эйдетикалық ес – жас шағының құбылысы. Мектепке дейінгі жаста осындай есі бар бала, кейінірек, мектепке оқыту кезеңінде, әдетте өзінің бұл қабілеттілігін жоғалтады [10, 81 б.]. Мектепке дейінгі жас – естің қарқынды даму жасы. Ес – бала үшін маңызды оқиғалар мен мәліметтерді жаданда қалдырады және сақтайды. Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақтар қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да

ойлайды. Бейнелі ойлау – 6 жасар бала ойлауының негізгі түрі. Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымырақ болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың естері еріксіз жақсы дамиды. Ерікті естері жаңа ғана қалыптасады. Сондықтан жақсы қабылдап алған заттардың түсін есінде жақсы сақтайды. Көру және есту елестері көрген нәрселердің мазмұнымен байланысты болады [11, 13, 14]. Мектепке түсу балалардың логикалық есін дамытуда үлкен роль атқарады. Оқушылардың есін тәрбиелеуде де мұғалім олардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Кіші мектеп жасындағы балаларды оқу тәсілін өз бетімен таңдап ала алмайтындықтан мұғалім үйге тапсырма бергенде, материалды қалай оқу керектігін балаларға ұдайы ескертуі керек. Бұл жөнінде оқулықтардың бәрінде мәтінді қалай оқу, тапсырманы қалай орындау керектігі айтылған. Бірақ баланың назары кейде бұған жөнді түсе қоймайды. Мұғалім мұны қатты ескерген жөн. Мектепке дейінгі балалық шақта заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасындағы байланыстар мен қатынастарды бөлу мен пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді баланың шешуіне тура келеді. Ойында, сурет салуда, құрастыруда, жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды. Мектепке дейінгі балалық шақтың соңында кейбір механикалық физикалық және басқа байланыстар мен қатынастарды түсінуді, осы байланыстар мен қатынастар туралы білімді жаңа жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Осы жастағы балалардың жылдың соңына дейін абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі. Бірақ тәжірибе түрінде, бала затты көрмей тұрса, берген сұраққа толық жауап бере алмайды. Бала ойлаудың барлық операцияларын жақсы қабылдауға тиіс [11, 13, 14, 16]. Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады. Таным әрекетінің бірі - қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді меңгеру барысында тіл үйренуші есту, көру, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған ортаны жақсы қабылдауға тиіс.

Д.Б. Эльконин бойынша кіші мектеп жасындағы балалардың танымдық үрдістердің дамуына келсек, олардың оқу ісіндегі қабылдауы – формамен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Мысалы, түрлі түсті құмыра салу үшін, олар форма, көлем жағынан әртүрлі болып келеді. Төменгі сыныптарда оқитын балалардан қабылдауында төмендегідей ерекшеліктер болады. Олар әлде де болса құбылыстарды тұтас зат күйінде жөндеп қабылдай алмайды. Мәселен, ол заттың өзіне ұнағанын, олардың көзге бірден көрінетін сыртқы белгілерін қабылдауға ұмтылады. Мұндай қабылдауда белсенділік жағы аз болады. Үшінші сыныптан бастап балалардың қабылдау саласындағы қателер азая бастайды. Оқушы заттың негізгі белгілерін байқай алатын болады. Қабылдауда анализ бен синтез қатар жүреді. Бала әр заттың өзіндік белгісін ұққысы келеді, оның мәніне ішкі, сыртқы құрылысына, жасалу принципіне зә сала бастайды. Қабылдау процесінің күрделене түсуі балаларда байқай алу қабілетінің көрінуімен ұштасады. Алайда, байқаудың қарапайым элементі бірінші сынып оқушыларында да бар. Байқау – белсенді ой-әрекетінің балада дамып келе жатқандығының көрінісі [16]. Мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын педагогтар мен тәрбиешілер, ата-аналар балалармен жылдың қай мезгілінде болмасын далаға шығып, серуендегенде, әртүрлі ойын ойнағанда осы ойланту әдісіне баса көңіл бөлуі қажет. Бала бойына ерекше әсер етіп тұрткі болатын айналадағы өлі және тірі табиғаттардың сан түрлі құбылыстары. К.Д. Ушинский – баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Сондай-ақ, кімде-кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен

оның ой қабілетін дамытуы тиіс, - деп көрсетеді [1, 6, 15]. Онтөгenezдің бастапқы кезеңдерінде қарым-қатынас бала өмірінде аса маңызды функция атқарады. Бала мен ересектің қарым-қатынасы білім, іскерлік, дағдыны біреудің жай қасында емес, өзара әсерлесу нәтижесінде, өзара баю мен өзгерудің күрделі процесі. Бала өзіне берілетін басқаның тәжірибесін белсенді түрде ой елегінен өткізіп, өңдеп пайдаланады. Психолог ғалым Б. Спок ересек адамның жанұяда және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас тиімді құра алуы, мектепке дейінгі кезеңде басқа балалармен жасаған қарым-қатынастың тиімділігімен анықталатынын тұжырымдаған. Ол бала басқа балалармен қарым-қатынас барысында өз құқығын қорғауға т.б жатқызады. Қарым-қатынас жасаудың адам өміріндегі қоғамдық-әлеуметтік және психологиялық негізі ең алдымен адамның күнделікті тіршілік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен байланысты екендігі айқын. Мектепке дейінгі балалар әдетте ойынды, сурет салғанды жақсы көреді, ересектермен және өзі қатарлы балалармен лезде тіл табысып кетеді. Мектепке дейінгі шақтың әсіресе, алғашқы үш жылы психологияда «қауіпті» кезең аталып, өзіне зерттеушілердің үлкен зейінін аударуда. П. Бадалян «...осы уақытта сәби арнайы үйрету мен тәрбие көрмесе, кейін ол өте қиынға түсіп, тіпті кеш болуы да мүмкін» деген. Дер кезінде тәрбие мен үйрету көрген бала бес жасында еш қиындықсыз таза сөйлей білуі тиіс [1, 6, 15]. Сонымен мектепке дейінгі жас - ерте онтогенез кезеңіндегі ең ұзақ және күрделі психикалық даму көрінісі болып табылады. Мұның өзі психологиялық зерттеулердің объекті ретінде қосылды және ол ғылыми әдебиеттерде оқиғалардың әр алуандығылығы ретінде көрсетіледі. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л.С. Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Атақты психолог ғалымдары Л.С. Выготский, А.И. Леонтьев, А.С. Запорожец, Л.Д. Венгер, Д.Б. Эльконин, Е.И. Игнатьева, Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер т.б. зерттеушілердің еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының қалыптасуына әсер ететін әртүрлі іс-әрекеттердің ішіндегі ең маңыздысы шығармашылық белсенділіктің сапалығына назар аударады. Алайда мектепке бару қарсаңында баланың психологиялық даму деңгейінде жекелей өзгешеліктер өсе түседі. Бұл өзгешеліктер мынадан көрінеді: балалар бір-бірінен ақыл-ой, адамгершілік және жекелей дамымен ажыратылады. Олай болатын болса, балаларға психологиялық қолдау жасау білім беру мекемелерінің (балабақша, мектеп) ең негізгі міндеті болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Возрастная и педагогическая психология. Тексты. - М.: МГУ, 1992.
2. Вопросы нравственного воспитания школьников. /Сборник статей: Изд-во Ленинградского Университета, 1960.
3. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991.
4. Выготский Л.С. Проблема возраста./ Собрание сочинений. – М., 1984.
5. Грэйс Крайг. Психология развития. - СПб., 2000.
6. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М., 1996.
7. Кисловская В.Р. Школьники в среде сверстников и взрослых - Алма-Ата, 1975.
8. Кулагина И.А. Возрастная психология: Развитие ребенка от рождения до 17 лет. – М., 1998.
9. Леонтьев А.Н. Проблемы развитие психики - М., 1981.
10. Мухина В.С. Возрастная психология. - М., 1998.
11. Обухова Л.Ф. Детская психология: Теория, факты, проблемы. – М., 1995.
12. Оклендер В. Окна в мир ребенка. / Руководства по детской психотерапии. – М., 1997.

13. Слободчиков В.И. Психологические проблемы становления внутреннего мира человека. // Вопросы психологии. - 1986 № 6.
14. Смирнова Е.О. Психология ребенка. - М., 1997.
15. Фельдштейн Д.И. Проблемы возрастной и педагогической психологии. – М., 1995

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АНЫҚТАУ, ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

БЕЙСЕБАЕВА Ф.С.

*Педагог-психолог, «Ж.Барыбаев атындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталықпен» КММ*

ИСАБАЕВА З.М.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

АННОТАЦИЯ. В данной статье рассматривается основная особенность детей-инвалидов - неравномерное развитие умственной деятельности ребенка. Инфантильные дети моложе своих сверстников, и их мысли нестабильны. Их умственные способности также меняются круглосуточно. Это характеристика детей и должна быть на минимальном уровне внимания и работоспособности. У некоторых детей в начале занятия наблюдается повышенная концентрация, а затем она начинает снижаться. Снижение долговременной и кратковременной памяти, недостаток силы памяти, а также снижение интеллектуальной активности - таковы характеристики детей этих категорий.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Дети с ограниченными возможностями, дети с задержкой психического развития, неврозы.

ABSTRACT. This article considers the main feature of children with disabilities - uneven development of mental activity of the child. Infantile children are younger than their peers, and their thoughts are unstable. Their mental abilities also change around the clock. This characteristic of children and should be at a minimum level of attention and ability to work. In some children, at the beginning of the activity, an increased concentration is observed, and then it begins to decrease. Reduction of long-term and short-term memory, lack of memory, as well as reduction of intellectual activity - such are the characteristics of children in these categories.

KEYWORDS: Children with disabilities, children with mental retardation, neurosis

Мүмкіндігі шектеулі балалардың негізгі клиникасы, психикалық және физикалық дамудың кешеуілдеуіндегі инфантилизм ретінде белгілі. Психикалық дамудың кешеуілдеуін кешенді зерттеумен оқыту дефектология ғылымына 60 – жылдардың XX ғасырдан бастап өз бастауын алды. Осыдан бері өз қызметін атқарып келеді.

Балалардың ақыл – ой дамуындағы жеңіл ауытқулары «Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деп аталатын терминмен сипатталады. Бұл кемшіліктің негізгі себебі: бала миының әлсіз түрдегі яғни органикалық зақымдауымен, сондай – ақ іштен туа пайда болған, туылу кезіндегі зақымданулар жатады. Сонымен бірге дамудың кешеуілдеуі жоғарғы жүйке жүйесінің ауруларымен, созылмалы және соматикалық жағдайлармен, бас миының жарақаттануымен, эндокриндік жүйенің бұзылуымен байланысады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Инфантильді балалар өзінің құрдастарынан жас, олардың ойлары да тұрақсыз болады. Оларды ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейде сабақтың аяғына таман немесе шаршаған уақыттарда болады. Бұл балаларға тән ерекшелік зейіні мен жұмыс қабілетінің ең төменгі деңгейде болуға тиіс. Кейбір балаларда іс — әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді есте сақтауы

мен қысқа мерзімді еске сақтауының төмендеуі, есте сақтауының беріктілігінің жетіспеуі, сондай – ақ интеллектуальдық белсенділігінің төмендеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер.

Ойлау әрекетіне келсек, көрнекі амалды ойлаудың кемістігі аз мөлшерде көрініс береді. Көбінесе нақтылы – бейнелі ойлауы бұзылады, яғни бейнелі образдық ойлауы жеткіліксіз болады. Қарапайым есептер көрнекі материалдарға бағытталса, бірақ баланың өмірлік тәжірибесіне қатыссыз болса, оларға қиындық туғызады.

Балалардың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар есептің шартын, диктантқа арналған сөздерді және сөйлемдерді есінде сақтамайды. Олар зейіндерін тапсырмаға шоғырландыра алмайды, кей кездері мектептің тәртібіне бағынбайды. Мұндай балалар көңіл бөлгенді қажет етеді. Түзету жұмыстарын, арнайы оқыту процестерін емдеу мекемелерін талап етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар әртүрлі дәрежеде сипатталады. Жеңіл түрде көрініс берген жағдайда бұл балалар көмекті жалпы білім беретін мекемелерде ұйымдастыруға болады. Ауыр жағдайларда балаларда арнайы білім беретін мектептерге немесе мекемелерге оқытады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар белсенді жағдайдан баяулыққа, жұмыскерлік көңіл – күйден, жұмыссыздыққа жиі өту процестері жүйкелік – психикалық жағдайлармен байланысты. Балалар қандай да бір тапсырманы орындауда үлкендердің көмегін қажет етеді. Ересектердің көмегін қажетсіну, іс — әрекеттің нәтижесін меңгеру, оны ұқсас әрекеттерге тасымалдау және психикалық дамуы кешеуілдеуі бар балаларды ақыл – есі кем балалардан ажыратуға болады.

Балаларда іс — әрекеттің тұрақсыздығы қимыл – координациясының жеткіліксіздігі мен режимге бағына алмаушылығы болса да, мұндай балалардың басым көпшілігі дене шынықтыру пәні мен спорт ойындарын жақсы көреді. Олардың психикалық дамуындағы жоғарғы мүмкіншіліктердің бар екендігін түзету жұмыстарын ұйымдастыру барысында ескерген жөн.

Мүмкіндігі шектеулі балалар өз пікірлерін ұсынушы М.С.Певзнер, Т.А.Власова баланың эмоционалдық ерік сфераларының қалыптасуына көп көңіл берумен бірге, нейродинамикалық бұзылулардың жеке сипаттамасына да ерекше назар аударды. Соған сәйкес психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың сипаттамаларының негізін анықтап, яғни ол психикалық және психофизикалық инфантилизм түріндегі анықталатын және ерте балалық шақтағы орталық нерв жүйесінің зақымдануынан, оның организмінің астениялық, церебрастениялық жағдайларға ұшырайтынын анықтаған.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі – ол оқу процесіндегі балалардың дамуындағы ауытқушылықтарды дифференциалды зерттеудің маңызы болып отыр. Дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін тиімді ескере отырып, бала бойындағы кемшіліктерді толықтай компенсациялауға және түзетуге болады.

Жалпы тексерудің барысында алынған мәліметтерге сүйенсек, жалпы мектептің өзінде де жартысынан жуығын «психикалық дамуы кешеуілдеген балалар» тобы құрайтынын көреміз. Психикалық дамудың кешеуілдеуі – бұл анамалияның дамуы, яғни көбінесе ол оқу жылының алғашқы айларында байқалуы мүмкін. Ол негізінен балалардың оқу процесінің қажеттіліктеріне адаптацияланбауынан байқалады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар негізгі айырмашылығы мынада: бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, сондай – ақ дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Арнайы педагогикада, сондай – ақ дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу негізінен ХХ ғасырдың ортасынан бастап бастау алды. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты

балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс — әрекеттерімен ерекшеленеді.

Педагогтар мен дефектологтардың пікірінше, біздің елімізде мұндай балалармен жұмыс жүргізетін жаңа, нәтижелі бағдарламалар мен әдістемелер жоқтың қасы. Демек, мүмкіндігі шектеулі балалар отбасының әлеуметтік – педагогикалық проблемаларын зерттеп білу және оларды шешуге әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық тәл мамандарды тарту – бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе.

Мүмкіншіліктері шектеулі адамдардың әлеуметтік байланыс, қарым – қатынас құқтары халықаралық заңдылықтармен бекітілген. Балалар бірінші кезекте қамқорлық пен көмекке ие болуы тиіс. Балалар құқығы (1959 ж). Декларациясында былай дейді: «Барлық балалар нәсіліне, ақ – қаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да түсінігіне, туған жері мен жағдайына қарамастан, төмендегі аты аталған мүмкіншіліктердің бәріне құқылы.

Ерекше қамқорлықпен қорғалуға, сондай – ақ жақсы тамақ ішуге, баспана және медициналық қызметпен қамтамасыз етілуге, тәрбиелеуге, рухани және физикалық жағынан дамуға, денсаулығы әлсіз болса, емделуге, сырттан шектеу болса ерекше қамқорлыққа, ата-анасының және да басқа адамдардың сүйіспеншілігі мен түсінігіне, егер ағайын – туыстары жәрдемдесе алмаса, онда үкіметтің қарамағында қамқорлықта болуға құқылы...»

Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп келеді. Бұрынғыдай оларды бақытсыз адам ретінде қарамай, қоғамының белсенді мүшесі және өз тағдырына батыл сеніммен қарайтын адам ретінде қабылдауда. Осы орайда әлеуметтік қызметкерлердің міндеті – қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың жанайқайын, яғни ауруының себеп – салдарын анықтап, оның бала ағзасының дамуы қандай бөгеттер жасап отырғандығын анықтау, мүмкіндігі шектеулі балалармен олардың отбасындағы қарым – қатынасын дамытып, дені сау балалармен аралас – құралас өсуіне жағдай туғызу, қоғам мен жеке адамдардың түсінігіне жарымжан балаларға әркез жәрдем беруге әзірлігін қамтамасыз етуге үйрету. Есту қабілеті бұзылған баланың өмірге келуі шын мәнінде отбасында психологиялық өзгерістерге алып келеді. Мүмкіндігі шектеулі баланың тәрбиесі – дефектологиялық негізгі ұғымдарының бірі. Бұл процестің мақсаты мен міндеті – жалпы педагогикалық принциптерімен анықталған, яғни оларды қоғамдық пайдалы өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру, бұлардың бәрі дефектіге сәйкес деңгейде, соған тән әдістемелермен жеткізілуі тиіс. Тәрбиенің бұл түрі тек қана педагогтармен ғана емес, арнайы мамандардың көмегімен жүзеге асқаны орынды. Және бұл қарым – қатынас қалыпты жағдайда өзара түсіністік, бір – біріне көмек беру жағдайында өткені дұрыс. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, шешім қабылдай алуға, өзін — өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Бұндай балалардың тәрбиесі өзара жақсы, түсіністікті қажет етеді және оларды оптимистік рухта, өз — өзіне сенімді тәрбиелеудің мәні зор.

Мүмкіндігі шектеулі балалар тұлғасын зерттеу мәселесі қазіргі әлеуметтік жағдайда маңызды орын алады. Біздің қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы қозғайтын істерін қайта құрумен әлеуметтік – саяси және экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруімен сипатталады. Бұл қазіргі кезеңдегі оқушылардың әлеуметтік жағдайындағы дамуына үлкен өзгірестер келтіреді, яғни, оның тұлғаының қалыптасу процесіне әсер етеді. Сондықтан да, мақаланың негізгі мақсаты, ақыл – ойы кем жеткіншектердің тұлғасын зерттеу мәселесінің дамуының тарихы және қазіргі кездегі аспектілерінің дамуын айқынырақ көрсету болып табылады.

Адамның тұлға ретінде қалыптасуы, әрекет барысында белсенді түрде өзгеріп, және әрекетті де өзгертетін, табиғат, әлеуметтік орта және сол тұлғаның күрделі ара қатынасы арқылы жүріп жатады. Өзгерту барысында әсіресе еңбек әрекеті процесінде, адамдар бір – бірімен белгілі қоғамдық байланыс және қарым – қатынасқа түседі. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы, негізінен, қоғамда қалыптасқан қарым – қатынас жүйесімен анықталып, сол тұлғаның осы қатынас шартына орай әрекетінің қалыптасуына, ойын сол қоғамның басқа мүшелерімен қарым – қатынасының қалыптасуына байланысты болады.

Адамның қоғамдық қатынас жүйесіндегі орны мен әлеуметтік ортаның ықпалының өзі, адамның жас ерекшелігіне орай қолданылады. Бұл, өскелең жеке тұлғаны мақсатты бағытпен қалыптастыру жағдайын ұйымдастыруды қажет етуін анықтайды. Адамның тұлға ретінде қалыптасуында жеткіншектік кезең маңызды орын алады. Бұл жас кезеңінің, адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы ерекше маңыздылығы, 10-16 жастағы баланың дамуындағы саналы өзгерістерге байланысты. Бұл жастағы бала, жаңа әлеуметтік тәжірибесін меңгеріп, жаңа қоғамдық қатынасқа және байланысқа түсе бастайды. Қатынас жүйесіндегі жеткіншектің орны өзгеруі, әрекеттің жаңа аспектілерінің дамуына байланысты. Әрекеттің бұл жаңа аспектілері, осы жас кезеңінің ерекшелігіне тән жаңа өзара байланыс, қарым – қатынас жүйесін тудырады. Дегенмен, психикалық дамудың әр кезеңіндегі, жеткіншек үшін маңызды болып әрекеттің негізгі типі саналады. Жеткіншектің тұлғалық дамуының қайнар бұлағы негізгі әрекетпен ғана шектелмеген, сол негізгі әрекет оның бойында маңызды өмірлік қажеттіліктерді қалыптастырып, өскелең ұрпақтың бейнесін анықтайды. Сонымен, тұлға – бұл біріншіден әлеуметтік қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Екіншіден, бұл индивидтің жүйелді қасиеті, оның қоғамдық енуімен анықталып және де біріккен әрекетпен қарым – қатынаста қалыптасып отырады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар теориялық тұрғыда талқыланады. Бұл мәселеленің ары қарай талқылануына үлес қосқан зерттеушілер қатары да біршама. Бастауыш мектеп кезеңі баланың жеке басының әрі қарай қалыптасуы үшін аса маңызды рөл атқарады. Оның өмірінде мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап айтарлықтай өзгерістер пайда болады, бала үшін жетекші орын алатын оқу әрекеті қалыптасады. Баланың жеке қасиеттерінің, психикасының дұрыс дамып жетілуі үшін педагогтік ұжымдардың кәсіптік білгірлігі, ата – аналардың саналы көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз одақ, нәтижелші жұмыс қажет. Оқушының жеке басына жән қасиеттерді тек «мен» деген қасиет тұрғысынан ғана бағалап қоймай, тиісті мөлшерлерге қалайша бағынады, мінезі, ерік – жігері қандай, ашуланғыш, не сабырлы келе ме, әсемдікті ажыратуға талғамы және өзгелермен қатынасы қандай – осы жөнінен алып қарауға болады .

Қазіргі зерттеулерге қарағанда, тәртіп бұзуға ең бірінші түрткі болған оқиға баланы тікелей тәртіпсіздікке әкелмейді, әуелі қайғыға ұшыратады да, ол қайға баланы ашуланшақтыққа әкеліп соқтырады. Тәртіп бұзу содан пайда болады. Тәртіп бұзушылықтың салдарының негізі – сабаққа үлгере алмаушылық. Кейбір оқушы құрбыларынан сабақта артта қалып қойып, тәртіп бұзуын өзінше батырлық деп санайды. Мұны өзгелердің көзінше көрсеткісі келеді. Бұл көбінесе мен – менсінген, бала мінезінің дұрыс тәрбиеленбеуінен болады. Бірақ, осылай болған жағдайда да, тәртіпсіздікті баланың бойына біржолата сіңіп кеткен әдеттен деп, барлық себептен содан іздестіруге болмайды. Өйткені, тәртіп бұзу тек өзіне ғана байланысты емес, оның үй ішіндегі жағдайларға да, айталық, ата – ана бірлігінің жоқтығына және баласына қойған талаптың әр түрлі болып келуіне байланысты. Бала үнемі жақсы психологиялық жағдайда тәрбиеленуі, оқуы, өсуі қажет. Сонда бала жағымды «мен» бейнесі қалыптасады, өзіне деген сенімділігі туады. Мұндай «мен» бейнесі кез – келген баланың жақсы жағдайда, нәтижеге жетуіне, дұрыс дамуына мүмкіндік береді.

Психологиялық – педагогикалық зерттеулерде бала мінез – құлығының ауытқу мәселесі түбегейлі зерттеліп сипат алғанымен, қалыпты дамыған бала мінез – құлығының жағымсыз түрлерінің туындау себептерін ғылымда өз деңгейінде зерттелінбеуінде. Л.С.Славина «Дети с аффективным поведением» атты еңбегінде кіші мектеп жасындағы балалардың аффективті мінез – құлығына сипаттама бере отырып, психологиялық талдау жасайды. Мұндай балалардың мінез – құлығына мыналар тән: өкпелегіштік, бұзықтық, дөрекілік. Олар басқа балалармен үнемі ұрысып, керісіп, ескертулерге тез ренжіп қалады. Автор мұндай мінез – құлық оның ұжымындағы дұрыс құрылмаған өзара қарым – қатынастардың салдарынан пайда болады деген қорытындыға келеді.

Зерттеулердің басым көпшілігі қиын балалардың тұлғалық ерекшеліктерін тануға арналған. Балалардағы әр түрлі жағымсыз мінез – құлықтарға орталық жүйке жүйесінің ықпалы зор екен. А.Д.Савченко өзінің еңбектерінде, жағымсыз қылықтар өзінен -өзі

туындамайды, олар арам ниеттің нәтижесі, ал оның тамыры дұрыс құрылмаған тәрбиеде екенін атап көрсетті. Жағымсыз қылықтар, соған сәйкес мінез-құлықтарының еркелік, қиқарлық, эмоционалды тұрақсыздық түріндегі қылықтары басым балаларды түбегейлі оқып тануға Е.Д.Белова өз еңбегінде етеп көрсетті. Оның зерттеу жұмысының мақсаты – балалардың аффективті мінез-құлықтарына толыққанды талдау жасай отырып, жағымсыз мінез-құлықтарды жою жолдарын көрсету. Зерттеу барысында жинаған материалдары автоды мынадай қорытындыға әкелді. Мысалы: талап қоюдың жүйелілігі мен дәйектілігінің қалыс қалуы, ата-ана тарапынан бақылаудың болмауы, шамадан тыс еркелету.

Л.Ф.Островская өз зерттеулерінде балалардың жас ерекшелік және психофизикалық ерекшеліктеріне, оларды дұрыс тәрбиелеуге байланысты деп тұжырымдайды.

В.Д.Шадриков негативті мінез-құлық ерекшеліктері дұрыс құрылмаған тәрбиенің нәтижелі болуы мүмкін. Олай болса эмоционалдық қызбалы және танымдық, қозғалыс іс-әрекетінің нәтижесі, оның темпераменті мен жүке әрекетінің туа біткен жеке ерекшеліктеріне байланысты болады.

Р.В.Овчарова және басқа ғалымдардың зерттеулерімен келісе отырып, бала мінез-құлқының себептерін жалпы мынадай топтарға жатқызуға болады. Әлеуметтік – педагогикалық қараусыз қалу, бала өзінің жағымсыз қылықтарымен өзін көрсете алмайды. Терең психикалық ауытқушылығы бар отбасыларда қарым-қатынасының дұрыс болмауы себепші болады.

Тәрбиесі қиын балаларды тудыратын себептердің бірі – балаларын оқытуда, тәрбиелеуде ата – аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейрімсіздікті, яғни қатыгездікті, дөрекілікті, өзімшілдікті тудырады.

Екінші себеп – бұл үйдегі сәтсіздік, маскүнемділік, ұрыс – төбелес, ұрлық, ата – аналардың және басқа отбасы мүшелерінің жеңілтек мінез – құлқы, ал бәрінен жаманы – ажырасу, неке бұзу.

Отбасы тәрбиесінде ата – аналардың мінез – құлқы шешуші фактор. «Сіз баланыңды тәрбиесін бастама бұрын өзіңіздің мінез – құлқыңызды тексеріңіз» деген болатын А.С. Макаренко. Оның сөзін жалғастыра келіп, ... егер сіз дөрекі және мақтаншақ немесе маскүнем болсаңыз... ал, онда сізге тәрбие туралы ойланудың қажеті жоқ.

Егер әке маскүнем болса, мүмкіндігі шектеулі балалар жүйке (невроз), жиі қояншық ұстамадан (эпилепсия) азап шегеді, олардың ақыл – ойы баяу дамиды. Мұндай балалар енжар, тынымсыз, ашушаң келеді. Әрбір ата – ана азғындыққа түспеу үшін күш қабілетін пайдаланып, балаларға мейрімді өнеге мен әсер етуі керек.

Үшінші себеп – ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады. Кейбір отбасы баланың ішкі дүниесін, тілектерін, ойларын, қайғысын қоршаған ортаға қатынасын жетексіз бермейді.

Төртінші себеп – бұл сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарындағы олқылықтары мен кемшіліктері. Тәрбиесі қиын балалар жөнінде сынып жетекшілерінің іс — әрекеті көпшілік жағдайда кейбір жұмыстармен ғана шектеледі. Олар: әңгіме, сынып және оқушылар жиналыстарында талқылау, оқушылардың ата – аналарын мектепке шақыру. Мұндай жалпы және қарапайым жұмыстар бойынша тәрбиесі қиын балаларды жан – жақты білу мүмкін емес.

Әлем ғалымдары мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасында тәрбиеленуінің маңызы зор екендігін байқайды. Отбасы мен білім ордасының бірін – бірі толықтырып, тәрбиелеуі олардың қоғамдық пайдалы қызметке тез бейімделуін және мамандық таңдауға септігін тигізетінін байқады. Оның үстіне мұндай жарымжан балалардың құқығы халықаралық заңдылықтармен қорғалған. Мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбиесі бір – біріне қарама – қарсы екі ұғымнан тұрады. Олардың бір түрі – «шеттетілгендер», яғни ата – анасы баланы жан – жақты, материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді. Ал, оның ішкі әлеміне үңіліп, рухани қажеттіліктеріне терең бойлай бермейді. Тіпті кейде, баланы жазалайды. Мұндай отбасындағы балалар іштей күйзеліске түседі. Ата – аналарының сүйіспеншілігіне, махаббатына қақымыз жоқ деп ойлайды. Олардың көңіл – күйі түсіп, сенімсіздік пайда болады. Осыдан келіп балалардың тіл дамуында, тәрбиесінде депрессияға тән көрінәістер пайда болады. Психологиялық шеттету баланың интеллектуалдылығына кері әсерін тигізеді, білім деңгейін

тежейді. Екінші бір жағдай – баланы шектен тыс қамқорлыққа алу. Ата-аналар бала алдындағы «кінәсін» сезініп, оны тым бос ұстап еркелетеді, кез–келген өтінішін орындауға тырысады. Мұндай атмосферада өскен бала бұйығы келеді. Өз — өзіне сенімсіз, әлжуаз болып өседі. Мұндай балалар әлеуметтік даму жағынан түрлі қиындықтарға тап болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы,- Астана 2007.
2. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңы». 2002, 7-11б.
3. Қазақстан республикасының 2011-2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасы. 2011, 5-9б.
4. Никишкина В.Б. Практическая психология в работе с детьми с задержкой психического развития. Москва. ВЛАДОС 2003.-565С
5. Семаго Н.Я. Основы диагностики и коррекционной работы психолога // Дефектология. 2007. — № 3.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ИНФАНТИЛИЗМІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БЕГАЙДАРОВА А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты

АННОТАЦИЯ. Статя посвящена исследованию концепции студенческого инфантилизма. Автор рассматривает историю концепции инфантилизма на основе зарубежных психологических исследований. Выявлены психологические особенности обучения школьников инфантилизму как признак младенчества и социального несовершенства. Он также определил систему критериев, описывающих различные аспекты воспитательного инфантилизма.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: социальная роль «вечного ребенка», феномен, не отвечающий критериям успешности, педагогический инфантилизм школьников, система критериев, описывающих различные аспекты педагогического инфантилизма.

ABSTRACT. The article is devoted to the study of the concept of educational infantilism of students. The author reviews the history of the origin of the concept of infantilism on the basis of foreign psychological research. The psychological causes of educational infantilism of students as a property of infantilism and social immaturity are revealed . A system of criteria that characterize various aspects of educational infantilism is also highlighted.

KEYWORDS: the social role of the "eternal child", the phenomenon that does not meet the criteria of success, educational infantilism of students, the system of criteria that characterize various aspects of educational infantilism.

Бүгінгі қоғамда жастардың өздігінше өмірлік мақсат қойып, оған жетуге ұмтылудың орнына сәйкес әлеуметтік міндеттемелер қабылдау уақытын кейінге қалдыруға бейім екендігі жиі айтылады. Жастар өз отбасын құру, ата-анасынан бөлініп, қаржылық тәуелсіздік алу сияқты маңызды өмірлік міндеттерді орындауға дайын емес. Яғни, тұлғаның «Мәңгілік баланың» әлеуметтік рөлін атқаруы оны жасалған әрекеттері үшін жауапкершіліктен босатады. Осыған орай инфантилизм факторларын анықтау міндеті туындайды.

Инфантилизм тұжырымдамасын зерттеуді берілген жетістік критерийлеріне сәйкес келмейтін құбылыс ретінде әлеуметтанушылар сипаттауды салыстырмалы түрде жақында бастады. Осыған қарамастан, бұл құбылыстың психологиялық аспектісі зерттеушілердің назарына сонау ХІХ ғасырда келді. Алғаш рет инфантилизм құбылысын Эрнест Чарльз Ласегу, Зигмунд Фрейд, сонымен қатар кеңестік авторлар А. Петровский, М.Ярошевский

Л.С.Выготский, А.Гурьева, В.В.Ковалев, В.В.Лебединский, А.Е.Личко, К.К.Платонов, Г.Е.Сухарева, С.В.Шакурина және басқалары анықтады.

Енді инфантилизм ұғымының шығу тарихына тоқталып өтелік. Инфантилизм ілімінің тарихы Ежелгі патологтар дәуірінен басталады. «Инфантилизм» термині тура мағынасында қолданылмаса да, кретинизм мен қалқанша безінің ауруларында байқалған даму бұзылыстары тұрғысынан қарастырылды. Бұндай сипаттамалар Плиний мен Витрувий дәуірінде болған. Кретинизм термині XVI ғасырда пайда болды және осы кезеңнің әдебиетінде дамудың кешігуі мен ергежейлілік туралы жиі кездеседі [1].

XIX ғасырдың ортасына дейін «инфантилизм» ұғымы болған жоқ [2;105;132;138]. Ол эндокринопатиямен және әртүрлі физикалық және психикалық ауытқулармен біріктірілді. Ұзақ уақыт бойы негізінен медициналық мамандықтардың өкілдері инфантилизм проблемасымен айналысты. Осы шеңберден инфантилизмді психологиялық тұрғыдан қарастыруды оқшаулау процесі ұзақ болды.

XIX ғасырдың 60-70 жылдарында «инфантилизм» терминін Э. Ласег ұсынған, Э. Ласегтің айтуы бойынша өмір бойы бала күйінде қалатын адамдардың ерекшеліктерін ескере отырып, инфантилизмнің бір нұсқасының егжей-тегжейлі сипаттамасын берген [3;105;6;138].

Бастапқыда бұл термин ересектерде балалық шақтың дене және психикалық белгілерін сақтау үшін қолданылған. XIX ғасырдың аяғындағы барлық авторлар инфантилизм синдромын да түсінді. Айта кету керек, тек олардың кейбіреулері бұл синдромды интеллектуалды толыққанды адамдарға, ал басқалары психофизикалық дамуында жетіспеушілігі бар барлық науқастарға жатқызған [4].

Инфантилизм ұғымының ғылыми әдебиетке енуі әртүрлі ғалымдардың осы проблемаға назар аударды және инфантилизм деп нені қарастыру керектігі туралы әртүрлі ұстанымдардың қақтығысын тудырды. Э. Ласег инфантилизмдегі бұзылулар дененің кез-келген жеке жүйелеріне қарағанда бүкіл конституцияға көбірек қатысты екенін айтады. Нәрестеліктен бастап өмір бойы жас бала белгілері сақталады. П. Лоррен Э. Ласеганың пікірін қолдай отырып, инфантилизмнің тағы бір түрін ұсынған. Оны дистрофиялық дегенерация деп атаған. Инфантилизмнің бұл түрі әртүрлі генезиске ие, көбінесе эндокриндік сипатта болады және негізінен әйелдерде кездеседі.

Э. Ласег пен П. Лорреннің инфантилизм синдромын сипаттағаннан кейін шамамен жарты ғасыр өткен соң, бұл тұжырымдаманың шекаралары едәуір кеңейтілді. Медицина профессоры Антон (G. Anton) алғашқылардың бірі болып «инфантилизм» терминін «балалық шақтың дамуындағы физикалық және психикалық кідірістерге» байланысты қолдана бастады [5;706]. Ғалым инфантилизмді дене және психикалық дамуға байланысты бөледі. Дене дамуындағы инфантилизмнің өзі жалпы және ішінара болып бөлінеді. Жалпы инфантилизммен Г. Антон

«жеке тұлғаның одан әрі дамуына кедергі келтіретін дамудың бұзылуы; сонымен бірге баланың дене белгілері ғана емес, көптеген психикалық қасиеттері де сақталады» деп түсінеді.

Психологтардың еңбектерінде жастардың инфантилизмі ең алдымен шындыққа бейімделу формасын білдіреді. Ол өсіп келе жатқан процеске байланысты жастардың жаңа міндеттерді қабылдауында көрінетін жетілмеген эмоционалды-ерік саласының нәтижесінде, кез-келген дағдарыстық жағдайларға пассивті қатынас, шешім қабылдау үшін басқа адамға жауапкершілік жүктеуін білдіреді. Социологиялық ғылымдарда ересектік ұғымы тек әлеуметтік-демографиялық параметрлермен анықталады және мектеп бітіру, үйлену, атананың үйінен бөлек шығу, қаржылық тәуелсіздік алу сияқты оқиғалармен байланысты.

Ғылыми еңбектерде осы деформациялардың алдын алу және оларды жою процесіне көп көңіл бөлінеді. Инфантилизмнің пайда болу тетіктерін қарастыру кезінде алдын-ала анықталған стратегияның, бағдарламаның немесе студенттің белгілі бір инфантильді көріністерге бейімділігінің болуы ыңғайы іс жүзінде назарсыз қалады. Студенттердің инфантилизмі туралы айта отырып, біз оқу-педагогикалық үдеріс шеңберінде тұлғаны жүзеге асырудың деструктивті формасы ретінде көрінетін құбылыс туралы айтамыз. Мәселе тек инфантилизмнің көріністері туралы ғана емес, сонымен бірге оқу үдерісінде деструкцияның кейбір формаларын жоюға бейімділіктің болуы туралы болып отыр.

*«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 2-курс магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются психологические закономерности формирования безопасного поведения дошкольников. На основе единства компонентов педагогического процесса предлагается формирование безопасного поведения с учетом психологических особенностей детей.

КЛЮЧЕВАЯ СЛОВА. Дошкольный возраст, педагогический процесс, безопасный поведение, психологическая закономерность.

ABSTRACT. the article discusses the psychological patterns of the formation of safe behavior in preschoolers. On the basis of the unity of the components of the pedagogical process, the formation of safe behavior is proposed, taking into account the psychological characteristics of children.

KEYWORDS. Preschool age, pedagogical process, safe behavior, psychological regularity

Балаларды қоршаған әлемді тани отырып, олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін жағдайлар жиі кездеседі. Баладың ересек адамдармен салыстырғанда төтенше жағдайға бейімделуі, қозғалуға икемділігі пен дене дамуы әлсіздеу, қауіптерден сақтануды білмеу мен түсінбеу, адамдармен, табиғи құбылыстармен, техникамен және т. б. қарым-қатынас тәжірибесінің жетіспеушілігі тәрізді ерекшеліктері мектепке дейінгі жаста қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру қажеттілігін ескертеді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында

«Туғаннан бастап кәмелетке толғанға дейін балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, балаларды оқыту мен қорғаудың қауіпсіз және жайлы ортасын қаржыландыру мәселелері бойынша барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру мақсатында "Әлеуметтік шығындарға арналған ЖБ және РБ көлеміндегі балалар бюджетін" есептеу әдістемесі әзірленетін болады делінген[1].

Қазіргі қоғамда балауәнемі кездесетін өміріне қауіпті жағдайлар ересектердердің өмір салтына айналған немесе салдыр-салақтығынан туындайтындығы белгілі. Сондықтан көптеген педагогтар мектепке дейінгібалалардың қауіпсіз мінез-құлқы негіздерін қалыптастыру бойынша табысты жұмыс істеуге мүмкіндік іздегені кездейсоқ емес.

Балалармен жұмыс жасаудың тиімді нысандары мен әдістерін іздестіру, ата-аналармен ынтымақтастықта, мектепке дейінгі ұйымның қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттестігінде қажеттілік туындады.

Балалардың қауіпсіздік мінез-құлқын қалыптастырудың психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктері туралы көптеген ғалымдары айналысты. Көрнекті психологтардың (В. В. Давыдов, Л. В. Занков, А. Н. Леонтьев, Д. В. Эльконин және т.б. еңбектерінде ғаламшардағы балапандардың өмір сүру қауіпсіздігі проблемасына құнды идеялар мен тұжырымдар айтты. Мектепжасынадейінгібалалардың қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырудың негізін салған ғалымдар (Н. Н. Авдеева, О. Л. Князева, Р. Б. Стеркина, Т. К. Хромцова, К. Ю. Белая, М. И., Нүсіпбекова, С.А.Сейілғазина және т.б.) ғылыми еңбектерінде көрсетілген. Олардың пікірі бойынша, баланың өмір тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін, ата-аналар мен балаларды қауіпсіз өмір салтына тәрбиелеуді талап етеді.

Көптеген тәртіп ережелері адамдар жабайы жануарлардан, табиғи катаклизмдерден қорғануға тырысқан кезде пайда болған. Уақыт өте келе адамның өмір сүру жағдайы өзгерді, әрине, адам қауіпсіздігі ережелері де өзгерді. Сондықтан бүгінгі өзекті мәселенің тірек сөзі "қауіпсіз мінез-құлық" ұғымының сипаттамасы және оның адамның тіршілік әрекеті үшін маңыздылығы ашылуы қажет.

Жоғары технологиялар ғасырында жалпыадамзаттық қатынастарды жасанды қатынастарға ауыстыру үрдісі байқалады, адамдар басқаның ауыруына сезімтал емес. Сондықтан да біздің әлемде өміршеңдік үлкен макро биологиялық проблема болып отыр. Адам денесінің биологиялық қабығының қалыпты эргономикалығын толығымен бұзатын жеке адамның денсаулығына жолдардағы кедергілер өте көп. Әр түрлі жарақаттан, мертігуден және өлімнен ерте алдын алудың және қорғаудың басты тәсілдерінің бірі адам қоғамының кез келген мүшесінің қандай да бір жағдайда (орын, уақыт, туындаған жағдай және т.б.) оның қауіпсіз мінез-құлық болып табылады. Жалпы алғанда қауіпсіз мінез-құлық негізгі қағидалары мен сақтық шараларын бастапқы білімдерді қамтиды. Олар өз кезегінде авариялық және қайғылы жағдайларға алып келетін адамның алдын ала дұрыс емес мінез-құлық болдырмауға бағытталған.

Адам қай жерде, үйде немесе мемлекеттік (жеке) мекемеде жұмыс істейтін болса да, оның қандай қызмет түрін таңдағанына қарамастан, оның өмірі мен денсаулығы қауіпсіздік ережелерімен бақыланады. Әрқашан ең қарапайым абайсыздық қауіптілігі жоғары орындарда жазатайым оқиғаның орын алуына апаруы мүмкін [7]. Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру құрамдас бөлік ретінде келесі аспектілерді қамтиды:

- қауіпсіз өмір сүруге жалпы теориялық дайындық (тәуекелдің, қауіпсіздіктің, қауіптіліктің және т. б. жалпы мәселелерін түсіну), осыған қатысты іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру (қызмет түрлері), олар тек қауіпсіз жағдайда ғана емес, тәуекел жағдайында да жүзеге асырылады),

- қауіпсіз өмір сүруге психологиялық дайындық (батылдық, батыл, ақылға қонымды тәуекелге және т. б. дайындықты қалыптастыру),

- өмір сүру қауіпсіздігі үшін қажетті жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту (тереңдік, көрегендік, ізгілік, адам және қоғам қауіпсіздігінің негізі ретінде). Сондықтан, тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру кең және тар мағынада қарастырылады.

"Кең мағынада қауіпсіз мінез – құлықты қалыптастыру-бұл әр түрлі қызмет түрлеріне (танымдық, физикалық, коммуникативтік және т.б.), әр түрлі әлеуметтік функцияларды орындауға (азамат, тұтынушы және т. б.), мектепке дейінгі балалардың әртүрлі мәдениет түрлері мен фрагменттерін (дүниетанымдық, адамгершілік, эстетикалық және т. б.) беруге дайындығын қалыптастыру операциясы [2]. Ересектер адамның барлық әрекет түрлері мен өмір сүру салалары ықтимал түрде қауіпті (немесе қауіпті жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін) екенін біледі. Сондықтан кез келген қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру процесі тіршілік қауіпсіздігі дайындығының бір бөлігі болып табылады.

Тар мағынада қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру – мектепке дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетінің бір бөлігін иемденуі, оның негізгі қызметі – адам мен қоғамның қауіпсіздігін жүзеге асыру [2]. Сонымен қатар, тар мағынада қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру-бұл өмір сүру қауіпсіздігіне арнайы дайындық. Ол қауіпті және экстремалды жағдайлардың нақты түрлеріне, әрекеттің жағдайларына (зиянды, қауіпті) дайындық материалында жүзеге асырылады, оның нәтижелері жалпыланған сипатқа ие және әрекеттің әр түрлі нақты түрлері мен жағдайларында қауіпсіздікке ықпал етеді [34].

Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру-бұл күрделі жүйе, олар компонент, элемент, кезең, қызметтер, мақсаттар, мазмұны, формалары, құралдары, заңдылықтары, принципі, тәрбиенің педагогикалық жағдайы ретінде әрекет ететін жүйе. Тәрбие мен оқыту практикасын нақты іске асыруды білдіретін педагогикалық құбылыстардың барынша кең спектрін тіркейтін педагогикалық санаттардың ішінен талдауды жалғастыру үшін неғұрлым қолайлы "педагогикалық процесс" ұғымы болып табылады [3]. Педагогикалық процесте қауіпсіз мінез-

құлықты қалыптастыруды қарастырайық. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың өмір сүруінің арнайы ұйымдастырылған кезеңі, оның барысында қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін меңгеру жетекші мақсат ретінде әрекет етеді. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие процесінің кезеңі табиғатқа, өзенге, өрт сөндіру бөліміне, полиция бөліміне экскурсиялар болып табылады (өрт қауіпсіздігі басқармалары, төтенше жағдайлар бөлімшелері және басқалар ұйымдар).

Қауіпсіз мінез – құлықты қалыптастыру-бұл процестің мектепке дейінгі балалардың тіршілік әрекетінің зиянды және қауіпті факторларының алдын алуға және оларды еңсеруге деңгейіне тұрақты ықпалында байқалатын педагогикалық үдерістің функциясы. Аталған функция мектепке дейінгі ұйымда барлық ұйымдастырылған оқу әрекетінде және еркін дербес әрекетінде жүзеге асырылады. Оны өткізу оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнымен тығыз байланысты. Мектепжасына дейінгі балаларды судың қасиеттері туралы ақпаратпен (қоршаған ортамен танысу) таныстыру, шаншу және кесетін заттармен дұрыс жұмыс істеу (апликация, көркемдік еңбек), алаяқтар мен қылмыскерлердің ықтимал әрекеттері туралы (іс-әрекеттермен танысу) танысу кезінде), қоғамдық көлікте қауіпсіз жүріс-тұрыс туралы (Әлеуметтік шындықпен танысу) дайындық дамиды. Дүниетанымдық идеяларда, адамгершілік құндылықтарда, философиялық көзқарастарда, қарым-қатынастың жеке тәжірибесінде адамзаттың басқа өкілдерімен қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті жүзеге асырылған [4].

Бұл мәдениет элементтері оқу барысында оқылатын тақырыптардың мазмұнына қарамастан білім беру қызметін ұйымдастыру. Бұл жағдайда аталған функцияны жүзеге асыру оқыту және тәрбиелеу әдістерінің мүмкіндіктерімен, сабақтардағы моральдық-психологиялық климатпен, педагогикалық үдеріске қатысушылардың қарым-қатынас сипатымен, қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастырудың жеке іске асыруымен, яғни педагог пен балалардың қауіпсіздік мәдениетінің қалыптасуының деңгейімен байланысты [5]. Егер педагогикалық үдерісте мектепке дейінгі балаларды тіршілік әрекетінің зиянды және қауіпті факторларының алдын алуға және еңсеруге дайындау бойынша алдын алу жұмысы жүзеге асырылса, онда бұл олардың қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етеді, сыртқы факторлардың әсерінен және олардың өз өмірінен жағымсыз, зиянды зардаптардың ықтималдығын төмендетеді. Аталған болжам, мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру бойынша педагогикалық процестің заңдылықтары болып табылады. Бұл өзара байланыс тәрбие процесінің компоненттерінің объективті, қайталанатын, маңызды, қажетті байланысы болып табылады. Ең алдымен, бұл мақсат, мазмұн, тәрбие құралдары және педагогикалық үдерістің нәтижелері арасындағы байланыс сақталуы қажет [4].

Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру принципі тәрбие қатысушыларын күнделікті меңгеруге және өмірге кіру процесінде қауіпсіз мінез-құлықты пайдалануға бағыттайды. Жоғарыда тұжырымдалған заңдылықтардан ығыстыра отырып, бұл қағидат әлі педагогика оқулықтарында аталмаған, алайда педагогикалық үдеріс тәжірибесінде ол өз жұмысында маңызды миссияны – тәрбиеленушілердің өмірін сақтау және адамзаттың қаза болу қаупін жоюға алғышарттар жасау деп ойлайтын көптеген педагогтарды қаруландыруда. Бұл принцип педагогты педагогикалық процесте қауіпсіз жағдай жасауға бағыттайтын қауіпсіздіктің педагогикалық қағидаттарынан ерекшеленуі керек. Формальды талдау кезінде бұл қағидаттар бір-біріне қайшы келеді. Қауіпсіздік принципі тәрбиенің қауіпсіз жағдайларын болжайды, ал қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру принципі мұндай жағдайларда тәрбиеленушілерде қызмет тәжірибесін қалыптастыру үшін қауіпті жағдайлар жасау [6]. Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру күтпеген жағдайларда (оның ішінде қауіпті және төтенше жағдайларда) әрекет етуге дайын тұлғаны қалыптастыру үшін балаларды өмірге енгізудің педагогикалық шарты болып табылады.

Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру белгілері оның әртүрлі жақтарын көрсетеді: педагогикалық процестің құрамына кіру, педагогикалық процестің функциясының болуы, педагогикалық үдерісте қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастырудың заңды сипаты, мұғалімдердің педагогикалық принцип түріндегі заңдылықтарды түсінуі [2].

Кез келген жалпы қабылданған норманы кішкентай адам түсінуі және қабылдауы керек – сонда ғана ол оның мінез-құлқын тиімді реттеушісі болады. Қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтауға тікелей, декларативтік талап көбінесе тиімділігі аз. Дегенмен, балалар бұлжытпай орындауы тиіс мінез-құлық ережелерін атап өту қажет, себебі олардың денсаулығы мен қауіпсіздігі осыған байланысты. Ол үшін балаларға осы ережелерді түсіндірудің барабар тәсілін табу, содан кейін олардың орындалуын қадағалау өте маңызды [7].

Қауіпсіздік-бұл жай ғана игерілген білімнің жиынтығы емес, әр түрлі жағдайларда өзін дұрыс ұстай білу. Бұдан басқа, балалар көше мен үйде күтпеген жағдайда болуы мүмкін, сондықтан ересектердің басты міндеті олардың дербестігі мен жауапкершілігін дамытуды ынталандыру болып табылады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымда қабылданған оқытудың дәстүрлі нысандары балалардың мінез-құлықтың, тәжірибенің белгілі бір дағдыларына ие болуына бағытталған әртүрлі әрекет түрлерін ұйымдастыруға ішінара және көп көңіл бөлу қажет. Өйткені, балаларды үйрететін нәрселердің барлығын нақты өмірде, тәжірибеде қолдану керек. Бала кішкентай болса да, ол қоғамда бар нормативтік әлеуметтік-мәдени ұғымдарды меңгеруге психологиялық мүмкіндіктері жеткілікті. Нормалар мен ережелерді, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін меңгеруге мүмкіндік береді. Баланың қоршаған ортаға деген ішкі эмоциялық қатынасы оның осы шындықтағы практикалық әрекеттерінен қалыптасады және жаңа эмоциялар оның сезімдік-заттық іс-әрекеті процесінде пайда болады және дамиды [8]. Сондықтан қауіпсіз мінез-құлық негіздері қазіргі заманның маңызды проблемасын білдіреді және ғалымдардың пікірінше, 3 мәселені шешуді қамтиды:

- Қауіптерді сәйкестендіру, яғни қауіптер мен олардың көздерін тану;
- Алдын алу шараларын әзірлеу;
- Бқтимал салдарларды жою.

Адамның болу орнына байланысты бірқатар қауіптер бар:

- үйдің қауіптілігі;
- жолда және көшеде қауіптер;
- табиғаттағы қауіптер;
- қауіпті бейтаныс адамдармен сөйлесу. Адамдардың қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүруге қабілеттілігі көп жағдайда хабардарлыққа және тәжірибеге байланысты.

Адам өмірінде адамның өмір сүру жағдайларына байланысты түрлі тыйымдар бар. Сондай-ақ мінез-құлық ережелері және басқалары белгілі бір, кейде өмірлік маңызды мәнге ие. Кейбір ересектер, балалар үшін уайымдап және оларды дене және психикалық жарақаттан сақтауға тырыса отырып, әдетте, не ұзақ тәлім мен адамгершілік білім пайдаланады, не тікелей тыйым салу арқылы балалардың мінез-құлқын реттейді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, бала психологиясы жеткіліксіз әсер етеді. Ересектерде тәлім-тәрбие және адамгершілік білім беру кезінде баланың қандай да бір мінез-құлық ережелерінің мағынасын және жас, психологиялық ерекшелігін түсінгені жөн. Басқа шектен тыс-тыйым салу, ересек жағынан үнемі назар аудару және бақылау қажеттігіне әкеледі. Сонымен қатар, егер тыйым салу тым көп болса, ол оларды толық орындай алмайды, және кейбір ережелер сөзсіз бұзылады және бұл жарақат қайғылы оқиғалар мен әкелуі мүмкін [11]. Тікелей тыйым салуларды балалар тарапынан қандай да бір жағдайды көріп, тіпті оған өздері де қатысуы қажет. Тек сонда ғана олар не болатынын, не істеуге болмайтынын, қандай да бір жағдайда не істеу керектігін түсінеді. Қорыта айтқанда, мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда психологиялық заңдылықтар мен ерекшелігін ескерген жағдайда ғана оның тиімділігі болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz)
2. Беляя, Н. Ю. Как обеспечить безопасность дошкольников [Текст] : кн. для

воспитателей / К. Ю. Белая, В. Н. Зимонина. – М. : Просвещение, 2006. – 94 с.

3. Приземина, Т. А. Обучение основам безопасности жизнедеятельности / Т. А. Приземина, И. Ю. Родоманова // Управление дошкольным образовательным учреждением. – 2009. – № 2. – С.66-71.

4. Башинова С.Н., Матвеева Н.Г., Ульянова Э.Э. советы психолога по основам безопасности жизни детей. Детский сад от А до Я. Научно – методический журнал для педагогов и родителей – 2006г. №4.

5. Тимофеева, Л. Л. Организационно-методическая работа по формированию культуры безопасности [Текст] / Л. Л. Тимофеева, Е. Е. Корнеичева, Н. И. Грачева // Управление дошкольным образовательным учреждением. – 2014. – № 4. – С. 74-84.

6. Михайлов Л. А, В.П. Соломин, А.Л. Михайлов и др. Безопасность жизнедеятельности: Учебник для вузов - СПб.: Питер, 2005.

7. Мошкин В.Н. Безопасность ребенка: Методические рекомендации. - Барнаул: АГИК, 1992.

8. Нүсіпбекова М. И., Сейілғазина С.А. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Әдістемелік нұсқау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды дайындық тобы мен сыныбы педагогтеріне арналған. – Алматыкітап баспасы, 2017.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ШАРТТАРЫ

ЖИЕНБАЕВА С.Н.

*Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

ҚАЗБЕК Н.

*Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 2-курс магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье обоснована актуальность экономического воспитания детей дошкольного возраста и представлено педагогическое условие экономического воспитания дошкольников. Одно из условий - экономическое воспитание в семье. По мнению авторов экономическому воспитанию дошкольников в современных условиях уделяется недостаточно внимания: родители не владеют педагогическими умениями для ее реализации.

КЛЮЧЕВАЯ СЛОВА. Дошкольный возраст, экономическое воспитание, семья,

ABSTRACT. The article substantiates the relevance of the economic education of preschool children and presents the pedagogical conditions for the economic education of preschool children. One of the conditions is economic education in the family. According to the authors, insufficient attention is paid to the economic education of preschoolers in modern conditions: parents do not have pedagogical skills for its implementation.

KEYWORDS. Preschool age, economic education, family,

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты күшейту шеңберінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы қайта қаралады және жазғы айларда мектепалды даярлық күшейтілетін болады. Жазғы айларда мектепалды даярлық мазмұнында сауатты және математикаға оқыту қарастырылады. мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету» делінген[1]. Қазіргі кезде Қазақстанның білім беру жүйесінде экономикалық ойлауды қалыптастырудың маңызды факторы ретінде, мемлекеттік саяси экономикалық білім мен тәрбие ісі ерекше бағыт алып отыр. Экономикалық тәрбие арқылы,

мектепке дейінгі жастағы балаларға экономиканың негізгі түсініктерін: қаржы, валюта, несие, зейнетақы, жалақы, ақша, алтын қор, баға жүйесі, сыртқы экономикалық қатынастар, еңбек пен өндірістік сияқты қажетті мағлұматтарды беруді талап етеді. Мамандар мектеп тәжірибесінде экономикалық білім дағдыларды ұжымдағы экономикалық білім мен тәрбие беру ісінің жиынтығы деп қарап, оны отбасында шаруашылық-тұрмыстық, қоғамдық пайдалы істегі, күнделікті қарым-қатынастағы жұмыстардың тәжірибелік нәтижесі, олардың рухани экономикалық сұраныстарын жан-жақты қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекет деп түсіндіреді. Экономикалық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын құру сұрақтары, қарапайым экономикалық түсініктерді қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және арнайы білім білік дағдылары әр түрлі зерттеулерде, зерттеудің негізгі саласы емес, оның жеке мақсаты немесе міндеті болып, басқа мәселелерді шешуге көмектеседі (еңбек тәрбиесі, ересектердің еңбектерімен таныстыру, адамгершілікке тәрбиелеу).

Соңғы жылдары жасалған зерттеулерге талдау жасап (Л.Н. Галкина, Л.А. Голуб, Н.П. Рябинина, Е.А. Сидякина, Л.Ю. Слепцова), біз экономикалық білім берудің тиімді, нақты педагогикалық шарттарын айқындадық: тұлғаның ұқыптылық, жауапкершілік, іскерлік, кәсіпкерлік, яғни адамдық экономикалық қасиеттерін қалыптастыратын, балаға бағытталған экономикалық орта құру; балаларға бағытталған оқу іс әрекеттің түрлері (ойын, еңбек, таным), қоғамның, адамдардың, отбасының экономикалық өмірі туралы ақпарат және қоғамның әлеуметтік экономикалық құндылықтары мен жағымды үлгілерін ұйымдастыру мен қанағаттандыру; экономикалық тәрбие берудің бастамасы мектепке дейінгі мекеме мен отбасы арасындағы өзара әрекеттестік.

Қазіргі уақытта, көптеген әдебиеттерде мектепке дейінгі мекемеде балаға бағытталған орта құру мен мазмұнының негізгі принциптері мен әдістемелік талаптары айқындалған. Балаға бағытталған орта құру оның өз еркімен тәжірибе алуына, заттық объекспен, құрба құрдастарымен өзара әрекеттесуіне көмектеседі. Бала тұтынушылық қасиеттерімен, талғаммен, дайын мәдениетпен туылмайды, осының бәрін ересектермен қарым қатынаста, нақты ортада дамытады. Көптеген зерттеушілер (И.И. Пидкасистый, Н.Е. Щуркова) әлеуметтік орта тұлғаның қалыптасуының факторы және балаға бағытталған даму ортасы құрудың маңызының ерекшелігін атайды.

Біздің зерттеуімізде, мектеп жасына дейінгі балаларды экономикалық тәрбиелеудің педагогикалық шарттарының бірі, *тұлғаның ұқыптылық, жауапкершілік, іскерлік, кәсіпкерлік, яғни адамдық экономикалық қасиеттерін қалыптастыратын, балаға бағытталған экономикалық орта құру*. Өзіміздің зерттеу жұмысында, И.И. Пидкасистыйдың түсініктеріне сүйеніп, экономикалық тәрбие беру ортасының мазмұны ретінде: заттық кеңістік ортасы (экономикалық ойын орталығын құру); әлеуметтік орта (ата ана, педагогикалық ұжым, мектепке дейінгі мекеме); құбылысты танымдық орта (саяхат, экскурсия және атақты адамдармен кездесу); ақпараттық орта (банк, дүкен, қызмет көрсететін орталықтардың аттары мен макеттері, өнеркәсіптік кәсіпорындардың картасы, тиын үлгілері)[2]. Педагог, аталған әлеуметтік агенттердің әсерін кәсіби шеберлікпен қолданса, мақсатты бағыт алады, дамудың әлеуметтік жағдайын педагогикалық жағдаятқа айналдыра отырып, тәрбие беретін балаға бағытталған даму ортасын құрайды. Осы үдеріс әлеуметтік бақылау, бағалау, балалардың көрген, білгенімен әңгімелесу арқылы іске асады.

Экономикалық тәрбие берудің келесі шарты: *балаларға арналған оқу-танымдық іс әрекетінің түрлерінде (ойын, еңбек, таным) қоғамның, адамдардың, экономикалық өмірі туралы ақпарат және жағымды үлгілерін ұйымдастыру*.

Экономикалық тәрбие берудің ұйымдастыру формалары мен түрлері, тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттерінен және балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Әртүрлі тәрбие берудің формаларын қолдану, тәрбиешіге нақты, бағытты жүйені құрауға көмектеседі. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің мазмұны ойын түрінде болғаны маңызды, өйткені ойын – баланың жеке тұлға болып қалыптасуының ынталандырушы факторы болып табылады. Балаларға арналған мазмұнды ұйымдастырылған іс әрекет және оның адамгершілік мазмұнымен толықтырылуы, баланың экономикалық көрінісінің түсініктерін ұлғайтуға,

экономикалық өмір туралы жаңа білім алуға, дұрыс қарым-қатынаста, әрекетте жаттығуға, алынған біліміне сәйкес дәлелдеу және қортындылауға, баланың өзіне маңызды, сонымен қатар, оны қоршаған ересектер мен құрбы-құрдастары үлкен мүмкіндік береді.

Ойын барысында, балада қиялдау, елестету, ересектердің өміріне еліктеу, уайымдау, іс-әрекетті бастау, тоқтату, жалғастыру деген сияқты тәжірибе алады. Экономиканы түсінікті етуге сюжетті-рөлді ойындар, дидактикалық ойындар көмектесті. Ойынның танымдық және тәрбиелілік мүмкіндіктері кең: балалар экономика саласындағы адамдардың кәсібімен танысады, тұтынушылықта бейімделеді, іскерлікпен әрекет таңдайды, жаңа экономикалық білім алады, ойланады, талдайды, мәселелер мен жағдайларды шешеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда ойын әрекетінде ең бірінші орында қарым-қатынас пен серіктестік сұранысы болады. Балалар өздерінің құрдастарының іс-әрекеттерін, тәртіптерін мұқият бақылайды, оңай және тез еліктейді, бір-бірін қолдайды, бұның бәрі іс-әрекеттердің жалпы белсенділігін арттырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қатынаста болуы бірлесе жасалған жұмыста, жалпы ойындарда, нәтижелі іс-әрекеттерде. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің барлық түрлері тәрбиелік мәнмен, ол балаларда әрекеттердің әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға әсер етеді. Адамгершілік қасиеттерді дамыту үдерісінде, тәрбиеленушілердің ақыл ойын сөз және бәләм арқылы қалыптастыру пайдалы іс-әрекет. Ауызша ықпал ету (пікір, әңгіме, ақыл, өсиет) пайдалы тәжірибелермен, қарым-қатынастағы дұрыс әлеуметтік тәжірибемен және басқа адамдармен бірлесе атқарған жұмыс.

Балада ойын арқылы бастапқы экономикаға деген танымдық қызығушылықты дамытады, балалардың ақыл ой – өрісін кеңейтеді. Интеллектуалдық ойлауды дамыту ерекше танымдық қызығушылыққа ие болады (Л.И.Божович, Л.А.Венгера, В.Г.Морозова). Танымдық қызығушылықтың әр бір жас ерекшеліктерінің кезеңдерінде маңызды. Мысалы, Л.С.Славина, көп үлгермеушілерді «интеллектуалды-енжар» балалар деп атайды, белсенді ойлау әрекетінен қашатын, танымдық қызығушылығы уақтылы қалыптаспаған балалар. Танымдық қызығушылықтары мен оның алғышарттары, мектепке дейінгі жастан бастап, тәрбие беру жүйесінің ерекше маңызды мақсаты болып табылады [3].

С.Л.Рубинштейн, Г.И. Щукинаның зерттеулерінде, танымдық қызығушылық пен білімнің аса тығыз байланысы айқындалған: білім – танымдық қызығушылықтың негізі [4].

Мектеп жасына дейінгі балаларға экономикалық тәрбие беруде отбасында экономикалық түсініктерімен және қарым-қатынастарымен, қажеттіліктерімен таныстыру маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Отбасы - бұл баланың экономикалық түсініктерімен және қарым-қатынастарымен, қажеттіліктерімен және оларды қанағаттандыру тәсілдерімен танысатын алғашқы әлеуметтік орта, сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық мәдениетінің деңгейі көп жағдайда баламен бірге тұратын ата-аналары мен туыстарына байланысты. Алайда, ата-аналардың көпшілігі балаларға экономикалық білім беру қажеттілігін түсінбейді. Жас отбасылар әлі де бюджетті өздері бөлуді үйренеді, ауқатты отбасылар көтерілген шығындарға назар аудармаңыз, көптеген отбасылар балаларға экономикалық білім берудің маңыздылығын түсінбейді және / немесе оны қалай дұрыс жасау керектігі туралы білімдері жоқ. Мектепке дейінгі ұйымның алдында, ең алдымен, балаларға экономикалық білім берудің мазмұндық және әдістемелік мәселелеріне көмек көрсетуге бағытталған, ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру міндеті тұр. Баланы отбасында экономикалық тәрбиелеу күнделікті іс-әрекет түрінде жүзеге асатынын ескеру қажет. Ол үнемдеу туралы алғашқы негізгі идеяларды алады және сұрақ қоя бастайды: неге суды қалдыру мүмкін емес, неге біз отырмаған бөлмеде жарықты өшіру керек.

Ересектермұндай сұрақтарға дұрыс жауап берумен қатар, үнемдеу ережелерін өздері сақтағаны маңызды. Экономикалық тәрбиені отбасынан бастау керек, өйткені бала дәл осы жерде балабақшада тереңдейтін, нақтылайтын және жалпылайтын алғашқы тәжірибені алады [2]. Мектепке дейінгі жастағы жетекші іс-әрекет ойын әрекеті болғандықтан, балаларда жинақталған үй шаруашылығын басқару тәжірибесі, олардың экономикалық идеялары ойынға ауысады, бұл жеке тұлғаның экономикалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді: үнемділік,

практикалық, селективті, парасаттылық, кәсіпкерлік, үнемшілдік, еңбекқорлық, ересектер еңбегінің нәтижелерін құрметтеу және т.б. Балаларға экономикалық білім беру мәселелері отбасында ерекше назар аудару керек. Егер отбасында қабылданған экономикалық қатынастар туралы айтатын болсақ, онда олар көбінесе ата-аналардың жұмысы, ата-аналардың материалдық және қаржылық қажеттіліктері, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар, отбасындағы адамгершілік қатынастар сияқты факторлармен анықталады. Баланың үй айналасындағы міндеттерін анықтау, оны «шебер сезімін» дамыту, өз заттарына ұқыпты қарауды үйрету үшін жас кезінен бастап отбасының белсенді өміріне қосу өте маңызды. , олардың қауіпсіздігі мен жай-күйі, оларды пайдалану үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық білім беруі келесі міндеттерді шешуге бағытталған [11]:

1) қаржылық-экономикалық категориялардың негіздері туралы алғашқы идеяларды қалыптастыру;

2) балаларды ақшаға дұрыс көзқарасқа, орынды пайдалануға, тәсілдерге үйрету олардың пайдасын бам;

3) адам еңбегінің нәтижесі және өнімі, оның мәні, құндылығы туралы өнім туралы қарапайым идеяларды қалыптастыруға;

4) ақылға қонымды шектерде өз қажеттіліктерін білу, негізгі және екінші ретті бөлектеу қабілеттерін дамыту;

5) жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге: үнемшілдікке, үнемшілдікке, жомарттыққа, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке, адалдыққа және т.б.

б) экономикалық ортаның негізгі өнімі ретінде ересектер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Бірқатар ішінара білім беру бағдарламаларында: «Мектепке дейінгі жастағы және экономика» А.Д. Шатовой [6], «Балаларға арналған экономика» А.Ю. Селезнева [7], «Экономика әлеміне кіріспе, немесе біз қалай .А. Сасова [8] және басқалар мектеп жасына дейінгі балаларға ұсынылған экономикалық білімнің мазмұнын ұсынды, оны жүзеге асырудың негізгі жолдарын анықтады. Елімізде Қ.Ж.Аганинаның экономикалық тәрбиенің мектеп жағдайында жүзеге асырудың теориялық, әдістемелік жақтары зерттелген[9]. Дегенмен, қазіргі нарықтық экономиканың сұранысы бойынша елімізде мектепке дейінгі кезеңнен экономикалық тәрбие мазмұнын, әдістемесін, шарттарын қайта қарастыруды, отбасында қаржылық сауаттылығының алағашқы баспалдағын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Сонымен, әдебиеттерге талдау жасау, мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді, экономикалық тәрбие берудің өтпелі тақырыптарға толықтыру жасау керек деп тұжырымдаймыз:

1. Менің отбасым - отбасылық бюджеттің құрамдас бөліктері туралы білімдерін кеңейту.

2. Адамның қажеттіліктері қандай? - адам қажеттіліктерінің түрлерімен, оларды қанағаттандырудағы ұтымдылық пен үнемділікпен таныстыру.

3. Ақша әлемі - ақша ұғымдарымен, валютамен, ақшаның пайда болу тарихымен танысу.

4. Бағамен танысу - баға, баға сипаттамалары туралы түсініктерді қалыптастыру.

5. Менің қалам - балаларды қала экономикасымен, туған жерінің өндірістік және коммерциялық құрылымымен таныстыру.

6. Нарық дегеніміз не? - балалардың нарықтық қатынастар туралы идеяларын дамыту.

7. Тауарлар әлемі - тауарлардың құнын және бағасын оған қажеттілік дәрежесінен белгілеу қабілетін дамыту.

8. Адам еңбегі - әр түрлі мамандықтардың болуы және олардың айрықша белгілері туралы түсініктерді қалыптастыру.

9. Жарнамамен танысу - жарнама, жарнама агенттігі, жарнаманың артықшылықтары мен дұрыс қолданылуы туралы білім беру [6].

10. Менің елім - балаларды өз елінің ресурстарымен таныстыру.

11. Қандай ресурстар бар? - әртүрлі ресурстарды пайдалануға деген құрметке тәрбиелеу.

12. Бизнес - бизнес дегеніміз не, ол экономикаға қалай көмектеседі немесе зиян тигізеді деген түсініктерді қалыптастыру. Әр мазмұн блогының ішінде балалармен жұмысты ұйымдастырудың әр түрлі формалары жүзеге асырылды. Сонымен, қортындылап келгенде,

мектеп жасына дейінгі балаларға экономикалық тәрбие беруде экономикалық орта құру, адамдардың экономикалық өмірі, отбасындағы экономикалық өмір туралы ақпарат беру арқылы біліктілігін қалыптастыру қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz)
2. Психология и педагогика : учебник для бакалавров / под ред. П. И. Пидкасистого. — 3-е изд., перераб. и доп. — М. : Издательство Юрайт ; ИД Юрайт, 2015. — 724 с.
3. Божович Л.И., Славина Л.С. Психическое развитие школьника и его воспитание. – М.: Педагогика. - 1979. – 212 с.
4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: Учпедгиз, 1946. -704 с.
5. Бывшева М.В., Ханова Т.Г. Особенности социальной ситуации развития в дошкольном детстве // Вестник Мининского университета. 2016. № 3 (16). С. 22.
6. Шатова А.Д. Обсуждая проблему «Экономика и ... дети» // Детский сад от А до Я. 2003. №4. С. 148.
7. Сасова И.А. Как начинать изучать экономику? // Детский сад от А до Я. 2003. №4. С.12.
8. Селезнева А.Ю. Вариативная программа экономического воспитания дошкольников «Экономика для малышей» // Режим доступа: <http://docplayer.ru/30079976-Variativnaya-programma-ekonomicheskogo-vozpitaniya-doshkolnikov-ekonomika-dlyamalyshyey.html> (Дата обращения: 07.01.2018).
9. Аганина К.Ж Теоритические основы подготовки учителей интегрированных предметов// Материалы Республиканской научно-практической конференции, посвященной 80-летию доктора педагогических наук, профессор Н.Д.Хмель. –Алматы: 2008. – С 74-82.

ОТБАСЫ ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМЛІК ЖӘНЕ ДАҒДАРЫСТАР

ЖУМАБАЕВА Б.Т.

5В010300-Психология қашықтықтан оқитын сыртқы 3 курс (3 жылдық) қ/б

БЕЙСЕНОВА Ж.Ж.

пс.ғ.к., қауым.проф.м.а.

Қазақ ұлттық

қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

АННОТАЦИЯ: В статье рассматриваются проблемы благополучия и кризисы в семейных отношениях. Оно занимает одно из ведущих мест в ранге жизненных ценностей. С другой стороны, семейные ценности в Казахстане переживают глубокие перемены, порой не способствующие установлению в семье и обществе социального согласия и стабильности.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: проблемы благополучия, кризисы в семейных отношениях, семейные ценности, стабильность, согласие.

ABSTRACT: The article deals with the problems of well-being and crises in family relationships. It occupies one of the leading places in the rank of life values. On the other hand, family values in Kazakhstan are undergoing profound changes that sometimes do not contribute to the establishment of social harmony and stability in the family and society.

KEY WORDS: problems of well-being, crises in family relations, family values, stability, harmony.

Қазіргі психологтардың беретін анықтамасы бойынша неке дегеніміз - әйел мен еркек арасындағы тарихи өзгеріп отратын қарым-қатынастың психологиялық нысаны. Осы нысан

арқылы қоғам олардың жыныстық өмірін тәртіпке келтіреді және оған рұқсат береді, олардың ерлі-зайыптылық құқықтары мен міндеттерін белгілейді [1].

Ал қоғамдық көзқарасқа келетін болсақ, олар ерлі-зайыптылықтың қызметі демографияны көтеру мен сексуалды мінез-құлықты бақылау деп есептейді. Индивидтің көзқарасы бойынша неке – тұрақтылық қатынас, эмоционалды жақындық қажеттілігін, тұқым жалғастыру қажеттілігін, индивидуалды жыныстық махаббат қажеттілігін, тұрмыс пен демалысты ұйымдастыру моралды және эмоционалды қолдау қажеттілігін қанағаттандыруға көмектеседі. Ерлі-зайыптылықтың мағынасы осы қажеттіліктердің қанағаттандыруын тұрақтандырады, әлеуметтік жағынан реттейді [2]. Қазіргі кезде ерлі-зайыптылар үшін жұбының психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру маңызды.

Қазақстан отбасы мәселелерін қарастырған зерттеушілер саны жыл санап өсуде. Атап айтатын болсақ, З.Ш. Қарақұлова, З.М. Балғынбаева, А.Ж. Давлетова, Қ.А. Айдарбекова, М.П. Кабакова, А.Б. Валиева, С.Қ. Құдайбергенова, Н.М. Садықова.

Сонымен, З.М. Балғынбаеваның зерттеулерінде отбасы рөлі этностың психологиялық бірлігі ретінде көрсетілген. Зерттеу жұмысы үш этностың қазақ, орыс, ұйғыр халықтарының этностық ерекшеліктерінің отбасы өміріндегі ерекшеліктерге алғышарт болатындығын көрсетті.

А.Д. Давлетова ата-ана отбасында психологиялық кеңістіктегі тұлға бағдарының ерекшеліктерін зерттеді. Зерттеу объектісі ретінде екі баласы бар отбасылары алынды.

М.П. Кабакованың жүргізген зерттеу жұмысы жыл сайын ажырасу саны көбеюіне байланысты бірлескен өмірлік іс-әрекеттегі ерлі-зайыптылар қарым-қатынасының механизмдері мен тұрақтылық факторларын анықтауға бағытталды.

А.Б. Валиеваның жұмысында ажырасқан әйелдердің эмоциялық жағдайы, құндылық бағдарының ерекшеліктері зерттелді.

Отбасы кіші топтың ерекше түрі, өйткені ол арнайы сипаттамаларға толы [3]. Олардың қатарына мынандай ерекшеліктерді жатқызуға болады:

- топ құрамының гетерогенділігі;
- адамның отбасыға қосылуы;
- полифункционалдылығы.

Ерекше сипаттамалар қатарына даму барысында болатын көптеген өзгерулерді жатқызуға болады. Отбасы құрылуы жалпы өмірлік стильдің құрылуынан, ерлі-зайыптылардың бір-біріне бейімделуінен, талғамдарының сәйкестелуінен секілді аспектілерді басталады. Болашақ ерлі-зайыптылардың талғамдарының және бағалауларының сәйкес келуі некеге тұру алдында-ақ пайда болады. Бірігіп өмір сүрудің басты кезеңдерінде ерлі-зайыптылардың рухани жақындасуы, бір-бірінің бастан кешірулерімен (впечатление) бөлісуі байқалды.

Т.Б. Карцеванекедегі адам өміріндегі бұрыс оқиғаларының өзгеруі (мысалы: рольге кіруі, рольдің өзгеруі) өзіндік «мен» жүйесіне әсер етеді, некеден кейін «мен» «бізге» ауысады дейді [4].

Е.С. Колмокова ерлі-зайыптылар өмірінің алғашқы жылдарындағы мәселелерді қарастыра отырып, бірлескен өмірдің алғашқы бірінші-екінші жылдарында қарым-қатынастың индивидуальды таптаурындарының қалыптасу және құндылықтар жүйелерін сәйкестендіру кезеңі деп белгілеп, бұл кезеңде келесі міндеттер шешіледі дейді [5]:

1. Отбасылық құрылымын қалыптастыру.
2. Ер мен әйелдің арасындағы рольді бөлісу.
3. Ортақ отбасылық құндылықтарды көрсету.

Е.И. Трапезникова және А.И. Волкова бойынша жас отбасы үшін алғашқы баланың дүниеге келуімен қиыншылықтардың жаңа формалары туындайды. Ерлі-зайыптылар отбасылық өмірді ретке келтірудің заңдылықтарын қанша терең таныса да, тітіркену болады. Қызметтерді бөлісу, туысқандық өзара қатынастар салдарынан туындайтын мәселелер, материалдық және экономикалық мәселелердің тууы заңдылық болып табылады [6].

А.Н. Волкова мен Е.И. Трапезникова жас отбасында балалы болудан бұрын өзінің отбасылық ахуалын материалдық және рухани өңдеуден өткізу керек, себебі мұнда келесідей

қиындықтар кездесуі мүмкін: бір-бірін толық тану кезінде толық қанағаттанбау; функцияларын бөлудегі шиеленістер; туысқандарымен өзара қатынаста шиеленістер; материалды және экономикалық шиеленістер[6]. Жас отбасын құрғанда, әрине материалды және тұрғын үй мәселелерін қарастырады. Бұл қазіргі нарықтық экономика негізіндегі өмір талабында маңызды болып табылады.

Отбасылық өмірге бейімделуде ерлі-зайыптылардың эмоционалды бірігуі де маңызды орын алады. В.И. Зацепин бойынша ерлі-зайыпты қанынас жағымды эмоциялардың өзгеру циклілігімен мінезделеді. Ерлі-зайыптылардың эмоционалды қатынастарының кезеңдерін жалпы түрде бес саты түрінде көрсетуге болады. Олар:

- бір-бірінен эмоционалды қозу көлемімен;
- эмоция бағытталуымен;
- ерлі – зайыптылардың мінез-құлқымен;
- қарым-қатынас барысында тікелей байланысты қажет етуі.

Келесі кезекте ең маңызды факторлардың бірі ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы. Қарым-қатынас қоғамның құрушы элементі ретінде, отбасында да дамытушы функцияға ие. Жас отбасында ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарына бейімделуді олардың төрт деңгейін ажырату арқылы көрсете аламыз:

- психо-физиологиялық;
- психологиялық;
- әлеуметтік психологиялық;
- әлеуметтік – мәдени .

Психо-физиологиялық деңгейге ерлі-зайыптылар қатынасының интимді сферасы жатады. Интимді қатынас адам үшін жағымды эмоциялардың, қанағаттанудың және махаббаттағы бақыттың көзі. Интимді қатынастың негізгі компоненті ерлі-зайыптылардың сексуалды үйлесіміне көмектесетін – ерлі-зайыптылардың қатынасы мен өзара әрекетінің психологиялық аспектілері. Интимді қатынастың үйлесімін сақтау қабілеттілігі ерлі-зайыптылардың психологиялық және этикалық мәдениетіне байланысты.

Әлеуметтік – психологиялық деңгей ерлі - зайыптылардың өзара әрекетінің рольдері іске асу процессіндегі қатынасын мінездейді. К. Крикпатрик рольдердің үш негізгі түрін: дәстүрлі роль (әйел міндеті ана болу, ердің міндеті әке болу), достық роль (компаньондар ролі), партнерлер ролін бөлді [60]. Ерлі-зайыпты қатынастың психологиялық деңгейі таңдаулы байланыс негізінде ерлі-зайыптылардың тұлғалық формалды емес қарым -қатынасын бейнелейді. Ол өзіндік тұлғалық ашылуға көмектеседі, индивидуалдылықты қолдайды және дамуға стимул жасайды.

Неке мен отбасы әлеуметтік институт ретінде табиғи және әлеуметтік қайта жаңғырту функциясын атқарумен қатар, адамның негізгі биологиялық - әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандырады [9]. Қоғам үшін отбасының тұрақтылығы ғана емес, сонымен қатар отбасы ішіндегі қатынастың сапалығы да маңызды. Ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қатынастың бірінші критерийі психо-физиологиялық және рухани жағы, екіншісі өзара әрекет аспектілеріне бағдарланған, үшіншісі отбасының әлеуметтік функцияларды атқаруды объективті бағалау, төртіншілері отбасылық өмірдің субъективті бағалауын көрсетеді [7].

Ал ендігі кезекте, екі жақты бейімделуді психологиялық болмыс жағынан алғанда ерлі-зайыптылардың ой, сезім және іс-әрекетіндегі бір келкілікті қажет етеді. Екінші жағынан, нарықтық-экономикалық қатынасқа қатысты жас отбасы мүшелерінің тұрмыстық бейімделуі ерлі-зайыптылардың арасындағы жұмыс бөлінісі мен теңдік, сонымен қатар отбасылық бюджетті құруда болады. Келесідей бейімделу түрлері отбасы мүшелерінің алғашқы біріккен өмірінде ерекше рөлді алады:

Рухани – психологиялық бейімделу – дүниетанымға, идеалға, қызығушылықтарға, құндылықтарға, ережелерге негізделген және жеке әйел мен күйеуінің мінездерінде көрінетін ерекшеліктерге байланысты жүреді.

Жеке-жыныстық бейімделу – ерлі-зайыптылардың арасындағы сексуалдық үйлесімділік, олардың физикалық емес, моральды-функциональды түрде қанағаттандыру.

Алғашқы ерлі-зайыптылар арасындағы бейімделу екі түрде:

- тұраралық
- міндеттілік болып бөлінеді [8].

Жоғарыда айтылған мәліметтерде ерлі-зайыптылардың мотивациялық аймаққа бейімделу енгізіліп кеткен, алайда нақтырақ айтатын болсақ, онда жалпы мотивация төрт алдыңғы мотивке ие:

- тұрмыс-шаруашылық;
- рухани-психологиялық;
- ата-аналық – отбасылық;
- жеке-жыныстық.

Тұрмыстық-шаруашылық аумаққа қарай отырып, некеге тұруға болады. Бұл жерде отбасында ең бастысы үй шаруашылығы орнау керек деп түсіндіріледі. Рухани-психологиялық жағында - өмір бойы адал жар немесе дос табу жолында, ата-аналық – отбасылықта ең бастысы баланың дүниеге келуі және тәрбиеленуі немесе жеке-жыныстықта бір-бірің қанағаттандыратын партнер табу.

Отбасындағы бейімделуді сақтап тұратын маңызды бір жағдай – жас ерекшеліктері. Сексологтардың айтуы бойынша, әйелі ерінен үлкен отбасыларында, ұрыс-керіс жиі болады. Егер отбасын құруда ері әйел жасынан үлкен болғаны дұрыс. Мысалы, тұрмыс құрғалы жатқан әйелдің жасы 20-22 болса, ері 24-26 жас; егер әйеліне 25, ал еріне 30 жас болса жақсы. Алайда ерлі-зайыптылардың жас ерекшелігі 8-12 жастан асып түспеу керек [9].

Отбасылық жағдайда шиеленістер ашық және жабық түрде болады. Ашық шиеленістер ұрыс-керіс, айқай-шу және төбелес түрінде болады. Ал жасырын шиеленістер ешқандай сыртқы көрініске ие емес, ол тек ішкі қанағаттанбау, ұнатпау күйінде болады, алайда ерлі-зайыпты қатынасқа кері әсері ашық шиеленіс секілді маңызды болады [6].

Сонымен қатар отбасындағы қатынасқа сәйкес оңай шешілетін және қиын шешілетін шиеленіс түрлері де бар. Бірінші жағдайда шиеленістің себебі оңай анықталып, оңай шешімін табады. Ал қиын шешілетін шиеленіс кезінде шиеленістің негізгі себебі анықталғанымен оны ығыстыру өте қиын болады, сондықтан ерлі-зайыптылар арасында ұзақ уақытқа дейін күштенген (напряженные) қатынас орнайды.

Шиеленістер отбасында олардың даму сатысына да сәйкес пайда болуы мүмкін. Яғни шиеленістің нағыз психологиялық себептері ретінде отбасының өмір сүру барысында өтілетін дағдарыстық кезеңде орын алатын шиеленістер алынады. Ең алғашқы шиеленістер отбасының қалыптасу кезеңінде, яғни жас отбасындағы ерлі-зайыптылардың бір-біріне үйренісу барысында туындайды. Нақты осы этапта шиеленістердің пайда болу себептері келесідей:

- отбасылық өмірге деген әр түрлі көзқарас;
- отбасылық өмірге байланысты күтімдердің ақталмауы;
- отбасылық өмірге байланысты қажеттіліктердің қанағаттанбауы;
- ерлі-зайыпты жұптың біреуінің ішімдікке бейім болуы;
- ерлі-зайыптық адалсыздық;
- бір-бірен деген дөрекілік, сыйлаусыздық; тұрмыстық ұйымдаспағандық;
- ерлі-зайыптылардың бір-бірінің туыстарына лайықсыз қатынаста болғанда;
- рухани қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің әр түрлі болуы.

Шиеленіске ұшыраған адамның мінез-құлқы, шиеленіске мінездеме:

- ештеңеге қарамай өзінің ойын бірінші келтіру, соңғы сөзді айтып қалу;
- принципіалды болу, осыған орай іс-әрекетте қастық пайда болады;
- өз ойын, ұстанымдарын айтқан кезде артық бірбеткей болу;
- сын, ештеңеге сүйенбеген, дәлелдемесі жоқ сын;

- ойлау, көзқарас, ұстанымдар консерватизмі, отбасындағы ескерген дәстүрлер мен өмірге деген көзқарастарды өзгертуге ұмтылыс;
- бар шындықты бетіне айту, жеке бас құқығына қолсұғу;
- тәуелсіздікке ұмтылу – жақсы қасиеттер, тек санаулы;
- өз ойын шектен шығып келтіру;
- басқалардың іс-әрекеті мен істерін әділетсіз бағалау;
- өзінің мүмкіндіктеріне тым жоғары бағалау;
- шығармашылық ұсыныс.(керек емес жерде) [9].

Шиеленістің негізгі сатылары.

1. Шиеленістік жағдайдың пайда болуы және дамуы;
2. Шиеленістік жағдайға қатысушылардың әлеуметтік және эмоционалдық ойлауы;
3. Ашық шиеленістік іс-әрекеттің бастамасы;
4. Ашық шиеленістің дамуы [10].

Шиеленісті жан-жақты қарастыру отбасының дамуына өз әсерін тигізеді. Сондықтан себебі мен түсіндірілімі бар шиеленістер конструктивті (олар отбасының дамуына қажеті бар) және деструктивті болып саналады. Деструктивті шиеленістің негізі ол ерлі-зайыптылардың арасындағы ашудың сақталуы. Конструктивті шиеленіс ашуды басуды ұсынады. Реніш өзінен кейін әсерін қалдырады, алайда, ендігі кезекте ерлі-зайыптылар бір-біріне қамқорлық таныта бастайды [11].

Жалпы қорытындылай келе, қазіргі нарықтық заманда қатынас талаптарына кім төзімді, кім бәсекеге қарсы тұра алады, жаңа енгізілген өзгерістеді кім тез меңгереді және дағдарыс кезінде психологиялық тұрғыдан мықтылық танытады, сол тұрақты әрі бақытты отбасын құрады.

Әдебиеттер:

1. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений, 2000. – 512б.
2. А.И. Антонов Социология семьи. ИНФРА-Москва, 2007. 132-164б.
3. Мацковский М.С. Социология семьи. Проблемы теорий, методологии и методики. Москва «Наука» 1989.-111б.
4. Карцева Л.В. Модель семьи в условиях трансформации российского общества //Социол. исследования. - 2003. - 7. - С. 92-103.
5. Голод С.И. тенденция трансформации брака и семьи. СПб, 1997
6. Трапезникова Т.М. Этика и психология семейных отношений.-Л.: ЛГУ, 1988.-80б.
7. Карбанова О.А. Психология семейных отношений и основы консультирование. М.: Гардарики 2006.-320б.
8. Жаназарова З.Ж. Социология семьи: Учебное пособие, Алматы Қазақ университеті 2006.-192б.
9. Социальная психология. Под ред. А.Н. Сухова, А.А. Деркача. Москва 2005.
10. Баймұқанова М.Т. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. - Астана. 2005. - С. 7-87.
11. Витек К. Проблемы супружеского благополучия: пер. с чешск./ Общ.ред. и предисл. М.С.Мацковецкого. – М.: Прогресс, 1998. - С.175.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕБЕПТЕРІ

ЖУМАНКУЛОВА Е.Н.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

КАСЫМЖАНОВА Н.М.

*«Психология» мамандығының 2-курс магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье проблема девиантного поведения рассматривается как проявление дефицита морального и нравственного развития личности в нашем обществе. Авторы проводят глубокий анализ источников по различным аспектам девиантологии, анализируют факторы, способствующие негативным проявлениям в поведении молодежи. Акцентируется внимание на том, что в последние годы девиантное поведение приобретает массовый характер, что ставит эту проблему в центр внимания социальных педагогов, психологов, медиков, работников правоохранительных органов.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: девиант, психолог, социологист, невроз, неврастения, мораль, независимый.

ABSTRACT. The article is considered deviant behavior as a manifestation of lack of moral and ethical development of the individual in our society. The authors conducted a deep analysis of the sources on various aspects of Deviantology, analyze the factors contributing to the negative manifestations of the behavior of young people. Attention is drawn to the fact that in recent years, deviant behavior becomes widespread, which puts this issue into focus the social workers, psychologists, physicians, law enforcement officials.

KEYWORDS: deviant, psychologist, sociologist, neurosis, neurasthenia, morality, independent

Қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын түпкілікті өзгерістер, сонымен бірге адам іс-әрекетінің көптеген салаларын жетілдіруді ынталандыратын позитивті өзгерістер жағдайында негативті тенденциялар да күшейіп келеді. Әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық көптеген адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік және психологиялық бағыттала алмау мен бейімделе алмау, жалпы адамзаттық адамгершіліктік және рухани құндылықтарды талап етудің төмендеуі, күрделі криминалды жағдай, әлеуметтік институттар іс-әрекетінің нашарлауы және т.б. Қалыптасқан социомәдени жағдай алкоголизм және нашақорлық, адамгершіліктік деградация, қылмыстардың жаңғыруы сияқты қолайсыз құбылыстардың дамуынаалып келеді. Девиантты мінез-құлыққа қатысты мәселелер үнемі ғалымдардың назарында болды, мысалы Ресейлік педагогиканың келесідей классиктері П.П. Блонский, Л.С. Выготский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский т.б ғалымдардың, психология саласында Б.Г.Ананьев, С.А.Беличева, А.С.Белкин, В.Г.Бочарова, Б.З.Вульф, А.Д.Гонеев, СИ.Григорьев, В.И.Загвязенцев, Е.В.Змановская, В.Т.Лисовскийдің және әлеуметтанушылар А.В.Мудрик, М.И.Рожков, В.Д.Семенов, Л.С.Славина В.А.Сластенин және т.б көрнекті ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады. Қиын балалар мәселесін отандық ғалымдардан педагогикалық тұрғыдан, Л.К.Керімов, Г.А.Уманов, И.Трифанов, Д.Қазымбетова т.б., психологиялық тұрғыдан М.М.Мұқанов, Ж.Н.Намазбаева және т.б қарастырған. Қиын балалар мәселесінің әлеуметтік жағдайын Ш.Е.Жаманбалаева қарастырған .

Л.К. Керімовтың еңбегінде қиын оқушыны жеке-дара қайта тәрбиелеу тұжырымдамасын және ондағы педагогтың іс-әрекеттің белгілі жүйесі жасалған .Д.Қазымбетова өз еңбектерінде қоғамда неге девиантты мінез-құлық болады деген сұрақты және девиантты мінез-құлықтың болу себептері мен мүмкін боларлық шешу жолдарын көрсеткен. Ал, Ш.Е. Джаманбалаеваның еңбектерінде девиантты мінез-құлықтың әлеуметтік аспектілері зерттеліп көрсетілген . Жалпы девиантты мінез-құлық деп әлеуметтік нормадан ауытқуды айтамыз. Сонымен қатар, оны

ғалымдар қоғамда қабылданған нормаға қарамақайшы әрекет жүйесі ретінде анықтайды. И.С. Конның анықтауынша, девиантты мінезқұлық, «құқық, мәдениет немесе моральдың жалпы қабылданған нормалардан ауытқыған іс-әрекеттер жүйесі». Е.Д.Дедков және Е.Г.Дидекул девиантты мінез-құлық қоғамға қауіпті немесе жағымсыз қабылданған әлеуметтік нормалардан ауытқыған мінез-құлық, деп анықтамабереді. Ал деликвенттік мінез-құлық, қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерді ұсынатын, қылмыстық мінез-құлық болып табылады. Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді.

В.М. Мясичев, Н.А. Коновалов девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің пайда болу себептерін үш топқа бөлген:

1. Әлеуметтік-педагогикалық ортаның жадайлар мен қоғамға ұйытқы болуы;
2. Жүйке психикалық жай-күйлерінің нашарлауынан туындаған ;
3. Құқықты ұстамаған қылмыскер, қатігез, жауапсыз, қаңғыбас балалардың ықпалы әсері.

Дж.Смелзер девиантты мінез -құлықты изоляцияға емделуге, қамауғаалынған және басқада құқық бұзудың жазалауларына әкелетін топтық нормадан ауытқу деп санайды. В.И.Добренев және А.Н.Кравченко «қоғамдық көзқараста мақұлданбайтын әрбір қылық» деп қарастырады. Айта кететін жайт, шетел әлеуметтанушыларының қолданысы бойынша девиантты деп, қоғамда қабылданған болмашы нәрседен бастап күрделіге жеткізетін әлеуметтік нормаларды бұзу. Тар мағынадаалатын болсақ қылмыстық кодекске әкелмейтін болмашы іс-әрекеттер. Девиантты мінез-құлыққа сай келетін мәдени релятивизм: болып жатқан іс-әрекет қоғамда қалыпты деп есептелсе, енді басқа жерде әлеуметтік патология ретінде қарастырылады.

Көптеген зерттеуші ғалымдардың тұжырымдамаларына жүгінсек девиантты мінез – құлықты жасөспірімдерге тән ортақ қылық – ол ата-аналар мен ұстаздарға қыр көрсету, бір нәрсені өзінше жасау, үлкендердің тілін алмау, жағымсыз жандарға еліктеу, темекі тарту, біртіндеп ішкілікке үйрену, ұрлық жасау тағы сол сияқты болып табылады. Осындай жат қылықтарды елемей – жасөспірімдерді теріс жолға түсіріп, қылмыс жасауға итермелейді, адамгершілік ардан аластатып, бара-бара қоғамға сүйкімсіз, жеккөрінішті жандар қатарына қосары сөзсіз. Л.В. Занков, М.С. Певзнер, В.Ф. Шмидт баланы девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің қатарына қосатын: отбасы, мектеп және көше жолдастары, яғни қоршаған ортасы болса, дұрыс жолға түсіретін мүмкүндіктер: оның алдын-алу, оқу-тәрбие жағдайында қоғамдық жұмыстарға тарту, оңды қасиеттерін сұрыптап алып, соның негізінде өзіндік сенімін арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуге тарту немесе қылмыстық әрекеттер дәрежесіне орай арнаулы тәрбие мекемелеріне бөлуді жатқызған. Девиантты мінез-құлықтың пайда болуына отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы: Олар: әке-шешесінің теріс үлгісі, ата-ананың біреуінің болмауы, үй ішіндегі еңсені басатын ауыр жағдай – отбасында өнебойы болып тұратын ұрыс, жанжал. Баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу. Өкінішке орай отбасының теріс қылықтарын атап көрсету оңай, түзету қиын. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер: жекелеген оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығушылығы мен талап-тілегін ескермеу. Сонымен девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді әлеуметтік педагогикалық мінездемелері жағынан төрт топқа бөлеміз. Бірінші топқа жататын девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мінез-құлқында дөрекілік, қатігездік, мейірімсіздік, үлкен-кішіні сыйламау сияқты әдет-дағдылар толық қалыптаспағанымен, олар іштей өз жүріс-тұрыстары мен іс-әрекеттеріне баға бере алмайды. Бірақ өз мінез-құлқын өзгертуге талаптанады. Екінші топқа жататындар адамгершілік қадірқасиеттерді төмендей бастаған, әлеуметтік байдарлары қоғамға жат сыңаймен сипатталады. Бұлар қатігездік қылықтарымен қатар, ұрлық, тонау, зорлық-зомбылық жасау, темекі мен наша тарту, уытты сұйық заттарды иіскеу сияқты әдеттерге икемдене бастаған. Бұл топқа тәртібі нашарлаған, құқық тәртібін бұзушы жасөспірімдер жатады, бірақ бұл балалар әлі бұзыла қоймаған, өз мінез -құлықтарын түзетуге мүмкүндік

кабілеті бар, тек педагог тарапынан басқаруды талап етеді. Үшінші топқа өз мінез-құлықтарын басқараалмай, өзін-өзі тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ жасөспірімдердің шағын тобы жатады. Қоғамға жат мінез-құлықтары қалыптаспағаны сонша, олар өздерінің теріс қылықтарына талдау бере алмайтын кәмелетке жасы толмаған қылмыскерлер. Бұл топқа қатігездік, зорлық-зомбылық көрсетумен қатар ұрлық, тонау, ішімдік және наша тарту істеріне әбден машықтанған жасөспірімдер енеді. Төртінші топқа жүйке ауруларына (невроз, неврастения, кісіні мезі қылатын әдет) шалдыға бастаған балаларды жатқызамыз. Мұндай жасөспірімдерге педагогтар мен дәрігерлер тарапынан дербес қарым-қатынас, ілтипат, сый-құрмет, жылы лебіз қажет. Енді девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің пайда болуына себепші объективті және субъективті факторларға назар аударайық. Ғалымдар жасөспірімдердің қалыптасуына әлеуметтік орта мен күнделікті жағдай себеп болады деп дәлелдеген. Әлеуметтік жағдай негізінде (қоғамдағы экономикалық қарым-қатынас, қоғамдық сана, тап және ұлттар қатынасы т.б). Жеке адамдардың қалыптасуына объективтік мүмкіндік туғызып, жастардың әлеуметтік белгілерді сақтап, құқық тәртібін бұзуға жол бермейді. Ал, жасөспірімдердің заң нормаларын мойындамауы, қоғамдық орындарда тәртіп сақтамауы, үлкен-кішіні сыйламауы сияқты қылықтар ұжымда, топта, отбасында, жора-жолдастарының арасында т.б шағын ортада ғана қалыптасады. Өйткені баланың алғашқы қадамы отбасында, мектепте, жора-жолдастары мен ата-анасының арасында жасалады. Жасөспірімдерге қоршаған адамдардың немқұрайлылығы, зейін қоймауы негізінде дамитын әлеуметтік-педагогикалық бақылаусыз қалу бұл тізбектегі ерекше роль мен мағынаға ие. Нәтижесінде жалғыздық, қараусыз қалғандық, қажетсіздік, қорғансыздық сезімдері пайда болды. Үлкендерге деген қарсылық, жатырқаушылық, жек көру сезімдері, баланың пікірінің, тағдырының, қызығушылықтары мен икемділіктерінің өз бетінше ұйымға, кооперацияға, өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылуынаалып келеді. Жағымды әлеуметтік тәжірибенің жеткіліксіздігі, өмірдегі көзқарасының, құндылықтар жүйесінің, әдет қалыптары мен эстетикалық талғамдарының жетілмегендігі және қалыптаспағандығы жасөспірімдердің өз белсенділігін жағымсыз, құқыққа қайшы жұмсауын таңдауға ықпал етеді, бұл олардың мінез-құлқынан, тұлғаның қалыптасуынан, әлеуметтік бейнесінен көрініс береді. Бұл үдерістегі ауқымды рөл балалар мен жасөспірімдерге дер кезінде педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік көмектің көрсетілмеуінде жатыр. Жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқына кері әсерін тигізетін әлеуметтік педагогикалық факторларға мыналарды жатқызуға болады: олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кешіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді және қоғамдағы өтіп жатқан үдерістерге, отбасының жағдайы мен атмосферасына, мектебішілік өмірдің жеткіліксіз ұйымдастырылуына тәуелділігін көрсетеді.

Девиантты мінез-құлқының алдын алу және оны тудыратын әлеуметтік-педагогикалық себептерді жою жасөспірімдерді тәрбиелеу қызметін төмендегідей негізгі бағыттарды бөлуге мүмкіндік берді:

- а) отбасы институтымен тығыз байланысты жүзеге асыру;
- ә) жеткіншектер бос уақытындағы мазмұнды түрлі қызметтердің бағдарламалық әдістемелік жанамалануы;
- б) жеткіншектердің бос және сабақ уақыты аясындағы педагогикалық өзара әрекеттесудің тиімді формаларын, әдістерін, әдістемелерін, технолоияларын пайдалану;
- в) жасөспірімдердің класстан және мектептен тыс уақытында концерттер, байқаулар, жарыстар, мерекелер өткізу;
- г) оқу жылы мен демалыс уақытында спорттық-сауықтыру қызметін жүзеге асыру.

Қорытындылай келе жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың пайда болуына әлеуметтік факторлардың тигізетін әсерлері зор. Қазіргі таңда девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді тәрбиелеуде ата-аналарға психолог, әлеуметтік педагог және т.б. кәсіби мамандардың тарапынан көмек қажет екенін зерттеулер көрсетіп отыр. Жоғарыда аталып

өтілген факторлардың мәселелерді шешуді жетекші рөл атқарады. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді алдын алу мен қайта тәрбиелеуде аталған жұмыстар тәжірибеде дұрыс, тиімді қолдануға тікелей байланысты. Жұмабаев Ә. Қиын балалар арасында жүргізілетін педагогикалық жұмыс.

Әдебиеттер:

1. Керімов Л.К. «Қиын жасөспірімдерді жеке – дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы» – Алматы, 2003. – 123 б.
2. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования: дис. на соиск. учен. степ. канд. наук. – Алматы, 1999. С. 36
3. Джаманбалаева Ш.Е. Социальные проблемы девиантного поведения. Автореферат. – Алматы, 1996. – С. 3-23.
4. Кон И.С. Психология ранней юности: Кн. Для учителя.- М.: Просвещение, 1989. – 25с. Социально-педагогическая деятельность образовательных учреждений: новые подходы и перспективы // научный информационно-метод. Сб.-М.: Центр инноваций в педагогике, 1999. – 189 с.
5. Кулагина И.Ю. Личность школьника от задержки психического развития до одаренности.- М.: Сфера, 1999. – 192 с.
6. Кондрашенко В.П. Девиантное поведение у подростка.- Минск: Беларусь, 1988. – 204с.
7. Выготский Л.С. Т.4. Детская психология. – М., 1984. – С. 258.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫНЫҢ ДАМУЫНА ГАДЖЕТТЕРДІҢ ӘСЕРІ

ЖҮНІС А.С.

*«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті*

ЫСҚАҚ Г.Т.

*Психология магистрі, аға оқытушы
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті*

АННОТАЦИЯ: В статье рассматривается влияние гаджетов на воображение дошкольников, способствовать развитию творческих способностей ребенка. Развитие воображения ребенка формирует новаторские идеи. В результате негативные влияние гаджетов на психику ребенка может привести к нарушению самообладания и развитию способности.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: воображение, дошкольник, способность, психические процессы

ABSTRACT: Identify the influence of gadgets on the imagination of preschoolers, promote the development of creative abilities of the child. The development of the child's imagination forms innovative ideas. And the idea is the main aspect of the modern period.

KEYWORDS: imagination, preschooler, ability, mental processes

Қиялдың жалпы түсінігі. Адам өміріндегі қиял ерекше рөл атқарады. Қиял-бұл маңызды психикалық танымдық процестердің бірі.

Өйткені, дамыған қиялға ие шығармашылық адам қиын өмірлік жағдайлардан шығуға, стандартты емес шешімдер қабылдауға, болашаққа жоспар құруға және т.б. мұндай адамның қазіргі дамып келе жатқан қоғамда мүмкіндіктері көп. Демек, адамның қиялы бала кезінен бастап дамуы керек маңызды қасиет болып табылады [11,1053бет].

"Қиял" ұғымының анықтамасын Сократтың өзі тұжырымдауға тырысты. Ол қиял ұғымын өнердің ажырамас бөлігі ретінде анықтады, ал өнер ғарышқа немесе адамдар мен жануарлардың қызметіне еліктеу ретінде көрінді [9,96-бет].

Аристотель мен Платон қиял ұғымын зерттеумен де айналысты. Олар бұл мәселені ғылыми тұрғыдан бірінші болып қарастырып, оның мәнін талдап, негізгі ерекшеліктерін ашты.

Платон қиял – бұл сенсорлық сезім мен пікірдің қоспасы деп санайды, бірақ Аристотельдің пікірінше, қиял-бұл белгілі бір қызмет түрі, оның нақты өнімі қоршаған шындықтың танымдық бейнелері болып табылады [9,97-бет].

Гегель былай деп жазды: "қиялды танымдық процестің қайнар көзімен байланыстыруға болады, "бастамалардың басталуы" субъектінің дамудың барлық кезеңдерінде әртүрлі байланыстар орната алу қабілетінде көрінуі мүмкін, сайып келгенде синтез ретінде әрекет етеді" [8,105 бет]

Уақыт өте келе бұл мәселені зерттеу мәселелері кеңейіп, әр түрлі эксперименттердің көмегімен қиялдың функциясын тереңірек зерттеуге мүмкіндік беретін жаңа әдістер жасалды, алынған мәліметтерді теориялық түсінуге талпыныс жасалды, қиялдың басқа танымдық процестермен байланысы қарастырылды.

Шетелдік психология мен педагогикада "шығармашылық" ұғымы "қиял" ұғымымен тығыз байланысты болды, шығармашылық тұжырымдамасының барлық анықтамалары бір нәрсеге біріктіріледі – бұл баланың қиялдың көмегімен жүзеге асырылмайтын жаңа, ерекше, әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды құру әрекеті. А.В. Запорожец қиял шығармашылықтың маңызды компоненттерінің бірі екенін атап өтті, онсыз жаңа туындыны жасау мүмкін емес [5,107бет.].

Р. Ассаджиоли қиялдың негізгі функциясы-бейнелерді құру және жасау, соның арқасында қиял, оның пікірінше, адамның ең маңызды қабілеті деп танылуы мүмкін [5,109бет.].

Р. С. Немов былай деп жазды: "қиял адамға жағдайды басқаруға және практикалық іс-әрекеттердің тікелей араласуынсыз мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін көрнекі ойлаудың негізі болып табылады. Бұл оған практикалық іс-әрекеттер мүмкін емес немесе қиын немесе жай практикалық емес жағдайларда көмектеседі"[6,78бет].

Л. С. Выготский былай деді: "қиялдың шығармашылық қызметі адамның бұрынғы тәжірибесінің байлығы мен алуан түрлілігіне тікелей байланысты, өйткені тәжірибе қиялдың құрылысы жасалатын материалды білдіреді. Адамның тәжірибесі неғұрлым бай болса, оның қиялында неғұрлым көп материал бар" [3,82бет].

"Қиял" ұғымының анықтамасын көптеген ғалымдар мен авторлар, Сократ пен Платоннан бастап, олардың барлық анықтамаларына сүйене отырып, қиялдың психикалық процесс ретіндегі ең маңызды мағынасын – еңбек нәтижесін, түпкілікті және аралық өнімдерді ұсыну мүмкіндігін ажыратуға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялының ерекшеліктері

Баланың қиялы ересек адамға қарағанда нашар, дегенмен, баланың қиялы бай деген пікір бар, өйткені олар қиял әлемінде шындыққа қарағанда көбірек өмір сүреді. Алайда, баланың қызығушылығы қарапайым және жеңілдірек, оның сыртқы ортамен қарым-қатынасы ересек адам сияқты күрделі және алуан түрлі емес, және мұның бәрі қиялдың жұмысын анықтайтын негізгі факторлар болып табылады [7,112бет].

Үш жасында қиялдың ауызша формаларын қалыптастыру басталады және осы кезеңде қиял тәуелсіз процесс ретінде әрекет етеді. Бұл жастағы бала кейбір заттарды басқалармен алмастыра алады, сонымен қатар кейбір заттарды басқалардың рөліне қолдана алады. Бұл жағдайда баланың қиялы ол көретін және жеңе алатын тақырыпқа байланысты болады. Бұл жаста балаларда репродуктивті қиял басым болады, ол алған әсерлерін кескін түрінде механикалық түрде көбейтеді. Бұл әсерлер балалардың шындықты қабылдау нәтижесінде алған әсерлері болуы мүмкін – балалармен және ересектермен ойындар, сапарлар, серуендеу және саяхаттау, ертегілерді тыңдау, кітап оқу, мультфильмдер көру және т. б.

Жалпы, мектеп жасына дейінгі балалардың қиялы әлі де әлсіз. Кішкентай мектепке дейінгі жастағы балалар суретті естен толығымен қалпына келтіре алмайды, оны шығармашылықпен өзгерте алмайды. Алайда, қиял баланың өмірінде ересек адамның өміріне қарағанда өте үлкен рөл атқарады. Ол балалық шақта жиі көрінеді, сонымен қатар балалардың қиялы шындықтан

әлдеқайда жеңіл "кетуге" мүмкіндік береді. Қиял әлемі олар үшін ересектер сияқты нақты әлемнен бөлінбейді. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі балада қиялдағы іс-әрекеттер мен оқиғалардан туындаған тәжірибелер, эмоциялар әлдеқайда күшті және түрлі-түсті болады [10,65бет].

3-5 жастағы балалар колобоктың немесе қоянның тағдырын жоқтай алады, зұлым сиқыршыны қорқытады, зұлымды қорлайды, айлакер түлкіден құтылу жолдарын ойлап табады және т. б. қиял кеңістігінде не болып жатқандығы (ертегіде, сөзбен, сахнада) балаларда ең күшті эмоциялар тудырады, балалар қиялдағы кейіпкерге сенеді және оған шын жүректен көмектескісі келеді және т.б.

Эмоционалдылықтың жоғарылауы сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың қиялының ерекшелігі болып табылады. Ойлап тапқан кейіпкерлер, мультфильмдер мен ертегілердің кейіпкерлері бала үшін жеке мәнге ие болады және оның санасында өте нақты өмір сүреді.

4-5 жасында бала өз іс-әрекетін жоспарлай бастайды немесе біледі, алдағы іс-қимыл жоспарын жасай алады [2,54бет].

Осы кезеңде балалардың қиялы басқаша дамиды. Теріс эмоционалды тәжірибелер олар естіген немесе көрген ертегілердің кейіпкерлерінде символдық түрде көрінеді. Осыдан кейін бала өзінің "Мен"қауіп-қатерін қысатын қиялдағы жағдайларды жасайды.

Баланың қиялы ойындар, көркем шығармашылықтың алуан түрлері, модельдеу, құрастыру, ертегілерді оқу, мультфильмдер көру және т.б. сияқты әртүрлі "балалар" іс-шараларының көмегімен қарқынды қалыптасады және белсенді дамиды. [4,136бет].

Балалардың қиялы пайдасыз әрекет емес және ересек өмірде онсыз белгілі бір биіктерге жету мүмкін емес. Бала қиялдаған кезде оның ми белсенділігі белсенді дамиды. Сондықтан күнделікті серуендеу кезінде әртүрлі қиялдарға назар аудару керек. Баланы өнертабыстар үшін мадақтау керек, және ешқандай жағдайда ұрыспау керек, бірлескен қиялдау процесі идеалды нұсқа болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларда қиялды дамытудың негізгі әдісі-ойын. Онда баланың қиялы кеңінен көрінеді. Ойын әрекеті-ересектердің іс-әрекеттері мен қатынастарының белгілі бір ойнаумен сипатталатын мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің жетекші түрі [3,328бет].

Балалардың қиялына арналған ойын өте маңызды. Ойындардың көмегімен бала өзі үшін алғашқы жаңалықтарды жасайды, өз денесін игеруді үйренеді, сөйлеудің қыр-сырын игереді, белсенді ойлауға және қиялдауға үйренеді.

Қиял ойын іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде қалыптасады және дамиды: реляциялық, әлеуметтік, дидактикалық, рөлдік және т. б.

Дидактикалық ойындардың ішінде қиялды дамыту міндетін сәтті шешетін үш түрге бөлуге болады, олар:

- ауызша-бала ересектермен бірге пікір алмасатын, талдайтын, сұрақтарға жауап беретін, әртүрлі тапсырмаларды орындайтын кезде;

- үстел-баспа – ойын әр түрлі карталарды, ойын өрістерін, суреттерді, жұмбақтарды және белгілі бір ережелері бар дайын баспа ойындарын қолданған кезде;

- ойыншықтар мен заттармен ойындар - балалар ыдыстарын, көлікті, қуыршақтарды, үйлерді және басқа элементтерді ойындарда қолданғанда [1,120бет].

Мұндай ойын әрекеті баланың айналасындағы әлем туралы идеяларын көрсетеді. Ойын барысында балалар адами қарым-қатынастар, табиғи құбылыстар мен жануарлар, еңбек түрлері, түрлі оқиғалар және т. б. туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады.

Осыған байланысты, мектепке дейінгі мекемеде де, үйде де қиялды дамытудың маңызды шарты тиісті жағдайлар жасалуы керек және балалардың ойынына жеткілікті жиынтықтар болуы керек, бірақ ойыншықтар болмауы керек және тым көп назардың таралуын болдырмас үшін.

Сонымен, баланың қиялына арналған материал оның бүкіл өмірі, алған барлық әсерлері, эмоциялары болып табылады, сондықтан олардың жағымды, қуанышты, балалық шаққа

лайықты болуы маңызды. Мектеп жасына дейінгі баланың қиялының табиғаты ойындағы немесе көркемдік іс-әрекеттегі әсерлерді өзгерту қабілетіне тікелей байланысты.

Баланың қиял дамуына гаджеттердің әсері

Қазіргі заманда адам өмірін гаджетсіз елестете де алмаймыз. Сол гаджеттерді үлкендер өздері ғана пайдаланбай, баланы алдандыру құралына айналып кеткен. Балалардың көбісі сол себептенде басқалармен қалай араласу керектігіннен, болмаса қазақ баласын алып қарасақ қай тілде сөйлеу керектігін білмей әлек.

Гаджет (ағылш. gadget, құрылғы, аспап) - шектеулі міндеттерді орындайтын (мамандандырылған), шағын өлшемімен ерекшеленетін, стандартталған интерфейс арқылы неғұрлым күрделі құрылғыларға қосылатын құрылғы.

Кең таралған гаджеттер тобы-ұялы телефондар және олардың туындылары (смартфондар мен коммуникаторлар). Оларсыз біз қазіргі өмірімізді елестете алмаймыз.

Оқыту IT-сыз болуы керек, өйткені компьютерлер шығармашылық ойлауды, ұтқырлықты, адами қарым-қатынасты және зейінділікті басады. Оқу процесі үшін компьютерлер мүмкіндігінше аз қолданылса жақсы, өйткені технология сауаттылық қажет болған кезде ғана алаңдатады және сыни ойлау қабілетін қажет етеді.

Балалар балалармен ойнап, ересектерге сұрақ қоя білуі керек. Көптеген сағаттар өздерінің гаджеттеріне құмар балалар бірінші де, екінші де білмейді.

Ешқандай ойындар мен қосымшалар ешқашан стихиялық шығармашылықты, нақты материалдармен және жанды түстермен жұмыс істеуді алмастыра алмайды. Шынайы өмірде бала қиялдайды. Ол желімдейді, мүсіндейді, кеседі, бояйды, біріктіреді, күтпеген шешімдерді табады. Виртуалды кеңістік оны шығармашылықтан айырады, өйткені онда ол тек бағдарлама өндірушісі ұсынған опциялар аясында әрекет ете алады.

Балалардың қиялын және шығармашылық белсенділігінің дамуының бұзылысы болуы мүмкін:

- ✓ Өзін-өзі иелену, мазмұнды және шығармашылық ойнау қабілеті мен ниеті жоғалады;
- ✓ балалар бір-бірімен сөйлесуге қызығушылық танытпайды,
- ✓ үнемі жаңа дайын ойын-сауыққа артықшылық береді.

Бала қиялын дамыту үшін арнайы белгіленген ойындарды, жаттығуларды ғана пайдану маңызды емес, жәй ғана баланың армандары және әртүрлі фантазиялық әңгімесін тыңдау керек. Бірақ бала армандап қана қоймай, сол арманға жету жолын да қарастыра, талпына білуі керек.

Гаджеттерді де бала қиялын дамыту құралы ретінде пайдалануна болады. Бірақ гаджеттермен өткізілетін көп уақыт, балаға пайда емес, зиян келтіру мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Ануфриева Г., Вдовкина С., Огороднова О. Воображение и творчество // Дошкольное воспитание – 2008 – № 12 – с. 120.

2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте: учебное пособие. Изд. 2. [Текст] // под ред. Л.И. Божович. – СПб.: Питер, 2013.

3. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте [Текст] // под ред. Л.С. Выготского. – М.: Просвещение 1991.

4. Иванова А.А. Развитие творческого воображения старших дошкольников [Текст] // Воспитание и обучение: теория, методика и практика: материалы III Международной научной конференции – Чебоксары: Интерактив плюс, 2015 – с. 136–138.

5. Коджаспирова Г.М. Педагогика: учебник [Текст] // под ред. Г.М. Коджаспировой. – М.: КНОРУС, 2010.

6. Немов Р. С. Психология: оқулық. Кітап 1. [Мәтін] // под ред. Р. С. Немова. – М.: Білім, 1994.

7. Немов Р.С. Психология: учебник. Книга 2. [Текст] // под ред. Р.С. Немова. – М.: Просвещение, 2000.

8. Савина Е.А. Введение в психологию. Курс лекций [Текст] / под ред. А.П. Олейникова – М: Прометей, 1998.
9. Скоробогатов В. А., Коновалова Л. И. Феномен воображения. Философия для педагогики и психологии. Изд. 3. [Текст] // под ред. В.А. Скоробогатова – М.: Союз, 2011.
10. Субботина Л.Ю. Развитие воображения у детей: пособие для родителей и педагогов. Изд. 2. [Текст] // под ред. Л.Ю. Субботиной. – Ярославль: Академия развития, 2002.
11. Шинкарёва Н.А., Карманова А.В. Сущность понятий «воображение», «творческое воображение» в психолого-педагогической литературе [Текст] // Молодой ученый – 2015 – №24 – с. 1053-1055.

РОЛЬ ПСИХОСОМАТИКИ В ПСИХИЧЕСКОМ ЗДОРОВЬЕ ЧЕЛОВЕКА.

ЗАЦЕПИЛОВА А.А.

ИСКАКОВА А.Т.

*Студентки Казахского Национального
женского педагогического университета*

ТҮЙІН: Мақалада психологияның саласы ретіндегі психосоматика жөнінде талқыланған. Психикалық процестердің тән саулығына әсерін қарастырған. Адам өз тәнінің және жанының емшісі, егер де жағымсыз эмоциялар дер кезінде сыртқа шығып тұрса онда ағзаға да еш зияны тимейді.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: психика, психосоматика, эмоция, құбылыс.

ABSTRACT: The article discusses psychosomatics as a branch of psychology. Considered the effect of mental processes on physical health. A person is a healer of his body and soul, and if negative emotions come out in time, they do not harm the body.

KEYWORDS: psyche, psychosomatics, emotions, phenomena.

Психосоматика психо + греч. soma – тело. Направление в зарубежной психологии и психиатрии, изучающее происхождение соматических заболеваний с позиции психоанализа. Жалобы соматического характера рассматриваются как проявление символического языка внутренних органов, отражающего либидонозные тенденции, вытесненные комплексы. Подавление такого рода неприемлемых бессознательных влечений, по мнению представителей зарубежной психосоматики, еще больше обостряет их и создает цепь отрицательных воздействий на организм. П. в таком понимании представляет биологически ориентированный вариант учения S. Freud. По F. Alexander (1948, 1951), все заболевания человека являются психосоматическими.

Направление в медицине, изучающее роль психических, в первую очередь личностных, факторов в возникновении и течении ряда болезней. Получила широкое распространение в нашей стране. [Психофизиология. Словарь Безруких М.М. и Фабер Д.А.]

С давних времён человеческое здоровье служило одним из главных объектов изучения шаманов, лекарей, алхимиков, врачей и психологов. В трудах античных философов, Платона и Сократа упоминалась о влиянии душевных переживаний на соматическое здоровье. Лишь в прошлом веке было подтверждено, что стресс и негативные установки напрямую влияют на наше здоровье. Сейчас же, существует направление в медицинской психологии именуемое психосоматикой.

Психосоматика- это направление в психологии, изучающее влияние психических процессов на возникновения телесных заболеваний. Психосоматика происходит от греческого «soma»-душа, «somatos»-тело. В основе психосоматических заболеваний лежат: частые стрессы, переживания, травмы, внутренний негативные установки внутриличностные конфликты. Когда психика не справляется со стрессом и определёнными переживаниями, весь негатив запечатывается в подсознании и отражается в виде сбоя в организме.

Психосоматика заболеваний связано с такими именами как Луиза Хей и Лиз Бурбо. Они придерживались идеи, о том что наши установки и мысли ключевой источник психоэмоциональных и соматических недугов. Ими были разработана таблица, где определенные болезни сопоставляются с отдельными эмоциональными состояниями. Так, по мнению Луизе Хей ангина вызвана невысказанность страхом заявить о себе.

Всякое лечение психосоматических заболеваний начинается уже после полноценной диагностики организма пациента. Очень часто главные проблемы скрываются в психологическом факторе - пережитом тяжелом стрессе. Ученые в области психосоматики считают, что даже самые незначительные отрицательные эмоции могут очень сильно навредить организму. Если человек все копит в себе, психологическое подавление рано или поздно даст отрицательные результаты. Плохие мысли спустя время выгорают внутри человека, разрушая, по мнению исследователей психосоматики, само тело человека. Появляются недомогания, которых, по логике, у пациента быть не должно.

Каждый год медицинская статистика показывает рост психосоматических заболеваний среди населения. Вирусные инфекции не могут причинить такой вред, как депрессивное психологическое состояние.

Основной контингент пациентов - это закрытые люди, скрывающие свои внутренние эмоции от внешнего мира. Среди меланхоликов немало видов, скрывающих в душе бушующие вулканы своим внешним спокойствием. Чаще всего самые уравновешенные и спокойные люди иногда ломаются. Именно эти ситуации приводят к возникновению психосоматического заболевания.

Склонность к скрытым заболеваниям проявляется еще в детском или подростковом возрасте. У детей и подростков психика еще совсем неустойчива, чтобы самостоятельно справиться со стрессом без последствий для физиологического здоровья организма. Но в нашем обществе есть особенные люди, которые могут безопасно дожить до взрослой жизни, не сосредотачиваясь на своих проблемах. Они тоже страдают психосоматическими заболеваниями, но диагностика у них будет намного длительнее и сложнее.

Для примера можно взять людей, которые злоупотребляют алкоголем, алкоголики не могут справиться со своей зависимостью, до тех пор, пока не поверят в себя как в личность и не будут уверены в себе. Происхождение самой проблемы может быть еще в детстве, когда родители через чур высоко ставили планку для ребенка. А уже в зрелом возрасте некое разногласие приводит к затоплению проблем с алкоголем.

Что делать с психосоматикой?

Вам нужно сфокусироваться на том месте, где вы сейчас находитесь в жизни, и поговорить прежде всего с самим собой честно и откровенно, задать себе вопрос: счастлив ли я? И насколько я счастлив? Подумайте и поймите то, какие потребности не удовлетворяются и вызывают у вас стресс и дискомфорт. От самого главного до социального, потребность в самоактуализации. Оцените, насколько вы счастливы своими отношениями, не вызывают ли они хронического стресса. Проявите свою креативность, неповторимость. Если его открыть, выброс эндорфинов будет настолько сильным, что он сможет победить даже такое заболевание, как рак.

Литература:

1. Старшенбаум Г.В. Психосоматика и психотерапия: Исцеление души и тела. – Ростов: Феникс, 2014. – 350 с.
2. Менделевич, В. Д. Неврология и психосоматическая медицина : монография. - М. : МЕДпресс-информ, 2002. – 608 с.
- 3.Краснов А.А. и др. Основы психосоматики. - СПб.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2012. - 112 с.

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ-ДЕФЕКТОЛОГ

ИСАБАЕВА З.М.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

АЯПБЕРГЕНОВА А.Ж.

Философия ғылымдарының (Phd) докторы, қауым.профессор м.а.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В данной статье рассматриваются некоторые причины расстройства речи у детей раннего возраста. Родителям, обеспокоенным задержкой речи у ребёнка или её нарушением, очень трудно понять, насколько серьёзна проблема у их малыша, что надо делать. В настоящее время расстройства речи изучены очень хорошо и многие из них успешно исправляются. Главное — надо вовремя обратиться к специалисту, чтобы своевременно диагностировать их и понять: нарушение речи является единственной проблемой или это следствие других серьёзных заболеваний (аутизма, нарушения слуха, работы центральной нервной системы, отклонения в интеллектуальном развитии и т. д.).

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Тифлопедагогика, сурдопедагогика, олигофренопедагогика, логопедия.

ABSTRACT. This article discusses some of the causes of speech gaps in children of early age. Parents, anxious with a delayed speech at the child or her violation, it is very difficult to understand how serious the problem is in their baby, what to do. At the present time the speech disorders are studied very well and many of them are successfully corrected. The main thing is to turn to a specialist in time to diagnose them in a timely manner and understand: a speech disorder is a single problem or it is a follow-up of other serious illnesses (autism, dementia, dementia, dementia, dementia).

KEY WORDS: Typhopedagogy, deaf pedagogy, oligophrenic pedagogy, speech therapy.

«Баланың психикалық даму деңгейі неғұрлым төмен болған сайын оқытушының біліктілік деңгейі соғұрлым жоғары болуы тиіс», - деп жазады ХХ ғасырдың басындағы атақты неміс педагог-дефектологы П. Шуман.

Қарапайым балалар секілді, ерекше білім алу қажеттілігіне ие балалар да білікті педагогикалық көмекке зәру, оны тек арнайы даярлықтан өткен педагог-дефектолог қана бере алады.

Қазіргі заманғы педагогикалық білім беру келесі түрдегі сәйкес педагогикалық мамандықтардың кең ауқымына ие:

Тифлопедагогика – педагогтың зағиптар мен нашар көретіндердің біліктілігіне ие болуымен (тифлопедагог).

Сурдопедагогика – керендер мен әлсіз еститіндер біліктілігіне ие болуымен (сурдопедагог).

Олигофренопедагогика – аз маңыздыдан өте ауыр түрлеріне дейінгі саналық дамудың бүлінуінің әр түрлеріне және формаларына ие тұлғалармен жұмыс жасау үшін педагогтың біліктілікке ие болуы (олигофренопедагог).

Логопедия – логопед біліктілігіне ие болуы.

Педагогикалық колледждерде ерекше білім алу қажеттіліктеріне ие балалар үшін арнайы білім беру мекемелерінің мектепке дейінгі, мектептің (мектеп интернаттың) тәрбие берушісі мамандығын алуға болады.

Бұл педагогикалық мамандықтарға ие болуы мектепке дейінгі жастан бастап және ересектермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуге дейінгі, осы типологиялық топ шегінде, дамуында ауытқуы бар тұлғалардың түрлі деңгейлерімен жұмыс жүргізуге мүмкіндік

береді. Қандай да бір мамандық аясындағы көптеген кәсіптер комбинациялық бұзылыстарға ие балалар мен ересектерге білікті түзету-педагогикалық көмек көрсетуге жәрдемдеседі.

Педагог-дефектологтар оқушылар мен тәрбиешілердің түрлі деңгейлерімен коррекциялық-педагогикалық жұмыс жүргізу үшін арнайы білім беру мекемелерінде, психологиялық-педагогикалық-консультация, реабилитациялық, консультативтік-диагностикалық орталықтарда, логопедтікпунктерде, сондай-ақ жалпыға арналған білім беру мекемелерінде, балалар үйлерінде және мектеп-интернаттарда жұмыс істейді, олар индивидуальді оқыту мен тәрбие беруді жүзеге асырады.

Жалпыға арналған білім беру мекемелерінде, оқушыларға дифференциалды жақындасу және интеграцияны даму жағдайларында, арнайы психологтар мен педагог-дефектологтарға деген сұраныс әсіресе арта түседі. Педагог-дефектолог (әсіресе олигофренопедагог) үшін, оның кәсіби біліктілігі есебінен, әсіресе жалпы білім беру мектебінің оқытушысының өзі мектептік дезадаптация белгілеріне ие балаларды оқытуда қиындықтарға кезігетін кездерінде, коррекциялы-дамытушы және компенсациялаушы оқыту сыныптарында балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін компетентті ұйымдастыру қиынға соқпайды. Бұл үшін педагог-дефектолог терең, әрі жан-жақты білім алады. Педагог-дефектологтың ғылыми және тәжірибелік білімдер кешенінің жүйе түзуші критеріі антропологиялық принцип болып табылады.

Педагог-дефектолог – бұл рухы биік тұлға, ол іскер, инициативті, энергияға бай, өзінің кәсіби іскерлігінің сәтті нәтижесіне нық сенеді, қамқор және өнегелі адам.

Ол үшін қазіргі әлемдегі адамды, оның ішінде өмірлік іскерлігі шектеулі адамның ролін гуманитарлық тұрғыда бағалау тән.

Педагог-дефектологтың кәсіби әлемдік санасы әлеуметтік және рухани өмірде жүріп жатқан және қоғам өмірінде ерекше білім қажеттіліктеріне ие адамдардың орны мен роліне әсер ететін процестерді ой-санадан өткізу және тұлғалық бағалаудың нәтижесі болып табылады.

Профессионалды оптимизмі, педагогикалық әсер ету субъектісіне, және педагог-дефектологтың тәрбиеленушілері қатысуы тиіс, қоғамның бірқалыпты көпшілігіне – ортаға, немесе белсенді тұлға ретіндегі өзіне де, оның әлеуметтік белсенді қарым-қатынасынан көрінеді.

Педагог-дефектологтың кәсіби тәжірибесі оған түрлі ұғымдарда, әлеуметтік топтар; оқушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары, студенттер, әріптестер жас топтар, конфессионалды және қоғамдық (оның ішінде ата-аналық) ұйымдарда қауымдастықтарда, қоғамдастықтарда өзінің біліктілік кәсіби іскерлігін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Педагог-дефектологтың профессионалды, іскерлік компетенциясының сферасы келесілер болып табылады: профилактикалық жұмыс, педагогикалық диагностика және консультация жүргізу, арнайы педагогикалық ағарту, психологиялық және психотерапиялық көмек көрсету шараларына қатысу, білім беру және әлеуметтік-педагогикалық іскерлік, білім беруді ұйымдастыру және басқару, ЖОО-да немесе орташа арнайы педагогикалық оқу орнында дәріс беру, арнайы педагогикалық сферада ғылыми зерттеулер жүргізу.

Педагог-дефектолог өз қызметтік жауапкершіліктерінің аясын ешқашан шектемейді. Оның кәсіби іскерлік сферасы мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқығын қорғау, қамқор болу, аяушылықтың әлеуметтік акцияларында инициатор және белсенді қатысушы болатындай, әрдайым жағдайда болады.

Педагог-дефектологтың кәсіби іскерлігі денсаулыққа теріс әсер ететін кәсіби зияндықтармен қатар жүретіндер санатына жатады. Осыған байланысты денсаулығында ауытқуы бар және жеке психограммасы педагог-дефектологтың кәсіби психограммасына едәуір сәйкес келмейтін тұлғаларға мұндай еңбекке араласуға қатаң тыйым салынады. Педагог-дефектологтың еңбегі көру, есту, жүйкелік, жүрек-қан тамырлары, және иммундық жүйе ағзаларының сау күйіне жоғары талаптар қояды.

Физикалық төзімділік, жұқпалы ауруларға жоғарғы тұрақтылық, тұрақты психикалық денсаулық өте қажет; есту қабілетінің нашарлауы жағдайында оны әлеуметтік тұрғыда толық

қалпына келтіру қамтамасыз етілуі тиіс; мамандар, немесе әрине логопедтер дұрыс сөйлеу және дыбыстарды қатесіз айту қабілеттілігіне ие болуы тиіс.

Педагог-дефектологтың кәсіби сипатының аса маңызды бейнелері – бұл қарапайымдылық, жауапкершілік, оптимизм, төзімділік, эмпатия, энергиялық, өз жұмысынан бас алмауы, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың өмірлік қызығушылықтарына сенімділік, өз тәрбиеленушілерін силау және жақсы көру, өз кәсібіне адалдық.

Арнайы педагогтың жұмыс бағыт-бағдары

Педагогикалық оптимизм принципі Л. С. Выготскийдің баланың «жақын аралық даму зонасы» жөніндегі идеясына арқа сүйейді, ол оның дамуында оқудың басты роліне куә болады және жеке коррекциялық-дамытушы бағдарламаның бастауын, барысын және нәтижесін жобалауға мүмкіндік береді. Кәсіби маманданған педагог, дамудың өзекті түрдегі деңгейіне арқа сүйеп қана емес, сондай-ақ баланың потенциалдық мүмкіндіктерін біле және ескере отырып, оқудың оң нәтижесіне жетуді мақсат тұта отырып, баламен түзету-педагогикалық жұмыс жүргізеді.

Қазіргі заманғы арнайы педагогикада оқытылмайтын балалар болмайды дегенге нық сенеді. Педагогикалық өнер және қазіргі заманғы коррекциялық-білім беру технологиялары, балаға деген махаббат, төзімділік пен нақтылық ғажайыптар тудыра алады. Бұған «оқытылмайтын» балалардың білім берудің қазіргі заманғы оң нәтижелері куә бола алады.

Білім берудің түзету-компенсациялық бағыттылығы оқыту мен түзетудің арнайы техникалық құралдарының қазіргі заманғы жүйелерімен, компьютерлік технологиялармен, білім беру процесін ерекше ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі. Ол арнайы білім берудің құрамдарында, әдістерінде және ұйымдастырылуы мен ұйымдастырушының формаларында бейнеленеді. Яғни, бұл мектептегі сыныптардың төмен толығы, оқыту мерзімін ұлғайту, қорғалатын емдік-педагогикалық режим, жеке сабақтардың болуы, түзету және компенсациялық жұмыстарға арналған арнайы пәндер, оқулық және оқытушылық іскерліктің арнайы тәсілдерімен қолданылады.

Арнайы білім беруде педагогтың басшылығымен ұжымдық заттық-тәжірибелік іскерлік таралған, ол мотивациялық сөздік қарым-қатынас үшін шынайы жағдайлар тудырады. Балалар оқитын пәндер іскерліктің тұрақты мотивациясын тудырады және қоршаған өмір, осы заттардың арнайы және оларды әрекеттестіру жайлы білімдердің қайнар көзі болып табылады.

Білім берудегі іскерліктің ықпал ету принципі ерекше білімді қажет ететін балалардың кез-келген деңгейіне қолданылады және көптеген түзету сабақтарын өткізуге қолданыс табады.

Шындығында, арнайы педагог қана біржағынан, бұл баланың дамуының және танымдық мүмкіндіктерінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін және екінші жағынан оған келетін коррекциялық және компенсациялық көмектің жолдары мен тәсілдерін біле отырып, оқу-танымдық іскерліктің процесін ұйымдастырып және осы процесті басқара алады.

Арнайы педагогтың жұмыс бағыт-бағдарындағы технологиялар мен әдістер.

Арнайы педагогика ерекше білімдік қажеттіліктерге ие адамға білім беру процесінде арнайы білім беру технологияларды, оқыту әдістері мен тәрбие беру әдістемелерін ажыратады.

Педагог пен оқушының білім алуының әсер етуінің түрлі әдістерінің интеграциялы белгісі ретіндегі «білім беру технологиясы» ұғымын пайдалану құқығына ие боламыз: «Білім беру технологиясы аясында педагогтың педагогикалық тапсырмаларды шешуге бағытталған кезекті түрде өзара байланысқан жүйесін немесе бұрын алдын-ала жобаланған педагогикалық процестің тәжірибеде жоспарлы түрде енуін түсінуге болады.

Оқыту әдістері

Дамуында ауытқулары бар балаларды оқыту процесінде тұтастай іскерлік әдіс негізінде оқыту әдістерінің кең таралған сыныптамына және дидактикада қабылданған әдістерге сәйкес оқыту-танымдық іскерлікті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері; оны қалыптастыру және мотивация; бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері ажыратылады. Арнайы

білім беру дидактикасы оқытудың әдістері мен тәсілдерінің жалпы педагогикалық арсеналы, сонымен бірге ерекше білімдік қажеттіліктерге ие оқушылардың әрбір категориясы үшін өзінің ерекше тәсілдерін; өзгеше білім беру технологиялары болып табылатын коррекциялық педагогикалық жұмыстың тәсілдері мен әдістемелерін қолданады.

Оқытудың ауызша әдістері оқыту тәжірибесінде кең таралған әдістің бірі. Шынында да, әңгімелесу балаларды оқыту процесіне енгізуге мүмкіндік береді, ол тірі пікірлесуге баулыды, балалардың білімдерін аңғаруға және бекітуге жол ашады. Әңгімелесу әдісі кезінде әрбір жеке оқушының мүмкіншіліктері және қабілеттіліктері, психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Оқушылардың жауаптары формальды, алдын-ала меңгерілген болып табылмайды. Оларға өз пікірлерін ауызша қалыптастыруға, әңгімелесу кезінде талқылауға, оқытушыға сауал қоюға, өз пікірін алға тартуға, әңгімелесу болып саналатын сөйлеу құралдарын пайдалануға, оқытушыдан және сыныптағы достарынан жаңа жайттарды тануға едәуір уақыт қажет болады. Сонымен қатар, ол жаңа материалмен танысу кезінде – бастапқы сатыда (балалардың нені білетіндігін ұғыну үшін) және соңғысында – оқытылған бағдарламаның түсінікті болуын тексеру үшін пайдаланылады.

Егер де көрнекілік әдістер тәжірибелік әдістермен сәйкес келсе коррекциялық педагогикалық жұмыстардың тиімділігі арта түседі. Я. А. Коменский ғұламалы тұрғыдан атап өткендей, оқу процесінде көрсететін іскерлік бәрінен жақсы оқытады.

Оқытудың тәжірибелік әдісінің көп түрлілігі дидактикалық ойындар мен қызықты жаттығуларды пайдалану болып табылады. Олар оқытуды қалыптастыру тәсілі ретінде қолданысқа ие. Арнайы білім беру процесі, жұмыстың әдістерімен тәсілдерінің жай ғана жекелеген сәйкестіліктерінен емес, арнайы білім беру технологияларын пайдаланумен өтеді деп айтуға болады.

Дамуында ауытқуы бар балалар үшін ең жеткіліктісі тәрбиелеудің тәжірибелік әсер етулік әдістері болып табылады. Олар мектепке дейінгі және кіші мектептегі жаста әсіресе тиімді, сонымен қатар, интеллектуалдық санасы бұзылған, психикалық дамуы кешеуілдеген, сөйлеу және есту қабілетінде кемшіліктерге ие балалардың категориялары үшін қолданылады. Педагогтың ұсыныс, түсіндірулерімен қатар жүретін визуальдық ақпаратқа арқа сүйеуге жол ашатын әдістер үлкен тәрбиелік мәнге ие, сонымен бірге баланың қоршаған өмірінен, педагогтың жеке тәжірибесінен мысалдар келтіру тиімді болып келеді. Айта кетерлік бір жайт, дамуында ауытқуы бар балалар үшін педагогтың көзқарастары, жүріс-тұрысы, пайымдауы, әдеттері ұзақ уақыт бойы еліктеу үшін үлгі. Қарапайым балаларға қарағанда мүмкіндігі шектеулі балалар педагогпен өте берік психологиялық және әлеуметтік тұрғыда байланыста болады, барлық жағдайда оған ұқсауға трысады.

Оятушылық-бағалаушылық әдістер (марапаттау, сөгіс айту, жазалау) де бала үшін жеткілікті сөзбе-сөз марапаттау және материалдықпен қатар жүретін («жақсы», «дұрыс», «жарайсың»), тәжірибелік әсер етушілік нұсқада тұрады.

Жазалау әдістері де өзіндік тәжірибелік әрекеттік сипатқа ие. Мораль нормаларының жеткілікті тәжірибесі мен біліктілігіне ие емес, өз жетістіктерін, эмоциясын, жасаған істерін қажетті дәрежеде реттей және бақылай алмайтын бала жасаған әрекеттеріне кінәлі бола алмайды. Оған қоса, бала, ережеге сәйкес, ересек адамның неге көңілі толмайтындығын, одан не нәрсе талап ететіндігін жете біле бермейді. Сол үшін педагог тәрбиеленуші баланы ұялтуда қажетті ұстанымдылық көрсетіп, қанағаттанбауын қатаң көзқараспен, баспайқаумен, «нашар», «жақсы емес», «ұят болады», «маған мұны көру жағымды емес», «мен ренжулімін» деген сөздермен білдіреді. Баланың даму мөлшеріне қарай жазалаудың ауызша формалары да мүмкін болады, мәселен ауызша ұялту, сөгіс айту.

Кез-келген жағдайда жазалау әдістерін пайдалану, егерде бала нашар қылық жасағанын түсінетін болса, егер де бала жазалаудан қорлықты сезінбесе және оған физикалық ауыртпашылық келтірілмесе, егер де жазалау жиі пайдаланылмаса және оған ет үйрену туындамаса тиімді боып келеді.

Қосымша бір жайт, баланы еңбекпен жазалаудың қажеті жоқ, өйткені ол да және өзгесі де – бала үшін тартымды заттар және оларды жазалау ретінде қолдана отырып, құнсыздатудың

керегі де шамалы. Ең әсер ететіні баланы іскерлік ойыннан, әңгімелесуден аластату болып табылады.

Педагог, тәрбиелеуші тіпті сөгу кезінде де балаға дауыс көтермеуі қажет. Бұл ережеге кірмейтіндер, егер де баланың әрекеттері оның өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын жағдайлар болып табылса. Бұл жағдайдағы педагогтың, тәрбиеленушінің жоғарғы дауысы бала үшін қауіптіліктің, сақтану керектігінің сигналы болып саналады.

Оқытушының сөзі оқушыларға білім берудің құралы болуы тиіс. Оны балалар жетік қабылдауы қажет. Сол себепті арнайы білім беру жүйесінде қызмет жасайтын педагогтың сөйлеу қабілеттілігіне, оқушылардың контингентінің спецификасына орай, ерекше талаптар қойылады. Оның сөзі түсінікті, анық, шынайы түрде шығуы қажет. Арнайы білім беру мекемесінде жұмыс істейтін педагог сөйлеу реттігінде оқыту сабағының құрамы мен ритмін жобалай алуы тиіс; сөздік импровизация техникасын жетік білуі, оқушылардың сөйлеу іскерлігінің белсенді түрге енуіне ықпал ететін жағдайларды табуы және қолдана алуы, қысқа, әрі сөз тіркестерін құруда хас шебер болуы өте маңызды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы,- Астана 2007.
2. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңы». 2002, 7-11б.
3. Қазақстан республикасының 2011-2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасы. 2011, 5-9б.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты,- Астана 2009.
5. Арнайы педагогика [Мәтін]: Оқулық / Ғ.Ә. Абаева [ж.б.].- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 324 б.

САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІН ҚҰРУ

ИСАЕВА Л.Т.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АМАНҒАЛИЕВА Н.Қ.

1-курс магистранты

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В статье представлена модель инклюзивного образования через внеурочную деятельность. Также создана программа обеспечения детей с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования и выявлены основные направления внеурочной деятельности. Эффективность внеурочной деятельности обусловлено тем, что основная образовательная программа реализуется через урочную и внеурочную деятельность.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: инклюзивное образование, внеурочная деятельность, модель инклюзивного образования, дети с особыми образовательными потребностями.

ABSTRACT. The article presents a model of inclusive education through extracurricular activities. A program has also been created to provide children with special educational needs in the context of inclusive education and identified the main areas of extracurricular activities. The effectiveness of extracurricular activities is due to the fact that the main educational program is implemented through classroom and extracurricular activities.

KEYWORDS: inclusive education, extracurricular activities, model of inclusive education, children with special educational needs.

Ізгілендіру және дараландыру принциптеріне сәйкес отандық білім берудің заманауи жүйесін жетілдіру нақты білім беру кешенінде ерекше білімді қажет ететін (ары қарай - ЕБҚ) балаларға көмек көрсетудің мазмұны мен сипатын мейілінше толық бейнелейтін теориялық модельдерді жасауды көздейді. Бұл міндетің маңыздылығы қазіргі кезде ерекше білімді қажет ететін балалар санының көбею тенденциясымен түсіндіріледі. Инклюзивті білім беру моделін әзірлеу және енгізу келесі объективті факторларға байланысты:

1. Қазақстан Республикасында 16 жасқа дейінгі көптеген ерекше қажеттілігі бар балалар өмір сүріп жатыр

2. Қазақстан Республикасында ерекше қажеттілігі бар балалардың саны соңғы 5 жылда 7,5 % өскен.

3. Инклюзивті білім беру, жалпы оқу үрдісіне қатысушылардың бойында келесі жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді:

- өзара сыйластық
- өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезіну
- толеранттылық
- өз-өзіне сенімділік пен басқалардан үйрену мүмкіндігін дамыту.
- Айналадағы тұлғаларға және өзіне көмек көрсету.

4. Ата-ана баласына білім беру моделін таңдауға құқылы.

5. Инклюзияның мәні – балалардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке мүмкіндіктерін ашу мен дамуына септігін тигізеді. [1]

Зерттеулер көрсеткендей, ата – аналар инклюзивті білім беруді түрлі себептермен таңдайды, ең бастысы, балалары қалыпты дамыған құрдастарымен қарым-қатынас орната алу ауқымды мүмкіндіктеріне үмітенуі. Бұл отбасылар мынандай мақсатты ұстанады:

- Негізгі қабілеттерді (мысалы: коммуникативті) дамыту, балалар еліктейтін оңтайлы үлгі-өнеге алу мүмкіндігі.
- Қалыпты құрдастарымен достық және әлеуметтік қарым-қатынас орнату мүмкіндігі.
- Негізгі білім беру бағдарламасына қолжетімділік.
- Жан-жақты оқыту әдістеріне ие болу.

Инклюзивті білім беру туралы айта отырып, біз, бұл ерекше білімді қажет ететін балалардың жалпы білім беру мекемелеріне, кедергісіз қол жеткізу үшін техникалық жағдайлармен қамтамасыз ету ғана емес, балалардың психофизикалық мүмкіндіктері мен ата-аналарының қалауы ескерілетін, оқыту-тәрбиелеу үрдісінің ерекшелігі деген қорытындыға келеміз. Ал шын мәніне келсек, қалыпты балалардың барлығы дерлік, мүмкіндігі шектеулі балалармен қарым-қатынасқа түскісі келмейді. Балалардың қиналғанын көру қиын әрине, ең оңай бұл туралы ұмыту, сөз қозғамау. Осы оқушыларды тәрбиелеуде жіберілген үлкен ағаттық. Инклюзивті білім беру барлығына қажет. Психофизикалық бұзылыстары бар балаларға деген жағымсыз көзқарас қалыпты балалар тарапынан ғана емес, олардың ата-аналарынан да көрініс табады. [2]

Проблема: еліміздің мектептерінде, сабақтан тыс жұмыстардың моделін өзгертпей, түрлі категориядағы балалардың қажеттеліктерін қанағаттандыру мүмкін емес.

Жобаның идеясы: сабақтан тыс жұмыстар арқылы, инклюзивті білім беру моделін жасау.

Мақсаты: сабақтан тыс жұмыстар арқылы инклюзивті білім беру моделінің көмегімен, білім беру қажеттеліктерін қанағаттандыруға тең қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Қалыпты және ерекше білімді қажет ететін балалардың ішінде ерекше қабілеттерді көрсеткен оқушылардың қызығушылықтарын секция, клуб, үйірме, студия жүйесі арқылы анықтау және дамыту, қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін қолдану.

- Оқушылардың жалпы, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттеліктерін қамтитын, бейімделген ортаны құру.

- Ерекше білімді қажет ететін баланың даму бұзылысының ерекшелігін, әлеуметтік тәжірибесін, отбасылық ресурстарын ескере отырып, жеке педагогикалық тәсілді қолдану және қамту.

- Балаларды білім беру және әлеуметтік ортаға кіріктіру үрдісінде, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, балаға оның отбасына, педагогтарға көмек беру.

1. Оқушының эмоционалдық деңгейі. Бұл баланың эмоционалдық жағдайын, көңіл-күйі мен үрейлену, қорқу немесе тепе-теңдік жағдайын сақталуын басынан кешіруі. Ф.Б.Березин айтуынша тұлғаның қоршаған ортаға бірден бейімделу процесін көрсете келе, қорқу, үрейлену, эмоционалдық стресс, қобалжу шектен тыс эмоционалдық қатты байқалатын ашушандық бейімделудегі қателіктердің қалай дамуы негізінде жатқанын, балада үрейленудің белгілі бір деңгейге көтерілуі негізінен мінез-құлықтың бұзылуына, психикасының бұзылуына әкеліп, қалыпты бейімделуге кедергі, бөгет болатынын көрсетеді. Сондықтан да, бәз оқушының мектепте оқу, білім алу кезіндегі алғашқы қадамын жасаған айларының эмоционалды сәтті өтуіне басты назарда болады, оның өз ортасына бейімделу сипатын бейнелейді.

Оқушының эмоционалдық деңгейді зерттеу үшін үрейленуді анықтайтын әртүрлі әдістемелер қолдануға болады.

1. Оқушының танымдық деңгейі. Танымдық деңгей деп, мынаны айтуға болады, өзіндік сана-сезімнің, танымның даму деңгейін және балада оқуда, мектеп жайлы белгілі бір ойының, пікірінің, көзқарасының, ойының, бағыт-бағдарының болуы деп түсіндірсекте болады. Бейімделу процесінде біз бала санасында әлеуметтік-қоғамдық тұрмыстың жаңа нормаларын енгізу, қабылдау процесі жүреді. Осылайша «мен» бейнесінің балада қалыптасып, өзінің қоғамның бір бөлшегі екенін, қоғамдық ролін, маңызын орын алған статусын саналы түрде түсінеді.

Танымдық дамуда 10-11 жас кезеңі кезінде нақты операциялар даму сатысынан формальдық операциялар құрылым сатысына өтеді. Бұл ақпаратты іздеу, қарау мен ұйымдастыра алу қабілетінің жаңаша бағыты пайда болуын және гипотетикалық-дедуктивтік жайттардағы бағыттың басым болатынын атап сипаттайды. Дегенмен, бұл жаста кезіндегі оқушылардың ойлауы, зейіні үлкен жастағы оқушыларға қарағанда тұрақты емес, жүйеленбегенімен, кіші сыныптың балаларының, яғни, бастауышты аяқтайын деп отырған оқушыларының ойлауынан біршама ерекшеліктер байқалады: ол рефлексивті болып келуі абзал, оқушылар өздерінің ойлауын, еске сақтауын, ақыл-ой, сөйлеу және зейінін, мнемоникалық процестерін саналы түрде өздері түсіне алады.

Рефлексияның дамуы оқушының бойындағы тұлғалық өзгерістеріне де өзі ықпал етеді: балада өз қабілеттері, таланттары жайлы және құрдастарымен қарым-қатынасы арасындағы беделділікті анықтаудағы болатын дене және тұлғалық болмысы сипаттамалар жөнінде өзіндік көзқарасы қалыптасады деген.

Мектепке қабылданған оқушылармен тұрақты жұмыс атқару үшін маман психологтың алдына бірнеше тұрақты міндеттер қойылады:

1. Жаңа ережелер мен нормаларды тұрақты түрде сөзсіз орындауды талап ету үшін кей кезде балалардың бойындағы қырсықтық көрсетуіне немесе болатын шамадан тыс шаршауына, қажуына алып келуі мүмкін. Сондықтан психолог оқушының мектеп талаптарын орындауға тұрақты көмектесу қажет. .

2. Мектеп қойып отырған оқушы үшін жаңа талаптарды орындау негізі бала ерекше тәртіп бойынша өмір сүруі керек. Олар уақытында ұйықтап, сабақты жіберей қатынасып,

дайындалып, мұғалімнің сөзін жақсы тыңдай білу керек, сабақта ұйымдастырылған жұмысқа қатысу және үйге берген тапсырмаларды жүйелі уақытында ережеге сай тиянақты орындап отыру қажет. Баланың бұл міндеттерін жататын толық орындауға негізі ретінде болатын тиісті дағдыларды қалыптастыру болмаса, ол әдеттен аса тыс шаршауы, сабақты әдейі жіберіп қоюы, үй тапсырмасын арнайы орындамауы сияқты күн тәртібін бұзу орын алуы да мүмкін болады. Психолог бірінші сыныпқа оқушыны қабылданда, мектеп тәртібіне үйрету тұрақты шараларын жүйелі түрде жүргізу талап етеді.

3. Оқушыларының көбі мұғалімдермен, достарымен және сыныптастарымен қарым-қатынас жасауда кейде қиындықтарға кездеседі. Психологиялық қызмет баланың қандай қарым-қатынас мәдениетін қаншалықты қалыптастыруға тәрбиелеу.

4. Баланың әлеуметтік арнайы ортасы өзгереді. Оқушы деген статусына ие болғаннан кейін мектеп ережесіне, үй тапсырмасын орындау, жалқаулық және сабақ оқуға уақыт таба алмау, ал ата-аналар жоспарлары баласының сабағы, сабақ кестесіне қарай жоспар құру болады. Сол себепті, мектепте оқушылардың ата-аналары баласына өздері үй тапсырмасын орындауын тұрақты қадағалау, жеке сабақтар беру, үйірмелерге қатыстыру, қиындықтар, мәселелер негізінде жұмыстарын жүргізу қажет етеді [5].

Бірқатар авторлардың айтуларына, негізгі және маңызды атап айтатын психологиялық жаңа құрылымды қарастырған – бұл бойындағы өзгерістерін зерттеу, жете түсіну, өзіндік сана-сезімдегі рефлексияның тұрақты дамуы сияқты «естиярлық негізгі сезімі» болып саналады. Бұл жаңа құрылымды келесіден көрінеді:

1. Оқу іс-әрекетіне, біліміне қатысты жаңа тұлғалық көзқарас қалыптасу. Кіші мектеп оқуға, сабаққа бейімделудің алғы шарты болып, оқушының негізгі міндетін ажырата, шешу болып саналады – ол жеке, топтық оқу іс-әрекетінің субъектісі негізінде болу, яғни оқудың өзін біз үшін маңыздылығын түсіну, ұғыны және қабылдау, жігерлі ынтамен оқуды психологтар саналы түрде тұрақты жүзеге асыруға үйрену керек дейді, сабақтың артықшылықтарын қарастырғанда, алдына мақсат қоя отырып қалыптастыру керек және реттей білу, өз бетімен білім қалыптастыру, алумен шұғылдану және т.с.с. Бұл жағдайда мектепте бастауыш сынып оқушысы үшін жетекші іс-әрекет оқу мотиві танымдық түрткі болады.

2. Мектеп пен педагогтарға, білім берушілерге қатысты жаңа тұлғалық көзқарас қалыптасу. Мектепке деген жаңашыл көзқарас – ең алдымен қарастыратын, мектеп оқушысының жауапты, мақсаты, саналы түрдегі ұстанымы болады, мектеп ішіндегі қарым-қатынас кезеңі субъектісінің ұстанымы болады. Педагогтарға деген қарым-қатынасы негізгі рольдік қатынастан тұлғааралық, тұлғаишілік қатынасқа ауысады. Мектеп оқушысы өзін ыңғайлы, тең дәрежеде ұстай білуі не мән береді және ересектердің пікірін тыңдап құрметпен қарауға үйрену қажет болады.

3. Құрдастарына қарым-қатынасы жаңа тұлғалық көзқарас қалыптастырады. Сыныптың ішкі топтық, бірлескен, өмірі ересектердің ықпалынсыз өз бетімен, дамып, қалыптаса бастайды. Бұл жағдайдағы баланың негізгі міндеті – белгілі әлеуметтік жетілу болады, жаңа әлеуметтік ортада баланың өзіндік орнын табуға көмектесетін тұлғалар өзара қарым-қатынас орнату, құрдастарымен тұрақты эмоционалдық негізде байланыс орнату [6].

Ғалымдардың зерттеулерінен ой түйіндей келе, үлгермеуші оқушылармен жұмыс жасауда, мұғалімнің шыдамдылығы, төзімділігі, мейрімділігі, сабырлығы басты назарда тұрады.

Әдебиеттер:

1. Чирков В.И. Мотивация учебной деятельности.- М.: Академия, 2003.
2. Гальперин П.Я. Психология обучения. - М.:Фолиант, 2006.
3. Ананьев. Б. Г. Избранные психологические труды / Б. Г. Ананьев.- М.: Педагогика, 1980.
4. Славина Л.С. Индивидуальный подход к неуспевающим и недисциплинированным ученикам. М., 1988.

5. Рамазанова А.Е. О некоторых проблемах неуспеваемости школьников. – СПб.: Питер, 2005.
6. Овчорова Р.В. Технологий практического психолога образования.- М. 2000.

БІТІРУШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН КОЛЛАБОРАТИВТІ ОРТА ҚҰРУ ЖӘНЕ КОМПРЕССИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

МАХАНОВА Ж.Ж.

оқытушы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

СЕРІКБАЕВА Қ.Т.

оқытушы

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

АННОТАЦИЯ. В статье описаны некоторые базовые принципы, лежащие в основе организации обучения студентов выпускных курсов в контексте образовательной парадигмы необходимости непрерывного обучения, психологические особенности организации коллаборативной среды и ее основные цели. Также рассмотрена технология компрессионного обучения, которая является важным элементом экономии времени учителя. Определены различные методы, направленные на быстрое усвоение информации на основе компрессионного обучения.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Студенты выпускных курсов, коллаборативная среда, сотрудничество, технология компрессионного обучения, парадигма, субъект-субъектное общение

ABSTRACT. The article describes some of the basic principles underlying the organization of training for graduate students in the context of the educational paradigm of the need for lifelong learning, the psychological characteristics of the organization of the collaborative environment and its main goals. The technology of compressive teaching is also considered, which is an important element of saving the teacher's time. Various methods aimed at rapid assimilation of information based on compression training have been identified.

KEYWORDS: Graduate students, collaborative environment, collaboration, compressive learning technology, paradigm, subject-subject communication

Қазіргі әлемде өмір бойы білім алу қажеттілігі білім беру парадигмасын өзгертудің өзектілігін күшейтті. Қазіргі білім беру жүйесі дәстүрлі «объект-объект» моделінен бас тартуға мәжбүр. А.А.Вербицкий дәстүрлі және жаңа парадигманың айырмашылықтарын талдап, оларды келесі іргелі ұғымдардың өзгеруіне байланысты көрсетеді.

Классикалық парадигма:

1. Тәрбиенің негізгі миссиясы: жас ұрпақты өмірге және еңбекке дайындау
2. Адам - қарапайым жүйе
3. Білім – өткенде алған білімнен («есте сақтау мектебі»)
4. Білім - білім алушының белгілі білім, білік, дағды үлгілерін беру («үлгі көрсету»)
5. Оқушы, студент - педагогикалық ықпал ету объектісі, білім алушы
6. Субъект - мұғалім мен оқушының арасындағы объектілік, монологиялық қатынас
7. Білім алушының жауап берушілік, репродуктивті іс-әрекеті

Жаңа парадигма:

1. Білім берудің негізгі миссиясы: адамның кез-келген жаста өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі тануы үшін жағдай жасау
2. Адам - өте күрделі жүйе
3. Білім - болашақтан алынады («ойлау мектебі»)

4. Білім дегеніміз – адамның өзін интеллектуалды, объективті, әлеуметтік және рухани мәдениет әлеміне белсенді енгізу арқылы әлем бейнесін жасауы

5. Білім алушы - танымдық іс-әрекеттің субъектісі

6. Субъект - мұғалім мен оқушының субъективті, диалогтық қарым-қатынасы

7. Оқушының белсенді, бастамашы, шығармашылық іс-әрекеті [1;45]

Қазіргі заманғы жаңа парадигма оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады, олар үшін оқу процесінде белсенді позиция ұстану, оқу процесінің объектісі емес, субъектісі болу, ең бастысы, бірден іс жүзінде қолдануға, тәжірибеге енгізуге болатын қажетті білімді игеру маңызды. қолдану. Бітіруші курс студенттерінің оқу процесінде ескермеуге болмайтын бірқатар психологиялық ерекшеліктері бар. Оларда азды-көпті өмірлік және кәсіби тәжірибе бар, бұл оқу материалын қабылдаудың сыни дәрежесін жоғарылатады. Олар саналы түрде оқу үдерісіне түрде қатысады, өйткені көп жағдайда оқыту олар үшін маңызды мәселені шеше отырып, нақты мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Осыған орай бітіруші курс студенттері үшін оқытуды ұйымдастырудың негізінде жатқан кейбір қағидаларды атап өтуге болады. Ең маңызды принциптерге мыналар жатады:

- оқудың көзі ретінде оқушының өмірлік тәжірибесіне сүйену;

- оқушылардың өз оқуын өз бетімен жүзеге асыруы;

- рефлексивтілік принципі (оқушының оқу процесінің барлық параметрлерін түсінуі және оны ұйымдастыру әрекеттері);

- оқу тобының мүшелерін де, оқытушыны да қамтитын бірлескен іс-шаралар;

- оқушының алған білім, білік, дағдысын, құзыреттіліктерін іс жүзінде жедел қолдануды көздейтін оқыту нәтижелерінің өзектілігі [2; 273].

Біз өз мақаламызда бітіруші курс студенттеріне коллаборативті оқытуды ұйымдастырудың психологиялық сипаттамаларын анықтау болды. Көбінесе бұл студенттерді «оқыту және дамытуды» мақсат етеді. Оқыту мен дамыту синоним ұғымдар емес. Шынында да бітіруші курс студенттері үшін арнайы білім мен кәсіби дағдылар ғана емес, сонымен қатар олардың іс-әрекеттерінің табыстылығына ықпал ететін белгілі бір жеке қасиеттердің болуы маңызды. Олар: өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктері саласындағы ішкі қатынас; жетістікке жету үшін мотивацияның орташа жоғары деңгейі; басқа адамдардың эмоцияларын тану, олардың эмоциялары мен өзіндік мотивацияларын басқару қабілеті [3].

Демек, коллаборативті ортада оның негізгі мақсаттары мыналар болуы мүмкін:

1. Бітіруші курс студенттерінің жоғары тиімді жұмысына ықпал ететін психологиялық қасиеттерін дамыту, дамыту және жетілдіру.

2. Кәсіби міндеттерді орындаумен байланысты әр түрлі стресстік факторлардың әсеріне психологиялық қарсылықты арттыру.

Әдебиеттерге жүргізілген талдау көрсеткендей, коллаборативті орта бітіруші курс студенттерінің кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту мен жетілдіруге байланысты келесі міндеттерді шеше алады:

- табысты қызмет үшін қажетті кәсіби маңызды сапаларды дамыту;

- кәсіби міндеттерді орындауға психологиялық дайындықты қалыптастыру;

- басқа адамдармен психологиялық байланыс орнату қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

- қиын, стрессті жағдайларда және экстремалды жағдайларда әсер етудің психологиялық әдістерін қолдану дағдыларын жетілдіру;

- психологиялық тұрақтылықты, эмоционалды-ерік қасиеттерін, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту және психологиялық стресстің жоғарылауына қарсы тұру [4;12].

«Адам-адам» тобына жататын мамандықтар үшін кәсіби білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту қажет. Атап айтқанда, біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, бітіруші курс студенттері белгілі бір жеке сипаттамалар жиынтығымен сипатталады, бұл өз кезегінде мүмкіндік береді дағдыларға қажет дағдыларды игеру. «Оқыту және дамыту» жағдайында, коллаборативті орта құрудың психологиялық

аспектілерін зерттеу қазіргі заманғы психология ғылымының перспективалық бағыты болып табылады.

Әр адам жетістікке жетуге мүдделі және сол жетістіктерді басқаның мойындағанын қажет етеді. Бұл қажеттіліктердің екеуі де адамның қадір-қасиетіне, құрметке және өзін-өзі бағалауға байланысты және жоғары қажеттіліктер ұғымымен байланысты. Адам компонентінің бұл аспектілері бітіруші курс студенттері үшін де маңызды және ол коллаборативті оқыту процесінде жүзеге асырылады. Топтағы ұжымдық жұмыс нәтижесінде студенттер өзара пікір алмасады, бірнеше, кейде әртүрлі көзқарастармен танысады және ортақ іс-әрекет үшін жауап беруге үйренеді.

Коллаборативті оқыту (ынтымақтастықта оқыту) - ынтымақтастық философиясы. Коллаборативті ортада жұмыс жасау кезінде тек білім беру мақсаттары шешіліп қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастыру, оқушының эмоционалдық аясын байыту жүзеге асады. Мұндай дайындық студенттердің өзара тығыз қарым-қатынасын, топ мүшелері арасындағы жауапкершілік пен міндеттерді бөлуді көздейді және алға қойылған мақсатқа ең жақсы, тиімді жолмен жетуге бағытталған. Білім алушы өзінің жетістігі туралы ғана емес, топ мүшелерінің жетістіктеріне қуанады, қиындықтар туындаған кезде оларға жанашырлық танытып, шешу көздерін іздестіреді.

Сонымен қатар ынтымақтастық бірлескен іс-әрекеттің барлық негізгі ерекшеліктерін қамтиды. Бұл бірыңғай мақсаттың болуы, бірлескен іс-шараларға қатысушыларды бірлесіп жұмыс істеуге шақыру, жекелеген әрекеттерді біртұтас тұтастыққа біріктіру, біртұтас қызмет процесін өзара байланысты операцияларға бөлу және оларды қатысушылар арасында бөлу, жеке әрекеттерді үйлестіру және оларды басқару, жалғыз түпкілікті нәтижеге ие болу.

Ынтымақтастықтың педагогикалық маңыздылығын іс-әрекет пен тұлғаның дамуы арасындағы қатынастардың психологиялық заңы негізінде түсінуге болады [5]. Өзара әрекеттесу – білім алушының өзін-өзі дамуын және өзін-өзі белсендірудің негізгі тәсілдерінің бірі. Бірлескен іс-шараларда қатысушылардың (серіктестердің) қабілеттері мен мүмкіндіктері толығымен жүзеге асырылады. Бір-бірін толықтыра отырып, олар дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығады.

Сенім - бұл коллаборативті ортаның түпқазығы. Сабақта сенімді орта құру - бұл сабақтың сәттілігінің үлкен пайызы. Коллаборативті орта студенттердің интеллектуалдық әлеуетін ашуға ықпал етеді, алайда педагог әр студентке, оның интеллектуалды және физиологиялық ерекшеліктеріне назар аударуы керек.

Алайда педагог оқыту үдерісінде коллаборативті орта құруды барлық уақытта, ұдайы қолдана алмайды. Оның басты себебі педагог үшін уақыттың жетіспеушілігі болып табылады. Ғалымдар мен практик педагогтар көбінесе оқыту процесінде ойындар мен релаксациялық жаттығуларға уақытты ысыраптаудың қажеті жоқ, осы құнды уақытта көптеген пайдалы ақпарат беруге болады деген пікірді ұстанады. Бұл әрине, әр білім алушының өзіндік биологиялық әлеуеттік қабілеттері бар екендігін ескеру қажеттігін білдіреді. Барлық педагог берілген ақпараттың есте сақталмайтынын жақсы біледі. Бірақ, соған қарамастан, уақытты үнемдеу үшін ол қысқа мерзімде мүмкіндігінше көбірек ақпарат беруге тырысады. Бұндай жағдайда компрессивті оқыту технологиясы көмекке келеді.

Енді компрессивті оқыту технологиясын қарастырайық. «Компрессивті оқыту дегеніміз - бұл белгілі бір уақыт аралығында материалдың едәуір көлемін игеруге мүмкіндік беретін және есте сақтау, назар аудару, жылдам оқу техникасы, мәтінді талдай білу, ұғымдардың өзара байланысын орнату, жаңа семантикалық ақпараттар мен материалдарды бөліп көрсету, оқу жүйелерін, техникалық және ақпараттық оқу құралдарын шебер пайдалану сынды бағыттарды кешенді қолдануды қамтитын технология». Бұл технологияның негізгі элементтері: мотивация, психикалық типтегі жеке оқу-танымдық қызметті қамтамасыз ету, өзін-өзі бақылау және ынтымақтастық, көмек пен бақылау [3].

Компрессивті оқытудың негізінде ақпаратты жылдам игеруге бағытталған әртүрлі әдістерден басқа (жылдам оқу әдістері, жаттау әдістері - мысалы, Эббингауз техникасы, зейінді дамыту әдістері және т.б.) есептерді шығарудың арнайы алгоритмдері бар, олар:

1. Тапсырманың шарттарын тез арада оқу.
2. Тапсырмадағы мағыналық бірліктерді, түсініктерді және қатынастарды бөлу.
3. Тапсырма мәтінін талдау, кездескен ұғымдарды зерттелген және зерттелмеген деп бөлу.
4. Олардың арасындағы қатынастарды орнату.
5. Жаңа ұғымдарды қабылдау үшін қажетті бұрын үйренген түсініктерді қайталау.
6. Зерттелетін ұғымдар арасындағы қатынастарды анықтау, олардың иерархиясын құру.
7. Зерттелген ұғымдардың маңыздылығының болжамды тақырыбын бағалау.
8. Нәтижені талдау.

Мотивация сатысына жету, әрі қарай бақылау және кейінгі рефлексиясы жүзеге асыру үшін алдын-ала диагностика кезеңін жүргізу қажет. Осы кезеңнен кейін ол талданып, оқушылардың жалпы деңгейі, материалды зерттеудегі олқылықтар анықталып, оларды жою жолдары көрсетіледі. Содан кейін олар мотивация кезеңіне өтеді. Әр білім алушының қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқытудың маңызды мотивтері анықталады. Одан әрі оқу процесінің өзі үнемі сатылы бақылаумен жүзеге асырылады, өйткені бақылаудың жеткіліксіздігі материалды зерделеу уақытының ұлғаюына әкеледі, бұл жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда мүмкін емес, өйткені белгілі бір сағат саны әрбір нақты тақырыпты зерттеуге бөлінеді.

Нәтижесінде тақырып игерілмей қалады, бұл жағдай курстың қалған тақырыптарын меңгеруге теріс әсер етеді. Сондықтан осы тұжырымдаманы жүзеге асыруда модульдік оқыту теориясына маңызды рөл жүктелген. Шындығында, бүкіл курсты зерттеу нақты модульдерге (тақырыптарға) бөлінеді және әрқайсысына бақылаудың белгілі бір формалары қарастырылған. Алайда, компрессионды оқыту технологиясының басты ерекшеліктерінің бірі - жылдам оқудың арнайы әдістерін қолдану, зейін мен есте сақтауды дамыту, материалды жақсы игеру үшін ақыл-ой әрекетін белсендіру. Мұндай әдістерді қолдану оқытудың барлық кезеңдерінде көрініс табуы керек.

Атап айтқанда, білімді бағалау мен бақылау кезеңіне ерекше назар аудару керек. Есте сақтау заңдылықтарын зерттегенде, ұзақ мерзімді жадыдағы ақпаратты сақтау мен ұмытудың белгілі бір тенденциясын бөліп көрсетуге болады (Эббингауз әдісі). Сондықтан бақылау кезеңі белгілі бір орынды ғана алып қоймауы керек, сонымен қатар ұмытылып қалмау үшін зерттелген тақырыпқа ғана емес, алдыңғы тақырыптарға да назар аудару керек. Бұған ағымдағы модульде алдыңғы модульдерден алынған тапсырмаларды қолдану арқылы ғана емес, сонымен қатар сараланған жүйелік тапсырмаларды таңдау арқылы қол жеткізуге болады, бұл кезде оқылған тақырып бойынша білімді ғана емес, алдыңғыларынан да пайдалану қажет.

Осылайша, компрессионды оқыту технологиясын қолдану қысқа уақыт ішінде білім беру бағдарламасының тиімділігін жоғалтпай, білім беру бағдарламасын тиімді түрде жүзеге асыруға және зейінді, есте сақтауды және ойлауды дамыту әдістерін бір уақытта қолдану бітіруші курс студенттеріне олардың негіздерін оқыту уақытын қысқарту және тиімділікті белгілі бір пән шеңберінде ғана емес, сонымен бірге бүкіл циклда арттыруға мүмкіндік береді

Әдебиеттер:

1. Вербицкий А.А. Новая образовательная парадигма и контекстное обучение. Монография. — М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2009. — 75 с.
2. Керімбаева Д. Коллаборативті ортаның оқыту үрдісінде тиімді ықпалы / Д. Керімбаева // Жантану мәселелері=Вопросы психологии. - 2016. - №4. - С. 4-8 б. Бектурова З.К. Формирование коллаборативной среды обучения как фактор реализации обновленных программ // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 11-2. – С. 271-272
3. Добрица В.П., Садыкова А.Ж. К вопросу о необходимости компрессионных методов обучения // Качество школьного образования: состояние, тенденции и перспективы. Материалы международной научно -практической конференции (18-19 мая 2000г.), ч. 2, МОН РК, КОА им. Алтынсарина, ИОО. Алматы, 2000. С. 34-36.

4. Шкурина В.А. Методические основы организации компрессивного обучения в курсе алгебры и начал математического анализа в 10-11 классах / Выпускная квалификационная работа. Курск, 2018.

5. Берикханова А.Е. Создание коллаборативной учебной среды как средство формирования успешности личности будущего учителя// Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая7 - Серия «Педагогические науки» №2(54)7 – с.110

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА СПЕЦИАЛИСТА В ПРОЦЕССЕ ПОДБОРА ПЕРСОНАЛА

МЕРЯНОВА Н.С.

*Магистрант 2-го курса специальности 7М03102 – «Психология»
Казахского национального женского педагогического университета*

ТҮЙІН: Әлеуметтік психологиялық бағалау қазіргі кезде ұйымдардағы кадрларды іріктеудің ажырамас бөлігі болды. Персоналды бағалау көптеген HR іс-әрекеттерінің негізін құрайды. Сонымен қатар бағалау практикасының өзі күрделі мәселе, оны шешуге әртүрлі мамандар, соның ішінде психологтар қатысуы керек.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: таңдау, психологиялық бағалау, психологиялық техника

ABSTRACT. Socio-psychological assessment has now become an integral part of the selection of personnel in organizations. Personnel assessment is at the core of many HR activities. At the same time, the assessment practice itself is a complex problem, in the solution of which various specialists, including psychologists, should take part.

KEYWORDS: selection, psychological assessment, psychological technique

Эффективность системы подбора персонала, ее последующей мотивации и выявление неформальных лидеров в коллективе требует грамотного применения психологических методик. Валидность подобранных методик и методов оценки специалистов напрямую связаны с непосредственным наблюдением за их самооценкой, уровнем интеллекта и стрессоустойчивости. Чаще всего наблюдается составление психологического портрета соискателя с использованием широко известных методов. Применение данного метода способствует более эффективному прогнозу мотивационного поведения в рамках конкретной должности.

Говоря о компетенции личности, мы выделяем подход В.Д. Шадрикова[1]. По его мнению, понятие «компетенция», является системой знаний, умений и навыков личности и ее индивидуальных качеств. Сочетание и проявление этих компонентов проявляется в деятельности. Сама компетенция формируется в процессе реализации перечисленных выше компонентов, создавая определенные условия. Следовательно, при подборе персонала следует изучить личностные качества сотрудника, как условия развития и развития нужных компетенций в будущем.

Так, А.К. Маркова [2], в своих работах выделяет 4 вида профессиональной компетенции:

- 1) Специальные компетенции;
- 2) Социальные компетенции;
- 3) Личностные компетенции;
- 4) Индивидуальные компетенции.

Определяя виды компетенций и условий их формирования (компонентов), следующим этапом в подборе персонала мы видим методическую работу над составлением психологического портрета сотрудника.

Нежелательным является подход с использованием большого спектра психодиагностических методик, якобы облегчающий работу подбора нужных специалистов,

определяя их соответствие к труду, в силу эффективности принципов надежности и практичности.

По причине отсутствия единства системы оценивания, в современной психологической науке, оценка персонала не относится к категории важных. Заслуживают внимания работы К.Р. Червинской, описавшей концепцию извлечения экспертных знаний.

Методы оценки персонала в организации должны выбираться исходя из поставленных целей и задач. Только тогда можно говорить об объективной оценке, при подборе персонала. Эффективность данного процесса может быть пригодна для оптимизации структуры организации или компании.

Эффективным методом мы считаем – комплексную оценку личности, которая подразумевает реализацию проверки сотрудника с позиции изучения его личностных качеств, наряду с профессиональными способностями. Они позволяют также выявить перспективы и возможности в развитии каждого сотрудника. Психологические методы оценки дают нам точность в оценивании. Наиболее подходящими они выступают для оценки лидерских качеств и психологического портрета будущих сотрудников. По результатам проведенного мониторинга сайтов компаний, при проведении психологической оценки зачастую применяется тестирование и интервью, метод самопрезентации чаще покрывает отправка резюме работодателю.

Социально-психологическая оценка специалистов при подборе персонала, несет в себе коллективный опыт. Это значит, что личностные качества соискателей, в большинстве случаев оцениваются весьма субъективно.

Таким образом, чтобы получить достоверную психологическую оценку личности специалиста, важно учитывать аспекты развития личностных качеств, прямо связанные с профессиональной квалификацией. Этот процесс требует составления наиболее точной характеристики человека.

Современные методики оценки и аттестации персонала представляют совокупность наиболее объективных и эффективных традиционных методов. Большое распространение получили ассессмент-центры, которые представляют центры оценивания персонала, результатов деятельности. Работа в них построена на моделировании ситуаций, в которых сотрудник способен проявить свои сильные стороны на рабочем месте как в плане личностных качеств, так и в плане профессиональных навыков.

Такие упражнения обычно включают:

- аналитические презентации;
- письменные деловые упражнения;
- групповые дискуссии;
- личностные опросники;
- ролевые игры.

Подбирая современные методики оценки персонала важно учитывать наиболее перспективные области развития сотрудника, позволяют всесторонне оценить необходимые личностные данные для выполнения должностных обязанностей. Зачастую подобные методики представляют собой автоматизированные и компьютеризированные классические методики оценивания деловых качеств, значительно упрощающие взаимодействие между оцениваемыми сотрудниками и экспертами.

Соблюдение вышеперечисленных условий создает необходимую базу для успешного систематизирования процесса оценивания специалистов при подборе персонала. Необходимым условием подбора персонала должно служить его практичность, валидность подобранных методик, экономия времени и сил. Так, вопросам психологических показателей эффективности профессиональной деятельности уделялось большое внимание в трудах отечественных и зарубежных исследователей таких, как А. К. Макаровой, В. А. Бодрова, Н. И. Кабушкина, К. С. Фищенко, В. Л. Марищука, А. А. Деркача, Д. К. МакКлелланда.

В свою очередь, исходя из вышесказанного, значимостью проведенного теоретического исследования выступает рекомендация ряда конкретных методик (таблице 1).

Таблица 1. Методики психологической диагностики личностных качеств и профессиональных способностей специалистов при подборе персонала

Методика	Факторы исследования
Опросник Кеттела (16-PF)	Опросник позволяет диагностировать особенности интеллектуальных способностей, характера, склонностей и интересов личности, нормативность поведения, уровень самоконтроля и другие особенности человека.
Характерологический опросник Леонгарда	Диагностируются следующие типы акцентуации личности: демонстративный, застревающий, педантичный, возбудимый, гипертимный, дистимический, тревожно-боязливый, аффективно-экзальтированный, эмотивный, циклотимный.
Методика самооценки личности (Будасси)	Определение уровня самооценки (завышенная, заниженная или норма).
Личностный опросник Айзенка	Диагностика личностных параметров, нейротизма и экстраверсии-интроверсии.
Тест Рокича «Ценностные ориентации»	Методика основана на прямом ранжировании списка ценностей.
Тест Гилфорда	Измеряет социальный интеллект, который является профессионально важным качеством и позволяет прогнозировать успешность деятельности педагогов, психологов, психотерапевтов, журналистов, менеджеров, юристов, следователей, врачей, политиков, бизнесменов.

В настоящее время существует достаточно широкий выбор психологических методических инструментов для проведения оценки эффективности деятельности персонала организации. Система оценки результатов деятельности работников должна быть ориентирована на учет особенностей труда на каждом рабочем месте по наиболее существенным параметрам, включающая стандарты и критерии оценки результативности, которые для каждой организации могут быть свои, а процедура психологической оценки эффективности деятельности персонала, прежде всего, должна быть ориентирована на будущее всех сотрудников и организации в целом.

Литература:

1. Шадриков В. Д. Личностные качества педагога как составляющие профессиональной компетентности // Вестник Ярославского государственного университета им. П. Г. Демидова. Серия: Психология. 2006. № 1. С. 15–16.

2. Маркова А.К. Психология профессионализма. Издательство:Международный гуманитарный фонд "Знание", 1996 г.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТ МОДЕЛІ

НАДЫРБЕКОВА Э.А.

«Туран» университеті «Психология» кафедрасының аға оқытушысы

АХМЕТЖАНОВА М.Б.

«Туран» университеті «Психология» кафедрасының аға оқытушысы

АННОТАЦИЯ. Основное содержание психологической службы – помощь в обеспечении развития здоровой личности, коррекция разного рода затруднений в развитии личности, проблемы профессиональной ориентации. Цель нашей статьи формирование знаний, связанных с процессом становления и развития психологической службы образования в нашей стране.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: профессия, профессиональная деятельность, психологическая служба в образовании, психологическое здоровье.

ABSTRACT. The main content of the psychological service is assistance in ensuring the development of a healthy personality, correction of various kinds of difficulties in the development of personality, problems of professional orientation. The purpose of our article is the formation of knowledge related to the process of formation and development of the psychological education service in our country.

KEYWORDS: profession, professional activity, psychological service in education, psychological health.

Тақырыбымыз түсінікті болу үшін алдымен кәсіби іс-әрекет ұғымына анықтама беріп өтейік. Кәсіби іс-әрекет дегеніміз арнайы білімдерді, ептілік пен дағдыларды, сонымен қатар тұлғаның кәсіби негізделген қасиеттерін талап ететін әлеуметтік мәнді іс-әрекет болып табылады. Ал кәсіп болса ол адамның физикалық және рухани күш-жігерін салып қызмет етіп, оның есесіне өмір сүру мен дамуы үшін қажетті әдіс-тәсілдерді игеруіне мүмкіндік беретін әлеуметтік құнды саланың бірі. Белгілі бір кәсіби іс-әрекетті меңгере отырып тұлға өз саласының маманы ретіндегі қалыптасады. Осы орайда К.М. Гуревич кәсіптің 3 түрін бөледі: 1) әрбір дені сау адамның қоғамдық мақұлданған іс-әрекетті тиімді меңгеруі; 2) кез-келген адам жетістікке жете алмайды; 3) шеберліктің ең жоғарғы сатысына жетуді қажет ететін кәсіп түрі.

Кәсіптің осы үшінші түрі адамның даралық ерекшеліктеріне байланысты арнайы талаптарды қояды. Оған білім беру саласындағы практик-психологтың кәсібін жатқызуымызға болады. Психологтың кәсіби іс-әрекетінің басты құралы сол тұлғаның өзі деп айтуымызға толық негіз бар. Сол себепті де осы кәсіпке маман таңдауда адамның ішкі жан-дүниесімен жұмыс жасау маңызды рөл атқарады. Адам кәсіби талаптар мен өзінің ішкі ресурстарын саралап, екеуінің сәйкестігін сезініп, мүмкін болатын немесе мүмкін болмайтын тұстарын түзетуі керек. Психологтың қоғамдағы рөлін аша отырып, Е.А. Климов негізгі бағыттарды анықтады:

- жеке адамдарға, топтарға, ұжымға, жалпы қоғамға бала тәрбиесі, жалпы және кәсіби білім беруді жетілдіру, еңбекті және еңбек ұжымындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру, психикалық денсаулықты сақтау, жақсарту және қалпына келтіру жөнінде және өзге де көптеген ақпараттарды жеткізу. Мұнда адамның іс-әрекеті қаншалықты жан-жақты болса, психологиялық ақпаратты пайдалану саласы да соншалықты әртүрлі болып келетінін білеміз.

- халықтың психологиялық сауаттылығы мен психологиялық мәдениетін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу. Бұл қызметті жүзеге асыру – психологтың қоғамда

мойындалуына қажетті жағдайды туғызады, сәйкесінше психологиялық ақпаратты пайдалану тәжірибесі әлі қалыптаспаған адамдарға психологиялық көмек көрсету қажеттілігі пайда болады.

Білім беру саласындағы психологиялық көмектің келесі салаларын бөлуімізге болады:

- балалардың психологиялық және рухани дамуы;
- жасөспірімдердің экзистенциалды және тұлғалық мәселелері;
- отбасындағы бала-ата-ана мәселесі;
- психикалық және соматикалық ауру кезіндегі көмек;
- балалар қасіретінің психотерапиясы;
- балалар мен жасөспірімдерге дағдарыс және қиын жағдайларда көмек көрстеу;
- мектептегі кеңес беру;
- кәсіби кеңес беру.

Ары қарай психологтың педагогикалық ұжымға бейімделу мәселесіне қысқаша тоқталып өтейік. Мектеп психологы жаңа кәсіптің өкілі болып табылады. Осыған байланысты зерттеушілер оның білім беру мекемесіне кәсіби бейімделуіндегі белгілі бір қиындықтардың болатынын айтады және оның тізімін бөліп көрсетеді (О.А.Мальцева):

- білім беру субъектілері арасындағы кәсіби келісім деңгейінің жеткіліксіздігі;
- ұзаққа созылған психологиялық қызметтің қалыптасу үрдісі;
- мектептегі психологиялық қызметтің пайда болуымен байланысты әлеуметтік күтулер мен оның шынайы тәжірибедегі болмысы арасындағы айырмашылық;
- психологиялық көмек қажеттілігінің төменгі деңгейі;
- мектепте психолог пен тапсырыс берушінің, клиент пен психологтың тұлғалық бейнесінің арасындағы қарама-қайшылықтар;
- психологтың өзін ұсыну мен өзін көрсетуге дайындығының болмауы. Жалпы психологиялық әдебиеттерде кәсіби бейімделуді индивидтің кәсіби ортаға ену үрдісі және жинақталған кәсіби білімдерін белсенді түрде іске асыру үрдісі ретінде түсіну кең тараған.

Педагогтардың психолог тұлғасы мен оның іс-әрекетіне деген келесі қалыпты емес талап-күтулері анықталды:

- психологтың кез-келген сауалға лезде жауап қайтаруы;
- клиенттің енжарлығы мен психологтың белсенділігі;
- психологтың тарапынан клиентті эмоционалды және адамгершілік тұрғыдан қолдау;
- психологтың құрбандыққа баруы, риясыздық, кісілік қасиеттері;
- психологтың тапсырыс бойынша «қиын» педагогтармен және қатысушылармен күреске көмектесуі;
- психологты барлық оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің ғылыми жетекшісі ретінде, мектептегі педагогикалық жүйенің идеологы ретінде көру тілектері;
- психологты оқушыларды мектепке келуге және білім алуға мотивацияландыратын ерекше тәрбиеші ретінде көруге тырысу;
- психологқа диагноз қоюмен айналысатын маман ретінде қарау [1].

Осы жоғарыда аталған жағдайлар жалпы қазіргі білім беру саласындағы психологтан күтілетін талаптардың жиынтығын көрсетеді.

Жалпы білім беру саласында психологқа деген жағымсыз қатынас та жиі кездесіп жатады, ол неден пайда болады деген сұраққа жауап беруге тырысып көрейік. Ол ең алдымен педагогтардың психологты бөтен, құпияға толы, түсініксіз, тәуелсіз, үнемі өзгеріп отыратын адам ретінде қабылдауынан пайда болады. Бұл психологтың сол ортаға жылдам енуіне, яғни бейімделуіне кері әсерін тигізеді. Ал ол туралы жағымды көзқарас психологты жақсы психологиялық ахуалды қалыптастырушы құрал ретінде, ақкөңіл сиқыршы, білімді және ғажайыпты тудыратын қабілетке ие деп санаудан қалыптасады. Мұндай жағдайда одан жанкештілік, тәуекелге бел буу, мәрттік күтіледі.

Мақаламызда келесі қарастыратын мәселе заманауи мектептерге қандай психолог керек деген сұрақ төңірегінде болмақ. Оларды төменде атап өтейік:

1. Психологтың жалпы ақыл-ой қабілеті жоғары, көреген, парасатты, еркін ойлайтын, мейлінше талдаушы әрі логик болуы қажет.

2. Ол адамдармен жұмыс жасайтын болғандықтан қарым-қатынасшыл, байланысқа жылдам түсетін, ақкөңіл, адамдардың есімін жылдам есте сақтап қалатын, қарым-қатынаста сүйкімді әрі тиянақты болу керек.

3. Ол эмоционалды тұрақты, ұстамды, сабырлы, практикалық сұрақтарды жылдам шешетін, эксперимент жасаудан қорықпайтын болуы керек. Осылай психолог тұлғасына қойылатын талаптарда мына төртеуі басым болып келеді: интеллектуалдылық, әлеуметтілік, эмоционалды тұрақтылық және тәжірибелік. Білім беру саласындағы психологтың іс-әрекет мазмұнын көп жағдайда оның кәсіби дәрежесі анықтайды. Мұнда психологтың кәсіби қалыптасуына біршама жағдай туғызатыны ол маманның практик психологтың жұмысымен айналысуы, өзін-өзі тану сабағын жүргізуі, мамандық таңдауға көмектесуі т.б. Психолог ретінде ол педагогикалық үрдісті сыртынан көре алады. Ал керісінше, әдістемелік дайындықтың болмауы, өмірлік, педагогикалық және кәсіби тәжірибенің жоқтығы, мектеп өміріндегі мәселелерге бағдар жасай алмауы психологтың мектеп ұжымына бейімделуін қиындатады.

Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекет моделі. Білім беру саласындағы психолог еңбегін талдай отырып, психолог үшін үлкен мәнге ие болатын үш базалық категорияны бөлуімізге болады: бұл – іс-әрекет, қарым-қатынас және тұлға.

Білім беру саласындағы практикалық психологтың кәсіби іс-әрекеті – бұл психолог жұмысының технологиясы; тұлғааралық өзара әрекеті, яғни осы еңбектің ахуалы мен атмосферасы; психолог тұлғасы, мұнда әрине құндылық бағдарлары, тұлғалық мағынасы, қарым-қатынасы мен ерекшеліктері.

Кез-келген кәсіби іс-әрекет – ол белгілі бір кезеңдерден өтетін кәсіби үрдіс болып табылады. Ол өзара байланысқан әрекеттерден тұрады. Кәсіби іс-әрекет құрылымында үш негізгі компонентті бөлуімізге болады: мотивациялық-бағдарланған бөлім (жағдайды бағдарлау, мақсат пен міндетті қою, мотивтердің пайда болуы); орындаушы бөлім (іске асыру); бақылаушы-бағалаушы бөлім (нәтиже). Бірінші кезеңде психолог психологиялық мақсат пен міндетті қалыптастырады (іс-әрекеттің кез-келген түрінде), ал екінші кезеңде оны жүзеге асыруға қажетті әлеуметтік-психологиялық тәсілдерді таңдайды, үшінші кезеңде өз әрекеттерін талдап, бағалайды. Дегенмен, кәсіби іс-әрекеттің тиімділігі оның барлық компоненттерінің жүзеге асуымен анықталады.

Кәсіби іс-әрекеттің әрбір кезеңінде психолог белгілі бір қызметтерді атқарады: диагностикалық қызмет, жоспарлау, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, қалыптастырушы, талдау жасау, бағалау, түзету және жетілдіру. Осындай кең көлемдегі қызметті орындау үшін психологқа жан-жақты білім қажет.

Психологтың кәсіби білімі – жалпы, әлеуметтік, тұлға, психодиагностика, жасерекшелік, педагогикалық және практикалық психологияның, өзге де жалпы кәсіби және арнайы пәндердің мәліметтерінен жинақталады. Көпжылдық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, психолог іс-әрекетінің жетістігі коммуникативтік ептіліктердің қалыптасуымен, өзге адамдардың мінез-құлқына әсер ете алу ерекшелігімен анықталады [2].

Осы орайда психологтың кәсіби іс-әрекетінің жүзеге асуының үш деңгейін бөлуімізге болады: 1) өзгенің үлгісін көшіру; 2) жағдайды ескерместен әрекетті өзіндік түсінігі бойынша іске асыру; 3) іс-әрекетті шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыру.

Психологтың кәсіби іс-әрекетін белгілі бір іс-әрекет үлгісі ретінде ұсынуымызға болады. Бұл дегеніміз түрлі нысандарға бағытталған өзара байланысты іс-әрекеттер кешені, оны жүзеге асыру үшін белгілі бір кәсіби білім, ептіліктер, дағдылар, сонымен қатар кәсіби маңызды сапалар қажет. Оларға қысқаша тоқталып өтер болсақ: психологтың кәсіби білімі, өзіндік бақылау, кәсіби ақпараттарды іздеу және талдау, өзін жетілдіру, эмоционалды тұрақтылық, өзіне сенімділік, біліктілік, эмпатия және т.б.

Психологтың кәсіби іс-әрекет моделі болашақ мамандарға идеалды бағдар болуы мүмкін. Ол кез-келген маманның даралық іс-әрекет стилін қалыптастыруға жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Т.Н. Банщикова, Ю.П. Ветров, Н.Б. Клушина. Профессиональная деятельность психолога. – М.: Книголюб, 2004. – 352 б.
2. И.В. Макарова, Ю.Г. Крылова. Педагог-психолог. Основы профессиональной деятельности. - М.:Бахрах-М, 2004. – 288 б.

**КПШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ЕРІК САПАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

НАЗАРЫМБЕТ Н.С.

*«Психология» мамандығының 3 курс студенті
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье представлен теоретический анализ формирования волевых качеств младших школьников в зависимости от их гендерных особенностей.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: младшая школа, психика, способности, общение, интерес, сознание, успеваемость, личность.

ABSTRACT. The article presents a theoretical analysis of the formation of volitional qualities of primary school children, depending on their gender characteristics.

KEYWORDS: primary school, psyche, abilities, communication, interest, consciousness, academic performance, personality.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі білім беруде барлық оқу бағдарламаларында гендерлік тәсілдер ұстанымы қарастырылуы керек. Оқушылар арасында ерік сапасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін зерттеу. Тиімді оқыту және білім беру ортасын құру үшін қажет. Бұл фактінің даусыздығына қарамастан, педагогикалық психологияда, тұлға психологиясында, жас және дифференциалды психологияда, аз ғана жұмыстар ерік-жігер мен ерікті реттеудің жалпы проблемаларына арналған (Божович л.и., Выготский Л.С., Гаврилюк Н.П., Давыдов В. В., Дубровина И. В., Иванников В. А., Ильин Е. П., Рубинштейн С. Л., Селиванов В. И., Смирнова Е. О.), бұл ғалымдардың оқушылардың танымдық саласының психологиялық аспектілеріне деген қызығушылығының нәтижесі, "ақ дақ" әлі күнге дейін білім беру технологияларының кіші оқушы тұлғасының ерікті сапасын қалыптастыруға әсері болып табылады.

Мектеп жасына дейін білім берудегі қолданылатын әдістемелік әдебиеттер осы кезге дейін гендерлік ерекшеліктерді, қыз бала мен ер баланың ортаны қабылдау ерекшеліктерін, гендерлік психология сипаттамасын, яғни гендерлік сезімталдық ұстанымын есепке алмай құрастырылуда. Мектеп жасына дейінгі мекемелер үшін әдістемелік және дидактикалық басылымдарда гендерлік сараптама жасау олардағы патриархаттық гендерлік таптаурындарды анықтау үшін жүргізіледі. Қыз бала мен ұл балалардың бойында адамзат өкіліне қатысты екендігін және жыныс қасиеттеріне байланысты өздерінің ерекшеліктерін сезіну қабілеттерін дамыту қажет. Осы аталған жағдай мектеп жасына дейінгі балалардың гендерлік санасын дамыту мен гендерлік тендікке қол жеткізудің алғы шарты болуда. Қазақстанда 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері бойынша кеңес ашылған. 1998 жылы ол ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер мәселесін қарайтын ұлттық комиссия болып қайта құрылды, соған сәйкес кеңестің қызмет аясы кеңейіп, өкілеттілігі артты. Қазіргі таңда бұл ұйым Президент жанындағы Отбасы және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия деп аталады. Ұлттық комиссия Пекин платформасының талаптарын ескере отырып, алғаш рет ҚР әйелдер жағдайын жақсартуға арналған ұлттық бағдарлама дайындады. Ол Үкімет қаулысымен бекітіліп, барлық мемлекеттік органдарға таратылды. Ұлттық бағдарламаның басты негіздерінің бірі (жоспар) әйелдердің саяси өмірге белсенді араласуын қамтамасыз ету

болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ІҮ әйелдер форумында жоспарлаған тапсырмасына байланысты, 2005 жылдың 29 қарашасында бекітілді. Қазақстан Республикасы 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы - мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат болып саналады. Ең алғаш гендер теориясы осыдан отыз жылдан астам бұрын әлеуметтік ғылымдарда пайда болған. Оның ең басты ережелерінің бірі – гендер және жыныс түсініктерінің айырмашылығы. Жыныс – адамның биологиялық, физиологиялық құрылысын білдіреді. Гендер дегеніміз - әйелдер мен еркектердің әлеуметтік рөлдерінің арасындағы айырмашылықты және ортаның адамдардың биологиялық жыныстарының негізінде қойған ұйғарымдардан туған қылықтар мен эмоциональдық мінездемелерінің арасындағы айырмашылықтарды білдіреді. Гендер – адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын негіздейтін жеке тұлғаның базалық сипаттамаларының бірі. Гендердің құрылымы төрт жақты: биологиялық жынысымен, гендерлік стереотипімен, гендерлік нормамен және гендерлік ұқсастығымен толықтырылады. Ер мен әйелдің физиологиялық ерекшеліктері, тән-тұрпатының әр түрлілігі, т.б. биологиялық сипаттамасы болып табылады. Гендер әлеуметтік жағынан қиюласқан, яғни, тұлғаның әлеуметтік қасиетін анықтайды. Гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, ерлер мен әйелдердің тең мүмкіншіліктерін туғызу – жаңа демократиялық Қазақстанның қалыптасуының жарқын көрінісі. Осыған орай гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Зерттеушілердің және оқытушы-тәжірбиелердің көзіне, мектеп жасына дейінгі балалар мен мектептегі кіші жастағылар ерекше көзқарасын тартады. Бұл уақыт мектепке дайындау мен оқытудың бастапқы кезеңге сәйкес келеді. Талабы қойылған мектептің, қаншалықты талабы қыздар мен балалар мүмкіншіліктеріне тепе-тең болатыны, көбінесе мектептің жетістіктерінен ғана емес, өмірде жеке тұлға болуымен байланысты. Қазіргі заманғы педагогика, адамгершілікпен тәрбиелеу мен білім беру жолына тұрып, біздің өмірімізге зорлық-зомбылықсыз, төзімділік, жақсылық пікірлердің келуіне күреседі, осы пікірлермен бірге, жеке бас бақытының қадірі, сәтті жан-ұялық өмір, еркектік және әйелдік шынайы түсінушілігінің келуі маңызды. Балабақшадағы және мектептегі тәрбиелеу жұмысының мәні мен мақсатын анықтайтын негізгі бағдарламалық құжаттар, балалар мен қыздардың жыныс рөлі әлеуметіне қатысты кепілдемелері жоқ. Балалар мен қыздар, жыныссыздыққа ие бола, көбінесе «феминдік» қалыпты тәртібімен келешектегі әлеуметтік рөлдерді орындауға жеткіліксіз дайындықсыз өседі. Кейінгі он жылдықта, жеке көзқараспен қазіргі заманғы қажеттіліктер жеке бастың қалыптасуына, бала жынысының психологиялық өзгешелігінің есебісіз орындалмайтынына көрсетілетін ғылыми жұмыстар пайда болды. Мектепке дейінгі жастан бастап, балаларда – еркектік қасиетін, эмоциялық тұрақтылығын, жүректілігін, батылдығын, жауапкершіліктігін, батырлық қарым-қатынасын, әйел жынысты өкілдерге және қыздарда – алғашқы әйелдік қасиеттердің шығуында – аялау, нәзіктік, қарапайымдылық, шыдамдылық, жанжалдың татулықпен шешілуіне ынталануын қалыптастыру керек. Балалар мен қыздардың психофизиологиялық ерекшеліктерін және қазіргі заманғы ғылыми міндеттерге жауап беретін, ұйымдастыруға гендерлік көзқарас және оқытып-тәрбиелеу қызметін іске асыруын ескеру керек.

Білім беруде гендерлік көзқарастың мақсаты болып:

- 1) жыныс мүшесіне байланысты жеке бас әулетінің даму шексіздігін алып тастау;
- 2) қызығушылық, бағдарлану құндылығы және жыныстарға тән жүргізудің нақты-бір әдістері, қажеттілік үрдістерінің қалыптасуына көмектесу;
- 3) балалардың гендерлік ерекшеліктерін ескеретін оқулық материалдарын берудің әртүрлі әдістері;
- 4) барынша көп өзін-өзі шындау үшін жағдайын туғызу және педагогикалық байланыстыру үрдісі барысында балалар мен қыздардың қабілеттілігін ашу.

«Гендер» атау сөзі, сол өткен жүзжылдықтың 60-шы жылдарында, қоғамның маскулиндік және феминдік, әртүрлі гендерліктің сұрақтармен айналыса бастаған шетел әріптестерінде,

ресейлік зерттеушілерімен байланысты болды. Ғылыми тұрғыға бұл атауды америкалық оқытушы Дж.Скотт енгізді. Гендерлік сөзінің мағынасында, әйел мен еркектің арасындағы өзіне психологиялық, әлеуметтік және мәдениеттік ерекшеліктерін енгізетін және жеке бас әлеуметі үрдісінде қалыптасқан, адам баласының әлеуметтік жынысы түсіндіріледі. «Гендер» және «Жыныс рөлі» атау сөздері талқылама сөздіктерде синонимдік түсініктеме ретінде қолданылады.

Гендерлік көзқарастың ақиқаты адамның жыныс рөлі әлеуметі мәселесімен байланысты. «жыныс рөлі әлеуметінің мәні - балалар мен қыздар, боз балалармен мен бой жеткендер, еркектер пен әйелдер дами отырып және нақты қоғамдық өмір жағдайында өзбетімен өзгеріп, игеріп, сіңген гендерлік рөлдерді және жыныстық өзарабайланыс мәдениетін шығарады», - деп А.В.Мудрик жазды.[1,3]

Балалар өздерінің жыныс ерекшеліктерін біржарым жас шамасы аралығында айыра бастайды, жыныс мүшесін қабылдау ерете алғашқы бірінші жыл өмірінде тани біледі. Кейінірек балақай адамдарды жынысына байланысты тани бастайды, «аға» және «әпке», «бала» және «қыз» деп бөле отырып және өзін нақты-бір жыныс мүшесі ретінде тани біледі. Жыныстық дамуда көптеген нәрселер баланың жекеше ерекшеліктерімен байланысты, балаларды ересек – ата-аналар, балабақшаның тәрбиелеушілері - жыныс рөлі әлеуметі үрдісі және мектеп оқушылары, балабақша мен жанұяда еліктеудің қандай үлгісін табатынын анықтаумен немесе ол өз-өзінен іске асаруымен ынталандырады. Мектеп жасынан бастап еркектік пен әйелдік қасиеттерді тәрбиелеу маңызын В.А.Сухомлинский: «Бірінші сынып және мектепке дейінгі ер балаларды нағыз еркек ретінде тәрбиелеу керектігін» айтып өтті.

Балабақшадағы топтары өзімен бірге, балалар ұйымы әлеуметінің генетикалық ең бастапқы баспалдағын көрсетеді: балаларда басқа балалармен араласу әдеті дамиды, ол бірге жұмыс жасаудың (ойнау) алуан-түрлерін үйренеді, осы жерден бастап құрбы-құрдастарымен алғашқы қарым-қатынастары қалыптасады. Мектеп шағында балалар мен қыздардың (бірге ойнауда, сурет салуда, кітап таңдауда, әндер шығармашылығы тақырыптары, ақиқаттың әртүрлі жақтарына ерекше танып-білу қарым-қатынасында) қызығушылығының ерекшеліктерін көрсету басталады.[2]

- специальная педагогика нуждается в определении эффективных организационно-педагогических условий включения семьи в коррекционную работу, разработке технологий и способов этой деятельности.

Таким образом, диагностика семьи, направленная на изучение запросов и потребностей семьи, воспитывающей ребенка с особыми потребностями, уровня мотивационной готовности к поддержке ребенка должна стать обязательным этапом работы с родителями. Такой подход ориентирован на определение направлений и задач обучения членов семьи, формирования у них навыков, необходимых для развития ребенка, его социализации, оказания

психологической помощи родителям в преодолении трудностей, связанных с освоением новых подходов к взаимодействию с ребенком. Продуктивное сотрудничество специалистов и родителей детей с особыми потребностями следует рассматривать в качестве основного фактора повышения эффективности коррекционной работы.

Литература

1. Белополюская Н.Л. Некоторые вопросы психолого-педагогического консультирования семей, имеющих детей с отклонениями в интеллектуальном развитии// Дефектология, 1984, №6, с.5-7.
2. Власова Т.А., Певзнер М.С. О детях с отклонениями в развитии.- М., 1973.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӨТЕПБЕРГЕНОВА З.Д.

*педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

ҚАСЫМБЕКОВА М.Д.

*Болашақ университеті
Қызылорда қаласы*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается, как моральное поведение родителей влияет на ребенка, решая отдельные вопросы повседневной системы образования, важно помнить о его конечной цели на будущее. Напоминает о возрасте и психологии школьников.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: семья, семейное воспитание, стиль воспитания

ABSTRACT. The article examines how the moral behavior of parents influences the child, solving certain issues of the everyday education system, it is important to remember his ultimate goal for the future. Reminds of the age and psychology of schoolchildren.

KEYWORD: family, family education, parenting style.

Менің білім беру саласында біраз тәжірибеме байланысты біздің жастарымыздың тәрбиесі жөнінде көптеген дәрістер оқып, ата-аналар университетері мен жиналыстарында бірнеше әңгіме өткізуге тура келді.

Көптеген жас ата-аналар, мұғалімдер барлығы әр түрлі мамандық иелері, өз ісінің шеберлері, бірақ педагогика жәйінде, тәрбие өнері, бала психикасы жөнінде көп жағдайда өте күңгірт түсінік қалыптасқан. Алайда бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамайды, өз балаларын дұрыс тәрбиелеуге аса құлықты.

«Бұдан былай баламның ақыл-ойын дамытуға көп көңіл аударуым керек, өзімізді әкелеріміз бен аналарымыз үйреткендей үйретуіміз керек, бұны мен енді түсіндім. Шынымды айтсам, балаларды тәрбиелеу жөніндегі кітаптарды өз бетіммен оқыдым, бірақ өзіме қажет кітаптарды таңдай білмеген болуым керек...»

Осылай ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылықты қажет ететіні аңғарылып, әр түрлі тақырыптарға дәрістер өтуді әдетке айналдырдым.

Ата-аналардың көпшілігін мазалайтын мәселелер, қалай ұғындыру керек? Қалай үйрету керек? Баланы қалай мадақтаймыз, немесе жазалау ол жауапты мәселе ме?

Көптеген отбасыларды тәрбие тәсілдері шектелген, педагогикалық жағынан пісіп жетілмеген, қарапайым психологиялық түсініктерді білмейтінін байқауға болады. Мысалы, «баланың ақыл-ойы деңгейі, ойлау қабілеті, сөйлеу үшін сөздік қоры» деген мәліметтер жәйлі ойланбайтыны байқалады. Кейбір ата-аналар баланың теріс қылықтарына біржақты қарайды. Оларға ұрысып, тыйым салады. Әрине, мұндай шаралардың баланың жөнделуіне тигізетін

әсерінің аздығына бірқыдыру әке-шешесінің көздері жете бастады. Дегенмен, баланың әр қылығының себептерін анықтауды білмейді немесе бұған уақыт пен күш жұмсаудың қажеті жоқ деп есептейді.

Ал баласы жақсы оқуымен, өте жақсы тәртібімен ата-анасын қуандырған болса, оған сыйлықтар алып, асыра мақтайды. Балаға әсер етуде жаза мадақтаудың тәсілдері мен жолдары өте көп.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі, ата-ана өздерінің балалық шағын, жасөспірімдік кезеңін еске алып, олар өздерінің ата-аналарына бала тәрбиесі онша қиындық келтірген жоқпыз деп есептейді. Қазір бала тәрбиелеу күннен күнге қиындап бара жатыр деген пікірді айтады. Ол негізінде солай ма?

Өзіміздің балалық шағымызды еске алғанда, біздер, үлкендер, өзіміздің теріс қылықтарымызды қызықтап, қуанып еске аламыз. Ал қазір ондай қылықтары үшін балаларымызға ұрсамыз. Бірақ, әрине бұл да терең мәселе емес. Әр уақыттың, әр отбасының өзіндік қиындықтары мен ерекшеліктері болады.

Л.Шейниннің айтқанындай, ...менің ашуланғанымды және өзім істей алатын жұмысты басқаның істеуіне мәжбүр еткенімді, өзімнің сараңдығымды қоштап, мансапқорлығым мен жағдайыма мақтаныш ететінімді, елдің көзінше бір түрлі, сырттарынан басқаша сөйлейтінімді одан да басқа мыңдаған теріс қылықтарымды бала көреді де... ең шебер, саналы айтылған ақылдан гөрі, осының біріне болмаса біріне жүз есе күшті еліктейді.

Дегенмен отбасында өздері өнегелі үлгі көрсете алмаған ата-аналарға балаларын жақсы тәрбиелеуде ешқандай педагогтік қабілеттілік жәрдем ете алмайды. Егер үлкендер өздері істемейтінді балаға жүктегісі келсе, онда олардың талаптары орынсыз болады. Ал, керісінше әке мен шеше балаларының көз алдында адамгершілік бейнесімен келсе, онда олардың әр сөзінің, мақтағанының немесе ұялтқанының, олар үшін ерекше мәні болып, ата-ананың әр талабы ықыласпен, сүйіспеншілікпен және құрметпен орындалады.

Орыстың даңқты ойшыл ағартушы педагогы А.С. Макаренко былай деп айтты: ...сіз баланың онымен сөйлескенде немесе оны бірдемеге үйреткенде әйтпесе оған бұйрық бергенде ғана тәрбиелеймін деп ойламаңыз. Сіз оны өміріңіздің әр кезеңінде, тіпті өзіңіз үйде жоқт ада тәрбиелейсіз. Қалай киінесіз, басқа кісімен қалай сөйлесесіз, олар жайында не айтасыз, олар жәйінде не айтасыз, қалай қуанасыз, қалай ренжисіз, достарыңыз бен қастарыңызға қалай қарым-қатынас жасайсыз, қалай күлесіз, газет оқуыңыз – осының бәрінің бала үшін үлкен мәні бар. Даусыңыздың кішкентай өзгерісін де бала тез сезеді. Сіздің ойыңыздың барлық бұрылыс қалтарыстары балаға белгісіз жолдармен тез жетіп отырады, оны сіз аңғармайсыз. Ал егер сіз үйіңізде тұрпайы не мақтаншақ немесе мақтаншақ немесе маскүнем болсаңыз әйтпесе, бәрінен де жаманы, оның анасын қорлайтын болсаңыз, онда сіз тәрбие туралы ойламай-ақ қойыңыз: сіз балаларыңызды тәрбиелеп те үлгердіңіз, бірақ оларды жаман тәрбиеледіңіз, сізге енді ешқандай да жақсы кеңес пен тәсілдің жәрдемі тимейді[1].

Мұндай тәрбиенің нәтижесінде бала ата-анасының адамгершілікке жатпайтын қылықтарын үйренеді немесе не әке, не шеше баласының сүйіспеншілігі мен құрметінен айырылады.

Осындай пікірді айту үшін біз балалардан ата-аналары, отбасындағы сүйіспеншілік туралы сұрақтарымызға кейбір балалар жазбасында «менің мамам сияқты, сондай ақылды, жақсы әйел менің папам сияқты өзімшіл, тұрпайы, өзін ұстай білмейтін адамды қалай сүйді екен деп ойлаймын» деген ойлары бар екенін жасырмады.

Ересек балалардың ата-аналарына сын көзбен қарау қалпы кейбір үлкендерді, әсіресе әкені, қатты ашуландырады. Мұнан олар жастардың үлкендерге деген ибасыздығының пайда болуын көреді. Олай болса, өз қатенді мойындап, оны түзетуге мойын ұсынудан гөрі, әрине, өзінің адамгершілік кемістігіне баланың төзімсіз қылықтарына ызалану оңай.

Біздің тәрбиелеу үрдісіндегі күрделі міндет – жастарға адамгершілігі жоғары адами құндылықтар қалыптастыру, адамгершілік қасиеттер туралы тым терең түсінген сайын, отбасындағы әр адам өз бейнесін өнегелі етуге тырысады.

Классик жазушы Л.Толстойдың педагогикалық ойларын оқып отырып, мұғалімдерге арналған күнделі жазбасында мынадай педагогикалық ақиқат негізін дәлелдейтін өте тәрбиелік мәні бар қолайлы ата-аналар үшін теңеуді оқыдым: «... шылым тартатын, арақ ішетін, жұмыс істемей, тек ішіп жеуді ғана білетін және түнді күнге ауыстырып, өзінің өмір сүру сиқына қарамай, дәрігерден сауығуды сұрайтын адамдардың талабы күлкілі. Отбасылық тәрбиенің барлығы да өз қатесін аса зор сезіммен түсініп, және адам өзін одан арылта білумен байланысты»[2].

Халықта мынадай пікір бар: «Адам басқа адамды әуелі айнадан көргендей болады. Адам басқа адамға өзіндей қарағанда ғана өзін адам екенін түсіне бастайды» деген. Әке мен шеше өзінің баласына осындай айна екенін есте сақтағаны жөн.

Өсіп келе жатқан баланың өзгерісін тек оның қолының ұзын, аяғының үлкен, иығының кеңдігін ғана байқап қана қоймай, сонымен бірге оның мінез-құлқындағы, сана-сезіміндегі, көзқарасындағы, қылығындағы өзгерістерді дер кезінде байқап және соған сәйкес балаларыңа өзіңнің де қарым-қатынасты өзгерте білу керектігін ата-аналарымыз білуі керек. Ол үшін психологияда, ғылымда, айрықша сала бар, ол – жасқа байланысты жас ерекшелік психология. Әр жастағы балаларды зерттеумен байланысты және олардың жеке ерекшеліктерін ашу мәселелері ата-аналар үшін де өте маңызды мәселе болып есептеледі. Жас ерекшелігі психологиясы баланың өміріндегі өзгерісті кезеңдер кезінде байқап және оған дұрыс ілтипат көрсету жөнінде ғылымға бағалы мәліметтер береді.

Жас ерекшелігі психологиясының кейбір мәселелеріне біз тоқталып өтсек. Психологтар мектеп жасындағы балаларды шартты түрде үш кезеңге бөліп отыр. 7-ден 11 дейін – балаң шақ, 11-12 ден 14-15 ке дейін жеткіншек шақ, 15 тен 18 ге дейін жасөспірім шақ[3].

Қайсібір ата-аналардан бастауыш сынып жасындағы балаларын қалай тәрбиелесек болады, болашақта жақсы тәртіпті бала болып өсуі үшін, деген сауалдар жиі айтылады. Бұл кезеңдегі мектеп балалары, әдетте жеткіншектер мен жоғары сыныптағыларға қарағанда, ата-аналарын онша ренжіте бермейді. «Балаң кіші болса – қайғың да кіші. Бала өскенде қайғың да өседі», - деп халық бекерге айтпаған[4].

Баланың балаң шақ кезеңі мектепке алғаш баруы, сабақты зор ынтамен оқуы оның жеке дамуындағы елеулі кезең. Оқу жылы басталысымен ата-аналар мектепке жиі барып, үйде олардың дәптерлерін алғашында қатаң қадағалап, дұрыс жаза ламаса баладан бетер ренжиді. Дегенмен жыл аяғында мектепке бала да, баласының қаншалықты мүмкіндігін білген ата-анада бойұсынып үйренеді.

Әрине, екіліктер мен үштіктер ата-ананы ренжітеді, ол үшін баланы жазғырып, жазалайды, бірақ іштей қабілеті төмен деген диагнозға бойұсынып, бала тәрбиесіне кешірілместей қателік жібереді.

Біріншіден, ата-аналар болашақ адамның өмір өрісін өздері тарылтуға ұмтылады.

Екіншіден, неліктен бала оқу материалын қабылдамайтынын немесе есінде сақтамайтынын, оның ұмытшақтығының себебі неде, басқа балаларға қарағанда, ол оқуға неге ынтасыз, оның ойлау әрекетінің өзгешелігі қандай т.с.с түсінуге күш салудан өздерін аулақ ұстайды.

Осы мәселенің бәрін ұғыну үшін, бастауыш мектепте баланың басынан кешіретін қиындықтарын түсініп, жалпы оның рухани өсу жолын бақылап отыру үшін іскерліу қажет. Бұл жастағы мектеп балаларының түйсігін, ықыласын, есін сипаттайтын ерекшеліктері туралы, жеке бастарының ерекшеліктері жөнінде біраз түсінік болу қажет.

Әдебиеттер:

1. Электронный архив произведений А.С. Макаренко эл.библиотека anton_makarenko@list.ru.

2. Л.Н. Толстой. Избранные сочинения. В трех томах. Том 1. Серия библиотека учителя. 1988г.

3. Ж.И. Намазбаева Психология. А., 2005- 296 бет.

4. Т. Тәжібаев. Жалпы психология. Алматы қазақ университеті, 1993 – 240бет.

БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГ МАМАНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӨТЕПБЕРГЕНОВА З.Д.

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АСҚАРБАЙ Г.

7M01101- Педагогика және психология мамандығы I курс магистранты

Болашақ университеті, Қызылорда қаласы

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается организация научно-исследовательской работы. Организация исследования начинается с изучения его истории и текущего состояния. Также важно определить, какие методы доступны для его рассмотрения, в чем суть каждого из них, достоинства и недостатки, которым придерживаются ученые той или иной точки зрения. Такие анализы считаются бесценной пищей для размышлений о важности проверки организации экспериментальной работы в будущем.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психолог, специалист, исследовательская работа, методология, метод.

ABSTRACT. The article discusses the organization of research work. The organization of a study begins with a study of its history and current state. It is also important to determine what methods are available for its consideration, what is the essence of each of them, the advantages and disadvantages that scientists adhere to one point of view or another. Such analyzes are considered invaluable food for thought about the importance of checking the organization of experimental work in the future.

KEYWORD: psychologist, specialist, research work, methodology, method.

Қазіргі уақытта психология адамның психикасын зерттеу жайлы материалдар қорына өте бай. Зерттеу-жүргізудің әдіснамасы, психологиялық білім салаларын бірден-бір терең зерттеген психодиагностикалық тәжірибе болып табылады. Психологияда қолданылатын барлық әдістерді, яғни әр әдіс ары қарай түсінікті, жақсы қабылданатындай топтастырып, біріктіруге үлкен талпыныстар жасалған. Осындай жұмыстарды Г. Айзенк, А. Анастаси, Л.Ф. Бурлачук, А.А. Бодалёв, В.В. Столин, Р. Готтсданкер, К.М. Гуревич сияқты ресейлік және шетелдік психологияның классиктері, сондай-ақ психология ғылымындағы замандастары: Д.Я. Райгородский, Л.В. Куликов, А.А. Реан, Л.Н. Собчик, А.Г. Шмелёв және т.б. жүргізген[1].

Зерттеу пәні мазмұнында адамды зерттейтін психологиялық әдістер жиынтығының өзіндік көріністері ұсынылады. Зерттеу пәні адамдардың интеллектуалды-эмоционалдық және тұлғалық ерекшеліктерін зерттеуде әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолданысқа енгізетін кәсіби іс-әрекет саласындағы, педагогикалық және психологиялық мамандықтағы студенттерді ғылым мен білімді ұштастыруға арналған. Бұл пән арқылы білім алушылар эксперименталдық, жасерекшелік, дифференциалды психология мен психодиагностикалық білімдердің жиынтығын меңгеруге мүмкіндік алады. Зерттеу бастапқыда жалпы психологиялық зерттеу әдістеріне түсінік беріліп, одан кейін, педагогтардың, әлеуметтік қызметкерлер мен басқа мамандардың жұмысында қолданылатын кейбір жеке әдістерді қарастыруы керек. Зерттеудің маңыздылығы теориялық білімді практикалық сабақта ұштастыра білуде.

Зерттеу - айналадағылар танымының стихиялық формасымен салыстырғанда, ғылыми әдістер – іс-әрекет нормасына негізделген. Оның жүзеге асырылуы зерттеу мақсатын меңгеру мен анықтауға, зерттеу тәсілдеріне нәтижені жүзеге асырудағы зерттеудің бағдарына байланысты.

Зерттеудегі аналитикалық шолу – ол әдіспен ешкім алдына қоймаған немесе шешпеген мәселені шешуге тырысу, сол аймақтағы жұмыстың көлемін көрсету мақсатымен мәселе

бойынша бар материалды шолу. Зерттеудегі критикалық шолу – бар теорияларды, модельдерді, болжамдарды, заңдарды және басқаларын жоққа шығару мақсатында немесе екі альтернативтік болжамның қайсысының шынайылыққа нақты келетінін тексеру үшін жүргізіледі. Критикалық зерттеулер теориялық және эмпирикалық білім қорына бай салаға жүргізіледі.

Зерттеудегі эмпирикалық баяндау жағдайға сәйкес алынған нәтижелердің жиынтығы ғана баяндалады. Зерттеудегі эмпирикалық түсіндірудің мақсаты тек нәтижелерді ғана емес, солардың басқаша емес неге сондай болғанын түсіндіру. Әдіснамалық зерттеу жаңа тәсілдерді, әдістерді, технологияларды және басқаларын өңдеу мақсатында жүргізіледі.

Ғылыми зерттеуді топтастырудың басқада түрлері бар. Фундаменталды зерттеу қолданбалы білімнің практикалық тиімділігін ескермейтін шынайылықты тануға бағытталған.

Қолданбалы зерттеу нақты бір практикалық міндетті шешуде пайдаланылатын білімді алу мақсатында жүргізіледі[2].

Монопәндік зерттеулер жеке ғылым аумағында жүргізіледі (қазіргі жағдайда — психологияда). Пәнаралық сияқты монопәндік зерттеулерде әр түрлі саладағы мамандардың қатыстырылуын талап етеді және бірнеше пәндердің байланысуымен жүргізіледі[3].

Кешенді зерттеулер ғалымдардың шынайылықты зерттеген маңызды параметрлерінің санын максималды меңгеруге тырысқан әдістер мен әдістемелер жүйесінің көмегі арқылы жүргізіледі. Бір факторлы, немесе аналитикалық зерттеулер зерттеушінің ойынша, шынайылық аспектісі бойынша бір маңыздылықта анықтауға бағытталған. Шын мәнінде психологиялық зерттеулер ғылымилықтан еш айырмашылығы жоқ, сондай-ақ оның басты белгілеріне сәйкес келеді. Дегенмен, оның өзіне тән спецификасы бар.

Психологиялық зерттеулерге қойылатын белгілі бір талаптар бар:

1. Алған білімнің инварианттылығы (зерттеушінің алған ғылыми нәтижесі шын мәнінде уақытқа тәуелді болмауы қажет, яғни құбылыс, заңдылық, уақытқа қатысты инвариантты заң).

2. Объективтілік (ғылыми нәтиже зерттеушінің тұлғасына қарамауы қажет, оның мотивтеріне, ойына, интуициясына және т.б. Ғылыми білімнің объективтілігінсіз болуы, ол тасымалдаушысыз, адамдарсыз, сол білімді түсінуші және өңдеуші қабілеттер мен топтастырушыларсыз жариялану мүмкін емес, бірақ оның да объективтік маңызы бар — сыртқы әлемді танудағы субъектке қатысты)[4].

Мұндай талаптар зерттеушінің объективтілігі мен теріс түсініктерін, оның этикалық және кәсіби стандарттарға нақты сүйенуін жорамалдайды.

Кез келген зерттеулер бірнеше кезеңдерден тұрады. Әр кезеңде белгілі бір міндеттер шешіледі.

Кезеңдер:

- бастапқы анықтаулар, тақырып таңдау, мәселе қою, мақсат айқындау, болжам жасау және зерттеудің міндеттері;

- қазіргі теориялар сияқты, ғылым тарихындағы ақпараттардан тұратын теориялық талдаулар;

- тәжірибе-эксперименталды зерттеулерді ұйымдастыру;

- алынған нәтижелерді өңдеу және тақырыптар, мәселелер, мақсаттар, болжамдар және зерттеудің міндеттерін нақтылау; ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтарды өңдеу, зерттеудің нәтижелерін педагогикалық практикада қолдану[3].

Зерттеулер міндеттер қойылғаннан кейін басталады: не белгілі?

Бұл мәселе нақты нәтижеге қол жеткізбестен бұрын соңды болуы немесе шешімін табуы әбден мүмкін. Егер ғалым бұрын алынған нәтижелеріне күмәнданса, ол зерттеуді өзінің жақтастары ұсынған әдістеме бойынша жүргізеді, одан кейін, олардың сол немесе аналогиялық міндеттерді шешу үшін қолданған әдістері мен әдістемелерін талдайды.

Ғылыми жұмыстың тақырыбын таңдау зерттеушінің ғылыми қызығушылығынан бөлек, қоғамның сұрауына және қажеттілігіне қарай анықталады. Ғылыми мәселені өңдеудің қаржылануы және зерттеуші іс-әрекеті нәтижесінің бағасы қоғамдық дәреже маңыздылығына байланысты.

Ең алдымен ғылыми ізденістің бағытын анықтап, қоғамда өзектіні таңдаған дұрыс. Осы бағыт бойынша шамамен ондаған монография мен 30-40 ғылыми мақалаларды оқу керек. Оқылғанды ой елегінен өткізіп, өмірлік әсерлермен салыстырып, өз зерттеуіндегі мүмкін болатын нұсқаларды ескеріп, жиналған барлық материалды мазмұндау қажет.

Келесі өте маңызды кезең ұсыныс-болжамдарды тұжырымдау болып табылады. Оларды тексеру үшін ғылыми зерттеудің жоспары жасалады. Оның объектісі болады - эксперимент жүргізілетін немесе бақыланатын адамдар тобы.

Зерттеудің пәні нақтыланады — бұнда шынайылықтың бір бөлігі зерттеледі.

Зерттеудің орны мен уақыты таңдалады және эксперименттің нәтижесіне ықпал ететін кедергілерді азайту үшін эксперименталдық сынақтардың тәртібі анықталады.

Кез келген ғылыми зерттеу жұмыстары мәселенің тарихын зерттеуден және оның қазіргі жағдайынан басталады. Сонымен қатар оны қарастыруда қандай тәсілдердің бар екенін, олардың әр қайсысының мәні немен қорытындыланатынын, артықшылығы мен кемшілігін, сол немесе басқа көзқарасты қандай ғалымдар ұстанатынын анықтауда маңызды. Осындай талдаулар болашақта тәжірибе-эксперименталды жұмысты ұйымдастырудың барысын тексерудегі мәнді ойластыру үшін баға жетпес азық. Сонымен зерттеуші философиялық, психолого-педагогикалық әдебиеттерде, басқада аралас ғылымдарда да ешқандай жаңа ақпараттың жоқтығын байқайтын уақыт та келеді. Әр жаңа оқылған жұмыс тек танымал мәліметтерді қайталайды. Бұл кезге қарай ең бір қарама-қайшы көзқарастар бейнеленген алғашқы ақпараттар конспектісінің саны жеткілікті түрде жинақталады.

Әдебиеттер:

1. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. — Алматы: КазНУ, 2002. - 115 с.
2. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. Оқу құралы. – Қарағанды, ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2012. – 206 бет.
3. Жақыпов С.М., Бердібаева С.Қ. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Таймас Баспа Үйі: Алматы 2015ж.
4. Сәбет Бап-Баба (Бабаев). Психология негіздері: Оқу-анықтамалық қолданба. Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 106 бет.

ҚАЗІРГІ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ АДАПТАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

САБЫР А.М.

*«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

БЕЙСЕНОВА Ж.Ж.

*Психология ғылымдарының кандидаты, қауым.проф.м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

АННОТАЦИЯ. Проблема изучения адаптации личности в психологии до сих пор остается одной из актуальных общепсихологических проблем, ибо определяется потребностью психологической науки в объяснении тех изменений, которые происходят в условиях современной жизнедеятельности с человеком, в определении интегральных факторов наблюдаемых психологических трансформаций.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: адаптация, личность, концепция, тенденция, устойчивость, психика.

ABSTRACT. The problem of studying personality adaptation in psychology still remains one of the topical general psychological problems, because it is determined by the need of psychological

science in explaining the changes that occur in the conditions of modern life with a person, in determining the integral factors of the observed psychological transformations.

KEYWORDS: adaptation, personality, concept, trend, stability, psyche.

Психологиядағы индивидтің бейімделуін зерттеу мәселесі өзінің өзектілігін жоймайтын жалпы психологиялық мәселелердің бірі болып қала береді, себебі, қазіргі өмір жағдайында болатын өзгерістерді түсіндіру психология ғылымының қажеттілігімен анықталады адам бақыланатын психологиялық қайта құрулардың ажырамас факторларын анықтауда.

Бейімделудің механизмдерін ашып көрсету, адамдардың қоғаммен, табиғатпен және өзімен қарым-қатынасының жаңа формаларын түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге, оның өзіне-өзі және қоршаған әлемге деген мінез-құлық пен қарым-қатынас көріністерінің психикалық дамуын болжауға мүмкіндік береді.

Психиканың негізгі функцияларының бірі ретінде бейімделу жеке тұлғаның өмірлік белсенділігі немесе іс - әрекетін қиындататын фактор болып табылады. Биологиялық және әлеуметтік деңгейде қызмет ететін психика қоршаған ортаға интериоризациялау және экстериоризациялау арқылы оң және теріс әсер етуге мүмкіндік береді. Адаптацияның сәтті өтуі адамның туылғаннан бастап өзінде болатын адаптивті әлеуетіне байланысты. Органикалық - психологиялық деңгейде адамзат қоғамының эволюциясы процесінде жасалған бейімделу тетіктері адамзат ұрпағына биологиялық жеке тұлға ретінде, әлеуметтік болмыс ретінде өмір сүруге мүмкіндік береді. Дәл осы бейімделу процесінің арқасында «адам-қоршаған орта» жүйесінде ғана емес, ағзаның барлық жүйелерінің тепе-теңдікте, сонымен қатар жұмыс істеудің әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары жүйесінде де оңтайлы жұмыс жасауға қол жеткізіледі.

Көптеген ғылым салалары «бейімделу» мәселесімен айналысады, мысалы, бір жағынан ол қолданбалы сипатқа ие (медициналық психология, психофизиология, биология, зоопсихология және т.б.), ал екінші жағынан, оны зерттеу, диагностикалау және кейіннен оның пайда болуына байланысты түзетуге мүмкіндік беретін пәнаралық сипатқа ие.

Адаптацияның кең тұжырымдамасын жасауға француз физиологы К.Бернар мен психолог Ж.Пиаже маңызды үлес қосты [1]. Физиология тұрғысынан К.Бернар кез-келген ағза, атап айтқанда, адам ішкі ағзасының тепе-теңдік күйін және қоршаған орта факторларын сақтау қабілетінің арқасында болады деген гипотезаны алға тартты, онда қолайлы адам үшін жағдай жайлылық түрінде әрекет ете отырып, қол жеткізіледі.

Осы тұжырымдаманы тереңдете отырып, Ж.Пиаже бұл күйдегі гомеостаз - сыртқы және ішкі факторлардың осы тепе-теңдігін бұза отырып, жүйенің оның қарсы әрекеті арқылы қозғалатын тепе-теңдік күйі деп анықтады.

Гомеостаз доктринасының орталық тармақтарының бірі - әр жүйенің ассимиляция мен диссимиляция арқылы қол жеткізілетін тұрақтылықты сақтауға ұмтылатындығы.

Аккомодация ағзаның жұмысының түрленуін немесе қоршаған ортаның қасиеттеріне сәйкес субъектінің әрекеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ассимиляция қоршаған ортаның белгілі бір компоненттерін өзгертуді, оларды ағза құрылымына сәйкес өңдеуді және оларды мінез-құлық жүйелеріне қосуды көздейді. Бұл процестер бір-біріне әсер етіп, делдалдық етеді.

Бейімделу құбылысының көптеген анықтамаларының болуына қарамастан, объективті түрде оның бірнеше негізгі көріністері бар, бұл бейімделу, біріншіден, ағзаның қасиеті, екіншіден, қоршаған ортаның өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделу процесі деп бекітуге мүмкіндік береді, оның мәні қоршаған орта мен ағза арасындағы бір уақытта тепе-теңдікке жету, үшіншіден, «адам - қоршаған орта» жүйесіндегі өзара әрекеттесудің нәтижесі, төртіншіден, ағза ұмтылатын мақсат.

Сонымен, бейімделу құбылысын қарастырудың екі жалпы тәсілін ажыратуға болады. Бір жағынан, бейімделу қоршаған орта жағдайларына төзімділікті қамтамасыз ететін кез-келген тірі өзін-өзі реттейтін жүйенің қасиеті ретінде қарастырылады (бұл адаптивті қабілеттердің

белгілі бір даму деңгейін болжайды). Басқа тәсілде бейімделу динамикалық формация ретінде, қоршаған орта жағдайларына бейімделудің тікелей процесі ретінде көрінеді.

Заманауи бейімделуді түсіну И.П.Павлов, И.М.Сеченов, П.К.Анохин, Г.Селье және т.б. еңбектерге негізделген[2]. Адаптация құбылысының көптеген анықтамаларына қарамастан, объективті түрде бейімделуді сипаттайтын келесі белгілерді ажыратуға болады:

- ағза қасиеті;

- гомеостазға негізделген қоршаған орта жағдайының өзгеруіне бейімделу процесі - аккомодация мен ассимиляцияның екі процесі арасындағы қарама-қайшылық негізінде ағзамен қоршаған орта арасындағы тепе-теңдікке жету;

- «адам-қоршаған орта» жүйесіндегі өзара әрекеттесу нәтижесі;

- адам ағзасы ұмтылатын мақсат.

Бейімделу проблемасына арналған шетелдік зерттеулерде үш бағыт бар: психоаналитикалық, позитивті және функционалды. Осы бағыттардың барлығына тән нәрсе - бейімделуді процесс ретінде де, күй ретінде де қарастыру, формула бойынша сипатталған: конфликт - мазасыздық - қорғаныс реакциясы. Негізгі айырмашылықтар дау - дамайдан туындайтын себептерді түсіндіруге байланысты.

Психоаналитикалық көзқарастың өкілдері (Р. Гарднер) дау - дамайдың себебін туа біткен қажеттіліктердің, индивидтің әлеуеті мен олар индивидтің мінез-құлқына шектеу қоятын қоршаған ортаның қалыпты талаптарына сәйкес келмеуінің салдары ретінде анықтайды.

Позитивті тұғыр (А.Бандура, А.Маслоу, Г.Олпорт) өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру процесіне кедергі болатын тұлғаға қатысты әлеуметтік кедергіні нақтылау кезінде «тұлға - қоршаған орта» қақтығысының себебін анықтайды[3].

Функционалды тұғыр (Р. Лазар, Л. Фестингер) қақтығыстың себебін жеке тұлғаның бар тәжірибесі мен оның өткен өмірлік жағдайлардан алған тәжірибесінің сәйкес келмеуінен көреді[4].

Жоғарыдағы тұжырымдамаларға сүйене келе, бейімделудің көріну себептерін және туындай сипаттамаларын түсіну тәсіліне сәйкес әр бағыт бейімделудің тиімділігінің (тиімді емес) өзіндік критерийлерін бөліп көрсетеді. Психоаналитиктер үшін жеке тұлғаның және қоршаған ортаның интеграциясы, сондай-ақ жеке тұлғаның әл-ауқатының көрсеткіштері болып табылатын критерийлерді жатқызады. Оң көзқарастың негізін қалаушылар үшін бұл жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асырудың критерийлері. Функционалды тұғырда өзін-өзі жүзеге асыру және жеке тұлғаны және қоршаған ортаны біріктіру индикаторлары әлеуметтік-психологиялық бейімделудің критерийлері ретінде қажетті және жеткілікті жағдайлар ретінде әрекет етеді.

Ресейлік психофизиологияда бейімделуді зерттеудің негізгі аспектілерін анықтауға бірнеше рет талпыныстар жасалды И.П.Павлов, М.И.Сеченов, Ю.А.Александровский, П.К.Анохин және т.б. Атақты орыс психиатры Ю.А.Александровскийдің пікірінше, бейімделген ақыл-ой әрекеті адамның денсаулығын қамтамасыз ететін маңызды фактор. Психикалық бейімделу деңгейі белсенді өмірге қажеттігіне сәйкес келген жағдайда, біз «норма» туралы айтуға болады.

Сонымен, ең негізгі шектеулі күйдің пайда болуының себептерінің бірі, автордың көзқарасы бойынша, осы күйді реттеудің психикалық механизмдерінің бұзылуы болып табылады.

Ю.А.Александровскийдің көзқарасы бойынша психикалық бейімделу механизмдерінің жүйесі көпкомпонентті және бірқатар ішкі жүйелерден тұрады, оларды төмендегідей бөліп көрсеткен:

1. әлеуметтік-психологиялық байланыстардың ішкі жүйесі;
2. ақпаратты іздеу, қабылдау және өңдеудің ішкі жүйесі;
3. сергектік пен ұйқыны қамтамасыз ететін ішкі жүйе;
4. эмоциялық күйлерге жауап берудің ішкі жүйесі;
5. эндокриндік-гуморальдық реттеудің ішкі жүйесі;
6. басқа да ішкі жүйелер.

Барлық осы көрсетілген ішкі жүйелерді екі деңгейдің біріне - физиологиялық немесе психикалық жатқызуға болатыны анық, ал бейімделу сыртқы ортадағы бейімделу тосқауылының талаптарына жеткенше қалыпты түрде жүреді[5].

Туындайтын бейімделу кедергісі - сыртқы орта, соның ішінде әлеуметтік параметрлерінің, сәйкесінше, адекватты бейімделудің болуы мүмкін емес шартты шекарасы. Бейімделу тосқауылының сипаттамалары өте қатаң жеке сипаттамаларға ие. Ю.А.Александровскийдің айтуы бойынша, олар сыртқы факторларға (қоршаған ортаға, табиғи ортаға және т.б.) және ішкі (конституция және т.б.), әлеуметтік ортаға, адаптивті мүмкіндіктерге (өзін-өзі бағалау, қажеттіліктер, құндылықтар және т.б.). индивидтің жеке психологиялық ерекшеліктеріне тәуелді.

Алайда, бұл жүйелер бір-біріне жұмыс жасай алмайды. Бұл екі деңгей арасындағы байланысты қамтамасыз ететін және адамның қалыпты қызметін қамтамасыз ететін компонент болуы ықтимал. Бұл компоненттің қос сипаты болуы керек: бір жағынан психикалық, екінші жағынан физиологиялық. Мұнда эмоциялар бейімделу процесін реттеу жүйесіндегі компонент болып табылады.

Сонымен, адаптацияның табысты болуы бір-бірімен өзара байланысты бейімделудің физиологиялық және психологиялық деңгейлер жүйелерінің қалыпты жұмысымен анықталады. Олардың арасында байланыстырушы бөлім бар, ол екінші сипатта болуы керек: бір жағынан психологиялық, екінші жағынан физиологиялық. Эмоциялар бейімделу процесін реттеу жүйесіндегі осындай компонент болып табылады. Қажеттіліктермен және мотивтермен байланысты психикалық күйлер мен процестердің ерекше бөлшегі ретінде әрекет ете отырып, олар дереу - сезімдік тәжірибе түрінде, тақырыпқа әсер ететін құбылыстар мен жағдайлардың маңыздылығын көрсетеді және мақсатқа жетуде қажеттіліктердің қанағаттану (қанағаттанбау) дәрежесін көрсетеді.

А.Н.Леонтьев осы мәселе турасында былай дейді: «Эмоциялар ішкі сигналдардың қызметін атқарады, Эмоциялардың ерекшелігі - олар мотивтер (қажеттіліктер) мен сәттілік арасындағы, егер олар объектіге байланысты қызметтің психикалық көрінісі болып табылмаса, байланысты немесе субъектінің сәйкес әрекетін ойдағыдай жүзеге асыру мүмкіндігін бейнелейді»[6].

Бейімделу процесін зерттеудің заманауи тәсілдерін талдай отырып, оның бірнеше жалпыланған мағыналық аспектілерін бөліп қарастыруға болады.

Жалпы алғанда, ғылыми әдебиеттерді талдаудан байқағанымыз, қазіргі заманғы психологиядағы «бейімделу» тұжырымдамасының дамуы олардың екі фундаментальды бағытта биологиялық және әлеуметтік-психологиялық бағыттарын көрсеткен.

Егер бірінші бағыт ең алдымен психофизиологиялық инварианттарын, детерминанттарын, қасиеттерін, ерекшеліктерін зерттеумен байланысты болса, ал екінші әлеуметтік-психологиялық бағыт бейімделуді тұлғаны әлеуметтендіру жағдайында қарастырады.

Сонымен, психология ғылымындағы бейімделу құбылысын зерттеуге арналған әдебиеттерге шолу жасау кейбір төмендегідей тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

Қорытындылай келе,

1. Бейімделу - бұл адамның барлық іс әрекетінде: жеке, тұлғалық, субъективті өмір сүруін қамтамасыз ететін тімді (тиімді емес) және өмірлік қолдауды қамтамасыз ететін көп өлшемді, көп факторлы, көп мәнді құбылыс.

2. Бейімделу - адамның бейімделуін, тіршілік етуін, тұрақтылығын, өзін-өзі дамытуын және оның өзін-өзі тануын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, адамның өзгеретін ортамен өзара әрекеттесу тәсілдерінің бірі.

3. Әр түрлі деңгейлерде қызмет ете отырып: биологиялық және әлеуметтік, оның түрлерінің бірі-әлеуметтік-психологиялық бейімделу, ерекшеліктерімен, факторларымен, әлеуметтену процесінің динамикасымен анықталады, бұл тарихи шартты процесс болып табылады, белсенділік пен қарым-қатынас кезінде, және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге

негізделген әлеуметтік тәжірибенің индивидтің игеруі мен белсенділігінің нәтижесі. Бейімделудің әлеуметтік психологиялық аспектісі - бұл өзара әрекеттесу ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тану, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі көрсету процесі.

4. Қоршаған ортаның өзгермелі жағдайында бейімделудің субъектісі ретінде тұлғаның өзін-өзі аша білу қабілеті - бейімделудің субъектісі ретіндегі тұлғаның негізгі психологиялық ерекшелігі болып табылады. Толықтылық, бейімделу деңгейі, өзін-өзі таныту, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі көрсету векторы сыртқы шындықтағы өзгерістердің сана-сезімімен және шағылысуымен, олардың бейімделу әлеуетін (бейімделушіліктің) өзгеруіндегі жеке реттеу тетіктерінің активтенуімен анықталады және жеке тұлғаның өзінің «Менінің» маңыздылығына бағытталуы.

5. Бейімделудің нақты деңгейі, өзін - өзі ашу, өзін - өзі жүзеге асыру, өзін - өзі тануы, тұлғаның өзіндік менінің мағынасына бағдарланған және тұлғаның өзінің бейімделу потенциалының өзгеруіндегі жеке өзіндік реттеу механизмдерінің белсенділігінің, сыртқы өзгерістердің рефлексиясы мен саналы ұғынуымен анықталады.

Әдебиеттер:

1. Пиаже Ж. Избранные психологические труды: Психология интеллекта. М., 1994.
2. Налчаджян А.А. Социально-психологическая адаптация личности – Издательство АН Армянской ССР. Ереван, 1988г.
3. Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека – Л., 1988г.
4. Состояние психической дезадаптации и их компенсация [Текст] : (Пограничные нервно-псих. расстройства) / Ю.А. Александровский ; АН СССР, Ин-т психологии. - Москва : Наука, 1976. - 272 с.
5. Леонтьев В. Г. Жмыриков А. Н. Влияние адаптации на эмоциональный уровень учебной группы. Тезисы Психология докл. 2-й учебной Всесоюз. деятельности. конференции по психологии. М., 1992.
6. Источник:
7. <http://psy-diagnoz.com/glossary/102-sotsialno-psikhologicheskayadaptatsiya.html>

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОНЛАЙН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДАР

САБЫРОВА А.М.

№76 ЖББ мектептің химия пәнінің мұғалімі

АННОТАЦИЯ. В настоящее время в стране ведется система дистанционного обучения на основе различных платформ. Психологический климат в общеобразовательных школах огромен, особенно, когда у учеников 5 класса, только пришедших с начальных классов, есть необходимая обратная связь, а у детей среднего звена-недостаток искренних эмоций и общения. Вместе с тем, психологический климат должен прививать детям старших классов такие качества, как ответственность, доверие, рациональное использование свободного времени. Для профилактики данного психологического климата очень важен мост между учителем-учеником-родителем.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: система дистанционного обучения, психологический климат.

ABSTRACT. Currently, a distance learning system is being implemented in the country on the basis of various platforms. In general education schools, there is a huge psychological climate, especially when there is a lack of feedback necessary for students of the 5th grade who have just arrived from the beginning, as well as sincere emotions and communication, which is necessary for middle-level children. At the same time, the psychological climate is an integral part of the most important things that can be done in distance learning, in which high school children are taught such

qualities as responsibility, trust, and effective use of their free time. The bridge between teacher-student-parent is very important to prevent this psychological climate.

KEYWORDS: A distance learning system, psychological climate

Қазіргі таңда адам өміріне елеулі өзгеріс әкелержаңа бастамалар, теориялар мен бейімделулер қарыштап дамып келеді. Бұл орайда еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Біріншіден, ХХІ ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн.

Екіншіден, жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет.

Үшіншіден, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асырған дұрыс.

Төртіншіден, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек.

Бесіншіден, әділдіктен айнымаған жөн. Әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты.

Әділеттілік – әсіресе ел-жұрттың тағдырын шешу үшін аса қажет қасиет.

Алтыншыдан, бізге керегі – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық. Бәріміз нағыз қазақты дәл осындай кейіпте көргіміз келеді. Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыра аламыз.» [1] деп қазіргі өскелең ұрпақтың жан-жақты әрі білімді болып өсуін басты назарға алды.

Қазақстанның технологиясы озық елдерден көш бойы қалып қоймау саясатының оң нәтижесінің бірі төтенше жағдай кезінде қашықтықтан оқытуды ақпараттық құралдар арқылы игеріп, теледидар, ғаламтор, түрлі бағдарламалар арқылы іске асыруы болды.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім беру формалары деп айтсақ өте орынды. Заман талабына сай білім беру, үнемі жаңалықтан құр қалмау, дамыған елдердің ізімен ілгерілеп отыру міндет болып табылады. Қашықтан оқытудың маңыздылығы:

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды меңгеру;
- Сапалыбілімалу;
- Шығармашылық даму мен ойлау еркіндігі;
- Уақытты дұрыс әрі үнемді пайдалану;
- Технологиялық тиімділік; [2]

Міне, бұл аталған қасиеттер бүгінгі жас ұрпақтың бойынан кездестіруге болады. Оқушыға да, ұстазға да уақытты үнемдеуге көмектесетін бұл жүйенің маңызды екендігіне көзіміз жетіп келеді. Қашықтан оқыту кезіндегі психологиялық ахуал қалай өзгерді? Міне осы тақырып төңірегінде бірқатар ақпараттармен бөліскім келеді. Мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың пікірлері бойынша қашықтан оқыту оқушылардыөзін-өзі тәрбиелеуде үлкен рөл атқаратындығын алға тартады. Мысалы, қашықтықтан оқу басталғалы жауапкершілігі мықты шәкірттердің, сыныптардың білім сапасы жақсара бастаған. Сонымен қатар ұстаздардың бақылауынан, оқушылардың көзқарасынан қысылатын кейбір балалардың қашықтықтан оқыту кезінде сабақ үлгерімі ілгерілеген. Себебі, ол көп нәрсеге көңіл аудармай, сабақ процесімен ғана әуре болады. Түрлі сылтаулармен сабақтан қалатын оқушылар да қашықтықтан оқыту кезінде еріксіз сабақ оқи бастағаны айқын. Оқушылар ауырып қалған жағдайда да смартфон, компьютерін қосып, түрлі тапсырмаларды орындай беруіне ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан қашықтықтан оқыту оқушының ұзақ уақыт ауырып қалған кезінде де немесе мектепке бара алмау жағдайында да жалпы оқушылар арасында қалып, мектеп бағдарламасымен оқуға көмектеседі. Бұл үлкен жетістік деп айтар едім, себебі оқушы өз бетінше білім алып, болашақта жоғары оқу орнына үлкен даярлықпен барады. Бұл орайда мұғалімнің де орны ерекше. Себебі, мұғалім оқушыға дұрыс бағыт-бағдар беріп отыруы керек.

Қашықтықтан оқыту кезінде 5-сыныптардағы психологиялық ахуалға тоқталар болсақ мысалы, бастауыш сыныптан енді ғана орта буынға көшкен балалар үшін қашықтықтан өз бетінше білім алу қиын. Олар үнемі ата-ананың, ұстаздың бақылауын қажет етіп тұрады. Дәстүрлі оқу кезінде үйде де, мектепте де оларға арнайы көңіл бөлінеді. Ата-ананың орындай

алмайтын кейбір функциясын ұстазы орындайды, ал ұстазы жеткізе алмаған нәрсені ата-ана іліп алып кетіп отырады. Ал қашықтықтан оқыту кезінде бұл сыныптарда оқитын балаларға эмоция, кері байланыс жетіспейді. Бұл орайда мұғалім мен оқушы арасындағы сабақ үдерісі кезіндегі және сабақ соңындағы кері байланысы өте маңызды болып есептеледі. Кері байланыссыз өтілген тақырып, толықтырылмаған немесе жетілдірілмеген сабақ болып саналады. Себебі кері байланыс кезінде мұғалім әрбір оқушының өтілген сабақ бойынша қаншалықты меңгергендігін біле алады. Кері байланыс оқушының оқыту үрдісін қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соғында ғана емес, сабақ барысында, оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізілуі керек. Мұғалім оқушының кез-келген парағын оқи отырып, жұмысының сәтті немесе сәтсіз шыққандығын және ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біле алады. Сонымен қатар, кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, алдағы уақытта бұл қателіктерді болдырмауға, келесі сабақта бұдан да жақсырақ дайындалуға жұмыс жасайды. Ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларды дағдыландырып алуы қажет. Сонда ғана жақсы нәтиже береді. Оқушылардың өз бетінше сабаққа талдау жүргізуі олардың ой-өрісінің дамуына да ықпал етеді. Бұл арқылы оқушылар білім алудың мақсатын саналы түрде ұғына бастайды. Кері байланыс тек берілген тапсырмаға жауап алумен шектелмеуі керек, ол оқушылардың сол күнгі алған білімі бойынша туындаған сұрақтары, ашық сауалдары болуы да мүмкін немесе сол тақырып бойынша жасалған топтық немесе жұптық жұмыстары болуы мүмкін. Кері байланыс жасау барысында мұғалім оқушының білімге деген құштарлығын, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қашықтан білім берудегі кері байланыстың тиімділігі, оқушыларға білімді дайын күйінде беруден гөрі, оқушының өзі қорытынды жасауға ықпал ету және өзінің ізденісін арттыруға жақсы ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін мектептегі қиындықтар көбінесе оқу үлгерімімен байланысты болса, орта мектепке көшу кезінде жеке тұлға ретінде даму және балалардың арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас қиындықтарымен байланысты болады. Осыған әдетте түрлі түйткілді мәселелердің туындауы – үрейліліктің артуы, сенімсіздіктің, қорқыныштардың, күнделікті мәселелерді шешуге қатысты жағдайларда жиі қобалжудың пайда болуымен түсіндіруге болады. Мысалы, айналадағылардың үміттерін ақтай алмай қалу қорқынышы күшейе түседі, бұл осы жаста әдетте өзін көрсете білу қорқынышынан күштірек болады. Кіші жасөспірімдік жастағы бала үшін өзге адамдардың, әсіресе сыныптастарының және мұғалімдерінің өзі және өзінің қылықтары туралы ойы мен пікірі ерекше маңызды. Айналадағылардың үмітін ақтай алмауға қатысты ұдайы қорқыныш тіпті қабілетті баланың өз мүмкіндіктерін тиісінше көрсете алмауына алып келеді.

Бала бейімделуде қиындықтарға шалдығып жатқанын қалай түсінуге болады

1. Баланың түрі шаршаңқы, қажыған күйде болады
2. Бала күнін қалай өткізгені туралы әсерлерімен бөліскісі келмейді.
3. Ересектің назарын мектептегі жайттардан аударып әкетуге, басқа тақырыптарға бұруға тырысады.
4. Үй тапсырмасын орындағысы келмейді.
5. Мектеп, мұғалімдер, сыныптастар туралы жағымсыз пікір білдіреді.
6. Мектеппен байланысты оқиғаларға шағымданады.
7. Ұйқысы мазасыз. Тәбеті бұзылады.
8. Таңертең ұйқыдан әрең оянады, енжарлыққа бой алдырады.
9. Өзін үнемі нашар сезінетініне шағымданады.
10. Жұмысқа қабілеттілігі төмендейді.
11. Ұмытшақ болып кетеді.

Аталған бірқатар белгілердің оқушы бойынан кезіктірмес үшін оның алдын алу өте маңызды шешім. Бұл жағдайда мұғалім мен ата-ананың міндеттері қандай болмақ?

«Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде», – деп ұлы ақын Абай Құнанбайұлы айтқандай, балаға тәрбие отбасы мен мектептен беріледі. Осы процесті ұстаздарымыз, ата-аналарымыз, оқушыларымыз еңсеру үшін жұмыла жұмыс жасалуы керек.

Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы. Ата-аналарға психологиялық қолдауда кеңестер әрдайым ұсынылып отырады. Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда ата-ана өз мейірімділігін білдіре отырып, балаларына жылулық бере отырып, қолдау жасай алатын адамның бірі. Бала мен ата-ана арасында жылылық орнату, әрбір ата-ана үшін орны ерекше. Сонымен қатар, сынып жетекшілерге және ата-аналарға, оқушы мен мұғалім арасындағы жақсы қарым-қатынасты нығайту мақсатында түрлі жұмыстар жасалады.

Баланың өзі мұғалімнің тапсырмаларын орындау туралы шешім қабылдауы үшін диалог пен сыйластық, достық қарым-қатынас маңызды. Онымен не көмектесетінін және не кедергі келтіруі мүмкін екенін талқылаңыз. Ол қағазға өз ниетін жазсын. Жазбаша жазылған өз шешімі оқушы үшін психологиялық тірек болады. Ол ата-аналарға берген уәдесін үнемі жадында ұстап, ойын жинақтап, оқуға зейін қоя бастайды. Аса қабілетті балалар шапшаң ырғақта өмір сүреді. Олар уақытын тиімді өзкізіп, шахматпен, ағылшын тілімен, информатикамен шұғылданады. Сондықтан олардың стресске төтеп беру қабілеті жоғары болып келеді. Себебі олар өз уақытын пайдалы нәрселерді үйренуге жұмсайды.

Қашықтан оқыту кезінде ата-аналар балаларға қандай психологиялық көмек көрсете алады?

1. Балаңызға үлгі болыңыз. Себебі бала өз бойына ата-ананың тұлғалық қасиетін қалыптастырады.

2. Балаңыздан қашықтан оқыту жағдайы туралы сұрастырып отырыңыз;

3. Балаңыздың мұғалімдерімен үнемі сөйлесіп тұрыңыз;

4. Балаңыздың оқу үлгерімін қадағалап отырыңыз;

5. Балаңызға үй тапсырмаларын орындауға көмектесіңіз;

6. Үйде жайлы және орнықты ахуалды сақтап отыруға ерекше күш салыңыз.

Жүйелі қарым-қатынас жасау арқылы біз баланың жоғары деңгейде білім алуына көмектесеміз. Оқушының алған білімін қаншалықты меңгергенін біле отырып, психологиялық ахуалын анықтауға болады. Қалыпты жағдайда кейбір оқушылар сабақтарды жүйелі зейін қойып тыңдамауы мүмкін. Ал қашықтан оқыту жүйесі арқылы ақпаратты кез-келген уақытта, шексіз қабылдай алады. Бұл дегеніміз оқушының оқу процесін толық меңгеруге толық мүмкіндігі бар. Мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін тиімді қарым-қатынас орнату маңызды.

Қашықтан оқытудың әсерлі болуы оқушылармен бірге ғаламтормен жұмыс істейтін мұғалімге тікелей байланысты. Бұл мұғалім: қазіргі заманғы ақпараттық және педагогикалық технологияны меңгерген, оқушылармен бірге желідегі жаңа оқу-танымдық ортада жұмыс істеуге психологиялық тұрғыдан дайын болуы керек. Бұл жүйеде мұғалім оқушының жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында оқушы тұратынын ескерсек, мұғалім оқушыға арналған өзіндік жұмыстарды, тәрбиеге қатысты жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда мұғалімнің рөлі арта түскенін және мұғалімге артылған жауапкершіліктің жоғары болғанын айта кету керек.

Қашықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз.

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы мұғалім-оқушы-ата-ана арасындағы көпірдің берік болуымен түсіндіруге болады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтің Қазақстан халқына Жолдауы.2020 жылғы 1қыркүйек
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым- 2012 жыл

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ ЭМОЦИЯСЫНА ӘСЕРІ

САДУ Қ.С.

*«Психология» мамандығының 4 курс студенті
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

БЕЙСЕНОВА Ж.Ж.

*Психология ғылымдарының кандидаты, қауым.проф.м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются особенности психологического развития юношей и теоретические вопросы влияния успеваемости на эмоцию юношей.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психология юношей, психологические развитие юношеского возраста, успеваемость, эмоция

ABSTRACT. The article examines the features of the psychological development of young men and theoretical issues of the influence of academic performance on the emotion of young men.

KEYWORDS: psychology of adolescents, psychological development of adolescence, academic performance, emotion

Адамның жалпы тұлға болып қалыптасу процессінде жасөспірімділік кезең дамуындағы психологиялық, танымдық, әлеуметтік өзгерістермен ерекше орын алады.

Жасөспірімді кезеңде тұлғаның қарқынды жан жақты дамуы, моральды-этикалық мінез-құлық нормаларын игеруге, сонымен бірге жасөспірім өзінің жүріс-тұрысында пайда болған бағалық пайымдау жүйесіне жетекшілік ете бастайды.

Жасөспірімдік кезең – адам дамуының ең күрделі кезеңі, өз мазмұнына қарай, бұл кезең индивидуумның болашағын көп жағынан анықтап береді. Жоғарыда айтылып кеткендей, мінез-құлықтың, басқа да жеке даралық негіздердің қалыптасуы дербестік әдетте мектептегі білімдердің әлеуметтік іс-әрекеттердің түрлі формаларына ауысуы, ағзаның гормоналды қайта қалыптасуы тағы басқа осы сияқты жағдайлар жасөспірімді қоршаған ортаның жағымсыз ықпалына ерекше еліктегіш және әсерленгіш етеді.

Психологтар жасөспірімдік жас пен жастық шақ арасына шектеу қояды. Бірақ хронологиялық шектеу барлық жағынан жартылай қиылысады. 11 – 13 жастағы баланы бозбала деп, 18 – 19 жастағы бозбаланы жасөспірім деп ешкім де айтпайды. 14 – 15 және 16 – 17 жас арасындағы баланы кей жағдайда балаң жасөспірімдік шақ деп анықталады, бір жағынан жеткіншек немесе жасөспірім арасы дейді.

Жас кезеңдік онтогенез сызбасында Бүкіл Одақтық VII конференцияда қабылданған жас морфология мәселесі физиология және биохимия жасөспірімдік жас ұл балалар үшін 13 – 16, қыз балалар үшін 12 – 15 жас, ал бозбалалық 17 – 21 жас және бойжеткендер үшін 16 – 20 жас болып анықталған[1].

Д.Б. Эльконин 11 – 17 жасқа дейінгі кезеңді жасөспірім деп атайды, оны екі кезеңге бөледі.

1) Басқару қызметі 11 – 15 жасар (орта жастағы мектеп) Д.Б. Эльконин айтуы бойынша оның пайдалы қызметтер жүйесіндегі қоғамдық қатынасы мынандай: қоғамдық ұйымдастырудай, спорт, қолөнер қалпы орындалады.

2) 15 – 17 жас (жоғары мектеп жасы) оқу профессионалдық жүргізуі негізгі іс - әрекет болып қарастырылады, осыған байланысты жоғарғы сынып оқушыларында арнайы танымдық және профессионалды қызығушылығын зерттеудегі шеберлігі, өмір жоспарын құруға қабілетті, өнегелі идеяларды шығаруы, өзін - өзі тани білуін қалыптастырады[2].

Л.И. Божович жоғары сыныптық жасты жасөспірім деп атайды. Ол өзінің барлық зейінін тұлғаның мотивациялық сферасына бөлді: жоғары сынып оқушыларының өмірдегі өзінің орнын, ішкі ұстанымын, дүниетанымын және өзін - өзі тануын, моральдық санасын, танымдық іс - әрекеттен әсерін қалыптастырады[3].

Баланың дамуының осы сатысында үлкендердің алатын орны ерекше. Олардың өмірін ұйымдастырушы, әсіресе білімді меңгертуде, жасаған істерімен жеке қасиеттерінебаға беруде аса маңызды рөл атқарады. Белгілі психологтар (В.В. Давыдов, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.И. Намазбаева, В.К. Шабельников) зерттеулерінде баланың әлеуметтік және жеке білімдері мен өмір тәжірибелерінде адамзат қоғамының жетістіктерін, рухани байлықтарын игеріп мінез -құлықтарына, дүниетанымдарына қалыптасып отыру қажеттігін көрсеткен[4].

Ресейлік психологтардың (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және т.б.) зерттеуі бойынша, жасөспірімдік кезеңнің жетекші іс-әрекеті өзара қарым-қатынастың нормасын меңгеру болып табылады. Л.С.Выготскийдың айтуы бойынша, жас өспірімдік кезеңде (14-18 жас) өмірдегі ең негізгі екі өзгеріс жүзеге асады, яғни ол органикалық-жыныстық жетілу және өз менінің мәдени қырының ашылуы, тұлғалық негіздің қалыптасуы, өз көзқарасының негізделуі. Жасөспірімдермен ұғынылған белсенділік пен қабілеттіліктің жүйесі ретінде өмірлік жоспардың пайда болуы- мәдени даму процесін аяқтайды [5].

Адам онтогенезіндегі ең күрделі кезеңнің бірі жасөспірімдік жас болып табылады. Бұл кезеңде бұрын қалыптасқан психологиялық құрылымдардың қайта құрылуы ғана жүріп қоймай, сонымен бірге жаңа білімдер қалыптасып, саналы көзқарастар мен әлеуметтік ішкі ыңғайланудың қалыптасуының жалпы бағыттылығы өседі. Онтогенездегі жасөспірімдік кезең бұл балалық шақтан ересектікке өтудегі дамудың қарама-қайшылықтық тенденциясымен ерекшеленеді. Бұл күрделі кезең, бала дамуындағы жеке даралық қалыптасудың дисгармониялық ертеректе қалыптасқан қызығушылықтар жүйесінің бұзылуы ересектерге деген қарсылық сипатындағы мінез-құлық сияқты негативті көріністерде өтеді. Екіншіден, жасөспірімдік кезең түрліше жағымды факторларға байланысты ерекшеленеді, балада дербестілік сезімі өседі, басқа балаларға, ересектерге деген қатынасы біршама көпжақты және мазмұндырақ бола түседі, оның іс-әрекет сферасы сапалы өзгерістерге ұласып, барынша кеңейе түседі.

Жетекші әрекет оқу болатын кіші мектеп жасынан өту кезеңі жасөспірімдерге барынша сын кезең болып табылады. үлкендер жағынан оларды бағалау критерий оқудағы жетістіктер және сәтсіздіктерінде негізгі болады. Оқу бұрынғысынша жасөспірімде негізгі болып табылады. өзіндік санының қалыптасуы, есею сезімі жасөспірімдерде жолдастарымен қарым-қатынастағы жаңа қажеттілігін белгілі бір моральдық этикалық нормалардың негізінде құрылған олармен тұлғалық жақын қатынастарды тұдырады.

Жасөспірімдік жаста айқын байқалатын әсерлену тұрақсыздығы, көңіл-күйінің шұғыл ауытқушылығы, қуанышты күйден жабырқау күйге тез ауысуы тән. Сондай-ақ үлкендер жасөспірімнің сыртқы кейпіндегі «кемшіліктері» туралы ескерту жасағанда немесе оның дербестігіне нұқсан келтіргенде, олар бұған қатты шамырқанып, бұрқ ете түседі.

Әсерге (эмоция) тұрақсыздықтың жиі көріністері байқалады. Ересек жасөспірімдік жаста көңіл күйі неғұрлым тұрақты болып, сезімдік әсерлері неғұрлым саралана түседі. Аяқ астынан лап ете түсетін шымырқаныстар көбіне айқын байқалатын сыртқы байсалдылыққа, маңайындағыларға мазақтай қараушылыққа ауысады. Өз мінез-құлығына өзі талдау жасауға бейімділік, рефлексия көбіне депрессиялық көңіл күйінің тез пайда болуына ықпал етеді [6].

Жасөспірім бойында креғар психикалық қасиеттер: мақсаткерлік пен табандылық ырықсыздықпен, табансыздықпен, өзіне деген сенімсіздікпен алмасып отырады. Романтизм, арманшылдық, көңіл-күйдің көтеріңкілігі – тәкәппар менмендікпен, ал шынайы нәзіктік, жұмсақтық, о жарлықпен т.б. ауысып отырады.

Жасөспірімдердің жеке басының қалыптасу мәселесі Қазақстанда - жасқа байланысты психологиядағы ең күрделі, әрі ең аз зерттелген мәселе. Жасөспірімнің

жеке басы туралы айтқанда, біз хронологиялық жасты немесе зерттеп отырған жеке адамның даму сатысын ғана ескеріп қоймай, сонымен қатар мыналарды да ескеруіміз қажет: а) жасөспірім өскен ортаның мәдениеті мен қоғамның жалпы қасиеттері; ә) жасөспірімнің әлеуметтік-экономикалық жағдайы; б) жасөспірімнің өсіп келе жатқан тарихи ахуал және оның замандастарының ерекшелігі; в) жасөспірімнің жынысы; г) жасөспірімнің даралық-типологиялық қасиеттері.

Жасөспірімдік жастағы маңызды кезең өзіндік танымның қалыптасу процесі болып табылады. Нақ осы кезде өзінің қажеттіліктері мен қабілетіне, қызығушылықтары мен мінез-құлқық себептеріне, әсерлері мен ойларына деген саналы көзқарасы қалыптасады.

Өз жан дүниесіндегі өзгерістерді талдап, мінез-құлқына баға бере келіп, жасөспірім оларды үлкендердің жан күйзелістерімен және мінез-құлқықтарымен салыстырады.

Жасөспірім өзін үлкен адам ретінде санай отырып, ұсақ-түйек камқорлыққа, бақылау жасауға, айтқанды қалт жібермей тыңдауға, оның көзқарасы тұрғысынан әділетсіз деп саналатын жазалауға наразы болады. Наразылықтың түрі тыңдамау, дөрекі мінез көрсету, қыңырлық немесе томаға-тұйықтық және басқа да әрекеттермен көрінеді.

Жасөспірімнің жеке басының қалыптасуына ықпал ететін ерекше маңызды фактор - оның құрдастарымен қарым-қатынасы. Құрдастарымен араласа отырып, жасөспірім өмір туралы қажетті білім алады. Құрдастар тобы олардың бойында әлеуметтік өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастырады. Өзі туралы құрдастарының не айтып, не ойлайтындығы жасөспірім үшін өте маңызды.

Белгілі бір топқа қатысуы өзіне деген сенімділігін арттырады, өзіндік бетін айқындауға қосымша мүмкіндіктер береді. Жасөспірім құрдастарына бейімделе, оларға еліктей отырып, өзін жолдастары айрықша бағалайтын қасиеттерге тәрбиелейді.

Психологтардың зерттеулеріне қарағанда, сынып ұжымындағы қолайсыз жағдай жасөспірімдерді қалыптастырудың негізгі себептерінің бірі. Ондай жасөспірімдер, әдетте мектепті мерзімінен бұрын тастап кетеді және құрдастарынан гөрі мектептен тыс әсерге жиі ұшырайды[7].

Жасөспірімдерге топқа бірігуге рұқсат бермеу, оларды құрдастарынан, көшенің жағымсыз ықпалынан «оңашалауға» әрекеттену кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл жерде жасөспірім психологиясын білуге негізделген неғұрлым іскер шаралар керек.

Әдебиеттер:

1. А. Г. Психология личности. - М.: МГУ, 1990.-367 с.
2. Беличева С.А. Основы превентивной психологии. - М.: Социальное здоровье России, 1993.- 199 с.
3. Беличева С.А. Сложный мир подростка. - Свердловск: Средне-Урал.кн. изд-во, 1984,- 129с.
4. Беличева С.А. Этот "опасный" возраст. - М.: Знание, 1982. - 94 с.
5. Брагина Г.В. Мастерство учителя на уроке. - М.: Творческая педагогика, 1992. - С.40
6. Вереникина И.М., Лозовцева В.Н. Ответственное отношение к учебной деятельности как способ профилактики отклоняющегося поведения подростков. Психологические проблемы выявления и коррекции отклоняющегося поведения школьников. - М.: АПН РСФСР, 1990. - С.125-131
7. Габреева Г.Ш. Изучение эмоциональной напряженности /Методические указания к лабораторным занятиям по психологии. -Казань. 1986.-С. 124

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ОЙЛАР

САДЫКОВА М.К.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

ИКРАМОВА А.Ш.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

ЮСУПОВА И.Б.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты.
Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.*

АННОТАЦИЯ: В данной статье рассмотрены актуальные вопросы воспитания ребёнка с точки зрения философского подхода. В основе философской составляющей приведены взгляды великих тюрко-язычных философов.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: наука-образование, этика, воспитание, методы воспитания, средства воспитания

ABSTRACT. This article discusses the current issues of child rearing from the point of view of the philosophical approach. The philosophical component is based on the views of the great Turkic-speaking philosophers.

KEYWORDS: science-education, ethics, upbringing, methods of upbringing, means of upbringing.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың құқығы әрі парызы», - деп көрсетілген [1]. Ежелгі дәуірдің өзінде әрбір отбасындағы өмір ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен түсініктердің белгісімен іске асты. Қоғамдағы және әр отбасындағы бала тәрбиесі халықтық педагогикадан сусындайды. Себебі, әр халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлттық тәлім – тәрбиесін жас буындардың санасына сіңіру проблемасы қандай кезеңде болмасын тәрбиенің өзектілігіне айналып отырған.

Баланың тұлға болып қалыптасуына халықтың әлеуметтік – мәдени, рухани құндылықтары, салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары маңызды рөл атқару барысында тұлғаның бойында имандылық, еңбек ете білу және еңбекті бағалау, ұлтжандылық қасиеттерін дамытады.

Халық педагогикасы – бұл ұлттық қазына. Бала тәрбиесі ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен түсініктердің белгісімен іске асты. Қытайда ғасырлар бойы педагогикалық идеал қалыптасты, ол көп білетін, "өзінің жан дүниесінде бейбітшілік пен үйлесімділікті қалыптастыратын адамды тәрбиелеу" мақсатын қойды. Тәрбиелік катынастардың негізіне жастардың үлкендерді сыйлай білуін жатқызды. Отбасы - болашақ азаматтың әлеуметтану жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Ғұламалардың, ағартушылардың еңбектерінде қазақ халқының әдет – ғұрыптары, салт – дәстүрлері, тілі мен мәдениеті тәрбиенің құрамына айналған. Халықтың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын зерттеген ғалымдарға келетін болсақ, XI ғасырда түркі тілдес халықтардың картасын жасап, тілін, әдет – ғұрпын зерттеген М. Қашқариді айтпай кетуге болмайды. Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік (Түркі сөздігінің жинағы)» атты сөздігінде 200 астам өлең 300 тарта мақал-мәтелдер кірген. Бұл түркі халқының энциклопедиясы тәрізді, территориясы, тұрмыс-салт дәстүрлерін дәріптейді. Мұнда қорқақтық, мансапқорлық, опасыздық, ерлік, әділдік айтылады. Сөздікте ғылым-білім, әдеп, тәлім-тәрбие сипатталады.

Ғұлама адам баласының абыройына дақ салмауға, әртүрлі күмәнді ымырласулардан бас тартуға, ұят қылыққа бармауға ұмтылатын халықтық дәстүрді құрмет тұтады. Ар тазалығы адам мінез-құлқында ерекше сенімділік, тұрақтылық және сабырлық тудыратындығына сенімді білдіру барысында еңбегінде былай деп келтіреді: Түзумен ұрыс, бұзықпен (ұятсызбен) ұстаспа (үстемдеспе, егеспе); яғни айтыссаң түзу, момын адаммен ұрыс, ол түсініп, көтереді, ұятсыз, арыс адаммен таласып, тартыспа, ол өзіңді шерменде етеді, - деп толықтырады. Сонымен қатар, жастардың бақытты болуын тілеп, өмір қысқа, келеді де кетеді, сондықтан әрбір күнді ақылмен пайдаланған жөн», - деп ескерту жасайды.

М. Қашқариді тәлім-тәрбиелік мұрасында тәрбие жайлы жақсылық пен жамандық, шыншылдық пен жалғандық ұғымдарына талдаулар беріледі, кімді батыл, ержүрек, ізгілікті деп санауға болатыны анықталды, мінезді ұят, абырой, әділеттілік секілді сапалары арнайы атап көрсетіледі. Жолдастық, достық, патриотизм ұғымдарына көңіл аударылады. Ата-ана, үлкендер өнегелері, өсиет – уағыздарды, әңгімелер, түсіндіру, сендіру, талап ету, мақұлдау, жазалау, дағдыландыруды ғалым адамгершілікке тәрбиелеудің тәсілдері мен құралдары деп санайды дей келе шығармасындағы мақал-мәтелдерді мысалға ала кетейік:

Тай өссе ат тыныс алады,

Ұл өссе ата тыныс алады.

Кішілік мен кісілік— ұлылықтың белгісі.

Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер.

Ұлым саған айтайын өсиетін дананың:

Білімдіні таны да, соңынан ер, қарағым.

Еріншекке есікте асу көрінен

Жалқауға бұлт та жүк көрінер.

Әдептің басы — тіл. [2],

Дала ғұламасы Баласағұнның «Құдатғу білік» кітабы бұл түрік тілінде жазылған Баласағұнның моральдық-этикалық қағидалары әл-Фарабимен үндесіп жатады. Автор дастанда елді әділ билеушілікті, ақыл-парасат, бақ-дәулетті дәріптейді. Білімділікті алға қоя сөйлейді. Ал, әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы:

«Сәбиінде көкірекке түйгені

Өлгенінше санасында жүреді!

Ұяда не көрсе, соны іледі,

Сүтпен сіңген өле-өлгенше жүреді!» [3], - деген екен.

«Ұятсыз үйден үйдей бәле шығады», «Кісі-өз бақытының қожасы», «жанұшырушылық-топас адамның белгісі», «Білімсіз адам-көр соқыр», - деп келтіреді. «Нағыз білімділік адамгершілік имандылықпен нұрлануы тиіс», - дейді. Жүсіп Баласағұнның бала тәрбиесінде отбасының беріктігі, мемлекет беріктігі; әке мен шешенің ұрпақ алдындағы борышы; ұл мен қызды тәрбиелеу ерекшеліктері; тәрбиенің әдіс-тәсілдері; маман да өнегелі тәлімгерлердің тәрбиелік мәні; тәрбие ісіне бүкіл адамзаттық құндылықтарды пайдалану мәселесін қарастырған.

Біздің заманымыздың 1397 – 1492 жылдар аралығында өмір сүрген Өтебойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» - деген медициналық еңбегі жеті кітап жинағынан құралған бірнеше мыңдаған қол жазбалардан тұрады. «Шипагерлік баян» еңбегі қазақ елінің медициналық тарихи даму ерекшеліктерін баяндайды. Бұл тарихи байлық философиялық және тәжірибелік медицинаның жиынтығы ретінде есептеледі. Ғұлама дене еңбегі туралы жалпы түсінік бере келіп, баланы еңбекке баулуды отбасынан бастау қажет екендігін атап өтеді. Халқымыз ерте заманнан бастап ер бала мен қыз баланың өзіндік тәрбиесіне көңіл бөлген. Баланы бөтен жерге бермей отбасында тәрбиелеу керек. Ақ маңдайлы ұл – қыз туса алдында, үйінде өсіп, бөтен жерде қалдырма. Қолдан ерте шығарсаңыз Сіз егер, Ұлдан қайыр жоқ, үмітті үзе бер. Ғұлама ғалым бабамыздың «Шипагерлік баян» еңбегіне алғаш өз пікірін білдірген қытайлық зерттеуші ғалым Төлеуқан Ыбырайұлы: «Ұлтымыздың тарихында сирек кездесетін, медициналық еңбек әрі ғылымнама тек шипагерлік жағынан ғана емес, ол халқымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, психология, астрономия, этнография,

метрология, әскери ғылым, этика, эстетика, тағы басқа жақтардан да қыруар білім, мәдениет береді. Өнер-білім тарихы ел тарихынан айырылмайды. Ұлтымыз өз тарихында сирек кездесетін ғылымнама «Шипагерлік баян» өз дәуірінің жемісі», – деп әділ бағасын берді [4].

Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы» дастанының мазмұнында адамның мінез-құлық қағидалары, адамгершілік, этика, әдептілік мәселелер өзегін тауып, ғибрат сөздермен көмкеріледі.

А. Жүйнеки әдепті, мағыналы сөйлей білуге, өтірік-өсек айтпауға, сыр сақтай білуге, босқа сөйлемеуді ғибраттай келе әдептіліктің басы — тілге сақ болу деп үйретеді:

Білімдіден қалған бір сөз тағы бар:

Әдептіге «үндемес» ат тағылар.

Тіліңді тый — сонда тісің сынбайды,

Жөнсіз шыққан тілден тісің қағылар.

Сөз есепсіз — тіліңді тый, тарт, ұста,

Тыймаған тіл басыңа сор әр тұста.

Есепті сөз — ер сөзінің асылы,

Мылжың тілді «жау» — деп ұғын тартыста.

Ақылды ма көп сөйлеген күбіне,

Талай бастың тіл жетті ғой түбіне.

Оқ жарасы жазылады, бірақ та,

Тіл жарасы жазылмайды: түбі не? – деп философиялық сұрақ қою арқылы тілді тыйып ұстау — әдептіліктің, білімділіктің белгісі деп түсіндірген [5].

Ыбырай Алтынсаринның қандай шығармасын алсақ та ұлттық бағытты сезінеміз. Мысалы: «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде екі баланың мінез – құлықтарын сипаттай отырып, халықтың өмірі, салт- дәстүрімен оқырманды таныстыру барысында жазық далада балалардың жүрген соқпақ жолымен көш соңынан қиялыңды жетелейді. Мағжан Жұмабаевтың «Бесік жыры», «Ана», Бөбектің тілегі» шығармалары бүтіндей бір халықтың тұрмысын анықтағандай болады. Міржақып Дулатовтың еңбектерін қазақ елінің әдет- ғұрпы, салт – дәстүрі, жол - жоралғысы, тәлім тәрбиесі мен үлгі - өнегесі туралы ұстанымдары мен талғамдарына негіздеген дүние ретінде қарастыруға болады. Оған мысал балаға есеп шығарумен қатар, халықтың салт- дәстүрін, әдет – ғұрпын танып, білуге үйрететін «Есеп құралы» атты еңбегі.

Бұл мәселелер елімізде қабылданған «Мәдени мұраны» дамыту бағдарламасының шараларымен үйлесімділігін табуда. Сонымен қатар өткен тарихымыздың құндылықтарын жинап, зерттеуге, қалпына келтіру мен оны сақтауға, қорғауға, толықтыруға үлкен мән берілуі - тәуелсіз еліміздің даму үдерісін жоғары дәрежеге арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан рухани шараларға қатысты философия мен мәдениеттің өркендеуіне сара жолдың ашылуы деп түсінеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Астана: Елорда, 2008.

2.Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-иттүрк):– Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.

3. Баласағұн Ж. Құтты білік.- Алматы: Жазушы, 1986.- 175б.

4. Мұсаұлы А. Өтебойдақ – қазақ хандығының алғашқы бас шипагері. «Қазақстан - Zaman» газеті, 10.02.2011

5. Иүгінеки А. (2006). Ақиқат сыйы// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. Астана: «Фолиант»

ОҚУШЫЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

САМАЛ А.Б.

магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

АННОТАЦИЯ. В статье описаны концепция психолого-педагогической поддержки, источники психолого-педагогической поддержки в нашей стране, задачи и условия психолого-педагогической поддержки инклюзивного образования студентов, проблемы в организации системы поддержки

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психолого-педагогическое сопровождение, инклюзивное образование, дети с особенными потребностями, организация инклюзивного дошкольного образования.

ABSTRACT. The article describes the concept of psychological and pedagogical support, examines the history of the emergence of psychological and pedagogical support in our country, defines the tasks and conditions of psychological and pedagogical support for inclusive education of schoolchildren, the problems of organizing a support system.

KEYWORDS: psychological and pedagogical support, inclusive education, children with special educational needs, inclusive preschool education

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру жағдайында балаларды психологиялық-педагогикалық қолдамәселесізекті болып табылады. Орыс ғылымына психологиялық-педагогикалық қолдау терминін О. С. Газман ХХ ғасырдың 90-жылдарының ортасында енгізген. Зерттеушінің пікірінше, психологиялық-педагогикалық қолдау-бұл сәтті оқыту мен психологиялық денсаулықтың шарты болып табылатын процесс. Мұғалімнің бұл қызметі балаларға жеке мәселелерді (дене және психикалық дамудың қиындықтарымен байланысты) шешуге, өмірдің өзін-өзі анықтауға, тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруға және оқуда нақты көмек көрсету үшін қажет[1].

Сүйемелдеу ұғымы жалпы түсіну деңгейінде адамның өмір жолында, әртүрлі жеке және әлеуметтік жағдайларда осы адамның дамуына белсенді әсер ететін айналасындағы адамдармен әлеуметтік өзара әрекетін білдіреді [2; 12]. Қолдаудың сипаты адамдардың әлеуметтік ортада бір-біріне қатысты уақыт, кеңістік және оларға тән рөлдерге сәйкес жүзеге асырылатын бірлескен іс-әрекеттерінің ерекшелігіне байланысты болады.

Педагогикалық сүйемелдеу оқушының өзін-өзі анықтауына және тұлғалық дамуына ықпал ететін білім беру процесі субъектілерінің көп деңгейлі өзара іс-қимылы ретінде түсініледі. Бұл білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілі, ол оқушының білім берудің әртүрлі жағдайларында оңтайлы шешімдер қабылдауына жағдай жасауды қамтамасыз етеді [3].

Михальченко К.А. білім беру процесі субъектілерінің тұтас, интегративті жүйелі қызметі ретінде сүйемелдеу идеясын қолдай отырып, мынадай қызмет компоненттерін бөліп көрсетеді: баланың жеке даму динамикасын жүйелі түрде қадағалау; жеке басының дамуына, олардың табысты оқуына жағдай жасау [4; 47]. Автор оқушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеруге қабілетті оқу процесін құрудың икемді схемаларын әзірледі, сүйемелдеуді жүзеге асыру қажеттілігіне назар аударады.

Аталған проблемалар кешенін шешуде сүйемелдеу бағдарламаларының жеке-бағдарланған және жүйелік-бағдарланған сынды екі түрі пайдаланылуы мүмкін. Жеке бағдарланған сүйемелдеу белгілі бір тұлғаның мәселелерін шешуге бағытталған, жүйелік бағдарланған сүйемелдеу адамдардың үлкен тобына тән проблемалардың пайда болуын болдырмауға немесе шешуге арналған.

Жүйелік-бағдарлы сүйемелдеудің мақсаты оқушыларға жаңа білім беру кеңістігін игеруге және түсінуге көмектесу болып табылады. Мұндай сүйемелдеу бағдарламасы жаңа әлеуметтік

рөлді, жаңа жетекші қызмет түрін меңгеру және жеке қабылдау үшін жағдай жасауды; даралықты іске асыру, шығармашылық өзін-өзі көрсету, кәсіби мағыналарды әзірлеу үшін жағдай жасауды қамтиды.

Жеке бағдарланған сүйемелдеу әр оқушының жеке, дара, физикалық ерекшеліктерін зерттеумен және осы негізде оқушының жеке кеңістігін өзін-өзі ұйымдастыру арқылы ішкі тұлғалық өсуін қамтамасыз етумен байланысты.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің келесі компоненттерін анықтауға болады:

1. Мотивациялық (жаңа әлеуметтік рөлді игеру – ЖОО студенті, кәсіби қызметтің таңдалған бағытына құндылық қатынасын қалыптастыру).

2. Когнитивті (оқу жоспары пәндерін оқу кезінде жалпы мәдени, жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттерді игеру, практиканың әртүрлі түрлерінен өту нәтижесінде кәсіби іскерлік пен кәсіби қызмет тәжірибесін алу).

3. Рефлексивті (кәсіби қызметтегі өзін-өзі анықтау, жұмысқа орналастыру)[5].

Ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі ережелері, принциптері мен идеялары шетелдік гуманистік психологияның прогрессивті идеяларына сәйкес келеді (И.Блумер, М.Кун, А.Маслоу, Дж. Мид, Г.Олпорт К.Роджерс), ынтымақтастық педагогикасы (Ш.А Амонашвили, В.И.Волков және т. б.), ресейлік психология (Е.В.Бондаревская, Р.Л.Кричевский, С. В Кульневич, И.А.Якиманская және т. б.). Оған сәйкес, сүйемелдеудің маңызды сипаттамалары, ең алдымен, мүгедек баланы сүйемелдеуге қатысты, оның ұзартылуы, процедуралық, түзетілмеуі, қатысушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің ерекшелігі, адамның нақты жағдайына ену, субъектінің өз бетінше таңдау жасау және оған жауапкершілік алу құқығы, субъектінің ішкі даму әлеуетіне сүйену басымдығы («жетістік педагогикасы») [6; 8, 9].

Ерекше білімді қажет ететін балалар арасында білімдегі олқылықтар және қабылдаудың, оқу материалын өңдеудің өзіндік ерекшеліктері, қарым-қатынас тапшылығы, социумдағы нашар бағдарлану, сұранысқа ие емес, немқұрайлы қарау әдеті, өз мүмкіндіктері туралы жоғары түсінік және т.б. Бұл факторлар оларды мектептегі білім беруден оқшаулауға себеп бола алмайды, бірақ инклюзивтік білім беру процесінде білім алушылардың осы санатын әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді талап етеді (мазмұнын, ұйымдастыру нысандарын және іске асыру жағдайларын анықтау және т. б.).

Сүйемелдеу-табысты даму болып табылады. Даму субъектісінің өмірлік (кәсіби) таңдаудың әртүрлі жағдайларында оңтайлы шешімдер қабылдауы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын қызмет (тұтас, жүйелі-ұйымдастырылған). Сүйемелдеу еріп жүрушінің және еріп жүрушінің өзара әрекеттесуінің күрделі процесі ретінде қарастырылады, оның нәтижесі еріп жүрушінің дамуындағы прогреске әкелетін шешім мен іс-әрекет болып табылады.

Сүйемелдеу дегеніміз даму субъектісінің өмірді таңдаудың әртүрлі жағдайларында оңтайлы шешімдер қабылдауы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін әдіс.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу:

1) Педагог-психологтың, мұғалімдердің, мектепәкімшілігінің, сынып жетекшілерінің т.б. тұтас, жүйелі-ұйымдастырылған қызметі, оның барысында мектепте оқитын Ерекше білімді қажет ететін балалардың табысты оқуы, психологиялық дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады;

2) Ерекше білімді қажет ететін балалардың жеке дамуын, оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуін, психодиагностикалық рәсімдердің көмегімен кәсіби қалыптасуын, орын алған проблемалар мен қиындықтарды шешу бойынша консультациялық көмекті, психопрофилактиканы зерделеуге, дамытуға және түзетуге бағытталған мамандардың қызметі жатады.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау мектептің білім беру процесінің құрылымына байланысты, оның мақсаттарымен, құрылысымен, мазмұнымен және әдістерімен анықталады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау білім беру интеграциясы жағдайында оқудағы қиындықтарды жеңуге, сондай-ақ табысты дамуға, әлеуметтік және психологиялық бейімделуге, өзін-өзі жүзеге асыруға, денсаулықты нығайтуға, білім алушылардың құқықтарын қорғауға көмек көрсетумен байланысты. Психологиялық-педагогикалық қолдау психологиялық өтемақы, оңалту, әлеуметтік-психологиялық бейімделу және білім беру кеңістігіне ену процестерін қамтамасыз етеді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге оқу процесінің кестесі мен іс-шаралардың орындалуын бақылау, психологиялық консультация беру, жеке консультацияларды ұйымдастыру, жеке оқу жоспарлары мен оқытудың жеке кестелері, оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету кіреді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың процесс ретіндегі табыстылығы келесі шарттармен анықталады:

1) психологиялық және әлеуметтік-психологиялық бейімделу процестерінің өзара әрекеттесуі және өзара араласуы;

2) ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық кеңістік, жұмыс және демалыс режимі жағдайында олардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу процесін арнайы педагогикалық қолдау және ұйымдастырушылық - әдістемелік қамтамасыз ету [6; 78].

Психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі бір жағынан диагностиканы, консультацияларды, тренингтерді және психологиялық жұмыстың басқа да нысандарын біріктіреді, екінші жағынан, білім беру процесінің барлық субъектілерін сүйемелдеуді қамтиды: ерекше білімді қажет ететін балалар, олардың ата-аналары, мұғалімдер, сынып жетекшілері және т. б.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу диагностиканы, кеңес беруді, дамыту-түзету жұмыстарын жүргізуді; проблемалық жағдайларды жүйелі талдауды; білім беру процесінің барлық субъектілерін шешуге және бірлесіп ұйымдастыруға бағытталған қызметті бағдарламалау мен жоспарлауды; осы функциялардың барлығын үйлестіруді көздейді. Психологиялық-педагогикалық қолдау субъектілері - қызметтің жалпы мақсатына жету аясында психологиялық-педагогикалық қолдау функцияларын жүзеге асыру процесінде белсенді өзара әрекеттесетін, ерекше білімді қажет ететін оқушылар.

Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың (дефектолог, психолог, әлеуметтік педагог, тьютор және т.б.) қызмет жүйесі ретінде мыналарды қамтиды: ерекше білімді қажет ететін және шартты нормативтік дамуы бар білім алушылар, олардың ата-аналары, сондай-ақ инклюзивті практикаға қатысатын педагогтар.

Сүйемелдеу қызметінің мамандары өз қызметін психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиялардың (ППМК) ұсынымдары негізінде жүзеге асырады, олар ДМШ бар бала үшін білім берудің арнайы жағдайларын жасау кезінде міндетті есепке алуға жатады. Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың қазіргі теориялық тәсілдерінде негізгі назар қалыпты дамуы бар балаларды және психофизикалық даму ерекшеліктері бар балаларды бір сыныпта (топта) біріктіру соңғысының сынып (топ) өміріне толық қатысуына ықпал ететін әрекеттер жүйесін құру қажет екендігіне аударылады.

Аталған проблема бойынша ғылыми жұмыстар мен педагогикалық практиканы талдау білім беру ұйымындағы инклюзивті процесті психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: жүйелілік; диагностика мен түзетудің бірлігі; жеке тәсіл; білім беру процесіне барлық қатысушылардың оң эмоционалды көңіл-күйін қамтамасыз ету; сүйемелдеу мамандарының командасындағы пәнаралық өзара іс-қимыл [7; 112]

Педагог-психологтың жұмысы ерекше білімді қажет ететін балалар туралы деректерді жинаудан және баланың ерекшеліктері, психикалық процестердің жүру ерекшеліктері (зейінді, есте сақтауды, ойлауды зерттеу) анықталатын диагностикалық кезеңнен басталады; әлеуметтік - тұрмыстық бағдардың қалыптасуы, даму деңгейі, эмоционалды-сауық саласының

ерекшеліктері. Бұл кезеңде ерекше баланы оқыту мен тәрбиелеуде көмек пен қолдау көрсету, дағдарыс жағдайында қолдау көрсету мақсатында мұғалімдер мен ата-аналарға психологиялық кеңес беріледі. Ата-аналар түзету бағдарламаларының ерекшеліктерімен танысады. Мұғалімдер ерекше баламен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар алады.

Әр балаға жеке психологиялық қолдау картасы жасалады. Онда бала туралы барлық жеке мәліметтер бар. Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның (ПМПК) ұсынымдары негізінде жеке түзету бағдарламасы жазылады.

Әрі қарай балалармен келесі түзету-дамыту бағдарламалары бойынша жұмыс жүргізіледі:

- "Психомоториканы және сенсорлық процестерді дамыту": моториканы және графомоторлық функцияларды дамыту; тактильді-моторлық қабылдау, кинестетикалық және кинетикалық даму; есту қабілетін дамыту, кеңістікті қабылдау, уақытты қабылдау;

- Кеңістіктік бағдарлау: сақталған анализаторларды дамыту; микро кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту; пәндік және кеңістіктік көріністерді қалыптастыру, тұйық және бос кеңістікте бағдарлауды оқыту; заттар мен бағдарларды тексеру кезінде дұрыс қалып пен қимылды қалыптастыру; көрушілермен бірлескен бағдарлау ;

- Ерекше білімді қажет ететін балалардың эмоционалды-еріктік саласын дамыту. (мимика бойынша көңіл-күйді тану; пантомимика және дауыс интонациясы бойынша эмоциялар; эмоциялар мен әрекеттердің айырмашылығы неде; эмоциялар қарқындылығы; эмоциялармен білдіру және т. б.)

- Жалпы интеллектуалдық дағдыларды қалыптастыру; зейінді, есте сақтауды дамыту; жеке саланы дамыту; оқу мотивациясын қалыптастыру.

- Танымдық процестерді дамыту-сабақтың негізгі мазмұны баланың танымдық, эмоционалды саласын дамытуға бағытталған ойын-сауық жаттығулары болып табылады.

- Қарым-қатынас қабілеттерін дамыту-бір-бірімен, ата-ана мұғалімдерімен тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға қажетті әлеуметтік және коммуникативті дағдыларды дамыту.

Баланы білім беру мекемесінде ерекше білімді қажет ететін балалармен түзету жұмыстары кезінде жалпы принциптер мен ережелерді талап етеді:

1. Әр оқушыға жеке көзқарас.

2. Әртүрлі құралдарды қолдана отырып, шаршаудың алдын алу (ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттің ауысуы, материалды аз мөлшерде ұсыну, қызықты және түрлі-түсті дидактикалық материалдар мен визуализация құралдарын қолдану).

3. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіретін әдістерді қолдану (ойын жағдайлары; заттардың түрлік және тектік белгілерін іздеумен байланысты дидактикалық ойындар; басқалармен қарым-қатынас жасау білігін дамытуға ықпал ететін ойын тренингтері; олардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамытатын және қажетті оқу дағдыларын қалыптастыратын бұлшықет түйілулері мен қысылуларын жоюға мүмкіндік беретін психогимнастика және релаксация).

4. Педагогикалық әдептіліктің көрінісі. Кішігірім жетістіктер үшін үнемі ынталандыру, әр балаға уақтылы және тактикалық көмек көрсету, оның өз күштері мен мүмкіндіктеріне деген сенімін дамыту.

Осылайша, психологиялық-педагогикалық қолдаудың кең ауқымы оны білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Білім беру мақсаттары туралы идеялардың кеңеюі, оның ішінде Даму, тәрбиелеу, оқыту мақсаттары ғана емес, сонымен бірге барлық балалардың физикалық, психикалық, психологиялық, моральдық және әлеуметтік денсаулығын қамтамасыз ету психологиялық-педагогикалық қолдау теориясы мен практикасының қарқынды дамуын анықтайды.

Әдебиеттер:

1. Газман О.С. Воспитание и педагогическая поддержка детей в образовании// География в шк. - 1997. - N 4. - С. 48-58.

2. Айдарбекова А.А., Ермакбаева Л.К., Дербисалова Г.С., Самигулина З.Р. Формирование социальной компетентности детей с ограниченными возможностями, обучающихся в инклюзивной (интегрированной) среде <http://special-edu.kz/>

3. Бережнова, Л. Н. Полифункциональность сопровождения развития в педагогическом университете / Л.Н. Бережнова, В.И. Богословский//Вестник Московского университета. Серия 20, Педагогическое образование: науч. журн./ Моск. гос. ун-т им. М. В. Ломоносова. - М.,2003 г. № 2 С.26-64

4. Михальченко К.А. Инклюзивное образование — проблемы и пути решения / К. А. Михальченко//Теория и практика образования в современном мире: материалы междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, февраль 2012 г.). — СПб.: Реноме, 2012

5. Мовкебаева З. А., Денисова И. А., Оралканова И. А., Жакупова Д. С. Инклюзивное образование. Учебное пособие для ВУЗОВ. — Алматы, 2013. — 200 с.

6. Организации агрессивного образования для детей с ограниченными возможностями здоровья: Учебное пособие / Отв. Ред. С.В. Алехина, Е.Н. Кутепова. - М.: МГППУ, 2013.

7. Педагогика и психология инклюзивного образования: учебное пособие/Д.З. Ахметова, З.Г. Нигматов, Т.А. Челнокова, Г.В. Юсупова и др. – Казань: Изд-во «Познание» Института экономики, управления и права, 2013. – 204с.

ПСИХОЛОГТЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

САНГИЛБАЕВ О.С.

*психология ғылымдарының докторы, профессор
ТҰРАН университеті, Алматы қ.*

АННОТАЦИЯ. В работе рассмотрена проблема подготовки психологов через анализ ГОСО педназначенный для данной специальности, и сделан вывод о том, что качество образования определяется целым рядом параметров: образованности (наличие объема знаний, умений и навыков по рассмотренным учебным дисциплинам) и организации прохождения учебного плана, форм отчетности и др.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психолог, личность, деятельность, стандарт, виды учебных занятий, фундаментальные дисциплины, прикладные дисциплины.

ABSTRACT. This work is directed to the problem of psychologist's preparation through the theory of Governmental Educational Standard, which is aimed for this profession, and there is made next conclusion: the quality of education is defined by a variety of parameters: accomplishments (knowledge, skills, experience in the following discipline) and organization of passing the academic plan, forms of reporting, etc.

KEYWORDS: psychologist, personality, activity, standard, types of training, fundamental disciplines, applied disciplines

Білім беру жүйесінде психолог мамандарды дайындау, өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Біздің жұмысымызда түрлі салаларға қажетті психолог маманды дайындауда оқу іс-әрекетін белгілі бағдарламамен ұйымдастырудың жоба нұсқасы талданды, яғни аталған мамандыққа дұрыс бағдарлау мақсатында.

Психологтарды кәсіби дайындау Мемлекеттік білім беру стандартының мамандығына сәйкес негізделіп құрастырылатын жоғары оқу орнының бағдарламасы бойынша анықталады. Оқытудың құрамына теориялық және практикалық оқу іс-әрекеттері, негізгілері ретінде *дәрісбаяндар, семинарлар және тәжірибелік практикумдар*, солармен қатар *практиканың* түрлері деенгізіледі. Студенттердің оқу іс-әрекеттерінде семинарға және тәжірибелік дәрістерге, ғылыми әдебиеттермен танысуда, рефераттар жазуда үлкен өзіндік жұмыстар атқаруды талап етеді. Оқу жылы екі семестрге (оқу үрдісін дәстүрлі жүйемен ұйымдастырғанда) бөлінеді. Әр семестрдің соңында емтихандық сессияда студенттер өткен

пәндері бойынша сынақтар мен емтихандар тапсырады. Кейбір жағдайларда оқу үрдісін триместрлік жүйемен ұйымдастырады, мұнда жылына үш семестр оқып, сынақтар мен емтихандарды үш сессия бойында тапсырады. Сессиялардан кейін студент дем алуға құқықты.

Университеттегі немесе институттағы оқыту үрдісінде болашақ маман-психолог теориялық білім алып, практикалық икемділіктері мен дағдылары, яғни кәсіби бағыттылығы қалыптасады, психологтың кәсіби қолданылатын салаларымен танысады. Оқытудан басқа жоғары білім алу мерзімінде оның тұлғалық дамуы да өседі.

Жоғары оқу орнында оқыту кезінде студент-психолог кең аумақты гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, математикалық, жаратылыстану ғылымдар саласы мен психологиялық пәндерді оқиды.

Қазақстанда психологиялық мамандықтар мен бағыттылықтарға байланысты жоғары білім беруде гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан негізделген дайындықтар жүргізеді. Осыған байланысты оқу пәндерінің тізімінде философия, логика, этика (әден), эстетика, экономика, шет тілі, тарих, құқықтану, әлеуметтану, педагогика, саясаттану сияқтылар бар.

Жаратылыстану ғылымдары мен математикалық дайындаудың студент-психологты оқытуда маңызы зор. Осыған байланысты келесі пәндерді де оқиды *қазіргі жаратылыстану тұжырымдары, орталық жүйке жүйенің анатомиясы мен физиологиясы, жоғары жүйке іс-әрекетінің (қызметінің) физиологиясы, антропология, математика, ақпараттық және есептеу техникасы, психологиядағы математикалық әдістер.*

Психологиядан дайындық көптеген түрлі пәндерді қосады. Бұларды психологтың кәсіби дайындығы бойынша атқаратын міндеттеріне байланысты, келесі топтарға бөлуге болады:

- 1) *фундаменталды психология пәндері,*
- 2) *психологиялық зерттеулердің методологиясы (әдіснамасы) және әдістері,*
- 3) *қолданбалы психология пәндері,*
- 4) *практикалық (тәжірибелік) психология пәндері,*
- 5) *педагогикалық пәндер.*

Фундаменталды психология пәндеріне: *психологияға кіріспе, психологияның биологиялық негіздері, зоопсихология және салыстырмалы психология, жалпы психология, тұлға психологиясы, дифференциалды психология, жас ерекшелігі психологиясы, әлеуметтік психология, психология тарихы*[1].

Бұл пәндерді оқу үрдісінде талапкерлер кез-келген іс-әрекет аумағында ғылыми-зерттеу және практикалық психологиялық жұмыстарын кәсіби біліктілікке қатысты психологтың жалпы психологиялық білімдерін алады.

Психологиялық зерттеулердің методологиясы (әдіснамасы) мен әдістерін игеруде болашақ маман-психолог келесі пәндерді оқиды: *психологияға кіріспе, жалпы психология, психологиялық практикум, психологиялық зерттеу әдістері, эксперименталды психология, психодиагностика, психологиядағы математикалық әдістер.* Жеке психологиялық мәселелер және психология салалары үшін психологиялық зерттеу әдістерін басқа да көптеген психологияның фундаменталды және қолданбалы курстарында оқиды. Оларды оқуда талапкер әдіснамалық мәселелерді, психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізуді, ғылыми әдістер мен ғылыми-тәжірибелік эксперименттерді игереді. Мұндай білімдер мен икемділіктер маман-психологқа ғылыми-зерттеу және практикалық психологиялық жұмыстарды орындауда қажет.

Негізгі қолданбалы психология пәндеріне: *клиникалық психология, педагогикалық психология, еңбек психологиясы, басқару психологиясы* тіркелген. Бұларды оқуда талапкер психологиялық білімдерді кәсіби іс-әрекеттің жеке салаларында және өміртіршілігіндегі мәселелерді шешудің жолдары мен тәсілдерін қолдануды үйренеді. Мұндай білімдер талапкер-психологтың жалпы психологиялық эрудициясын және болашақ маманданатын кәсіби іс-әрекетінің саласын таңдауға септігін тигізеді.

Практикалық психология пәндеріне: *психодиагностика, психологиялық кеңес беру (консультация), психотерапия, арнайы психология, психокоррекция*. Бұларды оқу үрдісінде талапкерлер практикалық жұмысқа қажет білімдер мен икемділіктерді игереді.

Педагогикалық пәндер қатарына: *тарих пен философия, педагогика, психологияның оқыту әдістері* енгізілген. Бұл пәндерді оқу арқылы түрлі типті оқу орындарында психологиядан дәріс беруге маманданады.

Аталған пәндер тізімі маман-психологтың міндетті түрде оқуға тиісті пәндік аумақтарын сипаттайды. Нақты оқу пәндері және олардың атаулары, соларға сәйкес білім стандарттары мен жоғары оқу орнындағы оқу бағдарламасымен анықталады.

Міндетті оқылатын пәндермен қатар жоғары оқу орындарының кафедралары талапкерлердің таңдап оқуына арналған курстары мен жоғары оқу орнының енгізген мамандануға бағдарлы пәндері ұсынылады. Олар бағытталған:

1) жеке тақырыптар бойынша психологиялық білімдерін кең өрісті, әрі терең қалыптастыру үшін,

2) қолданбалы мәселені шешуде қажет білімдерді пайдалануды игеру үшін,

3) психологиялық зерттеулерді үйреніп дағдылану үшін,

4) практикалық (тәжірибелік) жұмыстарды үйреніп дағдылану үшін.

Курстық және дипломдық жұмыстарды орындауда, талапкер-психолог психологиялық зерттеу жүргізуді немесе практикалық психологиялық жұмысты орындауды үйренуі тиіс. Мұнда үйренудің келесі үш типі игеріледі:

1. Ақпаратты іздеп және реферативті типті ғылыми ойларды құрастырып өңдеуге үйренеді.

2. Эмпирикалық зерттеулерді жоспарлап жүргізуге және нәтижесін өңдеуге үйренеді.

3. Практикалық психология аумағында жоспарлауды, инновациялық жұмысты жүргізуге және нәтижелерін құрастыруға үйренеді.

Оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша рефераттар орындау талапкердің келесі негізгі икемділіктерін дамытады:

- берілген тақырып бойынша ақпарат іздеу;

- зерттелетін мәселені толық қамтуға қажет мәнді ақпаратты таңдау, ол ақпаратты екінші қатардағы ақпараттардан бөліп (берілген тақырып аумағында) алу;

- мәселе бойынша білімдерді және зерттеулерді талдау және біріктіру;

- зерттеу мәселесі бойынша ақпараттарды қорытындылау мен сараптау;

- тақырыпты логикалық және белгілі ретпен ашу;

- мәселе бойынша психологиялық білімдерді жалпылау және әдебиеттерден шолу

жасалған материалдардан қорытынды құрастыру;

- реферативті типті ғылыми ойларды стилистикалық дұрыс өңдеу;

- ғылыми реферативті мәтінді сауатты өңдеу;

- ғылыми жұмысты дұрыс өңдеу.

Эмпирикалық ғылыми-зерттеу жұмысын орындауда талапкер келесілерді үйренуі тиіс:

- эмпирикалық зерттеудің өзектілігі мен жаңалығын негіздеуге;

- эмпирикалық зерттеудің пәні мен нысанын анықтауға;

- эмпирикалық зерттеудің мақсаты мен міндеттерін құрастыруға;

- эмпирикалық зерттеудің болжамын құрастыруға;

- эмпирикалық зерттеуді жоспарлауды және алынатын нәтижелеріне сенімділікті

жорамалдауға;

- эмпирикалық зерттеу болжамын тексеретін әдістерді және әдістемелерді таңдауға;

- эмпирикалық зерттеулердің әдістемелерін практикалық игеру ғылыми-зерттеу міндетін шешетін құрал ретінде;

- эмпирикалық зерттеулерден алынғандарды сандық (статистикалық) өңдеуді;

- эмпирикалық зерттеулерден алынғандарды сапалық өңдеуді;

- эмпирикалық зерттеудің үрдістері мен нәтижелерін толық, стилистикалық дұрыс және

сауатты сипаттап, сенімді дәлелдеуді;

- эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерін талқылауды (интерпретациялауды);
- эмпирикалық зерттеулер нәтижесінде алынғандар бойынша қорытынды мен оларды пайдалануға нұсқаларды құрастыруды;
- ғылыми жұмысты дұрыс өңдеуді.

Практикалық психология аумағында дайындықты құрастыруда, талапкер келесілерді үйренуге тиіс:

- жұмыстың бағытталған міндеттерінің өзектілігін негіздеуді;
- практикалық психологиялық жұмыстың пәні мен нысанын анықтауды;
- құрастырылатын әдістеменің бағытталған мақсаты мен міндеттерін құрастыруды;
- құрастырылатын немесе бейімделетін әдістеменің жаңалығын сипаттауды;
- практикалық психологиялық жұмыстың әдістемелерін құрастырудың (немесе бейімдеудің) негізгі кезеңдерін жоспарлауды және әр кезеңінде шешілетін міндеттерді түсінуді;
- практикалық психологияның қоятын міндеттерін шешетін әдістер мен әдістемелерді таңдауды;
- психодиагностикалық, кеңес беру (консультация), психотерапия, коррекциялық, дамытатын психологиялық жұмысты немесе психологиялық ескерту және психологиялық сауаттандыру (ағартушылық) әдістемелерін практикалық игеруді;
- өткізілген жұмыстың нәтижесін сандық (статистикалық) өңдеуді;
- өткізілген жұмыстың нәтижесін сапалық өңдеуді;
- толық, стилистикалық дұрыс және практикалық психологиялық жұмыстың үрдістері мен нәтижелерін сауатты сенімді дәлелдермен сипаттауды;
- өткізілген практикалық психологиялық жұмыстардың нәтижесін сапалық және сандық (статистикалық) талдау, оны талқылауға ұсынуды;
- практикалық психологиялық жұмысқа өңделген әдістеменің жаңалығы мен арнайылығын, қолданудың қорытындысын, қолдану мүмкіндіктері мен шектеулерін сипаттап, оларды қолдануға нұсқалар дайындауды;
- жұмысты сауатты өңдеп құрастыруды.

Талапкерлерді практикалық дайындауда практиканың келесі түрлерінің: оқу, педагогикалық, өндірістік, ғылыми-зерттеу және квалификациялық (кәсіптік) маңызы зор:

- дара және біріккен іс-әрекеттерге мақсат қойып, міндеттерді құрастыруды игеру, жұмыстағы әріптестерімен кооперацияланудың;
- теориялық білімдерін бекітіп және оларды практикалық қолдануға дағдыланудың;
- практикалық міндеттерді шешу дағдыларына үйренудің;
- психологтың кәсіби бағытын, дүниетанымын, жүріс-тұрыс стилін, кәсіптік әдептілікті қалыптастырудың;
- түрлі кәсіптік мекемелердегі психологтың арнайы іс-әрекеттерімен танысудың [2].

Жоғары оқу орнын бітірерде талапкер мемлекеттік қорытындылау аттестациясын өтеді.

Маманның қорытындылау мемлекеттік аттестациясы *квалификациялық (кәсіптік) бітіру жұмысы* және *мемлекеттік емтихан* арқылы теориялық дайындығы мен кәсіби міндеттерді шеше алуға дайындығын анықтауға арналады.

Квалификациялық бітіру жұмысы шектеліп қорытындыланған құрастыру арқылы, эмпирикалық немесе теориялық зерттеулердің нәтижелерін, немесе негізделген коррекциялық, тренингтік немесе диагностикалық әдістемелердің дәлелді жобасы бола алады. *Дипломдық жұмыс* талапкердің кәсіптік эрудициясының, оның әдістемелік дайындығының, кәсіби іс-әрекеттерге байланысты икемділіктері мен дағдыларының деңгейлерін анықтайды.

Мемлекеттік емтихан талапкердің жалпы кәсіби базалық және арнайы пәндер аумақтарына байланысты, психологтар ұжымында және өзінің кәсіби міндеттерін орындауға, сонымен қатар әрі қарай білімін жетілдіруге негіз болатын білімдерін бекітуге бағдарланған. Бітіру емтиханы талапкердің нақты функционалдық мүмкіндіктерін, оның өздігінше алған білімдер негізінде пікір айту қабілетін тексереді.

Егер психология оқу бағдарламасы бойынша қосымша мамандық болса оқу уақыты мен талапкерлердің оқитын пәндерінің саны азаяды. Оның нәтижесінде бітірушілер өзінің негізгі мамандығы бойынша қосымша мамандығымен салыстырғанда жоғары дайындалады. Әрине психолог болып іс атқару мүмкіндігі де мұндай жайтта төмендейді.

Дипломнан кейінгі психологиялық білім алу мүмкіндіктері магистратура, аспирантура, білімді жетілдіру курстары т.с.с. арқылы жүзеге асырылады.

Әрине түпкілікті психологиялық білім жоғары оқу орындарындағы психолог мамандарын дайындайтын бөлімдерінде ғана алынады.

Көптеген жоғары оқу орындарында маман-психологты дайындауда жоғарыда талданған жүйе орындала бермейді, сондықтан да кейбір бітірушілер кәсіби міндеттерін атқаруда түрлі қиындықтар мен кедергілерге кездесуде. Аталған мәселелердің негізгілерін шешу мақсатында Абай атындағы ҚазҰПУ-інде психология институты ашылған. Онда білімін теориялық және практикалық жетілдіруге мүмкіндік бар.

Әдебиеттер:

1. Забродин Ю.М. Модернизация психолого-педагогического образования как стратегический ориентир разработки профессионального стандарта педагога-психолога // Психологическая наука и образование. - М., 2014. Т. 19, № 3. - С. 58-73.

2. Практическая психология образования // Под ред. И. В. Дубровиной. -СПб. : Питер, 2009. - 592 с.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПСИХОЛОГОВ В КОМПАНИЯХ

САНГИЛБАЕВ О.С.

доктор психологических наук, профессор,

ВАСЬКО Т.П.

PhD доктор психологии

Университет ТУРАН, г.Алматы

АННОТАЦИЯ. В работе анализированы значение психолога в компании и предложены функциональные компетенции которые определяют человеческие ресурсы как самый ценный актив организации, так как именно персонал коллективно и индивидуально вносит большой вклад в решение поставленных перед компанией задач.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: компания, организация, психолог, функциональные компетенции, топ-менеджмент.

ABSTRACT. The paper analyzes the importance of the psychologist in the company and offers functional competencies that define human resources as the most valuable asset of the organization, since it is the staff collectively and individually that makes a great contribution to the solution of the tasks set for the company.

KEYWORDS: company, organization, psychologist, functional competencies, top management.

Следует заметить, что сейчас в компаниях, организации присутствие психолога вызывает противоречивые чувства и настроения персонала.

Это порой наталкивает на мысль, что в компании грядут перемены, и они могут затронуть нормальную рабочую атмосферу, могут быть связаны с кризисом или желанием сократить персонал.

В данной работе мы попытались рассмотреть тему важности психолога в штате современных компаний.

Это свидетельствует о его актуальности в настоящее время. Считаем предлагаемый вопрос о важности психолога в организациях на современном этапе развития рыночных отношений.

Следует заметить, что сегодня иметь штатного психолога – это современно и рационально для компании.

Итак, существует компания «Раушан», которая разрабатывает дизайн-проекты для крупных заказчиков. И вот одному заказчику неоднократно не нравятся предлагаемые варианты проектов, но и четко выразить свои пожелания он не может.

Вот в этой ситуации и был бы кстати психолог в компании «Раушан».

Значение психолога в компании определяет также известный американский психолог М. Армстронг, который пишет, что человеческие ресурсы – это самый ценный актив организации, так как именно персонал коллективно и индивидуально вносит большой вклад в решение поставленных перед компанией задач [1].

Следует заметить, что сейчас в компаниях присутствие психолога в организации вызывает противоречивые чувства и настроения персонала.

Это порой наталкивает на мысль, что в компании грядут перемены, и они могут затронуть нормальную рабочую атмосферу, могут быть связаны с кризисом или желанием сократить персонал.

Причина такого отношения кроется в том, что сотрудники не понимают необходимость психолога в штате компании, его роль и круг ответственности и решаемых вопросов.

Поэтому очень важно понимание роли психолога и донесение этого понимания до каждого сотрудника.

На наш взгляд в качестве функциональных компетенции психолога в компании или на предприятий можно предложить следующее содержание (таблица-1).

Таблица 1 - Функциональные компетенции психолога в компании (предприятий)

№ п/п	Функциональные компетенции психолога
1	контроль рабочей дисциплины и атмосферы в коллективе, проведение мониторингов среди персонала;
2	сведение к минимуму межличностных конфликтов;
3	проведение работы с новыми сотрудниками: ускорение адаптации, помощь в налаживании отношений с коллективом, помощь в избегании стрессов и пр.;
4	оказание помощи руководству в налаживании контактов с подчиненными, выработке правильной мотивации труда каждого отдельного сотрудника, формирование преданности компании, лояльности и пр.);
5	оказание помощи руководству в работе с клиентами (например, выстраивать контакты с ними, предполагать их поведение и пр.);
6	участие в кризисных ситуациях и помощь эффективного решения выхода из кризиса.

Доктор психологических наук Конопкин О.А. определяет в качестве главной задачи психолога в компании *оптимизацию деятельности персонала и его поведения, выявление причин отклонений* от успешной деятельности [2].

Проанализировав ряд организаций, которые имеют в своем штате психологов, можно подразделить их на следующие, наиболее популярные, варианты:

1) психолог, выполняющий в большей степени функции менеджера по подбору персонала, который работает с новыми сотрудниками, определяет потребность в новом персонале, помогает адаптироваться к коллективу и пр.;

2) тренинг-менеджер, или менеджер по обучению и развитию персонала направлен на повышение эффективности трудовой деятельности в организации, занимается обучением специфических навыков;

3) менеджер по оценке персонала занимается аттестацией персонала разного уровня: от рядовых сотрудников до руководителей компании;

4) психологи, которые занимаются консультациями и психотерапевтической деятельностью.

Важной тенденцией развития в настоящее время выступает растущая связь психолога в компании с топ-менеджментом организации, что помогает оптимизировать процесс управления персоналом и его ресурсами на предприятии. Помимо топ-менеджмента работа психолога связана с другими людьми, которые заинтересованы в результате.

Профессор кафедры социальной психологии Ю.М. Жуков определяет несколько важных ролей в деятельности практика-психолога, которые вовлекаются в процесс психологической деятельности и могут влиять на ее результаты и эффективность:

- *Клиент,*
- *Заказчик,*
- *Спонсор,*
- *Посредник,*
- *Подрядчик,*
- *Исполнитель.*

Перечисленные роли представляют собой цепочку. Жуков пишет, что:

Клиент – это тот, у кого имеются проблемы.

Заказчик – это тот, кто осознает наличие данной проблемы и берет на себя ответственность за ее решение.

Спонсор - выделяет деньги на расходы, которые будут возникать в процессе решения проблемы.

Посредник - выполняет роль информатора Заказчика относительно того, что и кто может помочь в решении проблемы.

Подрядчик - отвечает за выбор набора средств, направленных на решение проблемы.

Исполнитель - применяет эти средства на практике [3].

То есть... психологи в компании **НУЖНЫ!**

Как правило, психолог может занимать в компаний или организации одну из *двух позиций*:

- «*внешнюю*» – психолога-консультанта и исследователя (например, работа по оценке и аттестации персонала, изучению психологического климата, разрешению конфликтных ситуаций, обучению персонала);

- «*внутреннюю*» практического психолога, работающего непосредственно в организации.

Позиция психолога-консультанта и исследователя предполагает возможность «нейтрального подхода» к решению многих и особенно кадровых задач, но одновременно у него нередко возникают проблемы из-за недостаточного знания реальных организационных ситуаций, невозможности сразу же определить глубинные причины психологических проблем в коллективе. Вторая позиция, наряду с несомненными плюсами (прежде всего доскональное знание организационной и кадровой ситуации и возможность профилактики конфликтов), имеет и свои минусы. *При длительной работе на предприятии часто происходит снижение статуса психолога до статуса члена коллектива, переход к позиции «коллективной жилетки», к которой обращаются сотрудники по любому поводу.*

В качестве внешнего консультанта, он независимый, но мало за что отвечает.

Практический внешний психолог в организации выполняет несколько функций. Прежде всего - это исследовательская (экспертная) функция. Психолог собирает специальную

информацию о психологических механизмах поведения человека в системе организационных отношений. Главным является изучение групп и отдельных людей, исследуются конкретные ситуации. При всем этом важно иметь штатного психолога, так как перед временным, который работает по системе аутсорсинга, штатный имеет большие преимущества: он знает компанию изнутри, он знаком с каждым сотрудником и имеет понимание их потенциала, он понимает специфику деятельности организации.

Поэтому штатный психолог может более оперативно и продуктивно решить возникшую в процессе деятельности компании проблему.

Практикующий психолог Людмила Старостина сравнивает психолога в компании с медиатором, посредником сторон, который может эффективно применять инструменты медиации для решения конфликтов, споров и прочих сложных ситуаций, возникающих на предприятии. Еще она говорит о том, что важно сформировать доверие к психологу, и с этим мнением нельзя не согласиться [4].

Ведь при наличии доверия проблемы решить можно гораздо эффективнее, рациональнее и в самые кратчайшие сроки.

При рассмотрении компаний со штатными психологами, можно сказать, что чаще всего они входят в состав кадровой службы организации, так как большая часть работы связана именно с персоналом, как с существующими сотрудниками, так и с новичками.

Опытный штатный психолог также может помогать персоналу справляться с личными проблемами, которые возникают у них в жизни.

Ответ однозначен – психолог нужен и его роль важна!

Литература

1. Армстронг М. Практика управления человеческими ресурсами. – М.: Инфра-М, 2004.
2. Конопкин О.А. Психологические механизмы регуляции деятельности. – М.: 2000.
3. Жуков Ю.М. Методы практической социальной психологии. – М.: Смысл, 1999.
4. Старостина Л. Про штатного психолога, который пришелся ко двору. © А.М. Йоана, М.М. Рейна, 2015.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ ПСИХОКОРРЕКЦИЯ ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

СЕРІКБАЕВА Қ.Б.

*педагогика ғылымдарының магистрі
«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» кафедрасының оқытушысы
Алматы Технологиялық университеті*

АБДРАМАНОВА Д.Е.

*психология магистрі, аға оқытушы
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются теоретические основы проведения психологического консультирования и психокоррекции, комплекс методик, применяемых в связи с коррекцией и развитием процессов познания и психологических качеств человека.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психологическое консультирование, процесс познания, психокоррекция, клиент.

ABSTRACT. The article discusses the theoretical foundations of psychological counseling and psychocorrection, a set of methods used in connection with the correction and development of psychological properties and cognitive processes of a person.

KEYWORDS: Psychological counseling, cognitive process, psychocorrection, client.

Білім беру саласындағы психологиялық қызмет көрсету проблемаларын зерттеуші И.В.Дубровинаның жетекшілігімен А.А.Андреева, Ф.Е.Василюк, Б.А.Вяткин, В.В.Давыдов,

Ю.М.Забродин, Н.И.Обозов, Н.Н.Толстых, А.М.Прихожан т.б. балаларға психологиялық қызмет көрсету мазмұны және психологиялық қасиеттерді түзету жолдары анықталды. Психологияда жеке адамның психологиялық қасиеттері мен таным процестерін түзетіп, дамытуға байланысты қолданылатын әдістемелер жиынтығы мен технологиясын психокоррекция деп атайды.

Кез-келген іс-әрекетті жүзеге асыру үшін ең алдымен нақты мақсат қажет. Екіншіден, мотивация, яғни жүзеге асыру үшін әсер ететін күш керек. Үшіншіден, аталмыш іс-әрекет жүзеге асырылатын нақты шарттары ескерілуі қажет. Сонымен, кез-келген психотерапиялық процестің құрылымы келесі бес кезеңнің енгізілуін қажет етеді:

- Ақпарат жинау кезеңі;
- Диагностикалық болжамдар және терапиялық стратегияларды құрастыру кезеңі;
- Көрсету-диагностикалық кезең;
- Мәселелік жекелік және мінез-құлықтық әдеттерді бұзу кезеңі (немесе дезинтеграция кезеңі);
- Құрылымдық жекедара және мінез-құлықтық әдеттерді құру кезеңі (немесе интеграция кезеңі).

Психологиялық кеңес берудің екінші сатысы клиенттің жеке басына қатысты мәселенің *баяндалу* және клиенттің нақты жағдайын *талдау*, *кеңес беру жорамал жасап*, *тексеру* процестерін қамтиды. Осылайша кеңес берудің екінші сатысының өзі де екі фазадан тұрады.

Психологиялық қызмет көрсету барысында психологиялық кеңес беру және психокоррекцияны ұйымдастыру үлгілері және балаларды зерттеуге пайдаланылатын әдіс-тәсілдер жүйесі қазіргі кезде жан-жақты зерттелінген және зерттеліну үстінде. Бұрынғы Кеңес бойынша бұл қызметтің негізін құрушылар И.В.Дубровина, З.А.Малькова, В.М.Вульфсон, К.Р.Рональдо, Г.Б.Радионон, И.А.Соколова, А.С.Овчинников, И.О.Татур, М.Р.Битянова, Л.И.Прихожан, Р.С.Немов, В.Г.Гильбух, Е.И.Рогов, Р.Римский, С.Римская т.б. ғалымдар. Олар өз еңбектерінде психолог қызметінің мақсаты мен міндеттері, психологиялық қызметтің моделі, мектептегі психологиялық қызметтің мазмұны мен зерттеу жүргізуде пайдаланылатын әдістемелері анықталған. Бұл ұсыныстардың негізгі қағидалары мектеп психологиялық қызметінде кеңінен қолданылып жүр. Сонымен қатар әр жас кезеңінің өзіне тән көптеген ерекшеліктері бар. Жеткіншек жас кезеңі психолог қызметінде ерекше орын алатындығы дәлелденген. Сондықтан осы жас кезеңіндегі балалармен жұмыс жүргізгенде психокоррекция элементтері және психологиялық кеңес беру қызметі жиі орын алады.

А.С.Спиваковская отбасындағы және мектептегі қарым-қатынастардың ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде оның балаға позитивті және негативті әсерлерін, психологиялық отбасылық климатын «театр», «санатория», «қамал», «вулкан», «маскарад» деп топтастырған. Осы жағдайлар балалардың психологиялық дамуына өзінің теріс әсерін тигізсе оның мінез-құлқында акцентуация ерекше орын алатыны анықталған. Сонымен қатар баланың психологиялық дамуына көптеген себептер әсерін тигізеді. А.С.Спиваковская келесі факторларға үлкен көңіл аударуды талап етеді:

1. Соматикалық аурулар және ауыр жарақаттар. Хроникалық -соматикалық аурулар дұрыс емес тәрбиеге байланысты жеткіншектерде «толық емес» сезімді болдыруы мүмкін.

2. Жеткіншектік қатарларымен дұрыс қатынас жасамауы, дұрыс достық қатынасты құра алмау, оларда даралық аномалды дамуды туғызады. Бала дамуындағы психологиялық бейнесінде орын алатын ауытқуларды түзетуге және жағымды қасиеттерін дамытуға арналған арнайы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу психологқа жүктеледі. Бұл шаралар психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Психологиялық кеңес беру және психокоррекцияны жүргізудің технологиясын жасағандардың бірі А.А.Бодалев. Ол отбасындағы қарым-қатынастың бұзылуын зерттеу негізінде және осы жағдайды нормаға жақындату ерекшеліктерін түзетуге арналған психокоррекция технологиясын жасап, оның психологиялық кеңес беру жұмысымен ортақ

жерлері өте көп екендігін көрсеткен. Сондықтан біз түзету-дамыту жұмысының осы екі түрін ұштастырып пайдалану ерекшеліктерін жиі қолданған тиімді деп таптық. Психологиялық кеңес беру барысында көзделінетін негізгі мақсат –психологиялық проблемасы бар адамдарға осы проблеманы тудырған мәселелерін талдау арқылы оған негіз болған себебін түсіндіріп беру. Осы түсіндіру барысында клиент өзінің позициясының дұрыс емес екендігіне көзі жетсе проблема шешіледі. Ал психокоррекция барысында адамның мінез-құлқы мен психологиялық қасиеттерін өзгерту мақсатымен арнайы әсер етіп, бұл жағдайдан шығу жолын бірге іздеп табу. Баланың жас ерекшеліктеріне және алдында тұрған проблемасына байланысты психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу реті және пайдаланылатын әдіс-тәсілдері анықталады. Психологиялық кеңес беру және психокоррекциялық жұмыс жүргізу өте күрделі жүйе болып табылады. Оны ұйымдастыру жолдарын зерттеушілер қызмет көрсетудің бұл түрін бірнеше блоктарға бөліп жүргізген дұрыс деп табады. Әр блоктың өзіне тән міндеттері бар, сондықтан оның мән-мағнасын ашып көрсеткен жөн. I-блок - психодиагностикалық. Бұл кезеңде баланың психологиялық қасиеттерінің дамуы бағаланып, ол нормаға сайлығы, немесе ауытқуы бар болса ол ауытқулардың себебі анықталып, ыңғайсыз жағдайға алып келген факторлар талданады және бала өміріндегі олардың орны анықталады. Шытырман жағдай зонасы отбасы, құрбылар ортасы, жұмыс орны, оқитын мектебі т.с.с. жерлер болуы мүмкін (сол адамның өмір сүру ортасы). Осы жағдайды тудырған ортаны анықтаудың мәні өте терең. II-блок - бағыт беру деп аталады. Бұл кезеңде клиенттің психологиялық жағдайы өзімен бірге отырып талданылады және ол психологиялық кеңес беру жұмыстарына қатынасуы. психокоррекциялық жұмыс жүргізу қажет екендігіне сендіріліп, ол жұмыстың ерекшеліктері түсіндіріледі. Психокоррекция көптеген құбылмалы жағдайларға байланысты жүретін әдіс. Оның ішінде коррекцияның тиімді болуына келесі құбылыстардың әсері өте үлкен:

а) психолог пен коррекцияға қатынасушылар арасындағы байланыстың қалыптасуы (ұштасып, түйісіп, біртұтастай қызмет атқаруды талап етеді). Бұл байланыс құбылмалы. Өйткені ол қатынасушылардың психологқа сеніміне байланысты өзгеріп тұрады.

б) қатынасып отырғандардың психологқа және бір-біріне сенуі, осы сенімнің күшеюі, оны білдіруі. Бұл құбылысқа байланысты әркім өз сырын ашып айтады немесе түйсініп қалады.

в) Сенімнің артуы. Клиенттің позитивтік нәтижеге жететінін түсінуінің белгісі болып табылады.

Баланың проблемасы отбасындағы қарым-қатынастың бұзылуымен байланысты болса коррекциялық жұмыс балалармен және олардың ата-аналарымен, немесе оларды тәрбиелеуші үлкендермен параллель жүргізіледі. Психокоррекциялық жұмыстың міндеттері коррекция жүргізуді талап еткен адам немесе топ ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Олар келесі мағынада болуы мүмкін:

- баланың дамуындағы психологиялық ауытқуларды қалыптасқан талаптарға сай келтіру;

- мінез-құлықта қалыптасқан жағымсыз құрылыстарды бұзып, оның жағымды көріністері басым болатындай етіп қайта құру;

- мінез-құлықта көрініс беретін жағымсыз стереотиптерді және оның эмоционпалдық көрініс беру формаларын өзгерту;

- жалпы даму барысын реконструкциялау;

- ізгі ниетті қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру.

Көбінесе коррекцияны адам өміріне үлкен роль атқаратын іс-әрекеттер түрінде ұйымдастырылады. Адам өмірінің барлық жас кезеңдерінде маңыздылығын сақтайтын, әсерлілігі өте жоғары болып табылатын ойын әрекеттің орны ерекше. Балалар үшін ойын өмір сүрудің, әлеуметтік тәжірибені меңгерудің негізгі түрі, ал үлкендер үшін өздерінің балалық «Менін» шақырып, басқалардың, әсіресе балалардың қылықтарын тереңірек

түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан ойын коррекциясы психологиялық қызмет көрсету тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Коррекциялық ойын барысында келесі мәселелер шешіледі. Балалар ойнау барысында басқа адамдарға деген сезімін көрсетудің жаңа формаларын меңгереді. Басқа адамдарға, үлкендер, кішілер және құрбыларына, өз-өзіне деген көзқарасы ақиқатқа жақындатылады, өзін-өзі және басқаларды бағалауға, сыйлауға үйренеді. Өзіне деген сенімі нығайады. Құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасау тәжірибесі қалыптасады. Ойын - іскерлікке, қарым-қатынастың жаңа түрлеріне жаттықтырады. Балаларды сыйлап, олардың пікірімен санаса қатынас жасау арқылы олардың санасына кішігірім өзгерістер ендіріп, олардың дербес болуға, өз бетімен қажетті мәселелерді шешуге шамасы келетініне сендіреді.

Үлкен, кіші немесе аралас топтарда пайдаланылатын коррекциялық ойындар іскерлік ойындар, ермек ойындардың көптеген ортақ көрсеткіштері бар, сонымен бірге әр коррекциялық топта жүргізілетін ойындар өзіндік ерекшеліктермен сипатталады. Дегенмен коррекциялық ойындарды қандай топта пайдаланғанда да олардың ортақ көрсеткіштерінің бар. Олар келесі:

1. Бірінші талап - коррекция жүргізу үшін оны ұйымдастырған ортаның коррекцияға әсерін тигізетіндей ерекшеліктері болуға тиісті. Кішкентай балалармен коррекция арнайы жабдықталған ойын бөлмелерінде жүргізіледі. Үлкендермен де осындай бөлмеде ұйымдастыруға болады. Коррекциялық топтардағы қарым-қатынастың ең үлкен ерекшелігі - баланың іс-әрекеттерін ұйымдастыру барысында оларға ешқандай тыйым салмау, нормативтармен таныстырмау, әркімге өзінің шығармашылық қабілетін көрсетуге мүмкіндік беру.

2. Екінші талап - қарым-қатынас ерекшелігі байқалған бала немесе үлкен клиент өміріндегі қысым көріп жүрген шарттардан шығуына жәрдем беретіндей болуға тиіс. Өйткені қарым-қатынаста шиеленіс туған өмір сүру зонасындағы байланыстар мінез-құлықтың жағымсыз көріністері конфликтінің негізгі себебі болуы мүмкін. Сондықтан тілектестікке негізделген қарым-қатынас тәжірибесі қалыптасу барысында ол адам өзінің басқаларға деген бұрынғы қырсық мінезінің өрескіл, ыңғайсыз екеніне түсінеді және коррекциялық ойындар барысында ізгі ниетті қарым-қатынастың басқаларға жағымды, сыйысымды болудың негізгі жолы екенін көрсетеді және басқалармен мәдениетті араласудың жаңа түрін іздеуді талап етеді. Осы ізденіс табысты болу үшін жаңа жағдайдағы қарым-қатынас түрілерінің дұрыс үлгісін көрсетуге тиіс. Бұл міндетті шешу үшін коррекциялық топта келесі шарттар сақталуы керек. Үлкендер мен кіші топтағылардың қарым-қатынасы жайбарақат, тілектестік негізінде жүреді. Ешкімді сынап, мін айтып, айыптап отырмайды. Шектеулі, жіберілген қателіктер үшін ұрсу, ескерту айту, жазалау болмайды. Барлық қатынасушылардың өздерін емін-еркін сезінуіне мүмкіндік туғызылады. Ойын коррекциясын ұйымдастыру барысында, психологиялық кеңес беру үшін күрделі мәселелерді талдауға арналған сұрақтар шектеулі болады және ғылыми терминдер өте аз пайдаланып, сөйлемдер құрылым жағынан өте қарапайым болады. Мысалы: «Неге сізбасқашаойлайсыз? Ондатұрған не бар екен?» Мәселесіні шеше алмай жүрген адамға кей кезде кішкентай түрткі керек. Сондықтан жетелеме сұрақтар кеңінен пайдаланылады, ал олар мағыналық және құрылымдық жағынан қарапайымдылығымен тартымды болады. Қатысушының проблемасын диагностикалау және коррекциялау барысында оларға өзінің жағдайы туралы ойын тұжырымдап, мән-мағынасын толықашуға, оған өзі түсінетіндей етіп айтқызу керек. Бұл әдістің ерекшелігі – адам жағдайды үстіртін талдаудан біртіндеп мәселеге терең үңіліп, оның түбірін, болашаққа әсерін т.б. көрсеткіштерін бір-бірімен салыстырып, ұштастырып талдауға мүмкіндік береді.

Өзінше талдау әдісін пайдалану (интерпретация). Бұл өте күрделі техника. Оны тиімді қолдану үшін келесі жағдайларды ескеру қажет:

- клиенттің интерпретацияны қабылдауға, түсінуге даярлығы;
- бұл әдістемені интерпретацияны қолдануға ыңғайлы жағдай орын алғанда пайдалану.

Жағдайды өзінше талдау қысқа ұжым ішінде, клиентке өте түсінікті сөздермен айтылу қажет. Өз сөзімен басқаларға түсіндіріп айтып бере алу (перепрацирование). Клиенттің айтқан шағымын психолог өзінше талқылап, оның оң-терісжағын ашып береді. Осы талдау барысында психолог клиентке өмірде неше түрлі жағдайлар болатынын және барлық болған оқиғаның жақсылығы бар екенін көрсетеді. Немесе жағымсыз нәрсенің әсері клиенттің бағалауынан әлдеқайда төмен екенін дәлелдеп береді. Эмоционалдық жағдайды талдау ұстанымы құралымы өте күрделі және бірнеше бөліктеп тұратынын анықтап алуы керек екен. Эмоциялық жағдайды талау ұстанымын сай психологиялық кеңесті ұйымдастыру ең күрделі жұмыстардың бірі болып табылады. Клиенттің өз мәселесі бойынша спонтанды баяндалатын әңгімесін В.В. Столин, А.А. Бодалев (1989) төрт компоненттен тұратын құрылым ретінде қарастырады:

- 1) клиенттің локус шағымы;
- 2) клиенттің өзінше диагноз қоюы;
- 3) клиент мәселесі;
- 4) клиент өтініші.

Кеңес беру сұхбаттың құрылымы аса күрделі болады. Ол тиімді нәтиже алу мақсатымен психологтың қолданатын әртүрлі тәсілдері мен техникаларынан жинақталады. Солардың ішінде кеңес беру сұхбатты жүргізу техникалары-клиент пікірін қолдау, клиенттің ашылып, баяндауына стимул жасау, психологтың ойындағысын қысқаша, нақтылап, түсінікті жеткізе алуы, - басты роль атқарады. Аталмыш техникаларды дұрыс қолданған жағдайда психологиялық әсердің тиімділігін қамтамасыз етуге, психолог пен клиенттің арасындағы контактіні жетілдіруге мүмкіндік болады.

Кеңес беру сұхбаттың барысын өзгертуге немесе тереңдетуге арнайы қолданылатын тапсырмалар мен жаттығулар кеңес беру әдістер мен техникалардың дербес бір тобы ретінде қарастырылады. Олардың қатарына гештальт-терапия аясында пайда болған "бос орындық", отбасылық терапияда пайдаланылатын "келісім жасасу" сияқты техникалар жатады. Бұл әдістерді қолдану кеңес берушінің теориялық бағдарына, клиент мәселелерінің сипатына байланысты болады. Осындай техникалармен таныстығы, қолдана алуы кеңес беруші шеберлігінің критерийі болып, маманның кәсіби біліктілігін көрсетеді. Әртүрлі әдіс-тәсілдер, құралдар кеңес беру сұхбатты құнды, әлдеқайда динамикалы етеді. Кеңес беруші вербалды құралдармен қатар, көзбен контакт, дауыс сипаттамалары, поза сияқты вербалды емес коммуникация құралдарын да барынша пайдалана алуы керек. Бұл құралдар көп жағдайда қандай-да бір нақты мақсатқа жету үшін қолданылмайды, олар клиентті қиналыстан шығарып, қолайлы, комфортты жағдайды, кеңес беруші мен клиент арасындағы контактіні қамтамасыз етеді. Психологиялық әсердің нәтижелі болуының басты шарты - кеңес беру сұхбатын дұрыс ұйымдастыру.

Әдебиетте кеңес беруші мен клиенттің сұхбаттасуы сатылы үрдіс ретінде қарастырылады. Ғылым мен тәжірибеде кеңес беру сұхбаттың сатылары туралы белгілі тұрғыларға қысқаша тоқталамыз.

Г. Хэмбли (1992) психологиялық кеңес берудің сатыларын былайша тағайындаған:

Сеніммен қатынас жасаудың, раппорттың немесе өзара жақын тартудың орнауы. Раппорт мұқият тыңдау мен рефлексия арқылы жүзеге асады.

Зерттеуді жүзеге асыру. Бұл сатыда клиентке өз сезіміне талдау жасауға және проблемасын түсінуге мүмкіндік жасалады; реалды жағдай бағдарланып, мүмкін болатын шешімдер варианты қарастырылады.

3. Клиенттің қандай-да бір сәйкес келетін әрекеттер бойынша шешім қабылдауына жағдай жасалады.

Р. Мэй (1994, 2001) кеңес беру сұхбатты құрылым компоненттерге нақтылай бөлмесе де, оның еңбектерінде сұхбаттың төрт сатысы сипатталады:

- 1) клиентпен бастапқы контакт пен раппорт жасау;
- 2) клиенттің баяндауы, берген мәліметі;
- 3) клиенттен алынған мәліметтерді интерпретациялау;

4) жеке тұлғаның дұрыс емес бағдарларына қажетті коррекция, мінез-кұлқының трансформациясы [2].

Кеңес беру сұхбаттың уақыт бойынша регламентін тағайындау да аса маңызды. Сұхбаттың алатын уақыты кеңес берудің мақсаты мен міндеттеріне, ұйымдастырылу формаларына, кеңес берушінің теориялық позицияларына байланысты әр түрлі болады.

Ресейлік психолог Ф.Е. Василюк кеңес беру үрдісінің келесі фазаларын бөліп көрсетеді:

1) *Кеңес беруге дейінгі фаза.*

2) *Бастапқы фаза*

3) *Ортаңғы фаза.*

4) *Аяқтау фазасы.*

5) *Нәтижелер.*

Кеңес беру процесі кезінде кенеттеп көрініс беретін, ерекше бір міндеттерді, мәселелерді шешуде қолдануға болатын әдістер мен техникалардың ролі аса зор. Оларға клиент позициясын өзгертуге және коррекциялауға бағыталған әртүрлі сұрақтар, клиенттің нені және қалай істеу керектігі анық көрсетілетін үй тапсырмалары, клиенттің қандай-да бір шешім қабылдауына мүмкіндік беретін дискуссиялар және т.б. жатады. Консультанттың небір әдістер мен техникаларды меңгеруі, оның идеяларының, пікірлерінің толассыздығы - психологтың тәжірибесіне, әртүрлі теориялық жұмыстармен таныс болуына және әріптестерімен кәсіби, іскерлік қарым-қатынас жасауына байланысты.

Әдебиетт:ер

1. Куаналиева М.А. Психологиялық кеңес беру негіздері /Оқу құралы: А., 2010. – 100 б.

2. Качунвс Р. Основы психологического консультирования. -М., 1999. – 322 с

3. Аманова И.Қ. Психологиялық кеңес беру негіздері/Оқу құралы: А., 2014.- 152 б.

4. Романенко-Бавокова Н.А. Основные направления работы практического психолога /Учебное пособие: - Алматы, 2006.- 230 с

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ СУПЕРВИЗИЯ ДЛЯ ПСИХОЛОГОВ В ФОРМАТЕ БАЛИНТОВСКОЙ ГРУППЫ

СОЛОВОВА Н.А.

Кандидат психологических наук, доцент

Руководитель переподготовки по программе

"Педагогика и психология" СИПКРО

Доцент кафедры социально-гуманитарных наук

регионального социо-психологического центра

Россия, г. Самара

ТҮЙІН. Мақала көмекші кәсіптер өкілдерінің (білім беру психологтары, психотерапевтер және т.б.) кәсіби қызметі процесінде осы мамандардың жұмысындағы ерекше қиындықтардың әсерінен болатын мүмкін болатын тұлғалық өзгерістерді сипаттауға арналған. Авторлар Balint қадағалау тобы туралы кәсіби қызметтің осындай қолайсыз нәтижелерін алдын-алу мен түзетудің бір түрі ретінде айтады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: маманның кәсіби дамуы, тұлғаның кәсіби деформациясы, маманның психологиялық қасиеттері, қадағалау, Balint топтары.

ABSTRACT. The article covers possible changes in helping professionals' (psychopedagogists and psychotherapists) personalities which may occur during their occupational activities and it's specific difficulties. The authors consider the supervisory balint groups as a form of prevention and correction of that kind of unexpected results of professional occupation.

KEYWORDS: professional development of a specialist, personal professional deformation, psychological qualities of a specialist, supervision, balint groups.

В последние годы в практике психолого-педагогической службы выдвигается проблема профессиональной постдипломной помощи психологам. Совершенно очевидно, что такой специалист сам должен быть здоров. Когда речь идёт о сохранении профессионализма специалиста, в первую очередь принято говорить о здоровье, но не менее важно уберечь его способность к рефлексии своей профессиональной помощи.

Успешная деятельность психолога возможна при наличии ряда условий. Об этом напрямую указано в Страсбургской декларации Европейской ассоциации психотерапии от 21 октября 1990 года, которая предполагает, что основными обязанностями специалиста в области психологии являются:

1. Профессиональное образование.
2. Личный терапевтический процесс.
3. Дальнейшее образование (всё время профессиональной деятельности).
4. Контроль и супервизорство.
5. Профессиональная самостоятельность (не допускать посягательств на профессиональную независимость).
6. Охранительное положение (безопасность и конфиденциальность).
7. Информирование о своей деятельности (выступление, участие в конференциях, публикации, реклама).
8. Принадлежность к профессиональным союзам.

Если соблюдать эти правила, можно долго и успешно работать психологом.

Существуют два возможных пути постдипломного профессионального развития:

1. Экстенсивный путь – за счет накопления новых знаний, умений, навыков.
2. Интенсивный путь – профессионализация, развитие компетентности совершается за счет *осмысления своего профессионального опыта, извлечения знания из своей практики, а это возможно преимущественно лишь в контексте супервизии.*

Необходимость изучения возможностей профессиональной рефлексии психологов определил цель нашего исследования особенностей профессионального самосознания, в котором приняли участие педагоги-психологи Самарской области (28 человек в возрасте 35-40 лет со стажем 5-15 лет).

Процитируем некоторые ответы на отдельные вопросы анкеты:

1. Если бы Вы обратились к психологу, каким Вы хотели бы его видеть? (*компетентным, позитивным, интеллектуальным, умеющим слушать, спокойным*).

2. Какими потребностями обусловлен Ваш выбор профессии психолога? (*помощь себе и людям, интерес к мотивам и поступкам людей*).

3. Какую пользу Вы стремитесь извлечь из своей профессии? (*повышение самооценки, самосовершенствование, реализация нового опыта, возможность познать себя и людей, общение, личностный рост, возможность набраться жизненного опыта, помощь себе и другим, семье, стремление к гармонии*).

4. Какие потребности есть у клиента? (*быть услышанным, потребность получить ответы на вопросы*).

5. Каким людям Вы больше нравитесь? (*общительным, открытым детям, заинтересованным в личностном развитии, искренним, простым, эмоциональным, веселым, людям приятной внешности, честным и порядочным*).

6. Как Вы учитесь профессии психолога? (*на курсах, методом проб и ошибок, у жизни, у коллег, на вебинарах*).

Как видно из ответов, педагоги-психологи ждут от профессии решения своих личностных проблем, накопления опыта помощи клиентам, при этом респонденты не упоминают ни об интервизии, ни о супервизии, без которых невозможно их профессиональное развитие. А ведь опытность профессионала определяется не столько количеством лет, сколько умением *рефлексировать* свою практику. Интерес представляют ответы на вопрос анкеты «Каким людям Вы больше нравитесь?». Ответы педагогов-психологов свидетельствуют о том, что им легче работать с людьми веселыми, общительными, личностно зрелыми, с приятной

внешностью. Практика показывает, что такие люди редко становятся клиентами психолога, а вот если к словам в списке ответов психологов добавить частицу «не», получится список «трудных» клиентов: *необщительные, неоткрытые детям, незаинтересованные в личностном развитии, неискренние, непростые, неэмоциональные, невеселые, люди с неприятной внешностью, нечестные и непорядочные*, работа психолога с которыми сложнее и требует у самого психолога эмпатии и принятия людей. Это необходимо для профилактики синдрома выгорания и профессиональных деформаций личности.

Среди причин выгорания выделяют такие, как вкладывание в работу больших личностных ресурсов при недостаточности признания и положительной оценки; строгая регламентация времени работы, особенно при нереальных сроках ее исполнения; работа с «немотивированными» клиентами, постоянно сопротивляющимися усилиям консультанта помочь им, и незначительные, трудно ощутимые результаты такой работы; напряженность и конфликты в профессиональной среде, недостаточная поддержка со стороны коллег и их излишний критицизм; работа без возможности дальнейшего обучения и профессионального совершенствования; неразрешенные личностные конфликты консультанта [1,2].

После нескольких лет работы появляется риск появления деформаций личности консультанта - изменений, нарушающих ее целостность, снижающих уровень адаптации и эффективность профессионального функционирования. Постоянное общение с людьми, переживающими сложные кризисные ситуации, может подвести психолога к мыслям о собственной сверх-устойчивости и сверх-компетентности. Это некоторое противопоставление себя ведёт к оценочному перекосу в сторону преувеличения своих положительных качеств, но отрицанию положительных качеств клиентов. Могут появляться признаки профессиональной деформации психолога, такие, как: чувство превосходства и пренебрежение к клиентам; цинизм и нигилизм, раздражительность; мизантропия; рационализация своих проблем; обездвиживающее, лишаящее спонтанности самонаблюдение; поиск людей, нуждающихся в психологической помощи; сложные семейные отношения; потеря непосредственности; собственная незащищенность; гиперсамоконтроль; гиперответственность за окружающих; потеря чувства юмора; снижение профессиональной самооценки и др.

Основу личности эффективного консультанта составляют следующие характеристики:

- Глубина отношений с другими людьми. Консультант обязан оценивать людей — их чувства, взгляды, своеобразные черты личности, но делать это без осуждения и наклеивания ярлыков.

- Постановка реалистичных целей. Эффективный консультант должен понимать ограниченность своих возможностей.

- Эмпатия, которая является одной из важнейших черт личности эффективного консультанта [2].

Для развития этих профессиональных качеств, для профилактики нарушений профессионального здоровья важно каждому специалисту помогающих профессий проходить регулярную супервизию. Так М.Балинт писал: «Наиболее часто применяемое в медицинской практике лекарство — сам врач» [1].

Супервизия дословно – (supervision- англ.) это надзор, контроль, наблюдение, руководство, присмотр. В данном случае скорее подойдет наблюдение, руководство, присмотр или «наставничество». Это одна из форм обучения начинающих психологов и психотерапевтов, а также обмен мнениями опытных специалистов по поводу отдельного клинического случая. В среде психоаналитиков по законам сообщества предписано проходить курсы терапии у собственных коллег с определенной периодичностью — для отработки полученных травм и личностных проблем. Эффективным средством супервизии.ю на наш взгляд является балинтовская группа (группа поддержки, коллективная супервизия), добровольное объединение представителей помогающих профессий, готовых к пересмотру стереотипов в своей работе, заинтересованных в коллегиальной взаимопомощи и профилактике эмоционального выгорания [1].

Эффективность балинтовских групп как формы профессиональной супервизии подтверждается практикой работы Самарского балинтовского общества (СБО). Самарская организация СБО занимается развитием балинтовской супервизии и стоит заметить, что отличием ее от других форм супервизий является отсутствие супервизора, а за соблюдение уникальной технологии ведения группы отвечает ее ведущий. Внимание группы сфокусировано на взаимодействии (коммуникации) психолога и клиента, обратившегося за помощью. Основными инструментами работы является свободная дискуссия и поддержка. Благодаря этой технологии в группе достигается супервизионный эффект. В Самаре работают семь балинтовских групп с периодичностью встреч один раз в месяц. Автор является ведущим одной из очных и одной из он-лайн балинтовских групп). Все ведущие наших балинтовских групп имеют специальную подготовку. Общее число посещающих группы – около 90 специалистов помогающих профессий. Во многих странах существует практика обязательных балинтовских групп или же рекомендуется добровольное участие в их работе (США, Германия, Британия, Польша, скандинавские страны и др.). Автор данной статьи посещает три таких группы в Самаре: как соведущий двух из балинтовских групп, и как участник другой. Хочется сказать, что этот бесценный опыт и ведения группы и участия в работе другой такой группы приносит большую пользу в профессиональном и личностном плане. И хотя балинтовские группы – не для терапии, тем не менее, все участники подчеркивают терапевтическую значимость этой супервизионной работы. Надо сказать, что он-лайн группы успешно работают в нашем опыте, и создают условия наибольшей конфиденциальности для участников. Так в состав одной из он-лайн групп входит психолог из Алматинской области, что обогащает работу профессионалов двух стран.

Представленный опыт балинтовской супервизии, на наш взгляд является перспективным подходом к профилактике профессионального выгорания, различных форм злоупотреблений, а также роста качества психологической помощи. Такая работа может быть введена в систему подготовки, повышения квалификации специалистов помогающих профессий а также в систему профессионального сотрудничества психологов Алматы-Самары.

Литература

1. Винокур В.А. Балинтовские группы. История, технология, структура, границы и ресурсы. Учебное пособие. СПб: «СпецЛит», 2015
2. Кочюнас Р. Основы психологического консультирования. М.: «Академический проект», 1999

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

СҮНДЕТҚАЛИ А.М.

*Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
5В010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы
мен әдістемесі мамандығының 4-курс студенті;*

ТЕКЕСБАЕВА А.М.

*п.ғ.к., доцент,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ: В статье говорится о психолого-педагогических основах применения интернет-ресурсов в начальной школе. Одной из основных задач системы образования является воспитание информационной культуры учащихся. В решение этих задач огромная роль принадлежит интернет-ресурсам. Образовательные интернет-ресурсы – это ресурсы, созданные специально для использования в процессе учебно-воспитательной деятельности, и

для определенной предметной области. Применение различных интернет-ресурсов в начальной школе позволяет обеспечить качественное и интересное обучение.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: интернет-ресурсы, начальная школа, психолого-педагогические основы, информационная культура личности.

ABSTRACT: The article deals with the psychological and pedagogical foundations of the use of Internet resources in primary school. One of the main tasks of the education system is to foster the information culture of students. Internet resources play a huge role in solving these problems. Educational Internet resources are resources created specifically for use in the process of educational activities, and for a specific subject area. The use of various Internet resources in primary schools allows you to provide high-quality and interesting training.

KEYWORDS: internet resources, primary school, psychological and pedagogical foundations, information culture of the individual.

Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі оқушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеу болып табылады. Ақпараттық мәдениет жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің ажырамас бөлігі. Сондықтан әр мұғалімнің міндеті - оқушыны оқытылатын пәнге қызықтыру, оның танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыру. Бұл міндеттерді шешуде білім беру интернет-ресурстарының алатын орны ерекше.

Бүгінгі таңда әлемнің өркениетті елдері интернет-ресурстарды кеңінен қолдану арқылы білім беру жүйесін модернизациялауға тырысуда. Яғни білім берудің жаңа перспективалары мен түрлі мүмкіндіктерін ұсынуда.

Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру дегеніміз ол: интернет - ресурстарды пайдалана білу, олардың қолданылуын, әлсіз және күшті жақтарын түсіну, ақпаратты сыни бағалау болып табылады. Осыған орай, интернет-ресурстарды білім беру процесіне енгізу әлеуметтік қажеттілікке айналып отыр.

Интернет-ресурстар (facility internet) — Veb серверлерде, РГР серверлерде және т.б. орналасқан интернеттің ақпараттық материалдарының жиынтығына арналған ортақ атау [1].

Білім беру интернет-ресурстары - бұл белгілі бір пән саласы бойынша оқу іс-әрекетінде қолдану үшін арнайы құрылған ресурстар. Сондай-ақ, интернет-ресурстар білім беру жүйесін ақпараттық қамтамасыз етуге арналады.

Білім берудің ресурстарын жан-жақты қарастырғанда әртүрлі терминдер қолданылады. Солардың бірі - "E-learning". "E-learning" барлық білім беру технологияларын білдіреді. Электрондық оқыту - бұл ақпараттық және электрондық технологияларды қолдану арқылы оқыту жүйесі. ЮНЕСКО мамандары: "Интернет және мультимедиа көмегімен e-Learning - оқыту" деген анықтама береді. Яғни "E-learning" бұл цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын оқыту болып табылады. Сонымен қоса, орта, жоғары, қосымша білім беру және өзін-өзі тәрбиелеу жағдайында "edtech" ұғымы да жиі қолданылады.

Оқу процесінде интернет-ресурстарды қолдану сабақтың көрнекілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуге, оқушылардың өзіндік іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқытудың даралануы мен саралануын жүзеге асыруға ықпал етеді, оқушылардың зерттеу әрекеттерін жетілдіруге мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен бірге интернетпен жұмыс істеу оқушылардың белгілі бір пән бойынша конкурстарға, олимпиадаларға, викториналарға, жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде интернет-ресурстарды қолдануды бастауыш мектептен бастаған дұрыс деп есептейміз. Себебі, бастауыш мектеп – білім негізі қаланатын кезең. Бастауыш саты - оқушы дамуының іргетасы, дүниетаным негіздері қаланатын кезең.

Бастауыш мектепте дүние, қоршаған орта, адам, оның шығармашылық қызметі туралы жалпы және тұтас көзқарастарының негіздері қаланып, оқытудың келесі сатыларында дамиды және сараланады. Олай болса, бастауыш сынып мұғалімі алдында әртүрлі пәндерді оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдері мен формаларын жетілдіру міндеті тұр. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін бастауыш сынып мұғалімі өз тәжірибесінде білім беру интернет-ресурстарын ақпарат құралы және оқу процесін ұйымдастырудың принциптері ретінде қолдану қажет.

Білім беру интернет-ресурстары өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі дарынды, шығармашылығы мол болуына, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса зор.

Интернет-ресурстарды оқу процесінде қолдану оқушылардың ақпаратты қабылдаудың психологиялық ерекшеліктерін ескеру негізінде жүзеге асырылуы қажет.

Бастауыш мектепте интернет-ресурстарды қолдану қажеттілігі оқушылардың психологиялық сипаттамаларының призмасы арқылы қарастырылуы тиіс деп санаймыз. Яғни тұлғаның танымдық процестерінің дамуы арқылы жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып оқушыларының қабылдауы өткірлігімен ерекшеленіп, айқын эмоционалдылықпен сипатталады. Қабылдау – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, тұтастай заттық түрде бейнеленуі [2]. Балалар қоршаған ортаны және барлық жаңа құбылыстарын ерекше қызығушылықпен қабылдайды.

Оқу процесінде интернет-ресурстарды пайдалануда зейіннің атқаратын орны ерекше. Зейін жеке тұлғаға қоршаған орта туралы белгілі бір ақпарат алуға көмектеседі. Зейінді жеке объектіге шоғырланудың психологиялық жағдайы деп түсінеміз. Зейін арқылы біз айналамыздағы заттар мен құбылыстарды сезінеміз. "Адам-компьютер" жүйесінде зейін үлкен рөл атқарады. Интерфейс және бағдарламалық жасақтама элементтері белгілі бір тапсырманы орындау үшін маңызды объектілерге зейін қоюды қамтамасыз етеді.

Зейін деп - адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады. Дәлірек айтқанда, зейін дегеніміз айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу [3].

Бастауыш сынып оқушыларының зейіндері тұрақсыз, абстрактілі ойлау қабілеттерінен гөрі конкретті көру қабілеті басым болып келеді. Оқушылар нақты заттарды көріп сезіну арқылы қабылдайды. Яғни заттарды тікелей көру арқылы, онымен күнделікті қарым-қатынас жасап, олардың негізгі ерекшеліктерін, заңдылықтарын сезініп, қабылдау арқылы дамиды. Бұған ұлы Абайдың: “Адам баласы көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады”[4] – деген пікірі дәлел. Сондықтан да, қазіргі білім берудің интернет-ресурстарының педагогикалық мүмкіндіктері аса жоғары.

Бастауыш білім беру жүйесінде интернет-ресурстарды қолдану оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыта түседі. Себебі, интернет-ресурстар оқушылардың алған білімдерін бекітуге, қорытуға, жүйелеуге көмектеседі. Ес дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс [3, Б.96].

Кез-келген оқу материалын шынайы меңгеру қиялдың белсенді әрекетінсіз мүмкін емес. Бастауыш сынып оқушыларында қайта құру, қайта жасау қиялы мен шығармашылық қиял қарқынды дамиды. **Қиял** — сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс: «...барлық жан қуаттарын (рухани күштерді) тек қиял ғана өзіндік сақталатын сезімдік заттарды модельдендіре алады» [5].

7-10 жастағы оқушылардың ойлауы өте үлкен өзгерістерге ұшырайды. Ойлаудың дамуы қабылдау мен есте сақтаудың сапалы қайта құрылуына, оларды ерікті, реттелетін процестерге айналдыруға әкеледі. Психологтардың зерттеулері көрсеткендей, оқу процесін анағұрлым түрліше ұйымдастыра білсе, түрлі әдіс-тәсілдерді, формаларды пайдалана білсе, соғұрлым бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың түрліше ойлауының сипаттамаларын алуға болады. Мұның бәрі оқыту әдістерінің жаңа жүйелерін дамыту қажеттілігін анықтайды.

Еліміздің қазіргі даму кезеңінде білім беру интернет-ресурстарын қолдану негізгі талаптардың бірі болуы керек.

Бүгінгі таңда электронды және онлайн оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірқатар технологиялық құралдар мен компьютерлік бағдарламалар бар. Бұл технологиялардың білім беру жүйесіне терең енуі оларды жіктеуге алып келеді.

Білім беру интернет-ресурстарын қолданудың әдістемелік бағытына қарай былайша жіктеуге, топтастыруға болады:

- оқыту ресурстары. Бұл ресурстар (курстар, цифрлық оқулықтар, онлайн-сабақтар, мамандандырылған контент, тестке дайындық, тьюторинг, т.б.) оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастырады;

- түрлі тренажерлар. Оқушылардың дағдыларын дамытуға, алған білімдерін бекітуге бағытталады;

- ақпараттық-зерттеушілік ресурстар. Сұраныс бойынша немесе белгілі бір заттар мен құбылыстар туралы мәліметтер береді;

- қашықтық ресурстар. Ақпаратты, құбылыстар мен процестерді визуалды түрде көрсетуге қызмет етеді;

- оқу-ойын ресурстары. Ойын түрінде оқытуға арналған бағдарламалар;

- ойын ресурстары. Логикалық ойлауды, жылдамдықты, тапқырлықты, есте сақтауды және басқа да қабілеттерді дамытуға, сондай-ақ бос уақытты тиімді ұйымдастыруға бағытталған ресурстар.

Аталмыш ресурстарды оқу-тәрбие процесінде жүзеге асыру үшін ресурстардың қайнар көзі ретінде интернет желісінің жақсы болуы шарт. Сондай-ақ, білім беру интернет ресурстарын бастауыш мектепте қолданудың бірқатар жетістіктерін атап кетуге болады. Олар:

- қоғам сұранысына сай оқушының білім алуы. Қажетті онлайн-сабақтарды оқи алады;

- оқу шығындарының азаюы. Керекті әдістемелік әдебиеттерге шығын шығармайды;

- оқытудың икемділігі мен уақыттың тиімділігі. Білім алушы оқу материалының ұзақтығын, бірізділігін өзінің уақытына қарай реттей алады;

- қол жеткізу еркіндігі. Мұнда оқушы кез-келген жерден оқи алады;

- оқушы өзін-өзі тәрбиелеуді үйренеді;

- оқушылар мен мұғалімдердің көпшілігі қашықтықтан оқыту үшін мүмкіндігінше барлық қажетті техникалық құрылғылармен қамтамасыз етіледі;

- ұялшақ оқушылар онлайн сабақтарда өздерін белсенді көрсете алады;

- ата-аналар балаларының білім деңгейін қадағалай алады, оқу процесіне қатыса алады.

Әдебиеттер:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

2. Қ.Жарықбаев, О.Саңғылбаев. Психология. Энциклопедиялық сөздік. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.

3. Егенисова А.Қ. Психология. Ақтау 2010, 185 б.

4. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. Алматы, 1995 ж.

5. Әбішев Қ. Философия. Алматы, 1999, 262 б.

МЕКТЕПТЕГІ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗІ

ТОКТАГУЛОВА Г.Б.

*Әлеуметтік (психология) ғылымдар магистрі, аға оқытушы
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ: Категория детей и семей, нуждающихся в психологической помощи и поддержке в обществе, растет день ото дня. С чем это связано .. Насколько важна «психологическая поддержка и помощь» .. Какие направления работы школьных психологов сегодня .. В чем смысл работы школьных психологов с родителями. Кто в обществе «подросток с девиантным поведением» .. Причина появления подростков с девиантным поведением .. Что делает школьный психолог с подростками с девиантным поведением и их родителями .. Статья основана на поиске решений этих проблем вопросов.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: психология, психический процесс, психологическая помощь, практическая психология, социально-психологическая служба, подростки с девиантным поведением, девиация, трудный ребенок, работа психолога с родителями, работа психолога с семьей.

ABSTRACT: The article is based on the search for solutions to these issues: The category of children and families in need of psychological help and support in society is growing day by day.. What is the reason for this. How important is "psychological support and assistance".. In what areas is the work of school psychologists today.. What is the meaning of the work of school psychologists with parents.. Who is a "deviant teenager" in society.. What is the cause of deviant behavior in adolescents.. What kind of work does a school psychologist do with teenagers and parents with deviant behavior..

KEYWORDS: psychology, mental process, psychological assistance, practical psychology, social and psychological service, adolescents with deviant behavior, deviation, difficult child, psychologist's work with parents, psychologist's work with family.

Республикамызда білікті психологиялық көмек көрсету проблемасы бірнеше ондаған жылдар бойы өзекті болып қалуда. Практикалық психология жеке сала ретінде белсенді дамып келеді, бірақ көрсетілетін көмектің көп өлшемділігіне және халық арасында танымалдығының төмендігіне байланысты ол әлі де өзінің даму шыңына жеткен жоқ. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің негізгі мақсаты адамның психологиялық денсаулығын сақтау, ұйымдарда қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және психологиялық қолдау көрсету болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауларында айтқан сөздерімен расталады, онда білім беру мекемелерінде жеке тұлғаның әлеуетін дамыту үшін іргетас ретінде қолайлы орта құру қажеттігі туралы айтылады.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру ұйымдарында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыру, дамыту және кәсіби қалыптастыру, баланың тәрбие, білім алу және жан-жақты даму құқықтарын іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау туралы айтылған.

Біздің Республикадағы психологтар кейбір қиындықтарға тап болады. Халықтың жаппай санасында психолог көбінесе психиатр-дәрігермен анықталады, сондықтан адамның психодиагностикалық тексеруге немесе педагог-психологпен кеңесуге бағытталуы оған көптеген жағымсыз эмоциялар, қорқыныш пен психикалық жай-күйі үшін аландаушылық тудырады. Психологиялық білімі бар білікті мамандардың жетіспеушілігі жиі кездесетін мәселе болып табылады, бұл лауазымдарды көбінесе психология саласында қайта даярлау немесе мамандандыру курстарынан өтпеген педагогикалық кадрлармен алмастыруға әкеледі. Психология - бұл белгілі бір психикалық процестердің пайда болу және даму себептерін және жеке адамдар мен адамдар топтарындағы олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін зерттеумен айналысатын ғылыми сала. Психикалық процестердің көмегімен адам өзі өмір сүретін қоршаған орта шындығын біледі. Дененің психикалық процестерінің дамуы қоғам мен әлеуметтік қатынастарға, оның даму кезеңіне байланысты.

Мектеп психологының білім беру жүйесіндегі жұмысының негізгі мақсаты - білім беру процесіндегі барлық оқушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, баланың жеке дамуын сау психикаға жетудің шарты мен құралы ретінде қолдау болып табылады. Мектеп психологы оқушыны өзінің жасына сәйкес айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесу контекстінде және қоршаған әлемнің мәдени, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық болмысы жағдайында *өзін-өзі тану, өзін-өзі қабылдау және өзін-өзі дамыту* құралдарымен қаруландыруы керек.

Сонымен қатар, психолог жұмысының ажырамас бөлігі - ата-аналарға қолдау көрсету. Ата-аналар жиналысы психологтың отбасымен тәрбие жұмысының негізгі нысаны болып табылады. Қажетті тақырыптарды көбінесе мұғалімдер (сынып жетекшісі немесе пән

мұғалімдері) өздері анықтайды, менің ойымша, балалардың ата - аналары қандай мәселелерге қызығушылық танытатыны туралы кеңес алу өте маңызды. Ол үшін оқу жылының басында жиналыста ата-аналар алдағы кездесулердің тақырыптары, оларды өткізу нысандары бойынша көрсетілген сауалнама алады, ата-аналар тізімде жоқ қызықты адамдардың аттарын, сондай-ақ жиналысты өткізуге ыңғайлы уақыт пен күнді көрсететін жолдар қарастырылады.

Психологтың ата-аналармен жиналысы кезіндегі әрекеттері:

- Презентация көрсету, нақты әрі қысқа сөйлеу.
- Ақпараттық сөйлеу-зерттеу. Отбасын зерттеумен айналысады: байқау, әңгіме, сауалнама, тестілеу
- Анкета арқылы ата-аналардан алынған ақпаратты зерттеу
- Ата-аналардың өзекті сұрақтарына жауап беру негізіндегі тақырыптық ақпарат.
- Отбасын диагностикалау.
- Отбасына кеңес беру.
- Ата-аналарға проблеманы жоюдың ықтимал салдары егжей-тегжейлі түсіндіріледі, алдын-алу жұмыстары жүргізіледі.

Ақпараттық өрісті құру, ата-аналардың өз отбасыларын психологиялық-педагогикалық талдауына жағдай жасау, психологиялық кеңес беру және балалары темекі шегу проблемасына тап болған отбасыларды қолдау, психологиялық түзету, психотерапиялық қауіп-қатері бар отбасыларға қолдау көрсету.

Жеке консультациялар педагог-психологтың отбасымен өзара іс-әрекетінің маңызды нысандарының бірі болып табылады. Ата-аналар үшін кеңес беру барысында анықталған нәрсе: «мұның бәрі бұрын болған болар еді», «мен ол үшін бұл өте маңызды деп ешқашан ойламас едім». Ата-аналарға «отбасы мен білім беру» мекемесінің ортақ күш-жігерімен ғана балаға «бірге біз күшпіз» деп көмектесуге болатындығын түсіну өте маңызды.

Психолог педагогтармен бірге ұйымдастырушы тұлға болып табылады. Психологпен бірге, ата-аналар жиналысында талқыланатын біршама тақырыптар:

- «Баланың жас ерекшеліктері»;
- «Балалармен өзара әрекеттесудің конструктивті формалары»;
- «Баланың көзі»;
- «Невроздың алдын-алу»;
- «Адамгершілік тәрбиесі»;
- «Тәрбие жүйесіндегі жаза»;

Педагог-психологтар қазіргі таңда ата-ана (атап айтқанда, ана) мінез-құлқының төмен құзыреттілігіне тап болады. Егер анасы баламен қалай қарым - қатынас жасауды білмесе, оның қажеттіліктерін түсінбесе, ол қалай болу керек екеніне назар аудармаса, онда балада девиантты мінез-құлық белгілері көрініс табады.

Девиантты мінез-құлық деп әлеуметтік нормадан ауытқуды айтады. Оны қоғамда қабылданған нормаға қарама-қайшы әрекет жүйесі ретінде анықтайды. Девиантты мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншіден бұл психологиялық денсаулық нормасынан ауытқу. Екіншіден, бұл қандайда бір әлеуметтік-мәдени нормаларды, әсіресе құқықтық норманы бұзатын антиәлеуметтік іс-әрекеті. Мектеп психологы девиантты жасөспірімдермен жұмыс жасауда жеке және топтық түзету жұмыс түрлерін қолданады. Девиантты жасөспірімдермен жеке түзету жұмыстарында келесі әдістер қолданылады:

- профилактикалық жеке әңгімелесу;
- сұхбат;
- психологиялық кеңес беру;
- жеке психотерапия;
- топтық психотерапия.

Девиантты жасөспірімдермен жеке психокоррекциялық жұмыстың ең тиімді әдісі психологиялық кеңес беру әдісі болып табылады. Психологиялық кеңес беру-бұл стандартты емес процесс. Оның ұзақтығы, өту формасы, тереңдігі, ең алдымен, жасөспірімнің қиындықтарын шешу қажеттілігі мен жеткіліктілігімен анықталады. Сонымен қатар,

психологиялық кеңес беру барысында жеке тәсіл жүзеге асырылады, оның мәні жасөспірімнің мінез-құлқындағы ауытқулармен байланысты қасиеттер кешенін түзетуден тұрады. Қазіргі уақытта мектеп психологы өзінің практикалық жеке түзету жұмысында арт-терапия, библиотерапия, музыкалық терапия, би терапиясы, ойын терапиясы, логотерапия, имаготерапия, психодрама және т.б психотерапиялық әсердің әртүрлі әдістерін қолдана алады. Олардың кейбірін қарастырайық:

✓ Логотерапия - бұл эмоционалды жағдайларды вербализациялауға, эмоционалды тәжірибелерді ауызша сипаттауға бағытталған жасөспіріммен әңгіме. Бұл әдіс жасөспірімнің жеке тәжірибесіне, ойларына, сезімдеріне, қалауына баса назар аударған кезде, өзін-өзі жүзеге асыруға әкелетін ауызша дәлел мен жасөспірімнің ішкі жағдайының сәйкес келуін болжайды.

✓ Музыкалық терапия - музыкалық шығармалар мен музыкалық аспаптарды жұмыста қолдану. Мазасыздықты, алаңдаушылықты, қорқынышты, шиеленісті көрсететін жасөспірімдер үшін қарапайым музыкалық тыңдау өткізіледі, ол тапсырмамен бірге жүреді. Тыныш музыка естілгенде, жасөспірімге ыңғайсыздық тудыратын заттар туралы ойлануға немесе жағымсыз жағдайларды минимумнан күштіге дейін бағалауға нұсқау беріледі.

✓ Имаготерапия - терапия мақсатында ойындарды бейнелермен қолдану. Жасөспірім өзінің динамикалық бейнесін жасайды. Мұнда әртүрлі нақты әдістер қолданылады: әдеби шығарманы алдын-ала белгіленген жағдайда қайталау, халық ертегісін қайталау және драматизациялау, оқиғаны театрландыру, классикалық және заманауи драматургияны жаңғырту, спектакльдегі рөлді орындау.

✓ Психогимнастика. Өзара әрекеттесу қозғалыс өрнегіне, бет әлпетіне, пантомимаға негізделген. Жаттығулар екі мақсатқа жетуге бағытталған: топтың жеке тұлғалары арасында шиеленісті азайту және эмоционалды қашықтықты азайту, сондай-ақ сезімдер мен тілектерді білдіру қабілетін дамыту.

«Девиантты мінез-құлық, қиын бала, девиация» - бұл сөздер, өкінішке орай, соңғы жылдары жиі айтыла бастады. Мінез-құлық көріністеріне тап болған кезде біз жиі ренжиміз, айыптаймыз, тыйым саламыз. Алайда, мұндай жағдайлардағы шешімдер мен тыйымдар балаға теріс ықпал етеді. Ең бастысы, балалардың көмек пен қолдауға мұқтаж екендігі, оларға түсінік, жылулық, қамқорлық жетіспейтіндігі, оларды өз сенімсіздіктері, жалғыздықтары қинайды. Жасөспірімдердің мінез-құлқының өзгерістері ұзақ және стрессті болуы мүмкін. Мінез-құлқы бұзылған балалар мен жасөспірімдерге тән психологиялық қиындықтарға мыналар жатады:

- ата-аналармен, мұғалімдермен, басқа ересектермен проблемалық қатынастар;
- достарымен, сыныптастарымен, басқа құрдастарымен проблемалық қатынастар;
- өзіне деген көзқарас, өзін-өзі түсінудегі қиындықтар;
- өмірлік нұсқаулықтарды, идеалдарды, құндылықтарды қалыптастырудағы

қиындықтар;

- психологиялық жалғыздық, басқалардың түсініксіздігі;
- қысымнан, ережелерден, нормалардан, талаптардан аулақ болуға деген ұмтылыс;
- өзіңізді және басқаларды сынау;
- мүмкін болатын шекараларды іздеу;
- жайлы өмір іздеу;
- өмірлік жағымды ұмтылыстар мен мақсаттардың болмауы;
- тағдырға, нақты адамдарға деген реніш;
- өзінің сәтсіздік тәжірибесі, проблемалық, ерікті бақылаудың болмауы және өзін-өзі

бақылау мүмкіндігі;

- ұйымдаспау;
- басқаларға тәуелділік, біреудің «Менінің» төмен күші;
- оқудағы қиындықтар;
- қиын жағдайларда өзін-өзі ұстаудың тиісті құралдары мен әдістерінің болмауы;
- қиын мінез: ұстамдылық, агрессивтілік, және т.б.;
- қорғануды немесе «қорғаушыны» іздейтін қауіпсіздік сезімінің болмауы және т.б.

Девиантты мінез-құлықтың себептері:

- Назар аудартуға тырысу.
- Өзін-өзі растауға ұмтылу.

Жағымсыз әсер қалдыратын жасөспірімнің көптеген іс-әрекеттері өздерін бағалай білуге болатын құндылықтарды табуға ұмтылудан туындайды.

Баланың өміріндегі мектеп өте маңызды орын алады. Оқушы уақытының көп бөлігін оның қабырғасында өткізеді, мұнда оқу процесі барысында ол әлемді үйренеді, оқуды және жазуды үйренеді, табиғат пен қоғамның заңдары мен құбылыстарын зерттейді, адамзат қоғамының ережелері мен нормаларын игереді. Мектеп қабырғасындағы оқу іс-әрекеті балалар мен жасөспірімдердің басым көпшілігінде жетекші қызмет түрі болып қала береді.

Алайда, статистика мен ғылыми зерттеулер көрсеткендей, мектеп біртіндеп өзінің әлеуметтік позициясын жоғалтуда, баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуындағы, педагогикалық тұрғыдан дамыған және қиын білім алатын жасөспірімдерге тәрбиелік әсер етудегі **әлеуметтік рөлі мен анықтамалық маңыздылығы** төмендеу үстінде.

Девиантты мінез-құлықты оқушылардың 40%-дан астамы оқуға немқұрайлы қарайды, оқушылардың 20% - ға жуығы анық құлықсыз мектепте оқиды, ал оқушылардың 15% - дан астамы оқуға негативті қарайды. Девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімдердегі оқу іс-әрекетіне деген осындай көзқарастың әртүрлі себептерінің ішінде ең маңызды фактілердің бірі-олардың мектеп бағдарламасының даму қарқынынан жүйелі түрде артта қалуы, білімдегі оқылықтар, тұрақты сәтсіздік. Осыдан оқуға деген қызығушылық азаяды, оқу-танымдық іс-әрекеттің мотивациясы әлсірейді, оқу процесінде мұғалімдермен және сыныптастармен жанжалдың жоғары деңгейі байқалады.

Оқу процесіне қатысушылардың барлығының басты міндеті - мәселенің көрінісін уақытында көру, оқиғалардың ықтимал дамуын болжау және жағдайды тұрақтандыру үшін шаралар қабылдау.

Мұндай жұмысты үш бағытқа бөлуге болады: *алдын-алу, түзету және оңалту*. Жұмыстағы негізгі бағыты - девиантты мінез-құлқы бар балаларды және оқушылардың проблемалы отбасыларын, атап айтқанда:

- Педагогикалық қараусыз қалған балалар мен қолайсыз отбасыларды анықтау.
- Баланың әлеуметтік-педагогикалық немқұрайдылығының себептерін зерттеу.
- Педагогикалық қараусыз қалған балалар мен олардың отбасыларының картотекасын жүргізу.

• Қолайсыз отбасыларға рейдтер және олардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын анықтау.

- Ұжымдағы жасөспірімнің жағдайын зерттеу.
- Оқушылардың психологиялық ерекшелігін зерттеу (байқау, әңгімелесу).
- Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттеу.
- Отбасылық тәрбие мәселелерін анықтау (байқау, әңгімелесу).
- Оқушылардың білімдеріндегі және дағдыларындағы оқылықтарды қадағалау.
- Оқушыларды қосымша білім беру саласына тарту.

• Қалыпты мінез-құлықтан ауытқуларды, психофизиологиялық, неврогенді сипаттағы себептерді диагностикалау мақсатында балалар дәрігерлерінің диспансерлік тексеріп-қарауын жүргізу.

• Диагностика жүргізу: қызығушылықтарды, құндылық бағдарларын, жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауын, отбасылық қатынастарды зерттеу.

Жасөспірімнің ата-аналарына мынадай ұсыныстар. Ата-аналар тарапынан басшылық болу керек. Ең функционалды-бұл ата-аналар өздерінің көзқарастары мен мінез-құлқында икемділік, бейімделу және төзімділік танытатын отбасылар. Жасөспірімдерді тәрбиелеуге икемді емес ата-аналар бас тартады өз көзқарастарын қайта қарау және көзқарасын өзгерту; олар шыдамсыз, тым талапшыл, әрқашан сыни көзқараспен қарайды және балаларға жасына сәйкес келмейтін негізсіз үміт артады. Бұл жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына теріс әсер етеді,

оның жеке басының дамуын тежейді, нәтижесінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста стресстік жағдайларға әкеледі. Қорыта айтқанда, оқушылар отбасыларының контингентін зерттей отырып, оқушылардың девиантты мінез-құлқының алдын-алу бойынша мақсатты түрде жұмыс жасауға болады. Алдын алу іс - әрекетінің мәні, бір жағынан, баланың қажеттіліктерін әлеуметтік жағымды тәсілдермен қанағаттандыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау, екінші жағынан, қауіп-қатер жағдайына көшуге қабілетті бала үшін субъективті қиын өмірлік жағдайда білікті көмек алу болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Захаров А.И. Баланың мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алу. СПб.: «Одақтың баспасы», «Лениздат». - 2000 ж
2. Кондрашенко В.Т. Жасөспірімдердегі девиантты мінез-құлық: Әлеуметтік.-Психол. және психиатриялық аспектілері. - Минск: Беларусь, 1988 ж.
3. Кривцова С.В. дәуірлер тоғысында тұрған жасөспірім. - М., Жаратылыс, 1997 ж
4. Кузнецова И. Психологиялық қолдау // Мектеп психологы, 2000 ж., № № 29, 30, 31.
5. Керімов Л.К “Девиантты жасөспірімдерді жеке – дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы” – Алматы, 2003 – 116 б.

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПРИЯТИЕ И ВЫБОР ПОКУПОК.

ТОЛЕУБЕКОВА Ж.Д.

*Студентка 4 курса Каспийского общественного университета.
специальности «Психология»*

ТҮЙІН: Психологиялық қабылдау және сатып алуды таңдау қазіргі уақытта біздің өмірімізде өте маңызды тақырып болып табылады, өйткені қазір сауда, маркетинг және жарнама барлық жерде бар. Әр адам, тұтынушы немесе өндіруші болғанына қарамастан, жарнама мен қоршаған орта біздің қабылдауымыз бен психологиямызға қалай әсер ететінін білуі керек.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: мотивтер, мотивтердің түрлері, қабылдау, әлеуметтік өмір.

ABSTRACT. Psychological perception and the choice of purchases is at the moment a very important topic in our lives, as now trade, marketing and advertising are literally everywhere. Everyone, regardless of whether they are a consumer or a manufacturer, should be familiar with how advertising and the environment affect our perception and psychology in general.

KEYWORDS: motives, types of motives, perception, social life.

Психологи делят человеческие мотивы на первичные и вторичные. В список первичных обычно включают те, которые являются врожденными, биогенными, а вторичными называют те, что считаются социогенными, т. е. приобретенными в процессе жизненного опыта и обучения. Однако среди исследователей человеческого поведения до сих пор нет единых взглядов на то, какие мотивы или желания относить к первичным, а какие — ко вторичным.

Так, американский психолог Ч. Н. Аллен включил в список первичных следующие десять мотивов:

- аппетитная еда;
- утоляющие жажду напитки;
- уютное окружение;
- избавление от боли и опасности;
- удовлетворительные сексуальные отношения;
- благополучие близких;
- одобрение со стороны общества;

- превосходство над другими;
- умение преодолевать препятствия;
- игра.

В список вторичных мотивов у Аллена вошли:

- красота и вкус;
- чистоплотность;
- расчетливость;
- любопытство;
- надежность и достоинство;
- экономность и выгода;
- образованность и информированность;
- работоспособность;
- здоровье;

универсальность.

Чаще всего, умело составленная реклама никогда не остается не оправданной. Большую часть покупок составляют именно импульсивные покупки. Это говорит о том, что очень часто человек покупает те товары, которые изначально приобретать не собирался. Почему так получается? Ответ на этот вопрос дает изучение психологии покупателей. В этой статье мы рассмотрим восприятие и мотивацию выбора покупок у потребителей.. Чаще всего на потребности и выбор людей влияет их принадлежность к определенной группе, а также экономическое положение человека. Также мотив зависит от от планов потребителя, как социально активной личности. Мотивы личности во всем своем многообразии выступают как проявление потребностей личности. Поэтому при совершении покупки на потребителя влияет не одно, а несколько мотивов.

Некоторые исследователи утверждают, что реклама, которая опирается на первичные мотивы, более эффективная, поскольку эти мотивы врожденные и тесно связаны с большинством потребностей человека. Однако это не всегда так, так как покупки могут совершаться не по одной причине. Со временем мотивы и вовсе меняются. Мотивы, сильные сегодня, могут стать слабыми и завтра, так как ценностные установки человека склонны к изменениям.

На покупку товара всегда влияет ряд обстоятельств. Потребитель чаще всего знает, для чего именно он приобретает товар. Для некоторых решающим мотивом является удовольствие, получаемое от покупки, хотя потом, через некоторое время, купленный товар перестает их интересовать. Также в качестве мотива может выступать верность покупателя марке. Иногда такая приверженность к одной и той же марке товара поддерживается с большим трудом. Возникающие соблазны и желание купить товар другой марки, показавшийся более привлекательным, вызывают у потребителя определенную внутреннюю напряженность, которая опирается в таких случаях на прочное и глубокое постоянство - традиции и привычки.

В психологии потребителя важно учитывать и такой мотив, как уровень притязаний, который зависит прежде всего от материального положения потребителя, его образования, возраста и профессии.

Притязание может быть пассивным — это ожидание, по определению И. Канта, “желание без приложения сил”. Активное притязание — это борьба за полномочия, направленная на определенные объекты желаний. Уровень притязаний потребителя обычно соответствует его духовному миру, манерам поведения, ценностным ориентациям. Ориентации тесно связаны со структурой мировоззрения личности и говорят о желании приблизиться к социальному или эстетическому уровню той ли иной социальной группы. Готовые ориентации потребитель может заимствовать у других людей.

Очень высокий уровень притязаний является следствием ошибочной манеры поведения, неправильного понимания своего назначения, оценки своей индивидуальности и призвания.

Дисгармония между уровнем притязаний и реальными возможностями возникает из-за переоценки потребителем своих экономических возможностей или особенностей психических склонностей.

Огромную роль в мотивации играют привычки, навыки и вкусы потребителя. Они появляются в результате удовлетворении потребности через многократное прохождение мотивации. В итоге по отношению к продукту становится необходимым, то есть потребитель устанавливает связь с продуктом, что приводит к периодически обновляющейся покупке данного продукта.

Таким образом мы приходим к выводу, что причин появления мотивов огромное количество, и для того, чтобы отследить каждую, нужно долгое изучение психологии, социальной жизни и экономического положения человека.

Литература:

1. «Почему мы покупаем» Пулер. Д.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СТАТУСА ПСИХОЛОГА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

ТРОФИМОВА А.В.

*студентка Каспийского общественного
университета, специальность «Психология»,
кандидат юридических наук*

ТҮЙІН: Мақалада психолог мәртебесін заңнамалық тұрғыдан белгілеу қажеттілігі қарастырылған.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: психолог мәртебесі, психологтың этикалық принциптері, этикалық кодекс.

ABSTRACT. The article examines the need for legislative establishment of the status of a psychologist.

KEYWORDS: status of a psychologist, ethical principles of a psychologist, ethical code.

В настоящее время во всем мировом сообществе резко возросла деятельность психологической службы. В условиях глобальных изменений в период пандемии, усилилась необходимость в психологической помощи населению, в том числе, в связи с увеличением смертности, дестабилизацией в трудовых, семейных и иных общественных отношениях, профессиональным «выгоранием» медицинских работников. В Республике Казахстан введены меры по получению бесплатной психологической помощи. Отмечаем деятельность сайта <https://covid-19.mentalcenter.kz>, который был специально создан для психологической поддержки населения Казахстана, с возможностью предоставления онлайн консультаций.

Вместе с тем, понимая всю важность данной деятельности, остается открытым вопрос о статусе психолога. Отметим, что в Кодексе Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» установлено понятие психологической службы, более того определено, что «первично-санитарная помощь оказывается врачами..., социальными работниками, психологами в области здравоохранения». Однако определение данной категории психологов в Кодексе не предусмотрено.

В Законе Республики Казахстан «Об образовании» определено, что местный исполнительный орган утверждает правила деятельности психологической службы в организациях среднего образования, а также, что родители имеют право получать консультативную помощь в психолого-медико-педагогических консультациях. В 2015 году утверждены Правила деятельности психологической службы в организациях среднего образования города Алматы, согласно которым, данная служба является структурным

подразделением организации среднего образования и ее структура определяется количеством штатных единиц педагогов-психологов.

Обращаем внимание, что в вышеуказанных нормативно-правовых актах четко установлен статус, как медицинских работников, так и педагогов, прописаны их права, обязанности и ответственность. Вместе с тем, несмотря на значимость деятельности психолога в разных сферах нашего общества, статус психолога не нашел свое отражение в законодательных актах.

Отметим, что в 2019 году приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан №292 был утвержден профессиональный стандарт «Психологическая и социальная работа», в котором установлен перечень профессий в данной сфере, требования к квалификации, а также к навыкам, умениям, трудовым функциям и задачам работников. Таким образом, в Казахстане принят подзаконный нормативный правовой акт о классификационной структуре психолога, без законодательного закрепления его статуса.

Обращаем внимание, что осуществление психологической помощи обязательно основывается на этических принципах, основным из которых, является компетентность специалиста, и ее отсутствие может служить предпосылкой для серьезной психологической травмы у клиента. Более того, психолог обязан осуществлять свою деятельность исключительно в пределах своего профессионального опыта, подготовки, основанных на полученном образовании и постоянном профессиональном развитии. Наличие профессионального образования у психологов наиболее остро стоит в нашей стране. Нередко психологическая помощь осуществляется «специалистами», прошедшими обычные курсы или тренинги, не имеющими дипломов о высшем образовании, а также опыта супервизии.

В связи с развитием онлайн – консультирования, значительно возросло предоставление данных услуг психологами, что затрагивает и другой немаловажный этический принцип – ответственность специалиста, как перед клиентом, так и в целом перед его близким окружением. Необходимо помнить, что процесс предоставления психологической помощи, как прямым, так и косвенным образом, может отразиться и на членах семьи клиента. Также каждый специалист, несомненно, несет ответственность и перед профессиональным сообществом психологов, так как некорректное консультирование повышает профессиональный репутационный риск у всех представителей данной профессии и снижает доверие к психологии в целом.

Кроме того, важными этическими принципами в осуществлении профессиональной деятельности психолога, являются: честность, уважение прав и достоинства клиента, недопущение любой дискриминации, посягательств в отношении клиента, предоставление консультирования без нанесения вреда клиенту, воздержание от конфликта интересов, получение осознанного согласия от клиента, сохранение конфиденциальности, а также сохранение и неразглашение полученной от клиента информации (в рамках законодательства). Соблюдение вышеуказанных этических принципов является обязательным условием предоставления своих услуг психологами.

Вместе с тем, в Республике Казахстан процедура соблюдения данных принципов не регламентирована. Полагаем, что данный факт отрицательным образом сказывается, как на качестве предоставляемых услуг, так и в целом, на снижении статуса психолога. Возможность безнадзорного предоставления услуг, способствует росту всевозможных образовательных курсов, тренингов и прочих мероприятий, предоставляющих фрагментарные и некорректные знания. В дальнейшем, обладатели таких знаний могут нанести непоправимые негативные последствия своим клиентам.

В данной связи, считаем необходимым закрепить осуществление психологической помощи, основываясь на вышеуказанных этических нормах. Отмечаем, что в ряде стран действуют этические стандарты и кодексы, регламентирующие данную процедуру. В нашей стране отсутствует единый Этический кодекс психолога. В данной связи, в целях усиления ответственности психолога, а также в целях заботы о его клиентах, предлагаем вынести обсуждение норм Этического кодекса психолога на общественное рассмотрение, с проведением правовой экспертизы.

На основании вышеизложенного, в связи с отсутствием в нашей стране единого законодательного акта, регулирующего деятельность психологов, считаем необходимым рассмотреть возможность принятия профильного законодательного акта о психологических услугах и статусе психологов в Республике Казахстан.

Литература:

1. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», 7 июля 2020 года № 360-VI ЗРК;
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании», 27 июля 2007 года, № 319-III ЗРК;
3. Постановление акимата города Алматы от 30 января 2015 года № 1/53 «Об утверждении Правил деятельности психологической службы в организациях среднего образования города Алматы»;
4. Приказ Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 30 мая 2019 года № 292 «Об утверждении профессионального стандарта "Психологическая и социальная работа"».

ДИСФУНКЦИОНАЛДЫ ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ТҰРҒЫМБЕК А.Ғ.

*«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

БЕЙСЕНОВА Ж.Ж.

*Психология ғылымдарының кандидаты, қауым.проф.м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются проблемы формирования ребенка в социально-психологической и неблагополучной семье в дисфункциональных семьях в современных условиях.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Семейное неблагополучие; кризис семьи; дисфункциональная семья

ABSTRACT. The article examines the problems of the formation of a child in a socio-psychological and dysfunctional family in dysfunctional families in modern conditions.

KEYWORDS: Family trouble; family crisis; dysfunctional family

Қай кезеңде болсын, отбасындағы тәрбие мәселесі маңызды болып саналады. Соның ішіндегі отбасындағы бала тәрбиесі – мемлекеттік деңгейдегі, күрделі, кешенді міндеттерді алға тартатын жауапты іс.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуы – өте күрделі процесс. Тұлға туралы шынайы ғылыми тұжырым – ол адамның қалыптасуы нақтылы әлеуметтік жағдайда іс-әрекетпен байланысты болатындығында. Тұлға дамуының және қалыптасуының ғылыми негізін психолог Целуйко В.М. екі бағыттың бірігуінің нәтижесі деп түсіндіреді. Олар: танымдық және жеке тұлғалық. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған негізгі мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, мемлекетіміздің болашағы үшін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру[1]. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін ұрпақ бойында парасаттылық пен адамгершілік, биік мәдени деңгейі жүйелі қалыптасу үшін «психологиялық» білімдерді меңгеріп, білім мен тәрбиелік өнеге беру аса жауапты міндеттердің қатарына жатады. Отбасында бала жалпы адамзаттың және ұлттық рухани құндылықтарды меңгеріп, адами абзал қасиеттерге үйрету негізінде баланың ерекше тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда өзекті де ұлағатты іс екенін өмір дәлелдеуде.

Әрбір баланың әр түрлі іс-әрекеттерге түсінуіне, әр түрлі адамдармен қарым-қатынасының ұлғаюына байланысты, оның шығармашылық, парасаттылық және эмоциялық

потенциялының дамытылуына ықпал ететін жағымды қарым-қатынасқа сұранысы қалыптасады. Баланың мұндай ерекшеліктері ата - ананың барлық уақытта өз баласына үлгі болуы керектігін талап етеді.

Ата - ана, жақсылық туралы айтып қана қоймай, өзінің өмірде нағыз мейірімді болуын, еркін қарым-қатынас жасауға ықпал етуін және өз мінез-құлқына жауапкершілікпен сезінуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, отбасында берілетін үлгі өнегенің негізгі мақсаты, бағыты-баланың адами құндылықтарды меңгеруде өзіне жағымды қарым-қатынасының, өзін жүзеге асыруын, сондай-ақ әлеуметтік-тұлғалық мәнге іс-әрекеттерде өзін-өзі дамытуға қажеттілігінің қанағаттандырылуы.

Отбасындағы үлкендердің дұрыс бағыт бағдарының нәтижесінде, әрбір бала өзін-өзі сынай, бағалай білу арқылы өзінің сыртқы бейнесінің, өзін, өз орнын, өз қасиетін тани білуге ұмтылады.

Баланың отбасындағы жақын адамдары, ата - анасы өсіп келе жатқан балаға жағымды түрде әсер ете отырып, бала солардай болуды үйренеді. Нәтижесінде әрбір бала өз-өзін құрметтей отырып, өз ісіне талдау жасап, өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайды. Отбасындағы үлгілі тәрбие арқылы баланың бойындағы адами құндылықтар, оң қалыпты дәрежеде қалыптасуына мүмкіндік жасаймыз.

«Отбасы- бірлесіп күн көретін, туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы» - деген анықтама берілген К. Биекенов, М.Садырованың «Әлеуметтанудың түсіндірме» сөздігінде[2].

Отбасының маңызды сипаты - оның қызметі, құрылымы және динамикасы болып табылады.

Десе де, кез –келген жағдайдың екі жағы болатыны белгілі. Соңғы кезде қоғамымызда біздің тәлім тәрбиемізге жат, жан дүниені құлазытатын отбасындағы келеңсіздік жағдайлар дисфункционалды отбасы, осындай отбасындағы балаларға тәлім тәрбие беруде қандай психологиялық іс - шаралар, психологиялық қолдау, психологиялық сүйемелдеу т.б. жұмыстарды жүргізу біздің зерттеу жұмысымызда қарастырылатын негізгі мәселе болып табылады.

Шужебаева А.И. «отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың қарым-қатынасындағы қиындықтарын психологиялық-педагогикалық зерттеу» атты жұмысында: балаларды тәрбиелеу жүйесіндегі ең түйінді мәселелердің бірі қарым-қатынас проблемасы. Тұлға аралық қарым-қатынас сферасындағы сәйкессіздіктер психологиялық-педагогикалық бағытта болады, ондай балалар тобын проблемалары бар балалар деп анықтауға болады.

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың тұлғааралық қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтау, психологиялық-педагогикалық ғылымда қажетті деңгейде.

Зерттеу жұмысында отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың ересектермен өзара қарым-қатынасының психологиялық-педагогикалық негіздері, бала мен ата-ана қарым-қатынасының құрылымы зерттелінген бала мінезіндегі қиындықтарды жеңу механизмдері жасалынып, балалар мен ересектердің қарым-қатынасының дербес бағытталған мәдени сәйкес жүргізудің әдістері мен тәсілдері анықталған. Зерттеу барысында толық емес отбасы жағдайындағы балалардың қарым-қатынастары зерттелген [3] .

Э.Берн теориясының мәнін, қарым-қатынастағы эго күйлерді белсендіру ерекшеліктерін,оның ішінде қарым-қатынас үшін «Ересек»позициясының жағымды болатынын түсінді. Жеткіншектердің өзіне және айналасындағыларға жағымды,позитивті қатынасты орната білу, эго күйді белсендіру конфликтілі адекватты шешуге, агрессияны азайтуға нақты көмек беретіні анықталды [4]

Айдарбеков Қ.А. «Отбасындағы ішкі қарым-қатынас жүйесінде жасөспірімдердің өзіндік санасының диалогиялық құрылымдардың дамуы» атты зерттеу жұмысында

жасөспірімдік кезеңдегі өзіндік сана дамуының ерекшеліктерін және бүкіл тұлға дамуының ауытқу өзгешеліктерін тудыратын факторларды зерттеуге арналған[5].

Өткізілген зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша жасөспірімдердің дамуы кезіндегі орталық тұлғалық жаңа құрылымы өзіндік санасының диалогиялық құрылымдары екені туралы болжам өзінің растаулығын алып қойылған. Дәл осы жасөспірімдердің дамуы кезіндегі тұлғалық жаңа құрамының талдауы жастағы тапсырмаларды өнімді атқаруға қамтамасыз ететін функционалды механизмдерінің деңгейіне жеткізілген. Ішкі жанұяның құндылықтарды өсіп келе жатқан буынға берілуіне, дамуына және сақтандыруға бағытталған, және отбасында белгіленген оның мүшелерінің арасындағы коммуникативтікпен эмоционалды қарым-қатынастардың үлгілері бойынша үйлестірілетін, отбасындағы жүргізетін бірлескен іс-әрекет жасөспірімдерде өзіндік санасының диалогиялық құрылымдар дамуының негізгі көзі болып келеді [5].

Ресей психологтарының көбісі мысалы: Д.Б. Эльконин, Т.В. Драгунова жеткіншектік жастың жетекші іс-әрекеті ретінде қарым-қатынасты келтіреді. Жеткіншек жаста қарым-қатынастың ерекше орнын дәлелдей келе, В.В. Давыдов өз пікірін ұсынды: «жеткіншектік кезең адамда қарым-қатынасты құраушы тәртіптер мен ережелердің қалыптасу кезеңі»[6].

Ал, В.В. Бушельяның пікірі де қызықты мазмұн алады: «жеткіншектік кезең үшін бала-құрдас қатынасы жетекші орын алады, ал ересек бала қатынасы жетекші орын алмайды. Жеткіншектік жастың өзара қарым-қатынас типін қолдай отырып, Я.Л. Коломинский және А. Березовин мынадай пікірін ұсынады: «баланың шағын ортасы негізгі екі әлеуметтік-психологиялық астарлы жүйе бірлігінен тұрады алғашқысында бұл «ересек бала» қатынасындағы астарлы жүйе, белгілі – бір кезеңде бұл жүйеге «бала-бала» қатынасындағы астарлы жүйе бастапқы жүйе орын алады. Дәл осы жүйеде қарым-қатынасқа қажеттілік пайда болып, дамуға түрткі алады, ол тұлғааралық қатынастардың негізінде жатыр[7].

Отбасы - нақты өмірлік құндылықтарды, түсініктерді, қоғаммен өзара қатынаста бағыттар бірлігін білдіретін адамдар бірлестігі, мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты бірлестігі, мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты некенің мазмұны, формалары және тұрақтылық критерийлерін болжайды. Отбасы психологиялық ерекшеліктерден тұратын шағын топ ретінде әлеуметтік психологияның зерттеу нысаны болып табылады.

Күнделікті жанжал, қараусыздық, немқұрайлылық және жағымсыз мінез-құлық, отбасындағы баланың болашағына салғыртықпен қарау т.с.с. отбасылардағы негізгі функционалдылығы жойылған отбасылар мәселесі ушығып тұрған жағдай.

Қазіргі заманғы психологияда дисфункционалды отбасыларды, олардың ішіндегі функционалды жүйелері бұзылған отбасылар деп анықтайды. Мұның себептері өте көп, мұнда отбасы мүшелері қатты эмоционалды күйзеліске ұшырайды, бұл кейде балаларды қараусыз қалдыруға, тіптен қорлауға дейін ұласуы мүмкін.

Дисфункционалды отбасылардың балалары бұл жағдайды қалыпты деп санайды, өйткені олар үнемі осы ортада болады, былайша айтқанда еттері үйреніп кеткен және сол өзі өмір сүріп жатқан отбасындағы қарым-қатынас стилі, болып жатқан жағдайларға олар осылай болуға тиісті деп есептейді.

Екінші жағынан, функционалды отбасыда барлық отбасы мүшелерінің іс әрекеті, қарым қатынасы, жеке басының ерекшеліктері баланың жан жақты, үйлесімді дамуына ықпал етеді және эмоционалды әл-ауқат үшін қауіпсіз кеңістікті қамтамасыз етеді.

Дисфункционалды отбасы мүшелері арасындағы қатынастарға келетін болсақ, мұндай отбасында көбінесе апатия, балаларға қатысты зорлық-зомбылық және немқұрайлылық байқалады. Жағдайы нашар отбасылардан шыққан балалар көбінесе өзін-өзі бағалауы төмен болады, әдеттегідей осы мінез-құлықпен өседі, баланың дамуына кері әсер етеді.

Функционалды отбасында отбасы мүшелері арасында өзара сыйластық болады және барлығы бір-бірін қолдайды. Функционалды емес отбасыларда ата-аналар мен балалар арасында шиеленіс пен сенімсіздік туындайды. Сонымен қатар, отбасындағы ата-аналардың беделі көбінесе қате және жауапсыз болады. Ересектер арасында да сенімсіздік пен реніштің белгілі бір деңгейі бар. Отбасы мүшелері баланың өсуіне қауіпсіз жағдай жасамайды. Өскен

сайын жасырын қорқыныш пен үнемі қауіп, қолайсыздық сезімде жүреді. Сонымен қатар, мұндай отбасылар кешірім сұрауды бағаламайды және эмоциялардың ақылмен көрінуіне жол бермейді.

Ал енді адамдар арасында ғана емес, қоғамдық деңгейдегі дисфункционалды отбасылардың, отбасындағы дисфункцияның себептері не екеніне тоқталамыз.

Ешбір отбасы мінсіз болмайды және сіз туылған немесе өскен отбасын таңдай алмайсыз. Дисфункционалды отбасыларға әкелетін көптеген сыртқы және ішкі себептер бар. Дисфункционалды отбасының кейбір белгілеріне келетін болсақ, «сананы тұрмыс билейді» демекші отбасындағы материалдық, қаржының жетіспеуі, уде берекені қашыратынын қазіргі заманда барлығына аян.

Егер отбасы қаржылық жетіспеушілік жағдайды бастан кешіп жатса немесе өте нашар жағдайда болса, бұл ересектердің психикалық денсаулығына әсер етеді, қосымша қысым жасайды. Бұл қысым токсикалық стреске оңай ауысуы мүмкін, бұл отбасы мүшелерінде одан да көп функционалды емес мінез-құлыққа әкелуі мүмкін. Отбасы қаржылық мәселелерге тап бола салысымен, ата-аналар мазасыздана бастайды және бұл отбасы құрылымында түсінбеушіліктер пайда болып, жанжалдар мен келіспеушілікке әкеледі. Отбасындағы бұрыннан қалыптасқан өкпе реніш негізінде қалып қойған дисфункционалдылық, өзінің ата-анасына деген қарым-қатынастың көрінісі, отбасының мүшелеріне, балаларына көшеді. Мұны отбасылық дисфункционалды анамнез деп айтамыз.

Дисфункционалды отбасының мүшелері бір-бірімен қалай ашық сөйлесуді білмейді және жиі коммуникативті қиындықтарға тап болады. Олар отбасы ішіндегі болып жатқан жағдайлар туралы айтқысы келгенмен, іштерінде сақтап жүреді, оларды ешқашан талқыламайды. Себебі мұндай отбасындағы қарым-қатынас өзара түсінушілікке, бірін-бірі тыңдауға, отбасындағы әрбір мүшелерінің ойын, пікірін сыйлауға т.с.с. құрылмаған. Отбасы мүшелері бірін-бірі тыңдамайды, тыңдағысы да келмейді және әдетте басқа байланыс құралдарын пайдаланады. Дисфункционалды отбасында эмпатия аз немесе мүлдем болмайды.

Шындықтың бейнеленуінің әлеуметтік психологиялық заңдылықтары адам мінез-құлқына ғылыми негізделген түрде етудің жаңа мүмкіндіктеріне қоғам алдында аша алады. Отбасын әлеуметтік-психологиялық зерттеу тұлғаның әлеуметтену процесінің негізінде жатқан және де отбасылық бірлестіктің мүшелеріне күшті әсер ететін заңдылықтарды білуге мүмкіндік береді[7].

Отбасындағы ең басты іс-әрекет ол ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас.

Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлға аралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой-пікір, сана - сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Жалпы қортындылай келе, отбасында өсіп келе жатқан баланың психологиялық дамуына, тұлға болып қалыптасуына, өмірден өз орнын табуына отбасындағы үйлесімділікті орнату психолог мамандардан кешенді жұмыс жасауды талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Понятие и типы неблагополучных семей// Целуйко В.М. Психология неблагополучной семьи: Книга для педагогов и родителей. - М.: Издательство ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. -С.3-99

2. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі [Мәтін] / К. Биекенов, М. Садырова - Алматы : Сөздік-Словарь, 2007. - 342,

3. Шужебаева А.И Психологияеские-педагогические исследования трудностей в общении детей в условиях семейного воспитания Автореф. канд. дис. Алматы, 2004

4. Ребёнок из неблагополучной семьи. Буянов М.И. ; М. Знание, 1984г

5. Айдарбеков Қ.А. Развитие диалогической структуры самосознания у подростков в системе внутрисемейных взаимодействий Автореф. дис. канд. Алматы, 2003.

6. Эльконин Д.Б., Драгунова Т.В., Боцманова М.Э., Захарова А.В. Издательство: М.: Просвещение, 1967, - 360с.

7. Ковалев С.В. Психология семейных отношений. –М.: Педагогика, 1987. –159б.

ТЕРГЕУШІЛЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

УСКИМБАЕВА Ж.М.

*Алматы қалалық мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімдеу орталығы Пмпк 1 (Кдг 1)
Педагог-психолог*

АННОТАЦИЯ. В настоящее время важны взаимоотношения следователей с обвиняемым. В статье рассматривается профессиональная деятельность следственных органов и их психологические аспекты. Основное понятие определяется профессиональным изучением следственной деятельности, психологической характеристикой следователя.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА. действие, общение, следователь, правоохранительные органы, преступник

ABSTRACT. At present, the relationship between the investigators and the accused is important. The article examines the professional activities of the investigating authorities and their psychological aspects. The basic concept is determined by the professional study of investigative activity, the psychological characteristics of the investigator.

KEYWORDS: action, communication, investigator, law enforcement, criminal.

Тергеу органдарының кәсіби іс - әрекеті мемлекеттік іс - әрекет мемлекет бұл органдар алдына азаматтардың қылмыстық зиянкесті әрекеттерінен қорғауға бағытталған белгілі бір мақсатпен міндеттеуді қояды. Тергеуші болу үшін, арнайы табиғи нышандардың болуы қажет емес. Тергеу іс - әрекеті үшін жүйке жүйесі, ми, темперамент типінің рөлі зор. Т.Богдан, В.Ф. Конн тергеуші қызметіндегілер адамгершілік негізде қызмет етулері керектігі жөнінде зерттеген. Біздің тәуелсіз жас мемлекетіміз жаңа, түбірлі өзгерісті, яғни сапалы күйге көшуді жүзеге асыруда және демократия, әрі нарықтық қатынастар бәсекелестік жағдайына икемделгіш, әрі белсенді, жан- жақты дамыған жеке тұлғаларды қажетсінеді. Тергеу органдары қызметкерлері жеке тұлғасының қалыптасуы мәселесін екі жақты қарастыру керек. Тергеуші жеке тұлғасының қалыптасуы барысында сезіну мен өзіндік сана - сезімнің рөлі артуы тиіс. Егер де қызығу, қажеттіліктер, мотивтер мен мақсат жұмыс мазмұнына сәйкес келіп жетсе, бұл жағымды оң нәтижелерге жеткізетін болады. Психикалық заңдылықтарды білу оны оперативті іздеу іс - әрекетінде қолдану және арнайы психологиялық әдістемелерді қолдана білуі тергеушінің жұмысын жеңілдететін әбден мүмкін. Өйткені өзіне қажетті адамдармен бірге қарым - қатынасқа терең түскен жағдайда өз әрекетін реттеп жүйелей алуы, заң бұзушы адамдардың мотивтерін терең түсінуі, объективті объекті тани біліп оны дұрыс бағалап, нәтижесін практикалық іс - әрекетінде қолдана білуі абзал.[1]

Қазіргі психология ғылымының жағдайын біршама даму үстінде деп бағалауға болады. Соңғы онжылдықта психологиялық зерттеулер ауқымы кеңіді, жаңа ғылыми бағыттар пайда болды. Тергеу ісінің мақсаты – негізгі әлеуметтік құндылықтарды қорғау, құқық бұзушылықты тексеруде шындықты ашып, кінәліні сотқа беру. Сондықтан тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық ерекшеліктері оның тергеу қызметіндегі әлеуметтік-саяси, адамгершілік және психологиялық ерекшеліктерімен байланысты. Алдын ала тексеру – бұл белгілі бір мақсатқа бағытталған процесс, ол мақсат тергеушінің бұрын болған қылмысты

қазіргі кезде қалпына келтіруі болып табылады. Тергеуші қызметін анықтайтын негізгі құрамдас бөлігі болған оқиғаны, осы іске қатысты әрбір адамның өзара қатынасын қалпына келтіре отырып, қылмыс жасаған субъектінің жеке тұлғасын тану үшін әр түрлі деректер жинауы мен зерттеуі болып саналады. Дәл осы алдын ала тексеру барысында болған қылмыстық оқиғаның көрінісін қалпына келтіру процесі іске асады. Танымдық әрекеттің бұл ерекшелігі жиналған мәліметтерді таңдап-талғауда көп қиындық әкеледі, сол себепті үлкен көлемдегі әр қилы деректерді бір арнаға жинауға, бөлек-бөлек пікірлерді өзара байланыстыруға тура келеді.[2] Тергеуші қызметінде қажет ақпаратты іздеуге, оны дұрыс таңдауға, қолда бар ақпаратты түсінуге жетелейтін білім мен тәжірибе жинақталады. Бұл білім мен тәжірибе оның қиялын дамытатын алғышарт болып табылады.

Тергеушіге керек қасиеттің бірі – оның оқиғаның даму барысын болжай білуі, соған қарай өз әрекетін дұрыс жоспарлап, жолға қоюы. Тергеушінің өз әрекетін дұрыс жоспарлауы оның сезгіштік (рефлекстік) ой-өрісіне байланысты. Оның әрекеті қылмыскерге тек оң әсер етпей, кейде кері әсер етуі тиіс. Тергеушінің кәсіби біліктілігі тергеу аппаратын жинақтағанда, жеке тергеу топтарын құрғанда, әр түрлі үлгідегі қылмыстарды тексеруге тергеушілерді дұрыс пайдалана білу де керек. Тергеу әрекетінің мақсаты – негізгі әлеуметтік құндылықтарды құқықтық қорғау, орын алған құқық бұзушылықтың шындығын анықтау, жазықты адамды сотқа беру. Сол себепті тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық қасиеттері оның тергеу қабілетінің саяси-әлеуметтік, адамгершілік және психологиялық ерекшеліктерімен көрінеді.

Алдын ала тергеу – бұл бұрын болған оқиғаны тергеу барысындағы дәлелдермен қалпына келтіру мақсатын көздейтін мақсатты процесс. Тергеуші әрекетінің психологиялық құрылысының негізгі ерекшелігі оның болған оқиғаны толық елестете алатындай, осы оқиғаға қатысты адамдардың қарым-қатынасын, қылмысты субъектінің жеке тұлғасын тани алатындай әр алуан деректерді жинай білуі болып табылады. Дәлірек айтсақ, алдын ала тергеуде болған оқиға үлгісін құру процесі жүреді. Алғаш дерек жинай бастаған тергеуші болған оқиғаның толық келбетін көз алдына елестете алмайды, бұл істің соңғы қорытындысын біле алмайды. Танудың бұл ерекшелігі ақпарат жинау, оны екшеу, бағалау ісінде қиындықтарға әкеледі, әр деректің табиғатын тану үшін немесе жеке-жеке деректердің бір-бірімен байланысын анықтау үшін бір-біріне ұқсамайтын үлкен көлемдегі версияларды тексеруге тура келеді.

Тергеуші әрекетінде жинақталған криминалдық білім мен тәжірибе керекті ақпаратты іздеуде, оның қажеттісін таңдап ала білуде, қолдағы ақпаратты дұрыс түсіне білуде көмегін тигізеді. Бұл білім мен тәжірибе тергеуші қиялының дұрыс бағытта дамуына да керекті алғышарттар болып табылады. [3] Осыған байланысты ойша деректердің өзара байланысты жобасын өткен оқиға мен қазіргі құбылыстардың байланыстырып құру қажеттігі туады. Таным танылуға тиісті деректер мен құбылыстарды тексеруге, бағалауға бағытталған іс-тәжірибе әрекеттерін қамтиды.

Жұмыс барысындағы тергеушінің ой-пікірі тек оның өз әрекеттеріне ғана бағыт беріп қоймай, сонымен бірге барлық іске қатысты тұлғалардың әрекеттерімен сәйкес келіп отыруы керек. Ол өзі үшін де, басқалар үшін де ойлануы, іске қатысты адамдардың қимылдары мен шешімдерін ертерек болжап, соған өз әрекетін жоспарлауы тиіс. Бұл өзара бірлесіп әрекет ететін топқа әр қилы, кейде мүлде қарама-қарсы көзқарастың өкілдері: тергеуші мен тергелуші, жауап алушы мен жауап беруші т.б. жиналады. Тергеу процесіндегі адамдардың көзқарастарының сәйкес келмеуі, қарама-қайшы келуі психологиялық тұрғыдан психологиялық элементтерді: сана, ерік күшін, мінез, адамгершілік принциптерді ескере отырып, тергеу тактикасын белгілеп алуы керек етеді. Тергеушіге әр түрлі мамандық иелерінен жауап алуға тура келеді, ал сол мамандық иелеріне ғана түсінікті кәсіби мәселелерді оның да білуі тиіс. [4] Тергеуші тек заңға және өз ар-ұжданына сүйене отырып әрекет етуге ғана құқұлы. Тергеуші әр түрлі тактикалық тәсілдерді, оның ішінде психологиялық реагенттерді қолдануға құқылы (мәселен, тергеуші қылмыскерге оның сыбайластарының өз қылмысын мойындағаны туралы төтеннен айтып, өзінің негізгі мақсатын жария етпей қалуына

болады). Дегенмен психологиялық реагентті пайдалану шектен шықпауға тиіс, тергеуші қылмыскердің әр жауабын өзі жақсылап тексеруді, қылмысты істің шындығын ашу жолында өз әрекетін құқықтық және әдептілік жағынан заңдастыруы керек.

Тергеуші мен іске қатысы бар адамдар арасындағы теңсіздік мынадан көрінеді: тергеуші болған іс туралы толық және жан-жақты хабардар емес, ал соңғылар өз қолымен жасаған не көрген жағдайдың қайсысын жасырып қалуды біледі. Тергеу жүргізуші тексеру барысында қылмыс ізімен жүріп келе жатса да, ылғи оқиғаның ең соңында болады. Ал қылмыскер уақыт пен жағдайды тиімді пайдаланып, тергеушіні қиын қыспаққа қалдырып отырады. Мұның бәрі кейде тергеу ісіне қиян-кескі күрес сипатын береді. Қауіпті жағдаятты жеңе білу сияқты эмоциялық кері әсерлер тергеушінің үнемі ерік күшін жігерлендіріп, ақыл-ойының белсенділігін арттыруын керек етеді.

Тергеушінің тағы бір міндеті – шиеленіскен жағдаятты шешуде әділ баға бере білуі, ол іске жүйелі түрде талдау жасауына көмегін тигізеді. Тергеуші әділ тергеуге кедергі келтірушінің мақсатын біліп алып, оны есепке алып отыруы керек. Өз жолын айқындау үшін тергеуші өз таңдауының және стратегиясының дұрыстығын көптеген дерек көздері арқылы анықтап алуы тиіс. Тергеуге тән нәрсе тек қана күрес емес екенін атап айту керек. Сонымен бірге нағыз тергеушіге тән қасиет – тергелушіге психологиялық әсер етуі, қылмысты ашу үшін оның бағыты мен көңіл күйін өзгерте алуы. [5] Еңбектерде «психологиялық реагент» пайдалану тәсіліне рұқсат етіледі, оның ролін зат, дерек, адам, құбылыс, мәлімет ойнауы мүмкін. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты: күдіктіге «реагент» ұсына отырып, яғни оған психологиялық шабуыл жасай отырып, оның өтірік айтуына шамасын келтірмеу. Бұл жағдайдың кінәсіз адам үшін маңызы жоқ, ал қылмыскерге психологиялық кері әсерін тигізеді. Тергеу ісінің басында тергеуші де толық мағлұмат болмағандықтан, оған белгісіздік жағдайында шешім қабылдауына тура келеді. Күдікті мен айыпты жағдайында қылмыскер болмауы мүмкін. Сондықтан негізгі мәселе – осы жеке тұлға қылмыс жасады ма, жоқ па деген сұрақты шешу үшін ол адамның психологиясын жете зерттеу керек. Жауапкершіліктен қашып, өзінің қылмысқа қатысын жасыру мақсатында қылмыскер айналасына көңіл-күйін, уайымын білдіргісі келмейді. Ол сол күнгі оқиғаны еске түсіргісі келмей, оны өзінде тығып ұстағысы келеді, ал ол сезім жасырған сайын іште ушыға түседі. [6] Ақыр соңында өз сезімін жасыру заңдылықтары оның психикалық сана-сезімінің бұзылуына әкеп соғады. Жауап беру кезінде күдікті де, кінәлі де әрқилы сезімдерді бастан кешіреді. Қылмыс жасаған адам қылмысының ашылып қалуы мен жазадан қорқады. Бұл оның психикасына қатты әсер етіп, ерік жігерін басып, өзін-өзі игере алмай, күйзеліске ұшырайды. Әдетте қылмыс жасаған адамда қорқыныш оны жауапқа тартпай тұрып-ақ басталады. Айналадағы адамдардың өзі туралы пікірі тіпті азғындық жолға түскен адамдар үшін де маңызды. Өз әрекетінің жария болмауын ойлауы олардың көп әрекетінен түсініктеме береді. Тергелушінің мұндай пиғылын байқаған тергеуші одан дұрыс, тура жауап беруін сұрап тек солай ғана өз жақындарының түсініктігіне қол жеткізе алатынына сендіру керек. Тергеуші кінәлінің осындай психологиялық жағдайын пайдаланып, оған қылмыстық топтағы қарым-қатынастың, қылмыскерлердің жалған достығының бет пердесін ашып, осы сәтті шындықты ашуға пайдалануына құқылы. Алайда, қылмыстық топ психологиялық қатынасты ескере отырып, мұндай тәсілдерді пайдаланғанда өте абай болған жөн. Осындай тактиканы пайдаланамын деп заңды бұзып, адамгершілік, әдептілік принциптерінен аттап кетуге болмайды. Кінәсіз адамның белгілі бір жағдайлармен күдікті, тіпті кінәлілердің қатарынан орын алғандағы психологиялық жайы ерекше орын алады. [7] Ол мұндай жағдайда ашу, ыза, қарсыласу, орынсыз күдікпен тезірек айығу сезімдерін бастан кешеді. Қорыта келе, жәбірленушімен мен куәгерлерден жауап алғанда олардың психикалық жағдайын зерттеген жөн. Бұл тергеушінің кәсіби маман екенін және де өзінің саласында білікті қызметкер екенін көрсетеді. Психологиялық жеке қасиеттерін білу арқылы тергеу кезінде әрқайсысына жеке дара жол, психологиялық тәсіл таба біледі.

Әдебиеттер

1. Чуфаровский Ю.В «Юридическая психология». М.Юрист 1997г
2. Еникеев М.И. Психология общения следователя с обвиняемым и следователями. Современные проблемы расследования и предупреждения преступлений. М., 1987. 107с.
3. Алдын-ала тергеудің аяқталуы А. Ағыбаев
4. Жданов А.А. Человек как носитель криминалистически значимой информации. М., 1993. 187с
5. Изард К. Эмоции человека. М., 1980. 132с
6. Канторович Я.А. Психология свидетельских показаний. Харьков, 1995. 176с
7. Корте С.И. Тактика и психологические основы допроса. М., 1995. 181с

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ІРГЕЛІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

УТЕПБЕРГЕНОВА З.Д.

п.ғ.к., аға оқытушы

*Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті,
Теориялық және практикалық психология кафедрасы*

ЕСМҰРАТОВА Н.М.

«7М03102 - Психология» мамандығы 2 курс магистрі

АННОТАЦИЯ: В статье рассматриваются психологические возможности кардинального повышения профессиональной подготовки будущих учителей и психологов, подчеркивается необходимость уделения особого внимания реабилитации общепрофессиональной школы. Обеспечение будущих специалистов самыми современными знаниями и передовым опытом отражает основные направления реформирования профессионального образования. Успешное решение сложных задач обучения и воспитания будущего специалиста требует четкого видения профессиональной направленности, эрудиции и культуры учителя.

Адамның қолы. Қол қою – бұл адам жанының айнасы ма айналадағылар үшін? Қол қою арқылы адамның күштілігін немесе төмен қасиеттерін байқауға болады. Бұл шын ба? Анализ үшін қолды қолдануға болады. Бір жыл ішінде адамда әр түрлі қол болады. Біреуі өзінің шын қолы, екіншісі – жұмыс қағаздары үшін. Егер адам бір түр қолын қолданса онда ол салмақты адам. Егер қол артқа қарай бағытталса, бұл адам қарым-қатынасқа жақсы. Қол арасындағы

ұзын сызық бұл мінезі тік адам. Ұзын сызық қол арасындағы бұл анализде үлкен роль атқарады. Егер сізге екі вертикальды сызық кездесе, бұл іскер адам. Әдеміленген сызық бұл романтизмді көрсетеді. Қол бұрышты болып келсе бұл шешім қабылдағыш адам. Кішкентай қойылған қол бұл лидер емес дегенді білдіреді. Қол жоғары қарай бағытталса, бұл оптимист адам. Өзіне сенімсіз адамдарда төмен бағытталады. Егер қол адам атының әрпінен басталса бұл өз ісіне жауапты адамдар.

Қымбатты жолдастар!

Біз ойлаймыз, бұл материал сізге өз жұмысыңызда көмектеседі деп және өзіңізге адамды тез тануға керек болады. Адамның жазуы арқылы оның қандай екенін біле аламыз. Бір кездері жұмысқа бір ер адам келіп өзін қаржы директоры ретінде ұсынды. Өзін сондай жақсы адам сияқты көрсетті, бірақ жазуы нашар!...

Графология – бұл өте қызықты тәсіл, өз-өзін түсінуге және басқаны түсінуге жақсы. Еуропа елдерінде графология ежелден тестте қолданылады, адамды тану үшін. Бұл АҚШ елінде өте жақсы атаққа ие болды. Қазіргі кезде көптеген фирмаларда графологтарды қабылдайды. Жас адамдар профессионалды графологтарға барады, өз өздеріне сенбегенде, өздерінің білімдерін, таланттарын қайда жұмсау керектігін білгісі келгенде. Графологтарға балалар өздерінің ата-аналарының мінезі туралы білуге барады. Жаңа бағыт зерттелінуші жазуында пациенттің жазуын гипноз арқылы бақылау. Графолог бұл адамның мінезін өзгерте алмайды, оның негізгі мақсаты жазуды анализдеп, адам өз қасиеттерін түсініп дұрыс жолда қолдануы.

Әдебиеттер:

1. Анаев Б.Г. Проблема формирования характера. - СПб.:«Питер»,2000. -324 с.
2. Теплов Б.М. Психология характера. -М.: «Наука», 1997 . – 540 с
3. Алесковский С.Ю., Комиссарова Я.В. Основы графологии. Москва: Юрлитинформ, 2006 - 2008.
4. Зуев-Инсаров Д.М. Почерк и личность. - М., 1993.
5. Моргенштерн И.Ф. Психографология. - М.,1994
6. Ахшарумов Н.Д., Тишков Ф.Ф. Графология или учение об индивидуальности письма. Рига, 1894.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҰҒЫРЛАРЫ

АЮПОВА Г.Т.

PhD доктор

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

МАЗАНБЕКОВА М.Е.

Магистрант

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

АННОТАЦИЯ. В статье анализируются методологические аспекты личностного развития учителей вузов и их роль в научном исследовании проблемы.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Личность, развитие, методология.

ABSTRACT. The article analyzes the methodological foundations of the personality development of a high school teacher and their role in scientific research of the problem.

KEYWORDS: Personality, development, methodology

Жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерінің әдіснамалық тұрғыларын зерттеу осы мәселе бойынша теориялық және эксперименттік болжамдар жасауға негіз болады.

Тұлға туралы концепциялар түрлі әдіснамалық қағида негізінде дәйектелген. Мысалы, қазіргі кезде ТМД елдерінің көбінде кеңестік кезден бері психологиялық концепциялар сана мен іс-әрекеттің бірлігі қағидасы, детерминизм қағидасы, белсенділік қағидасы, тұлғалық қағида және т.с.с. қағидалар басты негіз болып келеді.

Жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеп, негіздеу жалпыәдіснамалық қағидалармен қатар психологиялық, педагогикалық ғылымдар аясындағы нақты әдіснамалық қағидаларды да негізге алуды қажет етеді. Себебі жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді теориялық және эксперименттік зерттеп, негіздеудің өзгешеліктері, шекті тұстары нақты әдіснамалық қағидаларды қолдануды талап етеді.

Зерттеуіміздің әдіснамалық негіздерінде біз жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы прогрессивті сипатқа ерекше назар аудардық. Себебі әдіснамалық қағидалар жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуының ерекшеліктерін, факторларын және технологиялық мүмкіндіктерін айқындайды.

Әдебиетте көбіне жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-тұлғалық даму моделі өзара байланысы тығыз болмайтын кейбір профессиографиялық белгілерге, оқытуды ұйымдастыру мүмкіндіктеріне немесе оқу жоспарының орындалуына сәйкес іс-әрекет кешенімен көрсетіледі. Бұл жағдайда оқытушының моделі оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінің, педагогикалық қарым-қатынастың және оның өзін-өзі таныту үдерісінің кейбір тұстарын ғана ашады.

Оқытушының кәсіби-тұлғалық даму моделі жүйелі түрде ұйымдасқан құрылым ретінде болуы тиіс. Мұнда жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-тұлғалық даму моделін құрастыруда оның кәсіби іс-әрекетінің психологиялық құраушылары, педагогикалық шарттар және арнайы кәсіби мамандық бойынша мақсат-міндеттер қамтылғаны дұрыс деп санаймыз.

Осыған орай ғылыми-тәжірибелік күрделі мәселені кешенді шешуде маңызды әдіснамалық қағидаларды нақтылау қажет болады. Бұл жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеудің әдіснамалық тұрғылары нақтыланды. Бұл тұрғылар, қағидалар негізінде жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеудің әдіснамалық негізін модельдеп, 1-суретте көрсетеміз.

Жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеудің әдіснамалық негіздері

- даму қағидасы
- детерминизм қағидасы
- жүйелік қағидасы
- біртұтастық қағидасы
- динамикалық өзгерістер қағидасы
- орналасудағы иерархиялық қағидасы
- амбиваленттік қағидасы
- ашықтық қағидасы
- субъектілік қағидасы
- акмеологиялық қағида
- деонтологиялық тұрғы
- типология қағида
- кері байланыс қағидасы
- элеуенттік және өзектілік қағидасы
- теорияның және эксперименттің өзара байланыс қағидасы

әдіснамалық қағидалардың функционалдық қызметі

(А.Ф. Шикун мен А.В. Копнышева):

- гносеологиялық функция;
- прогностикалық функция;
- оқу-білім беру функциясы;
- басқару функциясы;
- репрезентативтік функция

оқытушының кәсіби педагогикалық іс-әрекеті

ОҚЫТУШЫ-НЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫ

оқытушының педагогикалық қарым-қатынасы



1-сурет. Жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеудің әдіснамалық негізінің моделі

Жоғары мектеп оқытушысының моделін құрудағы бірқатар қағидалар және соларға байланысты функциялар ресейлік зерттеушілер А.Ф. Шикун зерттеуінде арнайы қарастырылған. [1]. Авторлар ұсынған әдіснамалық қағидалар оқытушының кәсіби іс-әрекетінің барлық салаларын қамтиды. Олар тұжырымдаған қағидалар:

- біртұтастық қағидасы;
- динамикалық өзгерістер қағидасы;
- орналасудағы иерархиялық қағидасы;
- амбиваленттілік қағидасы;
- ашықтық қағидасы.

Осы қағидалар жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеудің әдіснамалық схемасын көрсете алады деп санаймыз.

Жалпыәдіснамалық қағида ретінде даму қағидасы тұлғалық қасиеттегі, сападағы заңды өзгерістерді зерттеуді негіздейді. Осыған байланысты Л.С. Выготский [2,34б.] адекватты зерттеудің негізі ретінде табиғи және жоғары психикалық функциялардың пайда болу тарихынан бастап даму жолын айқындауды көрсетеді. Сондықтан ғылымда дамудың «генезисі» ұғымы қолданылады. З. Фрейд [3], Б.Г. Ананьев [4], А.А. Деркач [5] және т.б. еңбектерінде генезис ересек адамның тіршілік етуінің ең маңызды детерминанты ретінде анықталады.

«Даму» ұғымын ғылымда зерттеу мәселесін талдау үшін жалпы түрде қолданады. Бұл ұғым зерттеу объектісінің ішкі құрылымындағы, оның бөліктеріндегі өзгерістерді білдіреді. «Даму» ұғымы объектінің өзгеру жағдайымен және бағытымен байланысты болады. Объектінің өзгерісіне эволюциялық, революциялық және ситуациялық даму сәйкес келеді [6]. Ал объектінің дамуы жағымды, яғни прогрессивті бағытта және жағымсыз, яғни регрессивті бағытта өзгерумен сипатталады.

Біздің зерттеудегі даму қағидасының әдіснамалық бағыттары төмендегідей:

- оқытушының тұлғалық дамуының детерминанттарын – ішкі және сыртқы факторлардың анықталып, түсіндірілуін;
- оқытушылардың тұлғалық дамуындағы жалпылық сипаттағы және жеке дара ерекшеліктердің типтерінің болуын және сипатталуын;
- оқытушының тұлғалық қасиеттердің, ерекшеліктердің даму деңгейлерінің болуын;
- оқытушының тұлғалық дамуында қасиеттер тізбегі, жиынтығы құрылатын сапалық өзгеріс ретінде сипатталуын;
- оқытушының тұлғалық дамуын сандық көрсеткіштермен өлшенетін өзгеріс ретінде қарастырылуын.

Жалпыәдіснамалық қағида кез келген құрылымның, қасиеттің, ерекшеліктің себепсіз пайда болмайтынын, өзгермейтінін түсіндіреді. Бұл *Детерминизм қағидасы* болып табылады. Осыған байланысты зерттеуімізде жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуының, тұлғалық ерекшеліктерінің себептері болатыны қарастырылады. *Детерминизм қағидасына* сәйкес жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуының ішкі және сыртқы себептері талданады. Мұнда С.Л. Рубинштейн ұсынған детерминизм түсінігі мен Л.С. Выготскийдің экстерниоризация-интериоризация теориясы негізге алынады. Яғни, «ішкі өзгеріс сыртқы ықпалдың күшінен» пайда болады. Осыған байланысты жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуының ішкі факторлары ретінде психологиялық параметрлер, ал сыртқы факторлар ретінде әлеуметтік, экономикалық, саяси факторлар анықталады.

Ғылымда, зерттеулерде жүйелі түрде тану маңызды және басты талап болып табылады (Б.Ф. Ломов, И.К. Лисеев, В.Н. Садовский, В.А. Барabanщиков, М.Г. Рогов. және т.б.). Сондықтан жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық даму ерекшеліктерін зерттеудегі *жүйелік қағида* басты рөл атқарады. Кез келген құрылымның элементтері мен құраушылары болады. Кез келген құрылымның дербес және жалпыланған бөліктері бар. Кез келген құрылым өз ішіндегі иерархиялық, деңгейлік жағдайдағы бірліктермен сипатталады. Осыған байланысты ғылымды да, құрылымдарды да жүйелі түрде тану «ақиқаттағы ықпалдасқан (біртұтас) құрылымдарды сипаттауға және түсіндіруге мүмкіндік береді» [7. 29 б.].

Жүйелік қағида біздің зерттеудің келесідей міндеттері мен әдіснамалық бағытын анықтайды:

- жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық қасиеттерін біріккен күрделі құрылым ретінде сипаттауға;
- жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы қасиетті, ерекшелікті күрделі құрылымның бір бөлігі ретінде қарастыруға;
- жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық ерекшеліктерін белгілі типтік жүйе ретінде қарастырып, оның жеке бөліктерін анықтап, сипаттауға;
- жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық даму деңгейлерін анықтауға.

Жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеуде жүйелік қағидамен қатар *бір тұтастық қағидасы* басты рөл атқарады. Бұл қағида жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекетін тек жүйе ретінде ғана емес, оны біріккен бөліктер тұтастығы деп бейнелеудің қажеттігін анықтайды. Яғни, оқытушының кәсіби іс-әрекеті оның негізгі құраушыларын түгелдей қамту арқылы бейнеленеді. Сондықтан әдебиеттерге жасалған талдау арқылы, біздің зерттеуімізде жоғары мектеп оқытушысының оқыту-тәрбиелеу іс-әрекеті, педагогикалық қарым-қатынасы және өзін-өзі таныту үдерісі оның кәсіби іс-әрекетінің негізгі құрылымдары ретінде тағайындалды.

Жоғары мектеп оқытушысының қалыптасу және даму үдерістерін *динамикалық өзгерістер қағидасы* бейнелейді. Осыған байланысты бұл динамикалық өзгерістер қағидасы біздің зерттеудегі жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық қасиеттерінің оң немесе теріс бағытта қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіреді.

Жоғары мектеп оқытушысының қалыптасу және даму үдерістерінде *орналасудағы иерархиялық қағиданың немесе* субординациялық қағиданың ролі зор. Иерархиялық қағидасы жоғары мектеп оқытушысының кәсіби сипаттарының өзара тәуелділігін және өзара байланысын көрсете отырып, күрделі құрылымның бөліктерін жекелеп қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы: педагогикалық қабілеттің құрамындағы оқытушының коммуникациялық қабілетін жеке қарап, зерттеу. Бұл қағида негізінде тұлғаның ең күрделі, ең жалпыланған қасиеттерінің тым қарапайымдау, дербестеу қасиеттерді өзіне қамтып, бағындыруы да түсінікті болады. Мысалы: оқытушының өзін-өзі бағалауы оның «Мен»-тұжырымдамасына кіреді.

Амбиваленттілік қағидасы жоғары мектеп оқытушысының біріне бірі қарама-қарсы қасиеттерінің өзара бірлікте болуын және олардың бірін бірі толықтыра алуын түсіндіреді. Осыған байланысты оқытушының қасиеттерін, сапаларын бір біріне антоним болатын терминдердің жұбымен талдауға болады. Біздің зерттеуде амбиваленттілік қағидасы арқылы жоғары мектеп оқытушыларының тұлғалық дамуы екі – оң бағытта және теріс бағытта болуы анықталды. Яғни, оқытушының талаптарға сәйкес маман-педагог және тұлға ретінде қалыптасуымен қатар оларда кәсіби-тұлғалық деформацияның болуы да көрінеді.

Ашықтық қағидасы негізінде авторлар маман моделін қолдану мүмкіндігін ұсынады. Ашықтық қағидасы зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын айқындай түседі деп санаймыз.

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізін толықтыратын қағидалар.

Субъектілік қағидасы, бұл қағида кейбір зерттеулерде белсенділік қағидасы ретінде қарастырылады.

Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-тұлғалық дамуы үшін *акмеологиялық қағида* негізгі болады.

Жоғары мектептегі оқытушының кәсіби маман ретінде талапқа сәйкес өз міндеттерін орындауға жауапкершілік танытуы *деонтологиялық тұрғымен* байланысты.

Жеткен бір деңгей адамның күш-қуатын еселеп арттырады және жаңа объективті мүмкіндіктерді ашадыол біздің зерттеуімізде *типология қағидасы* бойынша қарастырылады.

Кері байланыс қағидасы зерттеу үдерісіндегі ішкі және сыртқы ықпалдар арасындағы, әр түрлі құрылымдар мен бөлшектер арасындағы қатынас пен байланысты негіздейді.

Зерттеу жұмысының болжамын сенімділікпен тексеруге *әдіснаманың, теорияның және эксперименттің өзара байланыс қағидасы* көмектеседі.

Оқытушының тұлғалық дамуына ықпал ететін ішкі және сыртқа факторлардың міндетін анықтауда оқытушы моделінің *гносеологиялық функциясы* қарастырылды.

Прогностикалық функция оқытушының кәсіби маңызды қасиеттерін ретімен біртіндеп дамытуды жоспарлаумен анықталады. Сондықтан біздің зерттеуде жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық қасиеттерін жасына, жынысына, жұмыс өтіліне, ғылыми дәрежесі мен атағына, лауазымына байланыссыз үздіксіз дамыту қажеттігі аксиома ретінде ұсынылады.

Оқытушы моделінің *оқу-білім беру функциясы* кәсіби дайындаудың мазмұны мен құрылымын анықтайды. Бұл зерттеудегі оқытушының оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетін жүзеге асыруы мен педагогикалық қарым-қатынас жасауын түсіндіреді.

Модельдің *басқарушылық функциясы* оқытушының кәсіби іс-әрекеті мен білім берудің, қалыптасудың, дамудың арасындағы байланысын реттейді. Біздің зерттеуде бұл функцияның маңызы жоғары. Себебі жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекетімен оның тұлғалық даму ерекшеліктерінің арасындағы өзара байланысты, өзара тәуелділікті қарастырамыз. Екіншіден, мұнда өзара байланыс қана емес, өзара ықпалдастық бар деп санаймыз. Үшіншіден, жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін анықтайтын оның тұлғалық дамуын әрқашан реттеп отыру қажеттігі шығады. Яғни кәсіби іс-әрекетті реттеу деп оқытушының тұлғалық дамуын оңымен қарқынды дамыту және оқытушының кәсіби деформациясының алдын алу ретінде негіздейміз.

Репрезентативті функция жоғары мектеп оқытушысының әлдеқайда жалпыланған, әлдеқайда типтік бейнесін мәдениетте бекіту арқылы анықталады. Осыған байланысты біздің зерттеуде қазірге кездегі қазақстандық жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық даму ерекшеліктері бойынша оның типтік сипаттамасын тұжырымдап, типтік бейнесін негіздеу міндеті қойылды. Оның ғылыми негіздері мен эмпирикалық жолдары жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы аясындағы зерттеулерде кездеседі.

Әдебиеттер:

1. Шикун А.Ф., А.В. Копнышева Управленческая психология Учебное пособие — М.: Аспект Пресс, 2005. — 336 с
2. Педагогическая психология / Лев Выготский, под редакцией В.В. Давыдова М.: АСТ Астрель, Хранитель 2008- 671с.
3. Фрейд З. «Остроумие и его отношение к бессознательному» 1905
4. Ананьев Б.Г. *Избранные психологические труды* : в 2 т. / Акад. пед. наук СССР. — М. : Педагогика, 1980.
5. Деркач А.А. *Акмеология: учебное пособие*/ Спб.: Питер, 2003
6. Немов Р.С. *Общая психология* в 3х тт. Том. Введение в психологию : учебник для бакалавров . — М. : Издательство Юрайт.
7. Барабанщиков В.А *Психология восприятия. Организация и развитие перцептивного процесса* . «Когито-Центр, Высшая школа психологии»

ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

БЕКБОЛҒАНОВ Е.Д.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются проблемы профориентации в современном информационном обществе. При этом выделяют мотивацию старшеклассников в выборе ими профессии через профориентацию.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: информация, профессия, школа, социальный педагог, общество, образование, профессиональная ориентация.

ABSTRACT. The article deals with the problems of career guidance in the modern information society. At the same time, the motivation of high school students in choosing their profession through career guidance is highlighted.

KEYWORDS: information, profession, school, social pedagogue, society, education, professional orientation.

Қазіргі ақпараттық қоғамның болашақ мамандарын тәрбиелеуде жалпы білім беретін мектептердің ерекше роль атқаратыны белгілі. Жеке адам бағыттылығының ерекше түрі ретіндегі кәсіби бағыттылықты қалыптастыру – болашақ іскер мамандарда тәрбиелеудің негізгі шарттарының бірі және болашақ мамандықты таңдау, яғни кәсіби бағдар беру мәселесі жоғарғы сынып оқушылары үшін ең маңызды мәселе.

Мамандық - *professio* - деген француз тілінде ресми түрде жариялаймын деген мағнаны білдіреді. Мамандық бағдар беру - әр адамның жекелік қасиеттеріне, қызығушылығына, қабілетіне, қоғамдық қажеттілікке байланысты мамандық таңдап алуына ықпал жасау.

Мамандықты дұрыс таңдаудың әр адамның өз өмірінде табысты болуына және әлеуметтік ортада барлық қабілетін толық ашуға негіз болатындығын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп шыққан. Мамандыққа бағдарлаудың негізін құрушылар Ф.Гальтон [1], Г.Мюнстерберг [2], П.П.Блонский [3], Ю.П.Сокольников [4], Т.Н.Мальковская [5], Г.А.Уманов [6] т.б. ғалымдар әлеуметтік-кәсіби бағдарлау идеяларын қалыптастырды. Осы идеяларға сүйене отырып барлық ізгіниетті мемлекеттер өз ұрпақтарын тәрбиелеу барысында оларға кәсіби бағдар беру, кәсіп беру мәселелерін өз халқында қалыптасқан дәстүрлерге сүйене отырып ғылыми негізде шешу жолдарын іздестіруде.

Жалпы білім беру мектептерінің тұжырымдамасында оқушыларды қандай да бір іс-әрекет түріне баулу және әр баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қабілеті мен білімділігін анықтауға мүмкіндік беру қажет екені анықталған. Бұл мәселені шешу әр мектепте әр түрлі жолдармен жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік педагогтың қызметі дұрыс ұйымдастырылған мектептерде балалардың жекелік психикалық қасиеттерін анықтаумен шектелмейді.

Әлеуметтік педагогтың - негізгі қызметі адамды өмірге, қоғамға бейімдеу. Мектептегі әлеуметтік педагогтың басты мақсаты – оқушының әлеуметпен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру. Әлеуметтік педагогтардың негігі жұмыс нысаны балалар мен жасөспірімдер болып табылады. Міне, сондықтан жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандықтарын таңдаудағы әлеуметтік педагогтың ролі зор.

Қазіргі ақпараттық қоғамда жастардың кәсіптік бағдары мәні жағынан тек қана педагогикалық проблема болып қоймайды. Оны қоғамдық проблема десе де болады, оны шешу үшін тек қана педагогтардың көмегі ғана емес, мектептің, мектепаралық оқу-өндірістік комбинатының (МОӨК), кәсіптік техникалық мектептің (КТМ), кәсіптік техникалық лицейдің (КТЛ), кәсіпорындардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік еңбекпен қамту қызметінің және т.б. бірлескен іс-әрекеті қажет. Кәсіптік бағдардың қоғамдық проблема

ретіндегі мәні қоғамның кадрларға деген сұранысын, ондағы қайшылықты басып өтуден жастардың кәсіптік талпынысынан көрінеді. Әрине, бұл қайшылықты шешуде педагогикалық ұжымның, мұғалімдердің, оқушылардың еңбектік және кәсіптік дайындығына жауаптылардың іс-әрекеті басты роль атқарады. Кәсіптік бағдардың теориясы және әдіснамалық сұрақтарына келіп тоқталатын болсақ, оны төмендегіше қарастыруға болады екен.

Кәсіптік бағдардың мақсаты және тапсырмаларды теорияға және әдіснамаға сүйене отырып жасалады. Теория мен әдіснамалық идеялар, көзқарастар, формалар, әдістер және принциптер түсініктері тексеріліп қалыптастырылады.

«Кәсіптік бағдар» түсінігі көптеген ғылыми түсініктер сияқты бір орнында қалып қоймайды. Ол қоғамның мақсатының көзқарасына, тапсырмаларына, әдістеріне, формаларына, кәсіптік бағдардың мағынасына қарай дамып отырады.

Бұл түсініктің өзгеруі келтірілген анықтамалармен өзара байланысты, оның әр қайсысы кәсіптік бағдардың сол немесе басқада аспектілеріне әсерін тигізеді, қандайда бір функцияны бөліп көрсетеді, оның практикалық және теориялық даму деңгейін көрсетеді, басқару теориясының, педагогика, психология, позициясын қарастырылады.

Сондықтан да кәсіптік бағдардың жалпы анықтамасын бермес бұрын оның негізгі 3 құраушысын: «іс-әрекет», «мамандық», «бағдар» нақтылап алайық.

Философиялық сөздіктерде «іс-әрекет» түсінігі адамның спецификалық формасы табиғатқа қарым-қатынасын, оны саналы түрде өзгерту және пайдалану белсенділігі ретінде анықталады. «Іс-әрекет» ұғымының қарастырып отырған «кәсіптік бағдар» ұғымына енгізілуі кәсіптік бағдар ұғымын тек практика жағынан ғана емес, теориялық іс-әрекет ретінде, нақтылап айтсақ, белгілі бір білім дәрежесін ғана емес сол білімді меңгерудегі іс-әрекетті дисциплинаралық ғылыми бағытты көрсетеді. Кәсіптік бағдарда практикалық іс-әрекет туындап, теориямен толықтырыла түседі, нәтижесінде кәсіптік бағдарда теориялық және практикалық іс-әрекетті ажырамас бөлік ретінде қарастырамыз.

«Кәсіп» (лат. *professio*-белгілі бір іс-әрекеттің көрсеткіші, мамандық, *profiteer*-өзімнің ісім деп қарастырамын) - белгілі бір еңбек іс-әрекеті.

Атақты ғалым академик С.Г.Струмилианың ойы бойынша бір біріне жақын мамандықтар топтарға біріктірілуі мүмкін, мысалы, металл өңдеушілер, ағаш өңдеушілер, музыканттар және т.б. [4].

Бағдар түсінігі бірнеше ғылымдарда қолданылады, геометрияда бағдар тіке, қисық, жазықтыққа, химияда - молекулалардың бағдары. Бұл түсініктер астрономияда, географияда қолданылады. Мұндай жағдайда «бағдар» түсінігі барлық ғылымдарда орынды анықтау және қозғалыс бағытын таңдаумен байланысты. Энциклопедияда бағдар (фр. *Oriente* - шығысқа көрсетеді, лат. *oriens* - шығыс) тікелей мағнада түсіндіріледі [6].

Қандай анықтамалар келтірілсе де «бағдар» түсінігі мамандық таңдауда негізгі бағытты көрсетеді. Егер жастар мамандық әлемінде бағдар алып белсенді түрде сол мамандық оның өмірге талпынысына сай ма, соны біліп жатса, мұндай жағдайда оның мамандыққа бағдарын көрсетеді.

Қазіргі кездегі зерттеулер жоғарғы сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру арқылы олардың мамандық таңдауындағы мотивтерді тобын бөліп көрсетеді, олар:

1. Болашақ кәсіби іс-әрекет мазмұнымен байланысты, оның әлеуметтік мәнін саналы түрде түсіну, болашақ іс-әрекетке берілгендігін сипаттайтын мотивтер.
2. Берілген мамандықты игеруге маңызды, бірақ оның жоғары деңгейде дамуын көрсетпейтін, оның орташа қалыптасуын сипаттайтын мотивтер.
3. Нақты қалыптаспаған, жаңаша немесе кездейсоқ мотивтер.

Оқушының мамандық таңдауында мотивациялық сферадан басқа да маңызды болап табылатын эмоциялық-еріктік және танымдық сфераларды бөліп қарастыру қажет.

Мамандық таңдаудың эмоциялық-еріктік компоненті, ең алдымен, болашақ мамандыққа деген эмоциялық қатынасынан, мамандыққа қанағаттануынан, мамандыққа даярлануынан көрінеді.

Мамандық таңдаудың танымдық компоненті іс-әрекет объектісіне бағыттылығына, өзінің болашақ кәсіби және қазіргі оқу іс-әрекетінің маңызы мен қажеттілігін саналы түрде түсіндіруіне байланысты. [1]

Белгілі бір мамандық туралы хабардар болу деңгейінен, оқушылардың кәсіби жоспарларынан, таңдалатын мамандықтың маңыздылығын түсіну деңгейінен, болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындық кезеңінде салалы пәндерді оқу мақсатын түсінуінен көрінеді. Осы бағыттағы зерттеулердің бірқатары мамандық таңдаудың негізгі компоненттерінің бірі ретінде сәйкес объектілер мен құбылыстарға қатысты психологиялық белсенділікті тудыратын кәсіби қызығушылықтың маңызына көңіл бөледі.

Кәсіби қызығу жеке адамдық қасиеттер тобына кіреді, олардың негізгі қасиеттері – жеке адамның оқу-танымдық және кәсіби-еңбектік іс-әрекетіне итермелейтін белсенділік туғызатын функция. Кәсіби қызығулардың пайда болуы және дамуы танымдық әдістермен бірге жеке адамның эмоциялық және еріктік процестерінің бар екенін де көрсетеді. Яғни, кәсіби қызығу оқушының сабақ және сабақтан тыс әрекетіне де эмоциялық түр беру керек.

Мамандық таңдаудың барлық құрылымдық компоненттері – қажеттіліктер де, мотивтер де, қызығулар да бір-бірімен тығыз байланысты және өзара бір-біріне тәуелді. Қажеттіліктер кез-келген іс-әрекеттің бастапқы кезеңінде болады. Ізденіс іс-әрекеттің нәтижесінде “заттанады”, ал қабылданатын зат өзінің итермелегіштік және бағытталғыштық әрекеттік функциясына ие болады, яғни мотивке айналады.

Мамандық таңдаудың құрамы мен құрылысын зерттеп, осы мәселеге деген түрлі көзқарастарды талдау, эмпирикалық зерттеу жұмыстарын саралағанда “оқушылардың мамандық таңдауының” ұжымдық анықтамасын көруге болады. [5]

Ол мектеп бітірушілердің ойдағыдай кәсіби айқындауын қамтамасыз ететін интегралды динамикалық қасиет, оның негізін болашақ мамандардың әрқайсысында кәсіби білімдерін жетілдіруге, үздіксіз кәсіби дамуға өз бетінше ұмтылуына дағдыландыру мақсатымен оқу тәрбие процесінде қанағаттандырылатын қажеттіліктер, мотивтер, қызығулар мен білім, іскерлік дағдылар жүйесін құрайды. Жоғарғы сынып оқушыларының саналы түрде мамандық таңдауын мотивтейтін өз кәсіби қызығуларын түсінуі, мақсаттарын іске асыру үшін саналы мақсат қойып, іс-әрекетін жоспарлауы – кәсіби бағыт қалыптастыруының маңызды факторы болып табылады. Жоғарыда айтылған жәйттардың барлығы да отандық ғалымдардың көпжылдық қажырлы еңбектері мен зерттеулерінің нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдамалар.

Қазіргі кезде еліміздегі кәсіби бағыттылық мәселесі бойынша жүргізілген зерттеулер, жинақталған тәжірибе мен жарық көрген жұмыстардың молдығына қарамастан, мамандық таңдаудың принципі мектепте оқушыларды еңбекке даярлау мен кәсіптік бағдарлау арқылы іске асырылып жүргеніне қарамастан бұл мәселе жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық жүйесінде өз шешімін толығымен тапты деп айтуға болмайды.

Осы орайда жоғарғы сынып оқушыларына кәсіби бағдар бере отырып, олардың жеке адамдық құрылымындағы мамандық таңдауын ұтымды қалыптастыру мәселесі бірінші кезектік маңызға ие болып отыр.

Қазіргі ақпараттық қоғамдағы Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудың ең басты міндеті балаға өмірде керек болатын білім беру, оны алдын-ала белгілі бір мамандыққа дұрыс икемдеп даярлау. Оқушының ел ертеңі үшін нағыз азамат болып, тәрбиеленіп шығуы үшін мектептердегі қоғамдық пайдалы еңбектің маңызы зор.

Кейбір мектептердегі шағын цехтар өнім шығарумен айналысып, өткізіп, табыс табуда. Осыған орай мектеп жасындағы балалардың еңбекке араласуы жасына қарап анықталып, арнайы бағдарлар жасауды, еңбек сабақтарын да көбейтуді керек етеді. Мектеп тек қана орта білім беру емес, сонымен қатар жасөспірімдерге арнайы еңбек дағдаларын үйретіп, кәсіптік даярлықтан өткізу керек деген идея реформалардың негізі болып отыр.

Республикамызда оқушыларға кәсіптік бағдар беру күрделі әлеуметтік-психологиялық жүйе болып табылады. Ол халық шаруашылығының дамуына, техника мен өнеркәсіптің өркендеуіне, жас кадрлардың даярлығына тұрақты көңіл бөлуді талап етеді. жалпы білім мен

кәсіптік білім беретін мектептердің реформасы жас жеткіншектердің еңбекке саналы араласуына, біртұтас еңбек политехникалық оқу жөніндегі принциптердің жүргізілуіне, оқушылардың пайдалы қоғамдық еңбекке сүйіспеншілігін арттыруға, олардың дүниетанымын кеңейтуге бағытталған.

Сондықтан кәсіптік бағдар жүйесі қоғамның әлеуметтік сұранысымен тікелей байланысты. Негізгі көрсеткіштеріне байланысты кәсіптік бағдардың өзіне тән мақсаттары бар. Кіші жасөспірімдердің негізгі мақсаты – еңбекпен, еңбекшілермен, түрлі мамандықтармен танысу, еңбектің қолдан келетін әдістерін игеру, жұмысқа ынтасын қалыптастыру болып табылады [2].

Қорыта келгенде, қазіргі ақпараттық қоғамда кәсіптік бағдар берудің мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау. Ол үшін мына нәрселер қажет:

- оқушылардың бойында ішкі психологиялық-әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу;

- кәсіпті өз бетінше, саналы түрде жеке қасиеттерін есепке ала отырып орындау бағытын жетілдіру.

Ол үшін кәсіптік бағдар берудің негізгі компоненттеріне мыналарды жатқызамыз:

- кәсіптік бағдар беруді ақпараттандыру;

- қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке жас кезінен бастап үйрету;

- кәсіптік бағдарға арналған кеңестер беру;

- кәсіптік бейімделу.

Жоғарыдағы атап өтілген компоненттердің орындалуы үшін ұстаздардың, сынып жетекшінің оқушыларға еңбек тәрбиесін және мамандық таңдауда дұрыс бағдар беруде ата-аналармен, жұртшылықпен, өндірістік ұжыммен бірлесе отырып жүргізетін жұмыстарының формалары мен әдістемелерін жетілдіре түсу қажет.

Әдебиеттер:

1. Фрэнсис Гальтон. - Ленинград, Издательство "Наука", Ленинградское отделение, 1972. -136 с.

2. Мюнстерберг Г., Основы психотехники, Т. 1-2, М., 1924—1925

3. Блонский П.П. Психологический анализ припоминания М., Директмедиа Паблишинг, 2008.

4. Сокольников, Ю.П. Системный подход к воспитанию школьников / Ю.П. Сокольников. - М., 1990.

5. Мальковская Т.Н. Учитель-ученик / Т.Н. Мальковская. – Москва, 1995 // Хрестоматия по педагогической психологии/ сост. А.И. Красило, А.П. Новгородцева. – Москва: Международная педагогическая академия, 1995. – С. 227-248.

6. Уманов Г.А. Мы и наши дети / Г.А. Уманов – Алма-Ата: Жалын, 2007. – 108с.

АРНАУЛЫ СЫНЫБЫ БАР ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТЕ-ДАМЫТА ОҚЫТУ

ГАЛИЕВА А.Н.

*Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

ИСМАЙЛОВА А.Б.

*«Дефектология» мамандығының 4-курс студенті
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

ЖУМАҒУЛОВА А.М.

*«Дефектология» мамандығының 4-курс студенті
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

ЖУМАШЕВА Ә.А.

*«Дефектология» мамандығының 4-курс студенті
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются проблемы коррекционно-развивающего обучения детей с нарушениями интеллекта в общеобразовательной школе со специальным классом, специфика организации образовательного процесса в специальных классах. Анализируется роль обучения учащихся с легкими нарушениями интеллекта в специальных (коррекционных) школах, специальных классах при обычных школах по доступным им учебным программам, способствующим накоплению необходимых знаний и навыков в соответствии со своими возможностями.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: специальный педагог, специальный класс, коррекционно-развивающее обучение, нарушения интеллекта, инклюзивное образование.

ABSTRACT. The article discusses the problems of correctional and developmental education of children with intellectual disabilities in a general education school with a special class, the specifics of organizing the educational process in special classes. It analyzes the role of students with mild intellectual disabilities in Special (Correctional) schools, in special classes at ordinary schools in order to help them to acquire the necessary knowledge and skills in accordance with the educational programs available to them.

KEYWORDS: special teacher, special class, correctional and developmental training, intelligence disorders, inclusive education.

Отбасында баланың пайда болуы-өмірдегі ең үлкен қуаныштардың бірі. Ата-аналар өздерінің ең жарқын үміттерін балалармен байланыстырады. Бірақ экологиялық жағдайдың нашарлауы, ата-аналар (әсіресе аналар) ауруының жоғары деңгейі, бірқатар шешілмеген әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және медициналық проблемалар мүгедек балалар санының артуына ықпал етеді, бұл мәселені ерекше өзекті етеді.

"Зерде бұзылысы" ұғымы психикалық белсенділіктің жеткіліксіздігі салдарынан көрінетін патологияның көптеген, түрлі формаларын біріктіреді, олардың ерекшелігі бала психикасының бұзылып дамуымен анықталады.

Зерде бұзылыстарының ауырлығын, жалпы психикалық ақаудың әртүрлі құрылымын, этиологиясы мен патогенезінің әртүрлілігі кездесетін зияты зақымдалған балаларды зерттеу, олардың медициналық, психологиялық және педагогикалық түзетулерінің тиімді жолдарын анықтау үшін маңызды. Зерде бұзылыстары бар балаларды жіктеудің әртүрлі тәсілдері бар екені белгілі.

Қазіргі уақытта 10-шы қайта қараудың халықаралық аурулар классификациясына сәйкес (МКБ -10) зерде бұзылыстарының төрт дәрежесі анықталды: жеңіл (F70); орташа (F71); ауыр (F72); терең (F73). Кейбір жағдайларда басқа құрдастарымен бірге оқу мүмкіндігі жеңіл зерде бұзылыстары бар балаларда бар, сондықтан біз зерттеу жұмысымызда арнаулы сыныбы бар

жалпы білім беретін мектепте зерде бұзылыстары бар балаларды түзете-дамыта оқыту мәселесіне көңіл бөлдік.

Жеңіл зият бұзылыстары бар балаларға диффузды сипаты бар ми қыртысының органикалық зақымдануы салдарынан туындайтын басым танымдық саланың тұрақты, қайтымсыз бұзылуы бар балалар жатады. Интеллектуалды ақау - бұл балаларды осы топқа біріктіретін негізгі белгі. Олардың барлығында танымдық процестердің дамуы бұзылған, әсіресе күрделі — ойлау (жалпылау, абстракция, талдау, синтез және т.б.), есте сақтау, қиял. Зерде бұзылыстары кезінде эмоционалды-еріктік сала, моторика және тұтастай тұлға зардап шегеді.

Балалардағы зерде бұзылыстарының жеңіл дәрежесі басқа деңгейлерге қарағанда жиі кездеседі. Танымдық іс-әрекеттің бұзылуы көбінесе ұйымдастырылған оқытудың басталуымен (балабақшада немесе мектепте) айқын болады. Балалар ұқыпсыз, түстердің, пішіндердің, өлеңдердің, ережелердің атауларын нашар есте сақтайды, сөйлеу дамуының төмен деңгейіне ие, ойын және оқу іс-әрекетіне қызығушылық танытпайды, зиянды мінез-құлқыты көрсетеді [1,2]. Мектепке дейінгі арнайы білім беру ұйымдарында оларға түзету көмегі көрсетіледі, олар үшін психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырумен қарапайым балабақшаға баруға болады. Жеңіл зерде бұзылыстары бар оқушылар арнайы (түзету) мектептерде, қарапайым мектептер жанындағы арнайы сыныптарда оларға қолжетімді оқу бағдарламалары бойынша білім алады. Бұл тәжірибе ақталмаса да соңғы кезде ата-аналар балаларын тұрғылықты жеріндегі жаппай мектептерге жібере бастады, бірақ мұндай жағдайда балалар өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес қажетті білім мен дағдыларды ала алмайды.

Бірнеше жыл сәтсіз оқудан кейін олар әлі де есеп, оқу, жазу дағдыларын игермей, оқу жұмысына дайын емес, көбінесе зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге (сыныптарға) ауысады. Олар үшін жаңа оқу тобына қайта бейімделу, белгілі бір күш-жігерді, психикалық процестерді ерікті реттеуді қажет ететін тұрақты оқу сабақтарына үйрену қиын болуы мүмкін. Дегенмен, мазмұнның қол жетімділігі, түзету курстарының болуы, арнайы әдістер мен әдістерді қолдану, кәсіптік және еңбекке баулу және т.б. мектептегі оқуға деген мотивацияға, оқу жұмысына деген көзқарасқа, оқушылардың мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді, олардың әлеуметтік бейімделуіне және мамандықты игеруге ықпал етеді. Ересек кезінде бұл адамдар қоғам оларды заң алдында өз әрекеттері үшін жауап беруге қабілетті деп таниды.

Танымдық саланың және зерде бұзылыстары бар оқушылардың жеке басының дамуының айтарлықтай сапалық ерекшелігі оларды толық инклюзия жағдайында оқытуды қиындатады және жиі мүмкін емес етеді. Мұндай бала жазуды, оқуды, шотты баяу игереді, бұл арнайы ұйымдастырылған сабақтарды қажет етеді. Мұндай балаларды мөлшерленген инклюзиялау тәжірибесі белгілі, онда бала қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге музыка, сурет, дене шынықтыру, қолмен жұмыс жасауды үйренеді, ал орыс тілі мен математика сабақтарын арнайы мұғалім (олигофренопедагог) бөлек жүргізеді.

Зерде бұзылыстары бар оқушыны арнайы сынып жағдайында оқыту [3,4] өте орынды, онда ол сол оқушылармен бірге бейімделген білім беру бағдарламасы бойынша оқу материалын игереді, ал күннің екінші жартысында ол қалыпты дамып келе жатқан оқушылармен қарым-қатынас жасай алады.

Арнайы мектеп жағдайында зерде бұзылыстары бар оқушы ол үшін арнайы жасалған ортаға түседі, сондықтан оның мектеп жағдайларына бейімделуі жеңіл болады. Ол сапалы білім алуға, қажетті дағдылар мен іскерліктерді игеруге, жеке дамуға көбірек мүмкіндіктерге ие. Мұндай жағдайларда қорғау режимі мүмкіндігінше сақталады, әсіресе ДМШ балаға қажет режим оны шамадан тыс жұмыс істеуден, артық жұмыс істеуден қорғайды.

Барлық басқа адамдар сияқты, мүмкіндігі шектеулі адам да әлеуметтік тәжірибені игеруге, әлеуметтенуге, қоғам өміріне енуге бағытталған. Алайда, ол үшін өту керек жол педагогикадағы жалпы қабылданған жолдан айтарлықтай ерекшеленеді: физикалық және

психикалық кемшіліктер даму процесін өзгертеді, ауырлатады және әр бұзылыс өсіп келе жатқан адамның дамуын өздігінен өзгертеді.

Сондықтан дамудың қайталама ауытқуларының алдын алу, оларды түзету және білім беру арқылы өтеу маңызды міндеттер болып табылады. Бұл бұзулыстарға байланысты туындаған жағдайларды барынша толық қанағаттандыруды және, демек, нақты білім беру қажеттіліктерін шектеуді білдіреді.

Арнайы сыныптар әдеттегі сыныпта дәстүрлі оқыту жағдайында қанағаттандырылмайтын ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды саралай оқытудың бір формасы болып табылады [5].

Білім беру саласындағы көпжылдық дәстүрге сәйкес денсаулығына байланысты ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар ретінде кеңінен танылғандар: естімейтіндер, нашар еститіндер, көрмейтіндер, нашар көретіндер, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар тұлғалар, ақыл-ой кемістігі бар оқушылар, психикалық дамуы тежелген тұлғалар, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған, мінез-құлқында эмоционалдық ұзылыстары бар бұзылған тұлғалар.

Жоғарыда көрсетілген оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен ерекше білім беруге қажеттіліктеріне сәйкес жергілікті мекенжай бойынша білім алу құқықтарын іске асыру арнайы сыныптардың қызмет етуіне негіз болып табылады.

Жаппай жалпы білім беретін мектептерге біріктірілген арнайы сыныптар біздің елімізде кең таралған модельдердің бірі болып табылады. Олар мына балалар топтары үшін жасалады: ақыл-ой кемістігі бар (балалардың осы санаты үшін арнайы мектептер жоқ жерде); психикалық дамуы тежелген, жаппай білім беру бағдарламаларына емес, арнайы білім беру бағдарламаларына мұқтаж, егер осы санаттағы балалар үшін мектептер болмаса (түзету және дамыту сыныптары); бұқаралық білім беру бағдарламаларын меңгеруге қабілетті, бірақ мектеп ортасында уақытша оқу және (немесе) бейімдеу қиындықтарын бастан кешіретін" мектептегі бейімсіздіктің тәуекел топтары".

Мұғалімдер мен мамандар оқу-тәрбие процесінде ойлауды, тіл мен коммуникацияны білім алу құралы ретінде дамыту бойынша арнайы жұмыс жүргізу керек. Дәстүрлі мектептік оқыту баланың мектепке келген кезіндегі меңгерген өмірлік түсініктері мен дамыған ауызекі сөйлеу тіліне негізделеді. Ауызекі сөйлеу тілі негізінде қарым-қатынастың дамуы жалғасады, анағұрлым ауызекі сөйлеу тілі негізінде оқушының тәртібі реттеледі. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық даму мәселелері орын алуда, олар табысты білім алу мен әлеуметтену үшін педагогикалық құралдармен шешіліп немесе теңелтілуі керек.

Арнайы сынып оқушыларымен жұмыс жасауда оқытудағы әрекеттік тәсіл маңызды орын алу қажет. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар бастауыш оқушыларды оқыту процесінде педагогтің басшылығымен (жүппен, топпен жұмыс) уәжделген сөйлеу тілдік қарым-қатынастар үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау және т.б.) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Оқушыларға саралай және жекелей тәсілін қолдану – арнайы сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру маңызды ерекшелігі. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға қатысты сараланған тәсіл бұзылыстары бір санаттағы оқушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Оқушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекелеген оқыту тәсілі саралай оқытудың нақты көрінісі болады.

Педагог бала дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір оқушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, балалардың оқу-танымдық әрекетін тек ұйымдастырып қана қоймай, бұл процесті бағыттай да алады. Кейбір жағдайда

оқушының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем мүмкін болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін оқушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады. Оқушының білім мен біліктілігін қалыптасуын іске асыратын толық дербестігін қамту үшін педагог көмегі біртіндеп азаю керек.

Жоғарыда аталып кеткен оқу-тәрбие процесіне қойылатын талаптарға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің жұмысында төрт Арнайы бағыт іске асырулуы керек:

- диагностикалық-кеңестік;
- түзете-дамытушы;
- емдік-профилактикалық;
- әлеуметтік-еңбектік .

Әр санаттағы оқушыларды оқыту процесінде түзете-дамыта қолдауды қамтамасыз ету үшін кешенді тәсіл ағзаның сақталған және бұзылған қызметінің сабақтау ерекшеліктерін ескерілуімен іске асырылады.

Арнайы сыныпта білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін оқу процесі арнайы мектептер типіне сәйкес ҚР ББҒМ бекіткен оқу бағдарламалары (бағдарламалар мәтіндері ҚР ББҒМ сайтында) мен оқу жоспарлары [58] негізінде іске асырылады бар оқушылар екінші жылға қалдырылмайды. Білім алуды аяқтау кезінде оқушылар орташа Педагог әр оқушының жеке мүмкіндіктерін мен білім және жеке жетістіктер мониторингінің нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, формасын, дидактикалық құралдарын өзі тандайды.

Бірінші сатысында оқу процесі пәнсіз оқыту негізінде ұйымдастырылады, барлық сабақтар кіріктірілген сипатта болып, орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жалпы дамуларына бағытталған (коммуникативті, жүріп-тұру, тілдік, сенсорлы). Оқушылардың жеке тұлғалық дамуының жылжуына байланысты пәндік оқытуға көшу басталады.

Екінші бөлімдегі оқушылардың айрықша зияткерлік ерекшеліктері ескеріле отырып, әр оқушы жетістігінің балдық бағасы психологиялық – педагогикалық мониторингтің негізінде іске асырылатын сипаттық бағамен алмасады.

Орташа ақыл-ой кемістігі ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін білім беру ұйымдарына арналған мемлекеттік үлгідегі куәлік алады.

Зерде бұзылыстары бар оқушыларды арнайы сыныпта оқытудың мақсаты - танымдық және эмоционалды-тұлғалық салалардың дамуындағы ауытқуларды түзету, білім беру және еңбек дайындығы құралдарымен дамыту, түлектерді қоғамға кейіннен интеграциялау үшін әлеуметтік-психологиялық оңалту.

Әдебиеттер:

1. Арнайы педагогика. Оқулық / Құраст.: Абаева Ғ., Төребаева К., Оразаева Г., Қартбаева Ж.- 2-ші басылым.- Қарағанды: Medet Group, 2019.- 262 б.
2. Гилленбранд К. Коррекционная педагогика: Обучение трудных школьников / К. Гилленбранд; пер. с нем. Н.А. Горловой. – М.: Изда-гельский центр «Академия», 2007. – 240 с.
3. Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайты <http://special-edu.kz/>.
4. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар.-Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА , 2016. – 47 б.
5. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы,- Астана 2007.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

ГАЛИЕВА А.Н.

*Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

КӘРІМОВ Ж.Б.

*«Арнайы педагогика» мамандығының І-курс магистранты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

АННОТАЦИЯ. В этой статье представлен обзор использования компьютерных игр в специальном образовании. Проведенный анализ свидетельствует о том, что использование компьютерных игр в образовательных целях имеет ряд преимуществ перед традиционными методами обучения и имеет хорошие перспективы для развития и применения в системе специального образования.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: компьютерные игры в специальном образовании, дети с ограниченными возможностями в развитии, информационно-коммуникационные технологии.

ABSTRACT. This article provides an overview of the use of computer games in special education. The analysis suggests that the use of computer games for educational purposes has a number of advantages over traditional methods of training and has good prospects for development and application in the special education system.

KEYWORDS: computer games in special education, children with special needs, information and communication technologies.

Біздің өмірімізді компьютерлендіру ежелден бері дағдыға айналды және көптеген мәселелерді, сонымен қатар, артықшылықтармен бірге алып келді. Компьютермен байланысты негізгі проблемалардың бірі - көру қабілетіне үлкен жүктеме. Бұл өз кезегінде оқушының жалпы жағдайына әсер етеді. Жасөспірім қызығушылығының аясының тарылуы, өз әлемін құруға деген ұмтылыс, шындықтан қашу - әлеуметтік оқшаулану және адамдар арасындағы байланыстағы қиындықтар жиі көрсетіледі.

Әсіресе, компьютерді балалар мен жасөспірімдердің жақсы көретіндіктен, бұл компьютерлік ойындарға да қатысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарында балалар компьютерлік ойындардың әсерінен заңсыз әрекеттер жасайтыны туралы хабарламалар жиі кездеседі. Компьютерлік ойындардың қауіптілігі туралы сұрақтар қоғам пікірімен жиі талқыланады және айыпталады. Осының әсерінен кейбір ата-аналар балаларына компьютерлік ойындар ойнауға қатаң тыйым салады, осылайша одан да үлкен қызығушылық тудырады[1].

Компьютердің адамға жағымды әсері компьютерлік ойындар мысалында зерттелді. Компьютерлік ойындар баланың реакциясының жылдамдығын, қолдың ұсақ моторикасын, заттарды визуалды қабылдауды, есте сақтау мен зейінді, логикалық ойлауды, визуалды - моторлы үйлестіруді дамытатынын білдік.

Сондай-ақ, компьютерлік ойындар классификациялауға және жалпылауға, стандартты емес жағдайда аналитикалық ойлауға, мақсатына жетуге, интеллектуалды шеберлікті арттыруға үлкен әсерін береді.

Компьютерде ойнау - бұл оңай іс-әрекет, және баланы әрдайым алфавитті үйренуден немесе айталық, сандарды қосудан гөрі ойынға баулу оңай.

Балаларға арналған әдемі, көңілді және мейірімді компьютерлік ойындар көптеген қызықты, ақылды, күлкілі және балалардың білімін дамытып, жетілдіруге бағытталған. Кәсіби актерлердің орындауындағы ыңғайлы, түсінікті бақылау және дубляж кез-келген ойынды нағыз қуанышқа айналдырады [2].

Компьютер мен компьютерлік ойындардың пайдасы мен зияны туралы ұзақ уақытқа дейін таласа аласыз. Алайда, ойынның белгілі бір түрі адамға көбірек зиян тигізеді, ал басқасы,

керісінше, пайдалы, ақыр соңында олар бір-бірін теңестіреді. Компьютер мен компьютерлік ойындардың зияны немесе пайдасы - біржақты жауап беруге болмайтын сұрақтардың бірі.

Қалыпты даму деңгейіндегі балалар компьютерлік ойындарды күнделікті өмірлерінде көреді, ал мүмкіндігі шектеулі балаларға бұл біршама қиын жайт. Қалыпты даму жағдайындағы балалармен оқыту үрдісінде компьютерді және компьютерлік ойындарды қолдану оңай және ыңғайлы, ал неге сол ақпараттық-коммуникативті технология түрлерін оқытуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен білім беру үрдісінде қолданбасқа.

Мүмкіндігі шектеулі балалар дегеніміз - бұл балалардың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік бермейтін жалпы дамудың бұзылыстарын тудыратын әр түрлі психикалық немесе физикалық ауытқулары бар балалар.

FutureLab (Фьючелаб) формальды білім берудегі компьютерлік ойындардың рөлін басқа ұйымдармен бірлесе отырып зерттеді. Қорытынды келесідей болды:

- Әрбір бала ойынға қызығушылық таныта бермейді. Бірақ бұған қарамастан, ойындар көптеген адамдардың өмірінде маңызды орын алады.
- Мұғалімдер ойындардың білім беру әлеуетін жоғары бағалайды және оларды оқушылармен жұмыс барысында көбірек қолданады.
- Ойындар жаңа материалды үйренудің белсенді процесі үшін алаң ұсынады. Оларда оқыту тек пассивті оқу және тыңдау түрінде ғана емес, олар пайдаланушының қажеттіліктеріне бейімделе алады, өз бетінше оқып, жаңа нәрселерді табуға, жедел кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді және жаңа түсінікке келуге мүмкіндік береді.
- Ойындарды қолдану кезінде пайда болатын құмарлық, ынта, егер олар формальды білімге кірмеген болса, әлдеқайда жоғары болады.
- Ойындар тек оқу тәжірибесінің бөлігі болып табылады және басқа әдістермен қатар аралас оқыту тәсілінде қолданылуы керек.
- Ойындар жасау технологиясы үнемі дамып келеді, ақпаратты өңдеу жылдамдығы, графикалық мүмкіндіктер және ұялы ақпарат тасымалдаушылар саны өсуде. Мұның бәрі ойындарды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Алайда, мектепте білім беруде компьютерлік ойындар қиындықпен орын алады. Көбінесе формальды оқыту мақсатында арнайы құрылған ойындар ересектердің сүйікті ісіне айналады немесе формальды емес оқытуда олардың тікелей мақсаттарының орнына қолданылады. Алайда, бұл факт бұл ойындардың шынымен де жақсы, қызықты және үлкен тәрбиелік әлеуетке ие екендігін білдіреді[3].

Алайда, қазіргі таңда дидактикалық компьютерлік ойындардан гөрі, заманауи ойындарды қолданған жөн. Заман талабына сай ойындар, балалардың қызығушылығын тезірек арттырады, оқыту үрдісін жеңілдетеді және деңгейін көтереді.

- *социальная компетентность* - способность заниматься совместной (коллективной, групповой) профессиональной деятельностью, сотрудничать и использовать принятые в профессии управленческие приемы профессионального общения;

- *образовательная компетентность* - интерес к освоению профессиональных знаний, умений и навыков, целеполагание в образовательной деятельности, мотивация развития субъектности и креативности в образовательной деятельности, способность применять основы педагогической и социальной психологии.

Учащийся же в свете обновлённого содержания образования, овладев ключевыми учебными компетенциями должен уметь построить свою учебную деятельность, то есть:

- использовать возможность выстраивать индивидуальную траекторию образования (темп, уровень усвоения учебного материала);
- усваивать умения, способы, приемы своей деятельности;
- использовать знания, умения и навыки и имеющуюся информацию для разрешения учебных ситуаций и жизненных задач.

В соответствии с вышеуказанной целью ожидаемые результаты образования определяются в виде следующих ключевых учебных компетенций выпускника, сформулированных на основе анализа классификации ключевых компетенций, предложенных А.В.Хуторским и др. [2; 3]:

- *ценностно-ориентационная компетенция* - способность ученика принимать решения в разнообразных жизненных ситуациях. А самое главное - быть патриотом своей Родины – Казахстана;

- *культурологическая компетенция* - обладание познанием и опытом деятельности на основе достижений общечеловеческой культуры и национальных особенностей, ценить культуру своего народа и культурное многообразие мира; быть приверженным идеям духовного согласия и толерантности;

- *учебно-познавательная компетенция* - обеспечивающая процесс самостоятельной учебно-познавательной и исследовательской деятельности учащегося;

- *коммуникативная компетенция* предусматривает знание родного и других языков, овладения навыками общения на казахском языке как государственном, на языке межнационального общения, на иностранных языках;

- *информационно-технологическая компетенция* предполагает умение ориентироваться при помощи реальных технических объектов и информационных технологий;

- *социально-трудовая компетенция* означает владение знанием и опытом активной гражданско-общественной деятельности в сфере семейных, трудовых, экономических и политических общественных отношений.

- *компетенция личностного саморазвития* предполагает формирование психологической грамотности, внутренней экологической культуры, заботу о собственном здоровье и владение основами безопасной жизнедеятельности.

Необходимо подчеркнуть то, что очень много внимания уделено изменению системы оценивания достижения ожидаемых результатов учащихся. Оценивание должно соответствовать следующим принципам: валидности, систематичности, последовательности, объективности, прозрачности, рекомендованности, достоверности.

Перейдем к раскрытию смысла понятия «лично-ориентированная парадигма образования». Сущность лично-ориентированного подхода заключается в последовательном отношении педагога к воспитаннику как к личности, как к самостоятельному и ответственному субъекту собственного развития и как к субъекту воспитательного воздействия. Лично-ориентированная образовательная парадигма

показывает, что в данной образовательной модели предполагается сделать основным приоритетом личность учащегося. Именно данная образовательная парадигма является наиболее перспективной для модернизации и обновления современного образования в условиях демократического пути развития общества [4].

Раскроем смысл понятия «компетентностный подход»?

При компетентностном подходе ученику предоставляется возможность - взглянуть на себя “изнутри” и “извне”, сравнить себя с другими учащимися, оценить свои поступки и поведение, научиться принимать себя и других как отдельную личность; вырабатывать силу воли; учиться преодолевать собственные эмоциональные барьеры, которые мешают принять волевое решение; развивать в себе способность быстро принимать решения, позволяющие концентрировать усилие воли не на том, чтобы предпочесть одно другому, а на размышления о положительных и отрицательных свойствах выбранного решения; учиться продуктивному общению, достигая гармонии с окружением [5]. Все эти качества можно успешно формировать, используя компетентностный подход в обучении математике и всех других предметов, что является одним из личностных и социальных смыслов образования.

Оценка достижений школьников наиболее эффективно осуществляется через реализацию компетентностного подхода, который является одним из направлений обновления образования в стратегии модернизации содержания общего образования.

И наконец, почему метапредметный подход? Это вполне объяснимо, ведь метапредметный подход заложен в основу новых стандартов. Метапредметность, в первую очередь, способ мышления и получения универсального знания, не привязанного к отдельным дисциплинам и в то же время включающий их. Метапредмет – это образовательная форма, которая основывается на мыследеятельностном типе интеграции учебного материала и выстраивается поверх традиционных школьных дисциплин [6]. Метапредметность подразумевает освоение ребенком универсальных учебных действий, обучение детей приемам, техникам, схемам, образцам учебно-познавательной деятельности, которые могут и должны использоваться не только при изучении различных дисциплин, но и в повседневной жизни.

Таким образом, указанные подходы составляют ядро функций учителя по организации успешной учебной деятельности учащихся.

Литература:

1. Психологический словарь /Под ред. В.В.Давыдова, А.В.Запорожца, Б.Ф.Ломова и др. – М.: Педагогика, 1983.
2. Хуторской А. В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования. - // Народное образование, №2, 2003. - С. 58-64.
3. Есенова М.И., Гултораева Н.Х. К вопросу формирования учебных компетенций учащихся основной школы //Наука и жизнь Казахстана, №6/2, 2020, с.177-182.
4. <http://www.pligin.ru/monogr.html>
5. Sisson L. G., Adams A. R. Essential hospitality management competencies: The importance of soft skills // Journal of Hospitality and Tourism Education. 2013. № 25 (3). P. 131-145. Available from: <https://doi.org/10.1080/10963758.2013.826975> (date of access: 20.12.2018).
6. activityedu.ru › Blogs › teacher › metapredmetnost

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МОНОЛОГТІК СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘЗІМХАН М.

Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 4 курс студенті

АСИЛБАЕВА Ф.Б.

Ғылыми жетекші п.ғ.к., қауымд.проф.м.а.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В статье рассказывается о психолого-педагогических особенностях развитие речи младших школьников. Подробно раскрыты специфические особенности монологической речи. По мнению авторов, монологическая речь занимает важное место в развитии критического мышления ученика, способного в полной мере выразить свои мысли.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: начальный класс, литературное чтение, монологическая речь, связанная речь, особенности речи.

ABSTRACT. The article describes the speech of primary school students. The specific features of monologue speech are described in detail. According to the authors, monologue speech plays an important role in the development of critical thinking of the student, who is able to fully express his thoughts.


KEYWORDS: primary class, literary reading, monologue speech, related speech, speech features.

К.Д.Ушинский былай деген: «Бала тілді еліктеу арқылы меңгереді». Шынымен де, тілді меңгерудегі еліктеудің атқаратын рөлі біршама, алайда ол соқыр еліктеу емес. Сөздің мазмұны баланың тіршілік тәжірибесінен, оның өмірінің қажеттіліктерінен, ойынан туындайды. Ересек адамның сөзін тыңдағанның өзі тілді меңгерудің шешуші факторы бола алады: тілдік белсенділік қажет, себебі тіл сөздік іскерлік барысында меңгеріледі. Ол барлық жастық кезеңдерде жүзеге асатын бала дамуының заңдылықтарының бірі болып табылады.

Оқушының сөйлеу қабілеті кіші мектеп жасында дамиды. Уақыт өте келе оқушы қарым-қатынас жағдайы мен сипатына байланысты жағдаяттық және контекстілі сөзді орынды қолдануға дағдыланады. Д.Б.Эльконин мәліметтері бойынша қарым-қатынас тура сипатқа ие.

Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі – *сөйлеудің мазмұндылығы*, екіншісі, оның мәнерлілігі деп бөлінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса ол өзіндік сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Ойы саяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды.

Пікірлесудің қандай түрлері болса да сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Пікір алмасудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай сөйлеу түрлі ерекшеліктермен көрінеді. Осы айтылғандар тұрғысынан сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді. Алдымен сыртқы және ішкі болып үлкен екі топқа бөлінеді.



Сурет 1. Сөйлеудің түрлері

Сыртқы сөйлеу ауызша (бұл тілдің ең көп және кең тараған түрі) және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог болып екіге бөлінеді.

Ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі – диалогтік сөйлеу. Диалогтік сөйлеу дегеніміз – екі немесе одан көп адамдарның тілдесуі. Диалог сөздің кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:

1. Диалог сөз бөгелмей еркін айтылады, ол ойды кең жайып айтуды тілдейді;
2. Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мысалы, «келе жатқан тоғызыншы» деген сөйлемге осындай нөмірлі автобусты күтіп тұрған адамдар ғана түсіне алады.
3. Диалогтың логикалық жағы (жоспарлылығы, дәлелділігі т.б.) кемдеу болады.
4. Диалог сөз ым-ишаралармен, бет пен көздегі мәнерлі қозғалыстармен (қолдың, ауыздың, көздің, қабақтың қозғалысы т.б.) толықтырылады [1, 89б.];

Монологтік сөйлеу дегеніміз – бір адамның яғни, баяндамашының, лектордың сөзі. Монолог сөзге тән кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:

1. Монолог сөз үнемі белгілі жоспарға сәйкес құрылады, бұл алдын ала дайындықты қажет етеді;
2. Монолог сөздерге логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады (мәселен, баяндамашы мен лектор сөзінің мағыналылығы мен түсініктілігіне ерекше көңіл бөледі);
3. Монолог сөз мәнерлі, адамға әсер ететін сәттерді (сөзді сазына келтіріп айту) көбірек қажет етеді.

Оқушы тілін дамытудың теориялық негіздері жайында көптеген тұжырымдар мен пікірлер айтқан әдіскер ғалым С.Рахметова тіл дамыту жұмыстарын үш салаға бөледі: 1) сөздік жұмыстар; 2) сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс; 3) байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру жұмыстары. Әдіскердің пікірінше, бұл жұмыстар бір-бірімен тығыз байланыстырылып, қатар жүруі тиіс.

Х.Арғынов тіл дамыту жұмыстарына: әңгіме құрастыру, шығарма, мақала, күнделік жаздыруды жатқызады. Тіл дамыту жұмыстары туралы мәлімет, қазақ орфографиясы мен орфоэпиясы тақырыптарына байланысты жүргізіледі. Олар мәтін талдау, әр түрлі жазба жұмыстарын орындау, әңгімелесу т.б. түрлі әдіс-тәсілдер арқылы іс жүзіге асырылады, - дейді.

Монологтік сөйлеудің басты психологиялық-педагогикалық ерекшелігі – байланыстырып сөйлеу болып табылады. Қазақ бастауыш сыныптары үшін тіл дамыту жұмысының тұтас ғылыми жұмысын жасаған ғалым С.Рахметова өз еңбектерінде ауызша, жазбаша сөйлеу тілін дамытудың ең жоғарғы деңгейі байланыстыра сөйлеуге (монологті түрде) үйрету керек екенін анықтап берген. Н.Слаббекова: «Ауызша, жазбаша монологті байланыстыра сөйлеу жеке-жеке сөйлемдер құрастыруды емес, бірнеше сөйлемнің басын құрап, әрі грамматикалық, әрі мағыналық жағынан байланыстырып, тұтас мәтін түрінде сөйлеуді талап етеді. Демек, байланыстырып сөйлеудің түпкі нәтижесі шығарма, әңгіме, яғни мәтін болуы тиіс» деген [2, 10 б.].

Байланыстырып сөйлеу – сөздердің немесе сөйлемдердің байланысы ғана емес, дұрыс құрастырылған сөздер мен сөйлемдер арқылы берілетін ойдың екінші бір оймен байланысы. Оқушы байланыстырып сөйлеу арқылы ойлануға, ойлана отырып монологтік сөйлеуге үйренеді. Монологтік сөйлеуді дамыту жұмысы сөздік қорды байыту, тілдің грамматикалық құрылымын үйрену, сөздің дыбысталу мәдениетіне үйрену жұмыстарымен қатар жүргізіледі [3, 39 б.].

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың байланыстыра отырып, монологтік сөйлеуін дамыту әдістемесінің негізгі міндеті оқушының тілі мен ойын дамыту арқылы жеке тұлға қалыптастыруға, тілдің адам өміріндегі маңызын саналы ұғындыруға, оқушының қатысымдық-танымдық қызметін дамытуға бағытталады [4, 12 б.].

Байланыстырып сөйлеуді дамыту жұмысы тіл дамыту жұмысының құрамдас бөлігі, бір саласы. Бастауыш сыныптарды жазбаша тіл дамыту әдістемесінің негізін салған С.Рахметова байланыстырып сөйлеу тілі жайында «Байланыстырып сөйлеу дегеніміз – логика мен грамматиканың заңы бойынша құрылған, белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды білдіретін және өзара байланысты азды-көпті бөліктерден тұратын біртұтастық» деп жазған [1, 4-5бб.].

Сөздік жұмыс та, сөйлем құрау жұмыстары да оқушыны байланыстырып сөйлеуге дайындайды. Байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысында ойлау, жүйелеу, мәлімет жинақтау, мәтін құрастыру шеберліктері іске асырылады. Бастауыш мектепте оқушының байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға арналған жаттығуларды екі топқа біріктіреді: ұсынылған мәтін, сурет, т.с.с мазмұнын әңгімелеу; өз жандарынан шығармашылық әңгімелер шығару

Байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту бойынша атқарылатын жұмыстың маңызды түрінің бірі мазмұндау болып табылады. Оның арқасында оқушы өзінің ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетін дамытады, логикалық ойлау қабілетін дамытады, өз ойын мазмұнды және дәлелді түрде жеткізуге дағдыланады. Ол оқушы жадында оқиғанының барлығын бүгешігесіне дейін сақтап, үлгінің логикасы мен тілдік құралдарын меңгерудің құралы қызметін атқарады [4, 22 б].

Арнайы әдебиеттерде байланыстырып сөйлеудің бірнеше критерийлері қарастырылады. Олар: байланыстылығы, кезектілігі, логикалық-мазмұндық жағы, яғни оның тақырыпқа сәйкестілігі, толықтылығы.

Кейбір әдебиеттерде (Р.И.Лалаева, Т.А.Фотекова) байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру төмендегідей критерийлер бойынша бағаланады:

Мазмұндық тұтастығы – мазмұнның негізгі бөліктері дұрыс кезектілікпен, тақырыпқа сай берілген, себеп-салдары толық ашылады.

Әңгіменің лексикалық-грамматикалық өңделуі, дұрыс қолдануы, сөздерді мағынасы, ұқсастығы бойынша шатастыру, алмастырудың байқалмауы.

Тапсырманы өз бетімен орындауы -әңгімені өз бетімен түсінуі.

Осы аталған критерийлер бойынша оқушының байланыстырып сөйлеуінің даму деңгейі қорытындыланады [5, 7 б.].

Оқушы байланыстыра отырып, монологтік сөйлеуді мұғалімнің күнделікті жұмысының арқасында меңгереді. Тіпті оқушының алғашқы жылдарында оқушыны өз ойын дұрыс құрастыруға үйретеді. Оған деген талап жылдан-жылға арта түседі. Қалыптасатын байланыстыра сөйлеу монологтік сөйлеуге айналып, күрделі мағыналық тұтас нәрсені бәрі үшін түсінікті нәрсеге айналдырып, тілмен жеткізуге мүмкіндік береді.

Диалог және монолог сөздер көбінесе беттің мимикасының өзгеруімен, ымдау сипатындағы түрлі қозғалыстармен қосарланып отырады.

Сөйлеудің ерекше бір түрі – жазбаша сөйлеу. Жазбаша сөйлеу арнаулы әдістер арқылы меңгерілетін сөйлеудің түрі. Мұны меңгеру адамға оңайлықпен келмейді. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат танырлықтай дәрежеге жеткенде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды.

Жазбаша сөйлеудің кейбір ерекшеліктері:

1. Жазатын адамның қасында сөйлесетін адам болғандықтан, мұнда ешбір ым-ишара қолданылмайды;

2. Жазбаша сөйлеудің логикалық жағына аса қатаң талап қойылады. Мысалы, белгілі тақырыпқа шығарма жазған кезде адам осындай талаптарды орындауға тырысады, көп ойланып, толғанады. Өйтпейінше, бұдан нәтиже шығару қиын;

3. Жазуда грамматиканың ережелері де қатты ескеріледі;

4. Жазу кезінде оқушы қатты зейін қойып, әр сөзін ойлап құрастырады, мағыналы сөз іздейді. Бұл үлкен ой жұмысын қажет етеді. Мысалы, адам өзінің туысқандарына, таныстарына хат арқылы ойын білдіргенде осы жағдай байқалады. Жазбаша сөйлеудің түрлері мен стильдері әр алуан. Олардың бастылары ғылыми, публицистика, көркем әдебиет, іс-қағаздық т.б. сөздер.

Сөйлеудің тағы бір түрі – ішкі сөйлеу. Ішкі сөйлеу – тілдік материалдар негізінде дауыстамай-ақ сөйлей алу. Ішкі сөйлеу өте қысқа, икемді болып келеді.

Қорыта келе, сөйлеудің қай түрі болмасын оқушы тұлғасының жан-жақты қалыптасуына тигізетін әсері мол. Бастауыш сынып оқушысының кез-келген жағдаяттан шығу үшін сыни тұрғыда ойлай алу әрекеті қалыптасады. Бұл өз кезегінде сөйлеумен тығыз байланысты.

Ендеше, сабақта байланыстырып сөйлеуге, монологтік сөйлеуін дамыту – жалпы сөйлеу процесінің психологиялық – педагогикалық ерекшеліктерінің бір көрінісі деуге болады. Қазіргі кездегі аталмыш өзекті мәселені бастауыш сатыдан бастап қолға алуымыз қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Бастауыш оқыту пед. мен әдіст. фак студенттеріне және бастауыш мектептің мұғалімдеріне арналған оқулық. Рахметова С., - Алматы: Рауан, 2016. -205б.
2. Ерастов Н. Культура связной речи. – Ярославль: Верх-Волж, 2009. – 258с
3. Әмірова Ә.С., Анартаева К.А. Тіл дамыту. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2005. -128б.
4. Б.Баймұратова «Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту методикасы» Алматы: Рауан, 2012. -183б
5. Таубаева Ғ.З. Бастауыш сынып оқушыларын байланыстырып сөйлеуге үйретудің әдістемелік негіздері // «Мектепке дейінгі және бастауыш білім: қазіргі жағдайы, даму тенденциялары және мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2007. -357-361бб

ЖЕКЕ ТҮЛҒА ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ТАНЫМДЫҚ ҮРДІСТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘЛШБЕК А.З.

п.ғ.к., доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

БАХРАМОВА Г.А.

п.ғ.к., аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ДЖАНИБЕКОВА М.М.

*5В010300 – Педагогика және психология мамандығы, 4-курс студенті,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В данной статье рассматриваются особенности профессиональной деятельности педагога-психолога в системе обновленного образования. Кроме того, в работах ученых-исследователей проанализированы виды профессиональной деятельности педагога-психолога как специалиста вспомогательной профессии.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: личность, среда, действия, наследственность, познавательные процессы.

ABSTRACT. This article discusses the features of the professional activity of a teacher-psychologist in the system of updated education. In addition, the works of researchers analyzed the types of professional activities of a teacher-psychologist as a specialist of the auxiliary profession.

KEYWORDS: personality, environment, actions, heredity, cognitive processes.


Адамның қалыптасуына оны қоршаған ортаның: табиғи, әлеуметтік жағдайдың тигізер әсері өте зор. Адамның әлеуметтік ортасы оны тікелей қоршап тұрған орта – отбасы, құрдастар, көршілер, сыныптас ұжым. Бұларда адамның қалыптасуы жүзеге асады. Кең мазмұнда алғанда әлеуметтік топ дегейіміз – адамдардың маңайындағы үлкен топ: қоғамдық тап, ұлт, ел, қоғам, сонымен қатар адам өмір сүріп отырған қоғамдағы жағдай.

Ірі әлеуметтік топтар өзара байланысты шағын топтардан (3-5, 10-15 адам) тұрады, олар белгілі әдет-ғұрыпқа, нормаларға негізделіп, қалыптасады. Адамға әсіресе, жастық шақта күшті әсер ететін орта – отбасы, оның мүшелері ғана емес, ата-аналар, әке мен шеше, сонымен қатар онда қалыптасқан әдет-ғұрып, дағды.

Отбасында адамның мына сапалары қалыптасады: көпшілдік немесе тұйықтық, еңбек сүйгіштік немес жалқаулық, ұқыптылық немесе ұқыпсыздық, ақкөңілдік немесе өшпенділік, әділдік – әділетсіздік, адалдық – арамдық, ұяттынық немесе ұятсыздық. "Отбасы – адамның өте маңызды, өте жауапты ісі. Отбасы адамды кемеліне келтіреді. Отбасы бақыт әкеледі", - деп жазған еді А.С.Макаренко. Әсіресе, мұнда ананың артқаратын ролі зор. О. Бальзак: "Ана көрегендігінің теңдесі жоқ. Ана мен баланың арасын көзге көрінбейтін тылсым жіп жалғап тұрады. Міне, сол арқылы бала көңіліндегі қылаудай мұң ана жүрегіне жетеді, сол арқылы ана баласының іштей қуанышын да бар болмысымен сезінеді", - деп жазған еді. Халықта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» - деген мақал бар. Тәлім-тәрбие болмаған жерде адамгершілік қалыптаспайды. Адамның қалыптасуы барысында адамгершілік сапа да қалыптасады. Олар – жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары. Бұлар сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған қағидалар. Сондай-ақ адамзаттықтың, әрбір адамның ішкі рухани адамгершілік дүниесінің негізгі формалары - үміт, сенім, махаббат үнемі даму үстінде болады [1].

Қоғам адамға бірінші кезекте мәдениет пен қоғамда, адамдар арасында қалыптасқан қатынастар арқылы әсер етеді. Адамның қалыптасуына үлкен әсер ететін ғылым, өнер және бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз, радио, теледидар, білім және адам өмір сүріп, еңбек етіп отырған қоғамдағы жағдайлар. Ескеруіміз керек, бұл жағдайлар белгілі дәрежеде адамдарды қалыптастырады. Бұдан адам сол жағдайлардың құлы болуы керек деген ұғым тумауы тиіс, адамдар өздері өмір сүріп, еңбек етіп отырған жағдайларды ескерулері керек. Қайсы бір уақытта адам жағдайлардан да жоғары тұруы керек. Себебі жағдай іс-әрекеттің себебі ғана емес, оның нәтижесі де. Егер де жағдай адамды қанағаттандырмаса, онда адам оған сын көзқараспен қарауы тиіс. Сонымен, жеке тұлғаның дамуына бірнеше фактор ықпал ететіндігін келесі 1-сызбадан көруге болады.

Сызба – 1. Жеке тұлғаның дамуына әсер ететін факторлар



Адамның адамгершілігі – оның ең жоғарғы қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі – өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, кез-келген уақытта жақсылық жасауға дайын болу. "Өзің үшін еңбек қылсаң, - дейді Абай, - өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық, - қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол". Ақылды, мейірімді адам әр уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш келеді. Арлы адам – ардақты. Біздің өткен тарихымыз – біздің арымыз. Арымыз таза болса, тарихымыз да таза. Осы сапаларды өз бойларына сіңіру әрбір оқушының ұстанған бағыты, нысанасы болуы керек. Себебі адамгершілігі мол адам – басқаларға үлгі-өнеге [2].

Кез-келген танымдық үрдіс бейнелеу және реттеу қызметін атқарады. Бірақ бейнелеу қызметінен басым үрдістер (танымдық үрдістер) және реттеу қызметінен басым психикалық үрдістерді (эмоция, ерік) бөліп көрсетуге болады.

Танымдық үрдістер жүйесіне келесі үрдістер кіреді: түйсік және қабылдау, зейін, ес, қиял, ойлау, сөйлеу, эмоция.

Танымдық үрдістер жүйесінің барлық жүйелі блоктары үнемі өзара әрекеттесу үрдісінде болады және танымдық іс-әрекеттің бірлігін қамтамасыз етеді. Танымдық процестер жүйесі өзара әрекеттесу үрдісінде үнемі аралық нәтижелер көрінеді.

Танымдық үрдістер жүйесі бірінші блогынан екіншісіне ауысқандағы ақпараттың қандай өзгерістерге ұшырайтыны көрсетілген (синусоида түрінде кестеде бейнеленген). Танымдық үрдістер жүйесі жұмысының соңғы нәтижесі алынған материалға сәйкес келеді, бірақ оның тура көшірмесі болмайды (кестеде қысқа сызықтармен бейнеленген). Сонымен, танымдық үрдістер жүйесінің жұмысы адамның объективті шындықты адекватты субъективті бейнелеуін қамтамасыз етуден тұрады.

Қабылдау тек тітіркендіргіштерге ғана емес, сонымен бірге оны қабылдайтын субъектіге де қатысты. Басқаша айтқанда, қабылдау субъективті болады. Әрбір адам заттан нені көруге қажет етеді, соны көреді. Бұл жерде қабылдаудың нәтижесі ретінде зат пен бейненің объективті негізінделген сәйкессіздігі туындайды. Ол қандай да бір затты қабылдау кезінде өткен қабылдау ізінің белсенді болуымен анықталады.

Түйсік – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерін бейнелейтін қарапайым үрдіс. Басқа сөзбен айтқанда, адам қоршаған ортаның барлығын түйсінеді. Түйсік пен қабылдау бір-бірімен өте тығыз байланысты. Кез-келген түйсінуді қабылдауға, тұтастай қабылдауға дейін жеткізуге болады.

Қабылдау – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының барлық қасиеттерінің жиынтығын кешенді бейнелеу үрдісі.

Қалыпты жағдайда адамда түйсінудің бес негізгі түрін бөліп көрсетуге болады: көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сипап сезу – адамның сыртқы ортада бағдарлануына мүмкіндік береді. Көру және есту қалыпты жағдайда қабылдау ретінде болады. Көру және есту анализаторлардың көмегімен жүзеге асатын жалпы физиологиялық механизмдерге ие.

А.Н.Леонтьевтің тұжырымдамасына сәйкес, түйсік психиканың тарихи бірінші түрі. Түйсіктің пайда болуы жүйке ұлпалары тітіркенуінің дамуымен байланысты. Эволюциялық үрдістің белгілі бір деңгейінде ағзадағы қарапайым тітіркену сезімталдыққа ұласады, яғни тек өмір үшін маңызды тітіркендіргіштерге ғана емес, сигналдық мәні бар тітіркендіргіштерге де әсер етуге қабілеттілік. Бұл мүмкін болатын жалғыз көзқарас емес. К.К.Платонов психиканың қарапайым тарихи бірінші түрі эмоция екендігін дәлелдеуге тырысқан [3].

Түйсіктің даму теориясында түйсінудің пайда болуына эффекторлық үрдістердің қатысуы туралы да зерттеулер маңызды орынға ие. Бұл зерттеулердің жалпы қорытындысы мынадай: түйсік психикалық құбылыс ретінде жауап реакциясы адекватты емес жағдайда немесе мүлдем болмаған кезде түйсінудің болуы мүмкін емес; қозғалмайтын көз соқырлық белгісі, ол қозғалмайтын қол астереогностикалық сияқты (А.Н.Леонтьев, П.И.Зинченко, В.П.Зинченко, Т.П.Зинченко және т.б еңбектерде) [4].

А.Н.Леонтьев түйсінудің механизмдерін зерттей келе мынадай жалпы қорытындыға келеді, ортақ принциптік механизм сыртқы әсер етуге тән сезім мүшелерінде үрдістердің бір-біріне ұқсау механизмі болып табылады.

Түйсік – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерін бейнелейтін қарапайым үрдіс. Басқа сөзбен айтқанда, адам қоршаған ортаның барлығын түйсінеді. Түйсік пен қабылдау бір-бірімен өте тығыз байланысты. Кез-келген түйсінуді қабылдауға, тұтастай қабылдауға дейін жеткізуге болады. Қабылдау – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының барлық қасиеттерінің жиынтығын кешенді бейнелеу үрдісі [5].

Қалыпты жағдайда адамда түйсінудің бес негізгі түрін бөліп көрсетуге болады: көру, есту, дәм сезу, иіс сезу, сипап сезу – адамның сыртқы ортада бағдарлануына мүмкіндік береді. Көру және есту қалыпты жағдайда қабылдау ретінде болады. Көру және есту анализаторлардың көмегімен жүзеге асатын жалпы физиологиялық механизмдерге ие.

А.Н.Леонтьевтің тұжырымдамасына сәйкес, түйсік психиканың тарихи бірінші түрі. Түйсіктің пайда болуы жүйке ұлпалары тітіркенуінің дамуымен байланысты. Эволюциялық үрдістің белгілі бір деңгейінде ағзадағы қарапайым тітіркену сезімталдыққа ұласады, яғни тек өмір үшін маңызды тітіркендіргіштерге ғана емес, сигналдық мәні бар тітіркендіргіштерге де

әсер етуге қабілеттілік. Бұл мүмкін болатын жалғыз көзқарас емес. К. К. Платонов психиканың қарапайым тарихи бірінші түрі эмоция екендігін дәлелдеуге тырысқан [5].

Түйсіктің даму теориясында түйсінудің пайда болуына эффекторлық үрдістердің қатысуы туралы да зерттеулер маңызды орынға ие. Бұл зерттеулердің жалпы қорытындысы мынадай: түйсік психикалық құбылыс ретінде жауап реакциясы адекватты емес жағдайда немесе мүлдем болмаған кезде түйсінудің болуы мүмкін емес; қозғалмайтын көз соқырлық белгісі, ол қозғалмайтын қол астереогностикалық сияқты (А.Н. Леонтьев, П.И. Зинченко, В.П. Зинченко, Т.П.Зинченко және т.б.).

А.Н. Леонтьев түйсінудің механизмдерін зерттей келе мынадай жалпы қорытындыға келеді, ортақ принциптік механизм сыртқы әсер етуге тән сезім мүшелерінде үрдістердің бір-біріне ұқсау механизмі болып табылады.

Түйсіктің модальдылығы бойынша жіктелуі кең тараған болып табылады (сезім мүшелеріне тән). Түйсінудің осы критерилеріне сәйкес келесі түрлерге бөлінеді: көру, есту, вестибулярлық, сипап сезу, иіс сезу, дәм сезу, қозғалыс, висцералдық. Интермодальды түйсіну де бар – синестезия.

Ч. Шерингтонның түйсікті жіктеуі де танымал, ол келесі түрлерге бөледі:

Экстероцептивті түйсіну дененің сыртқы бетінде орналасқан рецепторларға сыртқы тітіркендіргіштердің әсер ету кезінде пайда болады;

Проприоцептивті (кинестетикалық) түйсіну бұлшықет, буындарда, сіңірлерде орналасқан рецепторлардың көмегімен дене бөліктерінің қозғалысын бейнелейді;

Интероцептивті түйсіну арнайы рецепторлардың көмегімен ағзадағы алмасу үрдісін бейнелеу кезінде пайда болады.

Қабылдауды кез келген басқа психикалық феномен сияқты үрдіс ретінде де, нәтиже ретінде де қарастыруға болады.

Қабылдау жеке қасиеттерді бейнелейтін түйсікке қарағанда, қоршаған орта заттары мен құбылыстарын тұтастай бейнелеп, шындықтың интегралды бейнесін құрады. Қабылдау қорытындысы – субъектінің сезім мүшелеріне тітіркендіргіштің тікелей әсер етуінен пайда болатын қоршаған әлемнің интегралды, тұтас бейнесі.

Заттардың, нақты құбылыстар немесе үрдістердің қасиеті ретінде қабылданбайтын түйсіктен айырмашылығы, қабылдау бізді қоршаған әлемдегі заттардың түрі ретінде рәсімделетін субъективті қатыстылық ретінде жүреді. Сонымен қатар, біз иллюзиямен жұмыс істегенде немесе қабылданатын қасиет салыстырмалы қарапайым болғанда, ол қарапайым түйсінуді шақырады (бұл жағдайда түйсік қандай да бір құбылысқа немесе объектіге қатысты болып, олармен байланысады).

Түйсік біздің өзімізде болса, заттардың қабылданатын қасиеттері, олардың бейнелері кеңістікте орындарын табады. Бұл үрдіс қабылдауға тән болады және оның түйсіктен айырмашылығы жалпылау деп аталады.

Түйсіктің пайда болуының нәтижесі кейбір сезімдер (мысалы, жарықты, дауысты, аштыны, дауыстың жоғарылығын, тепе-теңдікті түйсіну) болып табылса, қабылдаудың нәтижесінде адамзат санасымен затқа, құбылысқа, процеске біріктірілетін әр түрлі түйсіктердің өзара байланысының кешенін қосатын бейнені қалыптастыру қабылдаудың түйсіктен тағы бір айырмашылығы болып табылады. Кейбір заттар қабылдану үшін бейнені зерттеуге, құруға, нақтылауға бағытталған қандай да бір қарама – қарсы белсенділік таныту керек.

Жеке түйсіктер арнайы анализаторларға «байланған» болады және түйсіктің пайда болуы үшін олардың рецепторларына стимулдың әсер етуі жеткілікті. Қабылдау үрдісінің нәтижесінде қалыптасатын бейне бірнеше анализаторлардың бірлескен жұмыстарының өзара әрекетін болжайды. Олардың қайсысының жұмысы белсенді болғанына сәйкес ақпарат соғұрлым көбірек өңделіп, қабылданатын объектінің қасиеті туралы мәнді белгілер көп алынады және қабылданудың түрлерін бөледі. Соған сәйкес қабылдау көру, есту, сипап сезу деп бөлінеді. Төрт анализаторлар – көру, есту, тері және бұлшық ет – көбіне қабылдау үрдісінде негізгілер болып табылады.

Сонымен, қабылдау мағыналы (шешім қабылдау) және бүтін заттардан немесе бүтін құбылыс ретінде қабылданатын күрделілерден алынатын әртүрлі түйсіктердің белгіленген (сөйлеумен байланысты) синтезі ретінде қызмет атқарады. Бұл синтез белсенді бейнелеу барысында қалыптасатын зат немесе құбылыстың бейнесі ретінде жүреді.

Қабылдау өмір жағдайына байланысты өзгереді, яғни дамиды. *А.В.Запорожец перцептивті әрекеттердің қалыптасуы оқытудың әсерімен бірнеше деңгейлерден өтеді деп есептейді:*

I-деңгей – адекватты перцептивті бейне, балада материалдық заттармен тәжірибелік әрекет жолымен жүреді;

II-деңгей – сенсорлық үрдістер өз қозғалысының көмегімен орындалатын рецептивтік аппараттарды орындайтын өзінше перцептивтік әрекетке айналдырады. Балалар заттардың кеңістіктік қасиетін қол мен көздің бағдарланып – зерттеу қозғалысының көмегімен танысады;

III-деңгей – перцептивті әрекеттерді қысқарту үрдісімен басталады;

IV-деңгей – перцептивті үрдістер дәріптенеді яғни идеалды түрге айналады. Балалар тез және қандай да бір сыртқы қозғалыстың көмегінсіз – ақ қабылданатын объектілердің белгілі бір қасиеттерін танып, осы қасиеттер негізінде оларды бір – бірінен айыра алу қабілеттілігіне ие болады.

Сонымен, адамның мазмұны – қоғамдық қатынастың жиынтығы. Алайда, бұл қатынас өзгермей қалмайды, тұрақты түрде бірқалыпта тұрмайды, ол қоғамның өзгеруіне орай жаңаланып отырады. Бұл дегеніміз адамның да мазмұны өзгереді деген сөз, сондықтан да ең алдымен адам өмір сүретін қоғамды өзгерту қажет.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. – Алматы: «Эверо», 2005.
2. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. – Алма-Ата, 1992.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2002.
4. Жақыпов С., Бердібаева С. Психологиялық зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу тәсілдері. – Алматы, 1998.
5. Сейтәлиев Қ. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 2007.

ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ Ж.АЙМАУЫТУЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

ӘЛПБЕК А.З.

п.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ҚОЙШИЕВ Қ.Е.

п.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ИБРАЙ Е.И.

5B010300 – Педагогика және психология мамандығы,

4-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В этой статье рассматривается важность психологических подходов к воспитанию молодежи к сохранению национальной идентичности. Вместе с тем, он связал понятие «этническая идентичность» с психологическими взглядами в трудах Ж. Аймауытулы.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: этнические чувства, этническая принадлежность, воспитание, семья.

ABSTRACT. This article examines the importance of psychological approaches to educating

young people to preserve national identity. At the same time, he linked the concept of "ethnic identity" with psychological views in the writings of J. Aimautyly.

KEYWORDS: ethnic feeling, ethnic identity, upbringing, family

Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Біз өзіміздің тілімізді, дінімізді, жеке бас ерекшелігімізбен сақтай аламыз және біз осы рухпен біздің жастарды тәрбиелеуіміз тиіс» - деп атап көрсетілді жолдауда [1].

Ұлтымыздың да, еліміздің де өзін-өзі анықтаудың іргелі негіздері бар. Олар: 1) Тәуелсіздікке деген, «Ұлы Жібек жолын» қайта жаңғыртуға деген бағыт-бағдар; 2) бірдей еңбектену, халық бірлестігі, тарихтың, мәдениеттің ерекшелігін ескеру және мемлекеттік тілді қолдану жүйесін жетілдіру әрекеті; 3) қазақтың ұлттық мәдениетін толықтыратын тәжірибе сабақтастығы. Қоғамды жетілдірудің осындай қазақстандық тәжірибесін әлем мойындауда [2].

Жаңа дәуір, жаңа кезең басты мына постулаттарға деген бұрын-соңғы көзқарастар мен түсініктерді ықшамдауды, өзара ыңғайластыруды қажет етуде. Сонымен: 1) қазақ халқынан және оның мәдениетінен тыс нақты Қазақстан болған емес; 2) Қазақстанның болашағы күллі қазақстандықтардың бірлескен, келісімді өмірінсіз баянды және тұрақты болмайды; 3) әлеуметтік-экономикалық табыстардың тиянақты және мәдениеттегі қозғаушы күштердің тартымды болуы өзара сыйластыққа, ынтымаққа, бірлескен әрекетке тікелей қатысты.

Этникалық бірегейлік – этникалық қауыммен өзінің ұқсастығын ғана емес, оны бағалауды, оған мүше болудың маңызын бөлісетін этникалық сезімін (абырой, бедел, реніш, қорқыныш сезімі) жете ұғынуы. Этникалық сезім – этникааралық салыстырудың маңызды өлшемдері, бұл сезімдер индивидтің әлеуметтену үдерісінде қалыптасатын адамның этникалық қауыммен терең эмоционалдық байланысы және моралдық міндеті бойынша сүйенуі болып табылады.

Психологтар этникалық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететін факторлардың ішінен бөліп көрсетеді:

1) отбасында, мектепте және әлеуметтік ортада этникалық әлеуметтенудің ерекшеліктерін;

2) этнобайланысты ортаның, алдымен гетерогендіктің/гомогендіктің ерекшеліктерін;

3) этникалық топтар арасындағы мәртебелік қатынастар.

Этникалық бірегейлік – әлеуметтік бірегейліктің бөлігі болып табылады. Н.М.Лебедеваның пікіріне сәйкес, адамның этникалық бірегейлігі – бірегейліктің басқа да типтерімен салыстырғанда әлемді ақпараттық құрылымдаудың ежелгі және тұрақты формасы болып саналады [39].

Әлеуметтік бірегейліктің маңызды құрамды бөліктерінің бірі – этникалық бірегейлікті оның құрылымынан босату немесе ығыстыру, бір жағынан, «Мен» бейнесінің тұтастығын, екінші жағынан, басқа қандай да бір мәдениетпен байланысын жоғалту қауіп тудырады, этнопсихологияда бұл қасиетті этникалық гипобірегейлік деп атайды.

Этникалық бірегейлікті (этникалық гипоидентичность) жоғалту тұтас алғанда, адам үшін жағымсыз себептерге алып келеді. Өзінің маңызын және ұлттық бірегейлігін, сонымен қатар өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін жете ұғынбауы, адамның ішкі жағынан азат етілмеуі, өзіне қысым көрсетуі, жасқаншақтауы, өзінің мәдени «Менін» басуға тырысуы, оны ішкі кикілжіңге алып келеді. Ол өзіне деген сенімін жоғалтады немесе оны тіпті де меңгермейді, ынтасыз, өзін қорғай алмайды және басқаның айласының пассивті объектісі болып қалыптасады [3].

Ю.В.Бромлей этностың өзіндік белгілерін қалыптастыруда аз да болса рөл атқаратын өзіндік әлеуметтік-психологиялық тетіктерін, атап айтқанда, сендіру, еліктеу және өзара жұқтыруды ерекше атап көрсетеді [4]. Сонымен бірге ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда сәйкестендіру (идентификация), эмпатия, децентрация, стереотипизация, рефлексия және т.б. әлеуметтік-психологиялық тетіктер маңызды рөл атқарады.

Өз халқының мәдениетіне (ұлттық мәдениетіне) қатыстыру әрі меңгеру ұлттық рухани құндылықтарды және нормаларды интериоризациялайды. Яғни, тұлға өзін сол халықтың

бөлігі ретінде сезінеді. Ұлттық мәдениет сол ұлтқа тән материалдық және рухани құндылықтардың, нормалар мен моралдың, құқықтың, салт пен дәстүрдің, өнердің, әлеуметтік және саяси құбылыстардың жиынтығы. Осыған байланысты, 20 ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтауда Ж.Аймауытұлының Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық мұралары зор мәнге ие. Бұл қазақ топырағында өте сирек кездесетін құбылыс, өйткені мыңдаған жылдар бойына рухани мұрасы жалғасып келе жатқан халыққа ғылыми психологияның найзағайдай жарқ ете қалуы заңды да болатын. Ж.Аймауытұлының еңбегі – бүкіл түркі халықтарында белгілі жүйемен ғылыми астармен жарық көрген тұңғыш еңбек.

Ж.Аймауытұлы ғұмыр кешкен кезең – бүкіл әлемдік психологияның үлкен дағдарысқа ұшыраған кезі еді. XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейін психологияның методологиялық тұғыры айқындала қоймаған, осы тұйықтан қалай шығудың бағыт-бағдары бұлыңғыр болған тұс еді. Бұл кезеңде батыс психологиясында, сондай-ақ дамудың даңғыл жолына түскен АҚШ-та, Германия, Франция, Англия елдерінде қалыптасқан психологиялық жүйелерді Ж.Аймауытұлы өзінше тұжырымдай, жалпы психологияның сол кездегі өзекті мәселелерін қазақ өмірінен алған дәйекті деректермен өзінше тұжырымдайды[5].

Ж.Аймауытұлы өз туындыларын жазуда батыста және орыс елінде жарық көрген психологиялық еңбектердің, оқулықтардың, оқу құралдарының Л.С.Выготскиймен бірге психологияның жаңа ғылыми негіздерін құруға ат салысқан П.П.Блонский (1884-1941) еңбектері Ж.Аймауытұлының психологиялық оқу құралын жазуына арқау болғаны байқалады.

Ж.Аймауытұлы жан туралы XVIII ғасырдың ұлы философы Канттың пікірлеріне тоқталады. Мәселен, Кант жан зат емес, рух, ажалсыз субстанция дейтін психологияның барлық дәлелдерін жалған деп түсінген. Оның пікірінше, өз бетімен өмір сүретін жан болуы керек. Кант жанды психология зерттеп, ақиқатына жету керек деген пікір дұрыс емес дейді.

Ж.Аймауытұлы XIX ғасырдың соңғы жылдарында өмір сүрген батыс психологы Лангенің жан туралы пікірлеріне де тоқталады. Лангенің айтуынша, пәннің атын оны зерттейтін затымен шатастыруға болмайды. Бірінен-бірі айрылып, жетілмеген сансыз құбылыстарды бір сөзбен атау үшін бұрыннан келе жатқан психология деген атты аламыз. Бүгінгі пәннің қоятын қатаң шарттары ол заманда мәлім болмаған. Бұрынғы психологияның қарайтын мәселесі (заты) бұл күнде өзгереді. Бірақ пәннің заты өзгергені себепті, атын да алып тастайын десек онымыз тым ұшқарылық болады. Автор Лангенің пікірінде психологияға байланысты пікір деп есептейді де, кей жағдайда біздің де өз кітабымызды психология деп атауымызға болатынын, бірақ психологияның жансыз пән екені дәйім есімізде тұру керек дейді. Ал психология жансыз, орысша айтсақ «психология без души». Ол Д.Уотсонның, одан кейін орыс психологы П.П.Блонскийдің айтқан қағидаларының көшірмесі іспеттес.

Ж.Аймауытұлы өз еңбегінің әдіснамалық мәселелерге арналған тарауына «Психология тірі заттардың қылығы туралы» деген параграфты енгізеді, соны бүкіл кітаптың өн бойында басшылыққа алады. Ол тірі заттар мен жәндіктердің өлі заттардан айырым белгісі қимыл-қозғалыста дейді. Қимыл неше алуан, бірінен-бірінің өзгешеліктері болады. Сондықтан қимылды белгілі бір сипаттарына қарай жіктеп, оған ат қоюға болады. Америка психологтары жәндік қимылдарын олардың мінез-құлқы (поведение) деп атап жүр. Ал бихевиоризм деген сөздің өзі де ағылшынша «мінез-құлық» деген мағынаны білдіреді. Америка психологтары психология – тірі организмнің қылықтары туралы ғылым десе, Блонский де осыған жақын тұжырымға келген. Ж.Аймауытұлы бұлардың айтқан тұжырымдарын ой елегінен өткізіп, өзінше талдап, осы айтылғанға орай жәндіктердің қылығының неден пайда болатынын, неден құралатынын, негізгі қимыл түрлерін, олардың ерекшеліктерін көрсеткен.

Ж.Аймауытұлы ескі психология адамдарды өзгеріске түспейтін, қатып-семіп, шыныққан зат күйінде қарастырады деп мұны өте теріс, мұндай түсінікпен келісуге болмайды дейді. Оның пікірінше, адам – өзгермелі, құбылмалы жәндік. Оның жәндік деп тұрғаны бір есептен дұрыс та, өйткені адам ұғымы да организм деп аталатын текті ұғымға кіреді. Бір кезде ұлы Аристотель де адамды сөйлейтін жануар деген болатын. Олай болса, адам өзгермелі, құбылмалы жәндік деген сөздің бір жағынан оғаштығы жоқ. Адам қоршауының өзгеруіне

байланысты қылығы да өзгеріп отырады. Аймауытұлының пікірінше, ғылымға сүйенген психологияның мақсаты – адамның қылығы не себептен өзгертінін, ол өзгеріс неден туатынын, қалайша қалыптасатынын табу болмақ. Ол адамның қылығын біз өмір бойы зерттеуіміз керек дейді. Мәселен, ересек адамның бала күнгі қылығымен жақсы таныс болуымыз керек. Өйткені, ересек адамдардың қылығы өзгеріске түскен бала кездегі қылықтың жалғасы. Бала психологиясын білудің ересек психологиясын түсінуіне пайдасы көп. Міне, бұл пікір қазіргі ғылыми психологияның да айтып жүрген пікірлерімен өзара байланысып тұр.

Аймауытұлы өзінен бұрынғы психология ғылымы жайында айтқандардың қисындарын сынай келе, бұрынғы жан тамыршылары көбінде адам туралы жазғанда «Мен» деген ұғымға жүгінетін еді дейді. Олар адамды әлеуметтен бөліп алып, оның жеке басын тексеруді ойластыратын. Ал Ж.Аймауытұлының пікірінше, жеке адамның қылығын әлеуметтен тыс қарастыру мүмкін емес.

Тәлім-тәрбиелік сипаты басым әлеуметтік психология туралы Ж.Аймауытұлы жасаған тұжырымдар сүбелі де сындарлы. Ғалымның пікірінше, жеке адамның тәрбиесі – әлеумет қылығының айнасы. Заман озған сайын әлеумет те өзгеріп отырады, содан адамның қылығы да өзгереді. Міне, осынау тұжырым Блонский мен Аймауытұлының бұл мәселеде бір арнадан тоғысқанын көрсетеді. Осы айтылғанға орай, ол жеке адам қылығының өсіп жетілу жолын, оның тарихын зерттеу керек дейді. Мұндай түсінік Блонский ұстанған психологияның генетикалық принципімен орайласады. Өйткені, қай кезде де адамның жан-дүниесінің қалыптасу жолын, шығу тегін зерттеу психологияның негізгі көздеген мақсаттарының бірегейі. Табиғаттану ғылымдарында генетикалық (тарихи) принцип көптен қолданылып келеді. Сондықтан психологияның да бұл әдісті қолдануы керек, өйткені психология тірі заттың мінезін зерттейтін ғылым.

Ж.Аймауытұлының ұлттық тәлім-тәрбиелік терминдер жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлуі – оның сол кездегі әлеуметтік сұраныстан туындағаны да белгілі. Өйткені, Қазан төңкерісінен кейін жер-жерде ашыла бастаған жаңа типтегі қазақ мектептеріне түрлі пәндерден оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау қажеттігі, сондай-ақ ұстаздар үшін әдістемелік құралдар жазу мәселесі, сайып келгенде, бұл ұлттық мектептің жаңа жүйесін жасау ісіне ерекше маңыз алатын мәселе еді.

Автордың жалпы ғылыми терминдер жасау жөніндегі принциптерін топтастырсақ, мына ұстанымның төңірегінен табылар еді.

Біріншіден, ғылыми атауларды сұрыптауда, шет жұрттан алынған ұғымдарды төл тілімізге барынша жақындатып, оған лайықты ат табу.

Екіншіден, термин жасауда төл тіліміздің өзіне тән ішкі заңдылықтарын, яғни дыбыс жүйесіне қатысты өзекті жақтарын мықтап ескеру.

Үшіншіден, шетел тілдерінен (Еуропа, араб, парсы т.б.) терминдер алғанда аса сақтықпен қарап, бұларды ала қойған жағдайдың өзінде өз тіліміздің айтылуына қарай икемдеп қолдану.

Төртіншіден, шетел тілдерінен алынған термин сөздерді қабылдауда орыс тілінің дәнекерлік рөл атқаратынын, яғни жалғастырушы болатынын әркез есте ұстау.

Қазір қолда бар қазақша психологиялық терминдерді зерделеп қарасақ, соның 150-дейі ғана орыс тілінен алынған екен де, қалғандары латын, грек, неміс, француз, араб, парсы тілдерінен енген атаулар болып шықты. Егер біз Ж.Аймауытұлының жоғарыдағы пікірлерін негізге алсақ, психология ғылымының принциптерін сомдауда онша көп ілгерілей алмағанымыз байқалады. Өйткені, аталмыш «Сөздікте» төл тіліміздегі психологиялық терминдер жоқтың қасы. Олардың көбі шетел тілінен енген кірме сөздер. Одан кейінгісі – өзіміз тудырған жасанды терминдер, яғни сөзбе-сөз аударылған психологиялық атаулар. Біз көбінде орыс тіліндегі терминдерді ғана аударып, осыған қанағат етіп жүр екенбіз. Ал психология терминдерінің қазақша баламасын, ана тіліміздің сарқылмас аса бай, мол қазынасынан алғандарымыз көңілді көншітпейді. Мұндай жайт әрине, психология ғылымына ғана қатысты болмауы мүмкін. Бұл жайт сондай-ақ жаратылыстану мен дәл ғылымдарда, атап айтқанда математика, физика, химия, техника ғылымдарына да ортақ «ауру» болса керек.

Ғұлама ғалымның психологиялық мұралары туралы айтқанда, біз оның осы мәселедегі негізгі желісі мына төмендегі қысындардың төңірегінен табылады деп ойлаймыз. Бұлар біртуар ғалымның психология саласындағы өзіндік орнын қайталанбас ерекшелігін жақсы байқатады. Тіпті автор түзген түйіндер нақты қағидаға, белгілі заңдылыққа айнала бастаған ұстанымдар секілді. Мәселен, ол «тән қуаты болса, жан қуаты ажарлы болады» дейді. Енді бірде «нашар жаннан, осал мінездер туады» десе, «жалынды сөз – жалынды жүректен шығады», «баланы іспен емес, сөзбен, ақылмен үйреткен адам сорлы» дейді. «Адамның денесі қандай мысқалдап өсіп-жетілетін болса, пікірі де сондай бірте-бірте жетіліп, өркендейді». Ерлік, қайрат үнемі ірі жұмыста көріне бермей, күнделікті уақ-түйек жұмыста да көрінуі керек, тағы басқа осы секілді толып жатқан ой-пікірлер мен тұжырымдар «қысқа да болса, нұсқа» дегендей, қазақы құлаққа бірден ұялайды.

Әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту». Ақпараттық-түсіндірмелі материал. – Астана, 2017. 56б.
2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – А., 2004.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы., 1995.
4. Қазақтың тәлімдік ой-пікір онтологиясы. I-том. Қ. Жарықбаев және т.б. – А., 1994.
5. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. – Алматы., 1994.

ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТІК-ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛ МАҢЫЗЫ

ЖАРЫЛҒАСОВА П.Е.

*Педагогика және психология
мамандығының докторанты,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается значение деятельностно-компетентного подхода в практико-ориентированном обучении. Рассказывается о интерактивных способах обучения в формировании деятельностно-компетентного подхода: деловых играх, способах применения методов проекта и кейса.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: компетенция действия, действие, целенаправленное обучение, деловая игра, кейс-метод, метод проекта.

ABSTRACT. The article discusses the importance of the activity-competence approach in practice-oriented learning. The article describes the interactive methods of learning in the formation of an activity-competence approach: business games, ways of applying project and case methods.

KEYWORDS: activity competence , activity, practice-oriented learning, business game, case study method, project method

Қазіргі кезде білім беру жүйесі тәуелсіз, креативті, белсенді, бастамашыл, идеялар ұсынуға және оны дамытуға, дәстүрлі емес шешімдер табуға және экономикалық тиімді жобаларды іске асыруға қабілетті мамандарға мұқтаж.

ЖОО да студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің тәжірибеге бағытталған оқыту технологияларына жүгінбестен, осындай қасиеттерге ие мамандарды даярлау өте қиынға соғады.

Студенттермен оқытушылардың іс әрекетіндегі тәжірибеге бағытталған оқыту жүйесін қалыптастырудың бірнеше тұғырлары бар.

Ең алғашқы тұғырлардың бірі тәжірибеге бағытталған оқытуды оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибемен байланыстырады, оның студенттердің кәсіби ортаға енуіне, кәсіби тәжірибесінің қалыптастыруына мүмкіндік беретінін көрсетеді (Ю. Ветров, Н.Клушина) [1].

Екінші тәсіл (авторлар Т.Дмитриенко, П. Образцов) тәжірибеге бағытталған оқытуда кәсіби бағдарланған бейінді және бейінді емес пәндерді оқытуда кәсіптік-бағдарланған оқыту технологияларын және болашақ кәсіптік қызметтің фрагменттерін үлгілеу әдістерін пайдалануды көздейді [2].

Үшінші, ең кең тараған тәсіл - іс-әрекеттік құзыреттілік парадигмасы аясында тұжырымдалады, оған сәйкес тәжірибеге бағдарланған білім кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттілікке жету үшін білім, білік, дағдылардан басқа практикалық іс - әрекет тәжірибесін алуға бағытталған [3].

Бұл студенттердің жұмысқа қатысуын және олардың оқытушылардың қызметімен салыстырылатын белсенділігін қамтамасыз етеді.

Теориялық материалды зерттеуге ынтасы практикалық мәселені шешу қажеттілігінен туындайды. Тәжірибеге бағытталған тәсілдің бұл түрі іс-әрекеттік- құзыреттілік тәсіл болып табылады. Осылайша, тәжірибеге бағытталған білім беруді құру үшін іс-әрекеттік-құзыреттілік тәсіл қажет. Демек, дәл осы іс-әрекеттік-құзыреттілік тәсіл ХХІ ғасырда тәжірибеге бағытталған білім беруді құрудың тиімді әдіснамасына айналуы мүмкін.

Оқытудың іс-әрекеттік технологиясы студентке педагогикалық әсердің пассивті объектісінен оқу-танымдық іс-әрекеттің белсенді субъектісіне айналуға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беру жүйесінде іс-әрекет тәжірибесі көбінесе оқу-танымдық іс-әрекеттің тәжірибесін білдіреді. Ал тәжірибе алу дәстүрлі дидактикалық "білім – білік – дағды" триадасы аясында оқушылардың практикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Іс-әрекеттік-құзыреттілік тәсілмен дәстүрлі триада жаңа дидактикалық бірлікпен толықтырылады: білім-білік-дағды- іс-әрекет тәжірибесі.

Іс-әрекеттік-құзыреттілік тәсіл оқытушының бағалауынан студенттердің қатысуымен тең бағалауға көшуді қамтиды. Бүгінгі таңда студенттің іс-әрекетін өзін-өзі бағалау мәртебесін өзгерту, оны білім беру процесінде үнемі қолданылатын әрекетке айналдыру өте маңызды. Бағалау жүйесі ашық және критериалды болған кезде ғана, іс-әрекеттік -құзыреттілік тәсілі әлеуметтік маңызды құзыреттерді меңгерудің тиімді құралы бола алады.

Білім берудегі іс-әрекеттік тәсіл

1. білім беру мақсаттарын өзгертеді: білім беру (білімнің барлық маңыздылығына қарамастан) емес, оқушының жалпы мәдени, жеке және танымдық дамуын қамтамасыз ету (оқу қабілетімен қаруландыру).
2. оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын жаңа талаптарды анықтайды (олар оқушылардың пәнге деген жоғары ынтасын қамтамасыз етуі тиіс),
3. оқытуды ұйымдастыруға қойылатын жаңа талаптарды анықтайды-белсенді әдістемелер мен білім беру технологияларына көшу (оқытудың әртүрлі нысандары, тәсілдері, тәсілдері, әдістері, технологиялары
4. студенттің рөлін өзгереді - ол білім беру объектісі емес, ал субъект, оқуға қатысушысы болады (демек, мотивация, белсенділік, білімге деген қызығушылық).
5. оқытушының рөлін өзгертеді: ол білімнің жалғыз көзі, ақпарат беруші емес, ал бақылаушы, ұйымдастырушы, үйлестіруші, тьютор, тәлімгер, көмекші, кеңесші болады.
6. оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Іс-әрекеттік тәсіл– оқу үдерісінде студенттердің өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта оқытушының тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Іс-әрекеттік тәсілде әрекет арқылы оқыту үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері және өз қолымен жасаған істері қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан оқытуда іс-әрекеттік-құзыреттіліктерді

калыптастыруға мүмкіндік беретін интербелсенді тәсілдерді қолдану студенттердің оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ретінде танылады [4].

Интербелсенді әдісте студенттер төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар, жоба, проблемалық жағдаяттарды шешу
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- кейс-әдістер
- интервью,
- сауалнама т.б.

Олардың кейбіреулеріне ғана тоқталайық.

Іскерлік ойындар оқу орындарына кәсіби ортадан келген. Олар жаңа материалды игерудің, шығармашылық қабілеттерін дамытудың, кәсіби дағдыларды қалыптастырудың күрделі мәселелерін шешу үшін қолданылады. Ойын студенттерге оқу материалын әр түрлі тұрғыдан түсінуге және зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай ойындар имитациялық, операциялық, рөлдік және т. б. болып бөлінеді. Имитациялық ойындар кез-келген ұйымның, кәсіпорынның немесе оның бөлімшесінің қызметіне еліктейді. Оқиғалар, адамдар қызметінің нақты түрлері (іскерлік кездесу, жоспарды талқылау, әңгімелесу өткізу және т.б.) имитациялануы мүмкін.

Операциялық ойындар нақты іс-әрекеттерді орындауға көмектеседі, мысалы, көпшілік алдында сөйлеу дағдысы, экскурсия жүргізу, мейрамханада клиенттерге қызмет көрсету, клиентпен қарым-қатынаста техникалық қызмет көрсету станциясында автокөлік диагностикасын жүргізу және т. б.

Рөлдік ойындарда белгілі бір адамның мінез-құлық тактикасы, іс-әрекеті, функциялары мен міндеттерін орындау пысықталған. Мұндай ойындар үшін жағдайдың сценарийі жасалады, кейіпкерлердің рөлдері студенттер арасында бөлінеді.

Жоба әдісі – студенттер біртіндеп күрделене түсетін практикалық тапсырма-жобаларды құрастыру, жоспарлау және орындау процесінде білім, білік және дағдыларды, сондай-ақ құзыреттілікті алатын оқыту жүйесі.

Жоба әдісінің негізгі мақсаты- педагогикалық процесте теорияның практикамен тығыз байланысын орнату үшін әртүрлі пәндер бойынша студенттердің кәсіби дайындығын біріктіру. Жоба тапсырмалары кәсіби қызметтің қандай да бір нысанасын жобалау мен құрудан тұрады. Студенттер жобалық тапсырманы әдебиеттерді, әдістемелік құралдарды, жабдықтарды, материалдарды қолдана отырып, педагогтермен кеңесіп орындайды. Жобалау әрекетінің нәтижесі оқу-шығармашылық жобалар болып табылады.

Жоба әдісі студенттердің болашақ мамандыққа қажет шығармашылық іс-әрекеттерін, қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Келесі әдістердің бірі кейс-әдісі немесе нақты жағдайлар әдісі белсенді проблемалық-ситуациялық талдау әдістеріне жатады және нақты міндеттер-жағдайларды (кейстерді) шешу арқылы оқытуға негізделеді.

Қазіргі уақытта кәсіптік білім беру практикасына кейс әдісін енгізу мәселесі өте өзекті болып табылады, бұл екі үрдіске байланысты:

- біріншісі білім беруді дамытудың жалпы бағытталуынан, оның кәсіби құзыреттілікті, ойлау қызметін қалыптастыруға, жеке адамның қабілеттерін дамытуға бағытталуынан туындайды;

- екіншісі маман даярлау сапасына қойылатын талаптардың дамуынан туындайды, ол әр түрлі жағдайларда оңтайлы мінез-құлық қабілетіне ие болуы, дағдарыс кезінде жүйелілік пен тиімділікпен ерекшеленуі керек.

Кейс әдісінің идеялары өте қарапайым:

1. Бұл әдіс қойылған сұрақтарға біржақты жауап берілмейтін, бірақ шындық дәрежесінде бәсекеге түсетін бірнеше жауаптары болатын пәндер бойынша білім алуға арналған.

2. Әдістің технологиясы келесідей: белгілі бір ережелерге сәйкес нақты өмірде болған жағдайдың моделі жасалып, студенттер алуы қажет білім мен практикалық дағдылардың кешені көрсетіледі; сонымен бірге педагог модератор рөлін атқарады, сұрақтар туғызады, жауаптарды бекітеді, пікірталасты қолдайды, бірлескен іс- әрекетті ұйымдастырады.

Кейс әдісі - бұл теориялық білімді практикалық мәселелерді шешуге қолдануға мүмкіндік беретін құрал. Әдіс студенттердің өзіндік ойлау, тыңдау қабілетін және альтернативті көзқарастарды ескеру, өзіндік дәлелді сөйлеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Осы әдісті қолдана отырып, студенттер аналитикалық және бағалау дағдыларын көрсетуге және жетілдіруге, топта жұмыс істеуге үйренуге және қойылған проблеманың ең ұтымды шешімін табуға мүмкіндік алады.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған іс-әрекеттік-құзыреттілік тәсілге сәйкес алынған әдістерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсек, студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Осындай тәсілдерді меңгергенде ғана тәжірибеге бағытталған оқытуды жүзеге асырып, жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті, рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Әдебиеттер:

1. Ваниева В.Ю. Практико-ориентированный подход к подготовке студентов – будущих логопедов к профессиональной деятельности // Интернет-журнал «Науковедение». – 2015. – Т. 7. – №5 (30)
2. Дмитренко, Т.А. Профессионально-ориентированные технологии в системе высшего педагогического образования как педагогическая проблема / Т.А. Дмитренко // Alma Mater. 2002. N7. - С.55-56.
3. Ялалов Ф. Г. Деятельностно-компетентностный подход к практико-ориентированному образованию // Интернет-журнал «Эйдос». – 2007. – 15 января. [Электронный ресурс]–Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/2007/0115>
4. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. – Алматы, 2015. – 180 бет
5. Бапаева М.К. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440 бет.

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ

ЖАРЫЛҒАСОВА П.Е.

*Педагогика және психология
мамандығының докторанты,
«Есенов университеті» КЕ АҚ*

КАБАКОВА М.Б.

аға оқытушы, «Есенов университеті» КЕ АҚ

АННОТАЦИЯ. В статье рассматривается взаимосвязанность профессиональной подготовленности учителя с его всесторонними знаниями, творчеством, профессиональным

самосознанием и мнения таких ученых как А.К. Маркова, П.Ф.Каптерев, А.Н. Леонтьев, Е.А. Климов и других, которые рассматривали данную проблему.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: профессиональная подготовка, творчество, компетентность развитие.

ABSTRACT. The article deals with the interconnectedness of professional training teachers with his in-depth knowledge, creativity, self-awareness and professional opinions of scholars such as A.K Markova, P.F Kapterev, A.N Leontiev, E.A Klimov and others who saw the problem.

KEYWORDS: professional training, creativity, competence, development

Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі жасалып жатқан реформалар болашақ педагогтарды дайындауды жақсарту мәселесіне жеткілікті түрде кеңінен назар аударуда.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзиретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс.

Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Педагогтың кәсіби дайындығы-оның жан-жақты білімімен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Педагог қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.

Әдебиеттерде педагогтың қызметі атқарушы сипатта болмауы керек деген ой қатты қалыптасып қалған. Алдымен, ол өз қызметінің мазмұнын шығармашылық сипатта қайта құрушы, болуы керек.

Шығармашылық мәселесін зерттеген көптеген ғалымдардың пікірінше (Д.Б. Богоявленская, В.Н. Дружинин В.А. Петровский, Я.А. Пономарев және т.б.) – шығармашылық дамудың ең әмбебап тәсілі болып табылады, оны қалыптан тыс жерлердің бәрінен іздеу керек делінген. Тіпті, осындай дамудың бірден бір көзі сыртқы себептер мен қажеттіліктер ғана емес, тұлғаның ішкі жан дүниесінің қажеттіліктері болуы керек. Кез келген шығармашылықтың, әсіресе педагог қызметіндегі шығармашылықтың қажетті шарттары, әлеуметтік ұғым, соқыр наныммен қалыптасатын шектеулерден тәуелсіз байқалатын ішкі еркіндік болуы тиіс.

Айтылғандардан ұғатынымыз, педагогтың кәсіби қызметіндегі шығармашылық, әр түрлі авторлармен бірнеше мәрте айтылып өткендей, мұғалімнің қалыпты жағдайдан тыс шарықтауына мүмкіндік береді. Оның қызметі бұрын соңды болмаған жаңа дүниенің пайда болуымен, өзінің және өзгелердің тәжірибелеріне қатысы жоқ шығармашылық қатынаспен сипатталуы керек.

А.К. Маркова педагогтың шығармашылық қызметін бағалауға болатын бірнеше белгілерді атайды. Бұл: ұқсастықтарды анықтап, тұжырымдай білу, бір қарағанда айқын нәрсеге күмән келтіру, атүсті тұжырымдардан қашқақтау, проблемаға бас сұға отырып, шынайылықтан қол үзе білу, болашаққа көз тігу, атаққұмарлыққа баратын жолдан бас тарту, таныс нысанға басқаша көзқараспен қарау, «қара мен ақ» деп бөлу мен қатаң пайымдардан бас тарту, үнемі шығармашылық ізденісте болу [1].

П.Ф.Каптеревтің айтуынша, шығармашылық, білім беру барысында оқушы мен мұғалімнің арасындағы оқыту ынтымақтастығын дамытуға қажет негіз болады. Шығармашыл мұғалім мен оқушыны «өзін өзі оқыту мен өзін өзі дамыту қажеттілігі» бірлестіріп, байланыстыруы тиіс. Ал негізі, бала мен ересек адам бір сызықтың бір біріне қарама қарсы екі ұшы секілді. [2, б. 83].

И.А. Зимняя, В.А. Кан-Калик, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова және басқалардың пікірлері бойынша педагогикалық қатынастың негізін, алдымен, мұғалімнің гуманистік ұстанымы, оның басқа адамға деген қызығушылығы, сондай-ақ, өз өзіне қатынасу қажеттілігі, содан кейін нақты құралдар мен қатынас құралдарын пайдалануы қаламақ.

Авторлар атап өткендей, педагог үшін ең маңыздысы, оңтайлы қатынас, «тәртіпке келтіру» басты мақсат болып табылатын жағдайда орын алмауы керек. Оқушылармен рухани құндылықтармен бөлісу, тыңдауды талап ету мен бұйрық беру қатынас стилін қойып, балалармен ортақ тіл табу. Бұл алдымен, сенім білдіру болып табылады. Бұл жерде авторлар, оңтайлы тілдесу деп, «ашық» педагогикалық тілдесуді атайды, яғни, мұғалім оқушылардың арасындағы қарым қатынасты жеңілдетеді, оқу кезіндегі олардың бастамаларын ынталандырады, пікір білдіруде жеке тұлғалылығын алға тартады, ойын ашық құрап, сыныпта орын алған жағдайға қатыстылығын сезіндіреді [3].

Педагогтің кәсіби құзіреттілігін қарастырған жағдайда, алдыңғы орынға педагогтың жеке тұлғасы шығады. Мысалы, алдымен, педагогтің тұлғасы – оның құндылықтары, ойлары, пайым-түйсіктері – педагогикалық қызметтің мәнін айқындайды .

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Педагогтің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы педагог өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық – педагогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады.

Сол кезде ғана педагогтің өзіне-өзі бағ баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады.

Білім-тоқтаусыз толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Ол арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші дамып, тұлғалығы қалыптасады. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Кімде кім оған қол жеткізгісі келсе әрекет етуі, күш салуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда кез келген білім-ол өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады. Мұғалім шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен

нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Кәсіби құзіретті еңбек деп мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы деп санаймыз. Кәсіби құзіреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады.

А.Н. Леонтьев болашақ педагог, қазіргі студенттің тұлғалылығын дамыту – бұл кәсіби білім, қабілет, тәсілдердің жиынтығы ғана емес деп атап өтті. Ең басты нәрсе осы болашақ кәсіпқойлардың тұлғалық мотивациялық саласын құруда жатыр. Мұғалім не үшін жұмыстанады? Қандай мақсаттар мен міндеттер қояды алдына? Ол мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай тәсілдер мен жолдарды таңдайды? Міне, педагогты дайындауда арнайы қаралатын түпкі мәселелер осындай болуы керек [4].

Педагогқа тұлға ретінде қойылатын талаптарды талдаған кезде, алдымен, болашақ мұғалімнің педагогикалық бағытындағы мінез-құлық маңыздылығы атап өтіледі. Яғни, жеке құндылықтары, дәйекетер, мақсаттары оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына жұмыстануы керек. Берік педагогикалық бағыт – бұл ең бастысы мұғалім болып қалыптасып, мұғалім болып қалу, өз жұмысындағы көптеген қиындықтарды жеңе білуге деген құштарлық.

Педагогті кәсіби дайындау міндеті кезінде педагогтың кәсіби сана сезімін құру түпкі міндеттердің бірі болып қалуы керек. Бұл ретте, мұғалімнің кәсіби дайындығы оқушыларға берілетін білім мен қабілетінің жиынтығы болмау қажеттілігі бірнеше рет қайталанатын. Е.А. Климов кәсіби сана сезім келесіден тұратындығын айтады:

- Мұғалімнің жеке қызметінің нормалар мен тәртіптерді және жалпы ерекшеліктерді сезінуі;
- Осы құндылықтардың басқаларда барлығын сезіну, басқа кәсіпқойлармен өзін салыстыру;
- Өзін кәсіпқой ретінде басқа қырдан қарау – оқушылар, әріптестер, басшылық көзқараспен қарау.
- Өз қызметі мен өз жеке тұлғалығын жекелеген тараптардан мұғалім ретінде бағалау;
- Өзіне педагог ретінде оң баға бере білу, өзінің дұрыс қырларына, болашағына, баға беру, орынды Мен-тұжырымын құру [5].

Осылайша, әдебиетті талдау көрсеткендей, авторлар педагогтың қызметі қандай болу керектігі туралы, өзара қатынастың қай түрі өнімді болатыны, кәсіби педагогтың қандай жеке тұлғалық сипаттары болу керектігі туралы кең түсінік беруге тырысып келеді.

Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ .

Әдебиеттер:

1. Маркова А.К. Психология труда учителя. – М.: Просвещение, 1993.
2. Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии. – М.: Просвещение, 1972. – 255 с.
3. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении: Кн. для учителя. - М.: Просвещение, 1987. - 190 с.
4. Леонтьев А.Н. Современные проблемы обучения и психического развития // Психология в вузе. – 2003. - № 1-2. – С. 232-241.

5. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – Ростов-на-Дону: «Феникс», 1996. – 509с.
6. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары – К.С.Құдайбергенова . Алматы 2007

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ӨЗГЕШІЛІКТЕРІ

ИМАШ Г.М.

магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

АННОТАЦИЯ: В статье описаны психологические особенности подросткового возраста с нарушением слуха. Система речевого мышления играет важную роль в социальной адаптации подростков. Подростковый возраст - время противоречий в жизни человека. Психологические особенности детей в это время являются одним из важнейших проявлений их интеграции в общество. Зная специфику психологического процесса, мы можем организовать оптимальные действия в адаптивной системе.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: подросток с нарушением слуха, когнитивный процесс, депрессия, ипохондрические реакции.

ABSTRACT: The article describes the psychological characteristics of adolescence with hearing impairment. The verbal thinking system plays an important role in the social adaptation of adolescents. Adolescence is a time of contradictions in human life. The psychological characteristics of children at this time are one of the most important manifestations of their integration into society. Knowing the specifics of the psychological process, we can organize optimal actions in the adaptive system.

KEYWORDS: teenager with hearing impairment, cognitive process, depression, hypochondriacal reactions.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі ұрпағының мәдени байлығының, олардың алған біліміне біліктілігіне ойлау қабілетімен сөйлеу тілінің дамуы маңызды орын алады. Жасөспірімдік жаста адам баласы әр түрлі әлеуметтік және сол жас қарауындағы аралық шектеулік жағдайда болады. Бұл кезең оның жүйке жүйесінің дамуында қандай да бір із қалдырады және жасөспірім қарым қатынасқа түсу кезінде байланыссыздық, мән бермеушілік және өзіміз болып көрінуі мүмкін. Жасөспірім жаста балалар тез қозып шамдану, көңіл күйдің тез өзгеруі, және де көңіл күймен мінез құлқындағы өзгерістерді ұстай білетін қарама - қайшы кезең. Жасөспірім кезеңде құрбы-құрдастармен, сонымен қатар өзінің үлкендермен қарым-қатынасқа түсудің оңтайлы жолын іздестіреді. Қазіргі қоғамда соңғы кезеңде орын алып отырған өзгерістер баланың қоршаған ортаға, бөтен адамдарға және өз-өзіне деген қарым қатынас жүйесіне бірнеше өзгешіліктер алып келеді. Жасөспірімнің қоршаған ортамен қарым қатынасын ізгелендірудің, оның басқа жандармен үйлесімді қарым-қатынасын маңызды шарттарының бірі болып келеді. Соның ішінде есту қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық дамуындағы өзгешіліктерді ескеру қажет. Есту қабілеті зақымдалған жасөспірімнің психологиялық дамуының өзгешілігін білген жағдайда, олардың қоғамға бейімдеу кезінде айтарлықтай септігін тигізеді. Есту тұлғааралық қатынастың ерекше құралы болып табылады. Естудің сапасы әлеуметтік даму мен әлеуметтік бейімделудің дамуына маңызды орын алады. Жасөспірімдер арасында есту қабілетінің бұзылуы қазіргі кезде мәліметтерге сүйенетін болсақ 5%-дан 15%-ға дейін артқан және жыл сайын өсіп келуде. [1] Баланың коммуникативті дағдылары маңызды болғандықтан, есту қабілетін сақтау күн өткен сайын маңызды мәселеге айналуға мұқият. Есту қабілеті зақымдалған жасөспірімдерді Тарасова Д.И., Наседкин А.Н., Лебедев В.П. және т.б. ғалымдар зерттеген. Есту қабілеті зақымдалған балалардың қарым-қатынасқа психологиялық дайындығының маңызды көрсеткіштерінің бірі

- баланың есту қабілеті мен сөйлеу тілінің даму деңгейі, өйткені есту мен сөйлеу ақпаратты қабылдау мен өңдеу құралы ғана емес, сонымен қатар ойлау процесін жақсарту құралы болып табылады. Баланың сөйлеуі неғұрлым бай және дұрыс болса, соғұрлым оның физиологиялық және фонематикалық есту қабілеті дамиды, оның коммуникативті әрекетінің мүмкіндіктері кеңейеді.

Есту қабілеті зақымдалуы дегеніміз баланың қоршаған ортадағы дыбыстарды ішінара немесе толықтай қабылдау қабілетінің төмендеуі. Дыбыстарды қабылдау және түсіну қабілетінің шамалы төмендеуін есту қабілетінің нашарлауы десек, ал есту қабілетінің толық жоғалуын керендік деп атайды. Баланың психологиялық даму деңгейі педагогтардың, ата-аналар мен балалардың тәрбиелік өзара іс-қимылының тиімділігінде орын табады. Есту қабілеті зақымдалған жасөспірімдер ерте жасөспірімдер және ересек жасөспірімдер деп ерекшелінеді. Жасөспірімдердің жеке тұлғалық қалыптасуына әлеуметтік факторлар жетекші орын алады, сонымен қатар қосымша биологиялық факторлардың да әсері көрінеді. Жасөспірімнің есту қабілетінің төмендеуі баланың маңызды ақпарат көздерінен шектейді және сол арқылы оның психологиялық даму процесін бөгеттейді. Есту қабілеті зақымдалған балалар бұзылыстың уақытына, деңгейіне, ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топтарға бөлінеді. Медициналық топтастыру есту қабілетінің профилактикалық ауруларын емдеуге қолданылса, педагогикалық классификация есту қабілеті зақымдалған балаларды дифференсациялық қолдауда оқыту мен түзету көмек көрсету құралы болып табылады. Осыған сүйене отырып, баланың өзіне айтылғанды түсінбей, көп дыбыстарды естімейтіндігіне немесе олардың бұрмаланып еститіні қатты психологиялық реакциялар тудыруы мүмкін. Бұл кейде баланың қоршаған ортадағы кез келген коммуникативті дамудан толық бас тартуына әкелуі мүмкін, және психологиялық ауруға серпін береді. [2]

Есту қабілеті зақымдалған баланың жеке басының мінез құлқына келетін болсақ, олар биологиялық тұрғыдан анықталмаған және тиісті жағдайлар жасалған кезде оларды барынша түзетуге болады. Әдетте дамып келе жатқан бала қоршаған әлем туралы білімнің едәуір бөлігін есту сезімдері мен қабылдаулары арқылы алады. Естімейтін бала бұл мүмкіндіктен айырылады немесе олар өте шектеулі. Бұл таным процесін қиындатады және басқа сезімдер мен түсініктердің қалыптасуына әсер етеді. Есту қабілетінің бұзылуына байланысты көру қабілеті ерекше орын алады, соның негізінде есту қабілеті зақымдалған баланың сөйлеуі дамиды. Моторлы және тактильді сезімдер арқылы қоршаған әлемді тану процесінде өте маңызды болады. Зерттеулер бойынша Г.В. Розанова саңырау және нашар еститін балаларды есте сақтаудың бірқатар ерекшеліктерге ие. Қалыпты есту қабілеті бар балаларға қарағанда есту қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің танымдық процесінде айқындықтың жоғалуы, қабылдаудың артта қалуы және кеңістіктегі объектінің жеке бөлшектерінің қозғалысын бақылаудағы қиындықтар туындайды деп жазған. [3] Мамандар есту қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ауызша есте сақтау қиындықтарын олардың сөйлеу тілінің дамуымен тікелей байланысты екенін айтып өтеді. Есту қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің өмірінде қиял ерекше орын алады. Қиялдың дамуына баланың әлеуметтік тәжірибені сіңіру қабілетінің шектеулілігі, қоршаған әлем туралы идеялар қорының кедейлігі және ауызша суреттеуде қиындықтар туғызады. Естімейтін және нашар еститін балалардың шығармашылық қиялын зерттеуде бірқатар ерекшеліктердің бар екенін көрсетеді. Осы жаста балалар өзінің физикалық ерекшеліктеріне ерекше назар аудару, басқалардың пікіріне деген реакция күшейеді. Өзін-өзі бағалау және өкпелеумен реніш көп байқалады. Оның себептері балалық шақпен салыстырғанда физикалық бұзылыстарға назар аударуы, жасөспірімнің әлеуметтік ортасындағы рөліне де байланысты. [4]

Есту қабілеті бұзылған жасөспірімдерде таным мен басқа да психикалық қасиеттердің дамуы, ең алдымен бұзылыстың теңгерімсіздігін, ерте дамумен және оның кешеуілдеуімен байланысты. Бұл жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының төмендігінде, өзіне деген сенімділіктің болмауында, қарым-қатынастың шектелуінде және өзін-өзі бағалау сезімін төмендеуі байқалады. Х. Ремшидттің айтуы бойынша балалар өзін басқа құрдастарымен салыстыра бастайды, оның себебі өзгешіліктің айқын көрінбеуінде. Бұл балаларды

алаңдаушылыққа, депрессияға және созылмалы невроздарға әкеліп соғуы мүмкін. Жасөспірім кезіндегі қиындықтар қозғыштықтың жоғарлауымен, гипохондриалық реакциялармен, аффективтілікпен және өкпелеуге деген үстемдікті көрсетеді депті. Егер бұл ерекшеліктер ескерілмесе, онда жасөспірімдер адамгершілік дамуы мен мінез құлқында тұрақты ауытқулар жасай алады. Жасөспірім өтпелі жас, өтпелі кезең болғандықтан балалық шақтан ересек жасқа дейінгі кезеңдерде эмоционалды танымдық сфераның қалыптасуына кері әсер ететін көптеген қақтығыстар туындайды. Соның салдарынан отбасында жаңа өзгерістерге байланысты қақтығыстар саны арта түседі. [5]

Танымдық қызығушылықтарды дамыту, объективті белсенділікті қалыптастыру нашар еститін балалардың сенсорлық дамуына ықпал етеді. Алайда сөйлеу қабілеті бұзылған және коммуникация құралдары, объективті және ойын белсенділігінің артта қалуы оқытылмаған және нашар еститін балалардың сенсорлық дамуының ерекшелігіне және кешігуіне әкеледі. Біртұтас бейненің баяулап қалыптасуы қалыпты түрде еститін балалармен салыстырғанда саңырау балаларда сурет салудың пайда болуына себеп болады. Сенсорлық дамудың ерекшеліктері объектілердің қасиеттері мен байланыстарын анықтаудағы қиындықтар түрінде және қызметтің басқа түрлерінде кездеседі. [5]

Дамуында ауытқуы бар балаларды адамзат қауымдастығына енгізу бүкіл түзету көмек жүйесінің басты міндеті болып табылады. Есту қабілеті зақымдалған жасөспірімдерді әлеуметтенудің ең тиімді жолы есту сөйлеу ортасын құру деп есептеледі. Дәл осы жағдай жасөспірімдердің танымдық іс әрекетінің қалыптасуын қамтамасыз етеді, және оларды толыққанды әлеуметтену үдерісіне қосады. Бұл ортаны құруға ең алдымен баламен үнемі қарым-қатынаста болатын мұғалімдер мен білім беру мекемесінің басқа қызметкерлері, ата-аналар және басқа ересектер қатысады.

Әдебиеттер:

1. Основы обучения и воспитания аномальных детей / Под ред. А.И. Дьячкова. – М., 2005.
2. Соловьев И.М. Вопросы психологии глухонемого ребенка // Психологическая наука. – М., 2000. –Т.2.
3. Специальная психология: Учеб. пособие / Под ред. В.И. Лубовского. – М.: Академия, 2005.
4. Усанова О.Н. Специальная психология. – СПб.: Питер, 2006.
5. Гадельшина Т.Г., Ерёмина Ю.А. Специфика распознавания эмоций детьми с нарушением слуха // Вестн. Томского гос. пед. ун-та (Tomsk State Pedagogical University Bulletin). 2013. Вып. 6. С. 103–107.

АРНАЙЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ИСАБАЕВА З.М.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Льяс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

АЗАНБЕКОВА Г.Т.

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Льяс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются особенности личного развития учащихся специальной школы. Значительные отклонения возникают не только в познавательной деятельности, но и в индивидуальных проявлениях учащихся с ограниченными интеллектуальными возможностями. Индивид - это результат исторического развития

общества, который формируется в различных взаимодействиях с окружающей средой. Поскольку взаимодействие ребенка с психическим расстройством с окружающей средой изменяется из-за интеллектуальных трудностей, его личность формируется в особых ситуациях, которые возникают в разных аспектах.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Сложные эмоции социальной и моральной природы, мотивационные потребности, межличностные отношения.

ABSTRACT. The article examines the features of the personal development of students in special schools. Significant deviations occur not only in cognitive activity, but also in the individual manifestations of students with intellectual disabilities. The individual is the result of the historical development of society, which is formed in various interactions with the environment. As the interaction of a child with a mental disorder with the environment changes due to intellectual difficulties, his personality is formed in special situations that occur in different aspects.

KEYWORDS: Complex emotions of a social and moral nature, motivational needs, interpersonal relationships.

Маңызды ауытқулар танымдық іс-әрекетте ғана емес, сонымен бірге зерде бұзылыстары бар оқушылардың жеке көріністерінде де орын алады. Жеке тұлға – бұл қоршаған ортамен әр түрлі өзара әрекеттесу кезінде қалыптасатын қоғамның тарихи дамуының нәтижесі. Зерде бұзылыстары бар баланың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі зияткерлік қиындықтарға байланысты өзгергендіктен, оның жеке басы әртүрлі аспектілерде кездесетін ерекше жағдайларда қалыптасады.

Эмоционалды-ерікті саласы.

Әр түрлі психикалық тұлғалық қасиеттердің жиынтығында ерік-жігерге маңызды орын беріледі. Ерік – бұл адамның туындаған кедергілерді жеңе отырып, саналы түрде қойылған мақсатқа қарай әрекет ету қабілеті. Көбінесе ерікті әрекет көп бағытты тенденциялармен күресуді қамтиды. Сонымен қатар, болашақ жағдайлардың ақыл-ой құрылысы, ішкі жоспардың белсенділігі шешуші рөл атқарады, ол мотивтердің күресі мен ерікті әрекеттің пайдасына шешім қабылдау нәтижесін анықтайды.

Ойлаудың күрт бұзылуымен сипатталатын зерде бұзылыстары бар балаларға ерікті процестер айтарлықтай әсер етеді. Бұл мүмкіндік өткен ғасырда арнайы педагогтардың назарын аударды және ерекше білім алуды қажет ететін балалардың осы санатына тән белгілердің сипаттамасына, қатарына қосылды.

Айта кету керек, ерікті процестердің әлсіз дамуы бастауыш сынып оқушыларына тән белгі. Бұл балалар өте енжар, өз іс-әрекеттерін қалай басқаруды болатынын білмейді, оны жеке мақсатына бағындырады, әрқашан белгілі бір жұмыс барысында туындайтын кішігірім кедергілерді жеңуге күш жұмсай алмайды. Оқушылар сыртқы әсерлерге, әрекеттерге, басқа адамның еркіне қарсы тұра алмауына тікелей импульсивті реакциялармен сипатталады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда кейбір балалар өз міндеттерін шешуде айтарлықтай табандылық пен белсенділікті көрсетеді, тіпті қарапайым алдау мен амалдарға жүгінеді, негізінен күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты қажетті нәтижеге қол жеткізуге тырысады.

Оқушылар есейген сайын ерік-жігердің белгілі бір дамуы байқалады. Атап айтатын жайт, бірқатар түлектер тұрмыстық, тәжірибелік мәселелерді шешуде ерік-жігерін барынша көрсететіні анықталған.

Ерік мәселесі эмоциялар проблемасымен тікелей байланысты. Эмоциялар құбылыстар мен жағдайлардың мағынасын тікелей тәжірибе түрінде көрсетеді – ләззат, қуаныш, ашу, қорқыныш және т.б. Біздің басқа адамдарға деген көзқарасымыз эмоцияларға, сондай-ақ өз іс-әрекеттерімізді бағалауға, ойлау белсенділігінің дәрежесіне, моториканың ерекшеліктеріне, қозғалыстарға байланысты. Кейбір жағдайларда эмоциялар адамды іс-әрекетке итермелеуі мүмкін, ал басқаларында мақсаттарға жетуге кедергі келтіруі мүмкін.

Эмоцияның қалыптасуы адамның жеке басының қалыптасуының маңызды шарттарының бірі болып табылады. Эмоционалды саланың дамуына отбасы, баланы қоршап

тұрған және оған үнемі әсер ететін бүкіл өмір, әсіресе мектепте оқыту ықпал етеді. Эмоциялар ақылмен тікелей байланысты. Л.С. Выготский атап өткендей, ойлау мен әсер ету біртұтас адам санасының әр түрлі жақтарын білдіреді, ал баланың дамуы интеллект пен әсердің арақатынасында болатын өзгерістерге негізделген.

Зерде бұзылыстары бар оқушылардың эмоционалды саласының дамуы көбінесе сыртқы жағдайлармен анықталады, олардың ішіндегі ең бастысы – арнайы оқыту және бүкіл өмірді дұрыс ұйымдастыру. Мұндай балаларға тән зұлымдықтың, реніштің, қуаныштың және т.б. импульсивті көріністерін баланы мақсатты тәрбиелеу арқылы біртіндеп түзетуге болады, бұл олардың іс-әрекеттерін түсінуге ықпал етеді, әлеуметтік бейімделуге қажетті күнделікті өмірде жағымды әдеттер мен дұрыс мінез-құлықты қалыптастыруға көмектеседі.

Балалардың эмоцияларының көрінісі әртүрлі клиникалық топтарға жататындығына байланысты. Мәселен, бір оқушы сылбыр, өзгелерге тежелгіш эмоционалды реакциялар тән. Балалар оларға әсер ететін ынталандыруларға бей-жай қарамайды. Басқа оқушылардың реакциясы шектен тыс қызу, өз күшіне сәйкес келмейтін, оларды туғызған себептер бойынша, бірқатар жағдайда адекватты емес. Бұл балаларда эмоционалды саланың өрескел бұзылуы байқалмайды, дегенмен кейбір жағдайларда ауытқулар және әрдайым түсіндіріле бермейтін әрекеттер кездеседі. Алайда, кез-келген клиникалық топқа жататын барлық зерде бұзылыстары бар оқушылар эмоционалды бұзылыспен, сезімнің жеткіліксіз саралануымен және тұрақсыздығымен, тәжірибе ауқымының шектеулігімен, қуаныш, қайғы, көңілділіктің экстремалды сипатымен сипатталады.

Зерде бұзылыстары бар оқушыларға, әсіресе бастауыш сынып жасындағы оқушыларға суреттерде бейнеленген кейіпкерлердің мимикасы мен мәнерлілігін түсіну қиын. Көбінесе балалар бұрмаланған түсініктер береді, күрделі және жеңіл тәжірибелер қарапайым болады. Бұл құбылыс белгілі бір дәрежеде сөздік қордың аздығымен байланысты, бірақ онымен ғана емес. Сұрақ түрінде ұсынылған ересек адамның көмегі әрдайым тиімді бола бермейді. Дауыстың интонациялық сипаттамаларына сәйкес эмоционалды күйлерді қабылдау мен түсінудің ерекшеліктері сезімдердің жетілмегендігімен және адамның экспрессивті сипаттамаларын ұйымдастыру мен түсіндірудің жеткіліксіздігімен байланысты.

Әлеуметтік моральдық сипаттағы күрделі эмоциялар, сезім реңктері арнайы мектептің көптеген түлектеріне қол жетімді емес.

Мінез – құлқындағы қиындықтары бар зерде бұзылыстары бар жасөспірімдердің эмоционалды саласын зерттеу мұндай жағдайлардың басты себебі көбінесе нәрестелікпен, қолайсыз ортамен және басқа жағдайлармен қиындайтын өзін-өзі сезінудің ауыр тәжірибесі екенін көрсетті. Оқушылар өздерінің эмоцияларын нашар басқарады және көбінесе оны түзетуге тырыспайды.

Түлектердің көпшілігі әлеуметтік тұрғыдан сәтті бейімделетіні белгілі. Олар мұқият жұмыс істейді, отбасыларда тұрады, жақындарына қамқорлық жасайды, күш-жігеріне қарай көмектеседі, өздерінің табыстары мен сәтсіздіктеріне дұрыс қарайды, эмпатияға қабілетті. Жасөспірімдер, өте терең және анық емес, дегенмен олардың сезімдері мен айналасындағы адамдардың сезімдерін түсінеді, белгілі бір дәрежеде өздерінің ішкі тәжірибелерін реттейді, белгілі бір қатынастар мен байланыстар орнатады, негізінен ұжымда дұрыс әрекет етеді. Бұл дегеніміз, мектеп кезінде зерде бұзылыстары бар балалардың эмоционалды дамуында үлкен оң өзгерістер орын алады.

Мотивациялық қажеттілік саласы.

«Мотивтер» термині әдетте адамды іс-әрекетке және әртүрлі қызметке итермелейтін барлық нәрсені білдіреді.

Зерде бұзылыстары бар балалар үшін, әсіресе төменгі сыныптарда, мотивациялық қажеттілік саласының жетілмегендігі, белсенділікке шақырулардың ауырлығы мен қысқа мерзімділігі, әлеуметтік қажеттіліктердің болмауы тән. Бұл, атап айтқанда, ұсынылған тақырыптағы балалардың берілген тақырыпты әңгімелеуінде аз сөйлеуінде байқалады. Мұғалім қойған міндет мектеп оқушыларында белгілі бір іс-әрекет мотивін тудырады. Бірақ, бұл мотиві тез таусылады, бұл баяндауды тоқтатуға әкеледі.

Алайда, әдебиеттерде аффективті түрде боялған мысалдар бар, бірақ іс-әрекеттің жеткіліксіз саналы мотивтерін зерде бұзылыстары бар оқушылар ұзақ уақыт бойы сақтап, жүзеге асыра алады. Сонымен, оқушы бірнеше сағат бойы отырып, моншақтарды тізді, осы монотонды сабақтан көрінетін ләззат алды. Мүмкін, зерде бұзылыстары бар балаларға тән жоғары жүйке қызметінің инерттілігі мен белсенді емес процестеріне байланысты мотив таусылмаған.

Жоғары сынып оқушыларында іс-әрекеттің мотивтері, әсіресе практикалық, айтарлықтай тұрақтылықпен сипатталады. Орындалған жұмыстың әлеуметтік маңыздылығын түсіну – бұл зерде бұзылыстары бар оқушыларды белсенді әрекетке итермелейтін өте маңызды мотив.

Тұлғааралық қатынастар.

Зерде бұзылыстары бар баланың жеке басының қалыптасуы оның әлеуметтік мәртебесінің дұрыс қалыптасуымен, өзін-өзі бағалауымен және талаптардың деңгейімен тікелей байланысты. Баланың басқалармен қарым-қатынасы, өз қызметі, сондай-ақ биологиялық ерекшеліктері маңызды рөл атқарады.

Арнайы мектеп оқушыларының тұлғааралық қатынастар жүйесі олардың бір-біріне қатынасын қамтиды, оларды мұғалімдер сынып, топ жағдайында арнайы ұйымдастырады. Зерде бұзылыстары бар балалар басқалармен қарым-қатынаста айтарлықтай қиындықтарға тап болады, өйткені олардың басқа адамдардың эмоционалды жағдайларын түсіну қабілеті төмен болады. Олар өздерінен гөрі басқа адамдардың іс-әрекеттеріне сыни көзқараспен қарайды, бірақ олар өздерінің алаңдаушылықтарын, қорқыныштарын, реніштерін дөрекі, агрессивті түрде білдіреді.

Кіші сынып оқушылары әдетте бұл қатынастарды ажыратпайды, сонымен қатар ұжымдағы орнын түсінбейді. Осы кезеңде балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасын қалыптастыруда ересектердің бағалауы, сондай-ақ бір немесе басқа балаға тән ситуациялық факторлар мен жеке тұлғалық белгілер үлкен рөл атқарады.

Орта және жоғары сынып оқушыларында іскерлік және жеке қатынастар айқын бөлінеді және әрқашан бірдей деңгейде бола бермейді. Ұжымдағы оқушының танымалдығы оның белсенділігімен, тәуелсіздігімен, физикалық күшімен, еңбек қабілеттерімен және дағдыларымен анықталады. Әдетте моральдық тәртіптің өлшемдері оқушының жалпы пәндер бойынша жетістіктеріне қарағанда анағұрлым маңызды.

Баланың жеке басының қалыптасуы оның өзін-өзі дұрыс тануының қалыптасуымен, өзін-өзі бағалауымен және талаптардың деңгейімен тікелей байланысты. Өзін-өзі бағалау үшін кіші сынып оқушыларына барабар болу тән; атап айтқанда, олар қоршаған ортаның өздеріне деген қарым-қатынасын түсінбейді. Тек жеке балалар рефлексиялық талдау жасау қабілетін көрсетеді, олардың пайымдауларында өздерін және басқаларды сыни тұрғыдан бағалау, жеке қасиеттерге, өздерінің және басқалардың іс-әрекеттеріне деген көзқарастарын атап өту ниеті болады. Сонымен қатар, қарым-қатынаста олар көбінесе ересектердің пікіріне сүйенеді, бұл осы жастағы қалыпты дамып келе жатқан жасөспірімдерге тән емес.

Оқудың жоғары сыныптарында оқушылардың санасының елеулі ілгерілеуі, мүмкіндіктерін арттыру рефлексиялық талдау мүмкіндіктерінің артуы байқалады. Олар өздерін, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, оқудағы жетістіктерін дұрыс бағалайды, өз пікірлерін растау үшін белгілі бір өзін-өзі сынға ұшырататын нақты, жиі жеткілікті мысалдар келтіреді. Оқушылардың өздерінің ақыл-парасатын бағалауда тәуелсіздігі аз болады. Әдетте, олар оны мектептегі жетістіктермен анықтайды. Қарым-қатынаста жасөспірімдер, кіші мектеп оқушылары сияқты, құрдастарына қарағанда ересектерге көбірек көңіл бөледі, бұл олардың белгілі бір жетілмегендігін көрсетеді. Дегенмен, олар белгілі бір жағдайды өз бетінше шешуге ниет білдіреді. Ересек жастағы жасөспірімдер айналасындағылардың оларды қалай бағалайтынын жеткілікті түрде елестете алады.

Арнайы мектептің кіші және орта сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейі көбінесе жеткіліксіз. Көптеген балалар өздерінің мүмкіндіктерін асыра бағалайды. Олар білімді, дағдыларды және біліктерді жақсы меңгергендеріне, әртүрлі, кейде өте күрделі

тапсырмаларға қол жеткізе алатынына сенімді. Сонымен, олар өздерінің қолөнеріне тек үлгіге ұқсағандығына риза болады. Оқушылар жіберілген қателіктерді байқамайды және жоғары бағаға үміткер болады. Болашаққа деген жоспарлары туралы айта отырып, балалар бұл мамандықтар олар үшін қол жетімді екендігіне күмәнданбай, ұшқыш, дәрігер, психолог, мұғалім болғысы келеді.

Көптеген тұлғалардың талап ету деңгейі реализмге ие болады. Олар үшін еңбек қызметінің маңыздылығы, белгілі бір мамандықтың элементтерін игерудегі жетістіктер күрт артады. Олар жұмыс істегісі келеді, лайықты өмір сүргісі келеді, еңбек қызметі мен тұрмыста дербес болғысы келеді.

Әдебиеттер:

1. Основы специальной психологии: учеб. пособие / под ред. Л. В. Кузнецовой. М.: Академия, 2003.
2. Петрова В. Г., Белякова И. В. Психология умственно отсталых школьников. М.: Академия, 2002.
3. Мастюкова Е.М., Московкина А. Г. генетика негіздері: түзету педагогикасы мен психологиясының клиникалық генетикалық негіздері / ред. В. И. Селиверстова. М.: Владос, 2005.
4. Мозговой В.М., Яковлева И.М., Еремина А.А. Основы олигофренопедагогика. М.: Академия, 2006.
5. Обучение детей с нарушениями интеллектуального развития (олигофренопедагогика) / под ред. Б. П. Пузанова. М.: Академия, 2006.
6. Шалимов В. Ф. Зияткерлік бұзылулар клиникасы: оқу. жәрдемақы. М.: Академия, 2003.

ТҮЛҒАНЫ КӘСІБИ БАҒЫТТАУДА ШЕТЕЛ ТІЛІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

ИСАБЕКОВА Г.М.

*Алматы облысы қызмет көрсету және
тамақтандыру саласындағы
инновациялық технологиялар колледжі*

АННОТАЦИЯ: В статье рассматривается, что изучение иностранных языков является важнейшей потребностью сегодня, позволяющей подрастающему поколению свободно летать в образовательном пространстве, познавать тайны мировой науки и проявлять свои способности.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: английский язык, коммуникативные навыки, словарный запас, фонетика, грамматика.

ABSTRACT: The article is considered that the study of foreign languages is the most important need today, allowing the younger generation to fly freely in the educational space, learn the secrets of world science and show their abilities.

KEY WORDS: English, communication skills, vocabulary, phonetics, grammar.

Білім беру мақсаттарында шет тілін меңгеру қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени тұрғысынан ұтымды факторы болып табылады. Бүгінгі таңда студенттердің оқу талаптарының өсуімен, осыған орай шет тілін оқытуда кәсіби бағдар принципі ерекше мәнге ие. Педагогикалық зерттеулер жүргізу барысында ағылшын тілін оқытуда инновациялық процестердің ролі зор екенін көрсетті.

Білім беру мазмұнын жаңарту - сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында белгіленген «орта білім жүйесінде

жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек; мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деген болатын.

Елбасымыздың міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі зор. Қазіргі кезде шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Яғни әрбір студент өз мамандығына байланысты шет тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алады. Сонымен қатар шет мемлекеттерге шығып, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндігі зор.

Қандай мамандық болмасын мәселен, халықаралық байланыстар, компьютерлік желілер немесе журналистика салалары т.б., мамандықтарға кәсіби деңгейін дамытуына, шетелдік қарым-қатынас үлкен мүмкіндік береді. Кез-келген маман, шет тілін толық меңгеруімен ұлан ғайыр жетістіктерге қол жеткізу әбден мүмкін. Сондықтан шет тілін толық меңгерген маман қажеттілігі артуда.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі болса, ағылшын тілі - халықаралық тіл. Білім алушылар ана тілінің негізінде ағылшын тілін үйрету, оларды өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс баяндай білуге дағдыландыру, ағылшын тілінде жазылған шығармалардың тіл байлығын білу тәрізді іскерлік дағдыларын қалыптастыру, адамзаттың ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетімен, білімімен қаруландыру сөйтіп, егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін, тарихи құндылықтарын, ізгі тағылымдарын шет тілі арқылы дамыту пән мұғалімдерінің басты мақсаты болуы керек. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, білім беретін жерін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған, жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Кәсіби-бағытталған шет тілін оқыту - дегеніміз студенттерге шет тілін өз мамандықтарына қатысты тақырыптармен байланыстыра отырып үйретіп, шет тілінде сөйлеу қатынастарын, сөйлеу контекстерде грамматикалық, лексикалық және құрылымдықты қолданып оқыту. Яғни, кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда білім беру мазмұнын мұқият іріктеу талап етіледі. Оқу материалдары оларға кәсіби өсу мүмкіндігін беруге қатысты тақырыптармен бағытталуы қажет.

Шетел тілін оқытып, үйрету мақсаты – студенттердің қарым – қатынас жасай алуға түсе алатын қабілеттерінің негізін қалау болып табылады. Сондықтан тілді оқытудың негізгі міндеттерінің бірі – білім алушылардың коммуникативтік дағдысын дамыту, яғни қарым-қатынас жасау шеберлігін қалыптастыру.

Қазіргі таңда мектептерде шет тілін 1-сыныптан, тіпті балабақшадан бастап оқыту енгізілуде. Себебі, ағылшын тіліне ерте жастан оқытудың тілді жақсы әрі еркін меңгеруге тигізер әсері мол. Негізі балаға жастайынан тіл үйретудің артықшылықтары көп. Сәби санасының қабылдауы жылдам болғандықтан, тілді еркін меңгеруіне септігін тигізеді.

Студенттер шет тілін қатынас құралы ретінде меңгеріп және оны ауызша және жазбаша сөйлеуде қолдана білуі керек. Тілді оқыту қызметінің төрт түрін, атап айтқанда: рецептивтік - тыңдау және оқу, продуктивтік - айту және хат жазу, сондай-ақ, осылармен байланысты тілдің үш түрлі аспектілері: лексика, фонетика, грамматиканы меңгеру мәселелерін қарастырамыз. Тілді тиімді пайдаланып, сөйлесуде тілдің әр түрлі бөлімдерін (грамматикалық, лексика және т.б.) білулерімен қатар олардың мағынасы мен функционалды қолдану яғни сөйлеу қарым- қатынасында қандай жағдайларда дұрыс қолдануы аса қажет. Грамматикалық білімі сөйлемдердің мағынасын бұзбай жазбаша және ауызша кәсіби сөйлеу қарым-қатынасында қамтамасыз етеді. Шет тілін лингвистикалық емес ұйымдарда оқытудың негізгі міндеттерінің бірі - шет тілін түсінуді үйрету.

Кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда мәтіндерді оқуды үйретуде негізінен студенттер мамандығы бойынша мәтіндерді тақырыптық бағдарламамен, сондай-ақ студенттердің өз

мамандығын оқып- үйрену барысында алынған ақпараттарды пайдалану саласының кеңеюімен сипатталады. Шет тілін меңгерудегі оқу тәжірибелік аспект тілдесудің барлық формаларын және тілдің барлық функцияларын, яғни жеке тұлғалар арасындағы өзара тілдесудің қажеттілігін, адам баласының рухани әлемін байытуын, өз пікірін қорғауын, отандық мәдениетті насихаттауын, халықтар арасындағы достығын, экономикалық және саяси дамуын меңгеруді ұйғарады.

Шетел тілінде білім алушылар дұрыс қарым – қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс. Тыңдап түсіну – сөйлеудің серігі, сөйлеу экспрессивті формаға жатса, тыңдау импрессивті формаға жатады. Ауызша айтылған сөзді қабылдау мен түсіну өте күрделі психикалық әрекет. Тыңдап түсіну қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік еске, қабылдауға, логикаға, санаға, ажырату және таным механизмдеріне, салыстыруға, жинақтауға байланысты. Тыңдап түсіну барысында оқушылардың санасында фонетикалық және интонациялық есту қабілетін қалыптастыру керек, себебі бұл күрделі процесс болғандықтан жалпыға ортақ қиындықтарды және арнайы қиындықтарды ескеру қажет.

Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.

Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады.

Ерекші білімді қажет ететін оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Кәсіптік бағдар беру жүйесінің құрамды бөліктеріне (компоненттерге), кәсіптік ақпарат, кәсіптік ағарту жұмысы, кәсіптік ақыл-кеңес және кәсіптік іріктеу (профотбор), кәсіптік бейімделу жатады. Кәсіптік ақпарат — орта мектептегі кәсіптік бағдар берудің ең негізгі нысандарының бірі. Кәсіптік ақпарат арқылы оқушылар әр түрлі мамандықтардың маңызы мен мәні туралы түсініктер алады. Мамандық бойынша адамға қойылатын талаптармен таныстырылады. Мамандықтың ерекшелігі, оның қоғамда алатын орны туралы түсініктер беріледі.

Кәсіптік бағдарлау-бұл мемлекеттік іс-шаралар жүйесі. Ол кадрларды ұтымды пайдалануға, оларды оңтайлы орналастыруға байланысты мәселелерді шешуге арналған. Кәсіптік бағдарлау дербес пән болып табылмайтындықтан, ол экономика, психология, педагогика, медицинадан алынған деректерді пайдаланады.

Кәсіптік бағдарлаудың тиімділігі:

- а) мамандық таңдаудағы тұлғаның мотивациялық саласын ескеру (мүдделер, ұмтылыстар, көзқарастар және т. б.);
- б) адамның қабілеттерін және басқа да жеке сипаттамаларын талдау;
- в) қоғамның тарихи дамуының әрбір кезеңіндегі белгілі бір бейіндегі мамандарға өндіріс қажеттіліктерінің рейтингімен айқындалады.

Мамандықты таңдаудың барабарлығы адамның өзінің қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес келетін мамандықты таңдау қажеттілігін түсінген кезде ғана қол жеткізіледі.

Осылайша, біз кәсіптік бағдар беру процесі оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруға бағытталған деп қорытынды жасай аламыз. Егер осы процестердің бір-бірімен арақатынасын қарастыратын болсақ, онда кәсіптік бағдарлау - бұл сыртқы процесс (оқушыға іс-шаралар кешенінің көмегімен әсер еткен кезде), ал кәсіби моанификация-бұл ішкі процесс (мамандықты саналы түрде таңдауды қалыптастыру).

Мүмкіндігі шектеулі балалардың кәсіби бағдарлануында әр түрлі жұмыс түрлерін қолдану қажет, мысалы, кәсіби маңызды дағдыларды дамыту бойынша топтық тренингтер, әртүрлі кәсіби рөлдерді көруге мүмкіндік беретін рөлдік ойындар, бейнематериалдарды қарау және талқылау. Жеке жұмыс түрлері басым болуы керек. Кәсіптік бағдарлау жұмысының алдында жасөспірімді психодиагностика және медициналық диагностика нәтижелерімен таныстыру керек, сонымен қатар оның негізгі бұзылуының ерекшелігі ескерілуі керек [4].

Кәсіби бағдар беру процесінде маңызды сәт ерекше оқытуды қажет ететін балаларда кәсіби таңдау және ынталандыруды қалыптастыру болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар кәсіби таңдау кезінде келесідей қиындықтарды кездестіреді:

- қоршаған әлемді білудегі шектеулерге байланысты олардың кәсіби қызмет түрлері туралы идеялары ішінара қалыптаспаған;
- беделді мамандықтарды алуға бағдарлау еңбек нарығындағы бәсекелестіктің жоғары болуына байланысты жұмысқа орналасуға қиындық тудыруы мүмкін;

• кәсіби жоспарларды жасау таңдалған мамандықты алуға мүмкіндік беретін мамандандырылған оқу орындарының тапшылығына байланысты қиын [5].

Осы ерекшеліктерді зерттей отырып, таңдалған мамандықтың қызығушылықтары, бейімділігі, қабілеттері мен өсу мүмкіндіктері, оның денсаулығының нақты жағдайымен және қол жетімді шектеулермен сәйкестігі принципін сақтау қажет. Сонымен қатар, жасөспірім болашақ кәсіби қызметінде өзін-өзі жүзеге асыру перспективаларын түсінуі керек [2].

Кәсіби қабілеттерді анықтау кезінде бірқатар факторларды ескеру қажет:

- 1) тек қызметте көрінетін кейбір кәсіби маңызды қасиеттердің жасырын сипаты;
- 2) өзінің жеке басын, қабілеттерін, жетістіктері мен сәтсіздіктерін бағалаудың ішкі өлшемдерін босату, негізінен сыртқы бағалауға бағдарлау;
- 3) өзін-өзі тану деңгейінің жеткіліксіздігі, эмоционалдық жағдайдың тұрақсыздығы, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі;
- 4) өмірлік тәжірибенің және кәсіптер әлемі мен еңбек нарығы туралы қолжетімді ақпараттың жеткіліксіздігі.

Мамандық таңдауда және мансапты жоспарлауда білікті көмек мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеудің маңызды аспектісі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды кәсіби бағдарлау бұл процеске әртүрлі мамандарды тарта отырып, жан-жақты жүзеге асырылуы керек, кәсіби бағдарлаудың бүкіл кезеңінде әр баланың кәсіби жоспарларын оның мүмкіндіктеріне сәйкес түзету маңызды; кәсіби жоспарларды түзету негізінде белгілі бір мамандықты игеруге қажетті қасиеттерді тәрбиелеу бойынша психологиялық-педагогикалық жұмысты жүргізген жөн. Әдістің негізгі міндеті-диагностикада ғана емес, сонымен қатар мамандықты дамытуға қажетті функцияларды дамыту [6].

Жұмыстың табыстылығының көрсеткіші әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы, яғни жеке тұлға қызметінің негізгі салаларында оқу бітіргеннен кейін белсенді өмір сүруге сындарлы болуға әлеуметтік дайындықтың жеткілікті деңгейі, сондай-ақ әр түлектің кәсіби бағытты таңдаудағы ұстанымының тұрақтылығы болады.

Ерекше оқытуды қажет ететін балалармен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру кезінде ескерілуі керек факторлар:

- денсаулық жағдайы, оның мамандық талаптарына сәйкестігі;
- өзінің жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қабілеттерін білу;
- жеке қабілеттер мен мүмкіндіктерге сәйкес келетін мамандықты одан әрі таңдау үшін кәсіби іс-шаралар туралы хабардар болу.

Ерекше білімді қажет ететін балалармен және жасөспірімдермен кәсіби бағдарлау жұмысының нысандары мен әдістері:

- кәсіби бағдарлы әңгімелер;
- кәсіпорындарға, кәсіптік оқу мекемелеріне, жұмыспен қамту қызметіне экскурсиялар;
- мамандармен кездесулер;
- ашық есік күндеріне "қатысу»;
- конкурстарға қатысу.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін еңбек саласын таңдаудың дұрыстығы өте маңызды, өйткені таңдау оқушы мүмкіндігі ағымының сипатымен байланысты. Адекватты кәсіби таңдау мүмкіндігі кәсіби қызмет түрлерінің объективті шектеулеріне байланысты қиын, онда дамуында ауытқулары мен бұзылыстары бар адам өзін көрсете алады және өзінің мүмкіндіктері туралы бұрмаланған идеяларға байланысты болады. Саналы таңдау жасау үшін жасөспірім өзінің мінезін, білімін, дағдыларын, дағдылары мен қабілеттерін талдай білуі керек. Жеке тұлғаның артықшылықтары мен кемшіліктерін білу мамандықты сәтті таңдау мен игерудің алғышарты болып табылады. Өз қабілеттерін білу, мүмкіндіктердің өзін-өзі бағалауы кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы және мақсатты сипат береді [3].

Әдебиеттер:

1. Гуревич К.М. Психологическая диагностика. -М., 1993.
2. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. -М., 1995.
3. Климов Е.А. Индивидуальный стиль деятельности в зависимости от типологических свойств нервной системы. -Казань, 1969.
4. Малофеев Н.Н., Никольская О.С., Кукушкина О.И., Гончарова Е.Л. Единая концепция специального федерального государственного стандарта для детей с ограниченными возможностями здоровья: основные положения // Дефектология. -2010. -№ 1.
5. Резапкина Г.В. Психология и выбор профессии. -М., 2006.
6. Романова Е.С., Коган Б.М., Свистунова Е.В., Ананьева Е.В. Специфика профориентационной работы с детьми и подростками, имеющими ОВЗ. -М., Академия, 2012.
7. Климов Е. А. Как выбрать профессию. – М; 1990.

ЖАСӨСПІМ КЕЗІНДЕГІ ТҮЛҒАНЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН - ӨЗІ АЙҚЫНДАУЫ

МҮТӘЛІШ З.

*Педагогика және психология мамандығының 3 курс студенті,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

БЕЙСЕНОВА Ж.Ж.

*психология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются теоретический анализ проблемы профессионального самоопределения личности в юношеском возрасте. Так как исследования профессионального самоопределения, как процесса выбора личностью профессии и самореализации в ней обусловлена выраженным практическим запросом, который сформировался в условиях глубоких экономических преобразований, происходящих в последние годы в Казахстане, и связан с появлением рынка труда, переориентацией производства, исчезновением одних профессий и появлением других.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: профессионального самоопределение, личность, выбора профессии

ABSTRACT. The article discusses a theoretical analysis of the problem of professional self-determination of a personality in adolescence. Since the study of professional self-determination, as a process of choosing a profession by a person and self-realization in it, is due to a pronounced practical request, which was formed in the context of deep economic transformations taking place in recent years in Kazakhstan, and is associated with the emergence of the labor market, the reorientation of production, the disappearance of certain professions and the emergence others.

KEYWORDS: professional self-determination, personality, choice of profession

Қазақ психологиясының дамуына ерекше үлес қосқан тұлғаның бірі ақын, жазушы, аудармашы, зерттеуші Жүсіпбек Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегінің тұлғаның кәсіби тұрғыдан өмірден өз орнын табуы мен кәсіби жағынан анық, нақты айқындалуында алатын орны зор[1].

Ал Қазақстанда осы мәселелерге қатысты біршама жұмыстар зерттелінуде, атап айтқанда профессор С.М. Жақыповтың басшылығымен А.Т. Изақова өзін өзі танытудың мағынақұрушы факторларының кәсіби өзін өзі анықтауға әсерін, Г.М. Кәрібаева кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктері мәселесін зерттеді. Осы бағытта зерттеу жүргізген профессор Ж.Т. Түрікпеновтың «Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар» деген еңбегі және тағы да басқа жұмыстарында кәсіптік бағдар берудің педагогикалық-психологиялық негіздерін талданады.

Сонымен қатар Қазақстанда жүргізілген зерттеулердің ішінде профессор Ж.Ы. Намазбаеваның жетекшілігімен Р. Сабырова, С.Ж. Өмірбекова және Л.С. Пилипчуктың жұмыстарында жасөспірімдер мен жеткіншектердің өзіндік бағалау ерекшеліктері мен жасөспірім шақтағы өзіндік сана сезімдер жайлы, олардың тұлғаның даму сатыларындағы әсері көрсетіліп, зерттелінді.

Мамандықты таңдау, кәсіби өзіндік анықталу мәселелерін зерттеудің өзектілігі мына мәселелерге байланысты:

- кәсіп таңдау мотивтері мен ситуациясы;

- адамның кәсіби және әлеуметтік тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты таңдайтын мамандықтың әлеуметтік және жеке бастық мәнділігі.

Сондықтан да мамандық таңдауға байланысты кәсіби бағдар, кеңес беру, психологиялық көмек көрсетудің теориялық, әдістемелік негіздерін жасау психология ғылымымен тығыз байланысты.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ситуацияның өзгеруі, қоғамдық-тарихи процестердің өрістеуі, білім сферасындағы өзгерістер жастарды кәсіби іс-әрекет пен мамандық таңдауға байланысты жаңа ықпалдарды жасауды талап етеді. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер міндетті түрде еңбек іс-әрекетінің қозғалыс бағыты мен формаларының сипатының әртүрлі өзгерісіне әкеледі. Сондықтан кәсіби өзіндік анықталу процесін қалыптастыру мәселесіне қатысты психологиялық - педагогикалық зерттеулерді күшейтуді шарттандырады.

Психология ғылымындағы өрістеп келе жатқан негізгі тенденцияларды, жаңа ықпалдар мен концепцияларды негіздей отырып, психологиялық практика сферасында жасөспірімдердің мамандық таңдауы мен кәсіби қызығуларын бекітуі, мамандыққа байланысты информациялануы барысында өзіндік сана-сезімдері мен өзіндік бағалауларының рөлін зерттеу әрқашанда маңызын жоймайтын сұрақтардың бірі болып табылады.

Өзіндік бағалауды субъектінің белсенділігі мен мінез-құлқын реттейтін негізгі жеке бастық конструкты ретінде түсіну көзқарасы психология ғылымындағы негізгі сұрақтардың бірі. Өзіндік бағалауды өзіндік сана сезім процестері және «Мен» концепциясының дамуымен іштей байланысқан негіз ретінде түсінеміз. Өзіндік бағалау мәселесін зерттеу өзектілігі мінез-құлық пен өзіндік сана сезімді реттеу мен өзін-өзі бағалаудың арасындағы өзара байланысты зерттеу қажеттілігінен туындайды. Бұл мәселелер белсенді субъект ретінде шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін тарататын жеке бастық сапаларда жоғары талапты қоятын, қазіргі жаңа заман талаптарына сай болуымен байланысты.

Өзін-өзі бағалау деңгейі тұлғаның қандай да бір деңгейінде әлеуметтік белсенділігін анықтайды. Өзін-өзі бағалау мәселесінің пайда болуы мен дамуы жоғары сынып оқушыларының қалыптасуының негізгі мәселесінің бірі, өзіндік сананың дамуының негізгі компоненті, яғни жоғары сынып оқушыларының өз әрекетінің, оның нәтижелерін, өз қабілеттілігін, мінез-құлық мотивтерін, идеалдарын, сезімдерін, жалпы өзін бағалау мен өмірдегі өз орнын бағалау мен түсіну. Ендеше өзіндік сана мен өзін-өзі бағалау адамның қоғамдық құндылықтарын саналы ұғынуға байланысты тұлғаның білімі мен ой-пікірлерінің бірлігі. Осыған орай өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы үнемі тұлғаның даму процесі мен қоғамдық индивид ретінде өзін-өзі жүзеге асыру және ұғыну процесімен байланысты. Өзін-өзі бағалау тұлғаның өзінің сапалары мен мүмкіншіліктерінің қалыптасуына орай адамзат әрекетін нәтижелі басқаруда үлкен роль атқарады.

Жасөспірімдерді мамандықты саналы таңдауға дайындау үлкен әлеуметтік психологиялық мәні бар сұрақтың бірі. Мамандықты дұрыс таңдау кәсіби өзіндік анықталудың нәтижесі болып табылады, яғни кәсіби жетілуді өрістетуді, мамандықты тез игеру, еңбек іс-әрекетіне қанағаттану процестері тұлғаның онтогенездегі даму сипатының бір көрінісі болып табылады [2].

Субъективті факторлар мен адамзаттық құндылықтарының өсуі, тұлғаны өздігінен басқарылатын, өзіндігінен детерминацияланатын жүйелер ретінде қалыптасудың мәселелерін

маңызды етіп, оның мәнін жоғарылатады. Өзінің меншікті іс-әрекетін басқару субъектісі ретінде жеке адамдардың мүмкіндіктерін тексерудің бір жолы қызығулар мен өзіндік бағалауға негізделген мамандық таңдау болып табылады.

Қазіргі қоғамда жоғары сынып оқушыларының кәсіби іс-әрекет пен мамандық таңдауға саналы дайындығының ішкі субъективті факторын зерттеу қажеттігі психология ғылымы үшін әрқашанда маңызды болып табылады.

Алайда, кәсіби бағдарлану жүйесінің білімдер сферасындағы жетіспей жатқан жақтарының бірі оқушылардың ішкі әлемін, олардың қызығуын, білімділігін, қабілеттерін зерттеу және өзіндік бағалауларын, мамандық таңдауға байланысты зерттеу мәселелері әлі де жеткіліксіз. Сондықтан да, өзіндік бағалау мен мамандықты дұрыс таңдай білудің арақатыстылығы жеке адамның кәсіби өзіндік анықталуының позитивтік жақтарын дұрыс ашып көрсете алады. Осыған байланысты көптеген зерттеулер көрсеткендей, кәсіби таңдауға дұрыс жетекшілік жасау мәселелері [3], кәсіби бағдарлану жұмыстарының әдістері мен формаларын қарастырған зерттеулер, мамандық таңдаудың сыртқы ситуацияларын талдау пәні ретінде қарастырды. Ал, кәсіби өзіндік анықталуға байланысты іс-әрекетті іштей реттеу (кәсіби жоспар, өзіндік бағалау, кәсіби қызығу) мәселелері өте аз зерттелінген.

Жасөсірімдердің еңбек іс-әрекетіне тәрбиелеу, олардың жеке басының дамуының мәнді өзгерістеріне әкеледі, яғни еңбекке деген жағымды көзқарас қалыптастырады. Кәсіби қызығулардың кейінгі дифференцияциясы өтеді, өмірлік болашақ пайда болады. Мұнда оқушылардың сана- сезімдері де мәнді өзгереді: өзін еңбек субъектісі ретінде түсінуді қалыптастырады, еңбекте өз мүмкіндіктерін бағалау құралады, мамандықты дұрыс таңдау бағыты дамиды.

Көптеген әдебиеттерде «Тұлғаның өзіндік анықталу» ұғымы қолданылып келеді. Оның кең мағынасы өмірлік құнды шешімдерді қабылдаудан бастап бір актілі өзіндік әрекеттерді орындауға дейін жетеді. Осының нәтижесінде бір ұғыммен әртүрлі мазмұнды құбылыстар жалпыланады. Бұған сәйкес синонимдер өзбеттілікті, тәуелсіздікті береді.

К.А. Абульханованың айтуы бойынша өзіндік анықталу - қатынастар жүйесінде ішкі координаторда қалыптасатын тұлғаның өзіндік позициясын саналы ұғынуы. Осыған орай ол қатынастар жүйесінің қалай қалыптасатындығы өзіндік тұлғаның анықталуымен қоғамдық белсенділігіне байланыстылығын көрсетеді [3].

А.В. Мудрик бұл ұғымға нақты анықтама бермесе де өзіндік анықталудың психологиялық механизмі мен қалыптасу деңгейін қарастырады. Ол өзіндік анықталудың қалыптасу деңгейін топта, ұжымда, құрбылар тобында ішкі ұжым мен топ құрамында көрсетеді [5].

А. Филипов және Л. Кондратьева бұл ұғымды кәсіби бағдар мен мамандықты таңдау теориясы төңірегінде қарастырады. Олардың айтуы бойынша: өзіндік анықталу тұлғаның өзіндік мүмкіндіктерін саналы ұғынуға байланысты тұлғаның әлеуметтендірудің бір формасы ретінде қарастырады [6].

А.М. Кухарчук және А.В. Ценциппер жеке адамның өзіндік анықталуының бір түрі кәсіби өзіндік анықталу жайлы былай деп жазады: «Ішкі күштерде (ресурстарда), соның ішінде қабілеттерді талдау нәтижесінде жүзеге асқан мамандықты өз бетінше таңдау және оларды мамандықтың талаптарымен арақатыстыру кәсіби өзіндік анықталу деп аталады» [7].

Тұлға іс-әрекеттің белсенді субъектісі ретінде көрсетіліп өзінің мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ұғынып, өзіндік анықталудың психологиялық аспектісін ашуға негіз бола алады.

Жасөспірімдердің оқушыларының өзіндік өмірлік анықталулары күрделі ғылыми мәселе, философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық аспектілері бар. Бұл – «Мектеп және мектептен кейінгі кезеңдерді қамтитын процесс болып табылады және әлеуметтік педагогикалық факторлармен реттелінеді. Бұл процесте тұлғаның өндірістік іс-әрекет жүйесіне өтуі кәсіби бағдарланудың әлеуметтік-педагогикалық, құқықтық жағдайларымен үйлесімділік табады».

В.И. Лебедеваның пікірінше бұл мәселе тұлғалардың жан-жақты дамуының позицияларын қоғамдық өмірдің әртүрлі сфераларымен қатысты тұтастай зерттеуді қажет етеді, яғни

экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани және отбасы-тұрмыстық сфералар. Өмірлік өзіндік анықталу кезеңі жоғары сынып оқушыларының құндылықтарды таңдау қажеттілігімен сипатталып, оқушының өндірістік әлеуметтік қатынастар жүйесіне кіруімен байланысты болады, яғни мамандық таңдау, қоғамдық-саяси өмірде өзін тану, өнегелі құндылықтарға қатысты позицияларын анықтау мәселелері жатады [8].

Қандай тұлғаны өзіндік анықталған деп санаймыз? Нормативті жоспарда бұл -әлеуметтік жетілген, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра алатын және адекватты түсінуге қабілетті орнықты тұлға. Бұл ықпал өзіндік сана-сезімдердің өз “менін” ұғынудың субъективті жақтарын аша алмайды. Психологиялық жоспарда тұлғалардың өзіндік анықталу мәнін ашу әлеуметтік пісіп-жетілудің ішкі себептері ретіндегі өзіндік сана-сезімге ғана сүйене алмайды. Әлеуметтік жетілген тұлғалардың мінез-құлқы қоғамда қабылданған нормаларды сақтаумен ғана сипатталынбайды. Ол белгілі бір ұжымдық, топтық құндылықтарға бағдарлануы қажет. Құндылықтар, мақсаттар, өмірлік жоспарлар түрінде бола отырып, индивидтердің даму барысында “міндеттің мақсатқа айналуы” мәселесіне айналды.

Сондықтан да, тұлғаның әлеуметтік пісіп жетілуінің мәнді көрсеткіші, мағыналы құрылуы болып табылады. Әлеуметтік пісіп жетілген тұлғалардың басты белгісі – мақсатқа байланысты өзін анықтау, құндылықтарды топтау, ұжымдық, қоғамдық талаптарын ескеріп қалыптастыру, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін индивидуалды сапаларын ортаның шартын ескере отырып, өзін табу және соларды тарату үшін белсенді сапалы іс-әрекетті жүзеге асыру болып табылады.

Әдебиеттер:

- 1.Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау.- Алматы,
- 2.Кондратьева Л.Л. Профессиональная ориентация в общеобразовательной школе /Профессиональная ориентация молодежи /Под ред. К.К.Платонова. – М.: Высшая школа, 1978. – С. 170-193.
- 3.Абульханова К.А. Психология и сознание личности (Проблемы методологии, теории и исследования реальной личности): Избранные психологические труды.-М.: Московский психолого-социальный институт, 1999. - 224 с.
- 4.Кон И.С. Психология юношеского возраста М.: Просвещение, 1979.-176 с.
- 5.Мудрик А.В. Современный старшеклассник: проблемы самоопределения. М.: Знание, 1977. -64 с.
- 6.Филипов А.А., Кондратьева М.Л. Профессиональная ориентация и профессиональное самоопределения личности // Активность личности в общении и профессиональном самоопределении. М., 1976. С. 65-76.
- 7.Кухарчук А.М., Ценципер А.Б. Профессиональное самоопределения учащихся. -Минск.: Нар.асвета, 1976.-128 с.
- 8.Лебедева В.Л. Проблемы руководство жизненным самоопределением личности старшеклассников: Автореф. дис. канд.пед.наук.- М.:НИИ общей педагогики. – 1974.-22 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МОНОЛОГТІК СӨЙЛЕУДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

МҰХТАРХАН Ж.

Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 4 курс студенті

АСИЛБАЕВА Ф.Б.

Ғылыми жетекші п.ғ.к., қауымд.проф.м.а.

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ. В статье подробно раскрыто значение использования монологической речи в личностных качествах учащихся. Авторы остановились на общих видах речи, раскрыли особенности деятельности монологической речи и монологического суждения.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: начальный класс, литературное чтение, монологическая речь, связанная речь.

ABSTRACT. The article describes in detail the importance of using monologue speech in the lessons of literary reading in primary school. The authors focused on the general types of speech, revealed the features of the activity of monological speech and monological judgment.

KEYWORDS: elementary class, literary reading, monologue speech, related speech.

Бастауыш мектепте «Әдебиеттік оқу» пәні ең негізгі пәндердің бірі болып табылады. Әдебиеттік оқу сабағында оқу-жазуға дағдылану арқылы басқа пәндерді оқып үйренуге жол ашылады. Пәнінің мақсаты – бастауыш сынып оқушысының жоғары сыныптардағы әдебиеттің жүйелі курсы менгеруге дайындау, олардың әдеби сауатын ашу, оқу әрекетін қалыптастыру барысында көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, ұлтжандылық сана-сезімін дамыту, сөз өнерін шығармашылықпен игеруіне жағдай туғызу болып табылады. Сөз өнерін шығармашылықпен игерген баланың сөйлеу мәдениеті, ел алдында қысылмай өз ойын толық жеткізуге мүмкіндік алады. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықты дамытуда монологтік сөйлеуге үйретудің маңызы зор [1].

Сөйлеу – адамның сөз әрекетінің бір түрі, яғни сөз әрекетінің түрлерінен адам өз ойын басқаға жеткізіп, дәлелдей алады, өз көңіл-күйін, қуанышын, реншін білдіреді, сендіреді. Сөйлеудің екі түрі бар. Оның бірі – монолог, екіншісі – диалог. Бұлар бір-біріне ұқсас болғанымен, олардың арасында елеулі айырмашылықтар көп.

Сөйлеудің түрлері өте көп. Сөйлеу сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог болып екіге бөлінеді.

Бастауыш сыныптарда оқушының тұлғалық сапаларын қалыптастыруда қолданылатын ауызша сөйлеуге үйрету жұмысы төмендегідей мақсаттарды көздейді:

1. Оқушылардың бақылағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, нақтылап, салыстыру негізінде өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету;


2. Оқушыларды сөздерді мағыналарына қарай дұрыс қолдануға, ойын ашық айтуға және дұрыс сөйлеуге дағдыландыру.

3. Оқушыларға өз ана тілін сүйеге, оның нәзік сөз байлығын қолдана білуге және оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Қоғамдағы қарым-қатынас ауызша сөйлеу және жазбаша тілдесу арқылы жүреді. Ауызша сөйлеу тілі-күнделікті тұрмыста қолданылатын, бетпе-бет көріп отырған екі немесе одан да көп адамдардың бір-бірімен сөйлесу арқылы пікір алмасуы. (1-сурет)

3.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде: «Адам сөйлесе дегендей, әркімнің сөзі арқылы өзін танымыз. Себебі, әркімнің сөйлеген сөзінде оның бүкіл ішкі болмысы, өзіне тән

психологиялық өзгешелігі-ақылы, ойы, сезімі, ұғымы, танымы, нанымы, білімі, мәдениеті түп-түгел тұнып тұрады», - деп жазады [2, 106-108 бб]. М.Бахтин: «Ақиқат жеке адамның ойында пайда болып, жадында жатпайды, ол – диалогтік қарым-қатынас үрдісінде ақиқатты бірлесіп іздеп жүрген адамдардың арасында пайда болады», - деген [3, 126 б.].



Сурет 2. Сөйлеудің түрлері

Монолог (грекше - monologos, mono – бір, logos – сөз) – бір адамның өз ойын, көзқарасын білдіруі. Монологтік сөйлеу дегеніміз – бір адамның өз ойын, пікірін ұзақ уақыт жүйелей отырып, сабақтай баяндауы.

Монологтік сөз бір тұлғаның өзінің ойын, оқиғаға беретін бағасын, талабын білдіретін сөзі. Тілді үйретудің негізгі міндеттерінің бірі – монологтік тілді үйрету.

Бастауыш сынып оқушыларының монологтік сөйлеу дағдыларын сыныпта және сыныптан тыс кездері қалыптастыруға болады. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың монологтік сөйлеу дағдылары, әсіресе, әдебиеттік оқу және қазақ тілі сабақтарында (әңгімелерде, ертегілерде, нақыл сөздерді, өлеңдерді оқуда) қалыптасады, ал сыныптан тыс кездерде мұғалімнің басшылығымен оқушылардың баяндама, реферат, ғылыми жұмыстарды қорғау кезінде қалыптасады.

Монологтік тілдің мынадай коммуникативтік қызметтері бар: ақпараттық-қоршаған ортаның құбылыстары мен заттары туралы оқиғаны, ақпаратты, әрекетті сипаттау жайлы ақпаратты білім ретінде хабарлау; ықпал ету-біреуді қандай да бір ойдың, пікірдің, көзқарастың дұрыс екеніне сендіру; әрекет жасауға немесе әрекеттің алдын-алуға ықпал жасау; эмоционалдық-бағалаушылық қызметі.

Коммуникативтік мақсаты жағынан мынандай монологтік пікір білдірудің түрлері бар: *хабарлау-монолог; сипаттау-монолог; талқылау-монолог; баяндау-монолог; сендіру-монолог*. Осы барлық пікір білдірулерді игеру үшін сөйлеуші өзінің пікірін, фактілер мен оқиғалар туралы байланысты сөйлеммен жеткізе білуі керек. Тілдік білімді қалыптастыру шағын тілдік бірліктерден сөз, сөз тіркесі, сөйлем, күрделі, ірі бірліктерге мағыналы бөлік, мәтін, қарапайымна күрделілеріне біртіндеп ауысу арқылы іске асады. Монологтік сөйлеуге оқушылардың белгілі бір тапсырмаларды түсіндіруі, мұғалімнің жаңа тапсырманы баяндауы, хабарлауы, баяндауы жатады [4, 176].

Сөйлеу мақсатына қарай монологтік сөйлеу үш негізгі типке бөлінеді. Олар: ақпараттық, сендіруші және орнатушы.

Ақпараттық сөйлеу – білім беру үшін қызмет етеді. Ақпараттық сөйлеудің әртүрлілігі-дәріс, есеп, хабарлама, баяндамалар.

Сендіруші сөйлеу–тындаушының көңіл-күйіне бағытталған, мұндай жағдайда айтушы оның қабылдануын есепке алуы қажет. Сендіруші сөйлеудің әртүрлілігі - құттықтаушы, мерекелік.

Орналушы сөйлеу – тыңдаушының әртүрлі іс-әрекет түрін қалыптастыруға бағытталған. Мұнда саясат сөзі, іс-әрекетке шақыру сөзі, қарсылық білдіру сөзі белгіленеді.

Монологтік сөйлеу мен диалогтік сөйлеу өзара тығыз байланыста болады. Сөйлеуші мен тыңдаушы бір-біріне сұрақ қойып, хабар айтып тұрса, онда ол диалогтік сөйлеу болады, ал диалогтік сөйлеуде сөйлеуші өз сөзін ұзақ түрлі фактілермен дәлелдей сөйлесе, онда ол монологтік сөйлеу болады.

Монолог сөз – деп біз көршілес екі айтылған сөздің арасында тұрған және белгілі бір өлшемдерге ие сөйленген сөздің кесіндісін атаймыз. Монолог сөз кез келген деңгейдегі жұптық, топтық, жаппай тілдесу процесінің компоненті ретінде қолданылады.

Монолог сөз түрлі деңгейде болуы мүмкін: сөз, сөз тіркесі, фраза, фразадан тыс бірлік, мәтін. Тілдік бірліктің кез-келгенінде өзіне тән үйренуде қиындықтар тудыратын жағдайлары болады. Сөз бен сөз тіркесі дәрежесінде-морфологиялық қиындықтар, фраза дәрежесіне-синтаксистік қиындықтар тән. Фразадан жоғары бірлік және мәтін дәрежесіне-логикалық-синтаксистік [5, 286].

Монологтік пікір білдірумен жұмыс істеудің *үш кезеңін* ұсынамыз.

Бірінші кезеңде аяқталған бір ойды, бір фраза деңгейіндегі тақырып бойынша айтылатын мақұлдауды жеткізе білу қалыптастырылады. Мұғалім тақырыпты айтады, оқушылар кез-келген бір сөйлемді айтады. Егер оқушы екі сөйлем айтса, олар жеке пікірлер болуы мүмкін, олардың арасында байланыс керек емес.

Екінші кезең оқушыға айтылған сөйлемдер арасындағы логикалық байланысқа мән беруге ұсыныс жасалғаннан басталады. Сөйлемдер бір тақырыпқа құрылған, өзара байланысты болуы қажет.

Үшінші кезең жаңа логикалық тапсырмалармен және сөйлемнің көлемін көбейтумен ерекшеленеді. Монологта міндетті түрде талдау мен негіздеудің элементтері болуы керек. Дағдыларды жетілдіру кезеңінде екі-үш фраза деңгейіндегі, өзіне қажет белгілерінің барлығы бар пікірдің айтылуына жетуі қажет. Мұндай пікір білдіруді *микромоналог* деп атауымызға болады [6, 396].

Арнайы әдебиеттерде монологты олардың стилистикалық ерекшеліктері мен қоғамдық әсеріне қарай жіктеу кездеседі. Мысалы, А.А.Леонтьев монологтың төрт типін бөліп көрсеткен. Олар: *сендіру монологы, лирикалық монолог, драмалық монолог, хабарлау типіндегі монолог.*

А.А.Леонтьев тілдік әрекеттің құрылымын мынандай *үш кезеңнің* өзара байланысы ретінде қарайды:

- тіл әрекетін жоспарлау;
- тіл әрекетін іске асыру;
- салыстыру мен бақылау.

А.А.Леонтьевтің осы көрсеткендерінің ішінде тілдік интенцияны қалыптастыру және айтылатын пікірді іштей жоспарлау деген кезеңдер де бар. Олар «сөйлеуге дейінгі» жоспарға жатады. А.А.Леонтьевтің теориясындағы іштей бағдарлаудың маңызы сөйлеуге дейінгі кезеңмен шектелмейді. Ол сөйлеу компоненттерінің басқаларының да негізі болып қаралады [7, 21 б.].

Монолог сөздің жоғарыда келтірілген бір өлшемінің өзі оны оқытудың аса күрделі іс екендігін, ал сұрақ-жауаптық жаттығулардың оқытудың құралы еместігін көрсетеді. Сондықтан да монолог сөздің барлық өлшемдерінің арасынан біз оның маңызын бейнелейтін, негізгі қиындықты құрайтын, оқытудың ерекше құралдарын талап ететін үшеуін ғана бөліп көрсетеміз.

Монолог сөздің салыстырмалы үздіксіз сипаты оның туындау процесі біреудің бір нәрсенің үзінсіз белгілі бір уақытқа созылады. Монолог сөздің аталған сапасы, ең алдымен сөйлеушінің неғұрлым өзіне тән көңіл-күйін, сондай-ақ оның монолог сөзді ұйымдастыруын анықтайды.

Қай жағдайда болмасын, монолог сөз түрлі өлшемдермен сипатталады. Қызмет ретінде ол әрдайым мақсатқа бағытталған, коммуникативтік ойлаумен, адамның жалпы қызметімен,

сөйлеушінің жеке басымен байланысты болып келеді, ол жағдаятқа орай белгілі бір қарқынмен өтеді [8, 86-87бб].

Қорыта келе, кез-келген мәселені оқушыларға бірге талдауға, талдау барысында өзара келісімге келуге, өз ойлары мен тұжырымдарын ортаға сала білуге жағдай жасаудың өзі маңызды жаңартудың бір көрінісі. Проблемалардың шешімін табуда тек позитивті ойлай алатын, өзін-өзі басқарушы, ел алдында мәдениетті монологтік сөйлеуі ретке келген оқушы даярлай алу мұғалімнен кәсіби құзырлылықты талап етеді. Ендеше цифрлық қоғамның функционалды сауаттылықты, оқушыларының тұлғалық сапаларын қалыптастыруда монологтік сөйлеуді үйретудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. https://ziatker.kz/docx/bayandama_adebiettik_oqy_panin_oqyty_arqyly_oqysylardyng_oqy_ga_degen_qyzygylyqtaryn_arttyru_joldary_17008.html
2. Қабдоллов З. Сөз өнері. Алматы, 1992. 123б.
3. Бахтин. Проблемы поэтики Достоевского М., 1972. -188б
4. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. -Алматы. Жазушы, 1975.
5. Қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың сөздік ұғымын қалыптастыру // ҚазГУ. Хабаршы. -Алматы.2004, №2.
6. Сөйлеудің лексикалық икемділігі мен дағдысы және сөздік қорды байыту // Қазақ тілі мен әдебиеті, -Алматы.2004. №3
7. Леонтьев А.Н. Основы теории речевой деятельности // М.: 2000. -235 б
8. Кушмурзина Д.Х., Шинбулатова К.Б., Әдебиеттік оқу әдістемесі, Оқу-әдістемелік құрал, Қостанай. 2018.

ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТТЕРІ

НУРКАСИНОВА Л.М.

Психология магистрі,

Теориялық және практикалық психология кафедрасының аға оқытушысы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ҚҰЛЫМБАЕВА А.К.

Психология магистрі,

Теориялық және практикалық психология кафедрасының аға оқытушысы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ: Статья посвящена проблеме профессионально важных качеств психолога, рассматриваются их структура, подходы разных исследователей к особенностям профессионально важных качеств.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Профессионально важные качества, профессиональная компетентность, профессиональные знания, умения, навыки.

ABSTRACT: The article is devoted to the problem of professionally important qualities of a psychologist, their structure, approaches of different researchers to the features of professionally important qualities are considered.

KEYWORDS: Professionally important qualities, professional competence, professional knowledge, abilities, skills.

Маман қызметінің жетістігі тек кәсіби білім деңгейімен ғана емес, сонымен қатар оның кәсіби және жеке қасиеттерінің қалыптасу деңгейімен және кәсіби іс-әрекетінде моральдық этикалық нормаларды ұстану ерекшеліктерімен анықталады. Кәсіби маңызды сапалар - бұл іс-әрекеттің тиімділігі мен оны дамыту табыстылығына әсер ететін қызмет субъектісінің жеке қасиеттері.

Психологтардың кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттері мәселелері Е.А.Климовтың, А.А.Бодалевтың, Н.С.Пряжниковтың, Н.А.Аминовтың, Н.Н.Обозовтың, О.Г.Кукосянның, А.А.Деркачтың, Л.Г.Лаптевтың, Р.В.Овчарованың, И.В.Дубровинаның еңбектерінде қарастырылған.

В.Д.Шадриков кәсіби маңызды сапалар ретінде жүйке жүйесінің қасиеттері, психикалық процестердің ерекшеліктері, тұлғалық ерекшеліктер, бағыттылық, білім, сенім және т.б. тұлғалық ерекшеліктер болуы мүмкін деп қарастырады [1].

В.И.Лазуткин кәсіби маңызды сапаларды 4 топқа біріктіреді: психофизиологиялық (сенсорлық, сенсомоторлық, физикалық, адаптивті-гомеостатикалық); психологиялық (интеллектуалды); тұлғалық (мінез, темперамент); әлеуметтік-мәдени (жалпы даму, кәсіби даярлық).

Кәсіби маңызды сапалар құрылымы мен мазмұны қызмет түрінің шарттары және мамандықтың адамға қойатын талаптарымен анықталады. Көптеген кәсіптер үшін маңызды және осы мағынада көп функционалды болып табылатын бірқатар психологиялық қасиеттер бар. Бүгінгі таңда әртүрлі мамандықтар үшін кәсіби маңызды қасиеттер бөлінді. Осы қасиеттердің нақты тізбесі кәсіби іс-әрекетке психологиялық талдау жасау және оның профессиографиясы мен психограмманы құрастыру нәтижелерімен анықталады.

Е.П.Ермолаева, кәсіби маңызды қасиеттерді білімдер, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырудың психологиялық потенциалы, ал олар өз кезегінде, кәсіби күзінеттіліктерді қалыптастырудың қажетті шарты және ресурсы деп көрсеткен болатын [2].

Столин бойынша психологтардың кәсіби маңызды қасиеттерін үш топқа бөлуге болады: танымдық, аффективті және реттеуші (әлеуметтік-психологиялық және жеке). Танымдық қасиеттерге – теорияны білу, кәсіби күзінеттілік, кәсіби білім, диагностикалық іскерліктер мен дағдылар және аналитикалық қабілеттер. Әлеуметтік-психологиялық қасиеттер блогында коммуникативтілік пен тыңдаушылық қабілеттілік талап етіледі. Реттеуші блок элементтері жауапкершілік, эмпатия, шыдамдылық және т.б. қасиеттерді жатқызуға болады.

Л.Ю.Гермогенова және С.Н.Унарова өз зерттеулерінде психологтардың кәсіби маңызды қасиеттері негізіндегі кәсіби күзінеттіліктерінің құрылымын анықтады. Психологтардың кәсіби күзінеттіліктері: кәсіби, әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық блоктан тұрады. Кәсіби күзінеттерге: теориялық білім, теориялық білімдерді практикада қолдана алу, негізгі заңдармен нормативтік құжаттарды білу, жоспарлай алу және болжам жасай алу іскерліктері, психологиялық мәселелерді талдау іскерліктері, құралдарды дұрыс таңдай білу іскерліктері, ұйымдастыру және интерпретациялау әдістерін меңгеру, психологтардың этикалық қағидаларын, жеке кеңес беру әдістерін, топтық жұмыс әдістерін білу, есептер мен психологиялық қорытынды жаза білу, жеке компьютерлік шеберлікті білу жатады [3].

Әлеуметтік-психологиялық күзінеттіліктерге: сенімді байланыстар орната алу, коммуникативті дағдылар, топта бірлесіп жұмыс істеу және жанжалдарды шешу, сауатты ауызша және жазбаша сөйлеу қабілеті, топтық жұмысты ұйымдастыра білу, ғылыми-психологиялық материалды жеткізе білу, адекватты өзара әрекеттесу және әсер ету қабілеттіліктері, төтенше жағдайларда психологиялық жұмысты жүргізу іскерліктері кіреді.

Тұлғалық күзінеттілікке: жағдайдағы өзгерістерге тез жауап беру, ұқыптылық, байқағыштық, тепе-теңдік, стреске төзімділік, әдептілік, толеранттылық, тәуелсіздік, психологиялық жағдай мен жауапкершілік туралы ойлау қабілеті кіреді.

Е.А.Климов бойынша психолог мамандығын таңдаған талапкер үшін адамды сыйлау қабілеті маңызды екенін, кез-келген саладағы психолог маманның негізгі ерекшелігі адамдарға деген жағымды қатынас екенін көрсетеді [4].

Н.А.Аминовпен М.В.Молоканов практик психологтың ең маңызды тұлғалық қасиеттеріне: жалпы интеллектіні, стресске төзімділікті, қарым-қатынастағы қолдаушы стильді атаған болатын [5].

Сонымен, психологтың тұлғалық ерекшеліктеріне қойылатын негізгі талаптар:

1. Психологтың ақыл-ой қабілеттеріне жоғары талаптар қойылады. Психолог тез түсінгіш, парасатты, еркін ойлы, ойлы аналитик, экспериментші болуы керек.

2. Психолог әлеуметшіл болуы керек, адамдармен жұмыс істеуді ұнатады, әлеуметтік мойындалуға шын қуанады, адамдарға ашық, белсенді топтарды оңай ұйымдастыра алады, адамдардың есімдерін есіне жақсы сақтайды, білуге құштар, әдепті, қарым-қатынаста дипломатиялық қабілеттері бар.

3. Ортақ мүдделерді қорғауды ұнатады, жеке мүдделерін топтық мүдделерге бағындыра алады, арлы, адал, борыш және жауапкершілік сезімдері жоғары, күшті, энергиясы мол, өзіне бағындыра алады. Әдетте, практикалық міндеттерді тез шеше алады.

4. Психологтың эмоциялық тұрақтылығы жоғары, ұстамды, сабырлы, салмақты, жағдайды шынайы бағамдай алады, стресске төзімді.

Е.А.Корсунский психолог тұлғасына қатысты психологтардың кәсіби маңызды сапаларына арналған ғылыми басылымға контент-анализ жасай отырып, психолог үшін еңбекте табысты болуға қажетті кәсіби және тұлғалық маңызды қасиеттердің он интегративті блогын анықтады.

1. Психологтың танымдық қасиеттерінің блогына он төрт қасиет кіреді: рефлексия, жалпы мәдени білім, кәсіби білім, адамның ішкі жан дүниесін түсіну, интуиция, икемділігі, тәуелсіздігі, сыншылдық, тапқырлық, аналитикалық, синтетикалық ойлау, адамның мінез-құлқын болжай білу, әлеуметтік интеллект.

2. Психологтың рефлексивті-перцептивті сапа бөлімі он бір қасиетті біріктіреді, оның ішінде психологиялық байқампаздық, өзін және басқа адамдарды адекватты қабылдау, адамның вербалды емес реакцияларын шешу мүмкіндігі, алғашқы әсердің жеткіліктілігі, клиентке шоғырлану және т.б.

3. Психологтың кәсіби құзіреттілігіне жеті қасиет кіреді, ең алдымен кәсіби білім, кәсіби шеберлік, кәсіби жағдайлардың көп көлемін білу, өз құзыретінің шекарасын білу және т.б.

4. Психологтың жеке басының еріктік сапалары жиынтығында жиырма екі қасиет бар, олардың ішінде ең алдымен жауапкершілік, өзіне деген сенімділік, ұстамдылық, мінез-құлықты бақылау және өзін-өзі реттеу мүмкіндігі, сыртқы қысымға төтеп беру қабілеті, өзін-өзі ұйымдастыра білу, сенімділік, батылдық және т.б.

5. Психологтың құндылық-семантикалық қасиеттерінің жиынтығы жиырма сегіз сапаны қамтиды, атап айтқанда гуманистік бағдар, этикалық принциптер, ар-ождан, кәсіби әдептілік, мотивациялық-семантикалық көзқарастар, кәсіби бағдарлау, адам құндылығын білу және т.б.

6. Психологтың мінез-құлық сапасының блогында он алты қасиет бар: психолог іс-әрекетінің креативті табиғаты, мінез-құлықтың икемділігі, мінез-құлықтың адекваттығы, стандартты емес шешімдерді жылдам қабылдау мүмкіндігі, кез-келген жағдайдағы өзін-өзі бақылау, мінез-құлықты өзін-өзі реттеу, күйзеліс пен белгісіздікке шыдамдылық, жағдайды толығымен түсіне білу қабілеті. жағдайды бағалау, жағдайды жылдам басқара білу және т.б.

7. Психологтың эмоционалдық сапалары блогында жиырма сегіз қасиет бар: эмпатия, төзімділік, адамдарға көмектесуге деген құлшыныс, эмоционалды тұрақтылық, ізгі ниет, адамдардың эмоционалды жағдайлары мен сезімдерін түсіну қабілеті, стресске қарсы тұру және т.б.

8. Психологтың психологиялық мәдениеті құрамына жиырма сегіз қасиет кіреді, атап айтқанда руханилық, психологиялық сауаттылық, рефлексиялық қабілеттер, реттеуші мәдениет, қиял, эмоционалды-сезімдік мәдениет және т.б.

9. Психологтың жеке тұлғасының коммуникативті сапаларына жиырма жеті қасиет кіреді: басқаны тыңдау және есту қабілеті, сөйлеудің коммуникативті қасиеттері, сөйлесуге дайын болу, қарым-қатынас жасау қабілеті, адамдарға әсер ету қабілеті, өзін-өзі таныстыру қабілеті, басқа біреудің позициясын қабылдауға дайын болу т.б.

10. Психологтың кәсіптік бірдейлігі бес қасиеттен тұрады: кәсіби өзін-өзі тану, кәсіби өзін-өзі анықтау, жеке тұлға, өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі бағалау [6].

Бұл тізімде көрсетілген қасиеттер маман-психологтың тұлғасына қойылатын талаптар жан-жақты және өте ауқымды екенін көрсетеді.

Кез-келген кәсіп саласында маман шеберліктің шыңына шыққысы келеді. Өз кәсіби іс-әрекетінде табысты болу үшін қажетті сапалар мен қасиеттерді дамытуға тырысады.

Кәсіби психологиялық іс-әрекетке қажетті ең жиі қарастырылатын тұлғалық сапалар: эмоционалдылық, қарым-қатынасшылдық, оптимизм, интеллекттің жоғары деңгейі, дүниетаным мен түсініктердің кеңдігі, байқағыштық, эмпатия, рефлексия, мейірімділік және т.б. Әрине бұл сапалар барлық адамның бойында үйлесе кездесуі сирек, дегенмен оларды кәсіби даму бағдарында үлгі ретінде қарастыруға болады.

Әдебиеттер:

1. Шадриков, В. Д. Проблема системогенеза, профессиональной деятельности/ В. Д. Шадриков – М.: Наука, 1982. – 185 с.

2. Ермолаева, Е.П. - Психология социальной реализации профессионала. Психология социальной реализации профессионала. – Москва : Институт психологии РАН, 2008. – 347 с.

3. Л.Ю.Гермогенова, С.Н.Унарова Исследование профессиональных компетенций психологов // Вестник СВФУ.- 2016.-№3

4. Климов, Е.А. Психология профессионального самоопределения [Текст] / Е.А. Климов. – Ростов н/Д: Феникс, 1996. – 512с.

5. Аминов Н. А., Молоканов М. В. О компонентах специальных способностей будущих школьных психологов // Психол. журн. - 1992. - Т. 13. - № 5. - С. 104-109.

6. Корсунский, Е.А. Развитие психологической проницательности студентов-психологов средствами художественной литературы / Е.А. Корсунский, Н.Е. Есманская. – Воронеж : ВЭПИ, 2008. –157 с.

СӘБИЛЕРДЕГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН ЕРТЕ АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

ОРАЗБЕК Ж.С.

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің 1-курс магистранты*

АННОТАЦИЯ: Речь является неотъемлемой частью психомоторики ребенка грудного возраста. В связи с тем, что у детей с перинатальным поражением центральной нервной системы нередко наблюдаются нарушения доречевого развития, важно их раннее выявление для своевременного оказания коррекционной помощи.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: дети грудного возраста, доречевое развитие, ранняя диагностика.

ABSTRACT: Speech is an integral part of the psychomotor skills of an infant. Due to the fact that pre-speech development disorders are often observed in children with perinatal lesions of the central nervous system, it is important to identify them early in order to provide timely corrective assistance.

KEYWORDS: infants, pre-speech development, early diagnosis.

Дамуында ауытқуы бар балаларға ерте диагностика жүрізу және логопедиялық көмек көрсету мәселесі қазіргі заманда арнайы педагогика саласындағы маңызды мәселелердің бірі

болып табылады. Әсіресе сәбилік шақ мамандардың ерекше қызығушылығын тудыруда. Бұл мәселеге айрықша назар аудару себебі: нәрестелер арасындағы орталық жүйке жүйесінің перинаталды патологиясының (ОЖЖ ПП) кездесу жиілігінің артуымен (70% дейін), мидың ерте зақымдануының патогенетикалық тұрғыда балалардың кейінгі жас кезеңдеріндегі дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне әсер ететіндігімен, осы жас кезеңіндегі мидың пластикалық қасиетінің жоғарылығының арқасындағы мол компенсаторлық мүмкіндіктермен байланысты (Ravi Patel, Tracy Manuck, Л.О.Бадалян, А.А.Баранов, Н.Н. Малофеев, Е.М. Мاستюкова, Р.В. Тонкова-Ямпольская, Э.Л. Фрухт және басқалары) [1,2]. Қазақстан Республикасының (ҚР)

Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының мәліметтері бойынша біздің елімізде 2018ж. 1 жасқа дейінгі 50960 балада жүйке жүйесінің аурулары тіркелген, бұл бір жасқа дейінгі 1000 балаға шаққанда 141,6 құрайды. Перинаталды кезеңде пайда болатын жекелеген жағдайлар анықталған балалардың абсолюттік саны 67169 құрады, бұл бір жасқа дейінгі 1000 балаға шаққанда 186,7 тең [3]. Орталық жүйке жүйесінің барлық зақымдануларының шамамен 70% гипоксияға байланысты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, жаңа туған нәрестелердегі босану кезінде болған ауыр асфиксияның пайда болу жиілігі 1000 нәрестеге 2-ден 9-ға дейінгі көрсеткішті құрайды.

Даму аутқуларын ерте анықтау және түзету жүйесі скринингтік тексеруді, дифференциалды диагностиканы және арнайы психологиялық-медициналық-педагогикалық көмекті қамтуы қажет (Е. М. Мастюкова, Е. А. Стребелева, Е.Ф.Архипова, О.Г.Приходько, Ю.А.Разенкова, Р.А.Сулейменова, А.К.Ерсарина, А.К.Жалмұхамедова, Б.С.Халыкова және басқалары) [4,5]. Ерте жастан түзету медициналық-психологиялық-педагогикалық

абилитация мен реабилитация тұрғысынан да, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және этикалық тұрғыдан да тиімді. Даму ауытқуы бар баламен жүргізілетін емдік және түзету-педагогикалық жұмыс неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның нәтижесі сәтті болады, өйткені ерте жастағы баланың миы толық жетілмеуіне байланысты оның пластикалық қасиеті мен компенсаторлық мүмкіндіктері жоғары болады. Сондықтан баланың ерте даму кезеңдерінде тиімді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету одан кеш кезеңдерде түзетуге әлдеқайда

қиын берілетін бұзылыстарды толық немесе жартылай жеңуге, сол арқылы балалар мүгедектігінің және әлеуметтік дезадаптациясының алдын алуға септігін тигізеді. Қазақстан

Республикасында балалардағы даму аутқуларын ерте анықтау және ерте жастан көмек көрсету бірқатар нормативті-құқықтық құжаттармен қамтамасыз етілген:

- «Скрининг ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 Бұйрығы (2017.31.08. берілген өзгерістермен) [6];
- «Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 - 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 112-ө өкімі [7].

Сәбилік шақтағы дамудың маңызды тарапы сөйлеу тілі аясы болып табылады. Сөйлеуге дейінгі кезеңде басты рөл сөйлеу тілінің алғышарттарына тиесілі, олар онтогенездегі сөйлеу әрекетінің толыққанды қалыптасуын қамтамасыз етеді. Көптеген зерттеулерде лингвистикалық дамудың маңызды көрсеткіштері анықталған, олардың бұзылуы сөйлеу тілінің ерте кезеңдегі жеткіліксіздігін білдіреді. Сондай көрсеткіштердің бірі сенсомоторлық даму кезеңіндегі сөйлеу тілін түсіну болып табылады, мұны көп жылдар бойы өткізіліп келе жатқан ОЖЖ перинаталды патологиясы бар сәбилерді тәжірибелік бақылау дәлелдейді.

Сөйлеу тілін қабылдау үрдісі, оның онтогенездегі және дизонтогенездегі қалыптасу ерекшеліктері жайлы қазіргі заманғы түсініктер Л.С.Выготский, И.Н.Горелов, Н.И.Жинкин, Е.И.Исенина, М.М.Кольцова, М.И.Лисина, А.Р.Лурия, О.В.Правдина, Э.Л.Фрухт, Н.Х.Швачкин сияқты ғалымдардың фундаменталдық зерттеулеріне негізделген [8,9]. Өмірінің алғашқы жылында балалардың сөйлеу тілінің импрессиивті жағын диагностикалау мен түзету мәселелері логопедияда ОЖЖ перинаталды бұзылыстары бар балалар мысалында қарастырылады.

Гофман В.А. ОЖЖ ПП бойынша қауіп тобына жатқызылған сәбилік шақтағы балаларда арнайы әдістемелер арқылы импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілінің дамуын зерттеген, ата-анасымен сауалнама өткізген және туа біткен оральды рефлекстерді тексерген [10].

Лисичкина Ю.А. өз зерттеуінде ОЖЖ перинаталды зақымдануы бар балалардың превербальді дамуының кемшіліктерін ерте диагностикалауда Баженова О.В. ұсынған өмірдің алғашқы жылындағы балалардың психикалық дамуын диагностикалау әдістемесін қолданған. ОЖЖ органикалық зақымдануы бар өмірдің бірінші жылындағы балалардағы сөйлеу базасының бұзылу белгілері анықталған. Артикуляциялық праксис бұзылыстары анықталған, экспрессивті сөйлеудің алғышарттарының (дауыс реакциялары) қызметін бағалау жүргізілген. Әдістеме бойынша жас критерийлері негізінде баланы зерттеу нәтижелерін нормативтермен салыстыру арқылы бағалау өткізілген. Осындай балалардың дамуы барлық функциялардың қалыптасуының белгілі бір дәрежеде кідіруімен сипатталды. Бұл жерде моторика (жалпы, ұсақ, артикуляциялық) функциясының бұзылуы басым болды, бұл статокинетикалық функциялардың кідірісінде, саусақтардың ұсақ моторикасының қалыптасуында, артикуляциялық аппараттың перифериялық бөлігіндегі тонустың бұзылуында, тамақтану кезінде дағдыларды игерудің кідірісінде, сондай-ақ эмоционалды және коммуникативті процестермен қатар экспрессивті және импрессивті сөйлеу дағдыларының қалыпты кідірісінде көрінді [11].

Сөйлеу компоненттері мен функцияларының жай-күйін зерттеудің көптеген диагностикалық әдістері күрделі, өйткені олар баланың сөйлеу саласын ғана емес, сонымен қатар моторлық, әлеуметтік, визуалды, есту, ойын салаларын да қамтиды. Бұл ерте жастағы, әсіресе сәбилік шақтағы, балаларда психомоториканың тұтастығына байланысты және баланың жасы неғұрлым жас болса, соғұрлым айқын білінеді. Тек сөйлеу функциясын, әсіресе онтогенездің превербальды кезеңінде, оқшауланған түрде зерттеуге бағытталған әдістерді бөліп көрсету қиын.

Maureen Dennis зерттеуінде әртүрлі сала ғалымдары ОЖЖ зақымданған балалар мен жасөспірімдердегі сөйлеу тілінің бұзылыстарын әртүрлі дескрипторлар мен таксономияларды қолдана отырып сипаттағанына тоқталады. Жүйке жүйесі зақымданған балалардағы клиникалық жетіспеушіліктердің феноменологиясы мен нейробиологиясы саласындағы мысалдармен тілдің функционалды таксономиясы қарастырылған. Фолий қышқылы мен В дәрумендерінің жетіспеушілігі, метаболикалық тұқым қуалайтын аурулар, туа біткен гипотиреоз және т. б. сияқты зиянды факторлар келтірілген. Осы бұзылулардың салдарынан мишықтың, ортаңғы мидың, базальды ядролардың, ми қыртысының және басқа да ми бөліктерінің құрылымдық және микроқұрылымдық ауытқуларын қоса, жүйке тінінде морфологиялық өзгерістер орын алады. Ақ зат жолдарының, соның ішінде сүйелді дененің гипоплазиясы мен микроқұрылымдық ауытқулары байқалады [12].

